

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН

ҚЫЗЫЛ ЖАЛАУ





Алматы — 1979

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ҚЫЗЫЛ ЖАЛАУ

РОМАН, ПОВЕСТЬ, ӘНГІМЕ,
ПЬЕСА, ФЕЛЬТОН, ОЧЕРКТЕР.



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ



h

Құрастырған: С. ОРДАЛИЕВ,
филология ғылымдарының кандидаты

М 14 **Майлин Бейімбет.** Қызыл жалау. Роман, повесть, әңгіме, пьеса, фельетон, очерктер. Құрастырған: С. Ордалиев. Алматы, «Жазушы», 1979. 384 б.т.

Қазақ совет әдебиетінің зергер қаламгері Бейімбет Майлиннің бұл ұсынылып отырған кітабы — қалың оқушыға тақсық дүние. Өйткені, мұнда жазушының 26-36 жылдары «Еңбекші қазақ» газеті мен «Әдебиет майданы» журналында жарияланған роман, повесть, әңгіме, очерк, пьеса, фельетондары жинақталынып отыр. Бұл туындылар кезінде мерзімді баспасөз бетінде жарияланғанымен, жеке кітап болып шықпаған. Өкінішке орай, роман, повестері аяқталмаған, немесе жарияланған газет, журналдардан түгелімен табылмаған. Филология ғылымдарының кандидаты, С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті әдебиет кафедрасының доценті Сейділді Ордалиев жолдастың еңбек сіңіруімен осы қолдағы бар дүниелер архивтерден алынып, жинақталынып, оқушыға ұсынылып отыр. Би-ағанның майда юморлы көркем творчествосын сүйетін оқушыны бұл кітаптың тағы да қуанышқа шексіз әсерге бөлейтіні анық.

Рецензенттер. Ә. Кекілбаев, Т. Токбергенов.

Қаз 2

М $\frac{70303-058}{102(07)79}$ 20-78 4702023020

© «Жазушы» 1979

ҮЛКЕН СУРЕТКЕР

Қазақ совет әдебиетінің негізін салушы көркем сөз шеберлерінің бірі — Бейімбет Майлин. Творчестволық жолын революцияға дейінгі әдебиетімізде кең орын алған демократиялық бағытта бастаған жазушы совет үкіметі тұсында ғана өзінің алуан тақырыпты, көп жанрлы, талантты шығармаларымен мол дарынын таныта алды. Әдебиетіміздің поэзия, проза, драматургия саласында бірдей қажырлы да жемісті еңбек етіп көркемдік жағынан құнды, көлемі жағынан мол, тәрбиелік мәні зор мұра қалдырды.

Оның өлеңдері мен поэмаларында, әңгімелері мен очерктерінде, новеллалары мен фельетондарында, повестері мен романдарында, скетчтері мен пьесаларында еңбекші бұқараның бұрынғы ескі өмірі мен советтік дәуірдегі жаңа тұрмысы реалистік шындығымен шынайы суреттелініп отырды.

• • •

Қазақ совет жазушыларының көбіне тән қасиет — творчестволық жолын өлеңмен бастайтындығы. Сәкен, Ілияс, Сәбит тәрізді Бейімбет те әдебиетімізге әуелі өлеңмен келді. Мұқамжар байдың делбешісі болып жүріп-ақ жаттанды өлеңді тақпақ етіп, кейде домбыраға қосып өзі де ауық-ауық жаныпан өлең шығарған Бейімбет 1913 жылы «Мұсылмандық белгісі» атты тұңғыш өлеңін Уфадағы қолжазба «Садақ» журналында жариялайды.

1914—1915 жылдары жазылған «Мал», «Байлыққа», «Жазғы қалып» атты өлеңдерінде бүкіл дүние қызығы малдінікі, байдікі деп, кедей сорлы мұң-мұқтаждан арылмай қойғанына налиды.

Ұлы Октябрь революциясын бар ықыласымен қуана қарсы алады. Бейімбет өзінің «Ау-жар» атты өлеңінде қазақ қыздарына шын мәнінде бостандықтың туғандығын айтып, енді қысылмай өз сүйгендеріне ғана барындар, жұрттың алдағанына көніп қалмаңдар деп үгітесе, «Әкесінен хат», «Садақбай» т. б. өлеңдері алашордашылардың бет пердесін ашады. «Әкесінен хатта» (1918 ж.) баласына әкесінің айтқан сөзі етіп алаштың екіжүзділігін сынайды.

Алашордашылардың кім екендігін 1918 жылдың өзінде-ақ әшке-релеген ақынды кейбір сыншылар, әдебиетшілер көпке дейін солардың ықпалында келді деп орынсыз кіналады.

Бейімбет 1922 жылы «Құтты болсын мейрамың», «Кедейге» деген өлеңдерінде өзін кедей шаруаның жыршысымын деп таныстырады.

Бейімбет Октябрь революциясының қазақ даласына әкелген үлкен теңдігінің бірі әйелдердің бас бостандығына жету мәселесімен тығыз байланысты деп дұрыс түсінді, сондықтан да революцияның алғашқы дәуірінде ақын бұл тақырыпқа қайта-қайта оралып, ғасырлар бойы күндікте, қорлықта қалған қазақ әйелдерінің енді теңдікке, махаббат бостандығына жеткендігін жырлады.

Бейімбет «Сенің арың аралайтыным өмірге» деп кедей атаулыға серт бергендей жар салған жылы /1922 ж./ атақты кейіпкері Мырқымбайды әлеуметтік сахнаға шығарады. Оның поэзиясының басты геройы Мырқымбай десе болғандай. Ақын еңбекші таптың өкілі Мырқымбайды жас, балғын шағынан бастап, есейген саналы белсенді еңбеккерге айналған шағына дейін бар қайшылықтарымен шынайы бейнелейді. Совет өкіметі тұсында ғана теңдікке қолы жеткен қазақ кедейлерінің өкілі Мырқымбай Бейімбет поэзиясында жан-жақты суреттелініп типтік образ дәрежесіне көтеріледі. Қысқасы, Бейімбет поэзиясында типтік образ дәрежесіне көтерілген Мырқымбай — бүкіл еңбекші қазақ кедейлерінің басынан кешкен тарихын баяндап беретін, оның санасында болған өзгерістерді көз алдына елестете алатын шынайы да шебер жасалынған жиынтық бейне. Сондықтан ол бүкіл қазақ оқушыларының сүйіп те күліп оқитын сүйікті образына айналды. Б. Майлин шын мәнінде советтік ауылдың, қазақ кедейінің өмірін жырлаған ақын. Өйткені оның өлең, поэмаларындағы өмір фактілерінің барлығы дерлік ауыл тіршілігінен алынған. Тіпті көпке ортақ әлеуметтік тақырыпқа арналған саяси лирикасының өзінде де кейде автор ауыл кедейінің атынан сөйлейді.

Бір кезде Бейімбет ауыл өмірін көп жазды, қаланы менсінбейді, қала жөнінде өлең жаза қалса мұқатып, кекетумен болады деп Бейімбетті теріс түсінушілер де болғаны белгілі. Бейімбет ауыл өмірін сүйе, сағына жырлаған үлкен лирик ақын. Сондықтан оның поэзиясындағы басты тақырыптың бірі — жаңа ауыл, ондағы гүлденген советтік өмір әкелген салт-сана мен жаңа қарым-қатынастар болуы заңды да еді. Кедей шаруаларды жаңа өмірдің жаңартып жатқандығына Бейімбет өзі куә болып, көзімен көріп, ісімен, әрекет тіршілігімен араласып жүргендіктен де оның поэзиясындағы басты геройлар — ауыл кедейлері: Тымақбай мен Талқанбай, Торсықбай мен Айранбай, Қайранбай мен Қордабайлар болды. Бұл кедейлердің бәрінің жинақталған бейнесі, халықтың сүйікті образына айналғаны Мырқымбай болатын.

«Бейімбет Майлиннің өлеңдері мен поэмалары жалпы алғанда қазақ халқының жиырма жыл ішіндегі бастан өткен тарихи кезеңдерін көзге елестетеді, себебі ол әр кездің ірі-ірі оқиғаларына үн қосып, саяси өткір, үлкен үгітшілік мәні бар өлеңдер жазумен қатар халық өмі-

рінің тарихи шындығын суреттейтін, нақты тұрмыс деректеріне құрылған дүние танытқыштық мәні бар реалистік өлеңдер жазды.

Б. Майлин поэзиясы мағыналы да ықпалды поэзия. Оның кейбір өлеңдері мен жеке образдары халық санасына сіңіп кеткен¹.

* * *

Бейімбет Майлин әдебиетіміздің барлық саласында әртүрлі жанрларында бірдей қызмет еткен жазушы. Оның творчествосына тән халықтық, қарапайымдылық қасиет тек поэзиясында ғана емес, прозалық, драмалық шығармаларында ерекше байқалады.

Әдебиетіміздің проза саласында әсіресе оның көркем әңгіме сияқты шағын жанрында Бейімбеттей көп еңбек еткен жазушы кемде-кем. «Қазақ әңгімелерінің аса көркем үлгілері Бейімбеттің өзгеше мұрасына танылатын»² деген Мұхтар Әуезовтің пікірі жазушы творчествосына берілген әділ баға.

1974 жылы, декабрьдің 2-і күні М. Ю. Лермонтов атындағы республикалық орыс драма театрында қазақ совет әдебиетінің іргесін қалаушылардың бірі — Бейімбет Майлиннің туғанына сексен жыл толуына арналған салтанатты жиналыс болды. Оны Б. Майлиннің қаламдас, творчестволық жағынан серіктес інісі академик-жазушы, Социалистік Еңбек Ері Ғабит Мүсрепов кіріспе сөзбен ашты.

Бейімбет Майлин есімі — деді ол, — аса талантты, соншалық мол дарын дарыған адамдардың шоқ жұлдыздай жарқыраған тобында тұр. Олар өздерінің өзгеше қасиетті борышы мен міндетін толық түсінген қаламгерлік қызметінің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ халықтың рухани өрлеуінен, оның мазмұны социалистік, түрі ұлттық жаңа мәдениетін жасау ісінен сындарлы орнын тапқан таланттар.

Ия бұл шын мәнісінде «Құдыретті топ» құраған қаламгерлердің таңғажайып өркені болатын. Бұл топ өзі жаңа дәуірдің жас өркені, «түнек дүниені тілген алғашқы сәулелер» бола тұрып, өзгелердің жолына жарық түсірді, осынау жаңа өмірдің өресі биіктеп, өрісі ұзара беруіне мол шапағат тигізді.

...Көркем сөздің көп қырлы зергері, ғажайып стилист ол өзінің тәрбиешілік табиғатына тән қамқорлығымен әдебиеттің жас күштерін көркемдік шеберлікке баулып шыңдайтын еді. Ол жас талаптарды да соншалық көрегендікпен, аңдағыштықпен тауып ала қоятын.

Әйтседе мен оның жазушы тумалары үшін баға жетпес қымбат бір қасиетін айрықша айыра айтқым келеді. Ол — оның қарапайымдылығы, қолының кіршіксіздігі, жүрек лүпілінің қалтқысыз, қаяусыз пәктігі, талантымен тең тізе қосқан еңбекқорлығы... (Қ. Ә. 6-декабрь 1974 ж. № 49).

Биыл «Жазушы» баспасы Бейімбеттің «Қызыл жалау» деп аталатын бір томдығын шығарып отыр. Оған Бекеннің «Қоңсылар»,

¹ М. Қаратаев. Шеберлік шыңында. 1963, 227—228-беттер.

² Мұхтар Әуезов. Әр жылдар ойлары. 1959, 384 бет.

«Қызыл жалау», «Тартыс» романдарының тараулары, «Он бес үй», «Атылмаған оқ», «Құсайын Құлбеков» атты повестері, Ғ. Мүсреповпен бірігіп жазған «Шабуыл» атты пьесасы т. б. бір топ әңгіме, очерктері енді. Архивтерден алынған шығармалардың тағы бір томдығы дайындалуда. Енді осы томға енген шығармалардың біразына тоқталайық.

Бейімбеттің «Қызыл жалау» атты роман жазып бітіріп, оны баспаға дайындау үстінде жүргенін жазушының замандастарының көбісі еске алады. Бірақ, амал не, бұл романның қолжазбасы жоғалып кеткен. Жазушының замандастарының айтуына карағанда Бейімбет «Қызыл жалау» романымен қатар «Қонсылар», «Тартыс» атты романдарын да, «Дударай» атты опералық либреттосын да жазып аяқтаған. Алғашқы үш романының үзінділерін бір мезгілде қатар жариялап жүрген.

Бейімбет шығармаларының әр жерде жарияланған тараулары не жоғалып кеткен, не жыртылған. Тіпті, Қазақтың мемлекеттік А. С. Пушкин атындағы кітапханасының сирек кездесетін кітаптарды сақтау фондысында да жүйелі тәртіптің болмағанына қатты қынжыламыз. Бұл жөнінде бізге көмекті қайта В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық көпшілік кітапханасынан көрдік. Бейімбет Майлин өте көп те өнімді жазған жазушы. Көзінің тірісінде үлкенді-кішілі 55 кітап шығарған. Осы кітаптарға еңбей қалған, газет-журналдарда жарияланған роман-повестердің үзінділері қаншама десеңізші!

Біздің іздеп тапқандарымыз «Қызыл жалау» романының 1934 ж. № 4 және 1935 жылғы «Әдебиет майданы» журналының 7, 8, 9-сандарында жарияланған үзінділері. Енді сол үзінділердің табылуы турасында бірер сөз: «Әдебиет майданы» журналының 1935 жылғы санында II деген тармақпен басталған үзінді табылды. Сөйтсек оның басы 1934 жылы осы журналдың 4-санында жарияланыпты. «Әдебиет майданының» 7-санындағы үзінді былай басталады:

«Өкпек желдің екпіні кешке қарай да басылмады. Аспан бұлты түнеріп қоюлана түсті. Ауыл-арасының қары қара көз жасып сығып, мұжылып, семіп бара жатқан тұсынан кірді. Есік алдарына иірілген сулар көл-көсір болып қанасынан асып шалқыды. Кейбір жер үйлерге су кіріп, адамдары шұбырып шыққандай болды. Баласын қарғаған, байына ашулапған әйелдердің зіркілі әр үйдің маңынан-ақ естіліп жатты.

Тоғызбай отағасының шәукиген кішкене землекесі, ауыл өмірінің күйінен өзін бөлек санаған секілденіп, моншпып қана тұр. Үй маңында үйілген қар да жоқ. Қыбыр еткен мал да жоқ... Сабалақ жүнді қара ала төбет еріне басып лапастап шықты да, тұмсығын көтеріп, жағалай қаранып, бірдемені көзі шалғандай ылдига қарай бүлкілдеп жортты...»

Табиғаттың көркін суреттеуге де, не кейіпкерлерінің портретін жа-

сауға да өте ұқыпты қарайтын жазушы депірме сөзге, әсіре бояуға өте сараң, бір-екі сөйлеммен табиғаттың көркін де, кейіпкерінің портретін де шебер суреттеп, оқушысының көз алдына елестете біледі.

Шағын шаруасы бар, момақан қарт Тоғызбайдың өзіне лайық қана күркесі барлығын суреттей келіп, жазушы оның бөтен іспен де, бөгде сөзбен де жұмысы жоқтығын байкатады. Мырзалық төбелесі жайлы әр үйден бір сұрап жүрген милиционер Жаманғалиға Тоғызбай былай дейді:

— Біз әлгіменің адамы емеспіз, шырағым... От басында дұрыс отырғызып қойса, соған мәзбіз,— деді күрсініп.— Керек десе жиылыстарына да бармаймын. Манағы жердің өзіне қалай барғанымды да білмеймін...

Тоғызбай қарттың қызы Қәтима ептеп сауатын ашқан, комсомолға кірген көзі ашық қыз. Жаманғали да құрбысына көз тастап, одан сыр тартқысы келеді. Бұл екеуінің де сөздері өз бойларына жарасымды, сол кездің әдет-ғұрпы аумағында ғана болады.

Сонымен негізгі мәселе — «Қызыл жалау» колхозының жаңа құрылған кезіндегі ел арасындағы таптық тартыс. Біреулер колхозды шып жақтап оны қуана қарсы алса, енді біреулер өтірік совет үкіметін мақтаған болып, колхоз құрылысына қарсылық көрсетуде.

Колхоз құрылысы әр ұлтқа, тіпті әр адамның жеке басына да әртүрлі әсер етті ғой. Оның келешегін түсінген адам аз болды, түсіндім деген адамның бойында да неше алуан ауытқулар, түсініспеушіліктер болды. Міне осындай әртүрлі санадағы адамдардың бойын кернеген психологиялық тартыстарды Бейімбет осы романында айнытпай дәл көрсетуді, реалистік бояуымен шынайы бейнелеуді көздеген. Жаңа құрылған, әлі бұғанасы қатпаған колхоздан шығып жеке шаруа құруды ойлап шатасқан кедейлер де аз емес, оларды айнытып, арасыла іріткі салып жүрген байлар мен олардың құйыршықтары да жетерлік. Осы колхозды ұйыстырған боп, соның бастығына сайланған Ахмедие Мұсылманов деген пысық бар. Оның кім екенін оқушысына таныстыра кетуді ойлаған жазушы шегініс жасайды. 1929 жылдары Мырзалық бастаған топ оны үй-ішімен жер аударады. Сол кезде амалын тауып әкесімен бірге кетпей қалып қойған Ахмедие өкілге «Кенес тәрбиесінде өскен едім, әкеммен жұлдызым қарсы» деп арыз береді. Астық науқаны кезінде ол өкілдерге жағына біледі. Сөйтіп қысқасы «совет адамы» болып шыға келеді. Міне, енді ол бүкіл аудан келемінде беделді адамның біріне айналды, Зұлқан сияқты байдың құйыршықтарын өзіне тарту арқылы жаңа құрылған «Қызыл жалау» колхозының председателдігіне сайланады. Мұндай әділетсіздікті Мырзалық сияқты кедейлер көтере алмай оларға қарсы күресуді ойлайды. Бірақ әлі де сана-сезімі толық ояна қоймаған бұқара халықтан қолдау таба алмай қиналады. Оқиға осылай дами түседі. Мырзалықтар Ахмедие, Зұлқандардың аңқау елді алдап жүргендік-

терін қалай әшкерелеудің амалын таба алмай қиналып жүргенде, ауданның осы колхоздың партия ұйымының секретары болып Жұмақан Дүйсенбаев деген біреу келеді. Бірақ оны да келген күннен бастап-ақ Зұлқандар өз жағына тарта бастайды. Дегенмен онымен шындап сөйлесуге Мырзалық пен Құлшарып келіп кездеседі. Романның жариялаған үзіндісі осылай аяқталады. Алдағы болар үлкен тартысты әр оқушы өзінше жорып, өз қиялына ерік береді.

Сонымен романдағы оқиға енді басталып, тартыс та қоюланып оқушысын қызықтыра түскен кезде шығарма жібі үзіледі. Бірақ осы бір қысқа үзінділердің өзінен қаншама көп характерлерді, неше түрлі типтерді көру қиынға соқпайды. Сол бір кездердегі адамдардың колхоз болып бірігуі, тіпті жиналысқа қатысуы, қол көтеріп бір мәселені шешуі бәрі де саналы түрде емес, санасыз тобырдың тірлігі екендігін жазушы асқан шеберлікпен көз алдына елестетеді. Мысалы, сауаты шамалы болғанмен өз ісіне берік, мейлінше әділ болғысы келетін Жаманғали, совет үкіметін шын ниетімен қолдайтын, жаны адал, бұлтартпасы жоқ Мырзалық; дүние асты-үстіне келіп жатса да селт етуінді білмейтін, ең арғысы жұрттың барып жатқан жиналысына бармайтын Мырзалықтың туған інісі Нұрғали; «төсі жалтырап ашылып, көйлегінің, шапанының жоғарғы түймелері бір салынбайтын, қаудыраған шолақ қара тонын иығына жамылып, тозығы жеткен елтірі бөркі май-май боп, жұмаланып бір жақ шекесінде ғана қоқырайып тұратын» Қайқытөс. Оның портретін, ішкі психологиялық сыр-мінезін өзіне тән кейбір ерекшеліктерін автор бірер сөзбен-ақ әдемі жеткізеді. «Қайқытөс бір үйге кірген ыңғайында. — дейді автор. — үйдегілерге жағалай қараумен тұрып, бірсыпыра қасынады. Сосын ешкім ешнәрсе айтпаса да, әлде неге күлімсірей түсіп, бос орын іздеп тауып, бір жамбастап жатады. «Неге келдің? — деп бұдан жұмысын сұраушы да сирек болады. Өздігінен бұл да сөзге араласпайды. Жұрттың сөзін тыңдады ма, тыңдамады ма, ол жағы белгісіз, бір сыпырадан кейін үйіне қайтады. «Пәленшенің үйінде болдың ба? Не айтты?» деп біреу сұраса, «кім тыңдаған соны, бірдеме деп жатыр еді» деп Қайқытөс жауапты қысқа ғана береді. Бірақ, Қайқытөстің бұл мінезіне қарап «сөзге түсінбейтін милау екен» деуге де болмайды, сөзге түсіне біледі, керектісін пайдаланады да» /«Ә. М.» 1935, № 8, 4-бет/.

Әсіресе осы романдағы Қарғабай бейнесі өзінің реалистік шындығымен оқушысын еріксіз тартады. Бір кезде қырық-елулеп жылқы ұстаған, сол малдарының арқасында Батсайы сұлуға үйленген Қарғабай малдан айрылса, Батсайысынан қоса айрылып қалатындай көреді. Бірақ өзі сияқты дәулетті Төбет ақсақал да малдарын сатып құртты да, түк білмегендей боп колхозға кірді. «Сен атаңның басын күтіп жүрсің бе?» деп Қарғабайды сықақ қылушылар да көбейді. Он қарасы бар адам конфискеге ілінеді екен деген хабар да дүңк ете қалды. Осының бәрі себеп боп әкесі өлсе де аяйтын малдарын сатуға кірісті. «Малынды құртсаң сотқа ілігесің, жер аударыласың...

Мал үшін шұбырар жайым жоқ, мен дейтін болсам, ендігі малыңа тиме?..» деген Батсайының сөзі Қарғабайға камшыдай тиеді. Әрі оның соңғы кездерде Мырзалықпен ақылдасайшы деген кеңесі әртүрлі күдік туғызды. Сонымен қысқасы, Қарғабай әйелі Батсайыны камшының астына алады. Осы қарсаңда ауылға қызыл жағалы милиционер келе қалып, Қарғабайдың «тірлігі» соның құлағына жетті, қасақана өш алайын деген адамша Батсайы да төсек тартып жатып алды. Қарғабай қатты састы. Сасқан соң Мырзалыққа барды. Ол да іс-әрекетін қостай қоймаған соң Қарғабай үйіне келіп Батсайымен табысты: «Қатып-еке, бір ашуынды кеш, менікі қате екен... Малды да, жанды да колхоздың ортасына салып келдім,— деді күліп. Неге күлгеніңе өзі де түсінбеді»...— дейді автор.

Юморға бай жазушы Қарғабайдың осындай кім көрінгенге мазак болған күйікті кейпін аз көргендей оны тағы да бір трагикомедияға тап қылады. Мырзалықтардан жөнді кеңес ала алмаған Қарғабай түнде үйіне қайтып келе жатып, Төбеттің үйінен жарық көріп бұрылады, терезеден сығалайды, Зұлқанның бір сөзі естілсе бір сөзі есітілмейді. Бір уақытта «Қарғабай Қайраларов» деген сөздің құлағына сап ете қалғаны. Қарғабай етіне біз сұққандай түршікті... «Апырмай бір сөзін де есіте алмаймын ба осының?— деп Қарғабай терезеге төне түсемін дегенде желкесінен бір нәрсе күрс ете түсті. Сонын салмағымен Қарғабай басымен терезені сүзді. Терезе салдыр-гүлдір қирап, терезенің ағашын мойынына іліп Қарғабай үйге кіріп кеткендей де еді, біреу аяғынан ұстап кейін қарай сүйрей жөнеді.

Үй ішіндегілердің қандай күйге түскенін Қарғабай біле алған жоқ. Ол есі кіресілі-шығасылы күйде біреудің тепкісінде домалап жатқанын ғана сезеді». (Ә. М. 1935, № 8, 11-бет).

Төбет ақсақал да ешкімге ұқсамайтын характерімен дараланған. Бір кезде бес-алты бөлмелі ағаш үйі мен қора-қора малы бар Төбет соңғы бір-екі жылда соның бәрінен өрт келгендей оп-оңай құтылды. Тоқалынан туған бір ұл, бір қызы бар. Ұлы Шауыпкел өзі сияқты пысық жігіт болды да, ауылнайға хатшы болып жүр, ал қызы Шекертм көрікті болып туып, ол бой жеткелі ауылға келген өкіл атаулының бәрі Төбет үйіне келгіш болып кетеді. Ақыры әлкеден келген бір Орынбай деген өкілдің көңілі түсіп, Төбеттің бағы арта түседі. Оның ширегіне келмейтін талай адамдар жер аударылса да Төбетке ештеңе жолар емес. Ауылдың пысықтары Ахмедия, Зұлқандар осы үйден ақыл-кеңес алып отырады.

Жазушы осы көріністерді, яғни Төбеттің қулығын, залымдығын суреттегенде оның өзін сөйлетпей-ақ танытады. Ешбір сөзге араласпай-ақ тасбиқ ұстап, сәлдеге оранып отырып-ақ барлық істі осы Төбет басқаратынын сездіреді.

Оқиға осылай дамып өрістей бастаған кезінде ауданнан «Қызыл жалау» колхозының партия ұясына хатшы болып Жұмақан Дүйсебаев келеді. Бірақ мұның келісі мәселенің анық-қанығын тексеріп

шешетініне, тап жауларының зымияндық әрекеттерін әшкерелейтініне оқушышы күмәндандыра бастайды. Өйткені жазушының суреттеуіне қарағанда Жұмақан ондай адамға ұқсамайды. Біріншіден, ол оқудап бас тартады. Аудандық партия комитеті оны партшколға жібергенде «бармаймын» деп бас тартқаны былай тұрсын, оқуға бар деген райком секретарына: «Зорлап жібермексің бе?»— деп өкпелейді. Осы бір көріністі жазушы былай суреттейді «Райком хатшысы түсіндірмек боп:— байғұс-ау, оқуың керек емес пе? Шала сауатты болып отырып партия басшылығын қалай жүргізбексің?— деп еді, Жұмақан мұны мықты ауырлады. Содан кейін райком хатшысына тіл қатпастан салбырап тысқа шықты. «Неге түйлікті бұл? Не жазығым бар? Науқанын орындап бердім. Жұмысымнан әшипке шыққан жоқ. Не қыл дейді маған»— деді Жұмақан аузын бүртитып» (Ә. М. 1935, № 9, 30-бет). «Қызыл жалау» колхозының партия ұйымын басқаруға жіберілгені тұрған коммунистің кейпі міне осындай. Оқуға бармау себебін де жазушы оқушысына аңғартып кетеді. Ол өзінің кербез әйелі Ырысбикеге өлердей ғашық. Оның ойынша егер ол оқуға кетсе Ырысбикені жұрт бұзып жіберетіндей көреді. Ырысбикені өздері алып қалып мұны оқуға қаңғытып жіберетіндей сезінеді. «Не үшін жіберейін деп отырғандарынды білемін»— дейді ол сұрланып.— Тіпті, көпсінсендер, билеттеріңді қайтып алыңдар»,— дейді ол. Міне осындай ұғымдағы коммунист кімді басқарып жарытпақ? Дегенмен, колхозға келе салысымен елді тегіс аралап шығады, шаруалармен жекелеп те сөйлеседі. Не де болса сөйлесіп түсінісу мақсатымен Мырзалық пен Құлшарып Жұмақанның үйіне келеді. Міне, осымен романдағы оқиға үзіледі. Қысқасы, тартыс енді басталып келе жатқанда жарияланған үзінді аяқталады. «Енді не болар екен?»— деген ойды әр оқушы өзінше барлап қала береді.

Бейімбет Майлиннің «Қоңсылар» атты романы жер-жерде совет өкіметі жаңа орнай бастаған кезді, яғни Октябрь революциясынан кейінгі азамат соғысының шым-шытырық оқиғаға толы қатерлі кезеңін суреттейді. Бір кезде ақтың солдаттары келіп елді тонауға кіріссе қазақ ауылының байлары оларға пара беріп жағынып, өздері де бір көтеріліп революцияның жеңісінен үміт күткен кедейлерге док көрсетіп, ақтың солдаттарына сабатып, оларды мейлінше тұншықтырып отырған кезеңді суреттейді. Мұнда әлі колхоз да, коллективтендіру де жоқ, қазақ аулындағы бірен-саран хат танып қалада оқып жүрген кедейлер болмаса жалпы кедей атаулысы революцияны, совет үкіметін түсініп те үлгірмеген кезең, олардың бәрі дерлік әлі байдың есігінде малайлықта жүрген, малын бағып, таяғын жеп езгілікте жүрген кез суреттелінеді.

Жазушының суреттеп отырған оқиғасы қазақ даласындағы көп байлардың бірі — Құсайын байдың аулындағы кедейлердің өмірі. Жазушы сонымен қатар байдың үй-тұрмысы, тіршілік ісін де, оның

есігінде жүргендердің байға қайтсем жағынам деп жалпақтаған бейшаралық халін де тәптіштеп жеріне жеткізе суреттейді.

Роман Қарақоға басындағы он шақты үйдің әдеттегі тып-тыныш калпын суреттеуден басталады. «Күн төбеге келген кезде,— деп бастайды жазушы романды,— Қарақоға көлінің басы әдеттегідей артықша шыжыған секілді болды. Оған өзінің себебін бар: бұрын Қарақоғаның күн батыс жағында, шокиған, мыжырайған, қара шұбарланған он шақты ғана үй отыратын еді; тап бұл кезде бұл он үйдің маңында адам тынысын тарылтқандай таршылық, тығызшылық болмайтын еді, үй көлеңкесінде қатын-қалаш, қыз-қырқын жүн түтіп, түбіт іріп, іс тігіп уақыт оздырар еді...

Бүгін аспандағы күн қандай қызса Қарақоға көлінің басы да сондай қызды: лек-лек атты, топ-топ арба көлдің о жағынан да, бұ жағынан да андағайлап келіп, оншақты үйдің орта шеніндегі қоңыр төбел үйге кеп ат тұмсығын тіреп жатты».

Бұл — Құсайын елінде болған қыз ұзату тойы. Құдалардың жастары, кемпір-шалдары, немесе атақты, сыйлылары осы елдегі жасы елуге не келіп, не келмеген өзі кедей болса да осы елге сыйлы Бокбасардың үйіне түседі. Бокбасардың елі «Боқа» деп сыйлайды. Өйткені Бокбасардың көбінен жасы үлкен және осы он шақты үйдің бәрі де — Құнтуған тұқымы аталады. Жастар да осы үйге түскісі келеді, өйткені Боқаның Жұмакүл, Ырымкүл, Тенгекүл деген үш қызы бар. Бірақ оларды өз қатарларын — Жұмағазының үйіне түсіндер дейді.

Жазушының үлкен шеберлігінің бірі деп білетіміз — оқиғаны мейлінше қызықты етіп суреттейтіндігінде. Бұл той кімнің тойы еді, кімнің қызы ұзатылмақ? Құдалар кімдер? — міне бұл сұрақтарды жазушы мүлде жауапсыз қалдырады. Оған кейінірек келесі тараулардың бірінде шегініс жасау арқылы айтады. Қазір оқушы да ол мәселеге онша құмарта қоймайды, өйткені жазушы тойдың той-думанын сонша қызықты да тартымды етіп суреттеген соң сол оқиғаның ізін қуалаумен болады. Әуелі жазушы тойдың қызығына қызықтырады, сонан соң Бокбасардың семьясымен, яғни әйелі Дәметкенмен, одан көрген үш қыз, бір ұл барлығын айтып кетеді де Боқаның мінезін, характерін, бүкіл табиғатын асқан реалистік шеберлікпен суреттейді.

Әке-шешеден ерте жетім қалған Боқаң 15-ке жетер-жетпесте-ақ қой соңына түскені, одан жылқы баққаны, сөйтіп жүргенде өзімен тете ағасы өліп, оның жас әйелі Дәметкен жесір қалғаны, оны ел Боқаға қосқаны әдемі баяндалады.

Дәметкенді жазушы кедей жерден шықса да, кісі есігінде жүріп күні өтсе де өте таза, епті адам еді дейді. Асықпай саспай жүріп жұмысты тап-тұйнақтай етіп бітіруші еді, соның арқасында байлардың үйіне басқадан өтімді, бір аяқ қымызды артық ішіп кететіндей өнері бар еді,— дейді. Үш қызы да қолдың саласындай боп қатар

өскенмен, көрік пен ақылға да кем болмағанмен үйде көп отырып қалады. Оның себебін жазушы түп-тура әкесі Бокбасардан көреді. Бокбасар бір емес талай мыңның бетін қайырады. Бокбасардың осы мінезін жазушы қызықтап кетеді. Қыз айттырып келгендер Құнтуған тобына келіп, көрші үйдің біріне түсіп, бір пысықты Бокбасардың қызын көріп келуге жібереді екен де олар ұнатып келген соң енді құда түсудің қамына көшіп, сол елдің молдасы Бекболатты жібереді екен, ол келіп әңгіме бастай бергенде-ақ Боқаң: «Байсырап отырған қызым жоқ, әзір асықпаймын... бере алмаймын»— дейді екен. Құдалар кеткен соң, Бокбасар үйде жалғыз қалса, өзінен өзі ойланып: «осы менікі не? Неге қарыстым осы?» деген сұрақтар жан-жағынан жауа бастайды. Нақ мұндай, өзіне-өзі жүгініп отырған кезде күйеуді мақтамай ғана біреу келіп сөз салған болса, Бокбасар үш қызын қабатынан беріп жібере жаздайтын сияктанады. «Осының дұрыстыққа жатпайды-ау... баланың бағын байлап...» деген ойға да келген секілденеді. Сөйтіп жүргенінде тағы біреу келсе, «құданың бұйрығы, пайғамбардың сүндеті» деп Бекболат сөзін бастаса, Дәметкен ынтығып телмірсе, Боқаңның ескі жыны ұстайды да қалады:

— Бере алмаймын!.. Жұмысың болмасын!— деп басы қақшаң етеді.

Міне Бокбасардың мінезінің бір көрінісі. Бұған ызаланған құдалар да, өз ағайындары да неше түрлі саққа жүгіртеді. «Қақбас шал, сиырдай ғып үш қызды бірдей сақтап қайтпекші екен?..» деп те кейиді. Сонда Боқаң не құданы, не күйеуді ұнатпағандықтан емес, тек кесірліктің әлегінен көнбейтін көрінеді. Жұмакүл 21-ге, Ырымкүл 19-ға, Теңгекүл 16-ға келеді. Елдегілер 20-ға келген қызды «көрі қызға» жатқызады. Енді бұрынғыдай жастар емес, әйелі өлгендер келе бастайды. Бірақ Боқаңның сырын білгендер оған барып сөз айтудан бас тартады.

Енді Құрлеуіттегі Асамбайдың тоқалы өліп сол сөз айтады. Асамбайдың сөз айтуы Құнтуған тұқымына қатты батады. Өйткені, Асамбай байлықпен емес, «етінің тірлігімен», ептілігімен аты шыққан жігіт. «Асамбайдың қырық жігіті бар екен» деген атақ та елге тарап кетеді. Сондықтан оны елдің игі жақсылары төреден бетер сыйлайды.

Боқаңның тағы бір мінезі Құнтуған тұқымындағы он үйлі ағайындарының бәрі де өзінің ізін басып жүргеніне қарамастан бәрін де әлі бала көреді. Егер біреуіне ашуланса дұрыс-бұрысын тексерместен көзі шақшып шыға келеді де, қайың таяқты ыңғайлай бастайды. Таяқ төнген адам қорыққан болып ысырыла бастайды. Оны ертеңіне жігін жатқызып, «араларыңдағы жалғыз шал ғой, сендердің арқанда кісі боп жүр ғой» деген сөздермен жарастырып жүрген Дәметкен. Боқаң ертеңіне келген інілеріне түк болмағандай сөйлеседі. Бұл, әрине, Боқаңның ешкімге кек сақтамағанын көрсетсе, екіншіден, біздің халқымыздың үлкенді сыйлап үйреткен жақсы әдетін көрсетеді.

Құсайын байдың есігіндегі кедейлер психологиясы әртүрлі. Олардың санасы бірте-бірте оянып келе жатқанға ұқсайды. Араларындағы тартыс та қызық дамып өрбиді. Ауыл әйелдерінің қайындарымен ара қатынасы да қызық өрбиді. Бұл роман басқа шығармалардан гөрі көлемдірек те көркем, идеясы айқын.

Осы романның бөлек бір үзіндісі «Ауыл» деген атпен «Әдебиет майданы» журналының 1932 жылғы № 10 санында жарияланған.

Бейімбет «Ауыл» атты әңгімесін «ұзақ әңгіменің бір көрінісі» деп көрсеткен. Баяндалған оқиғаның желісіне қарағанда бұл әңгіменің «Қоңсылар» романының бір тарауы екенін байқау қиын емес.

Әңгімедегі оқиға «Қоңсылар» романындағы Құсайын байдың ауылында болған бір оқиғаның көрінісі десе де болғандай. Оқиға дамуы өрістей келіп, шарықтау шегіне жетеді, ақыры шешімін табуы — бәрі де бір шығарманың жинақы түрін тағытады. Сондықтан да оны өз алдына бір көркем шығарма деуге де болар еді, бірақ әңгімедегі оқиға тартысына араласқан кейіпкерлердің бәрін «Қоңсылар» романынан кездестіргендіктен еріксіз сол романның бір бөлегі екенін айтпаса болмайды. Мұндағы Құсайын байдың өзі, бәйбішесі Кәтима, баласы Әбділдә туралы қосымша түсініктеменің, яғни олардың портретін суреттеп жатудың қажеті жоқ, ол бізге «Қоңсылар» романының басқа да жарияланған үзінділерінен белгілі.

Әңгімеде суреттелінген оқиға тартысы өте қызық та тартымды. Бірден дами түседі. Оқушысын енді не болар екен дегізіп ентелендіріп қызықтыра түседі. Тартыс мейлінше қою, оған қатысқан адамдардың ара-қатынасы анық, характерлері де тайға таңба басқандай айқын.

Әңгімедегі суреттелген оқиғаның барысына көз жіберсек, Құсайын деген бай қашып жүрген ақтардың бір солдатын ұстап алып оны ақтарға апарып қосу міндетін өзінің есігінде жүрген жалшылары Бокбасар мен Имашка тапсырған сияқты. Олар солдатты ақтарға тапсырмақ болғанда ол бұлардың ат-арбасын тартып алып өздерін де өлердей қорлайтын көрінеді.

Әңгімедегі оқиға он күндей жол жүріп арып-ашып аулына әрең жеткен Бокбасар мен Имаштың оқиғасынан басталады. Имаштың бұл елге келіп Құсайын байдың есігінде жүргеніне үш-ақ жыл болған, ал Бокбасар көзін ашқалы Құсайын байдың есігінде өмірін малайлықпен өткізіп келеді. Құсайынның қазіргі студент баласы Әбділдәні кішкентайынап біледі. Ол осы үйде малайлықта жүргенде Әбділдә жалаңаш жүрген бала еді. Оны Бокбасар талай еркелеткен болатын. Сол Әбділдә енді ақтардың отрядына солдаттар алғызып, Имашты тауып бер деп Бокбасарды кинауда.

Бокбасардың аман келгеніне үй-іші қатты қуанса, Имаштың аман келгеніне байдың үйі қуана қоймайды, тіпті ат пен арбадан айырылып келгенін естігенде байдың үйі шу ете түседі. «Бір ат құрлы құны жоқ шірік, сорайып өзі келгені несі» — деп бәйбіше шалтықса, «жім

таста деді саған? Ат-арбаны тастап неге келесін? Таптырамын! Табасын» — деп тепсінеді Құсайын. Әңгіме ұшқына келіп Құсайын Имашты сабамақ болып таяғын ала ұмтылғанда Имаш өзін ұрғызбай шап беріп оның қолынан таяғын тартып алады. Бұл оқиға Құсайынның жүрегіне оқтай қадалады. Есігінде жүрген кедейдің қол көтеруі, өзін ұрғызбауы — аспаннан жай түскенмен бірдей әсер етеді. «Маскара-ай! Сұмдық-ай! Құлдың да басынғаны ма?» — дейді бәйбіше булығып. Сонымен бұл ауылда қалудың орны жоқ екендігін сезінген Имаш түнделетіп басқа ауылға қашып кетеді. Кетер алдында сол ауылдағы Молдаш деген мұғалімге барып ақыл сұрап кеңескісі келіп еді: баймен қарсыласуын қарсыласты, бірақ сол қарсыласуы дұрыс па еді, соған қажы бар ма еді? Осы мәселелерді түсіне алмай Молдаш мұғалімнен ақыл-кеңес күтіп еді. Одан ештеңе шықпайды. Оның айтқаны «Қалай болсын, большевиктікі талау. Большевик деген сөз — «талаушы» деген сөз» — деп түсіндіреді. Өзінің әділдігіне сенгенмен Әбділдә сияқты шонжарларға қарсы тұрар күштің әлі жоқтығын сезген Имаш жақын поселкедегі Алексей Федоров бастаған большевиктердің отрядына қосылуды ойлап түнделетіп жүріп кетеді.

Студент Әбділдә жер-жердегі большевиктердің отрядтары жайлы хабарлап тұрған ақтардың жансыз агенті болатын. Имаштың өзі ғана емес, оны қолдаушыларды түгел қырып-жою үшін Қызылжардан солдат шақыртады.

Ертеңіне сау етіп жетіп келген он шақты солдаттар Әбділдәнің айтуымен Бокбасарды өлтіре қинайды. Ел болып үй-үйден ақша жинап жүріп, солдаттардың бастығына пара беріп Бокбасарды алып қалады, бірақ оның тірілер-тірілмесі белгісіз, есінен айрылған қалпында жатады. Міне әңгімедегі оқиға тартысының ұзын-ырғасы осындай.

Оқиға еліміздегі азамат соғысы болып жатқан кезеңді суреттейді. Сол кездегі ауыл кедейлерінің таптық санасының бірте-бірте оянып келе жатқандағы даму процесін жазушы асқан шеберлікпен суреттейді.

Бүкіл өмірін Құсайынның есігінде өткізген Бокбасар біраз күн жол жүрудің арқасында ақтардың кім екендігін, большевик дегендер қандай болатынын және олардың кедей мүддесі үшін күресетініне көзі жетіп санасы ояна бастайды. Имаш кеткен күні Құсайындардың жорықсыздығына ашуланған Бокбасар: — «Бәлем, тоқтай тұрсын, большевик аман-есен келетін күн болса, біздің де күніміз туар» — деп кіжінеді. ...Большевик бұлай істемейді. Большевик кедейді сүйеді. Большевик әділдік істейді. Большевик біздің Имаштар сияқты адамдар. Имаштар көрдің бе, нағыз большевик» — дейді ол қызына түсіп. Большевик деген сөздің не екенін түсінбей отырған Бокбасардың кемпірі Дәметкен: «Батыр-ау, ол айтып отырғаның адам ба еді?» — дейді. Кемпірімен сөйлескен кезде большевиктерден ғана

2969 Шер-сүр

үміт күткен Бокбасар актер отрядының бастығы Иماشты тауып бер-месең өлтіремін деп кинағанда Әбділдәдан жақсылық күтеді. «Бәдаттың ортасында жалғыз қалмағандығына, Әбділдәнің отырғандығына өзінше шүкіршілік қылатын секілді»— деп түсіндіреді жазушы. Бейімбет реализмінің күші де осында. Жаңа ғана Әбділдәлардан мүлде түніліп, большевиктерге арқа сүйеп отырған Бокбасар енді қысылған кезде Әбділдәдан жәрдем күтіп, әліде болса да солдаттардың жүндеуіне бере қоймас деп үміттенеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Әбділдә мұны адам-ау деп те аямайды. Қайта ақтардың қорлығына шыдай алмай жан ұшырып —«Әбділдә-жан,өлдім!» деп жан дауысымен айқайлаған Боқана —«Өлсең өрем қап»— деп кіжінеді Әбділдә.

Бейімбеттің «Тартыс» атты романындағы суреттелген оқиға Тобыл өзенінің бойындағы жұрт аузына іліккен ауылдың бірі — Жалмамбет қажының ауылы. Мұнда Жалмамбет қажының өз ұрпағы аз, қалғандары қырық ру қазақ, башқұрт, татар, каракалпак, түрікпен елінен де бар. Осылардың бірсыпырасы Жалмамбет тұқымының батырақтарынан өрбісе, кейбіреулері Жалмамбет қажының шешесінің шақырғанына сеніп келгендер, енді біреулері қажының қолтығына кіруді арман етіп келгендер. Содан ауыл құралған.

Ауыл болған соң бұлардың әрқайсысының өз кәсібі бар: біреулері қажының отымен кіріп, суымен шыкса, енді біреуі шабармандық қызмет атқарады. Осының бәрін ұйымдастыратын Берғали.

Тәңірберген. Жүсіп дегендерді өлке бойындағы ел қажының саудагерлері дейді. Өйткені өлке бойындағы үш ауылнай ел бұларды іске араластырмзай ала арқанын да сатып көрген емес. Түскен пайданың тең жартысы — қажынікі. Жазушы қажыны шын «аулие» кісі ғой, ол кісі біреуден олжа дәмету дегенді біле ме, мына кулар қажыға «сездірмей», бәйбішеге «жасырып» қана береді ғой»— дейді.

Романдағы басты кейіпкердің бірі Жоламан (шын аты Абдрақым). Оның арғы түбі түрікпен көрінеді. Елдің айтуына қарағанда оның әкесі Жалмамбет тұқымына ұзатылып келген бір келіншектің шаңырақ түйесіне мініп келіпті деседі. Қажы «мейірімділік» жасап Жоламанның әкесіне бір жалшының қызын әпереді. Содан Жоламан туады. Оның сыртқы келбетін де жазушы тұқырта суреттейді: «Мұрны қол ағаштай, негі — кем иек, қасының арасы қосылып, түксініп көз жанарын басып кеткен; бет аузы ұйысқан сақал. Сөзді дәбдірлеп сөйлейді, бірақ аз сөйлейді. Басқа жұрттай әңгімеге де араласпайды, я ғибадат істеп діншілдікпен де атағын шығармайды. Ауыл-аймақ бұдан көптен түніліп, «екі аяқты қайуан» деген қорытындыны әлде қашан шығарып қойған болатын».

Жоламанды үйінен шығарарда қажы оған қойшы мінетін жауыр кер шولاқты, Ырысбек деген кедейден өлген тайдың құнына алынған сынық мүйізді қоңыр сиырды берген екен. Содан бірнеше жыл өтсе де Жоламан осы кедейлігінен өзгеріп кетпейді. Соңғы жылдары

жакшылык па, жоқ зердесіне біткен өнер ме ол ағаш өнерін кәсіп етіп алады. Жазғытұрым ағаш соқа істейді, жұрттын сынық арбасын бүтіндейді, кереге көктейді, уықтың жазылған қарын тезге иіп береді. Күннің шыжыған ыстығынан да қорықпайды, күнге күйген қайыс маңдайын жалтыратып ағашпен алысады да жатады. Шөп шабу, егін салуға келгенде де Жоламан алдына жан салмайды.

Жалмамбеттің қойын бағып жүрген кезінде Жоламанның жолы бола кетеді. Жалмамбеттің Досан сиыршысы қайтыс болып, оның Гүлбарша деген әйелі жесір қалады. Оны бәйбіше қолдан шығарғысы келмейді. Сондықтан мұндайда жалаңдап жүгіретін Ыдырыспен Ысқақ ақсақ шалдардың діңкесі құриды. Гүлбаршаның басын саудаға сала алмай үні өшеді. Сөйтіп жүргенде «Гүлбарша жүкті екен» деген хабар бәйбішенің құлағына жетіп, оны біраз таяқтаған соң, бәйбішенің ұйғаруымен болу керек, Берғали пысық Абдрахман қалфені шақыртып Гүлбаршаның некесін Жоламанға қияды.

Содан былай Жоламан мен Гүлбарша ерлі-зайыпты адамның өмірін басынан өткізе береді. Жұртқа ұқсап ұрсып-жұлысуды да білмейді, тіпті бір-біріне қатты сөз де айтып көрген емес. «Жаз болса байдың қараша үйінің босағасында, қыс болса төл қамайтын үйдің ішінің жанында бірер құрым киізге оранып жатып түнді өткізеді».

Өмір осылай өтіп жүре береді. Бір күні Гүлбарша ұл табады. «Мұны кімнен таптың?»— деп Жоламан да сұрамайды, «шын әкесі түгенше еді» деп Гүлбарша да айтпайды. Қайта Жоламан езу тартып қуаныш сезімін білдіреді.

— Әй, жігіт, балаңның атын кім қоямыз?— деді Гүлбарша күлімсіреп.

— Мұның аты Жақсылық болсын,— деді Жоламан.

«Сосын басқа баладай «шілдехана» да болған жоқ, Абдрахман қалфе келіп азан да шақырған жоқ, әлгі бала өзінен өзі «Жақсылық» аталып жүре берді»,— дейді жазушы.

Суреткер Жоламан образын шынайы бейнелейді. Оның қой аузынан шөп алмайтын жуастығын да, таңның атысы, күннің батысы қолынан балта кетпейтін еңбекқорлығын да, күш-қуат азайып бойып кәрілік дерті билей бастаған кезеңін де барлық кіші-гірім фактілерімен реалистік бейнеде суреттейді. Ол үйленгеннен кейін тоғыз ай күтпей-ақ алты ай өткен соң босанған Гүлбаршаның тағдырына да ой жүгіртіп, күдіктенуді, қызғануды білмейді. Жақсылық та қанаттанып өсе береді, қайратты жігіт болады. Жоламан алпамсадай жігіт болған Жақсылықты көргенде бойын қуаныш билеп Гүлбаршаға қарап: «Сен жаманға тартпаған, балам өзіме тартып туған» деп жымыңдайды. Жақсылық та жасынан әкесіне үйір болды, соның жұмысына жәрдемдесем деп жүріп оның өнерін үйреніп алады. Осылай өмір өткізіп жүрген кезде 1916 жылдың дүрбелені келіп Жақсылықты әскерге алып кетеді. Бұған Жоламан қатты қиналады,

«Патша тағынан түсіпті, балалар қайтатын болыпты» деген хабарды естігенде Жоламан өмірінде біріңші рет:—«Ә, тегінді пәлен етейін, өзіне де сол керек еді»— дейді.

Күнін әрең көріп, үлкен бейнет үстінде әлектеніп жүрсе де өз өміріне, өсіп, қайраттанып келе жатқан Жақсылығына масаттанып, кедейлік өміріне де қанағаттанып жүрген Жоламанға тағы да ойда-жокта қауып төнеді. Оны Берғали пысық қажының үйіне шақырып алып «ақ түйенің қарны жарылды, алаш үкіметі құрылатын болды. Соған сіздің балаңызды аттандыратын болдық»,— деп көлгірсиді. Әскер десе шошып түсетін Жоламан: «Алашынның да керегі жоқ, ордаңның да керегі жоқ; ата-бабам ордаға кіріп те көрген жоқ; бала өзімдікі, менің баламда ешқайсының жұмысың болмасын!»— деп қарсы болады. Оның аяғы келіп уезден келген өкілдің айтуымен алашқа қарсы Жоламанды да, оған ара түскен баласы Жақсылықты да ауылнайдың жігіттері таяққа жығып кетеді. Тұла бойын қан жуып, естен танып әкелі-балалы екі азамат өлім халінде жатқанда қажының үйінде той-думан болып жатады. Жазушы осы бір қарама-қарсы өмір көріністерін аса асқан шеберлікпен бейнелейді. Бір ауылда бір кезде болған екі өмірді суреттей келіп жазушы өз ойын былай түйеді: «Ауыл өмірі осы. Ешнәрсені сезбеген, ешнәрседен жұмыстары жоқ сияктанып, малын иіріп, сиырып сауып, қазанын шақырлатып қырып, жер ошақ біткеннен көк түгінді көлбете ұшырып, сол өмірімен алданып отырған сияқты».

Жақсылық ержетіп жігіт болды. Әкесіне ара түсемін деп ауыл шабармандарының таяғына жығылды. Енді жазушы сол Жақсылықтың алаш отрядына алынып, сонда қызмет етіп жүргендігін суреттейді.

Алаш отрядында жүрген Жақсылықты Сейіт деген жолдасы үгіттеп 200 шақырым жердегі нағашысының ауылына қарай қашуға көндіреді. Халық қамқоршысымыз деп көлгірсіген алаштың халыққа жасаған «қамқорлығы» романда байқалмайды. Оның өкілі алаш үкіметіне қарсылық көрсету деп Жоламан мен баласы Жақсылық екеуін таяққа жықты. Енді не болар екен? деп ойлаған оқушы Сейіт пен Жақсылықтың қыстың сықырлаған аязында айдаладағы Сейіттің нағашысы Жақиядан пана іздеп қашуы да тегін болмаса керек.

«Тартыстағы» суреттелінген басты оқиға Октябрь революциясы жеңіп, жер жерлерде азамат соғысы жүріп жатқан кез. Тап күресі де әлі белең алмаған кез. Алаштар өз алдына үкімет құрамыз дел аласурып жүрген кез. Қазақ даласындағы байлар да баяғы қалпында, есігінде жігіт ұстап, малайлар жұмсап отырған кез. Патша үкіметінің құлағанына қуанғанмен кедей сорлы әлі де жақсылық атаулыны көре қойған жоқ. Бір жағынан елдегі байлар, билер, елдің пысықтары бұрынғы езуін, қорлауын қоймаса, екінші жағынан «алашорда» үкіметі деген бәле шығып, неше түрлі салық салып әбден титықтатып болды.

Осы романында Бейімбет азамат соғысы кезіндегі ауыл өміріндегі осындай қым-қиғаш оқиғаны суреттеуді мақсат еткен. Оқиға тартысы енді қызып келе жатқанда шығарма аяқталмай үзіліп қалады. Бірақ осы баспа бетін көрген романның алғашқы бөлімін оқыған оқушыға оқиғаның немен аяқталатынын байқау қиынға соқпайды. Шығарманың негізгі идеясы айқындалып қалады.

Осы басылымының өзінде Бейімбет бірнеше характерлер жасай білген. Мұнда бірнеше кедейлердің жұпыны өмірі де, алаш үкіметінің сиқы да, сол кездегі қазақ байларының байлыққа мастанған масыл тұрмысы да өз бояуын тауып реалистік шындықпен шынайы суреттелінген.

Алаш отрядынан қашып «бізге пана болуға жарайды» деп алыстан арып-ашып іздеп келген Сейіттің нағашысы Жақияның өмірін жазушы қандай шебер бейнелей білген.

«Сығырайған білте шамның түтіндеген жарығына төне түсіп, қоныштық былғарыны тізесіне салып, екі үлкен тарамысты ерсілі-қарсылы тартып, қою сақалды қотыр бет арық қара кісі тігін тігіп отыр. Бұл Аманға қараған елдегі Жақия дейтін белгілі тігінші еді. Еттеп айрылған қара қайыс бізді тезінен шанышқанда адамның көзі ілеспейді. Арбыған дене иіліп, бүгіліп машинеше қозғалады.

Түннің біразы өтті. Дала түтеген боран. Ызылдаған ысқырған қатты желдің екпіні үй ішіндегі адамды түршіктіріп жібергендей. Қырыштық па, қар ма — терезеге тырс-тырс тиеді. Астаудай қушиған аласа тар үйдің жалғыз терезесін қар сірестіріп әлдеқашан көміп кеткен».

Міне бұл жер төледе өмірін өткізген Жақия кедейдің өмірінен бір көрініс. Әрі қарай бір-екі жолдар арқылы жазушы Жақияның образын айқындай түседі. Оның өмір бақи тігіншілікті кәсіп етіп, неше жылғы тапқаны бір қыздың қалың малына зорға жеткенін, сөйтіп жасы қырыққа келгенде әрең үйленгенін, Сақып деген жар сүйгенін баяндай келіп, ерлі-зайыпты тұрмыс құрғанына екі-ақ жыл болған екі кедейдің тұрмыстағы қарым-қатынасын, бет-пішімі мен мінез-құлқына дейін тәптіштеп суреттейді. Қосылғанына екі-ақ жыл болған жас келіншек Сақып туралы жазушы былай баяндайды: «Қөйлекшең, төменгі жаулығын басына орай салып, бір тізерлеп қана отыр. Екі көзі тарамыста. Быртықтау келген қара қожқыл кір саусағы тарамысты талдап жып-жып етеді. Оқпа-санда басын көтеріп, аларған көзін Жақияға бір қадайды» — дейді де енді жазушы Жақияның портретін Сақып көзімен қарайды да былай суреттейді: «Бет аузы қож-қож қорасанның дағы, қоюлана біткен сақал-мұрт, шүңрейіп ішке батқан екі көз — осыдан басқа Жақияда түр де жоқ, сын да жоқ».

Бейімбет шығармалары жайлы сөз қозғағанда, олардағы образ, характерлердің жасалу тәсілін талдағанда еріксіз жазушының өзіне сөз бергің келе береді. Өйткені ауыл өмірін, ондағы байлар мен ке-

дейлер тұрмысын өте жақсы білген нағыз халық жазушысы Бейімбет бірер сөзбен-ақ адамның сыртқы тұлғасын да, ішкі психологиялық дүниесін, сана-сезімін, мінез-құлқындағы кейбір оғаш қылықтарына дейін ап-айқын суреттей білген. Жазушының жасаған характерін оның өзіндей ешбір зерттеуші жеткізе алмайды. Мысалы, осы Жақия мен Сақыптың ара-қатынасына көз жіберейікші. Бағатын малы, ермек қылатын баласы жоқ, жас келіншек Сақып көрген-білгені Жақия болған соң соған серік болғысы келіп қасына барып әңгімеге шақырады. Күндіз-түні еңбектен қолы бір босап көрмеген Жақия оның әңгімесін де жаратқысы келмейді. Еркектігін білдіріп әйелін мұқата сөйлеп тәрбиелегісі келеді.

«— Терезені қара, қалпынша көміп кетті,— деді Сақып әлде неге күрсініп.

— Көмсе, көбірек ұйықтауына жақсы болар, онсыз да түс болмай тұрмайсың.

— Ерте тұрып менің малым қаралмай жатыр ма, балам жылат жатыр ма? Қай малың қараусыз жатыр еді?

— Жұртпен қатар тұрып пешке от жақсаң да еш нәрсең кетпес еді. Жұрттың үйінен түтін шығып жатқанда өлік шыққан үй құсап мелшиіп біздің үй тұрады...

— Ал жарамазаның бастады. Серік болып жанына азырақ отырайын десең, жер жебіріңе жетіп болады,— деп Сақып ерні бүрткініп, есіп отырған тарамысын шашып жіберді» — деп суреттейді жазушы.

Ашумен Жақия ағаш қалыпты Сақыпқа қарай жіберіп қалады, ол барып Сақыптың жамбасына тиеді. Жақиядан таяқ жемек түгіл қатты сөзін де көтере алмай жүрген Сақыпқа бұл өте қатты батады. Ал Жақия болса бұған мән де берген жоқ. Бұл сияқты ұрыс екі күннің бірінде болады, оның қайсысына мән берсін. Жақияның тігісіне ұрыс-керістің, ой мен көздің ешбір әсері жоқтығын автор былай суреттейді:

«Жақияның қолы былғарыны жастай ұстап үйренген қол. Көздің, ойдың көмегі кейде керек болмай төселген қол өздігінен істей береді; біздің шаншылған орнын біраз сипаумен саусақтың өзі-ақ тауып ала береді. Бұл екі қол денеден бөлек біткен болса, тігінді осы екі қолға артып, Жақия төсекте тыныш жатқан болар еді-ау! Оны істесе белі мұндай шойырылмас еді, тұла бойы сынған сынықтай болып қозғалтпай қалмас еді».

Осындай ерлі-заһыпты адамдардың ұрыс-керісі кезінде түнделетіп, борандатып Жақияның үйіне Сейіт пен Жақсылық келеді. Көптен көрмеген жиені Сейітті көргенде Жақия шын ниетімен қуанады. Әлгінде ғана ашудан өз терісіне өзі сыймай жатқан Сақып та ашуды ұмытып жадырай түседі. Шын пейілмен, бар ықыласымен қонақтарын қарсы алған Жақияның дастарқанын жазушы оқушысының көз алдына бар болмысымен елестете біледі:

«Ағаш шүмекті ескі самаурын екі ніннен дем алған кезде, Жақия қалбаңдап, қоңыр саулықтың терісінен істелген жарғақ дастарқанды әкеп төрдің алдына жайды»— дейді де жазушы дастарқандағы ыдыс-аяқты суреттеп кетеді. «Соғыстан шыққандай, кетік, сынық құрсау кеселер, пұшық құманша, кетік қасық, қара аяқ дастарқан басынан орын алды. Дүмбілез піскен таба нанды Жақия бауырсақша қастерлеп турап жатыр».

Алаш отрядынан қашып келген Сейіт пен Жақсылықтың әрекеттері оқушыға түсініксіздеу болатын. Олардың не үшін қашқаны, алаштың оларға көрсеткен қиянаты да байқалмайтын. Соған қарап бұлардың ешбір себепсіз қашуы баланың ойыны сияқты көрінетін оқушыға. Рас, казармадан біраз алыстаған соң Жақсылық қалаға қарап тұрып: «Шығармастай қылып іліктірген темір тор еді, бір құтылуға бұдан да құтылып шықтым-ау!»— дейді. Бірақ оның неге «темір тор» екендігі оқушыға жете бермейтін. Міне, енді жазушы алаштың шын бет-бейнесін оқушыға анықтап береді. Сейіт пен Жақсылық Жақияның үйінде жатқанда Жақияның көрші ағайындары Әбділдә мен Жүсіп қаладан жаман хабар ала келеді. Уездік «Алашорда» съезінде, алаш пайдасы үшін түндік басы 130 сомнан ақша жиналсын деп қаулы алынғандығын айтады. Сонымен 130 сом түгіл 130 тныны жоқ үш кедей қашып кетуді шығарады. Бұлардың үйде жоқ кезінде келген ауылнай мен алаш милиционерлері үш кедейдің әйелдерін зәбірлеп, аяғында үшеуінің де күн көріп отырған жалғыз снырларын айдап әкетеді. Міне, алаштың кім екенін білуге асыққан оқушы дәл осы бір көрініс кезінде әбден қанық болады.

Енді жазушы сол бір аласапыран кезеңдегі қазақ байлары мен солардың есігінде жүрген жалшы, кедейлердің өмірі жайлы сөз қозғайды. Әбділдә екі ай бойы сөйлесіп жүріп Жақсылыққа жұмыс тауып береді. Онысы Қәкім деген байдың есігінде жүру. Жұмыс ақысы да белгісіз. Әйтеуір, «Жүре берсін, ақысын кейін сөйлесе жатармыз» деген Қәкім байдың сөзіне мәз болып Жақсылық Қәкімнің үйіне барады. Жиырма үш жастағы қарулы жігіт Жақсылықтың ойын жегідей жейтін жайлар көп! Әкесі Жоламан мен шешесі Гүлбарша жылап қалған еді. Олардың өлі-тірісін білмейді, баруға қорқады. Ес білгелі көрген жәбір жапасы мен азабы, соның ешқайсына қарсы тұра алмайтыны, қарсы тұруға құдіретінің жоқтығы, әкеге ара түсемін деп, әкесін де, өзін де өлтіріп ала жаздады. Өз өміріне өзі риза болмайды, бірақ одан құтылудың амалын білмей қиналады. Бүйтіп жүргенше адам болудың не мағынасы бар деп сарыуайымға да салынады. Бірақ жолдастарымен сырласа кетсе оның ойы дұрыс болмай шығады. Өйткені бәрінің де көретіні осы...

Міне Бейімбет Жақсылық образын осындай реалистік шындығымен суреттейді. Іш қазандай қайнағанмен әрекетке дәрмен жоқ. Октябрь революциясы жеңіп, патша тағынан түскен кезде яғни 1918 жылы Жақсылық тәрізді оқымаған жастардан қайбір революц

диялық әрекет күтуге болар еді? Сондықтан да өмірді жақсы білген жазушы Сейітті де, Жақсылықты да бар шындығымен суреттеп, олардың өз бойларына лайық ой беріп, әрекет жасатады.

Жақсылық Кәкімнің үйіне келсе оның үйінде Кәрібоз, Қетік деген малайлары бар екен. Жақсылықпен алғаш танысқандар осы екі малай жігіт. Кәрібоз бен Қетік өмірін суреттеу арқылы жазушы кедей өмірінің басқа бір қырын танытады. Егер Әбділдә, Жүсіп, Жақиялар өз алдына үй тігіп, отын түтетіп отырса, Кәрібоз бен Қетік отыздан асса да семья құра алмай Кәкімнің есігінде жүр. Бұлардың тұрмысын да оқушыға бірер сөзбен ғана таныстырып өтеді жазушы.

«Үйдің ортасы пеш. Пештің маңы бұрқыраған тезек, ағаш, шөпсалам. Босаға жақ қуыс сығыса толған: козы, лак, арық бұзаулар. Үй-іші малдың қиы сасиды.

— Бұл біздің күркеміз болады,— деді Кәрібоз арсалаңдап келіп:— Қетік екеуміздің жататын жеріміз мынау,— деп үйдің бір жақ бұрышындағы көнмен араласып жатқан бір жапырақ құрым кигізді көрсетті. Құрым кигіздің үстінде бірер майлы көрпе, кірмен салтақтанған бір-екі жастық та көрінеді».

Бейімбеттің «Тартыс» романындағы кедейлер — таптық санасы әлі ояна қоймаған, немесе енді-енді жан-жағына қарайлап, әділетсіздікті ептеп ұға бастаған кедейлер. Көзін ашқалы Кәкім байдың есігінде жүрген Қетік пен Кәрібоз үшін өздерінің бастарынан кешіп жүрген сияқсыз, азапты өміріне ешкім жінәлі емес, бәрі заады сияқты көрінеді. Бір адам туғаннан бақытты болып туады да, екінші адам бақытсыз боп, яғни сол бақытты адамды бақытты жасау үшін қызмет етуі керек сияқты көрінеді. Қысқасы «Тартыс» романы да тап тартысын бірсыдырғы дұрыс суреттейтін көркем туынды.

«Атылмаған оқ» повесі екінші рет «Жұлдыз» журналының бұрнауағы жылғы № 6 санында жарияланды. Оқушы қауым жылы қарсы алды.

Повестің басты кейіпкері — кедей, басты тақырыбы — кедей өмірі. Автор бұл шығармасында да кедейдің жаңа өмірге келу жолын, оның бұралаң қиындығын ашуды мақсат тұтқан секілді.

Шығарма жиналыстан, баяндамашының баяндау сарынындағы берекетсіздікті суреттеуден басталады (баяндамашы, сірә, жаңа өмір сыпаты, оны жасау, орнату жолдары туралы сөйлеген болу керек). Дегенмен шешеннің сөзінен ештеңе ұқпаған халық біртіндеп тарай бастайды.

Осы тараған топтың ішінде повестің екі кейіпкері кездеседі:

«— Таныс болайық. Байбақты Танауовпын, — деді әлгі жігіт қолымды қаттырақ қысып». Мұны айтып отырған лирикалық кейіпкер (яки автор). Повесть, осылай, бірінші жақтан, лирикалық кейіпкер атынан баяндалады.

Байбақты Танауовтың Айбаламен жолығуынан бастап шығарманың негізгі желісі де бой көрсетеді. Бұл екеуінің кездесуінің, тіл қа-

ғысуының ерекшелігінен туған жұмбақты сырды лирикалық кейіпкер қалайда шешуді ойға алады. Повестегі Жалбыр жазушының осы аттас пьесасындағы Жалбыр секілді. 16-жылғы дүрбелеңде ауылнайдың тізімін, болыстың кеңсесін өртеуге қатынасқанына қарағанда осындай ойға келуге болады. Пьесадағы көріністер мұнда жоқ. Повесть Жалбырдың совет өкіметінің алғашқы жылдары тұсындағы өмірі көрестіледі. Жазушының Жалбырдың рухани, әлеуметтік жағынан оянуын суреттеуде қолданатын тәсілі 1924 жылы жазылған «Айранбай» әңгімесіндегі Айранбай образын ашудағы тәсілімен ұқсас, сарындас секілді.

Өмірлерінің белгілі бір кезеңдерінде Жалбыр да, інісі Аманбай да, баласы Сарбас және Жоламан, Нұржан секілді жалшы малайлар да өз басының малайлық ауыр халіне көнбістікпен қараған. Дегенмен өмір ағымы, Сержан саудагердің үрейін алған, берекесін кетірген күш бұларды өзгіге, езушіге қарсы шығарады. Жалбыр қара балтасын қайрайды, Сарбас пен оның жолдастары өз өмірлерінде тұңғыш рет өз еріктерімен байдың жұмысын тастап, жолға шығады. Революция жолына шығады. Сарбастар енді комсомол. Жаңаның жаршысы. Бұлардың санасындағы өзгеріс біртіндеп, баяу, бірақ тиянақты түрде жүреді. Бұл істе комсомол тапсырмасымен келген тракторист Иванның үлесі де бар.

Жазушының мақсаты осы істің өрбуін, жаңа арнаға ұласуын көрсету болса керек. Шығарманың тақырыбы да басты мақсатқа орай ашыла алған.

Шығармада айқын бой көрсететін тұлғаның бірі — Сержан саудагер образы. Бір кездері Жалбырдың, Жалбыр секілділердің басын жарып, «кика-жика» ететін Сержанда бүгін ол қуат жоқ. Әйтсе де аудандық жер бөлімінде қызмет ететін баласы Зұлқарнайдың нұсқауымен ол әлі де көп істер жасауға бейім. Трактор алуы да сол Зұлқарнайдың өзінен басталып отырған іс. Енді бұл «үлгілі шаруа» болып көрінбек ел көзіне... Бұл да, бәйбішесі Мәдина да — типтік дәрежедегі образдар. Повесть Танауов пен Айбала маңындағы әңгімелерді іздеуден басталғаны белгілі. Айбаланың дәптері және бар. Осыларға қарағанда жазушы Танауов пен Айбала туралы кейінірек жазуды (повестің соңына қарай) ойлаған болу керек. Шығарманың аяқталмауынан бұл образдар нақты, толық қанды болып үлгірмеген әлі. Айбалаға қарағанда Танауовтың іс-қимылы біршама мол көрініс береді. Айбаланың дәптерінде бұл кейіпкер бір рет елес бергендей болады.

Повесть аяқталмаған болса да, автор идеясы анық. Ол идеяның шығатын, өрбитін желісі — оқиғалар жүйесі де едәуір айқын. Өмір шындығы диалектикалық тұрғыдан суреттеледі. Аяқталмағанына қарамастан, повестің реалистік сипаты да жақсы көрініс тапқан.

Б. Майлиннің бұл повесінің 30-жылдарда жазылған қазақ совет прозасының бір биік шоқысы, үлгісі болып қалуы мүмкін еді...

Бейімбеттің «Құсайын Құлбеков» атты повесі бірінші рет жазушының «Асулардан асканда» атты екі повестен тұратын кітапшада жарияланған. Жазушы кітаптағы шығармаларын «повестер» демеі «әңгімелер» деп атаған. Шындығында екеуін де аяқталған повесть деп атауымыз керек. Өйткені екеуі де повестің жүгін аркалап биікке көтеріп шыққан. Екеуінде де шынайы бейнеленген характерлер, толық қанды образдар жасалынған. Суреттелінген тартыс та ширатылған кәсіпшілерге жетеді.

«Құсайын Құлбеков» сол 1933 жылы жарияланған алғашқы калпында қалып қояды. Шындығында бұл шығарма ұлы жазушының дарқан қолынан туған классика. Одан жас жазушылардың алатын үлгісі мол, үйренер жолдары да көп. Көлемі шағын ғана повесте бірнеше кесек мүсіндер, шынайы характерлер жасалынған. Ауыл адамдарының образын Бейімбеттей реалистік бейнеде шебер суреттей білген қазақ жазушысы жоқ деп білем.

Құсайын образының реалистігі сонша тіпті ол өзінің бойындағы қайшылығы мол қасиеттерімен көрінеді. Ол өзі Нұртайдың есігінде жүргенін, соның құлы екенін сезбейді де. Нұртайдың қос күрең атының билігі өз қолында деп ұғады. Сол қос күренді баласынан бегер күтеді, сұғарады, жем береді.

Нұртай қу. Ол Құсайынның аңқаулығын жақсы біледі. Келешек Құсайын сияқты кедейлердікі екендігін де сезеді. Сондықтан да оны алдап арбайды. Тіпті Нұртайдың Құсайынды көтермелеп сөйлеп отырып алдауы кейде мазаққа айналып кетеді. Нұртай Құсайын арқылы бірінші кедей атаулыны мазақ етіп тұрғандай көрінеді оқушыға.

Саятқы әлеумет те Құсайынның бұл қылығын әртүрлі бағалайды. Басымыра адамдар «арқа сүйері, сөз тыңдатары бар» деп Құсайыннан кәдімгідей қаймықса, енді біраз адамдар оны Нұртайдың ақымақ қылып алдап жүргенін сезбейтін жарымес деп жек көреді.

Құсайынның таптық күресте жұмысы жоқ. Өзі Нұртайдың құлы, есігінде жүрген малайы екендігін сезбейді. Оның ойынша оған Нұртайдан жақын жанашыр туысқан жоқ. Енді оның ойынша Нұртай Құсайынға әйелдікке қыз тандап қиналып жүрген сияқты. Сонғы кезде Нұртай біреумен сөйлесіп отырып «Ауылдарында жақсы қыз бар ма, Құсайынға айттырып құда болар ем»— дейтін болды. Осының өзіне Құсайын бір көтеріліп қалады. Сөйтіп жүріп біраз жылды өткізіп те алады.

Құсайынның үйленгені де қызық. Нұртай көтермелеп мақтағанына шынымен сеніп жүрген Құсайын қыз тандайды. Анау-мынау қызына қарағысы жоқ. Сөйтіп жүргенде Шәріп дейтін тентек шалдың Берен деген қызы сөзге ілігеді. Құсайын барып көреді. «Жарайтын қыз екен» дейді ол ішінен.

Шәріп шалдың Береннен басқа баласы болмайды да, Беренді тым еркелетіп өсіреді. 11—12-ге келгенше Берен еркек балаша киініп өсе-

ді. Сол Берен Құсайын келгенде көзінің қиығымен бірер қарап алады да қайтып көзін жоғары көтермейді. Құсайынның сұрауларына жауап та бермейді.

«Әйелге дегенде аруағы күшті» Құсайын Беренді көріп ұнатқанымен жөндеп сөйлесе алмай, әрі ызасы келіп, әрі ынтықтығы артып, қайтсе де осы қызға үйленуге бел байлап қайтады. Нұртайдың тапсыруымен Жанпейіс пен Ділдәбек деген екі карт құда түсуге Шәкеннің үйіне аттанады.

Беренді Құсайын Нұртайдың үйіне түсіреді. Нұртайдың бәйбішесі мен токалы бір күңге жарыдық, енді қандай жұмысқа, қалай жұмсаймыз деп бастары қатып жүргенде Берен: «мен біреудің үйіне күндікке келгенім жоқ, ешкімнің жұмысын істемеймін» дейді. Құсайынның арманы орындалмай калады.

Көлемі шағын ғана повесте қанша адамның мүсінді характерлері жасалған. Бәрі өмірдегі шындық қалпын толық сақтаған. Тіпті кейбір кейіпкер өмірдегі өз атымен аталып жүр. Мысалы, не істерін білмей терең ойға батқан Нұртай: «Ақтамның содия кезі болса, онда да бір сәрі еді...» дейді өзіне өзі. Сол Ақтам Бейімбеттің жерлесі, әрі замандасы. Жазушы елінде көп жыл судья болған адам. Оның мінезіндегі өрескел қылықтарын сынап Бейімбет талай өлеңдер де жазғаны мәлім.

Береннің әкесі Шәріп те шығармадағы оқиғаға анда-санда бір араласқанымен жанды образ бейнесінде суреттелінген. Ол ауылдағы өсек-әңгімеде жұмысы жоқ, өз еңбегімен күнін көріп отырған шаруаның адамы.

Береннің характері үздіксіз даму үстінде өрбиді. Қыз кезінде-ақ турашыл мінезімен көрінген Берен бірте-бірте өмірді дұрыс танып түсіне бастайды. Құсайынды байдың үйіне мүлде жібермей қояды. Нұртайдың қос күрен атын баға алмай қалған Құсайын бұрынғы күнін ойлап қатты қайғырады, қорланады. Сонымен оның әлі де таптық санасы ояна қоймайды. Совет өкіметінің арқасында кедейлер билікті өз қолына алып бірлесіп колхоз құрып жатса да Құсайынға әсер ете қоймайды. Жеті-сегіз жылдан бері көрмеген, өзіне тете інісі Қасеннің де бай тыриағынан босанып келгенін жақтырмайды,

— Қой, шатаспа, орнына бар. Еңбек ақынның алынып қойғанын білемісің?— дейді оған.

Қасен Құсайынның туған інісі болғанмен ағасына мүлде ұқсамайды. Ол Құсайындай емес айналасында болып жатқан өзгерістерді тез ұғады, өзін құл ретінде жұмсаған байдан да ол-онай құтылады. Комсомолға жазылады. Қарабекті көргенде бірден шүйіркелесіп тіл тауып кетеді. Екеуінің мақсат-мүддесі бір екендігін де түсінеді. Бұларға Берен қосылды. Үшеуі бірігіп қысқы үй салуға кірісті. Жастардың қалжың-әзілі жарасып үй базар болуға айналды. Мұның бәрі әрине Құсайынға шаншудай қадалды. Ол не болса соны желеулетіп ұрыс шығаратын болды.

«— Не көрінді саған? Біздің сөзіміз шаншу болып қадалса, жайлы жерінді іздеп тапсайшы»— дейтінді шығарды Берен.

Құсайынның арманы осы ма еді? Ол әйелінен осындай сөз естимін деп ойлады ма? Жок, ол Беренді Нұртайдың үйіне түсіріп, өзі Нұртайдың туған інісіндей боп араласып кетпек еді... Осы ойдың бірі де орындалмады. Берен Құсайыннан қорқуды қойды. Тіпті ол Құсайыннан таяқ жегелі бері әбден беті ашылып оны адам қатарына санап, жолдас тұтуды қойды. Осыған Құсайын қатты қиналады. Құсайынның басында болған осы бір шым-шытырық психологиялық тартыстарды автор шебер суреттейді. Оқушы Құсайынның санасының тез ояна қоймағанына, айналасында болып жатқан революциялық өзгерістерді түсіне алмағанына ренжиді. Бір жағынан Құсайынның осыншалық «соқырлығына» жаның ашиды.

Құсайын — тақыр кедейдің өкілі. Ол революция әперген теңдікті кедейлермен бірлесе отырып пайдалануы және іске асыруы керек еді, өзі сияқты бай есігінде жүрген жалшы кедейлердің бой түзеп байларға қарсы жүргізген күресіне араласып кетуі керек еді. Міне оқушы Құсайыннан осындай әрекеттер күткен еді. Жок, жазушы оқушысының ойынан тез шыға қоймайды. Құсайынның басын қатырып, миын улаған қайшылықтарды түгел және бүкіл реалистік шындығымен суреттейді. Соның нәтижесінде Құсайын сол бір кезеңнің нағыз типтік образ дәрежесіне көтерілген. Колхоздасу кезінде Құсайын типтес кедейлер аз болды ма? Байдың есігінде жүргеніне қорламабай, әлеуметтік таптық күреске мән бермей байдың үйінен ішкен кезесіне мәз болған кедейлер аз болды ма? Кедей-жалшы атаулының бері бірдей совет өкіметін дұрыс түсініп қызыл тудың маңына бірден ынтымақтасып бірлесе кетті дегенге кім сенбек? Сондықтан да дәуірдің асқан шебер суреткері осы жайттерді жіті байқап көргендікпен сезе білген. Ол өмірге өзінің де бірге араласып куә болғандығы сөзсіз себін тигізген. Құсайын образын жазушының жан-жақты суреттегені соншалық, тіпті оның іс-әрекеттерін, мінез-құлқы, ой-парасатына бірде ренжіп қиналсаң, енді бірде жаның ашиды. Сонымен бірге күйіп-пісіп жылағың да келеді.

Бейімбеттің «Он бес үй» атты повесі алғаш «Жаршы» журналының 1930 жылғы 10-11-12 сандарында жарияланады, кейін 1933 жылы жеке кітап болып жарық көреді. Мұнда Бейімбет қазақ еңбекшілерінің бірінші рет коллективтік шаруашылыққа ұйысканын, сондағы қиыншылықты қалай жеңе білгенін суреттейді.

«Он бес үй» қазақ даласындағы колхоздасу кезеңін, соның алғашқы бастамасы жайында шындық оқиғаларды дәл басып реалистік шындық тұрғысында суреттеген көркем туынды. Онда жазушы өмір ағысына ілесе отырып тарихи оқиғаның ізімен партияның саясатына тез үн қосқаны байқалады. Сондықтан да бұл повестің қазақ әдебиеті тарихында алатын орны ерекше болуға тиіс.

Көркем сөз шебері Бейімбеттің барлық шығармасын ерінбей жинайтын еңбекқор адам болса әлі де бес-алты томдық шығармалары табылар еді. Өйткені, «Еңбекші қазақ» газеті мен «Қызыл Қазақстан» журналында әрбір сан сайын Бейімбет шығармаларын кездестіреті хак. Қалайда, «Жазушы» баспасының қазіргі бастамасын қолдау керек сияқты. Данышпан жазушымыздың толық жинағып шығару мәселесіне М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты ат салысар деп ойлаймыз.

Сейділдә Ордалиев.

АТЫЛМАҒАН ОҚ

Повесть

ДӘПТЕР

Күн көлбіп екінділікке жақындап, арқа қыздыратын ыстық та емес, адам тыржигандай салқын да емес, желсіз-күзсыз тынып қана тұрған. Жұрттың бәрі малша өріп далада жүр. Әсіресе шахты құлыбының маңында лек-лек болып жүрген адамды көресің. Клуб есігі дамылсыз ашылып, бірі кіріп, бірі шығып қайнап жатқан жұрт. Клуб ішінде қатары сиреп қадағандап, еріше есінеп отырған аз ғана кісіні көресің. Баяндамашы жолдас, сөзді қылғыша сөйлеп екі қолын қайда қоярын білмеген адам секілді біресе қалтасына тығып, біресе артына ұстап, біресе үстел үстіндегі қағаздарын обыратып; дауысын бір көтеріп, бір бәсеңдетіп; сөйлегеннен көрі тоқтап ойлануы көп боп, сол баяндаманы не үшін істегеніне өзі де түсінбейтін адам тәрзденіп тұр.

— Әмме жұрт, әмме жұмысты... Әмме, әмме... — деп баяндамашы жолдас сөзін аяқтамай есікке қарап бақшыды.

Мәжілісті басқарып отырған жас бала жігіт баяндамашыға кейіп пе, болмаса сапырылысып жатқан көпшілікке кейіп пе, қабағын кіржитіп орнынан тұрды:

— Жолдастар, жолдастар... Не болды сендерге? Отырсандаршы, сендер үшін істеліп отырған баяндама... — деді үстелді ұрғылап.

— Несіне отырайын — бір сөзіне түсінгенім жоқ, — деді бір жігіт шығып бара жатып.

«Әмме көпшілік, әмме екпінділік... Әмме-әмме... Ие, солай...» деп баяндамашы сөзін соза түсті.

Мен де шықтым сыртқа. Сапырылысқан көптің ішінен біреуді іздегендей боп мойнымды соза түсем.

— Жолдас! — деді біреу қолымды ұстап.

Жалт бұрылып бетіне қарадым: қызыл шырайлы, қошқар тұмсық, бітік көз (көзінің өзі қитарлау да болса керек), бойшаң келген жас бала жігіт. Аяғына сұлулап тігілген сыр етік, шұғадан тігілген қоржын жамбас шалбар, барқыттан гимнастерка, әскерлерде болатын сақти-

ян сумканы иығына асынып алыпты... Бәрінен бұрын көз айырмай қарағаным — соның көзі, әсіресе, көзіндегі көзілдірігі (пенсне) болды. Ауру екенін де, әдет екенін де білмеймін көзілдірікті көрсем жүрегімнің су ете түсетіні бар. Әй әйтеуір осы көзілдірік!.. Бұл көзілдірікті тақырып қып талай жазып та көргем-ау, «болмағаштан болми енді» деп татарлар айтқандай, «жасыратын сыр жоқ» (бұл — сыр жасырғыш кейбір жолдастардың сөзінің мәтелі еді-ау), ұят арқалағаннан басқа тапқан олжам шамалы...

— Таныс болайық: Байбақты Танауовпын, — деді әлгі жігіт қолымды қаттырақ қысып.

— Ә... жақсы, — деп қолымды босатудың қамын істедім.

Екеуміз қатар жүріп келеміз. Байбақтының аузы дамыл таппай сөйлеумен келеді. Айтады да күледі. Көңілі қалмасын деп мен де жымындаған болам. Күлгенде, әдейі істегендей боп тісін ақситады. «Осының алтыннан салдырған тісі бар шығар-ау» деп байқасам, бар екен.

— ...Так сказать, мен тергеу орнында жүрмін. Што же, тергеу орнында жүріп те әдебиетке қызмет істеуге болады. Мен мұны өзімнің комсомолдық борышым деп білем...

Кәзіргі құрылыс, ұлы табыстар, екпінді геройлар... Осыны суреттемей ұжданың шыдар ма?.. Міне, сондықтан осы жұмысқа өзімді мобелизовать етіп бүгін шыға қалғаным еді... Материал дегенің ужас... Понимаєте: екпінділер, геройлар, құрылыстар, жұмыстар... Одним словом .. так сказать... — деп Байбақты сөзді соза береді. Сөйлеген сайын қызынып, ерні сүйірленіп, езуі ақ аян тартып барады. Мен бұрынғыдан бетер жеріне түскендей болдым.

Клубтан ұзаққырап барамыз. Алдымызда екі әйел сөйлесіп тұр. Бізге қарап тұрғаны бір жағына қиқайыңқырап аузын ашып аңырая қалыпты. Бізге сыртын беріп тұрған әйел бір нәрсені қызу сөйлеп тұр, оң жақ қолы түйіліп бір көтеріліп, бір төмен түседі...

— Әйел екпінділерімен сөйлесем деп ем. Интересная тема, — деді Байбақты тісін ақсита күліп.

— Тап осы екі әйел тегін емес ау, барып сөйлесіп көрсейші, — дедім мен оған.

— Да, правельно, мен бұлармен сөйлесе білем, — деп Байбақты кенет соларға бұрылды...

Құтылғаным мен қуандым. Енді тезірек сызу керек. Қалай қарап жалтарам деп жан-жағыма қараймын. Тап сол минутте:

— Қарабет-ай, сен қайдан жүр ең?!... — деген әйел даусының ышқына шығып, селк еткізгені. Қарасам: әлгі қызып сөйлеп тұрған әйел қалшия қарап, Байбақтыны жұлып жейтін адам секілденіп тұр. Байбақты сұрланып кейін шегіне түскен тәрізденеді.

— Айбала... Токта... Түсің... — деді Байбақты үрейлене шегінген пішінмен қалтыранып.

«Бұл қалай? Қанын ішіне тартып әйел неге қалшылдайды? Алтығып, сасып Байбақты неге сөйлей алмай тұр?... Осы әйелдің үстіндегісі комсомол киімі-ау өзі?!...» деп, ан-тан боп мен ілгері аттадым. Сүйткенше болмай Байбақты кенет бұрылып, келе білегіме жабысты: оң қолын ілгешектеп іліп алып, жіберсінші мені...

— Ау, шырағым тоқта, мынау әйелдікінің себебін білейікші, — дедім тартына түсіп.

— Асықпаңыз, өзім айтам, ничего особенного нет, — деді Байбақты ақсия күліп.

Өзі мені дедендетіп әлде қайда алып барады. Бұлқыңамын, босататын емес. Күшпен босануға — төбелеске үйір кісі емеспін. Жәрдемге шақыратын жақын жерде милиция да көрінбейді. Ұзап барамыз. Бұрылып қараймын: әлгі әйел баяғы орнында тапжылмастан әлі тұр. «Қап, мынау иттің кесірін-ай!... Апырмау, бұл не деген зорлық? Осы зорлыққа мен неге көнем?...» деп бұлан-таланым шығып ашуланып, тап сол жерде Байбақты Танауовпен ат құйрығын кесіп айрылыспақ та болдым. «Қызуланып қайтесің, неге көзің жетіп тұр? Мүмкін біреудің семейный әңгімесі шығар. Ондай оқиға саған тақырып болып жарытпайды, оқушыға қызығы да жоқ. Тал түсте танымайтын біреумен ұрысысып жатқаның ұят емес пе?» деген сияқты бітімші ой бір жағынан жылтындап, қабындап келген ашуды су сепкендей баса түседі.

— ...Сізді кездестірсем деп ынтық ем. Жазуға талабы бар жастарды білесіз ғой. Өтінемін: менің жазғандарымды оқып, ақылыңызды айтсаңыз екен, — деді Байбақты бір кезде.

— Ойбай шырағым, сынға шорқақпын. Бізде Бейсенбай, Мұстапа дейтін сыншылар бар, сондайдың біріне жіберіп сынатып алмасаң... — деп қашырыс салып жаттырмын.

Алдастырып тұрып қолымды босаттым. Қайта жабысқалы ыңғайланып еді, мен ығыса түстім. Тарпа бас салуға айналса, тура қашуға да тайынбайтынымды сезді. Байқаймын: «Бекер босатым-ау» деп ішінен өкініп тұр. Онысын сездірмеймін деп жымындаған болады. Мен де

жымындаймын. Әйткенмен көп арбасып тұруға батылым бармады, «осы иттің көз қарасы бұзылып барады, сау тұрғанымда сытылып бағайын» деп мен оған басымды идім.

— Жаксы қош болыңыз.

— Жолдас, бір ғана минутке!... Жолдас, жолдас...

Мен ышқына басып екінші үйді оралып та үлгірдім. Еркін дем алып, баяғы әйелді енді ескердім: сол орында әлі тұр ма екен? Әлде, кетіп қалды ма екен? Кетіп қалған болса, қалай табам оны? Бірақ, атын білем: Айбала. Сұрастырсам, бәлкім... Сонда Байбақтының соңыма түспесіне көзім жете ме? Соңыма түссе, тірі болып сөйлестіре ме ол?

Тап сол жерде Ділімбетов дейтін таныс жолдастың тап бола кеткені. Портфелін ауырлап жүруге ерініп те келеді екен, әйткенмен соны жұмсадым:

— Осылай жолдас. Сонау үйдің сыртында ол мені бақылап тұрған болар. Маған істегенін өзіне істе, білегіне жағыс та, сүйресен де үйіне апар,— дедім мен оған.

Ділімбетов сөзсіз көніп, сол қызметті орындағаны үшін өзін бақытты санайтындай асыға басып жөнелді. Бірер минут өтпей-ақ Танауовты еріксіз сүйрегендей ғып әкетіп бара жатқанын көрдім...

Жүгіре басып манағы орынға келсем, Айбала жоқ. Жұрт сирей бастапты. Бір ларектен нәрсе беріп жатырма-ау, өшіретке тізілген әйелдер. Соларға таман жақындай түсіп, бір әйелден «Айбаланы білесіз бе?» деп сұрай беріп ем, үйінен ашуланып шыққан әйел ме қалай, менің сөзіммен жұмысы болмай:

— Мен емес арты, көрмей тұрмысың? — деді шаптығып.

«Әй, ант ұрсын оңбағыр» деп оған кейіп алдым. Оған таяу тұрған орташа бойлы, ашаң жүзді, қабыршақ ерін әйел, шашақты орамалдан шығып обырап тұрған шашын жинай түсіп:

— Айбала деген әйел дейсіз бе? Ол неңіз еді? — деді.

— Жәй әшейін.

— «Жай әшейін» дейсіз бе? Өзіңіз қашан келіп едіңіз? Қайдан келіп едіңіз?... — деп мысқыл қылған түрмен күлімсірейді. Ерегісіп кетіп қалғым да келді, жөн айтар ма екен деп тағы дәмсленем.

— Бойдақсыз ғой, ә? — деді әлгі әйел тағы күліп.

— Атамаңыз: қатын-бала дегеннен көше алмай жатқан кісімін.

— Шыныңызды айттыңыз-ау. Жол жүргендердің көбі «бойдақтын» деп келуші еді... Сұрастырыңыз, білуші біреу табылар...

Манадан бері жолымнан қалдырып мұның берген жауабы осы болды. Өшіреттегі әйелдердің бәрінің көзі маған қарап самсаған секілді: мөлдір қара көз де, шақырайған шегір көз де, тағы-тағы: окша қадалып, түксініп, күлімсіреп, мүлгіп тұрған түрлі пішінді көздер... «Кұрысын, осыларға ермек боп маған не жоқ осы?!...» — деп салбырап, клубқа қарай беттедім. Байбақтыға деген ашу қабындап, қанымды қарайтып келеді: «Әй сен көзілдірік! Осыдан осы оқиғаның анығына жеттім бар ма?!» деймін ызаланып.

Сыпа киінген бір жігіт анадайдан өте беріп, күлімсіреп бұрылды:

— Ұмытқан жоқсыз ба: мен Орақпын ғой, 8-ішті-ректі аралайтынығызда бастап жүрген мен ем ғой... Конвейерден аттап өтем деп құлағаныңыз есіңізде ме? — деді ол күліп.

— Ау, сен Айбала дейтін әйелді білесің бе?

— Айбала.

— Не, Айбала...

Маған бірер қарап алып, ол күлімсіреген тәрізденеді. Бет алды тұрып мен қызара түсем. Айбаланың не үшін керектігін асығыс айтып жатырмын-ау.

— Көзілдірік дейсіз бе? Көзі қыли дейсіз бе? Ойпырмау, кім болды екен ол ә?... Айбала дейтін менің балдызым бар еді, механический цехта істейтін... Көзілдірік кім болды сонда? — деді Орақ өзіме қарап.

Ымырт жабылып, көз байланып барады. Үй жандарында, есік алдарында асқа жиналғандай боп отырған кісілер. Мұның көбі кемпір-шал, бала-шаға.

— Ойқой заман-ай! — деді қатпар бет қара кемпір біз тұсынан өте бергенімізде.

Үй орнына төсеу үшін үйген тасты орындық қып бірсыпыра шалдар соған үймелепті. Жебелі келген орта жасты кісі, кірлі бөркін қолына ұстап, шегір көзін жаңа туып келе жатқан айға қадап, сөзді ескектетіп соғып отыр:

— «...Жас күнім ғой... Таң біліне үйден шықтым. Қайқы күрең дейтін атым бар. Қыздың моласын бетіме ала келе жатырмын... деген сөзін құлағым шалды.

Сағат кешкі тоғыз болды деп мехцехтың гудогі ыңыранды. Өлке бойын алып жатқан басқа рудниктердің гудогі де бұған жалғасып, тынық әуені толқындырып, ер-

тегішілердің кешкі кенесін бір сыпыраға шейін бұзумен тұрды.

Орақтың үйінің адамдары да есік алдында отыр екен. Айбаланы айтпай таныдым.

— Жүр, Айбала, сенімен сөйлесетін сөз бар,— деп Орак, апалақтап асыққан кісідей үйіне кіре электр шамын жақты.

Айбаланы енді анықтап көрдім: домалақ мұрын, томпақ бет, күлім көз, орташа бойлы қараторы әйел бала. Жасы жиырмаға я жетіп, я жетпеген болар.

Онымен қатарласып сары бұжыр, сопақтау әйел тұрды. Жүк аяқ астынан шыға келген мысықтай боп, бұл екеуінің арасынан кимелей өтіп, кәрі көзі сығырайып бір кемпір де келіп кірді.

Мен олармен амандасып жатырмын. Әйткенмен Орақтың асығыс сөзінен шек алған адам секілденіп, «бү кім өзі? Айбалаладағы мұның жұмысы не?» дегендей боп біріне-бірі қарайды.

— Айбала, мына кісі сені іздеп келді. Саған кездескен көзілдірік кім, соны айт, сол керек! — деді Орак ендіге сөйлеп.

Айбала маған қадала қарап кішкене тұрып, күлімсіреп:

— Соның өзі, осы кісінің жолдасы секілді көрініп еді ғой,— деді.

— Атай көрмеңіз, қарындас...

Маған оның қалай тап болғанын айтып түсіндіріп жатырмын. Айбала бір сыпыраға шейін үндемей төмен қараумен тұрды. Кемпір мен сары бұжыр әйел Айбаланың бетіне қадалумен болды.

— Айта ғой, Айбала, ұялма, бұл кісі әдейі іздеп келді,— деп Орак тағы дәйек болды.

— Не айтатыны бар: ол кәдімгі Байбақты Танауов! — деді Айбала сұрлапқан пішінмен.

— Танауов!? Қой ә, ол қайдан келеді мұнда? — деп Орак, отырған орнынан ұшып тұруға ыңғайланған адамдай қозғалып қойды.

Сары бұжыр әйел мен қара кемпір де үрейленген пішінге кірді.

— Ол жағын мына кісі білмесе, жолдастасып жүрген...— деп Айбала салқын күліп, терезе алдындағы ұзынша үстелдің екінші жақ басына отырып кітап ақтауға кірісті.

Сары бұжыр әйел бірер күрсініп алып шай қоюға кірісіп, кемпір барып кроватьның алдыңғы жағына снырша

сүйкене отырды. Үй ішіндегілер аз кем тынып, өткендегіні оймен шолып еске түсіргендей болды. Біреулері ауыр күрсінді.

— Айбала, мына кісіге бастан-аяқ айтып шықшы, жазып алсын, бұл — жазушы кісі,— деп Орақ балдызына өтіне сөйледі.

Айбала елең еткендей басын көтерді:

— Жазушысыз ба?

— Е, әйтеуір...

Айбала бір сыпыра күлімсіреп отырды.

— Шынында да сізге айтсам ба екен? Кітап жазып шығарар ма едіңіз? Келістіріп айта алмаймын ғой бірақ.

— Нобайын ғана айтсаңыз...

— Сол кезде жазған бір тетратым бар еді, соны берсем де болмай ма?

— Тіпті жақсы...

Кровать басындағы қобдиша сандықтан түптеулі тетрадь шығарып Айбала бір сыпыра соған үңілумен отырды. Бет әлпеті бір қызарып, бір сұрланып құбылумен болды. Біз ынтығып тетрадька телмірдік.

— Ұят болып жүрмес пе екен? — деді Айбала күрсініп.

— Қой-ау, не өзің айтпайсың, не тетратыңды бермей... Е, сен тіпті,— деп, Орақ Айбаланың қолындағы тетрадьты қағып алып маған ұстатты. Енді айырылмаңыз.

— Жоқ, алыңыз, өзіңіз ғана оқырсыз. Басқаға көрсетпессіз....— деді Айбала қызара түсіп, күлімдеп.

Қарындашпен жазылыпты. Кей жері көмескі. Жазушының ірілігіне, кей әріптің тым оғаш жазылуына қарап Айбаланың беріректе хат танығанын байқайсың, жазылу түрі естелік дәптер тәрізді: жылы, айы, күні қойылып отырыпты. Бірінші бетін ашып оқығаннан-ақ көркем тілмен жазылғанын көріп сүйінесің. Аздап өңдеп, емле қатесін түзесе, осы күйінде де жарияланып кетеді-ау деп ойлайсың. Бірақ, баспа сөз бетінде осы күйінде жариялауға Айбала рұқсат етпейді. Сондықтан мен бір жағынан осы тетрадьты пайдаланып, екінші жағынан Айбаланың ауыз екі сөзімен толықтырып, оқиғаны бастан жазуға кірістім.

ТІЛЕК

Қол тоқпақтай қара жігіт, шекесі күнге жалтырап, тарантастың алдыңғы жағындағы тақтайға табанды тірей түсіп, желістің қызуына түскен қос күреннің басын тежеді:

— Бай, уа байеке, мына томарға ат шалдырамыз ба? — деді шаң басқан бетін бұрып:

Қапсағай жауырын қара кісі, ұйқыдан шошып ояңандай, теке сақалын тарамдап, бірер есінеп керілді. Сүйтті де, бұқа мойшын денесімен қабат бұрып:

— Ау, ау көрінбейді ғой? Мұның не шырағым ау? Көзден таса қылма дегенім қайда? Жаман айтпай жақсы жоқ, қаншама пұл екенін білмеймісін?..— деп, шын сасқалақтап, дәбірледі.

— Тындаңызшы!.. Тындаңызшы!..— деп қара жігіт қоқилана отырып күлімсіреп еді, бай ожырайып, шұға желбейдің құлағын түре түсіп, мүкіс құлақты кейінгі жаққа төседі: дүрілдеген дауысқа жер сілкініп, көк шайқалған секілді еді:

— Келе жатыр екен.. келе жатыр екен!..— деді бай да балаша қуанып.

Бұл — Сержан дейтін кісіңіз еді.

Көк жиекке күн көлбеп, түпсіз тұңғыққа батып бара жатқандай, сығырайып көз қысты. Батар күнмен таласып, «таямым»ды соғып жіберіп, Сержан отағасы екінді намазын шоқандатты. Қос күреннің прешкесін доғарып, түкті атқа қарсы байлап, қара желеңнің етегін қуыстап көшір — Ыбыраш тезек теруге кірісті. Дүрілдеген дауыс кенет бұртылдап, сыртылдап бұлыққандай, біреу тұншықтырып жатқандай ышқынды. Сержан отағасы сасқалақтап, «алқам» мен «құлқуалда»ның қайсысын бұрын айтарын ұмытып қусырған қолын жазып жіберді:

— Жүгірсейші, Ыбыраш, сындырды ғой, бүлдірді ғой,— деді ентігіп.

Қара жолды бойлап тайрандап Ыбыраш жүгірді, бүкшендеп Сержан жүгірді. Бұлар белеске келіп шыққанда тарсыл қайта естіліп, көк түтін бүрк-бүрк етті.

— Е, жазғаным ай!.. Е бәсе! — деді Сержан отағасы екі иінінен дем алып.

Бүлкілдеп жортқан аттай боп, жердің топырағын уыстап шашып, трактор келеді сыдырап. Алып денелі сары жігіт кепканы қисайта кніп, самайдан шыққан сары шашы термен ұйысып маймен баттасқан қара қолқаппен трактордың бірдемесін қозғаған сияқты болып

еді, дүрілдеген дыбыс бәсеңсіп, трактор мимырттады. Осы трактор өзінің меншікті атынан жаман, Сержанның бұған еш бір қатынасы жоқтай-ақ, сары жігіт тым үстін қарайды. Серекен, күні түскен адамдай, сары жігітке жағынған адамның пішінін көрсетті:

— Аман! Трактор аман!?

— Трактор аман.— деді сары жігіт салқын ғана.

Сержан күрсініп, тракторды айналудымен болды.

— Ыбыраш, ә Ыбыраш! Діні басқа шіркін осынымды әдейі бұзып жүрмес пе екен?

— Кім білсін,— деді Ыбыраш от жағып отырып.

Сержан сапарға шықса, қара құман мен мосысын қалдырмайды. Баяғыда малмен сауда ғып, Атбасар мен Орынбордың арасын шарлайтын кезіндегі алған әбзелі еді. Тыныш кеште, ең далада түтінді бұрқыратып, қара құман бұрқылдап қайнап жатса, Серекен, маймен батқасқан кірлі қара тебетейді шекеге таман салып, көк шалғынның үстіне кілем төсеп, бір жамбастай жатады.

— Ыбыраш! Шайың төгілді...

Далада ішкен тамақ Сержанға балдан да тәтті. Жұрт, Мәдине бәйбішенің қолынан ішкен тамаққа ынтықса, Сержан далада отырып, қара құманнан ішетін шайына, шелекке асқан етке ынтығады. Жастан үйренген әдет. Жпырма жасынан сауда істеді. Жасы қазір қырықтың ішінде. Атбасар, Торғай, Қостанай, Тройский, Жаманқала, Орынбор — осы өлкеде Сержанды білмейтін адам сирек болар. Үш қара атты парлап, пәуескемен жүретін кісің еді. Кеңес үкіметі келді де, күйін аздап өзгертті: саудасы бөгелді; жылына пәлен мыңдап пайда түсіріп тұратын паровой тиірмені қазынаға түсіп кетті. Әсіресе, осы тиірменнің кету айыбын — Серекен балаларынан көреді. Зұлқарнай, Жүсіп деген екі баласын бірдей, тілі шығысымен орысша оқытты. Балалары үшін өз үйінен аульная школа да ашты. Зұлқарнай, жылтыр түйме тағып, Қостанайдағы «реальная школада» бірнеше жыл отырды. Кеңес орнаған соң қызмет істеймін деген боп, судья боп жүріп, сол Зұлқарнай түрмеге түсті. Оңбайтын шіркін десейші! Өзіндей кісінің балалары, түйені түгімен жұтса да, біреуі былғанған емес. Шырмалуын қарашы... Серекен тағы араға түсіп, түрмеден шығарды. Баяғы бір атақтың арқасы, дос-жардың көптігінің пайдасы!.. Зұлқарнай кәзір жер бөлімінде, тым болмаса осы орнында баянды болса екен! Осы орнында отырса Серекеннің баяғыдан бергі шығынын артығымен-ақ қайтарар еді. О баста-ақ шаруама септігі тиер ме

екен деп оқытылған бала еді ғой бұл... Септігі тимей де жүрген жоқ-ау, Серекең кейігеннен де айта береді; 22-жылдары Госторгпен шарт жасасып, Серекең саудасын қайта бір бастап көрген ғой. Оның аяғы сотпен тынып Серекеннің мал-мүлкі қазынаға түсіп кете жаздаған; ондағы қорғап қалған Зұлқарнай... Зұлқарнайдың сондағы шеберлігі есіне түссе, Серекен, осы күнге шейін күлімсірейді... ..«Тірі болсын карағым!... Әшейін, кейігеннен айтам... Мен мендігімнен ғана мерт болмай жүрмін ғой»,— дейді Серекең күрсініп. 23-жылдардан былай, шаруа түрін өзгертті де, Серекең егінге жабысты. Зұлқарнайдың арқасында машина-сайманның не-не сұмырайын алды-ау... «Бізге сатпайды, сен қайдан алып жүрсің осыны?»— деп, көрші қаланың орыстары Сержанға таңданады. «Мен — бай емеспін. Мендей боп үлгілі шаруа құрсаң, саған да береді»,— дейді Серекең жымыңдап... Он құлынды бие, жиырма бұзаулы сиыр, он бес пар атан өгіз, 15 пар жақсы аты бар. Сержандағы дәулет осы. Өткен жылы 50 десе егін салып еді, биыл 75 десе салды. Губернеден шыққан агроном Сержанның осы дәулетін көріп, қымбат бағалы қара айғырды, желкесі күжірейген қызыл бұқаны көріп, «Губернедегі үлгілі шаруа құрған кісі екен» деді. Бұл — Сержанды өлтірмейтін атак... Жер бөлімінің бастығы тап осы жолы Сержанды кабинетіне шақырып алып, шаруасының жайын көп сұрады. Трактор алуға рұқсат берген де сол. Газетке басамын деп суретін де алып қалды... «Жұмысты трактормен үлгірттірерсің, аттың, өгіздің бірсыпырасын сат» дейді Зұлқарнай. Бір нәрсені сезбесе неге айтсын. Ағайын қай бір сүттей ұйып отыр. Баяғы осы, Сержан ашқан ауылнай школден оқыған балалардың көбі солақпандай кісі боп, осы күні тайталасудан тайынбайды. Сержанды күйдіретін сондайлардың қылығы... Әйтеуір «аруақ жар боп, өзеннен қоныс аударды да, сонына ерген елу ұй бар, «Қара ит өлген» басына қоныс салды да, көзін ашқандай болды. Елден жылу жынып, «Қара ит өлген» басына мешіт салып, Жұматай молданы соның басына қойды. «Ұйымшылдық» күшеюмен келеді. Өзен бойындағы қалың елдің талқысында Оспан жүр. Оспанды адам ғып шығаруға да Сержанның еңбегі аз сіңген жоқ-ты. «Жақсылыққа жақсылық», Сержанды пәле-жаладан қорғап, абай боп отырғаны анау... Ең аргысы — күнде қаптап жатқан өкіліңді де «Қара ит өлген» басына бір жіберген емес-ау. Сержанның қай түрде өмір өткізіп жатқанын аудан сірә біле ме екен «Сержан Аралбаев» деген бір аза-

мат № 4 ауылдың тізбесінің басында тұр. Тұрса ше... «Қара ит өлген» басы өз сорпасына өзі қайнап тына қалғанын көрдің бе? Серекеннің тілегі де осы ғой...

Серекен күрсініп, алдағы кесесіне бүгілді. Соңғы жылдары ой қаптайтын боп жүр өзін. Кешілмейтін қылмысы бардай, қыл үстінде тұрған адамдай аяғын аңдап қана басады. Бірер қате істесе, осы тұрмысы тігісінен сөгіліп, бет-бетінен кететін секілді. Жүректі жайлаған қауып. Қауыптың түрі қандай: ауыр ма, жеңіл ме ол жұмбақ... Кейде, Сержан, осы көпшіліктен өзіне дос таба алмай қысылады. Кім біледі — бет-бетімен тозып, Сержанды жалғыз тастап жүрсе?.. «Сен бұрынғы буржуйсың! Қан ішкен сәудегерсің!.. Қырсығыңды жұқтырасың, аулақ!» — дегенді шығарса... Қой, неге үйтсін?» Ұйымшылдықтан айрылған ел емес. Осы елу үйдің бас көтерері Сержанның алақанында емес пе? Мәдине бәйбіше біреуін «қайным» деп, біреуін «қайнаға» деп, майда тілімен сылап-сипап, бәрін пенде ғып отырған жоқ па?.. Осы елудің ішінде «бұзықтық» шығарғандай біреуі бар ма, сірә? Бұл тұқымда тентектікке үйір кісі жалғыз Жалбыр еді, ол тоғыз жерден басын жарғызып осы күні «миқұла» боп кеткен адам секілденіп жүреді. Жалбыр сияқтылар Өтеген, Тоқтабай ақсақалдардан асып жұмыс істей ала ма?..

Сержан, ойына жүгінгенде, билік өзіне тигендей боп, тұнжыраған қауыпты серпілдірді. Оң жағындағы тракторшы жігітке жымындап:

— Сенікі ат кім? — деді.

— Иван.

— Ә, Иван, Иван... Қорошо Иван... Менікі жақсы кісі. Менікі самый қороши шаруа!.. Трактор барады, мүлде қорошо болады... Менікі малай бар, аты Сарбас. Крепки парень... Сен оны алты айда үйретіп шығарсаң, мен сипа айтады...

Иван, мақұл дегендей басын шұлғиды. Бұл — баспақана жұмысшысының баласы. Қазақ даласына бірінші шығуы. Комсомол ұясының қатшысы мұның қазақ даласына баратынын біліп: «Сенің міндетің трактор жұмысына бірер адамды үйретіп қана қайту емес, ауыл жастарының арасында үгіт жүргізіп, комсомол қатарын өсіруге күш сал...» деген.

Осы есіне түсіп, Сержан отағасыдан «комсомол ұясы бар, а?» деп сұраған еді, Сержан шошып кетіп, кесесін шайқалдырып төгіп алды.

— Ойбай, атама, көрмегеніміз комсомол болсын! — деді ол.

— Да...— деді Иван дауысын созып: «Да, менің міндетім — бірер адамды ғана үйретіп қайту емес. Қазақ аулында алты ай жүрем. Тілін білмеймін. Малай-батрактар менің тілегімді ұғына алар ма? Өзіміздің: Саша, Гриша сияктанып, әкей-үкей араласа алармыз ба? Мені «орыс» деп шетке қақпас па екен? Әлде, комсомолдар қатар түзеп, құрулы дүкеннің үстінен шығарар ма екен? Осы кісінің өзі бізге тән адам емес-ау өзі... Бұл не ғып трактор алып жүр?...»— деп Иван Серекене ала көзімен қарап қойды.

— Ыбыраш-ау, Ыбыраш, мынау не деп мыңқылдап отыр?

— Трактор жайын айтып отырған болар,— деді Ыбыраш шайға ұмтылып.

— Солай дейсің бе?.. Әй шошмын-ау өзінен...

Түн қараңғылана түсті. Ошаққа жаққан от әлсіреп сөніп, қарауытып күлге айналды. Қара құманның түбі көтерілді. Сержан бірер кекіріп:

— Уа, тоба, бергеніңе шүкір,— деп қарнын сипады:— Ыбыраш, атыңды жек. Елге жетіп бағайық. Жұмыс кезі. Тракторының қызығын көрейік. Жұрт аузынан тастамайтын еді, қандай болар екен...

Қара құманның ішін тазартып, кесесін сүртіп, Ыбыраш, жайластырып салып жатыр. Тапал бойлы, қотан аяқтанған қара жігіт. Он жылдан бері Сержанға көшір боп, тамағын істеп келеді. Бұл да өнер. Мәдине бәйбіше: «осы қайнымның құйған шәйі тәтті болады»,— дейді. Соның өзі қандай атақ?

— Ыбыраш, сен қалай ойлайсың, біздің әлгі иттер үйренс алар ма екен?

— Тракторды айтасыз ба? Кім білсін... Сарбастан бірдеме шықпаса... Өзен бойындағы елде мұны үйренуге ыңғайлы жігіттер бар-ау...

— Өзенде деймісің? Жөні келмес. Ылғи законшік. Трактордың тілін біліп алса, төбеме секірет... Осы иттерді, баяғыдан бері нан жегізіп, несіне асырағам? Үйренсін біреуі, үйретемін... Үйренеді... Атыңды жек, елге жетіп бағайық...

КЕК

Еңкек жауырын, имек бел, инеліктегі қатқан қара кісі — Жалбыр Жауғашаров болады. «Қара ит өлген» басындағы ел мұның атын тегіс біледі. Өзен бойындағы қалың ел де біледі. Тігін тігіп жатқанды көргендер: «Не-

мене, Жалбырдың әшекейіне салып жатырсың ба»— деп күледі. Ойын-тойда, жиында біреулер төбелес, жанжал шығарса, «Жалбырдың өнерін бұл қайдан үйреніп жүр?»— деп, ел танданысады.

Сол Жалбырыңыз — мына көленкеде отырған қара кісі. Қырық жамаулы қушпаған мынау қара үй — әкесі Жауғашардан қалған мұра. Әлде қашан бітініп, сілімтігі сүйреуге келмейтін күйге жетті. Балдай жеңгейдің қолының епсектілігімен, әлдекімдердің ескі-құсқысы! жиып жамау-жасқаумен әлі келе жатыр. Жазғы тұры жарбитып бір тіксе, ауылдан онашарак, сен соққандай қисайып, күзге шейін тұрғанын көресің.

— Балдай, уа Балдай!.. Тарамыс дайында дегенім қайда?..

Ұшығына шықпайтын жұмыс — тігіл, тұс-тұсынан қаптап келеді де жатады.

Біреудің өзі жақсы, біреудің көзі жақсы. Тікпей қайтарса, дүние пәлеге қалғаны, Ырысбике сияқты көк ауыздар: «бізді қайтсын, қорыққан адамын сыйлайды. Байдың үйінің тігінін қайтарып көрсін, бәйбіше шаңын аспаннан келтірсін. «Қара ит өлген» басынап қусын!... Қаңғырған телеу, өзі, тіпті, нетіп барады?»— деп, елдің бір жағын шулатып болады. Сөз айтпай тігіп бере қойғанда да, қарық қылып жатқан Ырысбике жоқ: «ақы» деген сөз бола ма екен, ауыл үй отырып ақы алып...» «Пәленшенікің бұрын тігіп, мені қай қорлаганың?» деп бұрқылдайтындар да бар-ау, бірдеме өткізіп қойғаннан жаман... Осындайға ашуланса, баяғы атақ жабыса кетеді: «Жалбыр тентек».

Күн ныққа келсе, тері бөстекті көленкеге сүйреп, құрым кигізге арқасын үйкей, Жалбыр отырады. Қара қобдиша жастан келе жатқан жолдасы: іші толған сайман, былғарының қиқымы, тарамыстың қалдығы, көзі сынық тебен. Бәрінің керегі бар, қайсысының қай орында жатқанына шейін аян.

— Балдай, уа Балдай, тарамысың бітті ме?..

Мәдине бәйбішенің Қоңырдағы құдағны келіпті. Құдағи кербез кісі екен.

Осы ауылдың әйелдерінің шоңқайма етік киіп жүргенін көріп, құдағи танданыпты:

— Батыр ай, мынаны кім тікті?— деп.

«Керек болса тіктіріп берейін, еліне апарып көрсетерсің»— деп Мәдине ұсыныс жасапты.

Қайролда жылқышы, ұйқысыздықтан көзі қанталап, мас кісідей теңселіп Жалбырдың үйіне келеді. Күннің

ыстықтығына кейиді. Бетіне қонған масаға кейиді. Жылқының кезегіне мінген торы байталдың үркектігіне кейиді. Ұйқысының қанбағанына кейиді... Дүние жүзінде Қайролданьң кейімейтін нәрсесі жоқ. Бәрін түгендеп болып, Қайролда Жалбырға бұрылады:

— Мені бәйбіше жіберді саған қымыз ішіп кетсін дейді...— Жалбырға ала көзімен тағы бір қарайды:

— Қымыз керегін білесің, уақытымен барып неге ішпейсің?!

Бұл кейістігі бәрінен де зілді: «сенің кесіріңнен менің ұйқым қалды» деген.

Күртеше ғып тіккен тонының өңірі қыржиып қисық таяғын сүйретіп Жалбыр келсе, Мәдине бәйбіше жайдарылыққа салады:

— Қайнаға-ау, уақытымен келіп қымызынды ішіп тұрсанызшы,— деп, кетік сары аяққа қымызды шайқалдыра құяды.

Жалбырдың ерні қымызға тисе, құлағы сапырысты тындайды:

— Мына біреуді тезірек бірдеме ғып тастаныз...

Бір аяқ қымыздың соңында бір құшақ жұмыс. Жалбырдың көбіне қымыз іздемейтіні де осы-ау. Басқанікі болса, бір біте жатар еді, бәйбішенікін срогында үлгіртпеске шара бар ма?

— Балдай, уа Балдай, құрып қалғыр, тарамысыңды әкелі..

Әжім бетті ақ құба әйел Балдай — көленкеге отыра қалып, тарамысты есіп жатыр. Шоқпыт жамау қамзолы — алдынан қарасаң, ақ көрінеді; сыртынан қарасаң — қара ма, көк пе, қызыл ма — жер жүзіндегі жамау сонда. Осы қамзолдың өзін де біреудің сүйегіне түсіп алып еді-ау...

— Әкесі-ау, сен не ойлап жүрсің?.. Айбалажан жылап... Құдағи сілкініп жатыр деп есіттім..., Сарбасжанды шақырту керек еді, үй болып бір сөйлессек...

Етіктің ұлтанын шегелеп жатқан Жалбыр бізді саусағына тықты. Әшейінде көзін жұмып отырса да, үйренген саусақ жаңылыс баспас еді. Балдайдың кесірі: кісінің қытығына тиетін сөзді бастап...

— Сен ит пе, сен ит жетесің менің түбіме!— деді Жалбыр Балдайға қарап балғасын білемдей ұстап.

— Қойшы әкесі, өнебойы ашуланасың. Саған айтпағанда, кімге айтайын? Іштен шыққан бала...

Кемсеңдеді Балдай: қатпар бетті қуалап жас домалады... Жалбырдың бізі тағы саусағына қадалды. Қара

қошқыл қан бұртиып шыға қапты. Бұл жолы Жалбыр ашуланбады, күрсінді:

— Маған қайт дейсің, сорлы... Өзінің бақытсыздығынан көрсін!— деп, қан шыққан саусағын кірлі шүберекпен орап жатыр.— Менің сөзімді кім тындар? Менің қолымнан не келер?.. Қайтейін!..— Осыны айтқанда Жалбырдың көгілдір тартқан беті жыбырлап, ерні жымырылып, сақалы шоқия қалды.

Екі шелек суды теңселтіп Айбала келді. Дөңгеленген қара торы беттің ортасы сәл қызыл тартыпты. Асығыс жүріп аптыққан кісідей демін ентіге алады. Сонадай жерден көзі күлімдей, ауызы — бірдеме айтуға икемдене келгендей болды да, суын есік алдына қоя салып, Баллайдың жанына тізерленді:

— Әже, әже деймін... Құдық басында Жәмиланы көрдім. Жәмила өзендегі ауылға барыпты. Ойындарын көріпті... Қызық болады екен дейді: бай болып, молда болып ойнайды екен дейді...

— Ойнаушы кім екен дейді, қарағым-ау?

— Комсомолдар екен дейді...

Жәкең күрсініп, етіктің қаюына кірісті. Қолы жұмыста, ойы шарқ ұрып, әлде қайда жүр... Не көрмеді бұл Жалбыр; қойшы да, сиыршы да, жалшы да болып көрді. Бірсыпыра жылдар Сержанның сауда малын бір базардан екінші базарға айдаушы да болып жүрді. Ұшы-қиыры жоқ жұмыс. Есебі жоқ еңбек. Соның бәрі жалғыз Сержанның ғана шаңырағына сіңіп жатыр. Толмайтын бір құрдым. Жалбыр сияқты жүздеген, мыңдаған адамдардың күші сарп болса да бір толуыңды білмейді ау... Сіңген күштің белгісі болса екен ау... Тіпті Жалбыр деген дүниеде адам болмаған сияқты; Сержанның осы дәулеті оның тинақымдай да септігін көрмеген сияқты... «Сорлы тобыр, мен болмасам, көрер ем, әлде қашан аштан қырылар еді!»— деп тепсінеді Мәдине бәйбіше. Жалбырды жындандыратын осындай сөз. «Ит ашуын тырнадан» алмақ болып, Жалбыр біреумен байланысady. Айқай-төбелес. Жалбырдың «аз ғана үйлі қаңғырған телеу» екендігі қазылады. Іргелі шаңырақтан өрбігендер Жалбырға жабыла түседі, Жалбырдың басы жарылады... Жалбырға болысам деп інісі Аманбайдың да басы жарылады. Жалбыр мен Аманбайдың бөркін алып қарасаң, бас терісі ағаш соқамен жыртылған жердей: қиқа-жиқа. Жалбырдың басын жарған адам бәйбішенің оң көзінде: ет те, қымыз да оның аузында. Сонша өшіккендей, бәйбішеге бұл не жазып еді? Сержан неге ара түс-

пейді? Ара түсуін айтасың ау, тістеніп боқтағанын көрсен: «Ит, ата сақалы аузыңа біткенше, бұзықтығыңды қоймай!» деп, несін бүлдірді: кісі өлтірді ме? Ұрлық қылды ма? Я біреуін жазықсыз маңдайдан шертті ме? Жалбырдың жазығы жалғыз тіл: ашу кернесе, тілді еркіне жібереді. Өзінше — дұрыстық осы-ау дегенін кейде айтып салады... Сосын, басын жарғызып алады да, қанын шала кептіріп, Сержан мен бәйбішенің тапсырған жұмысын атқара береді. Сержан мен бәйбіше мырс-мырс күледі: «Өзінің әдеті: таяқты сағынады; таяқ жесе, жөндем болады» — дейді... 16-жылы Жалбырдың қырықтағы жасы 35 ке шегеріліп, Жалбырдан он жас кіші Сержан қырықтан асып кетіпті. Жалбыр ашу шақырып еді, Сержанның үйі шу етті: «Қашаңғысы емес пе?!» — деп. Дүрліккен жұрттың ортасында Жалбыр. Ауылнайдың списогы жыртылды, болыстың кеңсесі өртенді...

— «Мұны кім істеп жүрген?»

— «Жалбыр!..»

Оредниктің айдап бара жатқаны да жалғыз Жалбыр...

Патша түсіп, Жалбыр түрмеден босанып еді, Сержанның үйі тағы шу етті:

— «Сен кәпір жүрген жеріңе түк бітірмессің: патшаның да басын жұттың ба?!» деп.

Сержан мұны әзіл есебінде айтады: «Патшаның басын жұту» Жалбырдың қолынан келсе, алдымен Сержанды үйітіп жемес пе?..

Кенес орнаған соң, жиылыс көбейді. Жалбыр жиылыстан қалмайды.

— «Қане, кім сөйлейді?»

— «Маған сөз беріңіз» — деп Жалбыр ұшып тұрады.

— «Уай, құрып қал Жалбыр!»

— «Керек емес сөзі!..»

— «Жалбырдың жарамазанын тыңдай алмаймыз!..»

Жалбыр сөзін бітірсе, шулаған жұрт та басылады. Жалбырдың сөзі шаң-шұңмен желге ұшады. Сержан мырс-мырс күледі:

— «Жалбыр, сөзің бітті ме? Қазанның басына бар, қонақтың асын дұрыстап пісір...»

Осы ел «Қара ит өлген» басына қоныс саларда Жалбыр бір сыпыра толқыған ғой: «Қалсам қайтеді? Сержансыз да күнімді көрмес пе екем?» деп. Мәдине бәйбіше, Жалбырдың осы ойын сезе қалғандай, көлік жіберіпті. Жалбырдың жалғыз баласы — Сарбас Сержанның есігінде. Жалғыз інісі — Аманбай да соның есігінде. Екі

үйдің бірдей сауып отырғаны — Сержанның сныры. Мініп отырғаны — Сержанның аты. Қозғалып көрші...

Бала демекші, осы бір екі көбелек: Сарбас — жиырма бірде, Айбала — он алтыда. Сарбас — басы байлы Сержанның есігінде. Балдай — шешесімін деп оқта-сайда құр қарасын көргенге мәз. Сарбасты Балдай «Қалқам! Құлыным!» деп алдаса, бәйбіше: «Жер жұтқыр! Қара түйнек келгір» деп қарғайды. Қарғыстан іші кепсе, Сарбастың іші кебер еді... Сарбас — еркек бала, ептеп күнін көрер еді-ау, мына қызды айтсайшы, осы қыздың он жасқа толуын күтпей Мерует дейтін қатын сықсып, «балама айттырам» — деп... бәйбішенің қолтығына кіріп алып Меруеттің шалқактауын көрсең... Кедей болғанмен Сержан мен оның тумаластығы бар. Бермесе, тағы қиын, «Жалбыр бұзық баласының бағын байлады» дейді... «Сорлы ғана құл-ау, менің балама бермегенде, қанның баласына бере ме екен?!» — деп, Мерует көсік ауыз, өмірлік жыр қылудан тайынбайды... О да ойыншық, оның ар жағында адам шошырлық бір жұмыс істеуге Серекен ұрпағы шімірікпейді. Жалбыр осыны сезеді... Меруеттің баласы — Ысқақ Сарбаспен құрдас. Сарбас қой бағып жүргенде, ол сабақ оқып жүрді. Дүрдек ерін, аузынан шұбырған сілекей...

— «Әкесі, мұны қайтеміз?» — деп Балдай қынжылғанда, Жалбыр кейіп: — «Құрысын, берейік, жас бала ғой, түзеліп кетер» деп еді.

Сол Ысқақ — әлі Ысқақ: сілекейі кепкенмен, сүйкімсіз-ақ шіркін. Ағайын-туған Ысқақты сыртынан сықактап, Меруетті көрсе, жым болады. Сүйкімсіз ғана демесен, Ысқақтың ақылы дұрыс сияқты: бірер жылдан бері дау іздегіш шалдардың арызын жазып беретінді шығарып жүр. Қайткенмен осыған дегенде Айбаланың атарға оғы жоқ.

— Ысқаққа барғанша, бауыздалып өлермін! — дейді Айбала.

Ауылдары бірге. Ысқақ көбіне үйінде болады. Женгелерін жіберіп, Айбаланы бездіретін болды. Айбала суға барса, бұзау қайтарса, ол жолын тосады. Беттері ашылды. Сөзбен шайнасты.

— Сені қатын қылмасам, кәпір өтейін! — дейді Ысқақ.

— Саған қатын болсам, жасымды жерге жастайын! — дейді Айбала.

Жақын арада Мерует Мәдине бәйбішеге жолығып, Мәдине Балдайды шақыртып алды:

— Екеуіңе ортақ мереке, балаларың ер жетті, өнебойы керте боп, не ойнап-күлсін,— деді.

Балдай қызын жас демекші боп еді, бәйбіше баспалатып жіберді.

— Қой әрі, бесікке бөлейін деп пе ең онынды?— деп.

— Құдай қосқан адам ек. Қуанышқа ортақ боп отыратын жөніміз бар еді. Неге екенін білмеймін, осы құдағымның қабағы бір ашылмай-ақ кетті,— деп, Мерует, тап сол жерде бір тақымдағаны...

Сол күні іңірде, бірер жеңгесін, заман құрбысын ертіп, Ысқақ Аманбайдың үйіне кепті. Аманбайдың әйелі әрі жалынып, бері жалынып Айбаланы көндіре алсыншы!.. Ертеңіне Меруеттің шаңқылдаған дауысы «Қара ит өлген» басын сілкіндірді. Бәйбіше Балдайды қайтадан шақырып алып:

— Жесір деп басынатын қатындарың бұл емес. О да осы үйдің бір шаңырағы. Әуре қылмай келінін беріңдер!— деді.

Соның ізінше Токабай, Өтеген дейтін шалдар, таяқтарын артқа кесеу ұстап келіп, көленкеде отырған Жалбырды айналдырды:

— Құдай бұйрығы, пайғамбар сүндеті... Мерекелі қызығың... Алатыныңды айт, тойдың күнін белгіле!— деп.

Жалбыр не демекші? Ауыл анталап, құлақтарын түріп, тына қапты: «қайтер екен? Берер ме екен? Бермес пе екен» деп. Атастырған жеріне қыз бермеу деген сөлекет жұмыс емес, талайлардың қызы-ақ таңдағанына жабысып кетіп жатыр. Бірақ оның адамдары бұлар емес, ау? Жалбыр қызын бермегенде осылар не істейді?

...Ұзақ күн ойласа да, Жалбыр басынан өткеннің мыңнан бірін шолып шыға алмайды. Өткен өмірде езу тартып сүйінгендей бір жұмыс болсайшы! Осының бәрін, Жалбыр кейде, жалғыз үйліктен көріп, осы өлкеге қаңғырып келген өз әкесі Жауғашар отағасының да жағасынан ала түседі. «Сандалып... Не марқабат табам деп келді екен осы елге... Өз елінде отыра бермей»— дейді. Дейді де, осы елдегі өзі сияқты жалаң аяқтарды қарастырады: онып отырған бірі жоқ-ау, бәрінің күні осы: жалтақ, жалынышты, жағыну. Әсіресе, осы «Қара ит өлген» басындағы елден осыны көресің. Олай болса, былтырғы бір өкіл айтқандай, кедей бір өңкей неге шықпайды? Сосын, байдың шаңырағына қобызды неге тартпайды?.. Әй әттегене ай!..

Жалбырдың ойы, әсіресе, осы соңғы нұқатқа кеп тірелгенде, жігері қайнап, қаны тасып кетеді. Көзін қан

басып, біздің орнын шала көреді. Етіктің ұлтанын қара балғамен төпейді кеп. Тап осы минутте, ұлтанды емес, бай мен бәйбішенің басын мылжалап езіп жатқан сияқты болады.

— Балдай, уа Балдай!.. Бар, Жұмабайды шақыр, сөйлесемін. Сарбасқа адам жібер, келсін!

Жүзі құбылып, ішінен тілек тілеген адамдай күбірлеп, Балдай Жұмабайдың үйіне бара жатыр. Босағада тұрып тың-тындап Айбала күлім қақты.

— Е, бәсе,.. сүйтші!— деді ішінен.

ҰШҚЫН

Көк тас моланың күн шығыс жағында, аумыты қой қотанындай боп дөңгеленген шұңқыр бар. Шұңқырдың түбі шоқ-шоқ боп біткен қоға. Қоғаның түбі — базданған шалшық су. Күн қызса, шалшықтың суы да қызады, қазанға қайнатқан деп білерсің. Балапанын жауға алдырған қоңыр үйрек, жер шарын қыдырып іздеп, түс әлетінде осы шалшықтан кеп су ішеді. Қоғаны сағалап, қанатын қағынып, оқта-санда «бақ-бақ» еткен дауысы шығады. Осы дауысқа елеңдегендей, шөпшінің тұсаулы аттары шоқандап қарғып, олар да келіп жетеді. Шалшық су сапырылысып, қойыртпағы қап-қара боп бетіне шығады.

— Қап, мынау иттердің бүлдіргені ай!— дейді еңкек жауырын қара жігіт су алып тұрып.

Бұл — Жалбырдың баласы Сарбас. Шоқпыт көйлегі жамаудан көрінбейді. Күс басқан жалаң аяғы түйенің табанындай томырылған.

Сол шалшықтың қабағында жарбиған қара қос тұр. Қостың алдын ала лаулаған от: Нұржан дейтін шәукиген сары жігіт ағаш мосыны іліп, Сарбастың әкелген суын қара құманға құйып, шай қоймақшы боп азаптанып жатыр.

— Құдай атсын, Нұржан, батпағымен құйдың ба? — деп қоста жатқан Елеусіз барылдады.

— Әй, тыныш жат, бірдеме көрерсің!

Трактордың алдында бүксеңдеп Иван жүр. Үсті-басы, қолы, бет-аузы баттасқан май.

— Сарбас, бері кел! Мына сымның қажалғанын көрдің бе, бұл үзілсе, тоқтағаны...

Сарбас қозғап, ұстап, өлшеп қарайды:

— Түсіндім...

Елеусіз қоста отырып, күс басқан сирағын тырнай түсіп, ернін жалап алып ертегі соғады:

— «Баяғыда бір қан болған екен — дейді... Қанның сұлу қызы болған екен — дейді...»

Елеусіздің ертегісін ұйып тындайтын — Жоламан еді. Үйлессін-үйлеспесін, әйтеуір аты ертегі болса, Жоламанға бәрі бір: күлге аунаған түйедей тырандай жатып, әлсін-әлі қасынып, көзін жұмып: «...Ие, сосын?..» деп қояды оқта-санда. Құлағы тындағанмен мұның ойы көбіне басқа жақта болады.

Ыстық өтіп қалжырап Аманбай келді қосқа. Қара қыртыс мандайында жүлгеленген су. Шоқша сақалы ұйысып, киіз боп кеткен. Бетің кірі айғыз-айғыз.

— Шырағым, Елеусіз, тасташы, шай қайнағанша көз іліндіріп алайық...

Елеусіз тоқтаса да, «айтшы-айтшы» лап тұрткілеп Жоламан алады мазаны. Елеусіз сыбырға кіріседі.

Күн тас төбеде, аптауы оттан да ыстық. Аты «бас па-на» демесең, қостың көлеңкелігі құрысын: адамның тынысын тарылтып, тұншықтырып барады.

— Елеусіз, қарағым, жел жақты түрші!— деді Аманбай аунақшып.

Далада күбір. Шақылдаған балға.

— Міне, көрдің бе: бәрін қозғайтын осы...— дейді Иван.

Елеусіз, қостың көлеңке жағын жалапаштап, орнына қайта келеді:

— «Сонда қыз айтқан екен дейді-ау...»

Бәрінің басын қосатын қара құман. Алақандай қостың көлеңкесі жетпей, бірін-бірі тысқа қарап ығыстырады, кенет ұшып тұрғаны қосты мойшына іліп кеткендей болады.

— Апырмай, балалық-ай, сендер де бір шаршасандаршы,— дейді Аманбай күлімсіреп.

«Көп баланың ішіндегі жалғыз кәрі бала болады» деген ып-ырас, Аманбай, бір сыпыраға шейін салмақтанып отырса да, осылардың ойын-күлкісіне кіріп кеткенін өзі де сезбей қалады. Кейде Елеусіздің ертегісі ұнап кетсе, соған жалғастыра өзі де бірдеме тауып айтады...

— Қане, отағасы, айтыңыз!— дейді Иван да оған күлімсіреп. Иванның келгеніне төрт ай. Бас алғызбай жатқан жұмыс. Жолдастары осы отырғандар. Миша, Сашаларың ойыншық екен, жолдастың қызығы осыдан табылады: жұмыс істесе жапырады; сөз сөйлесе, түбін түсіреді; тамаққа тиесе, жылан жалағандай қылады...

Осыларды тәу көргенде Иван тосырқап «бұлармен қалай шүйіркелесем?» деп, состнып бір тұрған ғой. Сарбас келді де, Иванды жеңінен тартты:

— Бері жүр, қосқа кір!— деп.

Қостын төрінен орын берді. Беттеріне қарап жымындасады. Тіл қысқа. Бірінші сөзі ыммен, қолды нұсқаумен басталды:

— Мынау — қос. Мынау — төр. Мынау — кесе...

— Орысша как называть?..

Кешке жатарда осы төртеуі қақ жарылып, ортасынан Иванға орын берді. Шаршау дегенін жоқ, сөзді бірінен соң бірі бастап әкетеді. Тілі жаңа шыққан баладай, олардың сөзіне Иван еліктейді.

Баста бұлар осылай үйлесті. Одан бері төрт ай уақыт өтті. Тіл де ұзарды. Сарбас орысша сөзінді ікемдеп барады. Елеусіз, Жоламандарың Сарбастың аузына қарайды.

— Не дейді, ай?

— Комсомол ұйымын айтады;

— Ие, не... Не істейді дейді?

Елеусіздің ертегісіне елігіп жатқан Жоламан да одырая басын көтереді:

— Әй, әй, біз де есітейік, бізге де түсіндірсейші!..

Күндегі әдет бойынша шай артынан сабақ басталады. Әліппе — орысша. Сарбас еңсеріп тастаған. Елеусіз бен Жоламан әлі бас жағында жүр. Елеусіздің ертегісі қабаттаспайтын жер жоқ:

— «...Қанның қызы айтқан екен дейді ау...»

— Әй, қоясың ба? Салып жіберермін осы!— деп Нұржан Елеусізге жұдырығын білемдеп ұмтылса да, ұрмайды, күледі.

Бөксерілген кір көйлегін бірер желпіп қойып, сабақ оқып жатқандарға Аманбай да араласады:

— Мынау әлгі «а» деген әріп пе еді?

Осы төртеуі, жас болса да, Аманбаймен бірге жасасып келеді. Осыларды жұмысқа баулыған да Аманбай. Мынау Сарбас — бала күннен-ақ шымыр, қайратты еді, қазір қатар істегенде, Аманбайыңнан асырып түсіреді. «Жасты көріп қартаясың» деген рас, кісі есігінде жүрумен-ақ Аманбайдың қырықтан асып кеткені-ау. Осы күймен, Сержанның шаруасын тындырамын деумен қалған өмір өтіп, қабірге барып кірер ме екен? Әлде...

Иван мен Сарбас сөз таластыруға кірісті. Дәлелмен жеңбесең, қолға ұстатқандай мойындатпасаң Сарбас — сазарып, анау-мынауына ілікпейді.

— Біз қайтпекшіміз? Өзің айтқан; байлар, атқа мінерлер, пысықтар үкімет басына отырып алды да, аузымызды ашырмады,— дейді Сарбас қызараңдап.

— Осы сөзді сендей батрактың айтуы ұят, білдің бе! Октябрь төңкерісін жасау үшін жұмысшы мен батрактардың қалай күрескенін айтып өттім ғой. Өз еркімен билігін кісіге берген кімді көрдің? Таласып, жеңіп, тапап барып аласың!

Иван сөйлесе, Аманбай басын көтеріп, арқасын қозғап, елеурейді.

— Бәсе, солай шығар. Е, тағы...

— Сарбас! Сен мынаны сұрашы: осы Сержанды шырмайтын қандай амал бар екен, соны айтсыншы бізге,— деді Нұржан.

— Қойсайшы, Нұржан, басқа жағы да жетеді ғой,— деп, Жоламан, сөзді басқаға бұрғысы келеді.

— Біздің Нұржан жанжалсыз жүре алмайды,— деп Елеусіз сөзге кірісіп еді, Нұржан оған шүйліге түсті:

— Әй, қоясың ба? Салып жіберемін осы!

...Сержан отағасы жетісіне бір рет жұмыс басына келеді. Ыбыраш көшірінде болады. Арбасының алқымында бірер мес қымыз, бір-екі мес айран болады. Қалақтанып қатқан таба нан келеді.

— Е, Иван, аман? Біздікі жігіттер тракторды үйренді ме?

Иван, газет-журналды, хат-хабарды Сержан арқылы алады. Мына көк конверттердің ішінде, сырт қарамаққа жай хат болғанмен, Сержанның тағдырына байланысты талай әңгімелер бар. Иван, бірер жеті жұмыспен танысқаннан кейін Горкомолдың үгіт-насихат бөлімін меңгеруші Мельников дейтін жолдасына мұндағы күйдің бәрін айтып хат жазған болатын. Содан бері екі арада ерсілік-қарсылы жүріп жатқан хат. Түрлі нұсқау, газет-журнал, кітап, жазу аспаптары дегенің үсті-үстіне жауып жатыр.

— Осының бәрін қайте береді?— дейді Ыбыраш мысқылдай күліп.

«Газет оқуды осы қайтеді екен? Істеген жұмысын білсейші»— демекші-ау.

— Сарбас, менің айтқан кітабым мынау. Жазуы ірі. Тілі түсінікті,— деп Иван бір кітапты Сарбасқа ұсынып еді, ол алып, үңіліп жатыр. Қабағын түйіп, тіксініп, Сержан отағасы Сарбасқа жақындады. Біресе кітапқа, біресе Сарбастың бетіне үңіледі:

— Әй, сен қайдан кітап оқитын болып жүрсің?

— Е, оқыса айып па екен? Әлде, маған кітап оқуға жазбаған дейсіз бе?

— Малайдың кітап ұстағаны ерсі көрінетін шығар-ау, ә?— деді Аманбай күлімсіреп.

Бұл оқиға — Сержанның төбесінен жайдың оғы түскенмен бір есеп болды. Сержан отағасы бір сұрланды, бір қызарды. Күні кеше, Сержанды көрсе, қойдай ығатын малайлар еді. Осы Сарбас, Сержанды көрсе қысылған сияктанып, сұраған сөзге дұрыс жауап бере алмайтын тәрізді еді. Әлде, соның өзін риямен істеп жүрді ме екен? Аяқ астынан бұл өнерді қайдан тапты?.. Әне, әне, көрдің бе: Сержанның келгені жырында да жоқ, қостың көлеңкесіне барды да, ет беттей жатты; Иванның берген кітабын ашып, екі көзді соған қадады... Мына Нұржан, бұрын «байеке» деп аяғының ұшынан басатын секілді еді, бұл да қыңыржақ тартып, келеке қылған адамдай күлімсіреп, сарбастың жанына барды. Сыбырлап бірдеме айтып еді, Сарбас даусын шығарып:

— Кейін сөйлесерміз!— деді.

Ал, түсініп қара!..

Елеусіз бен Жоламан Сарбастарға да қосылмай, Сержанның жанына да келмей, екеуі бөлшектеніп, өз ара күбірлеседі. «Біз қайсысына қосыламыз?» десіп тұрма екен?

Сержан аң-таң боп, жүзі құбылып, Аманбайға жақындады. Ажарында, ашу емес, өтінгендік, жалбарынғандық бар сияқты еді. Өзі өз боп тұңғыққа бірінші тірелгені шығар-ау...

— Аманбай, шырағым, қолымда өсіп едіңдер. Тумасандар да, туған адамдай боп кетіп едіңдер... Жатсынған жерім жоқ еді... (?) мұны не деп түсінеміз?

— Қайдам,— деді Аманбай күлімсіреп, кітап оқыды деп айыптамасаңыз балалар бұрынғы қалпында, жұмысыңызға кемшілік келген жоқ. Трактордың да тілін біліп келеді...

Иван ұзақ жазылған бір хатты оқып шығып, күлімсіреп Сарбасқа бұрылды:

— Сарбас! Ольга дейтін жолдасым бар еді. Комсомолка. Саған сәлем айтыпты. Былай деп жазады, тыңда...

Иван бұл хатты Сарбасқа барып оқып еді, бөлектеніп тұрған Елеусіз бен Жоламан да соған қарай ығысты. Құлақтарын түруін көрдің бе? «здрастыны» білмейтін балалар орыстың тілін қайдан біліп жүр, бәтір-ау?!

Сержан екі қолды артқа ұстап, иығы салбырап, трактордың қасына келді. Үш мың сомның көк темірі осы!

Тілсіз, мылқау темір, іші талған жасырын сыр. Нем екен деп Сержанға жылы тартпайды, жат. Осыны алуға қайдан желікті құдай-ау? Басқа сайманы да жететін еді ғой? «Бөкір»дің өзімен-ақ ұшан-теңіз жерді аударып тастайтын еді... Осыны алуға желіктірген түнеугі агроном. Оған Зұлқарнай қосылды. Жер кәсібіне таптырмайтын құрал екені даусыз. Осы өлкеге кеп соқа салғанына жиырма күн. Аударған жерін қарашы: о шеті мен бұ шетіне көз жетпейді. Ұйысқан көдесі от жалағандай көк тас моланың етегіндегі кең алқап қап-қара. Жерінің құйкалысы-ай, шымның беті май жаққандай жылтырап жатыр. «Құдай бұйыртып» қар суымен мынаған егін себер болса, сыңсып бітуінде кімнің сөзі бар! Мынау алқаптың егінін жинап алар күн болса, Сержанның сарайындағы запас астығы нақ осы күнгідей 3-4 мың емес, 15-20 мыңдап жатпай ма? Күзді күні астық тенгеге толмап еді, осы күн бір жарым, екі сомға шейін тартылды. Егін піскенге шейін одан да қымбаттамақ. 15—20 мың бұт астығың болып, қымбат бәспен сатып көр, пайда құшақ-құшағымен кірсін! Сауданың қызығы осы-ау. Сержанның көздегені де осы. Осы сертіне жетпекші еді ғой. Ендеше, керте болып отырған кім бар?..

Тракторға үңіліп тұрып Сержан ауыр күрсінеді. Ойы құбылып, шарқ ұрды. Біресе, осы трактор өзіне қол емес, жаратылысы жат жау сияқтанады. Осының шытырман винтінің арасында Сержанның басын жұтатын мың түрлі пәле ұялап тұрған сияқтанды. Сержан кенет тітіркеніп, кейінірек шегінгендей болды. «Қой, неге? Бұл әшейін темір... Бұл — менің сатып алған мүлкім...» дейді өзін жұбатып. Дұрыс, мұны сатып алсын, осының тілін үйренген Сарбасты сатып алуға бола ма? Әңгіме осында жатыр-ау! Тракторға, мінбей тұрып тапқан өнері мынау, ертеңгі күні не істейтініне көзің жетеді? «Әй, әттеген-ай, осыным қате болмаса игі еді? Осы итті қайдан әуліктіріп см?..» деп Сержан тістенеді. Тап осы жерде кеп Жалбырдың оқпағасы есіне түскені: Жұмабайды шақырып алып, «Меруетке айтындар: қызым риза емес, зорлап бере алмаймын!» депті ол. Осыны айтып Мерует жылап келген соң, Мәдине бәйбіше Сержанды бүреді ғой: «Сенің жігерсіздігің, құл-құтанды басындырып...» деп. Мерует кедей болғанмен, жесір болғанмен Сержанмен аталас, жақын жеңгесі. Ол жылаған соң сүйек қалай қайыспасын? Тоқабай мен Өтеген ақсақалды Жалбырға жұмсап: Меруетпен ойнамасын, келінің берсін! Бермесе

маған өкпелемесін!» деген сөзді айтқызып еді. Осымен әңгіме бітеді ғой деп ойлап еді, Тұкабай мен Өтеген салбырап келіп тұр: «Кәдімгі Жалбыр бұзық, қисайып алған. Бет қаратар емес» деп. Бұрынғы әдетін істесе, Жалбырды арбаға тандырып тастап, жұмысты бітіре беру керек. Соны енді істей ала ма? Істесе, Жалбырға жаны ашитын бұл елде кім бар? Әлде, көрінбей көмектесетін біреу бар ма? Әй, сол «біреу»! Көзге көрінбейтін бір елес. Осы «елес» Сержанның үрейін алып-ақ болды. 19-жылдан басталды-ау... Әлмағамбет төре осы «елестен» ышқынып, жүрегі жарылып өлді. Миллиондаған капиталды меңгерген Жауошовтың Молдағалии осы «елестен» үркіп, ел ақтап қаңғырып кетті... Әр қаланың жәрменкесінен мындаған малды тізілдіріп айдататын Сержан сәудегеріңнің тұрысы мынау...

Сержан ауыр күрсініп, кейін бұрылды. Малайларды маңына іріп, қолды сілтеп Иван сөйлеп жатыр. Не айтады: Сержанның тура сақалын жұлындар дей ме? Әлде, «ақысын алған соң, қарсы келмей, жұмысын істеңдер» дей ме?.. «Ақы» демекші, осыларға Сержан не төлеп жүр? Қолдан санап пұл берді ме? Аяғынан бастырып мал берді ме сірә? Берген жоқ! Ендеше, бұлар неге жұмыс істейді? «Малайым болған соң істейді. Баяғыдан бері асырадым. Ескі-ұсқымды бердім. Тамақтарына шейін менің мойнымда...»— деді Сержан өзіне-өзі шатынап. «Жоқ, мұның ақы емес, мұнынды, енді, өзгертерсің!» дейді әйып біреу билегендей. Сержан тітіркенеді. Зұлқарнай да осыны айтып еді-ау: «малайларыңды тіркет, шарт жасас. Ақысын алдым дегізіп қол қойдырып ал!» деп еді-ау... Соны істесе, сонда қайтпекші бұлар?

Көк жиегіндегі қара қошқыл бұлт түнере көтеріліп, күннің көзін көлеңкеледі. Тау мен тасты талқандап жатқандай боп күркіреді. Қара қошқыл бұлтты қақ айырып тіліп түсетіндей боп найзағай жарқылдады. Жел бар демін ішіне тартып, екпіндете соғайын дегендей, төбенің басына сүйкене, шаңын үйірілтіп аспанға соза жұлқынды. Жел екпінімен Серкеңнің сары сақалы деден қақты... Тап осы кезде Иван тағы бір конвертті ашып, Сарбастар соған үңіле түсіп еді.

— Ау, Аманбай, бұларың қалай? Күн салқынға айналды. Жұмыс ойларыңда бар ма?

— Е, үлгіреміз ғой... Мына бір қағаз жұмыстан қызық боп жатыр-ау.

— О не?

— Комсомол жайы. Иван соны түсіндіріп жатыр...

Сержан отағасы әлде неге тәлтіректеген сияктаныңқырап, арбасына қарай беттеді. Сумен ұшықтаған бақсыдай ғып қара бұлт Серекеннің бетіне жаңбырын бүркті. Жаңбырдың суы ма әлде Серекеннің шегір көзі қанасынан асқан көлдей боп төгілді ме — әйтеуір бетін қуалай аққан су, қалың ағаштың ішінен жылтылдап шыға келгендей боп, мұртын басып өтіп, ықсиган аузына тамшы бүртiгi төңкеріліп түсіп жатты. Сержан бедірейіп, арбаның үстінде қара тастай боп қатты да отырды. Мұның үрейін алған малайларының комсомолға жазылғаны емес, Иванның аузынан шыққан бір суық хабар еді, Иван соны айтып, Сержанға қарап күлді:

— Алармыз кенірдегіңнен!— дегендей еді көз қарасы.

ҚАП, ТОҚТА БӘЛЕМ!

«Қара ит өлген» басындағы ел жаз бойы «Мерген томардың» басында болады. Тізбектелген томдардың қойнауы бөлек-бөлек ауыл. Аралары көз көрмей жер. Адамдары сапырылысып араласып жатады. Әсіресе, июнь айының ішінде бұл елдің адамдары кесіптен босап бой жазып, ел қыдырады.

— Жол болсын!

— Серекен ауылына барамыз. Бәйбішеге сәлем беріп қайтамыз...

Мәдине бәйбішені жомарт атандыратын қара сабаның қымызы. Басқалардай «қара тобырды тойдырам дегенше, құлыным оңалсын!» деуінді бұл кісі білмейді, жиырмаға тарта биені ертеден кешке шейін саудырып, қара сабаны иіндетеді де отырады. Қыдырманың көбі қымызға тоймаса да, ықыласқа мәз:

— Сонау бір қайным көптен келген жоқ еді, соған берші... Ауыз тигендеріңе риза болмасаңдар, баяғыдай қымыз қайда, қарақтарым!— дейді Мәдине бәйбіше күрсініп.

Жүзі жайдары. Көзі күлім қағып, үй толы адамды бір өзі арбап отырған секілді-ау. «Әттең күнің өтіп барады, заманыңда болып ең-ау» — деп өткенді есіне түсіріп, опық жейтіндер де бар.

— Әдейі атқа мініп келіп, қымызға тоймай кетті деген не? Құй сабанды!— деп Ерекеш сияқты әупірімдер бүйірді таянып өжеленсе:

— Түу... Сен қағынғырдың құрдымың тояр ма екен?.. Баяғыда жүз биенің сабасын ұстағанымда да сен қағынғырды тойдыра алмағам,— деп Мәдине күлімсіреп, сабаға жабысады.

Құржыңдаған шалдар кең пейілді бәйбішенің мінезіне буланып, өткен күнін өксіген тәрізденіп:

— Ойқай заман-ай, осы күнімізден де айырылар ма екеміз?— дейді.

— Күн сайын құлатып келеді, айрылмаған неміз қалды...

— Құл-құтан билеген соң не оңайық!

— Байшымыр ауылнайды айтасыз ба?

— Ол сорлының құлағын шулатып қайтесіндер, бар жұмысын ағайынның алдына салып-ақ отыр ғой.

— Сонау бір қатшысы бар-ау, әй сол бала! Япырмай, үлкен деп сыйлау деген болар еді, мұндай соғылғанды кім көрген? Түнеугі жолы салық тізбесін ала келгенде менімен байланысып... Шырағым, осы мен сені білмеймін, өзің кімсің? Мен — ауылнайды ғана білемін!— дедім өзіне. Ауылнай санаймын десе, малымды барсын да, сана-сын, дедім.

— Тоқанды айтасыз ба? Ол комсомол болды дейтін...

— Комсомол деп... адамына қарай да. Сүгімбайдың Рақымы мына Смағұл «член партиясының» нақ өзі емеспе, ел ымырасын бұзып жұмыс істеп көрген жоқ...

— Ата баласы ғой олар. Әңгіме шыққан жерінде көрінеді-ау...

Әңгіме қызығына түскендер бірден бірді жағалап, Жалбырды қолға алды. Жалбыр ауызға алынғанда, көлеңкеде отырған Меруерт Мәдине бәйбішенің жанына келіп сығырайды:

— Келін шырағым, сөйлесейші, ер-азаматтың құлағына салсайшы!

— Мен несіне кірісейін, ер азамат, мен айтпай да намысын жіберер дейсің бе?— деді Мәдине бәйбіше керіліп.

— Ау, соның әлгі... Қызын бермеймін дегені рас болды ма?

— Е, ол неден құтырып жүр?

— Жаныбек тұқымының жесірін бермеймін деп жүрген? Жынданған шығар шіркін!

-- Неге тартып алмайсыңдар?

— Сотын қайтесің?

— Тәйірі, Жалбыр соттасып кімді жеңер дейсің? Ысқақ болса, өзінің меншікті адамын алады.

— Заман жастардікі. Жастар лайық көрсе...

— Жастар жұмысты бітіруін біледі, әңгімесіне шалдар не болу керек!

— Ә, бок жеген күшік! Аузына келгенді сөйлеп... «Мынауымды реттеп бер»— деп Жаныбек тұқымы кімнің алдына барып еді?— деп, Жампейіс шал, насыбайды танауына тарта түсіп, шіміркенді.

Оспан, түксиген мұрты аузын көміп, бәйбішенің жоғарғы жағында, ақ жастыққа шінтақтай жатып, мырмырс күлді. Алдында шүпілдей толған сары аяқ. Аузында папирос. Киімі — орысша. Сакалы байталша күзеулі. Оң жақ сұқ қолында алтын балдақ. Май басқан қабақтың астындағы жылтыраған екі көз біресе күлім қағып жайрандайды; біресе сығырайып, өлімсіреп, мүлгіген сияқты болады. Үйдің ішіндегі жұрт сөзге таласып, бірінен-бірі қағып алып жатқанда да, я — дұрыс, я — бұрыс деп бір кірісе білмейді ау...

— Кесір қара-ау, сен де бір сөйлесейші... Жалбырға жесірінді жіберіп қоймақсың ба? — деп Мәдине бәйбіше оны аяғынан қозғап еді.

— Жәкең отыр ғой, мен несіне кірісейін,-- деді Оспан күлімсіреп.

Жампейіс шал, теке сакалын білемдеп, құржан қакты.

— Ау, қымыздарынды іштіндер ғой, шығындар енді!— деп, Жәкең жастарға бір жекіріп алды ол:— Оспан, жүр, жастардың кеңесінің ішінде бол!— деді.

Жампейіс бастаған топ кісі, ауыл сыртындағы белесте отырып, бетті солтүстікке беріп, қызу кеңеске енді кірді. Мерует шыбжындап бір үйге кіреді, бір тысқа шығады. Мерейі үстем кісідей таранып бәйбіше отыр. Аузынан шыққан жалғыз ауыз сөзін қақшып алып, ер-азаматтың талқылап жатқаны анау. Не арманы бар бәйбішенің! Бұдан қиын жұмысты да бітіріп жүрген бәйбішенің осы. Сержандікі құр атақ, даңқ болмаса, әңгіменді біле ме ол? Шаруаны күйттеген, пайда түсірудің жолын қарастыратын адам ол... Шынына қалғанда — әңгіменің билігін осы бәйбішенің қолына өзі беріп қойған сияқты:

— Үйде отырып бірдемеңді бітіресің бе? Қайныларың тілінді алады, істет өзің!— дейді ол кейде күлімсіреп.

Байдың жұмсаған адамын Жалбыр жерге қаратып жіберген күні-ақ бәйбіше бір ниетке мінген сияқты еді.

— Қатын! Мұны қайтеміз? — деп, Серкең, төсекте жатып кеңескенде.

— Шаруанмен бола бер. Қабар тапса, ер-азамат өздері-ақ жиналар,— деп еді бәйбіше. Сол «Ер-азаматтары» осы...

Жастардың ішінде солаң қағып Ысқақ жүр. Шіркіннің дене бітісінің келіссізі-ай, «жаманға көтере бой береді» деген осы да... Ауыл үй отырып, айттырған қалыңдығына нелік қыла алмады деген жастардың көзінде — мықты масқарашылық. Жеңгелерінің Ысқақты тәлкек қыла беретіні осыдан. Беті қызарып, намыс көретін адамын Ысқақ емес:

«Тоқтай тұрсын, бәлем, колыма бір түсер!»— дейді ол кіжініп.

Сонау құдыққа қарап беттеген — Айбала. Тәп-тәуір бала-ау. Өзгеше өткір. Атастырған жеріммен ауыл үй отыр екем деп именуінді бір білген емес. Бұзау қайтарып, сиыр айдап, ауылдың қотанынан ерсілі-қарсылы өте береді. Сержанның үйінің жанынан да талай рет бұзауын қайтарып кетті.

— «Мына шіркін қайткен болады?»— деп Сереккең қабағын түйсе.

— «Қайтесің, жүре берсін, Жалбырдың қызынан не тәрбие күтесің?»— дейді Мәдине бәйбіше.

Айбала ашылып, заман-құрбысымен ойнап-күліп көзге түскен сайын, жұрт жиырылып, оның мінезінің бәрін «тәрбиесіздікке» апарып танады.

«Келін ай, мұны қайтем? Көргенсіз иттің үйі келінімді бұзып болатын шығар...»— деп Мерует, екі күннің бірінде бәйбішенің жанында сығырайып отырғаны.

Айбаланы өз баласына атастырып Меруеттің жүйкесі құрыды, әйтпегенде, ендігі неше сакка жүгіртіп, ауылды өсекпен толтырар еді-ау.

— Осы шалдар несіне бас қатырып отыр? Айбаланы әкелу керек болса, сонау құдықтың басынан неге алып жүре бермейміз? Біздің қолымызды қағатын кім?— деді Сержанның кіші баласы Жүсіп.

— Бәсе, кәделеп алып қашқандай Жалбыр кім еді?

— Ысқақ-ау, сені неден құдай атты? Жұртты сергелденге салғанша, өзің неге бармайсың?

— Ысқақтың бостығы да. Өзіміз болсақ, әлде кашан-ақ нетіп...

— Кеше мен сөйлестім, «өлексеңе бармаймын» дейді.

— Кімді айтады? Мені ме? — деді Ысқақ сұрланып.

— Немене, бүгін ғана естіп жүр ме ең? Қысты күні Жұпардың тойында жағыңа салып жібірген жоқ па еді?

— Онысы ойын болатын.

— «Ойын» ба еді? Өте сыпайы ойнайды екенсіңдер...

Жастар жырқ-жырқ күледі. Ысқақтың бетінен оты шығып, төмен қарайды. Ысқақтың сорына туған қыз бол-

ды бұл! Соны өзіне еліктірем деп әуреленгеніне екі жылға айналып барады. Араға жүремін деп жөнгелерінің де зықы шығып болды. Айбала икемделуі былай тұрсын, қатай түседі. Тілін шығаруға себеп болған, бір есептен — осы Ысқақтың өзі: өкірендеп, тәртіпсіздік істеймін деп...

Сөз таластырып даурыққан жастар құдыққа қарай лобылды. Айбала, суын алып, ауылға қарап беттеп келеді. Жастар оның жолын тосқан сияктанса, ол именуіндегі білер емес, тура тартып келеді.

— Ау, бұ не? Ұят боп жүрмесін, — деді кеңесіп отырғандардың бірі.

— Кәпір, Жалбырдан тумай кеткір! — Тайталаспай-ақ, бұрылып кетсе қайтеді екен? — деп, екінші біреу кейіді.

Дабырлаған жастар піріліп, бірін-бірі түрткілеп, шоғырлана түсті. Айбала суын көтерген күйі, абыржу дегенің жоқ, көлденеңдеп өтіп барады.

— Ау, сұлу қыз, мойныңды бұр! — дейді Жүсіп.

— Не арызың бар?

— Ысқақ сөйлесемін дейді.

— Адамын тауып сөйлессін. Менде оның жұмысы жоқ!

Ысқақ, от боп өртенгендей, булығып, ұмтылайын десе, біреулері тартқылап, жібермейді:

— Ұят болар... Ауылдың адамдары қарап тұр...

Жампейіс бастаған топ кеңесін бітіріп, ұйғарындысын бәйбішеге есіттірді:

— Бүгін кешке... Сосынғысын көріп алармыз...

— Құдай-ай, сәтінді сала көр! — деп Мерует, үйінің оң жағын ыңғайлатып, буылған теңдерін шештірді: «Осы иттің қызының жалаңаш келетіні белгілі еді... Ысқақ қарағымды жерге жатқызам ба деп мамығына шейін тіктіріп қойып ем» — деп төсегіне шейін дайындауға кірісті.

Төрт-бес жігіт, ішінде Ерекеш бар, байдың үйінің көлеңкесінде. Бәйбіше оларға қымыз сапырып отыр.

— Уай, тәйірі, мұны қойшы... Баяғы Күмісбайдың қызын алып қашатындағыны айтсайшы... Сол жолғы Ержанның көрсеткен ерлігі-ай! — деп Ерекеш, өткендегіні айтып есіп, көтеріле түседі.

Барымта алу, қыз алып қашу сияқты жұмыстар болмаса, Ерекешке тірелетін жұмыстың өзі де сирек. Тиіп-қашып шаруасын істеген боп, ептеп ұрлығын істеп, ешкімнің көзіне түспей, көппен бірге сапырылысып жүретінің бірі — осы.

- Әлгі милициясына адам кетті ме?— деді бәйбіше.
- Милицияны Өсекең міндетіне алды білем.
- Ауданға бір жеткізсек... Онда Байбақты бар...
- Мен айтты десендер, Байбақты карағым жанын салады ғой...

Жалбырға қабар тигізген Жұмабай болды. Осылай болатынын Жалбыр бұрыннан-ақ сезген. «Қызымды бермеймін!» деген сөзді айтқанда, ол, осы сертін орындап шығады екемін деген жоқ. Қызы ренжіп жүрген соң, Балдай жылап мазаны алған соң, ашуы келді де, «бермеймін!» деп бір-ақ кесті. Осыны айту өзінің борышы сияктанды. «Түбінде осыны айтарсың!» дегендей боп әкесінің құлағына Сарбас та сіңіріп болып еді: — «Ысқаққа қыз берді деген не? Айбала өзінің сүйгеніне барады» дейтің Сарбас ылғи.

Айбаланың арқа сүйеп жүргені де ағасының осы сөзі-ау...

Енді, жұмыс бел күшке айналған соң, өлімтікке үйірілген кара құстай, сайдауытты соңына ертіп ауылдың үстіне Ерекеш төнген соң, Жалбыр ойланайын деді: кімге ақылдасады? Кімнен жәрдем сұрайды? Жетпіс, Жұмабай сияқты Жалбырмен араласқан үйлер бар, олар бұған ара түсе алар ма? «Осылай екен» деген қабарын жеткізеді, одан артық олар не істей алады? Өмір бойы істеп келе жатқаны Сержанның жұмысы. Соны көрмей, шынымен жауша шаппақ па?

— Балдай, уа Балдай! Балтамды әкел!...

Көлеңкеде отырып, байдың үйіне қарай түсіп, Жалбыр шар қайрақпен кара балтаны қайрай түседі. Оқта-санда балтаның жүзін ұстап қарайды.

Балтаның жүзі ұстарадай қылпиды. Онымен жұмысы жоқ, ой билеп, бір ниетке мінген тәрізденіп, шар қайрақты шақырлатып әлі қайраумен отыр.

— Әже, не болар екен бұл? Бапам да келмеді-ау, — деді Айбала реңі сұрланып.

— Қайдан білейін, қалқам,— деп Балдай кемсендеді...

Ауыл үйреншікті өмірінде: бие ағытып, сиыр келіп, бұзау жамырап, бала жылап — у-шу. Байдың қараша үйінен сүт машинасының ызыңы шықты. Басқа үйдің әйелдері сүттерін көтерісіп соған қарап шұбырды. Қараша үйдің маңы шағаладай аппақ.

— Мен тартам, менің кезегім!

— Сен салдақы кісіге кезек берермін дейсің бе?

— Бәтір-ай, шешей-ай...

Бұл күндегі шулары. Сүт машинасына таласып, ауылды бастарына көтеріседі. Біріне-бірі көрместей сөздер айтысады.

— Қойындар түгі! Таласпасаң, талайыңа жетеді... — деп, көленкеде отырған бәйбіше бір ақырса, бұл шу жым болады.

Машина несі — бәйбіше. Сүт әкелушілер төрт күннің қаймақтарын өздері алып, бесінші күндікін машинаға береді. Соның өзі де бір жағы өтінішпен болып отырған сияқты. Жақтырмайтын әйелінің сүтің бәйбіше үйінің маңына әкелдірмейді.

Сержан келіп, арбадан түсіп жатыр. Жүзі қуқыл. Қабағы жабық.

— Немене бұл шулатып? Тарат бәрін! — деп әйелдерге жекірді.

Бәйбіше көленкеге көрпе төсеп, қымыз сапырды. Көйлек-штаннан басқа киімін шешіп, ісініп-кеуіп Сержан отыр. Сүт әкелген әйелдер байдың көзіне көрінуге қорқып, караша үйді ықтай түседі.

Жүсіп, Ысқақтар ойдағы мүдделері орындалатындай болып, аяқты шалқақтап басады. Сержан олармен де байланысты:

— Әй, мырза, біраз еркеледің, жетер. Ертеңнен бастап жұмысқа бар!...

Бәйбіше түнере бір қарап, қымызын сапыра берді.

— Зердесінде жоқ иттер! Осылар адам болар дейсің бе? Өздеріңдей балалар ел билеп, әйдей әлемге үлгі беріп отыр. Бұлардың жүрісі мынау. Баяғы заман бар дей ме екен, шіркіндер!...

Сержанның ашуы басқаларды серпілдіргенмен, бәйбіше айылын да жиятын емес, балаларды қорғай сөйлеп, Жалбыр туралы шалдардың ұйғарындысын есіттірді.

— Кім оны істеп жүрген? Енді, енді менің басымды жұттырайын дедіндер ме? Шатаспасын! Онсыз да өрт қабындағалы тұр, соны сөндіріп алсаң да жарар. Ертеңнен бастап балалар жұмысқа барады. Ысқақ, сен тракторды үйрен! Өліп кетсең де, үйрен! Үйрен деген соң үйрен!...

Бәйбіше сөз тартпақтап, не болғанын білейін десе де, Сержан, ісіп-кеуіп, көпірініп, адам түсінгендей сөз айтпады. Ерекеш Сайдауытын ертіп ауылына қайтты. Ысқақ бүктісіп, төсегіне жатты.

Оқиғаның шет-жағасын бәйбішеге сездірген Ыбыраш болды:

— ...Бастығы Сарбас боп, оны Аманбай қолдап, комсомол ұйымын ашамыз деп...

— Оның несіне қысылды? Комсомол болғанда сол шіріктер кімді қиратпақшы еді? — деп бәйбіше сілкініп еді, Ыбыраш адам шошырлық бір хабардың шетін бықсытты:

— Ауданнан өкіл келген дей ме-ау... Ауылнайдың үйінде білем. Байлардың малын алып, өздеріп жер аударатын заң шығыпты деген сыбыс бар. Ерқан, Жандыр, Рақымбеттер списоктың жуан ортасында дейді. Рақымбеттің інісі шабуылдап Оспанды іздеп жүр...

Мәдине бәйбіше кенет көгеріп, безгек ұстаған адамдай қалтыранды.

Жетпіс пен Жұмабай бұл оқиғаны өздерінше түсініп, Жалбырды жұбандырды.

— Қанша айтқанмен құдайды ұмытпаған адам ғой, Серекен ашу шақырып, Ерекешті қуып жіберіпті. Қатынбаласына ұрысыпты...

— «Әттегене-ай!» дегендей боп Жалбыр, қара балтасының жүзін қолымен тағы бір ұстап, ірге жағына тықты.

ШИЕЛЕНІС

«Кісіні арбау жөніндегі барлық өнерінді осыған жұмса, осыны көндіріп шық!» — деген тапсырысын Серекен Мәдине бәйбішеге берді де, ол кісі айла-шарғының бәрін жұмсамақшы боп жұмысқа кірісті. Айналдырмақ болғандары Иван еді. Серекен оған пар атпен Ыбырашты жіберіп, қырдан алдырды. Не үшін алдырғандарын Иван келмей тұрып-ақ сезген. Елге беттерінде Сарбастармен жеке сөйлесіп, «бай білген шығар» деген қортындыға келісіп еді. Иванның жалғыз қаталасқаны осы жер болды: Сержан бай конфискеге ілікпепті. Конфиске декретін қоста жатып талқылап, Сарбастар Серекенді списоктың жуан ортасында болар деп ұйғарысып еді.

Иван — Сержан байдың төрінде. Мәдине бәйбіше қымызды сапырып, Ыбыраш дәйек боп қымыз әперіп Серекен аяқты көсіле отырып, өтірік күлкіні көбейтіп, өздерінше қаннен қаперсіз, кемсіліне келген кісі секілденіп отыр.

Сержанның тапсырысы бойынша Жүсіп пен Ысқақ осы мәжілістің үстінде Иванмен таныс болып, «тәрбиесіз» малайларға қарағанда өздерінің кісі таңштындарын, қолдарынан іс келетіндігін, жолдас болуға жарайтындықтарын сездіріп, содан кейін Иванмен бірге аттанып жұмысқа кірісу еді.

Иван — тым салқын. Сөз арасында күлген болады, күлкісінің өзі бұларға жұғымсыз. «Атасының тамағы

ғой» деп Иванға арнап Серекен арақ дайындатып еді, Иван одан ұрттап алмады.

— Ау, Иван, ішпегенің қалай? Тым болмаса ауыз тиші!

— Ішпеймін. Комсомол арақ ішпейді...

Серекеннің көзі шатынап, жебесін аузына салып қыртқырт шайнады. Иваннан бетер балаларына кейіді: шүйіркелесу, етене боп сөйлесу деген жоқ, «сіз», «біз» деп сызылып, кеңірейісіп әлі отыр. Малай құрлы болмағаны ма осы екеуінің? Малай екеш малай да үйірілтіп алды ғой осы орысты?!

— Солай Иван... Мынау — менікі бала. Анау менікі іні. Қарошый бала, орыс язык біледі. Сенікі памагает, трактор үйрет осыларға... — деді Серекен күрсініп.

Иван, әлде неге күлімсірей түсті де, басын шайқады. Мәдине бәйбіше оған бақшиып қарай қалды.

— Не дейді — үйретпеймін дей ме?

— Үйретпеймін дейді...

Иван алты айға шартпен келген. Алты айдың ішінде Сержанның бір малайын тракторға маман ғып шығаруға міндетті еді. Ол міндетін орындады: Сарбас кәзірдің өзінде маманданып болды. Өзі білу былай тұрсын, басқаға үйретуге де жарайды. Иван кәзіргі сағатта ауылда отырса, Сарбас қостың жанында, Нұржан, Елеусіздерді маңына жиып, трактордың тетігімен таныстырып жатқандығына сөз жоқ. Жалғыз Сарбас қана емес, трактор тілін білуге бұлар жалпы құмартты. «Баяғыда бір қан болған екен дейді...» деп Елеусіздің де трактор винтімен айналасып жатқанын көресің.

Иван осы жағын айтты. Бәйбішенің жүзі көгілдірлене түсті.

— Өзің үйрет. Сенің үйреткенің керек бізге. Сенікі жақсы жігіт, — деп Серекен бөрікті тізесіне қойып, ілгері қарай қозғала түсіп, сөзбен баспалатып Иванның есін шығарам деген ниетке кірісіп еді, Иван оның сөзін шорт кесті:

— Мен шарт бойынша істеймін. Көнсең, сонау малайыңның төртеуін де тракторшы қылып берейін. Көнбесең, рұқсат бер: кетем. Бірақ, алты айдың ақысын шарт бойынша түгел алам, — деді сазарып.

Серекен аузын ашып аңырып отырып қалды. Кісі сыйайын тез ұққыш Мәдине бәйбіше қымыз құйған шараны жүк аяқтың астына таман ысырып:

— Бай! Менің тілімді алсаң, осының қарасын батыр. Сол көктемір керегімізге жарамай қалғанда да өлмеспіз,

Бір жөні болар. Әзіріне құтыл, әзіріне құтыл, — деді күрсініп.

Серекең де күрсініп, күлімсіреген көзі кенет ежірейіп, жүкке арқасын тіреді. Шынына қалғанда Сержан сияқты кісіге шаруа жайын ойлайтын кез де емес бұл. Аудан жағынан бұрқыраған қабардың біріне-бірі сорақы. Өзен бойындағы елдің асты үстіне шығып қайнап жатыр. Конфиске тізбесіне іліккен Ерқан, Рақымбеттер бір кезде Сержанның ширегіне келмейтін адамдар. Адамшылығы да бұдан төмен: Мәдине бәйбішенің ашуына ұшыраса, Ерқандар осы үйден қонақ асын іше алмайтын адамдар. Күбіріне ме, аудан ба — әйтеуір Сержанды бұл жолы қаққан екен. Сержан мұны «үлгілі шаруа құрғандығымның пайдасы» деп ұғынды да, Сарбастарға деген ашуын доғарып, жұмысын бұрынғы күйінде жүргізе бермекші болып еді, кеше түнде өзендегі ауылда жүрген Зұлқарнайдан шапқыншы келді: «Әзір сенім шамалы. Қылдың үстінде көрінесіз. Ел піргеуір беріп ізденсе, списокта жоқ адамдар да ілгіп кететін көрінеді. Малайдан құтыл, ақысын бер, ыризалас» депті хатында. Бірер жамандықты сезбесе, Зұлқарнай мұны айтпайды. Малайдан құтылайын десе, мына отырған мырзалар шөп басын сындыруды білмейді. Ұшы-қиыры жоқ көп егіннің алдына бүгін бе, ертең бе — орақ салынғалы тұр. Сонау бес малай бес машинаны басқарып, қанша егін болса да 10—15 күннің ішінде сап қылып әдеттенген жігіттер. Олар тірі тұрғанда жұмыс бітпей қалады деген ой Сержанның басына өмірі келген емес. Келтірмейді де олар... Енді, Зұлқарнайдың тілін алса: сол малайлардан қол үзбек. Сонда жұмыс істеуші мына сары масадай ілбиген Жүсіп пен алдындағы асын дұрыс алып іше алмайтын Ысқақ болмақшы ма?

Серекең тағы күрсінді. Сақалын сипаймын деп уыстап, абайсыз жұлқып екі-үш түгін үзіп түсірді. Жұлыпқан сақалдың қылын аяқ астына тастауды жаман ырым болар деп ойлап, қойнын ашып көйлегінің ішіне тықты. Қойынға тығылған қол шығарында — түйіншектелген кірлі орамалды ала шықты.

— Неше сом керек — сенікі? — деді Сержан Иванға шала бұрылып.

— 180 сом...

Серекеңнің мыртық саусағы жұмырына іліккен бес сомдық қағаз ақшаны сыртылдатып санауға кірісті.

— Құдай-ай, қайырлы шығын болсын да! — деді бәйбіше күрсініп.

Иван баймен есебін айырып, нәрсесін алу үшін қырдағы қосқа беттеді. Сержанның үйінен шығып қара жолға тіке түсем деген жаяу кісі Жалбырдың жер ошағын басып өтеді. Жер ошақ басында отырған Айбала ышқына дауыстап:

— Әже, әже! Бапамның жолдасы кетіп бара жатыр,— деді.

— Сарбасжанның ба? — деді Балдай үйден жүгіре шығып.

Иван одырайып артына қарады.

— Шырағым-ау, амансың ба? Сарбасжанның деңі сау ма? — деп Балдай Иванға ұмтыла түсті.

Қисық таяғын сүйретіп Жалбыр да шықты үйінен...

— Құдай атты итті! Ыбыраш, атыңды жек; сонау пәлені жанға жолықтырмай ауданнан апарып бір-ақ шығар, әйтпесе, бүлінеміз,— деді Серекен еңтігіп.

— Әйтпесе бүлінеміз,— деп сөзді Мәдине де пысықтады.

Жалбырдың үйінің бір құлағы сынық ескі самауырыны жер ошақ басына теңкиді. Жер ошақ пен үй арасындағы жол үстінде Жалбыр мен Иван. Жалбыр — билік айтатын кісіше малдас құрып қоржиып, Иван оған қарсы молдадан сабақ алатын балаша тізерлене отырыпты. Екеуінің де жүзі жайдары. Екеуінің тілі қысқа: сөздің көбі ыммен, қолмен нұсқап ікемдеумен орындалып жатыр.

— Не дейді, әкесі-ау? — деп Жалбырдың ту сыртына Балдай төнді.

— «Бай сволыш» дейді, «бай керек емес» дейді, «үйге барам» дейді.

— Сенікі Сарбас та келеді. Үйде болады. Өзінікі жұмыс істейді,— деді Иван тұтыға сөйлеп.

— Сүйтсінші қалқам! Құдай-ай, бере гөр,— деп Балдай жер ошаққа беттеді.

— Кел, Иван, менікі саған ат әкелген, ауданға апарады..

Күн тұлданғандай түнеріп, тынысы тарылғандай тынып, мандайдың терін еріксіз шығарады. Жол бойы қара құрым мал, ілек-ілек. Мал соңында жарбайып жүрген малшылар.

— Әй, көшір, мына мал Сержандікі?

— Нет, ауылдікі.

— Сержандікі мал қайда?

Ыбыраш, бұл сұрауға жауап бермей, пірешке күренді

шыбыртқымен бауырлай тілді. Пірешке күреңнің тұяғынан атылған тозаң боранша бұрқырады.

— Әй, көшір, айт: Сержандікі мал қайда?

— Мал жоқ. Мал — өлген. Какогой бай Сержан? — деді Ыбыраш шатынап қабағы түйіліп.

— Сволыш! — деді Иван дауысын созып.

Трактордың жанында Сарбастар алқа қотан отыр. Тізелерінде әліппе. Бірақ, оны оқуды ұмытқан секілденіп, есі-дерттері кешегі конфиске декреті: «шынымен конфискелене ме байлар? Шынымен теңеле ме кедейбатырақ?» — деген ой.

Иван кететіндігін айтқанда, бұлар жаман үрпиісті.

— Сендер де кетесіңдер! Тастандар жұмысын. Түп-түгел ғып ақыларыңды алыңдар. Қолынан бермесе, сотпен аласыңдар... Ал, комсомолға берген арыздарыңды ауданда қаратып, бекіттірем, — деді Иван.

Аз күн жолдас болғанмен бұлардың айырылысып кетуі тым қиын болды. Арбаға мініп, болшы болдың астына алып Ыбыраш тұр. Иван арбаға қарай әлде неше рет жүріп, кейін орала берді: тапсыратын жұмыс көп. Қалай істегенде орнына келеді? — соны айтып, пысықтаумен әуре. Бұрын да талай айтылып, құлаққа сіңіріліп жүрген жұмыс қой...

— Ал, жігіттер, мен жүрейін, — деді Иван қолын созып.

Бұл төртінші рет қол ұстасып қоштасуы. Қолын қайсысына ұсынса да, шап беріп ұстап, жібермейді:

— Тоқташы, тоқташы, әй... Егер арызымызды біреу басып қалса сонда қайтеміз.

— Онда тура райком мен райкомолға арыз түсір...

Иванның қолын ақтық рет Елеусіз ұстады да, ол қоштасу сөзін «баяғыда бір қан айтқан екен» деп бастады.

Иван жүріп кетті. Қос басындағылар едәуір уақыт ұйлығып тұрып қалды. Күн екінділікке жантайды. Кештің самалы бетті сүйіп, денені аймалап бойды сергітті. Күн ұзаққа көлендеген күңгірт сағым көзден ғайып боп, белес бастары тұманнан арылғандай дөңкиді. Ың-жыңсыз мүлгіп әдеттенген несіз дала күндегі қалпымен тымық түннің құшағына кіруге бейімделді...

— Сонымен не істейтін болдық? — деді Нұржан Сарбасқа қарап ойыса төніп.

Бытыраңқы тұрған жігіттер мойындарын соза түсіп, қос алдына қайта топтанды.

— Қайтамыз ауылға! Алыңдар киімдеріңді...

Сарбас осыны айтып, еңбектеп қосқа кірді де, ескі шидем күпіні бүктеуге кірісті. Бұған Нұржан мен Елеусіз де ерді. Елеусіз қыржиган ескі тонның өкірін тізесіне салып таптап жатыр:

— «Баяғыда бір сұлу қыз болған екен деді-ау...»—деп ертегісін бастады.

Нұржан, бұл жолы онымен байланыспай:

— Ал не істепті ол қыз? — деді күлімсіреп.

Есік алдында селтип Аманбай мен Жоламан тұр. Аманбайдың көзі әлде қайта: күлімдеген күнге қарап тұрма-ау, беті табақтай боп туып келе жатқан айға қарап тұрма-ау, әлде — сонау жоқ іздеген жокшыдай боп, төбе басында қарақшыдай жарбиып отырған қара құсқа қарап тұрма-ау... Тұр селтип... Үн шығарған емес. Сол қолын салмақпен қозғап, термен ауырлаған елтірі бөркін көзіне таман итере түседі.

— Қой деңіз мыналарға, маскара болармыз,— деді Жоламан оған.

Аманбай Жоламанға ежірейе бір қарады да, еңбектеп қосқа кірді. Кірген бойынша жамаулы көрпесін бүктеді.

Костан алдымен Сарбас шығып, қара жолға беттеді. Арқаларында түйіншек. Сырттан қараған адам соғыс майданына бара жатқан әскер деп ұйғарарлық. Жалғыз қалуға дәті шыдамай Жоламан костан күпісін сүйреп шығып:

— Ау, ау, тракторды тастағанымыз ба далаға? — деді айқайлап.

Адымдап басқан аяқ кібіртіктеп, Алдымен Сарбас тоқтады. Біріне бірі қарады:

— Не істеу керек?

— Әзірше қалсын! — деді Сарбас...

ҚЫЗЫЛ ЖАЛАУ

(романнан үзінді)

КЕН ҚҰШАҒЫНДА

— Қойшығара, уа Қойшығара!.. Қойшығара деймін, боламысың? — деген дауыс алдыңғы бөлмеден зық етті.

— Қазір, қазір, — деді Қойшығара қарбаңдап белбеуіне жабысып.

Бозарып атқан таң сәулесі үй ішін бұлдыр ғана жарық қылып, қарбалаңдап киініп жатқан Қойшығараның бет әлпетін айқын көрсетпейді. Пешпен қатарластыра салған төсек қарауытып үйдің бірсыпыра жерін алып жатқан секілді. Сол төсектің орта жерінде, көйлегі ағараңдап бір әйел отыр. Басына жамылған жаулығы обырап мұның да бетін бүркеп көрсетпейтін секілді. Әйелдің маңында, тойған қозыдай томпиып, таңғы ұйқыға маужырап жатқан жас балалар, анау-мынау дауысқа елең етіп оянар емес.

— Амандық болса, жазға қарай бір келіп кетермін... Жалғыз мен емес, талайлардың бас қосқан жері көрінеді ғой, — деді Қойшығара белбеуді буынып жатып.

— Келме, келме... Менде жұмысың болмасын, білдің бе?!

— Қой-ау, Әмине... Е, сен... Тап осы жолы шатақ шығармай-ақ... Жөнсіз жұмысқа өзім де желікпеймін ғой... Нұрыш жанның бетінен иіскейінші, үй жаман неме! — деп беті болпып жатқан таңқы мұрын қара балаға төне беремін дегенде, Әмине кенет қозғалып, Қойшығараның кеудесінен тіреп жібермеді. Қойшығара ызаланып па, қорқып па жүрегі кенет мұздай қалтыранған секілденеді. Өжеленіп балаға ұмтылмады. Бұл не сұмдық! — дегендей боп Әминеге қарады. Көзге көз қадалды: Әминенің көз жанарында тасқындаған сайдың суындай лықсып тұрған мөлдір жас еді. Бірақ, ол өзін-өзі мүжіп, сол жастың бір тамшысын тамызбасқа сертпен отырған адам тәрізді еді.

— Өй, Әмине-ау, мұның не?

— Балада жұмысын болмасын! Бала да, қатын да табылар онда...

Қойшығара сүйретіліп тұрып, ауыр күрсініп, есікке қарай беттеді...

...Бұдан екі күн бұрын колхозшылардың жалпы жиналысы болып, ауданнан келген өкіл баяндама істеді. Қарағанды дейтін өндіріс орнымыз бар, қазақ пролетариатының бесігі... Колхозшылардың ішіндегі ең жақсы деген екпінділерді шартпен сонда жіберуіміз керек! — деді.

— Е, ол қалай? Жақсы екпінділерімізді өндіріске береді екеміз, колхоз жұмысын сонда кімге істетеміз? — деді Қаламбай шатынап.

— Ширетпен сөйлеңдер, бәріңе де сөз берем. Қаламбай, сен күте тұр... Қане, кім сөйлейді?.. Ау, екпінділер, ал, қане, ия...— деп Таңқыбай тұмсығын коқитып, басы бір жағына қисайып, алдындағы үстелді аударып жыққандай боп асып-сасып орнынан тұрды.

Әйелдер жағының бірсыпырасы күбір сөзді күлкіге айналдырып, жиылыс үшін емес, осы Таңқыбайдың отырыс-тұрысын, сөзін бақылап, соған шектері түйілгенше күлу үшін жиналған адам секілденіп отырды.

Жұрттың бөгеліп отырғандығын пайдаланып сөзді Қаламбай алды. Басқарманың үстелінің бір жақ бұрышына сүйене тұрып термен баттасқан елтірі бөрікті бастан сыпырып, оны Әбілмәжін хатшының қағазын бастыра қойды. Сол қолымен бүйірін таянды. Оң қолымен мұртын сипады. Сөйтті де, жұртқа қарап жымың-жымың күлді.

— Ау сөйлейін бе, жоқ па?

— Е, мұның қашанғысы емес пе?..

— Қайбір сөйлегісі келіп тұр дейсін, мазаққа шығып тұр да.

— Қадірлі жолдастар! — деді Қаламбай шалқая түсіп.— Біз надандықпен түсінбейміз, болмаса, жаңағы өкіл жолдастың әрбір сөзі мың алтынға татырлы емес пе?!.. Қадірін білу деген қайда? Партиямыз, үкіметіміз өз тілімізде түсіндіріп отыр. Не арман бар?.. Айналайын үкіметтен. Мен өзім осы кеңес тұсында көзімді аштым... Әбіш-ау, сен тыржындама, шаңқан тұқымынан басқаның саған бәрі құбыжық.

Таңқыбай үстелді тақылдатып Қаламбайдың сөзін бөлді.

— Ол сөзіңізді кейін айтарсыз, отағасы, мына жұмысқа байланысы жоқ оның... Қане, тағы кім сөйлейді?

— Қаламбайдың барғысы келіп тұрған шығар, сұрау керек өзінен,— деді кейінгі жақтан біреулер.

Қаламбай естімегенге салынып, үстел басынан тезірек жөнелді.

Бұдан кейін екі кісі шығып сөйлеп, олар еңбек күндерінің дұрыс жазылмай жүргендігін, жаз бойы жөнді еңбек сіңірмей келіп, авансты еңбек сіңіргендермен бірдей алып отырғандардың барлығын, тағы сондай кемшіліктерді айтып шықты.

— Мәселен айтайық — ол кім? — деп біреу сұрау беріп еді сөйлеуші кісі шіміркенбестен:

— Мәселен ол — Қаламбай сияқты жолдастар,— деді.

Жұрт дабырласып, кеу-кеулесіп, бірсыпырасы Қаламбайды ақтап, бірсыпырасы боқтауға кірісті. Қойшығара тап осы кезде орнынан тұрып, қолын көтерді.

— Ал, Қойшығара сөйлейді. Ал, Қойшығара, сөйле, сөйле! — деді Таңқыбай аптығып.

Қойшығара орнында тұрған күйі:

— Менің сөзім жоқ, өкіл жолдастан сұрау — деді.— Ол сұрауым мынау: өкіл жолдас, екпінділерді өндіріске жібергенде, өндіріспен шартты кім жасайды? Колхоз басқармасы ма, әлде барушы екпіндінің өзі ме? Бұл бір. Екінші сұрауым — баратын екпінділер өздері тіленіп жазыла ма, әлде сен барасың деп колхоз басқармасы жіп таға ма?..

Бұл сұрауларға өкіл толық қып жауап берді.

— Түсіндім. Мені жазыңдар, бәрамын! — деді Қойшығара. Жұрт алақан ұрды.

— Өй сорлық, бәсе!

— Манадан бері не ғып қызбай отыр деп ем-ау.

— Бұл барса, қиратып-ақ жіберер... Ә, Жетпіс сен бірдеме дейсің бе?

— Желөкпелікке салды-ау деймін.

— Рас, ұшқалақтығы да бар-ау, ә?..

— Атақ сүйгіштігін айтсайшы...

— Оның да рас...

Қатар отырған жұрттың шынтақтары түйісіп, иықтары тиісіп, ауыздары жабысып, күбің-күбірін сөз. «Өрнек» колхозындағыларды осы мінездерін көргенде Қойшығара жарылып өле жаздайды. Биыл райком хатшысы келетінде, осы колхоздан кетемін деп Қойшығара шынмен-ақ айтып еді-ау. Райком хатшысы бір жағынан ұрсып, екінші жағынан ақылын айтып, осы колхозды жөндес деп бірсыпыра міндетті осы Қойшығараға да

жүктеп кеткен ғой. Ол бір ұзақ сонар әңгіме, тек әшейін мынадайда ойға түсіп кете беретіндігі...

— Өкіл жолдас... Әлгі өкілі қайсы еді? — деді қара торы әйел ербиіп орнынан тұрып.

— Менмін, жеңгей, менмін! — деп үстел басындағы шикан бет сары жігіт көтеріле түсті.

— Өкіл жолдас сен болсан, әлгі «барамын» деген кісіні жазба! Қайдан барсын, бара алмайды... соншама жерге жалғыз барып... Елден-жұрттан безіп жүрген кісі емес ол... Өшіріп тастаңыз!..

Сыбыр әңгіменің бәрі тоқталып, шынтақпен түртісудің үлкені енді басталды. Самсаған көз әлгі әйел мен Қойшығараның үстінде болды.

— Е бәсе, неғып бола қалды деп ем... Қатынымен ақылдаспай айтып отыр екен ғой.

— Қан жауғыр Әмине-ай, жанды жерден ілесің-ау,— деп Қаламбай сылқ-сылқ күлді.

— Ерегістірмендер Қойшығараны!

— Онда қайтеді дейді?

— Ау тоқтаңдар, сабыр, сабыр... Қойшығара, не айтасың?

Қойшығара қаскиып орнынан тұрды:

— Мен түсінікті ғып айтқан жоқ па ем?

— Барасың ғой?

— Бармайтын болсам, айтам ба?..

Жұрт тағы қол ұрып, күбір сөзге кірді. Өндіріс орнының ұсынған шарт қағазы оқылды. Қойшығараның қандай колхозшы екендігі туралы мінездеме жазуды басқармаға тапсырып, жиылыс тарады.

Айсыз қаранғы түн еді. Қиыршықтаған қар ма, сылбыраған жаңбыр ма бетке жылбысып тиеді. Жұрт айкайласып, біреулері орға құлап, шомға сүрініп, тынық түнді шаң-шұң дауыспен даурықтырып барады. Қойшығара Әминені ерте қайтайын деп есік алдында бірсыпыра тосса да, жұрт шығып біткенше Әмине шықпады.

— Қойшығара, уа Қойшығара!.. Сен кімді тосып тұрсың? Әмине әлде қашан кетіп қалды ғой,— деді Дүйсебай мұның жанына келіп.

Қойшығара үндемей үйіне беттеді. Дүйсебай мұның соңына ерді де отырды.

— Қойшығара, уа Қойшығара... Қойшығара деймін!.. Мен айтайын ба саған? Мен айтсам: мен мұнына қосылмаймын!

— Қосылмасаң, қосылма. Қосыл деп сені кім зорлады?

— Жоқ, зорласаң да қосылмаймын, білдің бе! Сен қаталастың.

Қойшығара үндемеді.

— Ә, Қойшығара, бірдеме дейсің бе? — деді Дүйсебай оған қатарласып.

— Атанның басы деймін.

— Уай, құдай атсын, ойнамайтын жерде ойнап... Жоқ, бұл ойыншық емес, ойлап қарадың ба өзін? Сонау Қарағандыға бару деген... Еһе... шырағым, шелпек жеумен бір деп түсініп жүрме. Сен екпінді болсаң, мұнда ғана екпіндісің... онда барып қалып, қайтып үйіңді таба алмай жүрсең... Үйің толған шиеттей жас бала... Мен айтсам, шынын айтам...

Дүйсебай бір қатарласып, бір кейін қалып, Қойшығараның үйіне жеткенше әңгімені қоздатумен болды. Қойшығара үндемеген сайын, сөзінің үстем келгендігіне сеніп Дүйсебай сөзінің көбін ақыл есебінде айтты.

Қойшығара қақпаға тіреліп, тоқтады:

— Бітті ме сөзің? — деді Дүйсебайға.

— Жоқ, мен айтсам, шынын айтам. Мен, мен...-- деп Дүйсебай сасқалақтап қалды.

— Бітір сөзіңді! Бітті ғой, ә... Үйге кірген соң бұл туралы жұмған аузыңды ашушы болма!

— Мейлін, үйіңе бармайын... Мен айтсам, шынын айтам,— деді Дүйсебай кейін бұрылып.— Өмірімде өтірік айтып көргем жоқ, мен шынын айтам,— деді анадай жерде кетіп бара жатып.

Қойшығара үйіне келді. Пеш жанында тымырайып Әмине отыр. Ешкінің лағынша секірген қара домалақ балалар бірінен соң бірі келіп асылса да, оларды күндегідей еркелетіп маңдайынан сипаудың орнына, Әмине қолымен итеріп, маңына жуытпайды.

— Кететін болдың ғой, ә? — деді Әмине шіміркене қарап.

— Кетем.

— Кет, кет... Кеткелі жүргеніңді білгем. Кеткенше асығып жүр ең...

Дауысы қалтырап, Әмине бірсыпыраға шейін үндемеді.

— Бетіңнен жарылқасын... мен де өлмеспін..

Будан артық булығыға шамасы жетпей Әмине жылады. Асыр салып ойнап жүрген балалар үйдің бұрышына жиналып үрпиісіп, «сен бүлдіріп отырсың-ау» дегендей боп жаутандап олар Қойшығараға қадалды.

Қойшығара сол түні Әминеге жайлап ұғындырмақшы боп көп сөйледі. Әмине, ұғынудың орнына қатуланып қарсылығын үдете берді... Ертеңіне сықсынып Қаламбайдың шешесі келді, одан Борамбайдың шешесі келді. Олар біресе Қойшығараны, біресе Әминені жақтап сөйледі. Қаламбайдың шешесі әкесіз баланы бағудың қиындығын айтып қамығып та алды. Сол күні түс ауғанға шейін Қойшығараның Қарағандыға жүретін-жүрмейтіндігін ешкім ашып білмейтін секілденді... Ақырында бесін әлетінде Қойшығара басқармадан жол қағазын алып, темір жол станциясына апарып салатын ат әзірлетті. Апарып салуға Дүйсебай белгіленді...

Әңгімеміздің бас жағындағы Қойшығара мен Әминенің арасындағы салқындық, міне, осы әңгімеден туып еді. Қойшығара Әминені түсіндіре алмаған күйі аттанғалы жатыр еді.

...Октябрь ішінің қатқақ күні. Көк жүзінде сұр бұлт ойнап, ызғырық желі денені шымшиды. Шөп біткен қурап сілтіге салғандай бозарған. Елсіз дала қаңырап қарауға көңілсіз — іш пыстырғандай. Үш аяқ жол біресе майдаланып, біресе адыр-бұдырланып арбаны салдырлатып, иесіз даланы басына көтергендей. Мәстек пішінді қара кер ат бойын бос сала жортып, жүрісті онша өндірмей келеді. Делбе ұстап отырған Дүйсебай. Тымағы шәукиіп, екі беті тымақтың жақтауынан торсынып шығып тұр. Оқта-санда бір ұмтылып қара кер атты сауырлата сипап қояды. Айдауы көңілсіз. Осыны сезгендей қара кер ат та жүруге көңілсізденіп келеді.

— Қойшығара, ә Қойшығара... Әмнменен ризаласпай шықтың-ау...

— Онда не болады екен?

— Алыс жолға бара жатырсың... Жастан қосылған қосағың... Мен әшейін жөнін айтам.

— Жөн емес... Бетімен лакпасын!

— Қайтсын, бала-шаға болса бар...

Қойшығара үндемеді. Бір қырындау отырып көзді арт жағына салды: өлке бойы ақ тұманға бөленіп, ауылды көзден жасырып үлгіріп еді. Қойшығара ауыр күрсінді. Ой бұлдыр. Алас ұрған көңіл әлі күнгі бір тірекке мықтап жабысып, ұйғарындысын шығарып болмаған секілді. Осының өзі қызулықпен болған жұмыс секілділеу. Қойшығара осыны Қаламбайға ерегіскеннен істеген секілді болды. Қаламбаймен мұның арасында ерегіс көптен бар. Оның тарихы тым ұзақта жатыр. Қаламбайдың «болмайды» деген жұмысын Қойшығара болдыруға ты-

рысады. Болдырып та шығарады. Көпшілік ондайда Қойшығараға алғысын береді... Бірақ, неге екені белгісіз, Қойшығара Қаламбаймен ерегісіп, бірер жұмысты істемек болса, Әмине ылғи кесе түсуін қоймайды. Мұнда қандай сыр бар?.. Жоқ, ешқандай сыр болмауы керек. «Көпшіліктен бөлініп, көзге түсіп қайтсін» — дейтін шығар. Бірақ көзге түспей жүрген Қойшығара емес: Қойшығараның жаратылысы, балалық өмірі, жас күнгі жұмыстары бәрі оғаштанып, ала-бөле бөлек жатыр.

— Бүгін түн бойына кірпігім ілінбеді,— деді Дүйсебай атын айдай түсіп.—...Бала күннен бірге өсіп ек. Екеуміз де жетімек. Қол ұстасып қаңғып, көрінген қораны, ескі көнді, даладағы үйген шөпті паналап жан сақтаушы ек... Мен бірін де ұмытпаймын. Әсіресе, сен жүремің дегелі соның бәрі қотарылып...

Дүйсебай сөздерін аяқтамай, даусы қалтырана түсіп, бетін Қойшығараға көрсетпейін дегендей бір қырын бұрылды.

Көп уақыт өтті. Алдарында кең аңғар. Сонау белестен асып түссе, бәйге атындай қадаңдаған телеграфтың бағаны көрінеді. Оның бойы темір жол. Қойшығараның іздеп келе жатқаны да осы жол.

— Ннет қылдың ғой, барып қайт,— деді Дүйсебай күрсініп.— Қаламбай иттің тілегі болды ғой. Бүлікті сақла-ар-ақ. Ізін аңдып, қарсы тұратын сен жоқ... Мені қойшы, мен сенімен тізе қоссам ғана адаммын.

— Сөз еместі айтасын, Дүйсебай. Колхозды колхоз ғып тұрған жалғыз мен бе ем? Жап-жақсы жігіттер бар; партия бар, комсомол бар, тізе қос та істе...

— Дұрыс қой,— деп Дүйсебай тағы күрсінді.— Әйткенмен де... әй Қаламбай ит бүлдірер-ақ... Нанбасаң қара: тап осы кезде сол сайтан Әминенің қасында отырған болар. Оның тілі деген тіл...

Дүйсебай сөзін аяқтамай тоқтап, Қойшығараға көзінің қиығымен қарап қойды. Қойшығара да қарады Дүйсебайға. Бұдан кейін бұл туралы екеуі де тіс жарып сөйлемеді...

...Қойшығара Қарағандыға келісімен Мүсірәліні іздеп тапты. Мүсірәліні тәу көргенде:

— Ойпырмау, Мүсірәлі-ау?.. Келші қарағым! — деп, жылағанын да, күлгенін де сезбей күшәқтаумен болды. Жаным-ау, сен жұмысшы емес пе ең? Бұл күнге не ғып жеттін?

— Жұмысшы мендей болмайды деп кім айтты саған?

...Мүсірәлімен таныстырып өтейік: ербиген бойлы, үлкен көзді, тыртық бет қара жігіт. Қойшығараның туған жиені. Жасынан жетім қалып, Қойшығараның тәрбиесінде болды. Әжетке жараған соң өз бетімен кісіге жалданып 29-жылы осы Қарағандыдан келіп шықты. Содан бері Мүсірәлі мен Қойшығараның бұл бірінші кездесуі еді.

Станциядан тым ұзап шықпай, Мүсірәлінің пәтеріне жетті: жарқырап тұрған бөлме, үстел, орындық, кебіндеп тастаған төсек-орын, жылтылдаған тақтайын етікпен басуға адам қорынатын. Қойшығара өзін ұмытқан адамдай арсалаңдап күле берді:

— Уау-әй, мынауынды бүлдіріп алмаймын ба?..

Дөңгелек жүзді қара торы әйел шашын келтелеп қырықтырып, жұпыны киімі бойына шағын ғана ұп-ұнамды боп тұр. Қойшығара осы үйге кіргелі әлгі әйелдің аяқ-қолы жерге тимей жүгіріп жүрген секілді.

«Келін бала болар, қайырлы болсын, адамын тауып алған екен» деп ойлады Қойшығара ішінен сүйініп.

Дембелше келген қызыл шырайлы жігіт есіктен күлімсірей келіп:

— Әлгі нағашым дегенің осы ма? Өзіміз сияқты мырқымбай екен ғой... Қане, қолынды әкел, таныс бола берейік: Борабай Жанысбаев деген забойшигіңіз боламыз,— деп Қойшығараның қолын қаттырақ қысып амандасып орындық алып отырды.— Нешеге келдіңіз?.. Отыз алтыдамын дейсің, бе? Ой антұрған, менімен құрдас екенсің ғой өзің, үндеме: забойщик қылып шығарам өзінді. Өзім забойщик болғалы бүгін ойлап отырсам, жиырмадан аса жігітті үйретіп шығарған екем, үйреніп шықанда олқы болса екен-ау, мынау деген забойшигің.

Борабайдың сөзі, мінезі, қалпы Қойшығараға бірден ұнап, өзі тасып отырған кісі одан жаман даурықты. Борабаймен көптен таныс адам құсап сөйлесті. Зыңғылдаған радио дауысы екінші жағынан мазаны алып барады.

— Уай, мынауың біздің Әбдырақтың әніне басты-ау,— деп Қойшығара оған төне түсіп еді.

— Оның мынадай да әдісі бар,— деп Борабай, салақтаған бір темірді Қойшығараның құлағына кигізді.

Қойшығараның аузы ашылып, бет-аузы, құлағына шейін күлген тәрізденіп, әнге әбден еліккеннен:

— Уаһой дегенің-ау!.. Уай өзі де қатырады екен-ау, ә? — деп қарқ-қарқ күлді.

Қатарланып көрінген үш турба «мехцех» деп атала-

ды екен. Мүсірәлі Қойшығараны ертіп соған келіп кірді. Самсаған машина, салақтаған қайыс. Машина сайын бірден-екіден қыбырлаған кісі. Звонок ұрылып, машиналар бірі ызындап, бірі тоқылдап жұмысқа кірісті. Бір машина темірді егеп, біреулері жонып, біреулері бұрап жатыр. Қағылез пішінді қазақ әйелі бір машинаға келді де, бұрап жүргізіп, женді білектей жұмыр темірді бұрқылдатып тесуге кірісті. Темір бұранда ағашты қалай тессе мынауың темірді одан жылдам тесіп жатыр. Қойшығара шыдай алмай жетіп барып:

— Келін шырағым, осыны үйренумен білдің бе? — деді.

— Іштен туа білген кімді көріп едіңіз?

Осыны айтып әйел күлімсіреп Қойшығараға қарай түсіп еді, Қойшығара апалақтап:

— Ойбай шырағым, машинана кара, бірденесін бұзып аларсың,— деді.

— Жаласы сізге жабылмас, қорықпаңыз.

Әйел тағы күлімсіреп, бұл жолы дәлдеп қарады. Қойшығара да қарады. Қараулары-ақ мұң екен екеуі де қалшып бірине-бірі қадалумен болды. Күлімдеген жүздері кенет сұрғылт тартты.

Тіл тұтығып сөйлеуге келмейтін тәрізденді. Қойшығара, үнсіз қатып бірсыпыра тұрып, кенет қолын созды:

— Ау... Жаным... Мақпалмысың?

Әйел бұрынғыдан көрі де сұрлана түсіп, кенет сырт беріп жұмысымен бола берді. Қылшып қатқан күйі Қойшығара тұрды. Өткендегі өмірдің адыр-бұдыр кезеңдері нақ сол минутта астан-кестен болып сапырылысып, көз алдынан түйдектеліп өтіп жатқандай болды... Қойшығара ауыр күрсінді. Көп тұруға орын тар, «жүрші-жүр» деп қылқылдап Мүсірәлі мазасын алды. Бірақ, Қойшығара кете алатын емес секілді. Кетейін десе де сол тұрған жеріне шегеленіп қойғаннан жаман аяғы қозғалуынды білмейді, қайтсын-ау, өзі тірісінде бүйтіп Мақпалмен көзбе-көз кездесемін деп Қойшығара ойлап па еді сірә?!

«Мехцехтың» басқа бөлімдерін аралатып жүріп, Мүсірәлі Қойшығараның осы күйін сезгендей:

— Мақпалмен қайдан таныс боп жүрсің? — деді.

— Әй, шырағым-ай, менің бүлдірмегенім бар ма... сұрап қайтесің...

...Екі-үш сағаттың ішінде Қойшығара түсіне кірмеген нәрселерді көрді.

Көне тартқан кенеп шекпен киіп, сыптырғыдай боп буынып, қайласы белінде салақтап, Борабай келін жетті.

— Е, Қойшығара, көріп жүрсің бе

— Көріп жүрмін-ау, құдайдың құдіретімен жаралған ба дерсің.

— Құдайыңның қолынан келер ме екен мұны жарату,— деп Борабай Қойшығараға күлімсіреп қарайды.— Қане жүр. Шахтыға апарайын.

Жерден едәуір биік қып салған шытырман темір алыстан қарағанда көпір сияктанып көрінеді. Сол көпірдің астына әлде қайдан созылып келген темір жол. Жолдың екі жағы ит арқалап үйген көмір.

— Мынаны «стакат» дейді, мына жолмен поезд келеді... Мына көмірді осы жердің өзінен тиіп әкетеді...

— Ә...

— Анау ит арқаланып жатқан шахтының ауызы, көмір сол жерден шығарылады, машинамен шығарылады, сосын мына стакаттың үстіне әкеледі.

— Ә...

— Қатының бар ма еді-әй!? — деді Борабай ілгері кетіп бара жатып.

Борабайдың бұл сұрауы Қойшығараның алдына Мақпалды әкеп тартқандай болды да, ол бірсыпыраға шейін үндемей:

— Бар ғой...— деді бір кезде немқұрайды қалыппен.

Ұзыншалап салынған барактың маңы қыбырлаған жұмысшы, бір топ жұмысшы қайласын асынып, шамын қолына ұстап, жұрттан бөлек өз алдына сөйлесіп тұр. Аласа бойлы қара сұр бала, беті көмір күйесімен айғызданып, маңына топтанған жұмысшыларға бүгін не істейтінін, қалай істейтінін айтып, түсіндіріп жатыр.

— Айтқанына түсіндік, сонда да өзің бір соғып кетерсің ә? — деді бір жұмысшы.

— Барамын, барамын.

— Алдаразы болғыр бала ғой бұл, ерінуді білмейді.

— Осының өзін ылғи шахтыда көремін-ау...— деп бір сыпыра жұмысшы өзара дабырласып шахтыға беттеді.

Борабай екі шам әкеп, біреуін Қойшығараға ұстатты.

— Міне осы жерден түсеміз. Мұны «қара ауыз» деп айтамыз. Ә, неге күлесің-әй?.. Ал, менен қалма...

«Қара ауыздан» басын сұққанда, шахтының алғашқы көрінісі Қойшығараға сныр қора тәрізденді. Жүрген сайын төмен түсіп алдыңғы жағы қараңғылана берді.

Қолдағы шамның сәулесі табан ізді де жарық қылмайтын секілді.

— Қойшығара, келе жатырмысың?

— Келе жатырмын-ау.

— Төбене сақ бол!

«Мұны неге айтты?» деп Қойшығара төбеге қараймын деп төбесін келістіріп бір соқты.

— Қап, соғып алдым-ау.

— Е ондай-ондай болатын...

Адыр-бұдыр кертеш жол Қойшығараның адымын ашырмайды-ақ. Аяғын аңдамай басса, түпсіз шыңырауға түсіп кететін тәрізді. Борабай қадаңдап Қойшығараны әр жерден бір тосып алады.

— Әй, колхозымыз жақсы деп мақтадың-ау осы.

— «Өрнек» колхозы өлкеде бірінші болар шырағым.

— Малдарың көп қой, ә?

— Манымыздағы колхоздар қырып сойып жатқанда біз тышқан мұрнын қанатқан емеспіз. Мал сойғандарға қарсы күрескен кісің біз: бригада болып тұрып көрші колхоздардың еліне үгіт жүргізгенімізді көрсен...

— Әне, қара тегін емессің өзің. Сол өнерінді шахтыға салып көр, бізде де күресетін жұмыс аз емес. Мынаны көрдің бе, міне?..

Крепке салатын бөренені сүйреп біреу жол бойында тұр. Борабайларға түксие қарады.

— Шамынды неге жақпайсың? — деді Борабай оған.

— Жанбаса, қалай жағам? Бізге жанатын шам тие ме?..

Борабай оның қолындағы шамды алып, отыра қалып оттық сызып еді, шам жанып сәулесі әлгі кісінің бетін жарық қылды: күйек сақал, жарқабақ, қапсағай келген кара кісі екен, аяғында Ақмола елінің азаматтарының бір жылқының былғарысын тұтас ойып тігіп киетін кең саба етігі. Жамандаған шамы жанып кетіп жоқ жерде ұятты ғып, ол кісі Борабайға тура қарамай сырт айнала берді.

— Пай-пай етігіңе болайын! — деді Борабай тұрып бара жатып. Бірсыпыра жер барған соң Қойшығараға бұрылып: — Әлгімен күресу керек пе? Түсіндің бе не айтқанына? — деді.

— Түсіндім, — деді Қойшығара ендіге дем алып, тері бұрқырап, самайы айғыздана бастап еді.

Аяқ асты темір жол. Алдарында жылтыраған шам, дүркіреген дауыс. Борабай мен Қойшығара жолдан шығып тұра қалды: төрт вагон көмірді сүйреп бүлкіл жор-

тыспен көк ат саулатып келеді. Алдыңғы вагонның үстінде шам ұстаған жұмысшы ыңылдап ән салып, аяқ жағын:

«Екпін, екпін, екпін-ай,
Мен көк атты жектім-ай.
Елге көмір керек боп,
Екпінді еңбек төктім-ай?..»

деп тоқтатады.

— Жаңағы «екпінді көк ат» дейтін атымыз,— деді Борабай.

— Ау, аттың да екпіндісі болғаны ма?

— Талай қызықты көрерсің әлі. Жаңағы көк аттар жегілетін жеріне өз бетімен келеді. Вагонды тартқанда сау желуін танбайды. Семіздіктен жарылайын деп тұрғанына қарамай мың ұрсаң аяғың бір баспайтын аттар да бар.

Борабай Қойшығараны ертіп жүріп шахты ішінің біраз жұмысымен таныстырып шықты.

— Міне, біз осы забойда шабамыз,— деді Борабай Қойшығараны бір түбекке ертіп келіп, қолындағы шамын крeп ағашына ілді. Беліндегі қайланың бірін Қойшығараға ұстатты.

— Ал, құрдас, әдейі іздеп келген екенсің, сілтеп көр қайланы. Оңай жұмыс деп көңіліңді жұбатпайын, қиын жұмыс, ұлы еңбекті тілейтін жұмыс; бұған жігіттің жігіті-ақ шыдайды... Қиын деп көмір шығармасақ, завод-фабригіміз жүрмей қалады, хат танисың ба өзін?

— Жоқ.

— Оқытамыз, түсіндіреміз, түсінесің; көмірдің не үшін қажет екенін сосын білесің... Ал, мен шабайын бірсыпыра уақыт қарап отыр, үйрен, сілтеудің өзінде де әдіс бар. Міне былай отырасың ыңғайланып...

Борабай асығып аптықпай жайымен сілтеп отыр, әйтседе көмір кесек-кесек түсіп, алды үңгірленіп кетіп барады. Шахты іші қараңғы, меңіреуленген тілсіз; әлде қайда ызыңдаған конвейердің, гүрілдеген вагонның дауыстары; біреулердің ышқынған айқайы:

— Досмағамбет, уа Досмағамбет! Иттің ғана баласы вагонын жолға тастап...— деп біреу кейіп, ұзаған сайын дауысы бәсең тартты.

— Қойшығара, бақылап отырмысың?

— Бақылап отырмын-ау.

— Партияда бар ма ең?

— Қіремін-ақ деп ем, хат танымаған соң шырмалып...

— Ал, қайлаңды дайында, қатарыма кел...

Өзі өз боп Қойшығараның жұмысқа жүрексінгені осы жолы болды: қайланы ұстағанда қолы қалтырап, жүрегі алып ұшып аузына тығылған сияктанды. Ойлаған адамға бұл бір сын-ау: екі жыл ұдайы үкіметтен бәйге алып келген «Өрнек» колхозының екпіндісі Қойшығара Қошқарбаев Қарағандының жұмысына жарамай қайтса, одан ұят не бар?!..

— Әй, нар тәуекел, ынта-жігер, күш-қайрат қосылған жерде ер жігіттен еңбек құтыла ма екен, колхозыма қайтқанда мақтанып баратын болайын,— деп Қойшығара, қайланы құшырлана ұстап қайнап біткен тас көмірге дәлдеп сілтеді. Бастап сілтегенде қайласы шақылдап соғылып, киыршықталған көмір от ұшқынындай шашырады. Сөйте келе шақпақталып түсетін болды...

— Е... жігітім, сілтеуіңе болайын...— деді Борабай сүйініп кетіп.

ҚЫЗЫЛ ЖАЛАУ

(романнан үзінді)

Өкпек желдің екпіні кешке қарай да басылмады. Аспан бұлты түнеріп қоюлана түсті. Ауыл арасының қары көз жасын сығып, мұжылып, семіп бара жатқан түске кірді. Есік алдарына иірілген сулар көл-көсір болып қанасынан асып шалқыды. Кейбір жер үйлерге су кіріп, адамдары шұбырып шыққандай болды. Баласын қарғаған, байына ашуланған әйелдердің зіркілі әр үйдің маңынан-ақ естіліп жатты.

Тоғызбай отағасының шәукиген кішкене землеңкесі, ауыл өмірінің күйінен өзін бөлек санаған секілденіп, монтиып қана тұр. Үй маңында үйілген қар да жоқ, қыбыр еткен мал да жоқ... Сабалақ жүнді қара ала төбет еріне басып лапастан шықты да, тұмсығын көтеріп жағалай қаранып, бірдемені көзі шалғандай ылдифа қарай бүлкілдеп жортты. Иығында сырлы күйенте, екі шелек суды шайқалдырып, бой жеткен қыз қырга қарап тырмысып келеді. Аяқ басысы шабан. Басы төмен бүгулі. Тап осы келе жатқанда — ойы шар тарапты кезіп, өзін-өзі ұмытқан адамның келбетінде... Қара ала төбет арса-лаңдап, келе қыздың аяғына оралды. Қыз кішкене бөгеліп, бірер нәрсе есіне түскендей кенет ширап, аяқты жылдамырақ басты.

Пеш алдында отырған сары кемпір пешке тезекті тыға түсіп:

— Жәй кешіктің бе, сәулем-ау? — деді.

Қыз, алқына дем алып, бетінің ортасы сәл қызара түскен секілді. Өзінен бұрын көзі күлімдеді. Күлімдеп жүріп самаурынға су құйып, пештің алдына келді.

— Нұрбикені көрдім,— деді қыз шешесіне қатарласа отырып.

— Не дейді?..

Қыз сөйлеуге ыңғайланып еді, кемпір оны сөйлетпеді. Үйткені тап осы кезде пешке арқасын сүйей отырған Тоғызбай отағасы бір аяқты көсіле түсіп:

— Біз әңгіменің адамы емеспіз, шырағым... От басында дұрыс отырғызып қойса, соған мәзбіз,— деді күрсініп.— Керек десе жиылыстарына да бармаймын. Манағы жердің өзіне қалай барғанымды да білмеймін...

Төр алдында милиция жігіт ол, Тоғызбайға қарай түсіп, күлімсіреді:

— Әй, қазақшылық-ай...

Тоғызбай отағасы ұялыс тапқандай, басын төмен бүкті. Аздан кейін күрсініп:

— Мен еш нәрсе де білмеймін... От басында отырған адаммын. Әңгіме-кепке араласып жүрген бір сыпыра жігіттеріміз бар. Мырзалық, Құлшарып деген жігіттеріміз бар. Тағы басқа да білетіндер табылар,— деп Тоғызбай отағасы ұзақ сонарға салды.

Тоғызбайдың сөзін қызық көрді ме, әлде, біле көре танып отырғандығына таңырқады ма — милиция жігіт күлімсіреумен болды. Ауыл кезген, ауыл шаруасымен істес болған адамдар мұндай күйге көп кездеседі. Шындықты ашып айту деген жұрттың көбінде жоқ. Бүркеу, жалтару, барынша құлық істеген ауылдың ресмі болып кеткен секілді. Осыны көріп кейігендердің кей біреулері: «осы қазақ баласының өтірік айтпайтын күні бар ма, сірә?..» — деп күдікке де түседі.

Милиция күрсінді, темекі ораған қағазын алдына жәйіп салып, шылым орауға кірісті. Шылым орап отырып, пеш алдында шешесімен қатарласып отырған қызды көрді. Ой бірден бөлінді. Ауылды қанша кезсе де әйел туралы жеңілдік істемеспін — деген бұл жігіттің серті болушы еді. Бірақ көз ұры келеді ғой, көрнекті әйел кездессе, мұның ризалығын сұрамастан көзінің қадала қалатындығы бар...

Пеш алдында отырған кемпір әлде неге күлімсірей түсіп:

— Атың кім, шырағым? — деді милицияға.

— Атым Жаманғали шеше, фамилиям Егізбаев.

От сәулесімен беті күренденген қыз, отқа шала жанған бір шыбықты алды да, соны қарындаш қып, пешке жазды: «Жаманғали Егізбаев» деген жазу пештің маңдайына орнады.

Қыз бұл ісін келіссіз деп тапқандай боп, әлгі жазуды қолымен үйкеп өшірмекші болып еді, өшпеді. Сосын, күлімдей түсіп, күйені үстіне баттастыра жағып жоймақшы болды.

Тап осы кезде, шылымды орап ауызға тістеп, қыздың ту сыртына Жаманғали милиция келіп төнді:

— Құрбым, сонша күйелегендей не жазығы бар еді атымның?

— Суқан...— деді кемпір шошып кетіп.

Қыз күлімдеді.

— Жазығы ма?...— Неге жазылады пештің маңдайына?

— Онда... айып жазушыда болу керек қой..

Жаманғали милиция шылымын тұтатпақ болып пештің аузына үңілді.

— Атыңыз кім, құрбым?

— Атым Қәтімә... Неге сұрадыңыз?

— Жәй біліп қоюға.

Шылымын сора түсіп, Жаманғали қызбен қатарласа отырды. Кемпір сұстнып алыстай түсті. Үй іші қара көленке. Пештің сәулесі қарсы отырғандардың беттерін бірде айқын, бірде бұлдыр көрсетіп, құбылта түскен секілді.

— Қомсомолда бармысың, құрбым?

— Бармын.

Милиция қызға бұрыла түсті.

— Бүгінгі оқиғаға қалай қарайсың?

— Жақсы емес...

— Соны бастаушыны білемісің?

Тоғызбай отағасы кенет тамағын қырынды. Кемпір әбігерленген түрмен:

— Үстіңіз былғанбасын, шырағым... Бірдеме төсеп те отырмадыңыз,— деді.

— Оқа емес, шеше, сөзді бөлмеңіз.

Тоғызбай отағасы күрсінді. Кемпір жалтақтап оған қарады. Жаманғали милиция Қәтімә қызға бұрыла түсті. Тап осы отырғанда — осы төртеуі екі дүниенің адамы боп, екі жікке бөліне қалған секілденді.

— Бүгінгі оқиға туралы Мырзалық ағайды айыптаушылар бар көрінеді, ол қате,— деді Қәтимә отты ысыра түсіп.

— Дәлелін?

— Еш дәлел керек емес. Мырзалық шын кенес тілегіндегі адам.

— Төбелес бастауына жол болсын?

Қәтимә үндемеді. Жаманғали милиция, шылымды сора түсіп, кең танауынан түтінді будақ-будақ шығарды. Кемпір Жаманғалидің шылым тартысына таңырқаған адамдай бажырайып қарады да отырды.

— Мырзалықтарың айыпталып қалмаса игі еді деп қорқам, жұрттың бәрі соған төндіріп отыр,— деді милиция.

— Кім айтса, соған нана бересіз-ау, сірә?

— Әрине, дәлеліне қарай...

Шапақ байып, інір қараңғысы қоюлана түсті. Әр үйден де қадағандап шығып жатқан адам. Бет алыстары мектеп үйі. Бір жерде топталып төрт бес адам тұр. Орталарында Зұлқан. Ол, жеңін жоғары сыра түсіп:

— Яғни мәселен, «жаман айтпай жақсы жоқ», біз мынаны сөйлесіп алайық,— деді жанындағы біреуге бұрылып.— Қолхоздан шығамыз деп отырған жиырма бес үй — бәрі Жаныбек тұқымынан. Бұл — бір, манағы оқиғаның айыбын зорға дегенде Мырзалықтарға төндіргендей болдык, бұл екі... Мен үкімет атынан сөйлеп тұрмын. Сен, Ақмедия Мұсылманов жолдас, осыны бір ойлап көрші,— деді.

Еңкек жауырынды, ұзын бойлы, талдырмаш, арық жігіттің бет әлпетіне қарап кім екенін қараңғыда айыру қиын, өйткенімен «Мұсылманов» деген фамилиясынан көп нәрсе аңғарылады... Мұсылман деген кісінің тарихына кішкене үзінді берсек те болады. Сонау бір кездерде Қарабалық елінде Мұсылман қажы дейтін болды. Ишан қазіреттің медіресесін бітірген білімі бар. Бірақ молдалық қылған кісі емес... Атқа мініп, сөзге араласып, ел билігіне жармаспақ болса да, ол кездегі: Науырызбай! Байқан, Әлмембет тұқымдары сияқты шонжап анау-мынауды маңына жүргізген бе, Мұсылман қажы өзінше жәбір көрушілердің қатарында болады. Бірақ тұрмысынан атақ құмарлық Мұсылманды тыныш отырғызбай, ол басқа жолмен атағын жаймақшы болды. «Сорлы қазақ» деп ат қойып өлең жазып, оны өз қаржысымен бастырып, кітап сыртына сүгіретін де орнатады... Мұсылман қажыға атақты қимаған біреулер шағым

беріп, «Сорлы қазақ» кітабы полицей қолына ілігеді. Мүсекең түрмеге жататын болады... Бұдан кейін елдің «Игі жақсылары» өздерінше жұртшылық істеген боп, сол кездегі Дүйсенбай болыспен мұны табыстырып, бірер мың сом «садақмен» Мүсекең басын аршиды. Кеңес үкіметі орнаған кезде, осы оқиғаны бетке ұстап Мұсылман қажы бірер рет болыстық ревкомге бастық болып сайланады. Әйткенмен санасы оянған жастар Мүсекеңнің мұнысын тым артық көріп, кеңес құрылысының маңынан қуалайды... Әкім боп елге атағын жая алмайтындығына таза көзі жеткен соң, Мүсекең екінші бағытқа көшеді: орыс, ноғай сәудегерлерімен қанаттасып, сауда жүргізеді. Жаңа үнем саясатының алғашқы кезінде мұнысы өте пайдалы боп шығып, Мұсылман қажы қонданып алады. Осы ауылдың күн батыс жағындағы сонау көк төбелі ағаш үйді көрдіңдер ме, Мүсекең қажының 25-жылдары салдырған үйі ол... Содан кейін Мұсылман қажы дүние тілегін өзінше түгендегендей боп, ақырет сапарының жабдығына кірісті. Бұрын «дін», «иман» деген сөздерді атүсті ғана айтып жүретін болса, содан былай жиілетті. Оған себеп жаңа дәуір адамдарының дінге шабуыл жасай бастағандығы. Осы кезеңде Мұсылман қажы дінге қорған боп көрініп, тарих бетінде атақ алмақшы болды. Молда-сопыларға қайыр-садақасын күшейтті. Тозған мешіттерді өз қаржысымен түзеттірді... Ең ақтығында келіп Сатпай қара жолының үстіндегі қара қоғаның дөңесінен өзіне арнап әшекейлетіп там салдырды. Тамды биенің сүтімен сырлатты. Там жанына қазандық орнаттырды. Қонып-түстенетін жүргіншілерге керекті әбзелдердің бәрі сол тамның ішінен табылатын болды... Әлде неге там ішіне домбыра мен қобыз да ілдірді. Ең арғысы насыбай үгетін тостағанға шейін әзірлетті. «Мұсылман қажы 30-жылы өледі екен, сосын там салдырып жатыр екен» — деп ел аңыз қылысты... Сүйтіп жүргенде 29-жылдың күзі болды. Бай-құлаққа шабуыл басталды. Мырзалық бастаған бір топ Мүсекеңе сүліктей қадалып, көпшілік атынан қаулы істеліп, қоғамға зиянды адам деп танылып, Мүсекең үй ішімен жер ауатын болды. Арнап салдырған тамына тірідей кірудің есебін таба алмайды, өлейін десе, өле алмай Мүсекең кетіп отырды.

Мұсылман қажының үй іші жер аударылғанда, осы Ақмедия солардан жырылып қалды да қойды. Округтен келген өкілге Ақмедия арыз берді: «кеңес тәрбиесінде өсіп ем, әкеммен жұлдызым қарсы» деп. «Тап осы айт-

қаны шын» деп Құтпан дейтіндер өнештеп ерік бермеді. Ақмедия «кеңес адамы» деген ат алды. Астық науқаны кезінде ауыл белсендісінің алды болды. Өз ара жарыста Ақмедиядан озар адам болмады, Ақмедия жүз бұт астық бермекші боп, басқаларды соған жарысқа шақырды. Ақмедия тауып та берді. Округ, аудан өкілдеріне Ақмедияның бұл ісі мықты ұнады, олар жанынан қалдырмай ертіп жүретін болды. Көпшілік көзінде Ақмедияның аруағы бұрынғыдан да өсе түскен секілденді. Аудан қызметкерлерінің бір сыпырасымен Ақмедия ашына болып үлгірді...

Колхоз құрылысы жөніндегі басшы жолдастың мақаласын бірсыпыралар өздерінше ұғынды да, соны анықтап келу үшін Ақмедияны ауданға жіберіп еді. Манағы оқиғаның тұсында Ақмедия ауылда болмады. Аудан хабары бұл тұрғандарға жағымды емес. Ақмедия сияқтыларға шын жаны ашитын біреу:

— Желікпендер, қайта осындай кезде белсенділік көрсетіп, табан тіреп қалындар,— депті.

Осыған әкеп, Ақмедия ауылда бүгінгі болған оқиғаны қосып, өзінше толық қорытындысын шығарады:

— Бұл мықты тексерілетін жұмыс. Мұның үстіне колхоздан шығамын десендер, білеміз. Біз кекті басқа жағынан алайық: пәленің бәрін Мырзалық пен Қайкытөстерге аударып, колхоздан шығартайық,— деді...

Сөз тыңдап тұрғандар ауыр күрсінді. Өкпек жел екпіндете соғып, жұрттың киімін жұлмалап ойнады. Тырсылдап жанбыр жауды. Аяқ астының суы шылқылдап, көпіріп телегейлене түсті.

Шеткі тұрған біреу шыдамсыздыққа салынды:

— Ау, болсандаршы, жел өтіп барады...

— Болдык сөз осы: ал, жүріндер,— деді Зұлқан бастап.

Бұлардың өкше ізімен қараңдап екі кісі жүріп келеді. Жел өтіне шыдамай біріне-бірі тығыла түскендей боп, кейде қара саны бірігіп кеткендей болады.

— Әкеңнен сұра, әкең анығын біледі... Әйтпесе Мырзалық қараланады,— деді еркегі.

— Сұрайын,— деді әйел дауыс.

— Бұл — Жаманғали милиция мен Қәтимә еді. Қәтимәні қараңғыда сүріндірмейін деген боп Жаманғали қолтықтап алды. Ауыл қызының кейбірі мұндай қолтықтасуды ерсі көріп, шамданшақ аттай шалқаяқтар еді, Қәтимә ол мінезден аулақ боп, Жаманғалиға жабыса түскен секілденді. «Мұнда қандай мән бар?» — деген

ұшқалақ ой Жаманғалидың мазасын алып-ақ келеді. Сөз тартпақшы боп оны-мұны айтады, бірақ, онысы белгілі бір жоспармен айтылмағандықтан, тындаушыға ой тудырғандай әсер бере алмай, жерге ұшып жоқ болып жатыр. Осыны өзі сезгендей:

— Да...— деді Жаманғали күрсініп.

Ұзыншалап салынған шым үйдің тақтайсыз едені мал қорасынан да бетер батпақ. Ұзын тақтайдан кесе істелген орындықтар. Жұрт иін тіресіп отырып жатыр. Төр жақтағы сығырайған бестік шамның жарығы — үй қабырғасындағы бірен-саран ұран, сүгіреттерді көмескі ғана көрсеткендей болады. Шам түбіндегі үстелді орала бірсыпыра адам отыр. Олардың не істеп отырғаны белгісіз. Кейін келгендер мойнын созып ұмтылып, одан да көре алмаған соң, кесе тақтаға шығып қараймыз деп, тақтай сынып, бірсыпырасы құлап түсті.

— Жолдастар!.. Қирата көрмендер, балалардың отыратын орны ғой,— деп мұғалім жүр көрінгенге жалынып.

Тақтайдан құлап түскеннің бірі, ақылы жаңа енгендей боп кейіді:

— Біздің қазақтай сныр халық бар ма екен?..

«Қызыл жалау» колхозына үш жүздей үй қарайды. Қоныстары бөлек-бөлек. Елінің бір шеті мен екінші шеті 40—50 шақырымдай жер. Орталық партия комитетінің колхоз құрылысы жөніндегі қаулысын түсіндірмек боп аудан өкілінің жиылыс шақырғанына бүгін үшінші күн, бір жиылған емес жұрт. Шеткі ауылдар былай тұрсын-ау, осы басқарма тұрғын ауылда 40—50 үй бар, соның өзі тегіс жиналған емес.

Бүгін хабар қатаң берілді:

— Он кісі келсе де жиылыс өткізіледі, соның қаулысы бәріңе міндетті болады,— делінді.

Жұрт бұған бір елеңдесе, күндізгі оқиғаның немен тынатындығына екі елеңдеп, жиылыс болатын үйге қарап бұрылды. Мектеп үйі аузы мұрнынан шығып толды. Әйелдер біреңкей орналасып, үйдің бір жағын жағалай самсады. Бала-шаға есік жақта топырлап, алыс-жұлыс, қағып-соғып кету басталды.

Әбдіқан Момынов ербиіп орнынан тұрды. Жауырыны бұрынғысынан да бүкірейе түсті. Сұқ қолмен танаудың астын бірер сүйкеп қойды. Сүйтті де қолын көтерді:

— Ал жұрт... Жолдастар-ау, қоясыңдар ма?

Дыбырлаған жұрт бұрынғысынан көрі бәсеңдеген секілденді.

— Ал, жиылысты аштық... Ал, бастық сайлаймыз! Бүркіт Қоғабаев бастық болсын, ал, қарсы емессіңдер ғой?.. Ал, Бүркіт бері кел...

Кең қоңыр күпіні айқара қаусырынып, тықыр қара бөрікті тұқырта киген біреу үстел басына барып, сомаладай боп отырды, жиылысқа бастық боп сайланды деген аты болмаса, бұл кісі басқаруынды білмеді, Әбдіқан Момынов басқарды.

Кетебай өкіл үстел жанына келіп, жалбыр шашын бір сипап қойып, портфель ақтаруға кірісті: газет, журнал, кітаптардың біразын шығарып, үстел үстіне қойды. Бұл, шынында осы көпке баяндама істеуден көрі, сабақ беруге әзірленіп жатқан адамның түрі еді.

— Жолдастар! — деді бір кезде.

Содан кейін қағаз ақтаруға тағы кірісіп, баяндама істейтінін таза ұмытып кеткен адам секілденді.

Зұлқан Байжарасов хатшылық қызметіне кірісіп, жиылыс протоколын жазды:

«Қызыл жалаудың» жалпы жиылысы болып, 3 комсомол, 4 партия, 63 кісі қатынасты. Басқармаға адам дайындау туралы қаралып, әбден талқыланып қорытып мына кісілерден басқарма дайындалды...» — деген сөзін жазды да, әлде неге күлімсіреп басын көтерді. Зұлқанның қарсы алдында Жібек дейтін әйел отыр қасқып. Жүзі күлім. Ойнақшыған қара көз Зұлқанның сыртындағы біреуге ме күлімсірей қарап, әлденелерді көз алдына елестеткендей... Зұлқан соған ұмтылып, бір ауыз әзіл айта берем дегенде, біреу иығынан кейін тартты: бұл Зұлқанның өз әйелі еді.

— Сайтансырамасаң отыра алмайсың ба? — деді әйелі бұртандап.

Зұлқан қызарандап кейін шегінді. Әйелі одан бетер дарқансып:

— Осыдан үйге барарсың! — деді.

— Мынау нағылет не дейді?..

— Қойындаршы-ау, сөз тындатпадыңдар, — деп біреу бұлардың сөзін бөлді.

Кетебай өкіл баяндамасын соза түсті:

— Сонымен, айтайық колхоз құрылысы жөніндегі мақаланы былайша ұғыну, айтайық — провокация жүргізу, айтайық барып тұрған тап жауларының жұмысы, айтайық біз оларға кезінде соққы бермесек, айтайық — колхоз құрылысын ақсатқан болар едік, айтайық не сознательный элементтер соны солайша қате ұғынып, айтайық өзінше ұғынған болар еді...

— Правельно, дұрыс-ақ,— деді Ақмедия дауыстап.

Алдыңғы қатарда отырған шалдау кісі ауыр күрсінді. Шүйдесі шыққан біреу қатты есінеп, көзінен шұбырған сорасын күпінің етегімен сұртті. Қаудыр тымақты біреу басын тұқыртып ұйықтап отыр.

Қалың жұрттан бөлегірек, терезе алдындағы орындықта Жаманғали милиция отыр. Ақмедия соған жақындай түсіп, күлімсірей сөйлеп, «қайтсең де арбап аламын» деген адамның пішінінде.

— Сонау бір аққұба әйелді көрдіңіз бе? Жібек деген жеңгеніз... Таныстырайын ба сізге?

Жаманғали қарсылық ойын білдіргенше, Ақмедия Жібекті ымдап шақырып та үлгірді. Денені кербез қозғап, көзін күлімдетіп Жібек Жаманғалимен қатарласа отырды.

— Қой десендерші мына өкілге, шаршатты ғой жұрты,— деді Жібек назданған түрмен.

Жаманғали бірден жауап бермеді. Оның ойы күндізгі оқиғаның анығын ашу, соған жауапты адамды табумен шұғыл еді. Ауыл адамдарының бірсыпырасымен сөйлесіп көрді, бәрінің бездіретіні Мырзалық. Мырзалық Шайқымен жанжалдасуы рас-ақ болсын, бірақ одан арғыны бұдан күту қиын. Сонда осы көпшілікті лобылтып желіктірген кім?

Жаманғалидің құлағына Жібек аузын таяп:

— Сізге біреу ынтыға қарап отыр-ау,— деді.

Осыны айтып Жібек жырқылдап күлді. Жаманғали бет алды қызарынып, бусанып терлейін деді. Әйелдер тобының ортасында Жаманғалиға қарай түсіп Қәтима отыр. Бір рет әлденеге күлімсіреді. Мұнда қандай мән бар?.. Жібек дейтін осы елдегі аты-шулы әйел болса керек еді... Шынында осынша көптің көзінше Жаманғалидың мұнымен қатар отыратын не жөні бар еді? Осыны істеп отырған Ақмедия-ау. Ақмедияның кім екендігі — басқаға көмескі болғанмен, Жаманғалиға аян.

— Жолдас, сіз орныңызға барыңыз,— деді Жаманғали Жібекке.

Мәз-мәйрам боп отырған Жібек кенет су сепкендей басылып, Жаманғалиға шошынып қарады.

— Қорықпаңыз, жұғып қалатын ештеңем жоқ.

— Жұқпаса да барыңыз...— деді Жаманғали.

Жібек бұртип ашуланған түрмен орнынан қозғалды. Сырттан қараушылардың осындайды көргіші-ай: Жүзікейдің Ырысбикесі жанындағы бір әйелмен ауыз жабыстырып сөйлесіп, күлісе қалыпты, сөз қып отырған-

дары дәуде болса Жібек... Дайырбайдың кемпірін жұрт: «еш нәрсемен жұмысы жоқ, меніреу» дейді-ау... Меніреу болушы ма еді, осы сияқты болмашы нәрсені минутында сезіп, о да бажырайып қарады. Шынында бұл Жібектің ойынша болмашы ғана нәрсе ғой: милиция жанынан қуған екен деп Жібек жарыла қалар-ау... Одан зорын да көріп жүрген кісі. Жібектің ашуын қоздырған Ақмедияның мінезі, кейде бір орынсыз жерде қыстайтыны бар.

Ашуланып Жібек әйелдер тобының кейінгі жағына таман барып отыруға беттесе де, кенет бұрылып, Жүзікейдің Ырысбикесін тізесімен қаға-маға Кәтімәнің жанына барып отырды. Жібек келді екен деп Кәтима сырылып орын бере қойған жоқ, маңайындағыларды сырып Жібек орын тапты. Кәтима ұнатпаған түрмен Жібекке бірер қарады да қайтадан баяндамашының бетіне бажырайды: Кетебай өкіл тап осы кезде сөзінің ең жанды жеріне келгендей — ілгері таман бірер аттап жұдырығын түйіп, екі қолды кезекпе-кезек сілтеді. Тым қызу сөйлемек болғанда сөздің орнына қолдың ербендеуі — мұның да үйреншікті әдеті еді.

— Айтайық бүгінгі оқиғаны... Айтайық — осыған қатынасқан адамдарды... Бұл — тап жауының істейтін жұмыстары...

Зұлқан қуанып кеткен адамдай дереу алақан ұрлы. Өзара күбірлесіп отырғандар сөздерін бөлісіп президентум жағына қарады. Қалғып отырғандар шошып ояңандай боп, бірер минуттың ішінде әлгі маужыратқан ұйқысының қайда кеткенін білмей аңтан.

— Правильнай... Әй, правильнай-ау,— деді Зұлқан.

Терезенің жақтауына сүйеніп тұрған Мырзалық Зұлқанның бетіне туралап қарады да, кенет кейін бұрылып, терезеге үңілді: дала тастай қаранғы. Өкпек жел ысқырып, сарнап, жаңбыр тамшысын терезеге тас құсатып соғады.

Мырзалық күрсінді. Қабағы жабынқы. Кімге, не үшін екенін өзі де бұлдыр сезетін секілді, әйтеуір бойды керегенен ызалы ашу мазасын тым кетіріп, осы ашудың кегін кімнен аларын білмеген адамның түрінде... Көпшіліктің мінезі де ұйтқыған желге меңзес: кейде сені мәпелеп, сенен жақсы көретін адамы жоқ сияқтанса, кейде — саған сыртын беріп, сенін барынды сезбеген, сені елемеген адам сияқтана қалады. Сол мінез әсіресе осы ауылдың адамында күшті. Бұдан бірер күн бұрын осы отырған топ — Мырзалықты көрсе, жайраңдасып орталары-

нан орын беріп отырғызғанша асығушы еді. Бүгін бәрі де сазарып, Мырзалықпен көптен араз адам сөкілденіп, ешқайсысының мұнымен жұмысы болмай отырып алды... Мырзалықты ашуландырған бұ ла емес, сонау Күркебайдың Қали дегенін көрдің бе, түрінің өзі де жексұрын ғой: көзі аларып, сақал-мұрты киіздей боп ұйысып, киімінің жағасы сағыз жапсырғандай қап-қара кір, біресе Ақмедияға, біресе Зұлқандарға қарап жалтақтап, жағынып, бүлініп отыр... Күні кеше ғана осы Қали Мырзалыққа келіп, әңгіме-кептен өзінің аулақ екендігін айтып, Зұлқандардың тізе көрсеткендігін айтып, жылағандай болып еді...

Мырзалық тағы күрсінді. Көпшілікке сыртын беріп тысқа қараумен тұр. Кейін қарап бұрылғысы келмейді. Бұрылса шам түбінде отырған шокпак бет қара жігіт көзіне түседі. Бұл ячейка хатшысы Жұмақан дейтін кісі. Оған дегенде Мырзалықтың бүгінгі ашуы адам айтқисыз: осы жиылыстың алдында ол Мырзалықты шақыртып алды да: —...«колхоз құрылысын ірітуге кіріссен, кедей екен деп аямаймыз, тиісті шара қолданамыз... Байға құйыршық болып жүрген кедейлер аз емес»,— деді. Осыны Жұмақан не бетімен айтты? Мырзалық не деп тыңдады?.. Байға құйыршық болғанша Мырзалықтың өлгені артық емес пе?..

Кетебай өкіл сөзін бөліп, үстел үстіндегі қағазын ақтарып бірсыпыра тұрып қалды. Іздегені партия комитетінің хатшысы Құжақов жолдастың сөзінен үзінді елі, Кетебай өкіл ол кісіні ылғи еркелетіп «қарт» деп келеді. «Шалдың сөзі араласпаған жерде сөздің нәші келмейді» дейді. Кетебайдың баяндамасын тыңдасаң, сөзінің тең жарымы сол «қарттың сөзінен» үзінді екенін байқайсың. Ол үзінділер және орысшадан тым сорақы аударылған болады да, тыңдаушылар бір сөзіне түсінбейді. Тыңдаушының түсінген-түсінбегендігімен Кетебайдың жұмысы жоқ, ол екі сөзінің бірінде «қарт былай деген», «шал былай деген» деп айтып өтсе, өзіне жүктелген міндетті жүз процент өтедім деп ойлайды.

— ...Сонымен айталық, жолдастар, мен баяндамамы бітірдім, жолдастар,— деді Кетебай бір кезде.

Осыған жалғастыра Кетебай «жасасын» деген сөздерді айтпақшы еді, айтып үлгере алмады — жұрт алақан ұрып даурықты. Кетебайдың «жасасыны» сартылдаған алақан дауысымен көміліп кетті.

Ауыр жүкті үстерінен біреу алып тастағандай боп жұрт күрсінді. Зұлқандар ұйқысын ашты. Біреулер

жағын кере құлаш ашып есінеді. Мелшііп отырған жұртың денелері жан біткендей қозғалып, бірінен-бірі насыбай сұрап атып, жерге былш-былш түкіріп жатты.

— Бітті ме өзі?..Милиция сөйлемес пе екен?

— Бірдемені аңдығандай ту сыртымызда отырып алған екен өзі...

Бірсыпыра жұрт бұрылып Жаманғали милицияға қарады. Ол, басын төмен бүгіп, терең ойға шомған секілденіп отыр.

— Милицияны көрсем зәрем ұшады,— деді Қоңқабай отағасы сирек сақалын тарамдап.

— Қылмысың болмаса несіне қорқасың?

— Сонда да... Өзіме істеген қылдай қиянаты жоқ байғұстардың... Әйтсе де бір түрлі...

Қоңқабай отағасыны жанында отырған біреу шын-тағымен түртті. Қоңқабай шошынып жалт қарағанда, Жаманғали милицияны көрді: ол орнынан тұрып, Қоңқабайлардың жанынан өтіп, терезе алдында тұрған Мырзалыққа барды.

Мәжіліс бастығы үшін Әбдіқан Момынов үстелді тықылдатып, кекеш адам секілденіп аузын ашып біраз тұрды.

— Жолдастар... Ал, жолдастар... Ал, кім сөйлейді?

Құтпан Итаяқұлы орнынан тұрды. Серейген бойы үрлікке аз-ак тимеді. Сөйлеместен бұрын басын бірер толғап қойды. Сыбыр сөзбен отырғандар тына қалып, Құтпанның аузынан шығатын сөзді есіткенше асықты.

— Бәріміз де колхоздан шықпаймыз... Мен нағыз кара табанмын — деді Құтпан бір кезде, тыртық беті жыбырлап, қоқырайған имек тұмсығы бетінің жартысын шам сәулесінен көлеңкелеп тұрды.

— Мақтанба, білеміз,— деді кейінгі жақтан Сәрсекей.

— Ұрлығыңды айтып қойма,— деді Қайқытөс.

— Жолдастар... Әне, сөз бермейді бұлар... Құлшарып сияқты бай сөйлесе, тыңдар еді...

— Кім айтты «бай» деп?

— Құлшарыптай болсаң, құдайыңа құрбан шалар ең...

— Жолдастар... Жолдастар!..— деді Құтпан бакырып: — байдың бәрі құрысың! Далой сволочтар... Құлшарыбын, Мырзалығын... Е... Е... Бәрін айдап шығу керек!..

Жұрт бет-бетіне жамырай сөйлеп, үйді басына көтерді. Мәжіліс ағасы алдындағы стаканмен үстелді тықылдатам деп стаканның түбін ойды. Даурыққан жұрт

сапырылысып, біреулер президиум үстелінің жанына барды. Өңештерін кере айқайлайды:

— Далой Мырзалық!.. Мырзалық шығарылмаса, колхозда біріміз де қалмаймыз...

Тап осы кезде жұрттан ала-бөле Ақмедия отыр. Жүзі жайдары... Жұлқына айқайлағанның біреуі — Қортық дейтін тасбақа — Ақмедияға әлсін-әлі көзінің қиығымсін қарап қояды.

— Жолдастар! Мен үкімет атынан сөйлеймін, — деп Зұлқан орнынан тұрып. — Яғни, мәселен, басқармаға мынадай адамдар дайындадық... Ал, осыған қол көтеріндер!

Дабырлаған жұрт су сепкендей басылды. Сайланатын адамның аты аталмай жатып-ақ біреулер далақтап қол көтерді.

Кетебай өкіл, Әбдіқан ауылнай, Жұмақан хатшы Зұлқанның былай ортадан киіп кеткендігіне наразылықтарын білдіріп иықтарын қиқаңдатысты. Біріне бірі қарады, бұлар өз ара түсініп үлгергенше Зұлқан «дайындаған» адамдарын айтып та үлгерді.

— ...Сонымен «Қызыл жалау» өзінің басқарма дайындау жұмысын талқылап, әбден түсініп, ұғынып мына адамдардан басқарма сайлайды: Ақмедия Мұсылманов (колхоз бастығы), Зұлқан Байжарасов — яғни: мен (колхоз счетоводы), Құтпан Итаяқов (басқарма орынбасары)... Ал, қол көтеріндер!.. Әй, Сәтпек, сен неге көтермейсің?

Жұрттың көпшілігі қол көтерді. Кетебай өкіл мен Жұмақан хатшы Зұлқанның бұл қылығы үшін терісіне симай ашуланып Әбдіқанды иекке алды. Әбдіқан ұмтылып Зұлқанның қолындағы тізбені алғанша, жұрт самсап орнынан тұрды.

— Тұрсайшы, Әубәкір, ұйықтағаның не?

— Жол беріндер, балалар..

Әбдіқан дауыстап тоқтатпақ болғанмен, еріп кеткен жұрт есікке барып кептелді. Әбдіқанның айқайын естісе де, есітпегенге салынып, үйден тезірек шығып кетуге асықты. Дала шаң-шұң:

— Аман құтылдық па?.. Жауып тастай ма деп қорқып ем.

— Қолхозынан шықпаған соң жауып жынданып па?

— Қолхоз болғандарға милиция да тиісе алмайды білем...

— Данияр-ау, Төбет ақсақал сырқат екен, ертең соның көнілін сұраймыз ба?

— Өлмесе өрем қапсын!

— Әй, тәңірі Данияр... Қартайғанда алжысайшы енді...

— Абылай... Уау Абылай қарта ойнауға қалайсың?

— Құтпанбысың әй?..

Мектеп үйінің сәулесі кара күңгірт. Төр алдында отырғандар есік жақтағы кісілерді бұлдыр ғана көреді. Үйде аз ғана адам. Мырзалық терезеге сүйенген күйі әлі тұр. Үстел басында: Кетebай, Жұмақан, Әбдіқан — олар өзара керісумен тұр... Жаманғали өкіл бұларға бірсыпыра қарап тұрды да, қойын кінешкесін алып жазды: «қолхоз жиылысына партия ұясы басшылық қыла алмады... Ұя хатшысы өзінің кім екендігін түсінбеген...»

Кетebай өкіл Жұмақанның нығынан ұстады:

— Кейіме, айтайық — түзеу қиын емес... Қолхоздың тарап кетпегеніне қуан,— деді.

— Жетісерсің!

— Өкім-әй?

— Менмін: асасың ба, кесесің бе?

Мырзалық сұранып ортаға таман келді. Кетebай өкіл аузын жайындай созып күлді:

— Бұл әлгіге ашуланған екен... Қорықпа... Айтайық — өзің тыныш жүрсең, ешкім де сені қолхоздан шығармайды.

— Акмедия, Зұлқан сияқтылармен табақтас болып отыра алман! Өзім шығам.

— Кой-ау...

Кейінгі сөзді тындамай Мырзалық үйден шықты. Мектеп есігі тарс етіп жабылғанда — үй сілкінген секілденіп аспалы шамның жарығы қолбаң етті...

«Әдебиет майданы», 1935, № 7.

ҚЫЗЫЛ ЖАЛАУ

(Басы өткен сандарда)

Мырзалық үйіне кейіп қайтты. Кейіп келе жатқан Мырзалықты есік алдына иірілген қар суы одан жаман кейітті: қанасынан асқан су табалдырықты аттап өтіп, лапастың ішін көлкітіпті. Суды кешіп өтіп, үйіне кіре берем дегенде, есік алдының батпағына тайып, Мырзалық құлай жаздады. Мырзалық одан жаман бұрқырады. Үйге кіріп келгенінде, нақ табалдырықтың алдында, леген толы күлге кездесті. Нұрсұлу келін, әлде қандай

бір шаруашылығы ұстап кетіп, осы күлді есік алдының батпағына салмақшы боп, есікке таман сырғыта түсіп, басқа бір жұмысы болды ма қалай ұмытып кетіп, леген сол жерінде тұра беріп еді... Ашуланып келген Мырзалық, оны-мұны ескерместен, аяғына оралғы болған легенді теуіп жіберді. Күл бұркырап төбеге шапшыды. Кірлі орамалдан шашы бұркырап, тізесін құшақтап пеш алдында отырған Нұрсұлу келін қайнағадан тілің тартпайтындығын істеп:

— Құтырар білем шіркін...— деді бұртандап.

Жартысы жерден қазылған аласа ғана үйдің ортасы кірпішпен бөлулі. Келіннің сөзін есітсе де, есітпегенге салынып, Мырзалық, төргі бөлмесіне беттегенде, екі бүктүсіп имііп отырған өз інісі — Нұрғалиді көрді. Бір түрлі жаралған адам-ау Нұрғали: дүние асты-үстіне келіп жатса да, селт етуінді біле ме екен Нұрғали. Ең арғысы жұрттың барып жатқан жиылысына да бармайды.

Талдырмаш денелі аққуаша әйел — аты Нұрбике — алдыңғы бөлмедегі дауысқа елендеп басын көтергенде, тұнжырап келген Мырзалықты көрді:

— Тұу... Даладағы ашуынды үйден алатының не? — деді.

Нұрбикенің сөзі Нұрсұлу келіндікіндей бұркылдаумен келмей, өте майда естілді.

Мырзалық үйге кірген ынғайда Нұрғалиға түйлікті:

— Ит... Не үйге пайдан жоқ, не түзге пайдан жоқ... Несіне жаралдың екен?..

Мырзалық бір сыпыра аұыр сөздер айтып зіркілдесе де, Нұрғали, жауап беру былай тұрсын, ең арғысы басын көтеріп қарамады да... Бірақ, Нұрғали үндемегенмен, ілінісе түсуге тайсалмайтындығын білдірейін дегендей — алдыңғы бөлмеден бөдірейіп Нұрсұлу келін келді. Көзінің алды ісікше күлтілдеп, бет аузы шаң топырақтан арылмай, Нұрсұлудың әлпеті адам қарағысыз. Ашуға мініп көпірінсе, бұл түрі одан бетер өзгереді. Нұрсұлудың ашуын қозғау үшін Мырзалықтың тағы бірер сөз айтуы ғана керек.

Нұрбике келін мен қайнағаны ұрыстан аман сақтау үшін араға килікті: Мырзалықтың жамаулы күпісін жөнінен тартып шешіндірді. Мырзалыққа күлімсірей, еркелей қарады:

— Шырайлым, ағаң шаршап келді ғой, шайынды ұлгірте қойшы,— деді.

Шам жанында іс тігіп отырған ересек қыз — аты Жәмилә — Нұрсұлу келінге ұнатпаған пішінмен қарай түсіп, шай жабдығына кірісті.

Үй іші бірсыпыраға шейін құлаққа ұрған танаша тынды. Бүктіскен күйі, екі көзін жерден айырмай, Нұрғали отырды. «Күйеуіме сөйлеп көр осыдан, жағаннан ала түсейін!..» деген пішінмен, пешке арқасын сүйей, Нұрсұлу келін отырды. Нұрбике мен Жәмилә Мырзалықтың бабын тезірек тауып, ашуын тарқатайық дегендей, бәйек болумен олар жүр...

Дыбыссыз тынған үйді ызындап әндеткен самауырын мен сақылдап қайнаған ақ құманша өзінше базарлап, көрік беріп тұрған секілді...

Бұлар шайды орталап ішкен кезде Қайқытөс келді. Жүрісі-ақ қызық: төсі жалтырап ашылып, көйлегінің, шапанының жоғарғы түймелері бір салынған емес; қаудыраған шолақ қара тонын иығына жамылады; тозығы жеткен елтірі бөркі май-май боп жұлмаланып, бір жақ шекесінде ғана қоқырайып тұрады... Қайқытөс бір үйге кірген ыңғайында — үйдегілерге жағалай қараумен тұрып, бірсыпыра қасынады. Сосын, ешкім ешнәрсе айтпаса да, әлде неге күлімсірей түсіп, бос орын іздеп тауып бір жамбастап жатады. «Неге келдің?» деп бұдан жұмысын сұраушы да сирек болады. Өздігінен бұл да сөзге араласпайды. Жұрттың сөзін тындады ма, тындамады ма, ол жағы белгісіз, бір сыпырадан кейін үйіне қайтады. «Пәленшенің үйінде болдың ба?.. Не айтты?..» деп біреу сұраса: «Кім тындаған соны, бірдеме деп жатыр еді...» деп, Қайқытөс жауапты қысқа ғана береді. Бірақ, Қайқытөстің бұл мінезіне қарап, «сөзге түсінбейтін милау екен» деуге де болмайды, сөзге түсіне біледі, керектісін пайдаланады да...

Қайқытөс келіп кіргенде Мырзалықтың үйі тым-тырыс боп, шай ішумен ғана шұғыл еді... Қайқытөс, қасынған күйі бір сыпыра тұрды.

— Байқұмар қатынсың-ау... тізесін тигізе отыруын қарашы,— деп, Қайқытөс Нұрбикеге жақындай жамбастады.

— Шайға кел.

— Байынды қандырып ал... Өзі бүгін мықты ашуланды, ашуы тарқасын.

Нұрбике күлімсіреді.

— «Қолхоз болғанда сүттей үйи қаламыз» — дейтінің қайда?

— Басқармасын жанадан сайладық, енді бірдене болмаса...

Мырзалық бірденеден секем алғаннан жаман, ұрттап отырған шайын жерге қойды. Екі көзін Қайқытөске қадады.

Қайқытөс, Мырзалықтың бұл күйін сезбей, төмен караумен жатыр еді, Нұрбике, сездірейін дегендей, оны шынтағымен түртті. Қайқытөс бажырайып Нұрбикеге қарады:

— Ә?.. Бірдеме дейсің бе?..

Нұрбике мен Жәмилә шыдай алмай күліп жіберді.

— Ит... Адам болғаның құрысын!.. Бай-құлақтан басқарма сайлап оңарсың...

— Ә?.. Маған айтып отыр ма ең?.. Мейлі, колхоз аяғынан басса болғаны.

— Басар!.. Колхозды аяғынан бастырғалы сайлап отыр ғой солар...

Мырзалық, осы ашудың үстінде, Қайқытөстің тым бостығын, көрінгенге сенгіштігін айтып бірсыпыра ұрсып алмақшы еді, осы ашудан алыс болайын дегендей Қайқытөс сөзді басқаға бұрды: ол Нұрғалиға бұрыла түсіп, сонымен сөйлесті. Қайқытөспен сөйлескенде Нұрғалидың да шырайы енеді. Екеуінің әңгімесі көбіне колхоздың көлігі, соқа-сайманы туралы: қай атты қайсымен парлау керек, өгіздің пары қандай; іріктеп, сәйкестіріп парлағандай болса, бұрынғы иелері сөз шығарып жүрмес пе екен?.. Міне, осы сияқтылар.

Еріне қозғалып Құлшарып келді. Оның ізінше Қарғабай келді. Құлшарып Қайқытөстермен ғана сөйлесіп, басқаға көңіл қоймайтын сияқтанғанмен, Қарғабайдың шыдамы жетпеді. Ол бір жатты, бір тұрды, өлі тиген малша бір сыпыра дөңбекшіп алып:

— Оны қойыңдаршы, мынаны сөйлесейік: Ақмедияның сайланғанына шынымен көніп отырамыз ба? — деді жұлып алғандай.

Мырзалық бұл әңгімеге қол сіліккендей тәрізденіп, кесесін төңкеріп, кейінірек барып жатты. Құлшарып кенет айтылған сөзге аз ғана бөгеліп, қайтадан өз сөздеріне кірісті.

— Ау, айтсаңдаршы: көнеміз бе, жоқ па?

Қарғабай осы сөзімен жұртты еріксіз өзіне бұрғандай болды: күлімсіреп Құлшарып қарады, қатуланып Мырзалық қарады.

— Адам емессіңдер! — деді Мырзалық шатынап: — керекті жерінде ауыздарыңа құм құйылады. Артынан

барып байбалам саласыңдар... Отырған жоқ па едің жа-
на ішінде?.. Неге айтпадың сонда?

— Ол иттерді сайланады деп кім ойлаған... Мен өзім
сасып қалдым... Әрі сендермен ақылдасып алмаған соң...

— Сен бекерге қорқасың, Қарғабай... Тұстас, тілек-
тес адамсыңдар ғой, саған олар неге тиісін,— деп Құл-
шарып күлімсіреп еді, Қарғабай шабына от түскендей
бұркылдады:

— Сен, Құлшарып, бізге жаттығыңды істейсің, білдің
бе... Әйтпесе, Жәнібек тұқымы маған жақсылық істейді
дегенге кім нанар?.. Мен өлсем осы Әлінің тұқымымен
бірге отырып өлем, білдің бе!.. Құдай айырмаған бір
атаның баласымыз, бізді ешкім айыра алмайды...

— Ау, қойшы әрі дауыңды, айырылмасаң, інілерің
мынау, құшақтас та отыр.

— Қорықпа, Қарғабай, мен тұрғанда саған кім тиеді
дейсің... Бірақ, ант ұрған, малыңды бныл көп қырып
тастадың, пәлене іліктіріп жүрмесең...— деді Қайқытөс
күліп.

— Әй, Қайқытөс, айтпа жаман сөзді!

Қайқытөс бірсыпыраға шейін күлімсіреп отырды:

— Сен, ант ұрған, бірдемеден қысылып жүрмесең
жарар еді, тым бауырмал болып барасың...

— Ит-ау, енді... бір атаның баласы екенімізді жасы-
райын ба?

— Бұрын неге айтпаушы ең?

— Әй, қойшы, сен тіпті...

Қарғабай тызалақтағанмен, бұл отырғандар мұ-
ның әңгімесіне салқын қараған пішін көрсетіп, күнде-
лікті ұсақ әңгімелердің маңынан шықпады. Бұлардың
бұл қалпы Қарғабайды терісіне сиғызбай ісіндіріп, осы
отырғандарды сол минутте түтіп жегісі келген адам се-
кілденді. Сонау бір уақыттарда Қарғабайдың қолында
қырық-елулеп жылқы болып, әйелі Батсайы қымызды
баптап сапырған кезде, Қарғабайдың сөзі құнды-ақ си-
яқтанушы еді-ау... Кейбіреулер Қарғабайдың сөзін жер-
ге түсірмей қағып алып: «Әй сөз-ақ-ау!.. Сөйлесе, Қар-
ғабай сөйлесін...» деп отырар еді... Енді мынау — Қай-
қытөс екең Қайқытөске шейін мазак қылып отырғаны!
Бұған күйінбей Қарғабай неғып тұрсың-ау...

Қарғабайдың әйелі Батсайы — ажарға болсын, ақыл-
ға болсын — ауыл әйелінің көбінен тәуір. Қарғабай оңа-
ша отырып өз-өзіне жүгінгенде: «малдың күшімен алма-
ғанда, осы қатын маған шыны тимейтін еді-ау, ә?..»
деген қортындыға келетін. Қарғабайдың бұл ойының

дұрыстығын Батсайы да тірілтетін: Қарғабай әлде қалай ашу шығарып ұрса, Батсайы, басқа әйелдердей бажылт дап жылауынды білмей, қанын ішіне тартып булығын: «Малыңның аркасында тенелмеске тенеліп қолыңнан келместі істеп жүрсін ғой... көрермін!» дейтін. Батсайының осы сөзі Қарғабайға мылтықша тиіп, малдан айырылса Батсайы бір күн тұрмай кетіп қалатын сияқтанатын... Осы себеп болды ма, әлде туысынан солай ма, Қарғабай мал көбейтуге аш қасқырдай боп тиісті. Адамшылық ар, ұят дегенін бұл кісілерге туасынан-ақ жат секілді еді. Туған-туысқандық, бауырмалдық деген Қарғабайда болған емес. Әлі тұқымының қара тобыр кедейі тамағыма маза бермейді деп Қарғабай өткен өмірінде Мырзалықтардан іргесін аулақ салумен келетін... Сүйтіп жүргенде жер бөлісі кездесті, одан кәмпеске, салық, «кулак» қылу сияқты жұмыстар қабаттасты. Жұмыстың кеуде ортасында Мырзалық пен Құлшарып жүретін болды. Түрлі жақтан қыспақтар келгенде, Қарғабайдың ойына өзінің Әлі тұқымы екендігі түсті. Батсайы да осы ойынан шықты: «Қарына тартпағанның қары сынсын» — деп... жат көріп жүрген олар жоқ, жоламай жүрген өзің» — деді Батсайы Қарғабайға. Содан былай Қарғабай аталастықты бетке ұстап Мырзалықтармен араласа бастады. Аздан кейін Мырзалықпен қысқы қонысын да біріктірді.

Қарғабайдың мықты түсіне алмағаны — колхоздасу жұмысы еді: «апырм-ау, мен осылардан жақсы тұрмыс сұраппын ба?.. Неге қоймайды еркіме?» — деді ол күйініп. «Зорлаған ешкім жоқ, отыра бер» — деді Мырзалық. Бірақ, Батсайы араға кіріп: «бастың амандығы жақсы... Жүсіптің үйі құсап тесік тау өтіп, шұбырып кетерміз» — деп Қарғабайдың үрейін ала берді. Тап осы қарсаңда Төбет ақсақалдың үйі де колхозға жазылды. Колхозға жазылардан бұрын малын қирата сатып, сойғанын сойып, Төбет ақсақал дым көрмеген адам бола қалды. «Сен атаңның басын күтіп жүрмісің?» — деп Қарғабайды сықақ қылушылар да болды. «Он қарасы бар кісі кәмпескеге ілігеді екен» деген қабар да дүңкілдеп жатты. Осының бәрі себеп боп, әкесі өлсе атамайтын асыл тұқымды малдарына Қарғабай қол салды. Салғанда, жұрттай ебінді, астыртын жөнелтуіңді білмеді, әшкере қылып жіберді... «Бүйтіп, тап жауының жұмысын істейтін болсаң, менен аулақ жүр!» — деді Мырзалық бір күні Қарғабайға. «Апырмау, өз малымды сатқанға мен қалай айыпты болам?!» деп Қарғабай жатса да ойла-

ды, тұрса да ойлады... Ой ұшығына жету қиын. Шеткі біреулермен сөйлесе, «Мырзалықтың сөзін тыңдап жүргенің... Мен болсам, ол малды түгел сатып, ақша қылып алар едім» дейді олар. Қарғабай шенгелін тағы салады малға. Бірақ, тап осы жерде, ойламаған жерден Батсайы кесе түседі: «малынды құртсаң, сотқа ілігесің, жер аударыласың... Мал үшін шұбырар жайым жоқ, мен дейтін болсаң, ендігі малға тиме!» — дейді. Қарғабайдың сондағы күйгенін көрсен! Қарғабайға дұшпан адамның айтатын сөзі-ау... Мырзалық айтса бір сәрі еді... Мырзалық демекші?.. Қарғабай осы жерде бір терең ойланады. Тым қатты ойланғанда маңдайы қырыстанып кететін, тап осы жолы да сол пішінге мінді: «Мырзалықты осы қатын аузынан тастамайтын болды-ау... Соңғы әзірде осы қатын ақыл айтатынды шығарып жүр ау?..» — деген ой қылтындап Қарғабайдың ашуын бұрынғыдан да күшейтеді. Шынында бұл сезік Қарғабайда көптен болатын. Қарғабайдың сонау бір кездерде Мырзалықтан қашықтап жүргенінің себебі де осы еді-ау... Енді араласса, шарасыздан араласқан сықылданып жүр. Бірақ, шарасыздыққа түскен екем деп Қарғабай қатынын бетімен жібермекші ме? Болмас, шырақ!.. Қарғабай да адам. Қарғабайда да намыс бар. Шынын айтсаң — осы күнгі жұрттың көбінен Қарғабай өжет... Олай болса, мынадай сезіктің үстінде тұрғанда, Қарғабай, күмәнді ашып алуы керек... Осы ой Қарғабайды таза билегендей болды да, ол, көптен сарқылып қоюланып жүрген ашудың кегін Батсайыдан алуға қамданды. Бір күні, ойламаған жерден ашу шығарды да, есікті мықтап іліп, қырлап өрген қамшыны қолға алып, Батсайыға төне түсті: — «Сен, қатын, осы, Мырзалықты аузыңнан неге тастамайсың?.. Маған қайдан ақыл үйрететін болып жүрсің?..» деп... Бұрын, Қарғабай мұндай ашу шығарғанда, Батсайы, үндемей ығып кететін секілді еді, осы жолы бедірейіп тұрып алды: «Тиіп көр осыдан...» деп. Қарғабай Батсайыны қамшының астына алды... Батсайы мен Қарғабайдың бірлесіп өткізген өмірінде бұл сияқты картинаның ұшы-қиыры жоқ, бірақ, соның бәрі кезінде ұмытылып, ізсіз жоғалып үлгеретін сияқты еді, осы жолы қатаңырақ тигені: ауылға мылтығы шошайған бір милиция келе қалып, қатын-қалаш арқылы бұл әңгіме соның құлағына тиіп; оның үстіне, кек алуға тырысқан кісідей Батсайы төсек тартып жатып алып, Қарғабайды жан алқымға келтіргені... «Қатыныңды ұрып не көрінді یت, қарап жүріп сотқа тартылмақпысың?» деді Қайқы-

төс кездесіп, Мырзалықтың сынайын байқайын деп іздеп барып еді, ол мұның ойын сезе қалған кісідей, теріс қарады. «Жығылғанға жұдырық» деген-ау, тап осының қарсаңына кедейлер тобының жиналысы болып, ауылнай қол астынан 10 шақты үйді кәмпескелеуге қаулы шығарды-мыс деген қабар тарады.

Оның ішінде Қарғабайдың да аты барлығы білінді. Мал құмарлықтан басқа Қарғабайдың білері бар ма, ақыл керек болды, сүйенетін шын тірек керек болды. Мырзалыққа тағы барды Қарағабай: туысқандығын айтты, замандастығын айтты; «өзім үшін емес-ау, Батсайы қорлыққа түсе ме деп зәрем жоқ»— дегенге шейін айтты... Осы соңғы сөзіне жібіді ме, әлде, өзінің түпкі ойы солай болды ма, «қорықпа, саған ешкім қағылмайды» деді Мырзалық. Осы қызумен келіп, Қарғабай Батсайымен табысты: «қатын-еке, бір ашуынды кеш, менікі қате екен... Малды да, жанды да колхоздың ортасына салып келдім»,— деді күліп. Неге күлгеніне өзі де түсінбеді... Колхозшылар тізімінің жуан ортасына мынадай сөз үстелді: «Қарғабай — жасы 38 де, хат білмейді, Батсайы— әйелі, жасы 27 де, хат білмейді, ортақтастырылған малы: 8 ат, 12 бие, 1 айғыр, 10 өгіз, 7 бұзаулы сиыр, 75 қой...» Сол күннен бастап Әбдіқан ауылнай, колхоздың рұқсатымен Қарғабайдың қара жорғасын тақымына басты. Қарғабайдың жаңа көшевой шанасы колхоздың салдыр-салақ жегуіне төзбей түбі ойылып түсті, жағалай кенері сөтілді. Оны көрген сайын Қарғабайдың жаны шығып кете жаздады.

Мұның бәрі де ойыншық еді. Бәріне де бір тиым болар деуші еді Қарғабай. Соңғы әзірде жұрт «слобода болыпты» деп даурығып, бір сыпырасы колхоздан шығамыз деп қанатын қомдап-ақ алды. Бұған Қарғабай адам айтқысыз қуанды. Бірақ, бұл ойын әзір жасырын ұстаған болып, өзінше қулық істеген болып: «әттеген-ай, бекер қопақтайсыңдар-ау, колхозымыз жақсы еді...» дейтін болды. Айтуын айтса да, осы ит осыныма сеніп қала ма деп қауып еткендей боп: «ерік әркімнің өзінде депті ғой, өзің білесің... Шығамын десең, жеке шығасың да отырасың, кімнің таласы бар»— деген сөзді үстеп қоятын болды...

Бүгінгі жиылыстан Қарғабай мықты үмітті еді. Жалғыз Қарғабай емес, колхозға кіріп отырғандардың бір-сыпырасы-ақ бүгін жігін бөлектеп, колхоздан әйгіленіп шықпақшы еді. Жұрт сыпырыла шыққан соң, Қарғабайға кімнің өкпесі бар, аяғын ала о да кетпекші еді...

Үміт кесілді. Бұл жиылысқа түсінбеді Қарғабай. Қанатын қомдап қаптап отырғандардың аузына құм құйылды. Бәрі де ойыншық-ау, Қарғабайдың зәресін ұшырып отырған — Ақмедия мен Зұлқанның басқармаға сайланғандығы болды-ау!.. Мырзалыққа арқа сүйенгеннен бері Қарғабай оларыңды танымай кеткен кісі ғой. Оның үстіне, «Қарғабайды кәмпескелеу керек» деп бір кезде кедейлердің бірсыпырасын жұмылдырушы да осы Ақмедия мен Зұлқан еді-ау... Енді, екеуі бірдей басқарманың басына мінген соң, алдымен Қарғабайдан өш алуға кіріспей ме? Өш алғанда алдымен Қарғабайдың малының көзін жоғалтады-ау: анаған керек, мынаған керек — деп орындай берер, қарсы тұра ала ма оған Қарғабай?..

Қарғабай, Мырзалыққа осы келгенінде жан күйді боп, қатты-қатты сөйлескелі келген еді. Үйінен шығарда, өш алайын деген кісінің түрімен Батсайыға айтып кеткен. «Адам болмайтын итті сағалаймын деп көресімді көргелі отырмын» — деп... Дегенмен, қатаң сөйлеуге аузы бармады Қарғабайдың. Мырзалықтың түрінде мұқалғандық, бас игендік жоқ, қайратына мінсе, ашу шақырса, бәрін бүрк-сарқ келтіретін адам секілді әлі... Осылай деп ұғынды Қарғабай. Осылай ұғынғандықтан, ашулы сөзін емін-еркін ағыта алмай, тебеген аттың маңына жуый алмай қашырыс салған адамша, қашырыс салып қана сөйлейді...

... Үй іші әлі баяғы күйінде. Жазғы егіске өздерінше жоспар құрған боп пеш түбінде Қайқытөс пен Нұрғали жатыр. Төр алдында күңкілдесіп Құлшарып пен Мырзалық отыр. Жәмиланың кітабына үңіліп, кітап жайын эңгіме қып, шам түбінде Нұрбике отыр. Сөйлеушілерге де, кітап оқушыларға да қосылмай, өзі мен өзі болып, тізесін құшақтап, тұлданған пішінмен Нұрсұлу келін отыр...

Қарғабай ауыр ойды бастан қуып, керекті жұмысқа кірісейін деген адамдай басын көтеріп, Мырзалыққа телміріп қарады. Тап осы кезде Мырзалық:

... Сен ойыңды айтшы, — деді Құлшарыпқа.

— Сен айтшы, мен тыңдайын.

Мырзалық, не айтарын білмей бөгелген адамға ұсап, есікке телміре қараған күйі, бір сыпыра шынашақтап жатты.

— Мен айтсам ба?.. — деді бір кезде. — Мен айтсам — Жұмақан мен біздің арамызға арапшы кірді. Кедейлер тобына салмай партия ұясы мына басқарманы бекітпеуі керек еді... Іс өтіп кетті. Қайта салғанмен жеңіп шығуы-

мыз тағы күмәнді. Одан да біз бөлінейік: өзімізге еретін кедей мен орташаны жинап алып, жеке колхоз болайық...

— Опырмау, табылған әңгіме болды-ау мынау... туу... деп, Қарғабай жайраңдап, жымың қақты.

Құлшарып көпке шейін сазарып, өңін жылытпады, ұнатпаған түрмен Қарғабайға ала көзімен бір қарап қойды.

— Мұныға қосыла алмаймын!— деді Құлшарып күрсініп.— Уақыт тығыз қалды. Бірер жетіде егіске шығу керек. Бөлінеміз деп жүргенде кесіптен қаламыз. Бұларға өкпелеп егін салмай қалуымыз маскара... Жұмақанға сөйлесейік, айтайық, не ойы бар екен — білейік. Бай-құлақпен күресетініміз анық болса, неде болса ортасында отырып күресейік!

Мырзалық үндемеді. Сөйлеуі-ақ қпын-ау мұның. «Ендігі сөзді сенен күтем» деген секілденіп Құлшарып та үндемеді. Осы екеуінің мінезі қызық: бірін-бірі сөзсіз ұғынатын адамдар секілді. Көптен осылай: бала жастан бірге өсіп, біріне-бірі жап қиғандай жақын болып, сол күйлерін өзгертпестен әлі келеді...

Түннің бір сыпырасы өтті. Ысқырынған жел дауысы басылып, тынған секілденді. Шам сәулесі қалтыраңып, көмескілене түсті.

— Мына құрғырының майы біткен бе? Келін, май құйшы әкеш!— деп Нұрбике Нұрсұлуга бұрылып еді, ол самай шашын бұрқыратып бірсыпыра қасынды да:

— Керек болса құй өзін, мәлай керек пе?— деп беталды көпірініп, тарпыл-тұрпыл басып алдыңғы бөлмеге шықты.

Құлшарып пен Мырзалық Жұмақанмен сөйлесуге кетті. «Сен де жүр» деп Қарғабайға айтпады олар. Айтқанмен де бармайтын еді Қарғабай. «Осыларың әлсірей бастапты-ау» деген ой бұған аяқ астынан сап ете түсіп, сол минуттен бастап Қарғабай бұлардан бойын аулақ сала бастаған сияқтанып еді.

— Нұрғали, ә Нұрғали?.. Қарғабайдың қызыл өгізі мен мұқыл қара өгізді парлайық дейсің бе, ә..?— деп Қайқытөс өзара әңгімесін айтумен жатыр еді. Қарғабай сабырдан айырылған адамдай аптығып:

— Жекпейсің, бе?.. Жегерсің! Жеккізіп қояды ғой саған.. Тапқан екесің дорақты!— деді.

Айтуын айтса да, осыным асығыс болды ма дегендей қысылып, мұнысын жуып жіберердей қолайлы сөз таба алмай, сол бетімен Қарғабай үйден шықты.

— Уа, тоба, осы Қарғабай, ә?..— деді Қайқытөс таңданған кісідей.

— Жүсіптің үйі құсатып шұбыртып жіберетін кісі ғой, біздің «әлігінің» ара түсіп, көрмеймісін...— деді Нұрбике қызарандап.

Қайқытөс қарқылдап күлді:

— Құдай атсын, Нұрбике, Батсайыны жер аудартып өш алмақсың-ау бір...

— Өш алған несі?.. Қой, шырағым, бізден тату адам жоқ.

— Әне, әне, қызарды... Өй ант ұрсын Нұрбике... Әй, құдай сені алмайды ғой,— деп Қайқытөс одан бетер күлді...

... Қарғабай үйден шықанда, жел тынып, бұлт төбесінен жарылып ыдырап, түн шытқыл аяз бола бастаған еді. Көлкіген судың беті қабыршықталып мұзға айналды. Ауылдың көбі шамын сөндіріп, ұйқыға шомылты. Сонау қомақты көрінген қыстау — Төбет ақсақалдікі. Адам алғандай қабаған ала төбеті болушы еді, тынық түнді басына көтергендей боп заңқылдап үріп тұр. Сол маңайда адам бар-ау... Шамының жарығын қарашы!.. Құдай берген адамды қойсайшы, бақ-дәулеттің игілігін өмірі көрумен келеді. Көрінгеннің тіліне еріп, өз жиғаны өзіне бұйырмай отырған Қарғабай сияқты болып па ол?.. Паналаған соң сондай адамға паналамай, осы Қарғабайдың адасып жүргені не әлі?.. Қарғабай барса, паналаса кет деп отыр ма ол?.. Ақмедия мен Зұлқан да сөзге түсінбейтін жігіттер емес қой, Мырзалыққа бұлданып соларға сырт беретін Қарғабайдың не жөні бар еді? Мырзалық кімге паналық боп жарытқандай! Мырзалықтың әкесі Қошақан дейтін кісі — баяғы ашаршылық болатын Ұлу жылы аштан өліп еді. Жетім қалған інісі мен қарындасын жетелеп, осы Мырзалық, көрінген үйдің жуындысын ішіп күн көрген жоқ па еді?» Масқара-ау, осыдан береке шығады деп жүрген... Одан да Төбет ақсақалдың алдына барса, «адасқан екем, алдына келдім, кәрі аруақ өзің жебе, қанатыңның астына ал!» десе, Төбет ақсақал риза болып қалмай ма? Төбеттің баласы Шауыпкел—әрі комсомол, ауылдық кеңес хатшысы, інілерінің бәрі ат үстінде... Апырмау, не деген құдай берген адам бұл? Мұны Қарғабай неғып ескермей жүрген?.. «Балалар, мынау Қарғабай дейтін ағаларын, орталарыңа алып, адам қылыңдар» демей ме ол? Сосын Қарғабайға кімнің тісі батады?.. Түу... Осыны ойламай жүрген... Оның үстіне Қарғабайды оларға жағымды қылатын бір

жұмыс бар-ау: Мырзалықтың сырын түгел біледі бұл. Төбет ақсақалдың басын жұтқалы Мырзалық не істемеймін деп жүр, соның бәрін айтып берсе, Төбетке Қарғабайдан сыйлы адам болар ма?..

Мырзалықтың үйінен шыққалы, Қарғабай, жоғарғы сияқты ойға шомумен жүріп отырып, бір жерге келіп тоқтады: Бұл — үй арасы жолының екіге айырылатын жері еді, бірі — өз үйіне барады да, екіншісі — Төбеттің үйіне барады. Қайсысына түсу керек, әңгіме сонда. Жанағы ойы шын ба еді? Соны істеуге бел буды ма өзі?..

Мұндай боп қыспаққа қысылғанда, бір жағына шындап бел буу деген Қарғабайдың әдетінде жоқ-ау. Ойланып-ойланып келіп, екі жағына да бел буа алмай дағдарып тұратын ғой бұл. Ақырында сол жұмыс өзінен-өзі істелген сияқты боп орындала салатын. Шаруашылығына да солай еді-ау бұл: «Күрең бестіні үйірге салу керек пе, жоқ па?» деп он күндей ойлап басын қатырып жүргенде, күрең бесті мұның ұйғарындысын күтпей үйірге өзі түсіп кеткен ғой. Ондай жұмыс көп болатын еді ертеде. Бірақ, мынаны сонымен теңестіруге бола ма? Мұны әбден салмақтап барып шешу керек-ау...

Қарғабай екі оқтыланып жол айырымында бір сыпыра тұрды. Көк жүзін бұлт қайтадан қаптап, қараңғылық қоюлана түсті. Мауыққан мысық па, жылаған бала ма — оң жағындағы қарауытқан қораның іші ың-жың болды. Бұл Сәтмағамбеттің үйі-ау?.. Сәтмағамбет жақында қайтып еді. Бүгін күн бейсембі екен-ау...

Қарғабайдың ойын жоқ жерде басқа нәрсе бұрып әкеткені. Әлде неге еті түршіккен секілді. Қора маңында бірдеме қараңдап па, ағараңдап па жүрген секілденді. Бұ не сұмдық-ау... Қарғабай өз үйіне бұрылса, қораны жанай жүру керек... Қарғабайдың батырлығы оған жетпеген секілденіп Төбеттің үйіне беттеді. Ойынан Сәтмағамбетпен былтырғы бір ұрысқаны, тісін ақсита тістеліп, жеп жібере жаздағандай боп Сәтмағамбеттің бұған ұмтылғаны... көз алдынан кетпеуін қарашы... Қарғабай, алақтап артына қараймын деп кенет сүрінді, мұрттай ұшып, көлкіген судың ортасына түсті. Сәтмағамбет келіп желкесінен түйіп жіберген секілденді... «Пісмiлдә,— пісмiлдә» деді Қарғабай суға малшынып тұрып жатып. Суды кеше-меше, басқаны ойлауға мұршасы келмей, жүгіре басып Төбеттің үйіне жетті. Ала аяқ ит арсылдап үруін үдете түсті. Қарғабай есін жаңа жинағандай боп, терезе жарығына жақындап, үстін қағынып, демін алды. Манағы ой қайта қаптады басына, ау, бұған бел буып па еді

бұл?.. Адасып жүрген жоқ па? Қатуланып жүрген болса қайтеді?. Жанға ақылдасқан жоқ, өз бетімен жұмыс істейтін кім еді бұл? Тым болмаса Батсайыға айтуы керек емес пе?.. Осыны бүгін қоя тұрса қайтер еді, ә?..

Ойға шомып тұрып Қарғабай еріксіз үй ішіне көз салды: Төсек үстінде күбдей боп, бурыл жібек сақалып сипай түсіп, күлімдеп Төбет ақсақал шынтақтап жатыр. Оның бас жағында — бір аяғын көсіліп, жаланбастанып білекті түрініп Зұлқан соғып отыр көпірініп. Ақмедия, Шайқы, Құтпан, Абылай, Қортық, тағы басқалары бар— үй толы адам. Не сөйлесіп отырғандарын білер ме еді, ә?.. Қарғабай, күртік қарға белден батқанына қарамай терезенің ернеуіне келді. Зұлқанның бір сөзі естілсе, екіншісі естілмейді. «Қарғабай Қайралапов» деген сөздің құлағына сап ете қалғаны... Қарғабай етіне біз сұққандай түршікті. Емпендеп, жүрегі алып ұшыл, терезеге жаққындай түсті. Зұлқан, қасақана істегендей күбірлеп сөйлеп, бірін дұрыс есіте алмады Қарғабай. Оң қолын шолтандатып, жұдырығын түйе түсті Зұлқан. «Апырмай, бір сөзін де есіте алмаймын ба осынын?»— деп, Қарғабай терезеге төне түсемін дегенде, желкесінен бір нәрсе күрс ете түсті. Соның салмағымен Қарғабай басымен терезені сүзді. Терезе де салдыр-күлдір қирап, терезенің ағашын мойнына іліп Қарғабай үйге кіріп кеткендей де еді, біреу аяғынан ұстап кейін қарай сүйрей жөнелді...

Үй ішіндегілердің қандай күйге түскенін Қарғабай біле алған жоқ Ол есі кіресілі-шығасылы күйде біреудің текпісінде домалап жатқанын ғана сезеді.

— Өлтір итті!.. Тірі жіберме! — деді біреу барылдап...

...Қарғабай есін жинағанда өз үйінде, өз төсегінде жатқанын көрді. Күннің көзі сонау баған түбіне түсіпті, түс болып қалған-ау... Көзін жүгіртіп үй ішіне жағалай қарағанда, төр алдында отырған милицияны көріп, әлде неге сескенді: «Бұл неге келеді? Не істеп отыр? Мен неге жатырмын осы?» деп ойлады.

Бағанға арқасын сүйеп, жыртық кепкені милықтандыра киіп, милициямен сөйлесіп Сәрсекей отыр еді. Қарғабай бар күшін салып соның сөзін тындады:

— Мен басқасын білмеймін: үйге келе жатыр ем, шаң-шұң дауыс шыққан соң әдейі бұрылып бардым, барсам, Қарғабай есін білмей жатыр екен...

Қарғабайдың ойына түнгі оқиға енді келіп түсті. Түсуі-ақ мұң екен, өзін-өзі ұстай алмайтын күйге жетіп, орнынан көтеріле түсті:

— Жолдас милице! Мен байлардан көрдім көрсіні. Мен дейтін болсаң, Төбеттің басын түрмеде шіріт!— деді.

Осыны айтуы-ақ мұн екен, көзінің жасы ыршып атыла берді. Батсайы ауыр күрсініп, орамалмен Қарғабайдың көз жасын сүртті.

— Төбет, терезесін өзі сындырып, жаласын аударып отырған жоқ па? Осы жерін сезе алдың ба?— деді милиция Сәрсекейге.

— Айта алмаймын,— деп Сәрсекей басын шайқады.

IV

... Ауыл адамдарының бірсыпырасының бас қосатын жері Төбет ақсақалдың үйі. Бір кезде бес-алты бөлмелі ағаш үйге не болған кісің еді бұл Төбет. Соңғы бір-екі жылдың ішінде Төбет ақсақалдың малы судай ақты да, аяғында кеп ағаш үй де сатылды.

— Қайтқан дәулет солай болмақ қой, бір қыры кеткен соң бола ма?— деп кемпір-шалдар аңыз қылысты.

— Мал деген қолдың кірі емес пе, бағынан айрылмаса болды да,— деп көңіл жұбатушылар да табылды.

Кемпір-шалдың ұйғаруынша Төбет—«бағы» тайған кісі емес еді. Төбеттің ширегіне келмейтін, бір кезде Төбеттің кебісін салып жүрген кісілер «құқ» болып, мүлкі қатталып «барса келмеске» жол тартты. Төбет әлі елде. Елде болғанда— жұрттай копаңдап, көрінгенге айтақтап отырған кісің емес, «істерімді істедім, енді менде жұмыстарың жоқ» деген кісідей,— уайым-қайғысыз шал-жиюмен жатыр.

— Сабаз, Төкендей кісі бар дәймісің, айылын жиюды білмейді, жанның тісі батпайды... Жалғыз-ақ сақтығы— баяғы би боп жүрген кездегі қағаздарын өртеген білсін... Баяғы Жұмағалиды орысқа ұстап беретінде алған медалі болушы еді ғой, соның қарасын батырған білем...

— Ай-һай-һай, алыстан шолуын қарашы, соның өзіне де ми керек-ау...

— Ерден иман құтылмайды деген, дүниені сүйтіп келді де, ақырында құдайды тапты: Әзірет Сұлтанға бір барғанда екі барып күні-түні таспық тартатын болды...

Төбет ақсақал туралы тараған осы сияқты сөздер елдің бірсыпырасының-ақ аузында жүр. Бұл әңгімеге жастар да қанық. Ауыл аралаған өкілдердің құлағына да шалынады, бірақ ескерусіз қала береді.

Төбет ақсақалдың тоқалынан туған бір ұл, бір қыз бар еді. Қызы ажарға тәуірлеу болды да, ел қыдырған

Дәметкен қатарынан үш қыз тапты. Қыз тапқанына қуанбаса, күйінбейді. Құтты болсын айта келген абысын-ажындары «тағы бір «қырық жеті» таптың ба?.. Малдың астында қалмасандар жарар еді» деп күлісуші еді. «Қайтсын, құдай берген соң тастасын ба!» деп, кемпірлердің көңіл жұбататыны да болушы еді. Төртінші баласы ұл болып, оның атын Тәңірберген деп қойды да Дәметкен баладан тоқталды.

Кедей жерден шықса да, кісі есігінде жүріп күні өтсе де, Дәметкендегі жалғыз қаснет — тазалық, ептілік еді. Асықпай-саспай жүріп не нәрсені болса да тап-тұйнақтай қылып бітіре қоюшы еді. Осы мінезінің, қолының ептілігінің арқасында байлардың үйіне басқадан көрі өтімді, бірер аяқ қымызды басқадан артық ішіп кеткендей, басқаларға бұйырмаған байдың ескі-ұсқысын ала-алатындай өнері бар еді.

Үш қызы қолдың саласындай боп, қатар өсті. Ең үлкені Жұмакүл дүрдіген, қорасан дақты, тұйықтау адам, Дәметкен ерінділеу, мұны «Жұмакүлдің мінезі әкесіне айнымай тартқан» — дейді; екінші қызы — Ырымкүл; қағылез, сұршаң, көзі ойнақшып, ұшып-қонып жүрген бір қыз. Дәметкен оны ұнатпай: «Ырымкүл қарағым-ай, не боп кетер екенсің? Ер жеткен қыз деген сызылып тұрмас па?!» — деп кейде реніш білдіреді. Үшінші қызы Тенгекүл нақ мына екеуіндей бой жеткен емес, бой жетсе де, алдында екі апасы отырған соң өзін балаға санап, оның сөзіне, жүріс-тұрысына ешкім сын тағарлық емес еді.

Бұл үш қыздың үшеуі де күйсуге берілуден, я құда түсіп мал алындан сау еді. Абысын-ажын «қырық жетінің астында қалдың» деп Дәметкенге жорамалдағанмен де, сол қырық жетің бұл үйдің маңына әлі иіріле қойған жоқ еді. Оның себебі бұл қыздарға күйеу табылмағандықтан, болмаса жұрттың мал қимағанынан емес, тұп-тура Бокбасардың өзінен еді: Бокбасар бір емес, мыңның бетін қайтарды... қатыны өлгендер, баласына қалың бергісі келгендер, бірер пысықшаны жанына сәттіп күнтуған тобына келеді. Көрші үйлердің біріне түсіп, қыз көруге ат қосшыларын жібереді. «Бой жеткен қыз көрінеді, пысық көрінеді, бой-басы түзу көрінеді...» деп, ат қосшы түс-түгін айтып береді. «Құдай бұйырғанда, малынан қашырмаса, құда боларымыз-ақ» деп келгендердің көтеріліп қоятындары да бар. «Күнтуған тұқымында қырық жетіге қыз берген бірі жоқ, көп болса жарты қалың алар» — деп малына сеніп күмпілдейтіндер де болады.

оқығандар Төбеттің үйін жағалайтын болды. Жұмысы болсын-болмасын, елдің атын сабылтып тепектеп бара жатқан «қара таяқты» көресің.

— Уа, жол болсын!

— Бір жұмыспен осылай қарай бара жатқаным...

— Ай қу-ай, Шекер сұлуды көруге барасың-ау, ә?— дейді ондайлар біріне-бірі кездескенде.

Алғашқы кезде бұл қызды ауыл белсенділері иемденіп, одан аудан көлеміндегі оқығандар араласты. Сүйтіп жүргенде «бәріңдікі де әурешілдік» дегендей боп, өлкеден келген Орынбай дейтін қутындаған бір өкіл Шекер сұлуға жабыса түсті.

— Менен несің сұрайсың, шырағым, заман өздеріңдікі, бірінді-бірін ұнатсаң, қосыла беріңдер, — деді Төбет ақсақал мырс-мырс күліп.

Ақылды-ақ емес пе, ә?

Ауылдың кейбір белсенділері, ауданның кейбір қызметкерлері Төбет ақсақалдың кім екенін жаңа таныған секілденіп, «құдайын танытамыз» деген болысып еді, күйеу шіркін қайын атасын қайдан тәлкек қылдыра қойсын-ау, әлгі қикайып жүрген белсенділердің кей біреуі «бас бұзар» атанып сотқа ілікпей аз-ақ қалды.

Сонан былай Төбет ақсақалдың үйіне өткеш-кеткен өкілдерің де ат басын тірейтін болды. Ондайлар Төбетті іздеп келмейді, Шекердің төркінін іздеп келеді, қайтерсің...

Төбет ақсақал таспиқпен шұғылдануда. Дүние сөзіне кірісу деген оған жат. Баласы жастау еді. Дегенмен әкесіне тартқан пысық. Төбет ақсақал осыны сезгендей шаруа билігін баласына түгелімен берді. «Шауыпкел Төбетов» дейтін пысық көзі қара бала осы кісінің баласы. Өзі комсомол. Ауылдық кеңес Әбдіқанға қатшы боп жүрген де осы бала. Жазғанда қолы-қолына жұқпайды. Әбдіқан Момынов дейтін жігіт шын момын ғой: дұрыс істеп жатсын, бұрыс істеп жатсын — «мынауың былай ғой» деп Шауыпкелге бір айта ма екен сірә... Айтуын былай тұрсын, Шауыпкел бала қағаздың көбіне Әбдіқанның қолын сыртынан қойып жібере береді. Сенісіп істеген соң солай болмақ қой...

Осы елдегі Әбділде дейтін молда молдалығын тастаймын деді де, жұртты нандырамын деп бас салып ішіп, қарта ойнады. Соның сәлдесін Төбет ақсақал сұратып алған ғой. Алғаннан бері бұл сәлдені басынан түсірген емес: басында сәлде, қолында таспиқ. Бірақ, бір ғажал жері — бұрынғы сопылар құсап көзін жұмып мүлгімейді,

көзі маңайының бәрін шолып отырады. Құлағы да түрік: сыбырлаған сөзді де естіп отырады.

Ахмедия, Зұлқан сияқты кәзіргі «пысықтар» тізгін өзімізде деп ойлағанмен, неге екені белгісіз, бірер керекті жұмысқа кірісерде осы Төбет ақсақалдың үйінде отырып кеңеседі. Төбет ақсақал бұлардың сөзіне кірісе ме:

— Менен аулақ, шырақтарым... Асырадым, баулыдым, жұрт қатарына қостым, енді, маған тыныштық беріндер,— деп бұдан бір жыл бұрын ашып айтқан болатын.

Дегенмен керекті кеңес әлі осы есіктен тарайды. Әңгімені ортаға салушы Зұлқан болады. Төбет ақсақал таспиқ тартқан күйі, бұлардың сөзін елемеген болып отырып, кейде, «хе-хе-хе» леп тықылдатып күледі, кейде «е» деп тіксініп қалады; кейде, «ау тоба!.. Шүкір, шүкір» — деп қояды. Осы дыбыстарының өзінше еркше мағанасы бар, Төкең үйіне жиналатындар мұны ұғына біледі, соның ыңғайына қарап жұмыс жоспарланады.

Түннің бір сыпырасы өткен болса да, жиылыстан тараған Зұлқан мен Ақмедиялар тобын жазбастан Төбет ақсақалдың үйіне келіп, есіткен-білгендерін ортаға салды. Содан кейін колхоздың келешектегі жұмысын кеңесті. Кімді қай орынға сайлау керек, қай жұмысты қалай атқару керек,— әрқайсысына арнаулы ұйғарынды шығарылып жатыр. Тіпті бір есептен осының өзі колхоз басқармасының мәжілісі сияқты-ау, әлгі ұйғарындыларын Зұлқан қойын книжкасына жазып отыр... Бір жұмысқа лайықты адам қарастырғанда Зұлқан Қарғабай Қайралапұлын атап еді, Төкең тіксініп, ұнатпаған пішін көрсетті. Зұлқарнай бұл қатасын тез түзейін деген кісідей боп, Қарғабайды балағаттап, жамандап дауырға жөнелді. Қарғабайдың бұл үйдің терезесіне келгені де тап осы кез еді-ау... Қарғабайды колхоз жұмысына араластыру былай тұрсын, өзін конфискуелеп жер аудару керек деп қортынды шығаруға қалғанда, салдыр-гүлдір терезе қирап, терезе ағашын мойнына іліп алған Қарғабайдың басы, шоқша сақалы, нмиген тұмсығы, адырайған көзі көрінді. Үйде отырғандар үрпиісіп, бірер минут естерін жия алмаған секілденді...

Төкең ақсақалдың сақтығы-ау, жастар жиналып үйіне келсе, інісіне ым қағады. Төкеңнің қасы мен қабағына қарап, өзін сол Төкең үшін тудым деп білетін бір інісі бар. Мынадай кісі басы құралып кеңеске кірген кезде, ол ала аяқ итті жанына алып, даланы торумен болады. Ауыл үй отырып осы сырды сезбей жүрген Қарғабай аң-

қау-ау... Қарғабайдың аяғынан сүйреп, тепкінің астына алып жүрген сол кісі еді...

Бұл оқиға кенет кездескендей болып, жастар жағы не істерін білмей дағдарған секілденіп еді, Төкең кемпіріне қарап:

— Миллицені шақыр! Мені басынатын Қарғабай кім еді? — деді ашуланып.

... Жоғарғы Қарғабай үйіндегі Сәрсекеймен сөйлесіп отырған Жаманғали милиция түн бойына осы үйде протокол жазумен әуреленіп, оқиғаның тууына не себеп болғанын, неден басталғанын біле алмай-ақ қойды.

Осы қарсаңға Қарғабайдың үйіне Мырзалық келді. Бұл — таң атқалы Мырзалықтың бұл үйге үшінші келуі еді.

— Қалай, есін жиган жоқ па? — деді Мырзалық Батсайыға.

Қарғабай көзін ашып Мырзалыққа бақшнды:

— Мырзалық! Осы кегімді де жібересің бе? Өлтірді ғой мына байларың... — деп Қарғабай тағы қамықты.

Мырзалық үндемеді.

... Жаманғали милиция, газетке оралған темекісін алдына жайып салып, шылым орауға кірісті. Ойы өткен-кеткенді шолумен болды. Әсіресе түнгі колхоз жиылысы. Жергілікті кеңес орындарының сол жиылысқа иелік қыл алмағандығы... Жиылыстан тарағанда Жаманғали Кәтиманы тағы қолтықтап қайтты. Шынын айтсақ, жұрттан қалып Кәтима мұны есік алдында күтіп алды. Екеуі қолтықтасып келе жатып колхоз жиылысында болған кемшіліктерді сөз қылды. Одан басқа сөзге екеуінің де аузы бармады. Басқамен шынында жұмыстары да жоқ секілді еді...

Бұлар жиылыстан қайтқанда — Тоғызбай отағасы мен кемпір асын әзірлеп, бұларды күтіп отырған болды. Ас жеп отырып Жаманғали милиция баяғы әңгімесіне тағы кірісті:

— Апырмай отағасы... Балаңыз кеңес мектебінде оқып жүр. Қызыңыз комсомол... Осы ауылдағы саналы адам дегеннің бірі, сіздің өтірік айтуыңыз... — деді.

Тоғызбай отағасы мықты ұялыс тапқан секілденді. Оны-мұны айтқан боп баспақтатып отырып күндізгі оқиғаға көшті. Оның ішінде қызыл қашардың тұқым жегеніне де тоқтап өтті. Мырзалық пен Қайқытөстің колхоз мүлкіне шып жаны аштын адамдар екенін де сездірді. Сүйтіп отырып Құтпанның аты аузына түскенде Тоғызбай отағасының қабағы кіржиді.

Кәтима әкесінің сыр-я білетіндігін істеп:

— Бүліктің басында жүру ол кісінің қашанғы әдеті емес пе?— деді.

— Қашанғы әдеті иттің... Әкесі сотқарлықпен екі үйдің басын бір жерге қоспай өтіп еді,— деді Тоғызбай.

Осыдан былай күндізгі жанжалдың неден басталғандығы біртіндеп ашыла келіп, Жаманғали милиция мүддесін орындаған адамдай жымың қақты.

Кемпір-шал ұйқыда. Жаманғали шамға төне түсіп жазумен болып отыр. Қолы тым дөрек-ті. Жазуында түр жоқ. Сөз құрауы онша кестелі емес. Бірақ, өзі түсінеді. Осыдан артыққа Жаманғалидың әлі де келмейді... Шынында — Жаманғалидың өміріне таныс адамдар — Жаманғалидың осы жазу жазып отырғанын көрсе, мықты таңырқар еді-ау: күні кеше кісі есігінде жүрген батырақ еді, енді хат танып, саяси сауатын ашып, кеңес милициясы болып, осындай тап күресінің шиеленіскен дәуірінде мынадай шатақ жұмыстарды, таптық көзімен қарап, дұрыс шеше алып отырғаны...

Жаманғали күлімсіреп бас көтерді. Кәтима төсекте жатыр. Шымылдықтан беті ғана көрінеді. Кітап оқып жатыр. Кітап кейде Кәтиманың бетін бүркеп ксте береді...

Жаманғали күрсінді.

Бұл өткен түнгі оқиға. Жұмыс арасында кейде ойға шомып кете беретіндігі бар-ау... Қой, мына жұмысты бітіруі керек. Жаманғали шылымын тұтатып, Қарғабайға бұрылды.

Төсекте жатқан Қарғабай ыңқылға басты. Мырзалыққа қарай түсіп Батсайы отыр.

— Мырзалық жолдас, мен мынаның ұшығына шығудан қалдым, — деді Жаманғали жалыққан түрмен.

— Шыққыңыз келетіні рас болса, ұшығына шығу кнш болмас, — деді Мырзалық күлімсіреп.

— Олай деме, Мырзалық... Екеуміз де партия мүшесіміз, кел, шын сөйлесейік.

— Жақсы... Сөйлесейік, — деп Мырзалық оған жақындай түсті.

V

Жұмақан Дүйсенбаев, осы «Қызыл жалау» колхозындағы партия ұясына хатшы болып келді. Келу тарихы былай: бұрын да ячейка хатшысы еді, райком шақыртып алып мұны партия мектебіне оқуға жібермек болды.

Мандатын қолына берді. Банкадан жолдық ақшанды ал деп қағаз да жазып берді.

«Жұмақан Дүйсенбаев оқуға баратын болыпты-ау... Байғұс, енді, адам болады екен», — деп мұны білетін жолдастар сыртынан әңгіме де қылды.

Бірақ, Жұмақан бармады. Бармауың былай тұрсын, райком хатшысының кабинетіне кіріп, Жұмақан керісіп отырып алды:

«Зорлап жібермексің бе?» — деп.

Райком хатшысы түсіндірмек боп: — байғұс-ау, оқуың керек емес пе? Шала сауатты болып отырып партия басшылығын қалай жүргізбексің? — деп еді, Жұмақан мұны мықты ауырлады. Содан кейін райком хатшысына тіл қатпастан салбырап тысқа шықты. «Неге түйлікті бұл? Не жазығым бар? Науқанын орындап бердім. Жұмысымнан әшепке шыққан жоқ. Не қыл дейді маған» — деді Жұмақан аузын бұртитып.

Ашумен онша үйірлігі жоқ, жайдарылықты сүйетін жігіт қой Жұмақан. Әлде қалай ашуланса, істің артын ойламай кететін де мінезі болатын. Сонысына басып бзқылау комиссиясының ағасы Қасен Байдәулетов дейтін жігітке келді. Мұнымен жақсы таныс еді. Былтырғы астық науқаны кезінде Қасен осының еліне өкіл боп шығып, осы Жұмақанның үйінде жатқан. Замандаспен ашық мінезді, арпыл-тұрпылдау жігіт болатын Қасен. Бірақ, мінезінде «қазақшылық» белгісі білінгенмен, ісіне берік кісі, Жұмақанның айыбын ылғи бетіне басып отыратын:

— Сен оңбағыр мына қатынды бекер алғансың, саған лайық қатын емес бұл, сені уысынан шығармайды, менің қолыма түсер ме еді бұл... — дейтін әзілдеп.

Жұмақан осы Қасенге оңаша жолығып, неге ренжіген себебін айтты. Қасен оған телміре қарап, бір сыпыраға шейін үндемей отырды:

— Оңбайтын адам екенсің ғой... Есің болса, — оқудан қашар ма ең!...

— Қашпаймын оқудан, бірақ осы жолы бармаймын! Не үшін жіберейін деп отырғандарыңды білемін, — деді Жұмақан сұрланып.

— Не үшін жіберейін деп отыр, айтшы, қане, білсең?...

— Бармаймын деген соң бармаймын! Көпсінсеңдер билеттерінді қайтып алындар, — деді Жұмақан көпірініп.

Бұдан әрі сөзге келмей есікті тарс ұрып шығып кетті. Қасен көп ойланды. «Саналы коммунистке лайық жұмыс емес-ау бұл. Мұндайды тәртіпке шақырмаса бола ма?..»

Бірақ, осы жерде Қасеннің өмірінде бұл сирек кездесетін жұмыс, — Қасен осыған ымырашылдық қылған сияқтанды. Жұмақанның бір сөзін Қасен өзінше ұғынды. «Не үшін жібергелі отырғандарыңды білем» деді-ау ол. Сонда бұлар Жұмақанды қуып жіберіп, қатынын алып қалған болып шыға ма?... «Оңбағыр екен ғой өзі, не деп соған аузы барады?» — деді Қасен ішінен. Осыны ойлағанда өзі қызарынды. Райком хатшысына жолығып Жұмақанды оқудан босаттырды. Сол қарсаңда «Қызыл жалау» ячейкасінің хатшысы орнынан алынды да, Жұмақан Дүйсенбаев соған қатшы болып сайланды.

Жұмақан «Қызыл жалау» ячейкасіне хатшы болып келгенде, бұл елдің адамдары дуанға үсті-үстіне ат шаптырып, «Табысқа мастану» деген мақала басылған газетті үй басы бір данадан алып үлгірген кезі еді. Көпшілік бұл мақаланы өздерінше түсініп, колхоздың шаңырағын ортасына түсіріп, «бас бұзарлардың» бірсыпырасына қол күш жұмсау да ойларында жоқ емес еді. Аудан өкілі Кетбай қыс бойы осы елде жатқандықтан, «бас бұзардың» бастығы сол деп танылып, оның үгітін тыңдаудан бұл ел таза қалып еді. Тап осы қарсаңға Жұмақан келді де, Әбдіқан ауылнайдың үйіне түсті.

— Ячейке келіпті... Хатшы келіпті...

— Қатыны бір сылқым екен.

— Бұйым дегеннен көше алмай жатыр екен...

— Жайдары жігіт болар өзі: келе сала Әбдіқанның домбырасын тартып, қатынымен әзілдесіп жатты.

— Зұлқан барып танысып та үлгіріпті, — деп «Қызыл жалау» елі Жұмақан атқа қонбай жатып, кім екенін, не істейтінін күн бұрын болжап қойған сияқты болды.

Жұмақанның бастап танысқан «белсендісі» Зұлқан болды. «Келіннің бетін кім ашса, сол ыстық» деген-ау Жұмақан Зұлқанды өзіне үйрілтіп, сол арқылы колхозбен танысты, колхоздың адамдарымен танысты, әсіресе, Зұлқанның айтуымен Жұмақан Ақмедияға көрмейынтық болды. «Жақсы жігіттер бар екен, абырой алады екем» деді Жұмақан күлімдеп.

Елді тегіс аралап шықты. Шаруалармен жекелеп те сөйлесті. Ақмедия Зұлқандардың үстіне берілген арыздарды да алды. Құлшарып пен Мырзалықпен де сөйлесті. Оншақты күннің ішінде «Қызыл жалау» колхозының адамдарымен мидай араласып кетті. «Мұнысы теріс емес, біліп алайын деп жүрген шығар» — деп Мырзалықтар ішінен сүйінді де.

Бірақ, Мырзалықтар бұлай ойлағанмен де, Жұмақан

бұл саясаттан аулақ еді. Мұнын саясаты көпшіліктің көнілін тауып, өзіне тапсырылған жұмыс болса сол көптің ала-құласының бәрін біріктіріп отырып, тез ғана орындап шығу еді. Солай істеп дәндеп те еді. Сосын бір ғажап жері — өмірге өзінің пікірін айтпай, өзінен жоғары адамға жетектеген түйеше желкілдеп еру еді. Жұмақанның бұл сырын онайлықпен сезу қиын. Бұл Жұмақанша айғасақ, астарлы сыр да емес. Жұмақанның бар мақсаты міндетті жұмысын орындап шығып, жаман атқа ілікпеу ғана. «Бұдан қанша айыпты болам?» дейтін Жұмақан өзіне-өзі жүгініп.

Бүгін жалпы жиылыстың алдында партия мен комсомолдар жиылысы өткізілгенде, Мырзалықтар, Кетебай өкіл оның ішінде болмады. Колхоз басқармасына ұйғарылған адамдарды есіткенде Кетебай өкіл азырақ наразылық білдірді:

— Жаман адам демеймін. Бірақ осы елде ру жігі де жоқ емес. Мырзалықтар жағынан да адам кіргізу керек еді, — деді ол босандау.

Осы «әшепкені» колхоз жиылысында түзерміз деп ұйғарысқан секілді еді, оған қаратпай, тізбені Зұлқан жариялап салды да көпшілік қол көтеріп, жұмыс сонымен бітіп қалды.

Әйткенмен жиылыс тарардағы Мырзалықтың қатаң сөзі Жұмақанға ауыр тнейін деді.

...Әбдіқан тұрған ағаш үйдің бір жағы Жұмақанның пәтері. Жұмақанның әйелі Ырысбике дейтін — Қалжанның Оразының қызы ғой. Ораздың дүрсіп тұрған кезінде бұғағы салбыраған, көзі тостағандай үлкен қараторы бәйбішесі болушы еді, содан туған қызы ғой бұл. Үй жабдығына құнтты-ақ. Қай елге келсе де бірер күннің ішінде: шайың қантың, ұның, етің Ырысбикенің маңында үйіліп жатады.

— Мен болмасам аштан өлер едің-ау, — дейді Ырысбике Жұмақанға күлімсіреп.

Күлгендегі көз қарасының өзі-ақ өлтіреді-ау кісіні: Мағыштың Нағимасы қалай күлуші еді, тап соны көргендей боласын.

Жұмақан жұмыстан қайтқанда, я жиылыс өткізіп қайтқанда, үйіне жеткенше жұмысын ойлаумен болады, үйіне аттап кірсе, Ырысбике қырын тұрып, күлімсірей қараса, әлгі ойының бәрі жоғалып, Жұмақан екінші дүнге кіргендей болады. Арсалаңдап, сыртқы киімін шала шешініп, бара Ырысбикені құшақтайды.

— Қой деймін, біреу кіріп келсе... — дейді Ырысбике қылымсып.

Ас үйде тамақпен алысып, терлеп-тепшіп, сасқалақтап қызметші әйел жүреді.

— «Кәжайын» келді білем, келін қуырып жанымды шығарады-ау енді, — дейді ол сасып.

Қай колхозға барса да Ырысбикеге деген жалшы әйел «күдай арнап жаратқандай» дайын тұрады.

— Мынауыңның тұзы кем. Пісірген асың құрысын, өзім араласпаған соң ғой, — деп кінә тақпай тамақ ішкен емес Ырысбике.

Өзі араласса қой деп отырған кім бар екен-ау?... Кейде Жұмақанның тізесін баса отырып.

— Жеші бүгін, өзім істедім тамақты, — дейді Ырысбике.

«Өзім істедім» дейтіні — тамақ істеп жатқан кезде ас үйге бірер кіріп шыққан болады. Еңбегі зая болған жалшы әйел босағада отырып, ауыр күрсінеді.

Төсек үстінде шайы шымылдыққа оралған бесік. Бесіктің ішіндегі жас бала аяқ-қолын тырбаңдатып оянады.

— Оянды қалқам, алшы әкесі, мен ет тұрайын, — дейді Ырысбике.

Жұмақанның да балаға әке болғаны-ау, не деген қуаныш! «Айналайын Советтен! Совет орнамаса, бұл қызықты мен көрер ме ем?!» — дейді Жұмақан ондайда жымындап. Арсаландап баласына жабысады. Шөпілдетіп сүйеді баласын. Сар қазының майын тамшылатып турап байы мен баласына кезек қарай түсіп, күлімсіреп Ырысбике отырады. Не деген қызық тұрмыс, ә? Осы тұрмысты бұзып оқуға бар деді-ау бұған? Оқу қайда қашар дейсің, өзіне-өзі келіп алсыншы...

Сары қазыға тойып, Ырысбикеге аяғын сипатып, баласын үстіне секіртеп, бастан өткен өмірді қиялымен шодып Жұмақан көлбіп жатыр еді, есіктен Мырзалық пен Құлшарып кірді. Бұл екеуі өткен өмірінде ауылда өскен адамдар болса да, мына көрініске таңырқады білем, біріне бірі қарады.

— Ә, жоғары шығындар жігіттер, отырындар, — деді Жұмақан көтеріле түсіп...

ҚОҢСЫЛАР

Роман

БІРІНШІ ТАРАУ

I

Күн төбеге келген кезде, Қарақоға көлінің басы әдеттегіден артықша шыжыған секілді болды. Оған өзінше себеп бар: бұрын, Қарақоғаның күн батыс жағында, шоқпған, мыжырайған, қара шұбарланған он шақты ғана үй отыратын еді; тап бұл кезде бұл он үйдің маңында адам тынысын тарылтқандай таршылық, тығызшылық болмайтын еді; үй көлеңкесінде қатын-қалаш, қыз-қырқын жүн түтіп, түбіт иіріп, іс тігіп уақыт оздырар еді; жер ортасы болған адамдар, нақ мынадай ыстыққа көйлекшен, дамбалшан, аяққа мәсіні я киіп, я кимей, елтірі бөрікті жымқыра киіп, пысынап, терлеп, шаппа шотпен тықылдатып ағаш шауып отырар еді... Кейбір үйлердің қасында, ермексізден ермек тауып, шаш алдырған, мұрт бастырғандар өздерінше бір топ боп, есіткен білгендерін ортаға салып, бірінің сөзін бірі қостап, ыстықты да ұмытып, ыстыққа тілгер сусынды да ұмытып, өздеріне жанаспайтын, бұлардың пікірін керек қылмайтын бірер қысыр кенес үшін-ақ қызыл өңеш боп керісіп отырар еді...

Бүгін аспандағы күн қандай қызса, Қарақоға көлінің басы да сондай қызды: лек-лек атты, топ-топ арба көлдің о жағынан да, бұ жағынан да андағайлап келіп, он шақты үйдің орта шеніндегі қоңыр төбел үйге кеп ат тұмсығын тіреп жатты. Күндіз көлеңкелеп шықпайтын бозбала мен ер ортасы кісілер, бүгін жалаң қағып, екі езулері құлақтарында, сырттан келген арбалының, салт аттының шылауына оралып түсіріп алып жатты. Арбаға тиеліп келген кемпір-шал, бала-шаға ақтарылып түсіп, ауыл сыртын быжынаған адамға толтырып бара жатыр. Қынама киген, қылтиған, түлкі бөрікті шекесіне салған жас жігіттер, өздерінде тең келер жан жоқтай-ақ, шекелерінен қарап, өткен өмірінде аттарын біреуге ұстатып әдеттенгеннен жаман, аттарынан түсер түспестен-ақ, тізгінін алдында тұрған адамға созады; ауыл жігіттері абыржыл,

үлгіргенше асығып, үлгіре алмағандары 4—5 аттың тізгінін бірден ұстап қалып, қайсысын байларын білмей сасып жатты...

— Уа, тойларын құтты болсын!

— Тойларын тойға ұлассын! — деген сөздерді шеттен келгендерден екінің бірі-ақ айтып жатыр.

Ауыл адамдары осы тойды ортадан бірігіп істегеннен бетер:

— Айтсын!... Айтқандарыңыз келсін! — деп, бар жақсылықты өздеріне қарап бейімдей түседі.

— Кәне, үйге жүріңіздер!

— Кемпірлер Боқанның үйіне кірсін.

— Ау, бозбала жағын Жұмағазының үйіне апарыңдар...

Дембелше келген қара жігіт, бүйірді таяна түсіп, бозбала жағын жалғыз өзі ғана басқаратындай, алдында бәйек боп жүрген адамның төбесінен аса қарайды.

— Жұмағазыңды қойып... бізді Боқанның үйіне түсірсен... э...

Бозбала жағы жымындасып біріне-бірі қарасады.

Дәйекші кісі, кімді қайда түсіру билігі тап өзінде болмаса да, өзі кесіп пішіп қойғаннан жаман:

— О да теріс емес-ау, э... бірақ, Жұмағазы замандастарың, ойнап-күліп отырам демесендер?!... — деді апалақтай түсіп.

Ауылдың алды да толған адам: жер ошақ қазған, су тасыған, қазан қырған, мал сойған, бас үйіткен адамдар сапырылысып, кімнің не істеп жатқанын білуден қалған. Бірер қазан бұрқылдап қайнап, ақ көбікті қазанның ернеуінен атып жатыр. Білекті түріп алған бір қатын кәкірмен көбікті сүзіп тастап, етті аударыстырып қалғанда, боршаланған құйрықтың салмағы мен қанды сорпалық атады.

— Ант ұрсын Айжан... сен ет аударушы ма ең?

— Қой әрі!.. Ет аударуды жалғыз еркекке ғана жазып қойып па еді?..— деп Айжан шақ ете түседі.

Күннің шыжуы бұрынғысынан да үдей түсті. Сәске кезінде солтүстік жақтан болар болмас қана салқын леп бетке соғатын еді, кәзір тына қалыпты. Жер ошақ басындағылар, күнмен қосылып оттың аптабы қыздырған кезде, моншақтап аққан маңдайдың терін сұқ қолмен бір сыпырып тастап, кейбірі кірлі шапанның етегімен сүртіп, термен дымқылданған кір көйлекті желпіп-желпіп қояды. Бала-шаға жастар жағы ыстықтың өшін Қарақоғанның суынан алып жатқан секілді. Су басындағы үйезде-

ген жылқы, шанышқақтаған спырлар жаланаш жүгіріп жүрген жастарды адам деп айылын да жияр емес. Жалғыз-ақ судың жиегіндегі тақырдың шаңын жұтып жатқан қой мен ешкі ғана, шашырап шыққандары үйірге қосылып, топтана түседі.

— Уай, тегінді ұрайын... ана бір желкесі қылғыр кімнің баласы өзі?.. Е тіпті... үркітпе деймін қойды!..

Ескі тері тонның жүнін сыртына қаратып айналдырып киген, екі көзді ірің басқан Күздеубай қойшы, оқтасаңда бір шыж-быжы шығып, балаларды қорғаумен жүр. Шынында бұл қой күнде бүйтіп осы жерде жатпайтын еді, мұның мекені сонау көлдің шығыс жағындағы ақ боз үйлердің қотаны болушы еді. Бүгін әкеп іріп отырған Күздеубайдың телміріп отырғаны тойдың еті, тойдан тиістін қойшының сыбағасы — көтен ішек.

Тойшылардың салмағы шалдардың отырған үйі ғой. Әңгіме-кептің, дудың үлкені осы үйдің маңында. Бірсыпыра жігітаға-сымақтар, күнге аркасын беріп, үй мен жер ошақтың аралығында алқа қотан отыр. Мұның ішінде осы он шақты үйдің өз адамдары да бар, сонау ақ боз үйлі ауылдан келген адамдар да бар. Екі бөлініп отыр демесең бұл ауылдардың қыстауы бір, жайлауы ғана басқа. Сондықтан, ақ боз үйлі ауылдан келген адамдар да осы тойды өзімсініп, жатпен бірге жат болмайық дегендей, бірі онысын, бірі мұнысын істескен болып жатыр. Бірсыпыра сыпайылары отырған орыннан тұяқ серіппей, қолқабысты ауызбен ғана беріп:

— Қонақтарға су құйдыңдар ма?

— Шайын бердіңдер ме?

— Еттеріңді дұрыстап пісіріндер.

— Ау, сапыра түс... құйрықты тілдің бе, піспей қалып жүрмесін,— деп жер ошақ басындағыларға бұйрықты жаудыра түседі.

Жұмағазының үйіне түскен боз балалардың үшеуі-төртеуі, кемпірлердің етін турап береміз деген болып, оқшаулау тігілген қоңыр төбел үйді жағалады.

— Көрінбейді ғой, қайда кетті екен?.. Босып кеткеннен сау ма өздері?..— деп, өзара күңкілдесе түседі.

Аққұба келген, тоқтасқан әйел үйден шығып жастардың ойын айтпай сезе қалғандай:

— Амансыздар ма, балалар, алда қарақтарым, ай... үйге кіре қойыңдар!— деп дәйек болған секілденеді.

Бозбаланың біреуі сырт айнала беріп:

— Кәпір сұр жылан-ай! Сенің сезбейтінің жеті қабат жердің астында болар-ау,— деп торсаңдайды.

Біреулері сылтау таба алмай кетіп қалуды ұят көріп, шарасыздан үйге басын сұқты.

Ет түсіріліп, табақ жасалып жатыр. Табақ жасаушы, төбеттей түксиген біреу, ет жасап отырған қолымен оқтанда мұрынды бір сіңбіріп тастап, құйрық пен бауырды қабаттап ауызға тыға түседі. Есік жақта жүресінен отырғандар тамсана түсіп, алдарында тұрған табақтағы етті дұрыстап салмаған болып олар да жұлғыштайды.

— Ау, бас табағың қайсы?

— Құсекең мен Жүмекен қай табаққа кіреді?

— Тамардың тобырын тойғыза алмассың, құданың табағы мен Құсекеңдердікін дұрыстап жаса...

Ет жасалып жатқан кезде, құдаларды ақсақалдардың отырған үйіне апару қамына кірісті. Бір қара сұр әйел шелек әкелді де, кетік қара шөмішпен сорпаны құйып жіберіп, үстіне ұн сеуіп қамыр езді.

— Болсайшы, Қалампыр, келе жатыр,— деп бір жігіт без-без етеді.

Сыпа киінген, аяқты керіле басып 4—5 кісі болып құдалар келе жатқанда, жас әйелдер мен жігіттер есіктің екі жағына жарылып тұра қалды. Құдалардың ішіндегі тоқтасқандау біреуі онша абыржып айылын жимағанмен, жастар жағы елендеп, сыбырласып, бір нәрсеге әзірленген сияқты болды.

— Құдаларға жол беріңдер!

— Кәне, кіріңдер!— деп, күтіп тұрған жігіттер топтанып, үйге кіріп бара жатқан құдаларды қоршай бергенде, әйелдердің біреуі шелектегі қамырға саусақты сала берем деп еді, құданың бірі оқтай атылып шелекке жабысып, қамырмен әлгі әйелдің өзін «сыйлады». Сол сол ақ екен, екі-үш жастау құда додаға түсіп ойпаң-тойпаңы шықты: біреуіне қамыр жабысты, біреуінің басына бір әйелдің жаулығы кигізілді...

— Ау, тимендер!

— Болды ғой, ырымын істедіңдер...

— Әй, жастар-ай!—деп, үйдегі ақсақалдар да көтерілісіп бір жағынан ақыл айтқансып жатыр...

Ет желінді. Сорпа ішілді. Возбала жағы қолды жуар-жумастан аттарына жүгірді. Бір жастау бала, құйрығын буындап, шекесіне үкі таққан көк атқа мініп, мені көрдіңдер ме дегендей жұрттың алдында кес-кестеп жүр. Үкілеген, құйрығын түйген бауырынан жараған аттар әр жерден-ақ шығып жатыр.

Құрықшаға ақ орамал байлап алып, арық торы аттың өкпе тұсынан тебіне түсіп, біреуі ауылдың сыртын-

дағы бел белеске қарап бет қойып еді, бозбала жағы топтанып, желе-шоқытып соның соңына ерді. Адам теңізі абыржып қайтадан қозғалды. Ә дегенше болмай ауыл сырты адамнан арылып, бәрі белестің басына топтанды. Өрістен қалған ақсақ қой құсап ауылда — үй басы сайын кемпір-сампыр, қыз қыркын, жас әйелдер ғана қалды. Олар да сабыры төзіп отыра алмайтын секілденіп, екеу-екеу, үшеу-үшеу топтанып, екі көздері сонау қыбырлаған жанда болды...

Бокбасардың үйіне тойға келген әйелдердің түсірілгендігін айтып ек қой. Жұрт аттанып кеткенде сол үйдің асты-үстіне келген тәрізді еді: шала бүктелген, шашылып жатқан көрпелер, тұздығы төгіліп жатқан табақтар, төр алдында да, есік жақта да шала мүжіліп жатқан сүйектер... абайсыз келіп қалып осы көріністі көрген адамдар «мына үй өмірі жиналмас» — деп еді.

Баяғы ақ құба әйел, бой жеткен екі қызды жапына ертіп келіп:

— Қарағым, Жұмакүл, Ырымкүл, тез жинай қойыңдар, сосын барасыңдар, үлгіресіндер, — деп өзі де бірге жинасып ә дегенше болмай үйдің ішін тап-тұйнақтай қылды. Бұл үйдің сырт пішіні қандай болса, іші де сондай: кісі көзі тоқтағандай бұйым жоқ. Әйткенмен таза-лық, ұқыптылық үй ішіне өзінше көрік беретін сияқты еді.

— Қалқам, Жұмакүл-ау, күйеу немесі қандай екен, — деді әлгі әйел.

— Әже-ау, сұрама, желкесі күдірейген, қарны шермінген, сақалы күйектей, бұқа көзденген біреу, — деп екі қыздың үлкені қылымсып, көзін ойнақтатып күлген болды.

— Е, бәсе... — деді әйел күрсініп.

Шешесінің неге күрсінгенін екі қыз да айтпай сезгендей боп, біріне-бірі көздерінің қиығымен қарай түсіп, бұлар да күрсінді.

— Әлгі Теңгекүл құрып қалғыр... апырмай сол қызды қайтсем екен?.. Сендер отыра беріп соның өзі ақ жинап тастайтын үй ғой бұл, — деді әйел.

Бұл сөзді күйінген сияқтанып айтқанмен, ажарында Теңгекүлге деген кейістік жоқ еді. Шидің түбінде жатқан бір сүйекті далаға ырғытып болды да.

— Апырмай, әлгі елдің боз баласы не деген бейбастақ еді, сықылықтап күліп... шіркіндер, — деп қабағын шытты.

— Ол елдің бозбаласының әдеті емес пе, ұры итше

жылмаңдайтын... біз отырған үйге де бір сыпырасы барды, — деп Жұмакүл бастай бергенде:

— Әлгі бір үңірейген жігіт... Со да адаммын дей ме екен?.. Ыржың-ыржың етіп...—деп, Ырымкүл оның сөзін бөліп жіберді.

— Қайтсын жас болған сон... тек құдай тойдан айырмасын! — деді әйел тағы күрсініп.

II

Боқбасар деген кісінің үйі еді бұл. Ауыл адамдары бұл кісінің атын тура атамай «Боқаң» дейді. Үлкейтетін себебі — Боқаңның бірсыпырасынан жасы үлкен, оның үстіне осы отырған оншақты үйінің өзі бір атадан өрбіген — бәрі күнтуған тұқымы аталады.

Күнтуған бұлардың үшінші атасы. «Х» өзенінен қара жол бойлап өтіп, алдындағы белеске шыға келсең, жолдың езуінде шоқы боп үйілген тастарды көресін. Жай қарамаққа жабайы ғана обашық. Бірақ, осы жолмен өтетіндердің көбі-ақ осы обашықтың атын жаттап алғаннан бетер біледі...

— Мынау Күнтуғанның моласы ғой, жайлау осы жерден он сегіз шақырым-ау, ә...— деп жүргіншінің кейбіреуі атының демін алдырып сықсия қарап тұрады...

«Күнтекеңе бата қыла кетпейміз бе?»—деп жастардың күлісетіндері де бар.

Күнтуған кім? Қандай кісі болған? Моласының жалғыз жатқан себебі не?— оны тексерген ешкім жоқ. Сырт былай тұрсын, Күнтуғанның өз тұқымы да ата тарихын ашып бере алмайды.

«Атамыз кедей екен. Кедейдің ішіндегі бір өр кісі екен. Кезінде ағайыннан зәбірді көп көріпті-мыс» деседі.

Сол Күнтуғанның тұқымы бұл.

Күнтуған тұқымының ішіндегі өзгеше мінезді кісінің бірі — осы Боқбасар. Боқбасар дейтін адырақ көзді, таңқы танау, қыртыс бет, ұйысқан қара сақалды қара кісі. Жасы елуден я аспай, я асып жүрген болар.

Әке-шешеден ерте айырылып, жасы он беске жетер жетпесте-ақ қой соңына түсіп еді. Одан жылқы бақты. Сүйтіп жүргенде, өзіне тете ағасы өліп соның жас әйелі жесір қалды. «Аға өлсе, жеңге мұра» деп шалдар ауғым қылып бұған қосты. Жоғарыдағы ақ құба әйел деп отырған әйеліміз — осы Боқбасардың жеңге алған әйелі Дәметкен еді. Жас шағынан Боқбасардың ізін баса жүрген болар.

Сүйтіп бұлар алдымен Бокбасарға кісі салады. Араға салатындары Бекболат. Бекболат дейтін — түркілік оқуы бар, кісі өлсе — жаназа оқып, бала туса — азан шақырып ат қойып, қыз ұзатылса — неке қып, «молда» атын алып жүрген кісі. Жасы Бокбасармен тетелес, сөзін тындатарлық та жайы бар. Ол келіп «осылай да осылай екен...» деп сөзді бастаса, босаға жақта жүрген Дәметкен құлағын түре түсіп, бір тізерлей отырып, телміре қалады.

«Е, солай ма екен?.. Тәуір жер дейтін... баласы да тәуір болар...» — деп, Дәметкен Бекболаттың сөзін қостай жөнелсе-ақ, Бокбасар бұзылып сала береді:

— Байсырап отырған қызым жоқ, әзір асықпаймын... бере алмаймын! — дейді.

Бекболат пен Дәметкен бір сыпыра жанамалап айтып көрсе де, Бокбасар одан сайын жаман оскырып, мүлде плігуден қалады.

Келген құдалардың кейбірі ашуланып, кейбірі «мен-сінбеді» деп жәбірленіп, аттарына мінеді. Құда кетсе, Бокбасар үйде жалғыз қалса, өзінен өзі ойланып: «осы менікі не? Неге қарыстым осы?» деген сұраулар жан-жағынан жауа бастайды. Нақ мұндай, өзіне-өзі жүгініп отырған кезде, күйеуді мақтамай ғана біреу келіп сөз салған болса, Бокбасар үш қызын қабатынан беріп жібере жаздайтын сияқтанады. «Осыным дұрыстыққа жатпайды-ау... баланың бағын байлап...» деген ойға да келген секілденеді. Сүйтіп жүргенінде тағы біреу келсе, «құданың бұйрығы, пайғамбардың сүндеті» деп Бекболат сөзін бастаса, Дәметкен ынтығып телмірсе, Бокбасарның ескі жыны ұстайды да қалады:

— Бере алмаймын. Жұмысың болмасын! — деп басы қақшаң етеді.

Әсіресе осы соңғы төрт-бес жылдың ішінде Құнтуғанға қарағаннан, қыс болсын, жаз болсын, — ат үзілмей-ақ бара жатыр. Пар ат жеккен, я қатарласқан екі-үш салт аттының басы қылтиса-ақ, «қыз іздегендер болар» деген ой бұл ауылдағылардың қайсысының ойына да сап ете қалғандай еді.

Талайлардың атының басы қайтты. Талайлардың жігері құм болды. «Тартып алсақ қайтеді? Алып қашып алсақ қайтеді?» — деп күш соғатындар да болады. «Қақпас шал, сиырдай қып үш қызды бірдей сақтап қайтпекші екен?..» деп екінің бірі кейнді. «Сор дегенді қоясын ба, баласының бағын байлап... Сол керек оған!.. деп табалайтындар да табылады.

Бокбасар көнбейді. Көнбегенде, басқа бір ойы барлығынан, я құданы; я күйеуді ұнатпағандықтан емес, кесірліктің әлегінен көнбейді. Біреудің оң дегенін теріс деу, оңға жүр десе, солға жүру — әйтеуір кісі сөзіне көнбеу деген Бокбасарды жастан кемдеген ауру. Осының салдарынан кісі есігінде жүрген кезінде де талай таяқ жеп, басы жарылды, талай өлімші де болды, бірақ қоймайды. Ауыл-аймақ, ағайын-туған мұның мінезін тегіс біліп болған. Біреу бірдемені мақтады дегенше, Боқан кесе түсіп қандай жақсы нәрсе болса да, ит сілікпесін шығарып жамандайды. Жамандап отырып-ақ, соның жақсы екенін, өзінің текке ерегісіп отырғанын сезеді. Бірақ қайтерсің, біреудің ыңғайына жүрген соң Бокбасар бола ма?..

Сүйтіп жүргенде, қыздың үлкені Жұмакүл жиырма бірге аяқ басты. Ырымкүл он тоғызға, Теңгекүл он алтыға келіп қалды. Өзі қатарлы қыздар байға тиіп, бала сүйіп отырса да, сыр беру, қабақ шыту деген мінез Жұмакүлде болмады. Бұрынғы әдетінше: қыс болса малын суғарып, шөп салып, жаз болса, әкесімен қосылып егін салып, шөп шабысып, егін жинасып, үй шаруасын түгел істесетін болды. Бокбасардың шаруасы да дөңгелек қана шаруа ғой: бір-екі десе жер астық егеді; төрт-бес қараға жеткендей шөп жиып алады. Артылғаны болса, сатып, жетпегені болса, біреуден қағыстырып алып, ептеп күнін көріп жүре береді.

Жұмакүл дегенің жұмысқа еркектен бетер қарулы: құлашты кере орақ сілтегенін, айырлап шөп тастағанын көргенде, жігіттерінің өзі таң қалады.

— Осының өзі анық қыз ба екен?— деп күманға түсушілерің де болмай қалмайды.

— Қыз емей қатын деп пе ең?

— Жоқ-ау, былай, тіпті, нетпейді дегенім ғой... қыз деген қылымсып...

Жұмакүл туралы елдің айтатын сөзі, көбіне осы сияқты, я мақтап, я аса жамандап қорытқан бір пікір де жоқ. Бойжеткен бір қыз, әкесінің қолында отыр, әкесімен бірге жұмыс істеп жүр... қазақ әдетінде әйел бала даладағы жұмысқа шықпас болар еді, бірақ, ол әдетті ұстамадың деп Бокбасарды айыптауға бола ма?..

Соңғы кезде Күнтуған тұқымын жағалайтындар көбіне қатыны өлгендер болды, үйткені — жас бозбалалардың көзінде Жұмакүл «кәрі қыз» деген атты ала бастап еді. Қатыны өлгендердің ішінде де малына, атағына сен-

гендер жағалайтын болды. «Маған бермей қарасын деп» күш соғатындар нықтады. Бірақ, қасарған Боқбасар одан жаман қасарып қатты да қалды. Бекболат «пайғамбардың сүндетін» тасудан тоқталды.

— Қақпас шалдың қылығын сенен көріп жүрер одан да аман-есенінде басыңды сақта,— деп оны сақтандырғандар болды.

Күрлеуіттегі Асамбайдың тоқалы өліп сол Жұмакүл мен Ырымкүлдің бірін айттырамын деп кісі салғанда, Бекболат өлердегі сөзін айтып жалынды:

— Асамбайға сәлем айт; өз билігімдегі қыз болса, өзім апарып берер ем, мына қақпасты көндіруден қалдық! Шаршатып болды... Елден де ұят болды,— деді.

Асамбайдың адам салғаны Қунтуған тұқымына батайын деді. Асамбай, байлықпен емес етінің тірлігімен, ептілігімен, атқа мінгендігімен атын шығарған адам. «Асамбайдың қырық жігіті» деген лақап елдің етін түршіктіреді. Жай шаруаң былай тұрсын, Асамбайды «ел жақсыларының» қайыссы болсын қадыр тұтады, дәулетті үйлер Асамбайды төреден жаман күтеді. Оны айтасың, Абалақ сияқты болыстарыңның өзі Асамбайды елге айбын қылып ұстайды...

...Көл бақадай тырбиған төртбақ кісі келді де, Бекболаттың төрінде шалжиып жатып алды. Бекболат өлердегі сөзін айтып қарғанды.

— Сөз тындамайды деген не?.. Болмай бара жатса, өз қолыма бер, жуастырып берейін,— дейді әлгі кісі шіреніп.

Бекболат, үйінің сыртындағы белеске Қунтуған тұқымы болып жиналысты. Әрі-бері сөйлесіп, енді қайтеміз деп дағдарғанда:

— Шалға мен барайын. Көнбейтін болса, басқаның қорлығына бергенше, өзім жетейін түбіне!— деді Қайдар.

Осыны айтқанда Қайдардың көзі қанталап, беті жыбыр қақты.

Қайдар Боқаңның немере інісі, қан-сөлден айырылған қатқан қара жігіт.

Қунтуған тұқымының көбі көрінген үйдің есігінде жүргенде жалшылығыңды білмейтін жалғыз осы. Торы шолақ аты бар, тобылғы сапты қамшысы бар, ауылдан бір шығып кетсе, айлап жүріп келеді, қайда жүреді, не істейді,— оны тексеретін бұл он үйде ешкім жоқ сияқты. Соңғы әзірде, «Асамбайдың қырық жігітінің ішінде Қайдар да бар-мыс» деген лақап шыққаннан бері бұған жалғыз Боқаң ғана қарленіп:

— Тұмай кеткір ит! Аруакқа кір келтіріп... Ұрлық қылғанша қаңғырып өлсек болмай ма?— деп Қайдарды келістіре бір сөккен.

Сөгуін былай тұрсын, осы он үйдің адамдарының бір-сыпырасының сақалы беліне түсіп отырса да, көбі өзінің өкшесін басып келе жатса да, Боқана осының бәрі әлі бала сияқты көрінеді-ау, біреуіне ашуланса дұрыс-бұрысын тексерместен, көзі шақшып, қайың таяқты ыңғайлай бастайды. Боқанды сыйласа да қорықса да өзі білсін, таяқ төнген адам «ай әйтеуір...» деп бір кейіп, сырыла жөнелді. Таяғы тимей-ақ серпілгенін көрген соң Боқан жайылып түсіп қалады. Басы аман, ара адам болып тұрғандар бұл көрініске еріксіз күледі. Манындағылар күлген соң әлденеге Боқанның өзі де жымындайды.

Бұл көрініс, басқаларға күлкі сияқтағанмен, Дәметкенге батады. Боқанның «ыстығына күйіп, суығына тоңатын» жалғыз Дәметкен сияқты. Ол таяқтан қашқан «батырдың» үйін жағалайды. Алдымен «батырдың» бұртыңдап тұрған әйелін тауып алады.

— Қайтесің келін, тентек болғанмен орталарындағы бір шал ғой. Інілеріне наз қылатын шығар... Қашанғы мінезі ғой... Әйтеуір осы қайныларымның тірлігі, әйтпесе, мұны кім сыйлар еді, әлдеқашан талап алып, тентіретіп жіберер еді,— деп Дәметкен күрсінеді.

— Сонда да... Тіпті, ұят қой. Інілерінің де өзіндей сақалды кісі екенін ойласа қайтетін еді?!— деп бұртаңдаған келін жайылып басыла түседі.

Біrer күн өтер-өтпестен баяғы «таяқтан қашқан батырды» Дәметкен білдірмей шайға шақырып та келеді.

— Төрем-ау, келіннің қолы тимей жатыр білем, шай ішкің келсе, біздің үйден іше салсайшы,— дейді.

«Батыр» келгенде Боқан баяғы оқиғаны мүлде ұмытып кеткен болады. Ұмытатыны кектескен жұмысы емес. Және, құр ашу шақырғаны болмаса, Боқан осы інілерінің бірін маңдайынан шертіп көрген кісі емес қой. Боқан ашуланып таяққа жабысса, алда риза болғырлар, сырыла жөнеледі, кетпей бедірейіп тұрып алса қайтер еді?..

Жоғарғы Қайдарға ашуланатын жолы да, Боқан қисық қайың таяқты ықшамдап ұстаған болатын. Таяқтан қаймықпай Қайдардың бедірейіп тұрып алғанын көрген соң, басқалары «әдетімізді бұзбасайшы» дегендей боп Қайдарды тұртпектеп, көптің итермелеуімен Қайдардың табаны зорға тайған. Ол жолы, бұрынғы, әдеттерімен, жұрт та күлмей, Боқан да жыммай, көрініс көңілсіз бі-

тіп еді... Бірсыпыра сазарысып тұрғаннан кейін, Боқан Бекболатқа шақырайып:

— Ит! Бір әке, бір шешеден туып отырсың. Өзін молдамын деп, құдайдың құранын ұстап отырсың... Ол итті «ұры» деп атандырғанша, жарып өлтірсейші!— дегенде, Бекен мүсәпірсіп:

— Қайтейн, інімнің өз бетімен істеп жүрген жұмысы болса, бауыздап өлтіруден тайынбас ем, түбі жаман ғой, түбі!..— деп Бекен ауыр күрсінген.

Сондағы Бекеннің шошыған «түбі» осы Асамбай еді-ау!..

Қайдар «шалға мен барайын» деп қалшиғанда, Күнтуған тұқымының басқалары селт еткендей болды. Боқана сөз тындату дегенді, Боқан өлмей бұл үш қызды күйеуге беру дегенді Күнтуған тұқымы ойдан таза шығарған ғой... Қайдар барса, басқа адамдай жайлап түсіндіруді де білмейді, «Асамбайдың адамы келіп отыр, қызыңның бірін бересің» десе, Боқан қайтпекші? Қайдардан сескеніп қызын бере қоймақшы ма? Болмаса, үйреншікті әдетіне басып, қайың таяғына жабыспақшы ма?.. Қайдар қайтеді: басқалар секілденіп сырыла жөнеле ме? Болмаса «сен қақпастан-ақ өлдік-ау!» деп, тура Боқбасардың сақалына жабыса ма? Ондай оқиға болса, бәрінен бұрын Дәметкеннен ұят ау!.. Осы тұрған — сақалы сапсигандардың бәрін: «қарағым шырақ-жан!», «қарағым төре-жан!» деп шешеден бетер айналып-толғана келетін Дәметкен кімді елжіретпес?!...Шынында, Боқанның теріс мінезін жуып кете беретін осы Дәметкен ғой...

Елшілікке Қайдарды жіберу дегенге бұл тұрғандар безілдеп қарсы болды.

— Жок, барам! Сендер сөз тындата алмайсыңдар. Асамбайға қыз бермейтін шамамыз жоқ. Асамбай ерегіссе шауып та алады, үйітіп те жейді. Бұл қақпастың мойнына құрым кигіз іліп тентіретуден тайынбайды... Өйтіп біреуге қорлаттырғанша, не көрсем — өзім көрем!— деді Қайдар сұрлана түсіп.

— Қой деймін хайуан! Сен ақымақ құдайды, аруақты ұмытып болғансың ба?..— деп, Бекен ашу шақырған болып еді, Қайдарымыз қаймықпады.

Қайдар бұрылып, сонау бажатай кара үйге беттеп жүріп барады. Бастығы Бекболат болып, төбе басында тұрған төрт-бес кісі не істерлерін білмей біріне-бірі қарасты. Сүйтті де, ұзамай жан шошырлық бір күйді күт-

кен адам секілденіп, төмен қарап тұнжырасып, таяқта-
рымен төбе басының сары топырағын шұқумен болды...

* * *

«Қарақоғанын» басынан жаңбыр үзілген емес. Ащы өзектің солтүстік жақ басы барып тірелетін жалпақ тақырда «жаман Алакөл» — суы ащы көл бар. Жиек жағында топ-топ қамыс болады. Ортасы айдын сияктанып, жисгінен тұрып қарағанда теңіз сияктанып көгеріп жатады. Бірақ айдын да емес, теңіз де емес, суына түссек, белуардан я келіп, я келмейді. Манайындағы ел мұның суын дәріптеп, «жазбайтын ауруы жоқ» деп, суына түсіп жатады... Осы көлдің тағы бір қасиеті — төбесінен бұлт арылмайды деседі жұрт. Бала күнде өзіміз де көрдік: Алакөлдің төбесінде қара бұлт ойнап шықты дегенше, шоқтанып, қоюланып, күркіреп-сарқырап, ә дегенше болмай құя салады...

«Жарықтық Алакөлдің қасиеті-ай!» деседі кемпіршал.

Соңғы әзірде, Үпінің медресесіне барып 4-5 ай оқып келген Молдаш дейтін мұғалім «бұлт дейтіміз — судың пары, жаңбыр сол пардан жауады, Алакөлден бұлт арылмайтыны — парының күштілігінен...» деп айтыпты-мыс деп естіліп жүрді. Бірақ, Молдашты жұрттың көбі «шоқындыға» сапайтындықтан оның сөзіне құлақ салған жан жоқ. Жалғыз-ақ, алдыңғы жылы жаз жаңбыр болмай, ащы өзектің бойындағы қалың шалғын сарғайып кепкенде, жұрт Молдашты қарғады: «жақсыдан шарапат, жаманнан кесепат деген осы...» десті.

...«Қарақоға» да осы Алакөлдің аңғарындағы көп көлдің бірі болғандықтан, Алакөлдің жаңбырына бұ да ортақ еді... Алакөлдің төбесіне қара бұлт шоқпақтанды. Шоқпақтанған қара бұлт түйдегін жаза келе аспанды тегіс құшағына алды. Бірер сағат бұрын қуырып тұрған күннің көзі кенет бұлтқа кіріп, ауыл үсті қара күнгірт тартты; Алакөлдің үсті күркіреп сартылдап, жалтылдап жатты. Күн сартылдағанда, бастығы Бекең болып «сұбақан алдасын» айтып күбірледі. Ұйтқып соққан жел қалың шалғынды орақпен сілтегендей жапырды. Тақырдың шаңы түтін боп бұрқырады. Жаулығы желбеңдеген әйелдер үй іргесіне қазық қағып, арқан салып, тезегін жауып жатты...

Қайдар келгенде, Дәметкен мен Жұмақұл үй іргесіне қазық қағып, арқан салғалы жатыр еді. Қарулы Жұма-

күл тоқпақпен қос қолдап екі-үш рет сілтегенде, аршын бойлы қазық жерге сіңіп-ақ кеткені.

Қайдардың келе жатқаны Дәметкенге ұнамады, ауылға қонақ келіп жатқандығы, Бекболаттардың басын қосып сөйлестіріп жүргендері — Дәметкенге мәлім еді. Бұрынғы әдетімен Бекболат аяндап келер, «аулақ жүр, қызымда жұмысың болмасын!» деп шал жауабын қысқа ғана берер, әнгіме сонымен аяқталар — деп ойлап еді. Қайдардың келе жатқаны несі? Бекболат болып, басқалары болып, өздерінше ауыз біріктіріп, «тентек шалға» тиым істеуге кіріспек пе? Сонда не істемек?..

Дәметкен үрейленіп төбе басына қарап еді, бастығы Бекболат болып, Алакөлдiң бұлтындай тұнжырасып, төбеден түсіп ауылға келе жатыр... Дәметкен, әлде неге, апалақтап бір нәрседен шошынған сияқты болды. Тұнжырап келе жатқан Қайдарға жылы жүзбен бірдеме айтайын деп еді, аузына ондай сөз түспеді. Қайдардың қан-сөлден айырылған қара сұр беті, онайлықпен жібіп, жылы тартатын секілденбеді... Қайдар үйге басын сұққанда «енді сен бірдеме қылмасаң менен әл кетті, бір сойқан болар-ақ» дегендей боп, Дәметкен жаутандап Жұмакүлге қарады. Әжесінің сынайын айтпай байқайтын Жұмакүл сөз айтпастан, тоқпақты тастай беріп, о да үйге қарап аяндады.

Қайдар есіктен кіргенде, Боқаң бір ескі кебісті жамап отыр еді. Қайдарға аларып бір қарады да үндемей, жұмысын істей берді. Қайдар, селтиіп кішкене тұрып, босағадағы абдыраға отырды. Сыртқы босағада, түрілген есікті ме, үйдің шиін бе — дұрыстаған болып Жұмакүл тұр...

— Біздің үйге Дауылбайдың келгенін есіткен шығарсың,— деді Қайдар бірсыпыра сазарып отырғаннан кейін.

Боқаң тіл қатпай жұмысымен бола берді; ұрсып тастай ма деп абыржып, іменетін пішін Қайдарда да көрінбеді.

— Сенімен құда болам деп келіпті, алатын малыңды айт та, қызынды бер!

Сөзі түйеден түскендей, Боқаңа бұйрық есебінде айтылып жатқан бір сөз... Бұдан он жыл бұрын, Боқаң Құсайынның жылқысын бағып жүрген кезде, мұндай сөзді естісе орынды еді. Онда да, өз інілерінен емес, жаттан естісе, көтерер еді. Енді, мұндай «бұйрықты» жаттан да есітпеспін деп жүргенде. Есітпегенде атақты, данқтылығынан емес, абыройының күштілігінен де емес, осы

інілеріне арқа сүйегендіктен, осылай тұрғанда маған кім батады дегендіктен болар-ау... Сол інісінің бірі осы Қайдар...

Боқаң тігінін тоқтатып, Қайдарға бажырая қарады. Қайдардың сұсынап қорықты ма, әлде ашу қысты ма, ерні қалтырап сакалы шошандап сала берді.

— Неге бажырайдың? Обып жібермексің бе?.. Бересің қызыңды!— деді Қайдар бұрынғыдан да сұрлана түсіп.

Боқаң бажырайып, тілі байланған адам құсап, бақшпды да қалды. Қолы қалтыранып біресе жанында жатқан ағаш қалыпты ұстады. Біресе балғаны ұстады..

Жел ішін тарта бір соғып, қараша үйдің киізін қолп-қолп еткізді. Сығырайған түндік жарығы жел екпінімен жабылып, үй ішін қара көлеңкелеп жібереді. Жарқылдаған сәуле үй іргесінен «сайтан отындай» жылтылдады...

— Қайдар аға, жоққа бола қапыңды ішіңе тартпа! Мен бай іздемеймін!.. Тәңірберген өскенше, мен әкемді бағам...

Мұны айтып тұрған Жұмакүл. Бұл сияқты қатты сөз Жұмакүлдің аузынан бірінші шығуы шығар-ау... Сөзін былай қойып, түрінің өзіне қарасаң, Қайдар қандай сұрланса, Жұмакүл одан әрі сұрланып тұр.

— Қайдар аға! Тұр, үйіңе бар. Қонағыңа сәлем айт; «шалыңда жазық жоқ, қызы тимеймін» деп айтты де...

Қайдар сұрланып, шалға кәрін төккенмен, қарындасқа келгенде тілі байланды. Қыздың кірісетін жұмысы ма бұл? Қыздың айтатын сөзі ме бұл?.. Әкесі берсе, малын санап алса, жұрттың қызы жылап-жылап кете бармай ма?..

— Ай, Жұмакүл-ай,— деп нешеме ұялмайтын болса да, беті қызылданайын деді білем, Қайдар салдырап орнынан тұрды...

Жел екпіндете соғып тұрып, тырс-тырс тамшылады. Сүйткенше болмай, Алакөлдiң «мейірімді бұлты» күмістей суын лақ еткізіп төге салды. Жанбырдың екпінімен қараша үйдің ағашы солқ-солқ етті. Іргедегі тесіктерден, жыландай ирелендеп су жылтылдады.

Қара бұлт жаңбырын ышқынып-ышқынып қандай төксе, Боқаң да кәрі көздің жасын сондай төгуге кірісіп еді. Ол, ескі шапанын бүркеніп, төр алдына бүктүсіп, балаша солқылдап жылап жатыр еді...

Қайдар Боқанның үйіне барып кіргенде. Күнтуған тұқымының басқалары: я адам шошырлық бір оқиға болады да, я қыз беріледі — деп ұйғарысып еді. Бұлардың күткен нәрсесінің екеуі де болмады. Салбырап Қайдар келді.

— Әй, әйтеуір, сол қақпасты ма? Тұра тұрсын! — деді Қайдар басқаларды көргенде.

Қыз әңгімесі енді салмақтанайын деді. Бұдан бұрын Боқана жолықпай тұрып, жұрт көңілінде аздап болсын үміт елестеген сияқтанушы: «кім біледі?..» Баласының бағын қашанғы байлар дейсің?.. Мүмкін бере салар!.. дегендей бір үміт бар сияқты еді. Енді, ол үміт таза үзілді. Мына салбырап отырған бес алты адамның ішінде Боқана сөзін тыңдататыны жоқ.

— Әй, әйтеуір, сол қақпасты жаратқан құдайды ма?.. деп Шаяқмет тістеніп еді, «сенің қолыңнан не келуші еді?!...» деп, басқалары оған одырайысты. Бірер кіжініп алып о да жым болды. Ал, енді, қайтпек? Боқан қызын бермеді деп Дауылбайға не деп айтады? Асамбайға қыз бермейді деген не? Асамбайға қызын бермейтін бұлар кім?.. Асамбайдың елеп адам жібергенінің өзі бұларға бір бақыт емес пе?..

— Дағдармандар. Бізден кіна жоғын Асамбайдың өзі де сезер. Қақпас шалды өлтірмек түгіл, үйітіп жесіп, айтыңдар Дауылбайға! — деді Қайдар.

— Сүйту керек, оның несіне сасамыз, — деп Шаяқмет дабдырлап келе жатыр еді, Сатыбалды дейтін, ат жақты, көзі аларған қара кісі оны тоқтатты:

— Сен аптықпа. Боқбасардың қызымен әңгіме бітпейді. «Тас түскен жеріне ауыр!» деп... Дауылбай келсе, Күнтуған аруағына келіп отыр. Алдымен осы жағын ойлаңдар, — деді.

— Ия, осы жағын ойлаңдар. «Боқбасарыңның қызынан басқасы құрып қалып па...» деп жүрмесін.

Шаяқметтің аузы аңырайып, көзі аларайын деді. Боқбасардан соңғы қызы бар осы екен...

— Не ғой... жастау ғой, — деді Шаяқмет дабдырлап.

«Сенде қыз бар ғой, сен берерсің» деп оған айтқан адам да жоқ. Айтпағанмен сөздің ыңғайынан түсініп көзіне кенет Асамбай елестеп кетті: желкесі күжірейіп, қарны салбырап екі аяғының арасына түсіп отырған біреу... төрт қабат көрпені астына төсеп, шынтағында жастық, теңірейіп жатқаны. Аяқ жағында, бұғағы сал-

бырап, көзінің алды ісік құсап быттып бәйбішесі отырады... Шаяқмет бірен-саран барып көрген ғой. Тілі ащы бәйбішесінің, біреуді зекіп-қарғағанда, адамның төбе шашы шымырлайды... Сол үйге, мына сияқты — жасы елуге келген кісіге 16-дағы қызды тоқалдықа бермек.

— Әй осы қақпас!.. Әй осы қақпас!— деп Шаяқмет Бокбасарға бұрынғыдан көрі де тісін қайрай түсті.

— Оны, енді қайтесің, құдай жөндемесе, ол шалды адам жөндей алмас,— деп Сатыбалды сөзін бастап, бір сыпыра мүдіріп отырды.— Құр текке асқақтаймыз ғой, біле білсек осының өзі бақыт емес пе? Асамбайға қолдың жетуі... Осы жұрт ойыншық көріп кете ме... Мұның өзі де бір жарастықты нәрсе. Жат жұрттық болып жаратылған бала. Аш болмаса, жалаңаш болмаса, соның ар жағында не керек?..

— Сатекеннің тап осы сөзінің жәні бар. Қыз деп... қызды жау да алып кетеді. Жыламаған соң болды да... Былтыр бір, тері жиып жүріп сол ауылға барып, қымыз іше кетейін деп сол үйге түстім. Асамбай үйінде екен. Бәйбішесі де отыр екен... сосын, қымыз құйдырып берді де: «е, сәудегер, тері жиып жүрсің-ау»,— деп жымындап күлді. Сосын, менің жауап беруіме де қаратпай, тыста бір малайын шақырып «ай, ана ас үйде жатқан теріні мына кісінің арбасына салып бер»— деді... Сосын, қымызды ішіп болып ем, «бұл сый ауылдың баласы ғой, қымызға қандырып жібер» деп, ішпеймін десем болмай тағы құйғызғаны... Сосын, жүрерде: «бай еке, дәулетті үйдің дәмінең» деп... сізге тек сәлем бере ғана кіріп едім. Әлгі бір нәрсенізге не төлесем екен? дедім. «Ой бәс кесіп қайтесің, аз ғана нәрсе ғой, өзің біліп бере сал» — деді... деп — Сұлтан сәудегер ұзақ сүреге кірді.

Теріге не төледі, өзі неге сатты — ол жағын Сұлтан ашпайды, себебі — ол теріден өз бәсіндей зиянмен құтылып еді. Бірақ, зиян көріп отырса да, осы әңгімені аузынан тастаған емес. Екі адамның басы қосылса, тері әңгімесін сөз қылады да, аяғына әкеп осыны қыстырады.

Шаяқметтің қызын Сатыбалдының ауызға алуы-ақ мұң екен, былайғылары қостай жөнелді. Шаяқмет, тұзаққа түскен андай тыпыршып, қалай жалтарса да құтыла алатын болмады. Жалғыз-ақ, Қайдар, шын жаны ашымаса, әлде басқа ой болды ма, икемдеп келе жатқан жұртың сөзіне оқта-санда бір кірісіп:

— Жәні келмейтін нәрсенің несібін айтады екен?.. Құр

орынсыз қысып... тастай алмай отырған баласы бар дейсің бе? Тым болмаса он жетіге келген де қыз емес...— деп отырды.

— Қойсайшы, Қайдар, ылғи бос сөйлеуді саған жазды ма?— деп отырғандардың біреуі шатынап, оған қарсы түсті.

— Әмір мағрұпты бұзбаған соң құдайдан безген бола ма? Құдайдан безген адам солай болатын, — деп Бекболат отағасы да оған наразылық білдірді.

— Не десендер — о дендер, мен бірақ айтам: жөні келетін қыз — Боқбасардікі, Асекең де, адам жібергенде, соны көздеп жіберіп отыр. Асекең еріккеннен алмайды, бала үшін алады. Асекене әзір адам керек,— деп Қайдар қиғаштықты бұрынғысынан да үдетті.

— Апырмау осы не дейді?

— Бермеген қызды тартып әпермексің бе?

— Бермеген қызды тартып әперер болар. Оның емі сол...— деді Қайдар...

— Сатыбалды мен Бекболат Қайдардың сөзін құлаққа ілмеген тәрізденіп, «Әмір мағрұпына» қайта тырысты. Қайдар сөйлеген кезде желпініп, кете-іріліңкіреп қалған Шаяқмет, тағы бәсең тартты. Елтірі бөрікті басынан бір алып, бір киді. Шаяқметке жұмбақ болып отырған нәрсе: Боқбасар қызын бермеймін десе, оны ешкім де зорламайды; ал, Шаяқметті зорлау былай тұрсын, сөзін керек қылып отырған ешкім жоқ: екінші бір жұмбақ, мұны ойына алған біреуі де жоқ, ол — Нұрбике. Нұрбике деген әйелің Шаяқметті бүргенде, екі аяғын бір етікке тығады. Туған-туысқанның өзін біріне-бірін қайрап күніне қырық пышақ қылып отырған. Осы адамсып отырғандардың өзін Нұрбике өзі үйінде жеке отырғанда, адамға санаған емес қой. Бәріне де мін тағып, адам санына алғысыз қылады: Бекболатты — «маңқа молда» дейді, Бекболат мұрнына насыбай атады ғой; Сатыбалдыны—«кесір қара» дейді, кесір қара адам болып сөйлеген соң, біз не оңайық» деп отырғаны; Сұлтанды — «Пұшпақ»—дейді, «қойшы, тәңрі, пұшпақ санаған адам онушы ма еді?»— деп жүргені. Жалғыз ақ мін тақпайтын, қайныларының ішіндегі тәуір көретіні Қайдар. Оны да құр қалдырмай «Тентек қара»— деп алған... Осы Нұрбикені бірінің де көзге ілмей отырғаны қызық-ау...

— Малдан қашырған кісі құсап кергігеніміздің жөні жоқ. Жарты қалыңға бата қылармыз, соған ризасың ғой, Шаяқмет!— деді Бекболат.

— Ой, оның малын қойшы, қыз сатып байысақ деп отырған кім бар? — деп Шаяқмет ризалығын да білдірмей, ырза еместігін де айтпай, қисайып жаға кетті.

Манадан бері Шаяқметті ашу кернеген сияқты болса, енді, малдың аты аталған соң ашу әзірше екінші бір түкпірге жасырынып, оның орнын мал алды: «...Жарты қалын!.. Үш құлынды бие, үш бұзаулы сиыр, төрт ат, сүт ақы тағы бар... үш құлынды бие... Үйдің сыртынан желі қағылса, үш бие бір-екі жылдан кейін бес бие, одан ары тағы... өзінің қазіргі екі бұзаулы сиыры бар, оған тағы үш сиыр қосылса... бұзауы ше?.. Бес сиырдың екі-үш жылғы бұзауы бір соқалық өгіз емес пе?...»

— Осыған сөз байладық қой, ә? — деп, Сатыбалды бұрылып бетіне қарағанда, Шаяқмет ұйқысынан оянған адамша басын көтеріп алды.

Бұлар сөзді өздерінше «біттіге» санап Дауылбай отырған үйге барды. Бекболат үйінің кірлі жастығын шынтақтай, обадай боп Дауылбай жатыр еді. «Осылай болды» деп ұйғарындыларын айтқанда, ол күндей ашылып жымың-жымың етті:

— Бәрің Күнтуғанның тұтқынысын, біреуінді ала, біреуінді құла көремізбе-ей? Өздеріңнің ұйғарғандарың болсын, әбден қабылмыз, бар! Ата баласы ғой, жұртшылық істеді, деп мырзаға айта барармын. Бірақ, бір өтінішім: мырзаға адам тез керегін өздеріңізге сездіріп ем ғой, осының құда түсуі де, ұзатылуы да бір-ақ рет болсын. Мырзаның тапсырғаны да осы еді... кәне, қайырлы сағатта... молдеке, бата қылайық, — деп Дауылбай қолын көтеріп алды.

— Құдай ұзағынан қоссын, екі арасын аман қылсын, үбірлі-шүбірлі болсын! — деп жұрт тегіс қол көтеріп, бата қылысты.

Бокбасар туралы бір ауыз сөз айтпай, Дауылбайдың көне қалғанына Қайдар қайран болды.

Өңі екенін, түсі екенін білмей мең-зең боп Шаяқмет отыра берді.

— Солай, құда, құдағимен сөйлесіп қам жей беріңдер — алда амандыққа жазса осы алдағы сәтке келіп те қалармыз, — деп Дауылбай ақтық сөзін айтқанда.

— Е, алда жазған болса... әбден... не айтқаныңыз — деп, Шаяқмет беталды күлімсіреді.

— Қайдар — атыңа мін. Бұрынғыдай емес құда болдык, енді араласпағанда, қашан араласасың, — деді Дауылбай ыңғайлана түсіп

Дауылбай атына жөней берген кезде, Шаякметтің үйінде ұрыс па, жылау ма — әйтеуір бір шу бар еді...

Міне, жоғарғы айтылған той осыдан басталып еді...

IV

... Тойшылар қыбырлап блестің басына шыққанда, күн жылжып бесіндікке барып еді. Күн шығу бұрынғысынап үдемесе бәсеңдеген жоқ. Ойпаң жерлер тынып, аламды тұншықтырып жіберген сияқтанды. Салт міпген тынық аттардың тері жаңбырша моншақтайды. Белес басына шыққанда аздап самал соққандай боп, жұрт омырауды ашып, киімдерін желпісіп, бір көтеріліп қалды. Тойға шақырылған екі-үш рулы ел төбе басына екі жарылып отырды. Желең шапанның түймесін ағытып жіберіп, бөрікті шекеге қисайта киген пысық жігіттер екі жағынан да шығып, той мерекесін өткізудің тәртібін кенесіп жатты: алдымен бәйгенің аттары жіберілді. Аттың шабатын межесі — Алакөлдің арғы белесіндегі керуен өтетін қара жол болады.

— Ау, қара жолдың осы арадан он бес шақырым екеңін білесіңдер ме?.. Мына ыстықтан ат жазым болмай ма?— деп шаруашылық айтқандар болып еді.

— Шаппай бәйге алайын деп пе едің? Он бес шақырымсыз аттың бауыры жазылмайды, одан да әрі созу керек,— деп атына сенгендер киіп кетті.

Сақадай іріктелініп бауырынан жараған жпырма ат шықты. Бәрі де мырза мен пысықтардың бір-бір қызға балап жүрген жүйріктері. Он бес — он алтыдағы балалар, бастарына ақ орамал байлап алып, жүйріктің басын шұлғыта түсіп, жеке топтың қатарына қосылып жатты. Ат иелері балалардың соңынан қалмай:

— Әйтеуір, қарағым, қамшы сала көрме?

— Басы қаттылау болатын, алып кетіп жүрмесін.

— Қапелімде тежей шапқайсың...

— Қара көрінсе, айналсоқтайтын мінезі болушы еді, абайла, абайла!.. деп әр қайсысы өзінше тапсырысты жаудырып жатты.

Атты бастап барып межелі жерден жіберуші Садықбек деген сары жігіт. Ол қарны кебежедей бір көк атқа мініп ауырлап-ауырлап жіберді. Кейінгі жұрттың ақтық тапсырысын тыңдап үлгірместен, ол, бәйгенің атын ала жөнелді. Ауыздығымен алысып тұрған аттар үзенгі қағысып, артында сыбдыр білінсе, сырыла түсіп, кейбір балалар қос қолдап тартып атының басымен болып бүлі-

ніп келеді. Аттың екпіні тынық ауаны қозғады. Алдан самал жел есті. Күйген дене салқын тартып, жайланғандай болды. Жиырма атты он-оннан екі жағына бөліп жүргізіп, өзі ортасында команда беретін адам құсап жүріп, көңілі көтеріліп, Садықбек тасып келеді. Алакөлдін бергі құлағында отырған қалың ауылдың тұсынан өткенде, ауылдың қыз-келіншектері анадай шығып, самсай қарасып еді, көтеріліп келе жатқан жігіттің одан жаман мастанып, дауысының жақсы-жаманына қарамастан ән шырқады...

Желе-шоқытып атқа он бес шақырым деген жер ме, ә дегенше болмай керуен өтетін қара жолға келіп қалды. Жол өтердегі кішкене шалшық судың басында кіре ағаштан көленке істеп, бір топ керуен жатыр екен, балалардың шөлдегендері содан барып су ішті. Көленкеде жатқан бір шал, жалаң аяқ, жалаң бас қарнын тыр-тыр қасып күнге қарап сықсия қарап, аттарды көріп делебесі қозып тұр.

— Әй, жануар міне бір қара кері... Әй, шырағым, бұл кім дегеннің аты?— дейді шал.

Аттар демін алды-ау деген кезде, Садықбек насыбайды ерінге алып, талтаң басып барып көк атына мінді. Ат үстінде тұрып айылын, тартпасын, құйысқанын түзеткен болды. Жиырма бала үзеңгі қағысып қатарға тізілді. Кейбір аттар шиыршық атып, ойнақшып төзбей тұр. Әскердің командирі құсап, тізілген балалардың алдынан олай бір, былай бір Садықбек жүрді. Бір оралып, екінші орала берем дегенде, арт жақтарындағы белестің басына бір топ атты ойнап шыға келді. Садықбек тіксініп қарағанша болмай мылтық даусы гүр-рс... етті. Оқ зулап төбеден асты. Қызу аттар ыршып түсіп, ала-ақ жөнелді. Тақымы бос балалар ауып түсіп қала жаздап, ат жалын құшты. Мылтық дауысы үсті-үстіне сатырлаған кезде, балалардан ес кетіп, ерік аттардың өзіне тиді. Жауған оқтың астымен жиырма ат бетті той төбеге түзеді...

V

Бәйге аты жіберілгеннен кейін, ойын тәртібі бойынша, күрес басталды. Екі жарылып отырған ел Дәмелі деген жігіттерін күреске шығарып жатыр. Бірен-саран күресіп үйренген жігіттер іркілмей-ақ шықса да, кей біреулері, атақты балуандар құсап:

— Осының өзін қойып едім, мені қыстамаңдар,— деп бәлденеді.

Оған жұрт одан жаман өшігіп, біреулері белбеу тауып әкеп, жерден көтеріп тұрғызып, зорлап әкеп балуандардың қатарына қосып жатыр. Қатқан қаралар, ішкіл сары беттер, шекелері күнмен жалтырап, алдарында қарсы отырған жігіттерді көздері тесіп, «осының қайсысымен ұстасам екен? Қайсысы ыңғайлы болар екен?.. Әй, мына бір кеспелтек қара оңайлықпен алдырмас, шартан тіреп жатып алатын қу болар...» деп, біріне-бір өздерінше мін тағып отыр.

Күреске шыққандардың ішінде Имаш дейтін, еңкек келген, денелі, қорасан дақты, қара бұжыр жігіт те бар еді. Бұл осы көрші ауылдағы Құсайын дейтін байдың малайы еді. Бұрын күреске шығып адам жыққаны көрінбесе де, Құсайын байдың Әбділде дейтін оқып жүрген баласы әңгіленіп:

— Ой, Имаш! Осы дененмен бір адамды жыға алмасаң, өл!.. Шық ары, бәлденбей,— деп жекіргені ғой.

Әбділде сияқты әрі оқыған, әрі елге «қадыры» бар мырзаның айтқанын, жасауыл болып жүрген пысықтар орнына келтірмей қойып па, Имаштың ризалығын сұрамастан, басқалар сияқтандырып белбеу де бермей, бір қайысты беліне байлап беріп сүйрелеп ортаға әкелді де:

— Осыдан жығылып қал, сосын сенімен түссін ісім — деді, Қажен дейтін шақпақбет қара.

Күрес басталды. Бас балуанға шыққан екі жігіт бірін-бірі жыға алмай көп алысты. Алып денелі сары жігіт маңдайынан тері бұршақтап, білеқ еті түйіліп, күшінің бәрін екі қолға жиып жіберіп, ап деп көтеріп тізесіне мінгізіп-ақ алса да қол тоқпақтай қара жігіт ұршығына үйіріліп, енді құлады-ау дегенше болмай табанымен жерге дік ете түседі.

— Ә, аруақ! Жәнекемнің аруағы!— деп, біреулер дауыстап жатыр...

Күрестің қызығы бәсеңси берген кезде, бәйгеге шапқан құнан келді. Торы ала құнан мен көк құнан топтың шетіне жеткенше қатарын жаза алмады.

— Айда!.. Айда!..

— Аруақ!.. Аруақ!..— деген дауыстар даланы басына көтерді.

Салт мініп тұрған бір жігіт төзіп тұра алмады білем қатарласа беріп торы ала құнанды шаужайдан ұстай жөнелгенде, жұрт ың-жың, айқай-шу болды. Екінші бір жігіт жұртты тапай-мапай шауып, құнанның шаужайынан ұстаған жігітті дойыр қамшымен салып-салып жіберді. Бір кісілер жаяу екенін ұмытып жүгіремін деп, шауып

келе жатқан құнанға қақтығып, құнан да құлады, құнанның үстіндегі бала да ұшып кетті... Қаракшының жаны опыр-топыр аттылы-жаяу адамдар, орынды-орынсыз сілтеп жүрген қамшы, кімге кімнің болысып жүргенін, кімді-кімнің ұрып жүргенін адам білуден қалды. Екі інінен демалған бір жігіт екпіндетіп келіп алдындағы біреуге қамшыны басып өтіп еді, ол жалт бұрылып:

— Өй, әбілет! Мені ұрып...— деді.

Ұрған інісі, ұрылған ағасы болып шықты...

Басалқа айтушылар араға кіріп, жанжал басылды. Шекесі білеуленіп іскен, көз алды көгерген жігіттер болды. Кек сақтарлық үлкен қара жоқ, бірін-бірі ата-бабасынан бері сипап боқтап, ата-бабаларының кемшілігін, құлдығын қазысып сонымен өші алынғандай, шу біртіндеп басылды...

Аяқсыраған ойын қайта жалғанды. Ұзақ бәйгінің аты келгенше деп, «тоқ бәйгеге» ат қоспақшы болысты.

— Осынымның бір шабарлығы болса керек еді,— деп біреулер қарны кебежедей тоқ аттарын қоспақшы болып, ер-тоқымын сыпырып, асығып, ыңғайлап жатыр.

Матаулы көп аттың ішінде екі жігіт жанжалдасып жүр:

— Қой деймін, ой!.. Бәйгенің керегі жоқ. Жалғыз атты жазым қылып алсам, сорлағаным ғой... Ертең өзім қалаға барғалы отырмын,— деп ат несі тізгінін мықтап ұстап, кесіп алмасаң қолын босататын емес.

— Ит-ау, нең кетеді! Осы тұрған «көтен моладан» шабады... алдымен келсе ғой, бәйгесін аласың,— деп ана жігіт өршеленеді.

«Тоқ бәйгеге» 40-50 ат шықты. Олар топтанып ылдифа түсе берген, Алакөл жақ белестен бірер қара қылтнды.

— Ат келеді, ат!..

Сүйткенше болмай, әлгі қараның арт жағы жапа тармағай андағай көрінді. Ат саны жиырма болса, мына қараның саны жүзден де артық көрінді. Жұрт андап, біреулері аттың үстіне шығып, біреулері арбаға шығып көздерімен тесіп барады...

— Батыр-ау, бұ не?

— Бәйгенің аты емес, жайылған жылқы шығар?..

— Ау, Қүсекеннің өрістегі түйесі болып жүрмесін?!

Көз ұшында бұлдыраған қара бүкіл белесті жалпағынан алып, осы тапқа қарай ойысты. Әлгіден көрі жақындаған тәрізденді. Сүйткенше болмай, қараның да арты бөлініп әлгіден көрі шоғырланып, ылдифағы ауылға жақындай беріп, тоқтаған сияқтанды.

- Ау, солдат болмасын!
- Дуандағы актың әскерлері қашып жатыр деген...
- Әй, жағыңнан алсын!

Жұрт демін ішіне тартып, бір жұмбаққа кездескендей боп тына қалды.

Бір мезгілде — күрс... етті. Батыр-бұтыр мылтық дауысы, бұрқыраған түтін... түтін «тоқ бәйгенің» адамдарына қарай шығып, олар жалт беріп кейінгі топқа жапатармағай шапқанда, біреулердің аты құлай, біреулердің аты ойнап шыға берді; біреулер ат-матымен құлаған сияқтанды...

Аллалаған, шулаған жұрт, жылаған қатын-бала, ың-жың боп сапырылысып, ойпаң-тойпаң болған кезде, сатырлаған мылтық дауысымен қоса, пырылдап ұшқан сары ала секірткедей боп, оқ зулап өтіп жатты. Жұрт бірін-бірі тапап, біріне-бірі тығылып жерге жабысты. Біреулер басын шапанымен, біреулер қолымен қымтап, бүркеген болып жатты. Бірер минуттың ішінде қосақталған, байлап-маталған аттар бет-бетіне қашып, төбенің басында, жұсаған қойдай боп, жер бауырлаған адамдар ғана қалған еді...

ОН ҮШІНШІ ТАРАУ

Кең жазықтың өлкесі жаздың бас кезінде шалғынмен көміліп, жерінің беті айнадай теп-тегіс, тусырап жатқан соны жер тәрізді еді. Жаз шыққалы бұл жерге мал да жайылған емес. Жалғыз-ақ, іннен басын қылтындатқан суыр, бірен-саран дуадақтар ғана мекендейтін еді. Кейде, жауыр торының нығында жарбиып, қақпан салып бірен-саран аңшылар ғана жүрер еді.

Июль айынан бастап Кең жазықтың шалғынына орақ салынды. Машинамен бел орақ жарысқа түскендей болды. Аз күн қымыз ішіп, көбең атша көмпиген бозбаланың маңдайынан ащы тері шұбырды. Кең жазықтың ауасы ала-пұла тынба-тынық ыстық; маса, сона дегеннің бұл жер ежелгі ұясы. Шөбі шабылып, жер беті кебенмен қыбырласа, бұл өлкенің ауасы бірден өзгерген секілденіп, жұмыста жүргендер еркін дем алғандай болады.

Кең жазықтың тап осы кезін андығандай — сонау аңғардағы Қоржын томарға ел көшіп қонады. Сағыммен бөленген ауылдың елесі — қымызды сағынғандардың талайын тамсандырады. Жұмысты тастап ауылға баруға болмайды, әр жұмыстың мерзімді уақыты бар: бұлар — шөпті бітіре салып, егінге орақ салуға асығып жатқан-

дар; егінді жиып бола бергенде, сол егін жайға — сонау ел тағы көшіп барады. Шынында бұлар — жаудың бетін қайырып, кейінгі елге жол ашып отыратын — соғыс майданындағы әскердің алдыңғы озғыншысы тәрізді.

Басқа малдардан гөрі — кебен арасын тіміскеуге қой малы үйір-ақ. Бір қора қойды кебен арасына қаптатып, балдақпен секендеп ақсақ қойшы Уақас жүреді. Аспан айналып жерге түссе де, ауа өзгерісі мен мұның жұмысы жоқ секілді: жүні сыртына айналған жарғақ тон, балдақпен секіргенде — етегі жалбандап, мұның үстінен өмірге түскен емес. Алыстан қарағанда мұның түрі — қойшыдан гөрі — өлі жүні үстінен түспеген тырайған арық саулық секілді; кейде қой ішіне жарбитып қағып қойған қарақшы секілді боп та көрінеді. Уақастың осы түрін қой екеш қой да сезгендей боп, оның арбандаған кескінсіз түрінен шошынып үркуінді білмейді.

Кебен арасына қой жайса, Уақастың жылтындаған көзі сол көп шөпшінің арасынан әлдекімді іздегендей, соны тапқанша ынтыққан адамның пішінінде болады. Іздегені інісі: — ол осы шөпшінің ішінде. Ағайынды екеу. Мұның түрі мынау: кейде ауру, кейде сау; ұзақты күн қой соңында шоқаңдаймын деп, ауру аяғы қақсап, түн бойы сарнап ұйқы көрмейді. Бар үміт — інісінде: ол қыс бойы орыс школында оқу оқиды да, жаз жалданып шөп шабады, егін орады. Тапқанын тең бөліп, жартысын өз керегіне жаратса, қалғанын мына ақсақ ағасына береді. Кәрі кемпір шешесі көрінгеннің есігінде кір жуып, мал сауумен жүреді. Өмір түрі осы. Үміт еткен інісін оқта-санда бір көрмесе, Уақастың шері таркамайтын секілді. Кең жазықтың маңына ел көшіп келгелі қойын осылай қарай қаптатып, күн сайын келе беретіні де осыдан. Келген сайын інісін құр ғана көріп қоймай, шешесінің атынан бірер «сәлемдеме» де ала келеді. Онысы — не кепкен ірімшік, не қаймаққа былғаған сөк болады. Ағалы-інілі екеуі арасындағы туысқандық сүйіспеншілігін осы секілді болымсыз нәрсемен өздерінше нығайта түскен секілденеді.

Кең жазықтың бір көгалында жарлауланған шалғынды бел орақпен төңкеріп түсіріп екі жігіт жүр. Мұның бірі — шағын денелі сары жігіт. Бұл — жоғарғы той болатындағы бәйгеге шыққан атты бастайтын — Садықбек дейтін жігіт еді. Бұл жігіттері өзгешілік — мінезінің құбылмалылығы: кейде қабағы жабылып, жауар күндей тұнжыраса, ә дегенше болмай күндей күлімдеп, кең даланы басына көтеріп барылдап өлең айтып тұрғанын көресің. Өлеңі де тым құнарлы емес:

«Деген соң бел орағым, бел орағым,
Шалғынды төңкерейік кел орағым!
Сұлу қыздай белінен орай түсіп —
Сілтесем, жүйрік аттай жел орағым!..»

деген секілді. Жаман болсын, жақсы болсын — өзіне керек өленді үйлестіріп аларлық өнері бар. Садықбек тұнжырап ойға шомды десе-ақ бірер өлең шығаруға азаптанғандығы белгілі тұрады. Шығарып болады да, ораққа сүйеніп, артына бұрылады:

— Зарып-ау Зарып, өлең айтқым келіп тұрғаны...

Зарып дейтін — кішкене көз, қара домалақ бала. Жиырманы қусырған жасы бар. Пішіні тым салмақты. Ойын-күлкі, сауықтан мақрұм өскен жас өмірдің қайғы ізі, бет әлпетінде айқын көрініп тұрған секілді. Оқтын-оқтын ернін қымқыра түседі; бұл «қымқыруы» әлде қалай емес, іштегі ызаның сыртқа теуіп тістендіргені іспетті. Садықбектің өлеңін шын тындаған адамның түріне кіреді. Өлең түрін айырарлық жәйі бар, осы шөп шауып жүргеннің өзінде де — Пушкин, Лермонтов сияқты орыс ақындарының кітабы мұның қосынан табылады. Бірақ, Садықбектің өлеңін тыңдаса да, «жақсы — жаман» деп баға берген емес; үйткені — құлағы Садықбектің өлеңін тыңдағанмен, көзі — маңының бәрін шолып, сол минуттегі маңында болып жатқан көріністердің әрқайсысына әртүрлі маңыз беріп тұрған адамның пішінінде.

Соңғы әзірде кебен арасына жайылған қойға бұл көбірек қарайтын болды. Қойға емес-ау, балдақты «ақсақ қойшыға» көбірек қарайды. «Ақсақ қойшы» — мұның туған ағасы. «Ақсақ қойшының» ансап іздейтіні де міне осы Зарып.

... Бесін әлетінде қойын қақтатып «ақсақ қойшы» Уақас — бұлардың қасына келді.

— Е, Уақас, тағы не әкелдің?.. Шығаршы, қане, қойныңнан! — деді Садықбек күліп.

Уақас қойшы қойнынан шүберекке ораулы бір зат шығарды, бұл шала мүжілген қойдың мойын омыртқасы, шек-қарын сияқты құнарсыз тамақ еді.

— Қонақ келіп пе еді байдың үйіне? Тоқты сойылған ғой, сірә!.. — деді Садықбек.

Келген қонақтың жәйін Уақас тым қорқынышты ғып айтты. Бұл — Жұрымбайды таяққа жығатын ақтың отрядінің хабары еді. Зарып бала бұл хабарды есіткенде — мүжіп отырған омыртқаның қолынан қалай түсіп кеткенін білмеді.

— Ба-ба-ба... Құдайдан безгендердің ісін-ай!..— деді Садықбек.

Осыны айтты да, ол әлденеге Зарыптың бетіне қарады. Зарыптың бет әлпеті кенет қуқылданып, төменгі ерні қымқырыла түсіпті. Мұндайда бұл үндемейді; үндесе, Садықбек секілді ойынды-шынды араластырып «ба-ба-ба» деп тұрмайды, есіткен адамның құлағын түргізгендей ғып оқиғаның түпкі тамырын қопара сөйлейді. Жылтыраған кішкене көзді жыпылық атқан кірпігі әлсін-әлі көміп кете береді; жылағалы отырған жоқ. Жұрымбай мұның тумаласы емес. Өйткенмен әлде қайдан қайнап шыққан ызалы кек ішті өртеп, жүректі алқындырып, ауызға тығып тұрған секілді еді.

...Той үстіндегі оқиғаны Зарып өз көзімен көрген жоқты, онда бұл қырғы жұмыста еді. Артынан елге келгенде — Бокбасардың үйіне әдейі барғанды. Есігінен қараған адамның бәрін шаншу көріп отырған Дәметкен кемпір Зарыптың барғанына онша тітіркенбеп еді. Зарыптың шешесі мен Дәметкен бір елдің қызы ғой, көңіл-дес жақындықтары бар. Сондықтан Зарыпты көргенде, Дәметкен: «осындай сұмдыққа ұшырадық!»— деп, мұның шаққан адамдай боп, егіліп жылап еді. Дәметкендегі үнсіз зардың ұшқыны тас жүректі де жібітерлік еді. Зарып жылап жібере жаздап, өзін-өзі зорға ұстап еді. Ырымкүл төсекте — ірге жаққа қараумен жатыр еді. Жұлып бара жатқан ауруы болмаса да, «кісіге қарар бетім жоқ» деген күйіктің зардабы сыртқа тепкендей — сол жатысының өзінен сөзсіз сезіліп тұр еді... Зарыптың келгенін сезгендей боп, Ырымкүл бұрылып қарап еді: бет-аузы көгілдір, қан-сөл жоқ сұп-сұр; көп жылаған адамдай көзінің алды күлтілдеген ісік. Сонау оқиғадан кейін кісі бетіне Ырымкүлдің туралап қарағаны осы шығар... Қарауы тым ауыр сезіліп еді: өкпе, наз, аянышты мұндық пішін бәрі араласып жатқандай еді. Бір кезде бәрі бірге ойнап өскен балалар ғой. Бала кезде Ырымкүл мұны ойнап «қортық» деп мазақтайтын. Сол «қортығы» осы Зарып. Бері келе Зарып елде сирек болды. Өткен қыс демалыста ауылға келгенінде, осы Ырымкүл мен Зарып бір «қыз ойнақта» кездесіп еді. Сөз арасында Ырымкүл әзілдеп:

— Жігіт боп қалыпсың ғой!— деп еді.

— Сен — бой жеткен қыз боп қалыпсың!— деп Зарып та күліп еді.

Замандастық түрі осы еді. Бірақ, осы замандастық-

тарын өздері ашып айтпағанмен, «елжіресіп сүйіскендерінен» әлдеқайда бағалы түрде еді.

...Жұрымбайдың таяққа жығылған хабарын есіткенде — Зарыптың көз алдынан осы сурет тағы бір шұбырып өтті. Мүсәпірлік күй деген осы: осыны естіп отырса да, қол үшін беріп, көмектесетін дәрмен Зарыпта жоқ! Құр тілектестіктен не шықпақ? Зарыптың зығырының қайнайтыны содан ғой.

Ақтың әскерінің қолынан таяққа жығылған Жұрымбайға Бекібай шалдың шын жаны ашып болысқанын, Жұрымбайдың үйін өз аулына көшіріп алғандығын есіткенде — Зарыптың бет әлпетіне аздап қан жүгіргендей болды.

— Дұрыс істеген екен! — деді...

Садықбек орақ шындап отыр. Жан шошындырарлық ауыр хабарды бірер минуттың ішінде ұмытып үлгіріп, енді ол өзінің дағдылы қалпына келген секілді. Балғасының шақылдаған дауысы басқаникінен бөлек: бірер әннің ырғағына салынып ұрылып отырған тәрізді. Ынылдап өлең айтады.

«Мінгенім көп алдына құла керім.
Шығармас құла керім қызбай терім.
Қабағы күлімдегені кел дегені.
Қалқаның ұстай түстім қыпша белім...»

Өлеңін айтады да, «есіттің бе?» дегендей боп Зарыпқа бұрылады. Зарыптың ойы «қалқада» емес, басқада: Бекібай шалдың Жұрымбайға болысқан оқиғасы Зарыпты тым терең ойландырды. «Кедей — тамағының тойғанына мәз» — деген кейбіреулердің қисыны бұған мықты қайшы. Құсайын байдың жау көрген адамына қорғаншылық істеген Бекібай шал, енді, бұдан бұлай тамақ үшін соның босағасын аттар ма?

Зарыптардың оқып жүрген школында үш учитель болды, екеуі орыс еді де, біреуі қазақ еді. Қазақ учитель — Шыбынбаев дейтін адырақ көз қара жігіт еді. Орынбор семинариясын бітірген білімі бар еді. Барып тұрған ұлтшыл еді: әлгі орыс учительдерімен жоқ нәрсе үшін-ақ ызғысып, дау көтерумен болатын еді; қазақ балаларына ұлтшылдық рухты сіндірем, өз маңында жиямын деп әуреленетін еді. Артынша Үсздік «Алашордаға» сайланып, сонда кетті. Кеткені жақсы болды, қазақ балаларының сенімділерін іріктеп алып, әлгі орыс учительдің бірі саяси кружок ашты. Оның ішінде Зарыпта болды. Кружок сабағы-күнгірт мәселелердің көбін

балаларға ашып бергендей еді. Әсіресе, азамат соғысының таптық маңызы жөнінде бірнеше лекциялар оқылды. Сол кружокта Зарыптармен бірге болған Шайман дейтін бала кружок сабағынан шыға беріп учительдің лекциясын тәлкек қылатын еді: «Қазақ ауылын тап жігіне бөлгізіп көрер еді осыған...»— деп. Мына Жұрымбай оқиғасындағы ауылдың жіктеліп шыға келуі Шайман баланың жоғарғы тәлкегін талқандарлық дәлел еді...

Зарып осыны ойлай келіп, ауыр күрсінді:

— Солай керек еді... Дұрыс істеген екен!— деді тағы.

Орақ шындап Садықбек кенет тоқтап, басын көтерді. Әлде қайда біреудің құлындай шыңғырған дауысы естілді. Зарып та орнынан ұшып тұрды. Қаптаған қой көгалдың сонау күн батыс жағындағы шалғынға кіріпті. Қалың шалғыннан ешкінің қақиған мүйізі, қойлардың ағарандаған жоны болар-болмас қана көрінеді. Салт мінген біреу атын тебіне ұмтылып, камшыны үйіріп жүр. Ат бауырында секендеп біреу жүр; бұл — балдақты қойшы Уақас еді. Шыңғырған дауыс соныкі. Зарып, не істерін білмегендей, бірер секунд қатты да тұрды.

— Өй... Ұмтылсайшы!... Өлтірді ғой ана сорлыны!— деді Садықбек.

Зарыптың қолына бел орақ түсті. Аяғы жерге андасанда бір тигендей болды. Алқына жүгіріп бұл жақындағанша болмай, Уақас қойшы — аттың омырауы қақты ма, әлде, таяғына оралды ма — омақата құлады. Салт кісі атының басын тартып тоқтады. Көзі — Зарыпта, Зарыптың қолындағы бел орақта: «Ал, істей ғой істейтініңді, көріп алайын!» деген адамның кескіні. Зарып төніп келіп, орақты сілтей берем дегенде, біреу сырт жағынан келіп қолын ұстады. Зарыптың құлағына сыбырлады:

— Құтырдың ба?.. Итқұлы екенін көрмей тұрмысың?...— деді.

Ат үстіндегі Итқұлы еді. Семіз торы ат ентігіп, демін танаудан будақ-будақ шығарып, тыпыршиды; Итқұлы да демін екі иіннен алып, ұрынуға қара таба алмай тұрған адамның келбетінде.

Дегенмен Зарыптың ашулы түрін көргенде — Итқұлының еті түршігейін деді. Бұл баланы мұндай боп шығады деген жоқ еді-ау. Зарыптың әкесі Жәмпейіс дейтін кісі Құсайын байдың құлақ кесті құлы есебіндегі адам еді. Одан туған Уақас пен Зарып — Құсайын байдың «мәңгілік малайлары» екенінде ешкімнің дауы жоқ секілді еді. Солай болды да: Уақас ақсақ 15 жасынан бері

кой соңында келеді. Аяғының ақсақтығы болмаса, малға өте күтімді. Ал, Зарып олай болмады: кішкентайынан сабақты айналдырды. Осы елдегі ауылдық школдың учителі Ғалымжан деген кісі осы Зарыпты бауыр тартып (аталас еді), жастайынан оқытып, екі класты орыс школына орналастырып отырған да сол. Зарыптың әзір бұзып-жарып кеткен ешнәрсесі жоқ. Дегенмен, қалпындағы салқындық, терең сырды ішіне бүккендей ызғарлы пішіні — Итқұлы сияқтыларға онша ұнамды емес. Жаз, оқудан елге келгенде, екі-үш ай кісі есігіне жалданып жұмыс істей жүріп, Құсайынға бір жалданған емес-ау! Итқұлы ақсақалдық жөнімен мына «ақсақ қойшыға» әлденеше рет ескертті; «інің басқаға жалданбасын, өзіміздің байдың жұмысын істесін» — деп. Итқұлының айтқанын істеп осы ақсақ інісін әлі бір көндіріп көрген емес. Бұл ақсақ па!..

Бүгін ақсақ қойшыны аттың бауырына алып сабағанда — Итқұлы осының кегін алайын деген жоқ. Қойды шабынға жайдың — деп те ашуланған жоқ. Мұның түпкі себебі басқада жатыр еді. «Алашорда» үкіметі құрылғанда — соның елдегі «кұрметті мүшесі» боп Әбділдә студент сайланды. «Алаштың» ішкі жұмысына араласпағанмен, елде жатқанмен, бұл соның мықты тірегі есебінде еді. Бір рет үлкен жәрменке боп Алаш пайдасына «сауық кешін» ұйыстырып, көп жәрдем жиып берді. Сауық кешінің отчетын сол кездегі «Қазақ», «Сарыарқа» газеттеріне жариялап, елдегі атақты баймырзалардың «Алаш» үшін «жанын пида ететіндігін» әшкерелеп берді. Бұл онша үлкен де емес еді. Әбділдәнің атқарған қызметі осы ғана болса, оны алаштың тірегі еді деп дәріптеуіміз орынды болмас еді. Әбділдә қызметті астыртын атқарды: ел ішінде өлке бойындағы қалың поселкелерде большевик қозғалысының қай түрде өріс алғандығын бақылап, тиісті жеріне жеткізіп тұратын еді. Поселкелерден құрылған партизан отрядтары не түрлі қиындыққа кездесе, соның көбі осының сілтеуімен болып отырған жұмыс еді.

Ауыл кедейлерінің байға наразылығының күшті екендігін Әбділдә жақсы біледі. Бірақ, осы наразылықтың большевик қозғалысына қалай барып ұштасатыны бұған күңгірт еді. Елге үгіт жүргізуші де, кедейді ұйыстырушы да — осы елдің өз ішінен шығу керек. Сонда, солар кім болмақ? Әбділдә бірнеше адамдарды айырықша бақылауға алып, астыртын зерттеп көрді. Секем алғандай мінез ешқайсысынан сезілмеді. Сондықтан,

қолда күштің барында сезікті адамдарының бірнешеуіне қақпан салып көрмек болды. Имаш әңгімесі осымен басталып еді. Имашқа қорған секілденіп Жұрымбай шықты. Жұрымбайды қысымға түсіріп еді, жұлқынып Бекібай шал шықты. Бекібайдың жұлқынуынан келіп Әбділдә, жіптің осы үшін тапты. Ендігі бір керекті адам — Зарып бала. Мұның өз басы ғана емес, осы Зарыпты жастан тәрбиелеп өсірген Ғалымжан учитель — ешнәрсемен жұмысы жоқ адам секілденіп үйінде бұғумен жатыр. Оқыған адамның қалпын істеп Әбділдәларға үйірілуінді білмейді. «Алаш» ұранына оқығандардың көбі үн қосып жатқанда да, Ғалымжан үндеместен қалды. Неғып бұл ешнәрсені сезбейтін, елемейтін болды?

Міне, Уақасқа тиген осының ұшқыны. «Өзіме тиістіні Істедім» дегендей боп Итқұлы ат үстінде мардамси тұрды. Енді, осыдан шығатын қортындыны байқау керек: кім, не айтар екен? Кең жазықтың өлкесін алып жатқан қалың шөп бұған қалай қарар екен? Итқұлының көптен көз тіккені де осы топ еді-ау...

Әуес көрген секілденіп шөпшілер аңдап жиыла қалды. Бірсыпырасы — ат үстіндегі Итқұлыға да жуымай, құлап жатқан Уақасқа да жуымай, үрпіісіп анадай жерде тұрды. Уақасты Садықбек сүйеп тұрғызды: балдағы ортасынан омырылыпты; оң жақ бетімен жерді сүзе құлаған екен, бет терісі сыпырылып, қызыл қан жосып ағып тұр.

Итқұлының тұрысына бірсыпыра қадала қарап, Зарып, Уақасқа бұрылды. Итқұлының қияңқылық түрін Зарып сезе алды. Жалғыз Итқұлыны жеңгенмен де, Зарыптың кегі бітпейді. Кек түбі тым тереңде жатыр. Зарыптың өзін-өзі ұстай білгені осыдан. Бұдан гөрі де ұшқалақтыққа салынбай, болған оқиғаның егжей-тегжейін білетін салмақты пішіні себеп болды.

Үрпііп тұрған шөпшілер Зарып пен Уақастың маңына топтанды. Мүсіркеген сөз ешқайсысының аузынан шықпағанмен, тұнжыраған пішіндері ішкі наразылықты сыртқа еріксіз шығарып тұрғандай еді.

— Қайырындар ана қойды!.. Бүлдіртпендер бәйекті! — деп, Итқұлы, Зарып тұрған жаққа қарап барқ етті.

Шақшиған ала көзі бұрынғысынан көрі де алара түсіп, шалғын ішіндегі қойларға қадалды да тұрды. Қойға емес-ау, сол қойды қайырып, иіріп, шалғыннан шығарып жүрген Дайырбекке қадалды: ешкім жұмсамастан, қойды қайырып, иіріп, шалғыннан шығарып келеді ол.

Итқұлы күрсінді. Дайырбек — Құсайынның есігінде жүрген көп малайдың бірі. Уақасқа жаны аши қалуын көрдің бе!.. Итқұлы қамшымен ымдап бір жігітті жанына шақырды. Домаланған сары жігіт қанден итше еркелеп, Итқұлының үзеңгісін ұстай тұрды. Итқұлы басын төмен бүкті:

— Имаштың бұл маңға келгені сезілмеді ме?..

— Жоқ.

— Құлағыңда болсын: сұрастыр!.. Анықта!.. Сосын...

Итқұлы Зарыптарға қарай түсіп, әлгі жігітті онашарак алып шықты:

— Аналардың ішінде бол. Кім не айтар екен, бір түгін түсірмей маған жеткізерсің...

Осыны айтып Итқұлы өзен жаққа беттеді.

ОН ТӨРТІНШІ ТАРАУ

Әлдеқайда — көк жиегін белдеулеген қара бұлт өзі інінен өзі көтеріле қомақтала келіп, күн батыс жақты тегіс қаптады. Күркіреген даусы асқар тауды сілкілеп аударғандай, әлде кімдерде өші боп, сол өшін алу үшін аянбай сілкінген іспетті еді. Бұлтты тілген найзағайы — батырлардың жырындағы «аспаанның қылышынша» жарқылдап, діншілдердің талайына дұғасын еріксіз оқытқандай еді. «Әлем жүзіне шашатын ақтық нұрым осы болды-ау!» дегендей боп, күн көзі шарбы бұлттан сығырандап қарап аз тұрды да, түйліккен қара бұлттың құшағына кірді. Жер бетіне қою қараңғылықтың шымылдығы жайылды. Жел екіленіп біресе оңнан, біресе солдан соғып, ақырында бұ да белгісіз бір ірі жұмысқа әзірлену үшін әл жиып алайын дегендей боп, тына қалды. Ауыл адамдары үйлерінен өре шығып, бұлт сыңайын, жел ыңғайын байқайын дегендей — әлдеқайда қалалып қараумен болды. Түнерген бұлттың түрі тым қорқынышты: түпсіз қараңғылық әлем жүзін тегіс көміп, «қиямет қайым» ә дегенше болғалы тұрған секілді. Мұндайда бәпелеп отырған киіз үйдің баспана болуға жарамағаны-ақ жаман. «Ұшарын жел, қонарын сай білген» осы киіз үй... Әлде қайда — ауыл шетінде тоқылдап бір тоқпақтың дауысы шығып еді, ауыл адамдарының бәрі де тап осыны күтіп тұрғандай боп тоқпаққа жабысты. Үй үстіне арқан тасталды. Пысық әйелдер үйген тезекті жиып, жапты. Салақ әйелдер тезектің керегін тап сол минутте сезгендей боп, жалма-жан қапшық арқалап, қабыл-құбыл тезек терген болды. «Күн жар-

қылдағанда — жайдың оғын тартады-мыс» деп бірер кемпір самауырын, шылапшын сияқты жез ыдыстарын шидің ішіне тасалай жинап, үстін дастарқанмен жапты... Түнерген бұлт осы елден өш алуға әзірленген секілді де, бұлар соған көнбейміз деп өздерінше кам істеп жатқандардың түрінде еді.

Бұл — «Қоржынтотмардың» қыратында отырған Құсайын байдың ауылы еді. Өзіне қараған малай-қоңсыларымен бірөнкей жеті-сегіз үй боп Құсайын отыр. Қалған оншақты үйді маңына жиып, «осыларға мен тірекпін» деген секілденіп, томардың күншығыс жағында Жұмасейіт қажы отыр. «Ауыл адамдары» дегеніміз кілең қыз-қырқын, әйелдер. Еркектердің бірсыпырасы жұмыста, бірсыпырасы ат үстінде — әңгіме соңында, Құсайын байдың өзі де үйде жоқ. Кәтима бәйбіше — бұғағы салбырап, май басқан беті төңкерген табақ секілденіп, сол баттиған беттің ортасынан мұрнының үші ғана қылтиғандай боп, ырғала басып ақ үйді орады. Үйінің кігізін ондаған болды. Бауларын ұстап қарады. Көзі еріксіз томар басына бұрылды: томар басында — таяқты кеудесіне тіреп Жұмасейіт қажы тұр. Оның да көзі осы жақта секілді. Кәтима бәйбішенің ойына әлде нелер түскендей боп, күрсінді. Әлде неге күлімсіреді. Бүгін бай да үйде жоқ-ау... Жарқ еткен найзағай бәйбішенің бетін тіліп өткендей боп, ол аузын күбірлетіп дұға оқыды. Әйткенмен, көз шіркін өз дегенін істеп, сонау томар басындағы қажыдан айрылар емес.

Қажының қара тоқалы — жағына пышак жанығандай арық пішінді адам. Қаз мойынды болғандықтан ба екен, сол кісінің күре тамыры, әлде неге, білеуленіп көрініп тұрады. Бір аяғының нақырты бар, сонысын білгізбеймін деп жүргенде аяғын жорғалап басады. Сонда да мұны ауыл әйелдері сырттан «аксақ қатын» деп тілдеумен болады... Осы қара тоқал тоқпақты қолға алғанда — дүниені жапырып жібергендей боп күшырланса да, екі-үш сілтегеннен кейін алқынып, тоқпаққа сүйеніп тұрып қалды. Бұған қарағанда — Нағиманың жастығы ма екен, әлде, қайраты басым ба, екі-үш жерден қазық қағып, отауына арқан салып, бастырып та үлгірді. Қандай жұмысқа болса да Нағима түсірімді-ақ. Және, жұмыс істеген әйелдей алқы-салқы боп жүрмейді, бойы-басы күтімді, сып-сыпа ғана.

Тоқпаққа сүйеніп тұрған қара тоқалдың көзі Нағиманы жеумен болды. Осы екеуінің: бірінде «енелік», бірінде «келіндік» жоқ, сөзбен шайнасып, беттері ашылып

болған адамдар. Нағиманы қорлыққа салу үшін бұл тоқалдың істемегені бар ма! Үй түйтігінің бәрін жалғыз Нағимаға істету үшін ең арғысы қызметкер әйел де алғызбай отыр. Өштіктің басы тоқалдың «жүрісінен» туып еді: Нағима бір рет соны сезіп қалды да, ішіне сақтай алмай, бірер абысынына сыр ғып айтты. Сыр — сыртқа шашылды. Тоқалға онымен түк те болған жоқ, жазаны Нағиманың өзі тартты: тоқалдың шағыстыруымен Нұрғали мырза Нағиманы екі күннің бірінде ұратын болды. Бірақ, бұл Нағиманы шіміркендіріп ашындырмаса, қажытпады. Тоқалдан болсын, Нұрғалидан болсын, осының кегін қалай аламын?— дегендей боп, Нағима ауыр ойларға бататын еді.

Қара тоқал Нағимаға қарай түсіп аз тұрды да:

- Әй, немді бітіріп тұрсың?
- Өзің немді бітіріп тұрсың?
- Өй бетпақ!.. Өй бетің тіліңгір!
- Өзіңнің бетің тілінсін!
- Бәтір-ау, мына салдақы...

Қара тоқалды ашу буып, түсі көгілдірленді. Әлде нені айтқысы келгендей — ерні жыбырлады. Тоқпақты жерден бір көтеріп, бір қойды.

— Бейі әкел тоқпақты,— деді біреу.

Бұл — Сақау Досмағамбет деген кісі. Қажымен аталас — арасы бес ата. Қара тоқалды «жеңеше» дейді. Тоқал оны «Төрежан» дейді. Тоқал сияқты Нағимамен өш адамның бірі осы.

- Кейбез кейін не айтты жаңа?
- Бүгін түнде келсін деді саған... Күтемін деді..
- Қой-ау...

Тоқпаққа сүйеніп Досмағамбет тұрды. Тоқалдың беті күлім қақты.

— Өзің айтшы, өзің!— деді Досмағамбет.

Тоқал оны шынтақпен қақты:

— Ақырын... Қажы келе жатыр,— деп.

Жүкті әйелше шерміп қажы келді. Бақа кісінің семіргенінен жексұрын не бар екен: көл бақаша тырбы-ып тұрғаны. Бет бітісінің өзі де тым сүйкімді емес. Иектегі қою қара сақалы, жан-жағын қырып текшелегеннен бе екен, кошқарға байлаған күйек секілденіп көрінеді. Аз ғана жер жүреді де, маңайымды бір шолып алайыншы дегендей боп, таяқты кеудесіне тірей тұрады. Сол күйі ұзақ тұрып қалатын да кезі болады. Сөзге тым сараң, тұнжырап ойлануы көп. Жұрт мұны: «дүншеден

кол үзген, ақиретін ғана ойлайтын адам»— деп дәріптейді...

Қара тоқал қайқандап, қажының алдынан шықты. Көз қарасы «бүгін сені арбап бағайын» деген адамның түрі. Осыны сезе қалғандай боп қажы теріс бұрылды. Сонау көз ұшында түтінше бұрқыраған шап. Қара кошқыл бұлт түрі бозаң тартты. Жел екілене соғып, шала бастырылған үйлердің кигізін қолпылдады; түндігін жұлып әкетті. Ер жеткен қыздар кербездікті тастап, бір жақ шекесіне таман қисайта киіген тебетейді қолымен басты. Кең етекте көйлектер желмен желпілдеп, кейбір келіншектердің басына түріліп, ата-енесінің алдында ұятты қылғандай болды. Әсіресе, есік алдында тырбып тұрған қажыны көріп, «осы ұялғаным да жетер» дегендей боп кейбіреуі үйлеріне кірді.

— Қажы-ау, кірсейші үйге!— деді қара тоқал.

— Е, үй құласа, қайтем? Құтыла алмай жүр ме ен менен?

— Байғұс-ай, жоқты айтасың-ау...

Жауынның алды бұршақпен басталды да, жұртты үйге еріксіз қуып тықты. Түтеп соққан борандай боп жауды. Үй төбесінен тамшы сорғалады. Іргеден — іркілген су жылтындады. Қыз-келіншектер, ұялғанды былай қойып, мәсіні шешіп, балақты түрінді; кестелі етектер ышқырға қыстырылды. Ең арғысы қажы отағасы да — жүнді балағын жалаңаштап, үй ішінде жалаң аяқ жүріп, балалық өмірін еске түсіргендей болды.

Ұзамай жел бәсендеп жаңбыр саябырлады. Солтүстіктен «кемпіркосақ» көтеріліп қызылды-жасылды белбеумен көк жүзін орап бұғандай болды. Бұлт төбеден ауып, жарқырап күннің көзі шықты. Ауыл іші қайтадан адаммен қайтады. Үй аралары көл-көсір су. Жер ошақ біткендер суға шөпілдеп толыпты. Қайда судың мол жері болса, соны іздеп, шалпылдатып балалар жүр. Балалардан қалыспайын дегендей — тырбандап секіріп көлбақа аңдады. Өзінің түрі онып тұрғандай, — қажының ұнатпайтын мақұлығы — осы көлбақа, аяғының астына келген біреуін таяғымен ырғытып:

— Шіркін... Не жоқ екен бұларға?..— деді тыржынып.

Күн ұзаққа үйездеумен тұрған жылқы тым-тырақай жайылып өріске кетті. Желі басында үрпиген құлындар ғана. Нағима — белдемшесін байлап, шелегін көтеріп, бие саууға шықты. Құлағындағы үзбелі сырға күн көзіне жарқылдап бетіне соғып келеді. Ақшыл беті бұрынғыдан гөрі де жарқырай түскен секілді. Әшейінде

түйілумен жүретін қабағы — нақ осы минутта әлденеге жазыла түскендей. Бұрқ-сарқ келген табиғат қандай жадырап, жайланса, бұ да сондай көңілді: нақ осы минутта кім кездесе де, ашық жүзбен сөйлесіп, жүрек сырын ақтарып, ашып беретін адамның пішінінде.

Әшейінде кез келген әйелді ертіп жүре беруші еді, бұл жолы өрістегі жылқыны жиып келетін адам керек болды. Осы сылтаумен Нағима әр үйдің есік алдынан өтіп, адам қарастырды. Шеткі жұлым үйдің есігінен қарағанда — төр алдындағы жалғыз абдыраға арқасын сүйеп, домбыраны дыңғылдатып отырған Құлтуманы көрді. Үйінде отырса, Құлтуманың қолынан домбыра түспейді, сабалап ұрады да отырады. Онысы не күйге, не әнге келмейді. Есіктен қараған Нағиманы көріп, Құлтума басын көтере түсті. Күнгірт тартқан жұлым үйдің ішіне есіктен қараған Нағиманың бет ажары айырықша бір сәуле шашып тұрғандай еді.

Нағима күлімсіреді:

— Шөпке кетем деген жоқ па ең?

— Шөпке ме? Шөпке... Жауын болатынын біліп бармадым,— деді Құлтума ыржаңдап.

Шынында да Құлтуманың шөпке шығамын деп әзірленгеніне айға жақын болды. Әлі үйінде. Төсек үстінде жүн иіріп отырған қара кемпір ұршығын тізесіне қойып:

— Әлде қашан кететін еді, менің жібермей жүргенім ғой,— деді.

Осыны айтты да, қара кемпір күрсінді. Бөтен кісінің алдында көз ғып солай дейтін әдеті, айтпесе, жайшылықта бұл кемпір: «жұртпен қатар кәсібіңді істе!» — деп Құлтумаға қақсайды да отырады.

— Жүр ендеше, бие саудыр, ертең шығарсың шөпке,— деді Нағима күлімсіреп.

Күтіп отырғаны осы секілденіп Құлтума тұра ұмтылды.

Ауыл әйелдері Нағиманың ажарға тәуірлігін, кербездігін, кісімен тез шүйіркелесе кететін ашықтығын күндейді. Нағиманың бір еркекпен оңаша сөйлескендігін көрді десе, өсекші ауыздар жыбырлай бастайды. Қара тоқалдың жұртқа Нағиманы танытуы солай. Бір үйде отырған енесі айтқан соң кім нанбасын. Мына Құлтумамен бірге бара жатқанын көргенде, бірер беттер тыржаңдап:

— Салдақы... Жаңа тапқан екен теңін!...— деді.

— Бәсе... Құлтума неғып ауылдан шықпай жүр десең?...— деп кейбір әйелдер терең сырды жаңа ұғынған адамдай бажырая қарады.

Құлтума мен Нағима қатар жүріп келеді. Аралары тым жақын. Құлтума алыстағандай болса, Нағима күлімсірей қарап, жақындай түседі. Күлімсіреген осы шырай кімді болса да сыйқырлағандай-ау. Құлтуманың бойында қызулық. Алып ұшқан ойнақы ой — әлде қайда тұманға ма, сағымға ма — көміліп, бұлдыр елес бергендей.

— ...Айтайын ба не ойлап келе жатқаныңды?— деді Нағима күлімсіреп.

— Айта ғой,— деді Құлтума қызарандап.

— Айтпаймын... Қай бір еркек ең сен...

Осыны айтып Нағима тағы күлімсірей қарады. Құлтуманың беті өртше қызарып келеді. Екеуі бірсыпыра үнсіз жүріп отырды.

— Ойына бірдеме алып жүрме... Әшейін... Жақсы көргеннен айтам. Анқаусың. Жұртқа күлкі болумен жүресің...

Осыны айтқанда — Нағиманың күлімсіреген шырайы кенет бұлтқа кірген күндей қоңырланды.

— Күлкі болма... Ешкім күле алмайтындай болсын! Күлгендерден өшінді ала біл!..

Нағиманың осы сөзі Құлтумаға тым жақын, жан ашыр адамнан естілетін сөз секілденді. Құлтума бұл жолы Нағимаға салқын қанмен қарай алды. Нағиманың шырайындағы қоңырқай пішін — қараған адамды екінші ойға жетектегендей еді.

Құлтума жылқы жиып келуге кетті де, Нағима желі басында ұзағырақ отырып қалды. Жылқы жиып келгенше үйінде отырса да болатын еді, соны әдейі істемеді. Нағиманың осы отырысын өсекшілер мың сакка жүгіртеді. Мейлі, соларды сөйлету үшін Нағима осындайды әдейі істейді.

Томардың сонау сүйриген тұмсығында бір сыдырғы үйлер отыр. Үйлерінің сыртқы пішіні — ақты, қараны араластыра жамаған ескі шапанды көзге елестеткендей. Бой жеткен қыз сол ауылдан шығып, томарды жағалап, бері беттеді. Нағима танып отыр: Бұл — Жұмакүл еді. Кешегі оқиғадан кейін Жұмакүлдің үйі сол ауылға көшіп барды. Содан бері бір адам сол ауылдан бері аттаған емес. Ауыл арасында әшейінде бола беретін араздықтан гөрі — мұның түрі әлде қайда бөлек. Көп заманнан бері бірігіп, бір ошақтың басы саналып келген осы екі ауыл — күні кешегі оқиғадан кейін ат құйрығын ке-

сісіп, таза айрылысқан секілденді. Сонау ауылдың не ойлағандарын өздері білсін; Бекібай шал ашу шығарып, Жұрымбайдың үйін көшіріп әкеткеннен кейін, Нұрғалидың отауында отырып: Нұрғали, Әбділдә, Молдаш, мұғалім, Итқұлы — бесеуі сол оқиғаға қортынды істеген секілденіп, өзара кеңеске кірісті.

«Бұлар бетін көрсетті. Кімнің — кім екенін таныдық. Енді, өртті өршітпей сөндіруіміз керек!» — деді Әбділдә студент.

Осы қортындыны қолға ұстап Итқұлы Имаштың ізін аңдуға кетті. Нұрғали мен Әбділдә елдің пысықтарының басын құрау үшін аттанды. Молдаш мұғалім — Әбділдәнің тапсырысымен қалаға жөнелді. Құсайын бай өлгенге бата оқуды сылтау ғып, Асамбаймен сөйлеспек боп жөнелді. Нағима осының бәрін өз құлағымен естіп, сезді. Әсіресе, Әбділдәлардың тісін қайраған адамдары: Нұртай, Имаш, Зарып, Ғалымжан учитель; осыларды астыртын ауыз бірлік істеп жүр деген қортынды шығарылды. Не істемекші екен олар? Бұл адамдардың бәрінде Нағима жақсы біледі. Нұртай дейтін — Бекібай шалдың баласы ғой. Жас жағынан Нұрғалимен құрдас. Қазақ әдетінде құрдастан тату адам бар ма. Бірақ, сол «татулық» Нұрғали мен Нұртайдың арасында жоқ секілді. Нұртайды Нұрғали шақыртып алды. Тігін тігіп осы Нағиманың отауында сол Нұртай оншақты күн жатты. Мінезі қызық еді өзінің: құрдас деп әзілдесіп, артық сөз айту — Нұртайда болсайшы. Белі бүгіліп, көзі тігінінде, тұнжырайды да отырады. Ыңылдап өлең айтады. Құр ыңылдаған дауысы болмаса, өлеңі естілмейді. Сөз тарту үшін Нағима бір рет:—«Уа пәлі... Соға түс!» — деп еді.

Нұртай басын көтеріп, Нағимаға сәл қарай түсіп, жүзін аздап күлімсіретіп еді. Бірақ, бұл шын күлкінің түрі емес еді. Нұртайдың осы салқындығын Нағима неге жорырға білмей-ақ қойған. Нағима бір рет:—«Құрдас-ау, сен неге уілей бересің?» — дегенде, Нұртай жұлып алғандай ғып:—«Онда сенің нең бар?..» деп, шап ете түсіп еді. Нұртайдың осы сөзі Нағимаға тым қатаң тиіп еді. Менмендік ой ашу аралас көтеріліп, Нағима. Нұртайды содан былай ұнатпайтын секілденіп жүрді... Бірақ, Нұрғали мен Әбділдә соған тісін қайрағаннан кейін, Нұртайға деген ашудан арылып, Нағима енді, соны өзіне тілектес адам секілді көргендей еді.

Нағиманың мықты жауы — өзінің ері Нұрғали. Әйелі боп қойнында жатқаны болмаса, атуға оғы жоқ адамдай. Араздық күй Нағиманың қыз күнінен басталды.

Нағиманың 17 дегі кезі еді. Нұрғалидың айттырып, «сүт ақысына» шейін беріп, ұзатып алуға жақын кезі еді. Бірақ, ержетіп отырған қалыңдығым бар екен-ау деп Нұрғали ат ізін сала білмеді. Әкесі өліп, Нағиманың үйі «жетім бала, жесір қатын» атанды. Қалыңдығының осы күйін қорашсынып, менмендікке салынып, ескермеуі де мүмкін. Екінші жағынан — Нұрғали туралы: «Тана еліндегі бір қызбен көңіл қосып, соны алмақшы боп жүр екен» деген өсек те тарап жүрді. Қайткенмен де, Нұрғалидың сондағы қалпы — Нағиманың қанын қыздырғандай, намысын қоздырғандай еді. Нағиманың шешесі жылайтын еді онашада «қалқам-ай, бағың ашылмайтын бола ма?..» — деп. Бұ да Нағиманы от боп күйдіруші еді. Көрмесе де, білмесе де, Нұрғалиға деген ашу, салқындық ой — осыдан бастап туып еді... Нақ осы кезде Жұматай дейтін мұғалім осы елге келіп, бала оқытты. Нағиманың немере ағасының үйінде тұрды. Жас қана жігіт еді. Киімінің бәрі орысша. Жүріс-тұрысы елдің ескі әдетіне қайшы. Діншілдер ол мұғалімге «кәпірлік мөрін» басты. Кемпір-шал оны жаратпай, жиырылып қарады. Шоқындырады деп баласын оқуға бермеген сопылар да болды. «Қазақ баласысыз ғой, шегере тартпасаныз, елді үркітіп аларсыз; елдің әдетіне бейімделе түсіңіз» — деп ақыл айтушылар болса да, оған илігетін Жұматай мұғалім емес еді. «Қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ» дегендей, сол кездегі ел тұрмысының шеңберіне сыймай, жаратылысы бөлек тұрған адам секілді еді. Жұматай мұғалімді Нағимаға сүйдірген, міне, осы қасиеті еді.

Жұматай мұғалімді Нағима көп уақытқа шейін жасырып сүйді. Ұзатылатын қызда алдағы өмірінің жабдығын ойлаудан басқа ой болмақшы емес қой. Басқа ойға кірсе, ел әдетіне қайшы. Бірақ, әлде неге, сол күннің өзінде-ақ, сол әдетке қайшы түсуге — осы Нағиманың жаны құмар секілді еді. Неге екенін өзі де білмейді, әйтеуір бір нәрсе еріксіз итермелеп, Нағиманы осы күйінен шығарып әлде қайда — көз көрмес қараңғыға ма — жетелеп алып кетуге әзір тұрған секілді еді.

Жұматай мұғалімнің қалпынан жұрт не түрлі өрескелдікті күткен секілденсе де, ол сыпа ғана жүріп, оқытқан баласын ғана білді. Мұның орнында бірер «діншіл» молда болса, әлде қашан елдің арасын шулатып, арылмас өсекке іліккен болар еді. Жұматай мұғалімнің осы қалпы да, Нағиманың көзінде оның қасиетін өсіре түсті.

Әсіресе, Жұматай мұғалімге Нағиманың тым өшіккені — оның бұған да салқын қанмен «көптің бірі» деп қана қарағандығы. Нағима онда жігіт қызықпайтындай қыз ба еді! Жұматай мұғалімнің басқа жұмысының бәрі — оның шын ниетпен істегендігін көрсетсе де, Нағимаға салқын қарағансуында риялық бар. Нағима осылай ұғынды. Риялық қалыпқа түсу — Жұматай сияқты жігіттің жаратылысына лайық емес! Ендеше, оның осы кемшілігін өзіне мойындату керек! Міне, осыны істеймін деп жүріп, Нағима, сүйіспеншілік отының құлағына кіргенін сезбей де қалды. Және, бұл — әлде қалай көңілдің ауытқуы емес, жүрекке мәңгілік дақ саларлық жұмыс болды. Екеуі кезінде қалың көпшіліктен осы істерін бүркемекші де боп жүрді. Бірақ, ауыл өміріндегі өсекшілік қалып бұл бүркеудің шымылдығын ашты... Осы оқиғадан кейін ұзамай ұзатылып, Нағима бұл елге ауыр кінәні арқалап келген болды. Абысын-ажынның табасына қалды. Жұрт күлкісіне ермек болды. Басынан таяқ кетпеді. Бірақ, жұрттың таң қалатыны да, Нағиманың өзінің таңырқайтыны да — осы тұрмысқа езіліп, қажуыңды білмейді; қайта өршіп, шымырлана түскен секілденеді.

...Әңгіме — әлгі томар жағалап келе жатқан Жұмакүлден шығып кетті-ау. Жұмакүл жүріп отырып Нағиманың тұсына келді. Қолында шыбық: бұзауын ба, атын ба — іздеп шыққан болар. Ауыр ойға батқан адамдай басы төмен бүгілумен келеді. Жалаңбас. Ұзын қара шашын нақ желкесінен бунай бір байлап, арқасына бос салыпты. Басқа қыздардай құлағында былғандаған сырға да жоқ. Төсіне таққан ілгек, тұмарша дегендер де көрінбейді. Саусақ сайын самсаған сақиналар да жоқ. Ел әдетіне жат пішін осы Жұмакүлде бар. Нағима мұны бірінші көргенде-ақ солай деп ұғынған. Бірақ, әлде неге, осы екеуі ежіл-кожыл сөйлесіп, шүйіркелесіп кете алмады. Белгісіз бір себеп араларын кертелеп, жуыстырмай тұрған секілді еді. Жұмакүлдің алыстап кетуіне бір рет Нағиманың өзі де себеп болды. Бәрі Әбділдә студенттің кесірі. Өткен қыстың іші еді. Нұрғали жолаушылап кетті де, Нағиманың отауы бос болды. «Жұмакүлді үйіңе шақырып, мәжіліс істе» деп Әбділдә бұған өтініш айтты. Мұндай жұмысты істеуге — қазақ әдетінше — жеңге міндетті ғой. Нағима осы Жұмакүлге барып, жұмысын айтқанда, Жұмакүл екі сөзге келмей:—«Мырзана сәлем айт: тәлкек қылмасын!... Теңін тауып жүрсін!»— деп еді. Әбділдә сияқты оқыған мырзаның

бетін қайтару — анау-мынау қыздың қолынан келе ме? Осы мінезі үшін Жұмакүлді Нағима бұрынғыдан да артығырақ ұнатқан секілді еді. Бірақ, осы оқиғадан кейін Жұмакүл бұған сырт беріп, сыр ашып сөйлеспейтін болды. «Мені бұзық әйелге санайтын жұрт өсегіне мұның да қосылғаны-ау» — деп ойлап Нағима Жұмакүлді ескеруді қоя бастап еді.

Ауыр ойға түсіп келе жатқан Жұмакүлдің мына түрі — Нағимаға әлденелерді ескерткендей болды да, ол дауыстап:

— Әй, қыз! Мені далада тұрған қарақшы деп білдің бе? Келе кетсейші бері! — деді.

Жұмакүл селт еткендей боп, тұра қалып, бұрылып қарады. Нағиманың шырайы күлімсіреулі. Бұл — дос-жарлықтың белгісін беретін назкүлкі ме? Әлде, табалаған жаудың астарлы улы күлкісі ме? Жұмакүлдің басына нендей пәле төнсе, соның бәрі Сарының тұқымына қараған шаңырақтан үрпип шығып жатыр. Нағима — сырт қарауға сол шаңырақтың бірінің «ерке сұлу келіні». Ендеше, бұдан достық күлкі күту қиын. Осылай деп ұғынды да, Жұмакүл бұған шіміркене қарады. Жұмакүлдің ойын сезгендей болып Нағима орнынан тұрып, мұның жанына келді. Күлімсіреген шырайы қоңырланып, Жұмакүлдің ауыр қайғысын бөліскісі келген адамның түрінде еді.

— Мен сені бұдан былай «Ерке қыз» дейінші.

— Демей-ақ қой, ерке болған жерім жоқ...

Нағима бұрынғысынан гөрі де жақындай түсіп, Жұмакүлдің қолын ұстады:

— Еркем... Мені жатқа санама... Олардың отына мені күйдірме. Менің қандай күйде жүргенімді, басқалар білмегенмен, сенің білуің керек еді!...

Нағиманың соңғы сөзі көз жасына булығып шықты. Нағиманың жылағанын Жұмакүлдің бұл бірінші көруі. Байы басынан таяқ айырмай отырса да, ел өсегінен аяқ алып жүргісіз болса да, соның ешбірін елең қылмай, өтірік жайдарлықпен күні өтетін арсыз, намыссыз адам ғой — деп ойлайтын еді Жұмакүл мұны. Нағиманың мына түрін көргенде — осы ойы бекерге шыққандай болды да, Жұмакүл аңырып тұрып қалды. Тас бауырлықтың да орны бөлек. Жылаған, налыған адам — Жұмакүлдің серігі секілді. Ендеше, Нағимаға бірер жылы сөз айтып, достық көңілін білдіру керек. Бірақ, Нағима Нұрғалидың әйелі боп отырғанда — Жұмакүл бұған осыны істей ала ма?

— Несіне жылайсың? Қорлыққа салып отырған кім сені?... Күйің келмесе, шық та кет!..

Нағима, босаған бойын кенет жиып шираған секілді боп, ойлана қалды: «рас, сүйтсем қайтер еді? Бұрынды-сонды мұны неге ойламады екен? Әлде, ой түсіргендей адам болмады ма?..» деп ойлады Нағима. Рас, адам болмады. Қандай ауыр күйде жүрсе де, сол тұрмысын бұзып, мұны басқа ойға шығады деп ешкім ойламаған шығар. Шынында Нағимада ондай ойдың болмағаны да рас. Жұмакүлдің кесек айтылған жалғыз ауыз сөзінің — мың саққа жүгірткендей боп ойды кенет талқандауын көрдің бе! Мұндай сөз Жұмакүлден шығуға ғана лайық... Нағима Жұмакүлді құшақтай алды:

— Еркем! Шын досым екенсің: қажыған көңілге ермек тауып берген сен болдың! Онынды өмірі ұмытпаспын... Енді түсіндім: күр жыламауым керек екен...

Аз тұрып, Жұмакүл өз жөніне кетті. Екеуі басқа сөз айтпады. Әйткенмен, ішкі сезімдері осы екеуін осы сағаттан бастап, бұрынғыдан әлде қайда жақындастыра түскендей болды.

Құлтума жылқыны жиып келіп, бие саудыруға кірісті. Құлынның басын ұстап тұрып, бие сауып жатқан Нағимаға бірдеме айтқан болды. Нағима оның айтқанына түсінбеді, тек күлімсіреді де қойды. Басы тұман. Не ойлағанын бұлдыр сезеді. Жалғыз ашық нәрсе: «кетсем қайтер еді?» деген сұрау. Осыған жалғаса, қомақталып: «қалай кетпексің? Қайда бармақсың? Төркініне барғаймен сені тыныш отырғыза ма? Саған қорған болатын кім бар еді?..»— деген сияқты қауып бұлты қабындап көтеріліп, Нағиманың үміт сәулесіне бөленген ажарын кенет бүркеп кете бергендей болады. .

Төрт-бес салт атты самсап, Бекібай ауылының алдын ойыстай өтті де, осы ауылға беттеді. Ауылға тікелеп жүрсе, томардың сонау жиегімен жүрген болар еді, әдейі соға кетейін дегендей бұл жолаушылар желіге қарап ойыстап келеді. Ойын-той іздеп жүрген бозбалалар болар дейтін — қолдың бос уақыты емес. Сонда бұлар кім болмақ? Нағиманың көзі осы жолаушыларда болып, сұр құлықтың бауырына байқаусыз отыра берем дегенде, секемшіл құлық бие әдеттегісін істеп, аяғын сілтеп, Нағиманың қолындағы көнекті домалатты. Нағима ауыр ойдан сәл арыла түсіп, сұр құлықтың бауырына екінші отырғанша, жолаушылар да желіге жақындап қалды.

— Қайдарлар екен ғой,— деді Құлтума.

Нағима селт еткендей боп, биенің желінін ұстаған саусағы сол күйі қозғалыссыз қалды. Қайдардың атын есіткен минутте — Нағиманың қиялында мың түрлі ой тарамданып, алысып жатқандай болды.

Басқа жігіттерден бөліне түскендей болып, Қайдар тура бие сауып жатқандарға келді.

- Сауар көбейсін, сұлу жеңге!
- Айтқаның келсін, шырақ!
- Ден-қалыңыз сау ма?
- Сау болмасак бие сауар ма ек?

Қайдар күлімсірей түсіп, қамшы ұстаған қолымен мықынын таянды. Сұқ қолындағы алтын балдақтың жалпақ басы — күн сәулесімен шағылысып, жарқ-жұрқ етті. Көне тартқан сұр қалпақ Қайдардың қансыз сұр бетін, ойнақшыған кішкене көзін сәл бүркей түскендей. Қоп-қою боп шығып келе жатқан қара мұрт қана айқын көрініп тұрғандай.

Қайдар осы елдің жігіті бола жүріп, ешуақытта елді еркін аралап, заман құрсы жеңгелерімен ойнап-күлген емес қой. Ауызға ілінген «ұры» деген жексұрын ат бар. Елге мұның ісі, жаратылысы жат секілді көрінсе, ел — бұған жат секілді көрінеді. Елден ерекше жүретін жігіттің бірі — осы Қайдар. Қайдардың атын есіткенде — Нағиманың кенет ойлана қалғаны да осыдан еді.

Қайдар Құлтуманы оңаша алып сөйлесті. Нағима көнек құшақтаған күйі едәуір тұрып қалды.

— Шырақ-ау, шырақ... Жұмысың бітсе, жігітімді бері жібересің бе?

— Жібереіің, жеңге...

Қайдар осыны айтып Нағимаға бұрылғанда — тап болды: Нағиманың күлімсіреген сұлу беті, оқтай кадала караған көзі, кербездене қозғалған келісті денесі — кімді болса да бір үйірілтіп түскендей еді. Бәрінен бұрын — Нағиманың осы еркелік аралас назданған пішінді Қайдарға көрсетуінде — сырт қарауға-терең бір сыр барлығын сездіргендей еді. Қайдар осылай түсінді. Қалың елді аралай жүріп, өзіне деген бұл секілді жылы, мүләйім шырайды Қайдар ұшыратқан емес. Сондықтан, Қайдардың жүрегі қарайған үстіне қарайып, адам баласының істеуге беті шыдамастық ауыр жұмыстарға да — бұл аяқ басып жүр-ау. Ең аргысы — осы сапарында немере қарындасы Жұмакүлді Дауылбайға тоқалдыққа еріксіз әпсруге келіп отыр ғой! Жұрымбайдың күтілмеген ауыр күйге кездескенін естіп, жолдастары тап осы жолы ти-мейік деп тартпақтаса да, соған да болмай Қайдар келіп

тұрған жоқ па? Дұрыстығына қалса, Қайдарда ар-намыс болса, Жұрымбайды әлекке ұшыратқандармен жаула-сып, өш алуы керек емес пе?

Қайдар ауыр күрсініп, жолдастарына қосылып, ауылға беттеді. Анадай жерге барып, артына бұрылып тағы қарады: Нағима да оған қараумен тұр еді.

— Ау, сауамысың биенді?— деді Құлтума.

Аузын ашып арсалаңдаумен жүретін Құлтума —тап осы минутте қабағын түйе түсіп, аузын бұртитқан түрде тұр еді. «Көрінген жігітті арбайсың» деп Нағимаға кейіп тұр ма; әлде, «ұрлығыңмен бола бермей, Нағимада нең бар еді?» деп Қайдарға кейіп тұр ма?

— Не айтты әлгі жігіт?

— Ешпәрсе де айтқан жоқ.

— Онбағыр-ау, менен жасырмақсың ба?

Құлтума аз тұрып, күрсінді:

— Жұрымбайдың үйін сұрайды... «Жұмакүл үйінде ме?» деп сұрайды.

— Жұмакүлді қайтеді?

— Білмеймін.

Содан былай биені сауып болып, ауылға беттегенше, Нағима жұмған аузын ашпай, томсарумен жүрді. Қайдардың Жұмакүлді сұрауын неге жорырға білмеді. Туыскандық істеп, Жұмакүлдің үйін қорғаштау деген — Қайдарда бұрын болған емес. Сонау той кезінде Қайдар осы ауылда еді-ау. Ырымкүл оқиғасына, еркек түгіл, әйел Нағиманың да қаны қызды. Сонда да селт етіп, намысқа шаба білмеп еді осы Қайдар.. Содан бергі ауыл өсегі көбіне осы Қайдардың үстінде болып: «Жұмакүлді пәлен етеді екен; түлен етеді» екен десіп жүр еді. Сол өсек шынға шығатын болып, Қайдар осы келгенде қатерін Жұмакүлге тігіп келген бола ма?...

Нағима Құлтумаға бұрылды:

— Сыр айтар ем, сыртқа шашпайсың ба?

— Неше сырынды шашып ем?

— Ендеше, Қайдарға барып айт: ел жатқан кезде менің отауыма келсін. Сөйлесетін сөзім бар...

Құлтума теріс аяқтана басып, Нағимадан алыстағандай бұрыла түсті. Құлтуманың тап осы минуттегі ішкі ойы — Нағимаға қандай ашық еді.

— Әй... Қайда барасың қикайып?

— Қайдарға жолықпаймын ба?

Нағима күлімсірей түсті де:

— Жолық... Бірақ, басқа ойдан аулақ болсын. Бір-екі ауыз айтатын сөзім ғана бар...— деді.

Жаңбыр артынан тыншу ауа екінші түрге кіргендей болды да, жұрттың бәрі өріп тысқа шықты. Әсіресе, Кәтима бәйбіше сияқты семіз әйелдер — салқын ауаға денесін самалдатып, өзіне-өзі еркін келгендей боп, үй түйтігінің жабдығына кірісті: малайларының, қоңсыларының әйелдерін жинап, жаңбырға тиген бұйымдарын тысқа шығартып жайды. Асыл кілемдер, патсайы-шәйі көрпелер үй сыртын қызылды-жасылды түрге бөлегендей болды. Шеткі бір кілемнің үстіне дөңбектей боп бәйбішенің өзі отырды. Беті — қажының үйінің жағында болды. Қажының үйі де нәрселерін жайып жатыр. Бір кілемнің үстінде, таяғын тізесінің астына қысып, мықырайып қажы да отыр. Оның көзі де — осы отырған бәйбішеде. Екеуі екі жақта — бірінің бірі құр қарасын ғана көріп отырғанмен, тап сол минутта не ойлап отырғандарын екеуі де тілсіз ұғынып отырған адамдардың түрлері.

Кәтима бәйбішедей малай жұмсауыңды біле ме, қажының қара токалы нәрселерін үйден өзі көтеріп шығып, жайып жүр. Тоқалдың «ауыр бейнетін» бөлісейін деген секілденіп сонадай жерден ұмтыла басып делендеумен сақау Досмағамбет келіп араласты. Қара тоқал мен сақау Досмағамбеттің бірге жүргенін көргенде, бәйбішенің аузы бұртиып, қабағы тыржия түсті:

— Шіркін!... Қажының көзіне шөп салып...— деді ішінен.

Осыны айтуын айтса да, беті әлденеге дуылдап қызарғандай боп, қара тоқалдан гөрі — өз жұмысының сыпайы екендігін көрсеткендей — бірер нәрсені іздестіріп отырды да:

— Құдайдан қорықпай-ақ қойсын, тым болмаса, жұрттан ұялса қайтеді екен?!— деді.

Осымен өзін белгісіз бір күнәдән ақталғандай көрді. Қылығы құдайға жақпағанмен, жұрт көзіне мін болып көрінбесе, болғаны. «Менің мынауымды көрдің бе?» деп, тоқалға ұсап тал түсте тайраңдағаннан жек көрері жоқ бәйбішенің. Істесең, ешкімге сездірмей, мақтан қылмай істе. «Игі жақсымен» тегіс жақын болған адам осы Кәтима бәйбішедей-ақ болар, соның бірін білді ме жұрт? Жалғыз-ақ баяғы губернатор келіп, «Шөптікөлдің» басына үй тігіліп, үш болыс ел тегіс жиналып соны қарсы

¹ Баспаға әзірленген романның

алатында — осы Кәтима бәйбіше губернатормен бір түн бірге болды. Тіпті оны да өсектеген жоқ жұрт. Қызық еді-ау сол губернатор. Соның аты Ебырсыман ба еді? Кәтиманың қолын қайта-қайта сүйіп еді... Соның өзі ұзын бойлы, арбыйған денелі қара кісі еді-ау. Әбділдәнің дене құрылысы ондай емес... Жалғыз көзі ғана... Рас, көзі айныған жоқ содан...

Ой теңізіне шомған бәйбіше күлімсірей түсіп біраз отырды да, кенет күрсінді: самсап келе жатқан салт аттылар ойын ең тәтті жерінен үзіп жібергендей болды. Қайдарлар еді олар. Бәйбішенің жанына құрық бойы келіп, аттарының басын тартып, тоқтады. Бәйбіше көзін көленкелей қарап:

— Қайдармысың, шырағым-ау?— деді.

Аттарын айкастыра байлай салып, Қайдарлар бәйбішенің жанына келді. Бұрынды-соңды кісі ертіп келіп Қайдар бұл үйде қонақ боп түсіп көрген емес еді. Бұл келуінде мән болу керек. Әбділдә мен Нұрғали кеше Дауылбайға да жолықпақшы боп кеткен еді. Бұлардың аттанысы — солардың сілтеуімен болуға да тиіс-ау деген ой бәйбішенің қалпына жылы шырай түр кіргізіп, Қайдарлармен ол тым жылы амандасты. Дауылбай бабына келтіріп сапырып, аяқты толтыра қымыз құйып беріп отырды. Қылқандай жас жігіттердің арасында — өзін солардың анасы дәрежесінде көрді де, еш нәрсені елемегенсіп, оны-мұны сөйлеспеді. Жас жігіттердің өз көңілі өзінде болды...

Нағима мен Құлтума желіден шығып, ауылға беттеп келеді. Қайдар соған қарай түсіп отыр. Құлтума — Нағимадан бөлініп, бұларға беттегендей болды. Жүрісінің қолайсызы-ай; екі аяқтың басы екі жаққа қайқайған; басы бір жағына қисық. Осы келе жатқан бетінде мұны — осы отырған кісілерге туралап келе жатыр деп ешкім де ойламас еді. Беті олай бір, былай бір ауып, ақырында келіп жетті. Қайдар ымдап оны өзіне таяу отырғызды. Басқа жігіттер бір нәрсені сезгендей боп, бірін-бірі шынтақпен түртісіп, тамақ қырысты.

— Әлгі ақсақ күшік қойды тез әкеле қояр дейсің бе... Құлтума, сен алдынан шық қойдың, қонаққа тоқты әкел,— деді бәйбіше керіліп.

Құлтума орнынан тұрып, кете берем дегенде:

— Менің атыма мініп бара ғой... Өзім мінгізіп жіберейін,— деп Қайдар орнынан тұрды.

Бүкшиген қаракер жорғаның айылын тартып жатып Қайдар, Құлтумаға қарап күн етті:

— Нұрғали үйінде ме?

— Үйінде жоқ... Нағима саған келсін деді түнде.

Ойнап айтатын шығар деп Қайдар қадала қарағанмен Құлтуманың бетінде қалжың-әзіл белгісі жоқ еді. Қайта, өзінің Қайдар болмағандығына, Нағима сияқты сұлудың көңілін аударып алмағандығына опық жеп, ызаланған түрі бар секілді еді. Құлтуманы қолтығынан сүйеп аттандырып тұрып:

— Барамын деп айтты де. Соныра тағы сөйлесерміз,— деді Қайдар...

Бәйбішенің жанына баруға сылтау таба алмай отырған қажы—самсап келіп түскен аттыларды көрісімен, әлденеге сабырсызданған боп, ауылда басқа еркектер жоқ болғандықтан — сол жүргіншінің жәйін білуді өзіне міндет санаған боп, әйтеуір, байдың үйіне баруға толық сылтаудың табылғандығына көзі жетіп, таяғын сүйретіп, орнынан тұрды. Қара тоқал кекей сөйлеп:

— Бар, бар... Сен бармасаң, жау шабатын еді сол үйді,— деді.

Қажы бұл жолы тоқалдың сөзіне шамданбай, баруының керек екендігін тағы бір дәлелдеп өтті.

Таяғын сүйретіп келе жатқан қажыны көріп, Қәтима бәйбіше он жағынан орын дайындауға кірісті: шәйі көрпенің бірін төрт бүктеп салды. Қонақ жігіттер орнынан тұрып, қажының қолын ұстап, амандасты.

— Қонағынды далаға піріп отырғаның қалай?— деді қажы отырып жатып.

— Өзіміздің балалар ғой, айып етпес дедім...

Екі шелек сүтті қайқалақтата көтеріп, жүдеу пішінді қара кемпір келе жатыр. Қиімі өрім-өрім. Бұл — әлгі — Зарыптың шешесі Дәмежан дейтін кемпір. Өмірі осы үйдің жұмысын істеумен келеді. Жас жағынан бәйбішеден бір-екі жас үлкендігі де бар. Үлкен деп сыйлайтын бәйбіше емес: отырса да, тұрса да жекіреді бұған. Дәмежанға жекірмеген күні бәйбішенің ішкені ас болмайды. Осы отырғанда да екі көзі соны жеп отыр. Қараған сайын қабағы жабыла түсетіндей. Кім білсін: Дәмежанның түрсіздігіне, бой-басының жүдеулігіне кейіп, «осындай адамды құдай несіне жаратады екен?»— деп кейіп отыр ма? Жұрттың бәрі де өзі секілді маңғаз, бой-басына кір жұқпайтын кербез болсын дей ме екен? Бірақ, сонда «маңғаз бәйбішелерді» күтетін кім болмақ?

Ақ үйлерден едәуір оқшау қайқайып бір жұлым үй тұр. Сырт көрінісінің өзі аянышты: тұрмыс қысымының не бар ауырлығы жалғыз осы үйдің басында ғана секіл-

ді. Қиюы кеткен сықырлауық есік — күн ұзаққа жабылумен тұрады. Осы үйде өмір бар, осы үйдің меншікті несі бар деп ойлаудың өзі де қиын-ау. Осы үйдің нақ қасында бірнеше ескі арба бар. Арба маңындағы сиырдың тезегінен аяқ алып жүргісіз. Кеш болса, мүйізі қайқыйған сиырлар осы үйдің маңын қоршай жиналады да, сонау ескі арбаларға сүйкенеді келіп. Кейбір тентектері осы жұлым үйге де сүйкенеді. Үлбіреген жыртық құрым киізді мүйізіне іліп кететіндері де бар. Тәйт деп малдың бетін қайтарып, бұл үйді қорғайтын адам тағы жоқ. Кеш болса, қоралы қойдың жататын орны да осы қараша үйдің есік алды. Секендеген ешкілер, секірген лақтар бұл үйді басынғандығы сондай есігінен кіріп, төрінен бірақ шығады. Сонда, осынша малдың ішінде — осы жұлым үйге тән жалғыз қара болса екен-ау! Мал несі Құсайын бай. Малдың несі екемін деп Қәтима бәйбіше ақ үйлердің маңынан бір малды бастыра ма екен, сірә? Өмір деген қызық-ау: бар бейнетін көретін — малай, қызығын көретін — бай! Қәтима бәйбіше таспағанда — кім тасын!

— Дәмежан! Дәмежан деймін!.. Қайыр ана сиырларды... Жіберме үйдің маңына!

Дәмежан кемпір — қолына бақан ұстап, ақ үйлерге беттеген сиырларды кейін қайырып жүр. «Менің жұлым үйім жетпей ме сендерге? Байдың үйінде нелерің бар?..» — деп, шашау шыққан малдармен кенесіп жүрген іспетті.

Қонақтар қымызға қанып, қыдыру үшін томар басын жағалады да, бәйбіше мен қажы әлгі орнында отыра берді. Шара түбінде қалған аз ғана қымызды бәйбіше әлі сапырумен отыр. Қажы бір рет кекіріп, «құдая, тобасын» айтып, қарнын сипады. Тыстағы жаюлы бұйымды Дәмежан үйге тасып жүр. Дәмежан жандарына жақындаса, қажының аузы жыбырлап «астапыралданы» айтады; Дәмежан алыстаса, бәйбіше мен арасындағы күңкіліне кіреді. Күңкіл — бәйбішенің өкпесінен басталып еді: түнеугі бір жолы Құсайын бай жол жүріп кетіп, сол түні бәйбіше осы қажыны таң атқанша күтпегейі ме... Қажы сол жолғының сылтауын қара тоқаға аударып, тісті бақадай жабысып айырылмайды дегісі келсе де бәйбіше оған сенбей, себепті басқаға аударғысы келгендей. Құдай жолын ұстаған адам боп отырып, сол құдайдың атын сатып сендіре алмаған-ақ қиын екен... Дегенмен оның үшін қынжылатын қажың бұл емес. «Қа-

жылык» атын бұл сыртқы ел көзінде ғана тағады. Ішкі сыры өзінде.

Мекеге барғанның өзінде де — діншілдігі ұстап, тәуба-тауыпқа келейінші деп барған кісі емес қой. Құсайын баймен ата жөнінен немере. Кәтпмамен арасындағы жұмыстың көбіне «жеңге», қайны деген атпен бүркеліп келе беретіндігі содан ғой. Өз дәулеті шағын болса да, Құсайынның дәулетін арқаланып, сонау бір кездерде осы кісі таласқа түсіп, бірнеше сайлау би болып жүрді. Бір рет болыстың қандыйлаты болып та сайланды. Ақырында, Жаппасбайдың Мұстапасымен болыстыққа таласатын жолы — шатақ өте қызу болып, тістескен екі елдің арасында адам өлімі болды. Мұстапа мұның жаласын осы Жұмасейіт қажыға аударып, бұл — ұсталатын болды. Араға түскен ел ақсақалдары жұмыстың беті жаманға бұрылғанын сезіп. Жұмасейітке елден кет — десті. Елден шарасыз кететін болған соң. Жұмасейіт Мекеге баруды қалады. Ел шу етті: «ерден иман құтылмайды деген осы-ау!» — деп. Мекеге аттанарында араға жүріскен ақсақалдар Мұстапа екеуін табыстырып, дауды бүркеді. Жұмасейіт қоштасу жөнімен елдің басты адамдарының бәрін аралады: ат бергені ат берді; тай бергені тай берді. Ең арғысы Мұстапа болыс та бір жорғаны қосарына байлап аттандырды. Пайғамбардың қабырын көруге бара жатқан адам — ел көзінде қандай құрметті: бүкіл ел болып жиналып, сонау темір жолға шығарып салды мұны. Жұмасейіттің баратындығын естіп уез қол астынан жиырма шақты байлар бірге аттанды. Оның ішінде Сансызбай дейтін болыстың бәйбішесі де бар еді, жасы қырықты қусырып келген кісі еді. Бір уезден аттанған осы жиырма шақты кісінің ішіндегі көз қарақтысы — Жұмасейіт болды да, басқалары мұның билігінде: ақшасын да осыған беріп, осыған телмірді. Поезда жүргенде, басқалар III—класта отырды да, Жұмасейіт, әлгі Сансызбайдың бәйбішесін жанына алып, I—класта отырды. Пароходқа мінгенде де екеуі бірге болды. Жұмасейітпен бірге аттанғаны үшін ол бәйбіше құдайына мықты риза еді. Бірақ, Мәдине қаласында жатқандарында Жұмасейіттің оғаштау бір жұмысы болды да, ал бәйбіше соған азырақ қынжылды. Жұмасейіт кезінде онысын да дәлелдей алды:—«Мәдинеге әдейі келген соң, әр нәрсесін де көріп, біліп, танысу керек»,— деді...

Міне, Жұмасейіт қажының діншілдігінің беті осы еді. Басқалар мұның діншілдігіне сүттей ұйып нанса да, Кәтима бәйбіше нанған емес. Қара тоқал да солай. Бірақ,

бұлар да сырт көзінде қажының «діншілдігіне» зәредей кір жұқтырып көрген емес.

Құлтума бір марқаны өңгеріп келіп, жер ошақ басында жайлап жатыр. Дәмежан кемпір шек-қарын аршумен шұғыл. Бірақ, жайшылықтағыдай емес, әлсін-әлі басын көтеріп қарап, әлде неге ауыр күрсінеді.

Бие ағытылып, өріске беттеді. Үздік-создық шұбырып сиыр келді қотанға. Осы сиырдың соңын ала қой да келіп қалды. Күнде бұл кезде — қой сонау қабақта жайыла оттап, бері қарай беттей түсіп жатар еді. Бүгін тым жыны, біреу піріп айдап келе жатқан секілді. Бәйбіше осыны бірден сезіп, қадала қарады. Қой соңында екі адам келеді: бірі — Уақас қойшы, екіншісі — Зарып. Уақасты Зарып қолтығынан сүйеп келеді. Шек-қарын аршып отырған Дәмежан, қолын жумастан, солардың алдынан шықты.

— Бетім-ау, мұнысы несі?.. Ана күнге не жоқ, шек-қарын аршымай?...— деді бәйбіше шошына қарап.

Қажы мен арасындағы әңгіме қызықты жеріне жаңа келген болса да, бәйбіше соны ұмытып, тіпті осы қажының отырғанын да ұмытқан секілді боп, қойға қарай бұ да беттеді.

Жер ошақ басында, тоқты сойған Құлтумаға төне түсіп, Нағима отыр. Іңір қара көлеңкесінде лаулап жанған от сәулесі Нағиманың бетін ала-бөле жарық қып, сырттан қараушыға еркін көрсетіп отырғандай. Әсіресе қонақтар, оның ішінде Қайдар — осы от сәулесі ойнаған сұлу бетті көрген сайын ынтыға түскендей боп, көздерін алмастан отыр. Сырттан төнген көзді Нағима сезбей отырған пішінде; ешнәрсемен жұмысы жоқ секілденіп, шек-қарынды аршумен отыр. Осының өзінде жаңа: «келін, мынаны арши тұршы»,— деп Дәмежан ұстатып кетті бұған. Дәмежан сияқты есікте жүрген кемпір — байдың келініне жұмыс тапсыра алар ма? Бірақ, Дәмежан осы Нағиманы бір түрлі өзіне тән көрген секілденеді де тұрады. Дәмежан сияқты кемшілікте жүрген адамға Нағиманың жылы шырай бергендігінен болар-ау...

Нағиманың қолы жұмыс істегенмен, аузы Құлтуманы қалжыңдауда болды. Бұрынғысындай арсалаңдамай, Құлтуманың не үшін томсарып отырғанын сезеді.

— Әй... Айт деймін: Қайдар не деді?

— Түнде барамын деді.

— Оны қойшы, басқасын айт.

Құлтума бұл жолы — белі шойырылған адамға ұсап көтерді басын:

— Тағы не керек еді?

Нағима бұған шек-сілесі катып күлді. Бірақ, осы күлкісін тез тиды: қой шетінде біреудің зілді сөзі естілді. Нағима соған бұрылды: Уақас қойшыны Дәмежан қолтықтап, сонау қалың спырдың ортасындағы жұлым үйге әкетіп барады. Бәйбішенің алдында қасқия қарап Зарып тұр. Зілді сөз — соныкі. Дауысы қалтырап шыққан тәрізді.

— ...Солай, бәйбіше... Бізде ақың кеткен жоқ шығар: әкем — сенің күлдіғыңда жүріп өлді, мынау Уақас сенің асауыңды үйретем деп аяғын сындырды; балдакпен жүріп те қойынды бақты; суыңды тасып, күліңді шығарып шешем жүр... Осы ақсақты аттың бауырына алып сабағандай не жазығы бар еді! Мына малыңды аман-есен қолыңа әкеп тапсырдым, керек болса жиып ал. Уақас, енді, бақпайды қойынды! Шешем де істемейді жұмысыңды!...

Нағима қолындағы аршып отырған қойдың шегін абайсызда үзіп алды. Шек аршып отырғанын таза ұмытқандай боп, құлағын сонау әңгімеге төсей түсті. Бәйбішенің бұрынды-соңды естіп көрмеген сөзі-ау бұл! Басқадан естісе, бір сәрі еді, өзінің уысында отырған адамдардан естіп тұр-ау... және үлкен де адам емес, қарсыласып тұрған — қаршадай жас бала. Бала демекші — Нағима келіншек боп түскенде — осы Зарып домаланып жүрген қара бала еді; бір аяғында — жыртық етік, екінші аяғында — кендірмен шаңдыған ескі шарық еді. Бір жеңі жоқ жалба күпісі бар еді, оның артқы бойы — жүргенде жерге сүйретіліп жүрер еді. Көрінген бір қарғап, сілеп, жазаласа жауырынға түйіп те кетер еді. Сол Зарып осы. Екі-үш жылдың ішінде адам танығысыз боп өзгерген-ау. Бәйбішеге айтқан сөзінің салмақтысын көрдің бе! Бәйбішені айтасың-ау, Әбділдә мен Нұрғали да кеше осы Зарыпты аузына алып, осыдан кәдімгідей сескенетін секілденді-ау. Жап-жас күнінде мына секілді бәйбішеден қаймықпай, мына сөзді айтып тұрған адам өскенде өз дегенін істеп шықпайды деп кім айтар? «Жігіт болсаң — осындай бол!» — деп, Нағима аузын сылп еткізеді. Құлтума оны шынтағымен түртті:

— Естіп отырсың ба: Дәмежан кемпір келмейтін болды, мынаның бәрін сен тазалайсын.

— Құрысын... Керек болса, тазалар өзі.

Зарып үйіне кетіп барады. Бәйбіше әлгі орнында әлі тұр. Тілі байланған адамдай үнсіз. Қорыққаннан емес, ашуға тығылғаннан үндемей қалғаны анық. Үйге қарай

жүрді. Жер ошак басынан өтіп бара жатып күбірледі:
— Сен желкесі қиылғырды ма!.. Сенің желкенді қидырмасам!..

Осыны айтқанда — бәйбішенің аяғы бұрынғысынан тезірек атталғандай болды.

Нағима шек-қарынды тастап кете алмады. Етті жуып қазанға салу, тезек әкеліп, от жағу — Құлтуманың мейізіне жүктелгендей болды. Тыстағы қонақтар үйге кіріп, үлкен үйдің есігінен шам сәулесі жарқырады. Күн бұлтқа батқан. Жұлдыздар да сирек көрінеді. Табан астындағыны көрместей қараңғы. Ауыл өмірі мұндай түнде мылқауланып тына қалады. Көп үйлердің маңынан жылтыраған от та көрінбейді. Бұрынғыдай шам жағып отыратын — кәресін жоқ. Жарық барында төсектерін салып алады да, қараңғы түсе, төсектеріне қисая кетеді. Ауылдағы бірен-саран еркектер, бірер асам ет жеу үшін қонақтардың жанында отыр. Қонақтың біреуі домбыраны сабалап, ән салғаны естіледі. Әні—құлақ түргізгендей күшті емес, домбыраның дарылына көміліп кете береді.

Нағима жұмысын бітіріп үйге беттегенде — қазан сапырып отырған Құлтумадан басқа — далада қыбыр еткен жан жоқ секілді еді. Үй сыртын орала бергенде — қараңдап келе жатқан біреуді көріп, Нағима тұра қалды. Ол кісі — жол тосқан Нағимадан жасқанбайтын адамдай тұралап жүріп, нақ жанынан өтті. Нағима таныды: бұл кетіп бара жатқан Зарып еді. Қолында таяғы бар. Бет алысы — Бекібай ауылы. Нағиманы о да таныған болу керек. Бірақ, бұрылып тоқтап, неғып тұрсың?— деп сұрауды білмеді.

Нағима дауысын болар-болмас шығарып:

— Кара бала,— деді.

Зарып екі оқтылау боп тоқтады. Нағима жақындай түсіп:

— Кімді іздеп жүрсің!— деді.

Нағиманың бұл сөзді әзіл түрінде айтқанын Зарып та сезді. Нағима туралы есітер құлаққа ұят өсектерге Зарып нанған емес, өйткені,— Зарыптың шешесі Дәмежан: «байдың келіні дейтін емес, қайырымды адам»— деп, осы Нағиманы аузынан тастамай мақтап отырады. Сондықтан, Нағиманың әзіліне Зарып та әзілмен жауап берді:

— Сені іздеп жүр ем,— деді.

— Мені қайтесің?

— Керек болғаның да...

Нағима үндемеді. Соңғы сөзімді ауыр алып қалмаса игі еді дегендей боп, Зарып шынына көшті:

— Ойнап айтам... Мына ауылға бара жатыр ем.

— Айтпасан да, біліп тұрмын.

— Нені білдің?.. Басқа бірдемеге жорып жүрме.

— Жорыса, кайтеді? Қыздары — өзінің теңін...

Осыдан кейін екеуі де жан-жағына қаранды: үйдің тап қасында тұр. Сонау жыршы қонақтың домбырасының сартылы болмаса, сыбырдың өзі осы үйлерге айқын естілгендей. Қараңғы түнде жігіт пен келіншектің сыбырласып тұрғанын көрген адам — адалмын деп жан берсең, нанар ма? Шынында да мұндай онашада бүкпесіз сөйлесу — қазақ әдетінде сирек болатын жұмыс.

— Бүгін еркемді көріп ем,— деді Нағима.

Екеуі үйден алыстап, томарға қарап беттеп келеді. «Еркесі кім мұның?» деп Зарып аң-таң.

— Жұмакүлді айтам...— деді Нағима бір кезде.

Нағиманың сөз түрінде — Жұмакүлді мүсіркегендік, соған шын жаны ашығандық сезілгендей. Мұның астары неде? Бойжеткен қыздың бірер ашна жеңгесі болмай қалған емес; бұларды байланыстырған жіп осы жөнде болды ма екен?— деп ойланумен келеді Зарып.

— Жұмакүлге айт, сақтансын: мына байдың үйіне келіп жатқан сайдауыт ұры — тегін жүрмеген болар,— деді Нағима.

Зарып шошына тыңдады. Екшеп сұрап көргенмен, Нағима бұдан артықты айтпады да. Жалғыз-ақ айырылысарда:

— Осылай деп айтты де. Сонсынғысын өзі біледі,— деді.

Түн қараңғысын бүркенген томар нақ сол минутта несіз секілденіп, құлаққа ұрған танадай тына қалыпты. Оқта-санда қасқалдақтың дауысы зыңқылдап шығып, мүлгіген түн ұйқысын бірер минут серпілдіргендей болады. Нағима томарды жиектей жүріп келеді. Басқа әйелдер болса, «пері соғып кетеді» деп қорқып, түн ішінде су басында жалғыз жүрмеген болар еді-ау. Нағиманың жаратылысының басқа әйелдерден бөлектігі осы жерде.

Үй жанында қара тоқал кездесті, қолында құманы. Басқа уақытта болса, осы жүрісі үшін Нағимаға бірер улы сөзді айтқан болар еді, бұл жолы жұмсақ қана сөйлеп:

— Келін-ау, байдың үйінің асын дұрыстап бердің бе?

Асын берген соң-ақ келсең болмай ма, малай қатыны шығып кетті деп есіттім ғой,— деді.

Нағима үндемей, өз отауының есігін ашты. Тоқалдың не үшін жылмандап тұрғанын сезеді: тап осы кезде тоқалдың шымылдығын ашып қараған адам — қажының орнында сақау Досмағамбеттің жатқанын көрер еді. Қажының үйі кәресінсіз болған емес. Бірақ, мұндайда тоқал үйіне шам жақпайды. Тыс та қараңғы, үй де қараңғы. Қараңғылықты жамылып, ойына келгенін істеп тоқал жүр...

Зарыптың сөзі бәйбішені от боп өртеді де ол, оң тізесін баса отырған қажыны таза ұмытқан секілденіп, іште қайнаған ашудың буымен бұрқылдады да отырды. Қазан басына әлде неше рет барып келді. Күндегі Дәмежанның атқаратын жұмысы бірден өз басына мініп қалғандай болды. Әйткенмен, қажының манағы бір сөзі де ойының бір жағынан орын теуіп, ет пісер кезде тоқалға адам жіберіп алды: «қажымен бірге отырып, ет жеп кетсін»— деп. Тоқал сәлем айтыпты: «Науқастанып жатырмын, өкпелемеймін, қонақтарына бере берсін», деп. Мұның не үшін шақырғанын тоқал біледі де, тоқалдың не үшін келмей жатқанын бұл біледі. Арбасқан өмір деген осы.

Еттен кейін қонақтар қонақ үйге көшті. Бәйбіше қажыға бұрылды.

— Намазыңды үйіңе барып оқисың ба? Әлде, осында оқисың ба?— деп.

Қажы теке сакалын сыйпай түсіп, күңк етті:

— Дәретім барында оқып алсам да болар еді...— деп.

Жайнамаз үстінде мықшиып қажы отырды. Бәйбіше үй маңын бір оралып келіп кірді де, бірден шамды сөндірді. Шам сөнгеннен кейін дыбысы қатты шығарылмай, ақырын ғана есік жабылды... Қажының жайнамазы жиюсыз орнында қалды...

Қараңғы түнде бүкшендеп қасқыр жортады. Ниетінде — арамдық: оғаш шыққан мал болса, иыққа салып бөктеру. Қараңғы түнде ұры жортады: байдың мынын, жарлының жалғызын талғамай, қолына түскенді олжалау. Ауыл өміріндегі «бозбалашылық» әдеттің де осы екеуінен айырмасы шамалы-ау. Бірақ, осыны ел, әлде неге жеңіл санап, сыпайы көріп кеткен. Мұның қай жерінде сыпайылық бар екенін өздері де білмейді.

Нағиманың отауына беттеп келе жатқанда Қайдар осы секілді ойларды көп ойлады. Мал ұрлаған Қайдар-

ға ел қара таңба басып, одан жиренеді. «Бозбалашылық» ұрлығын дәріптеп, мақтан қылатындары да бар. «Қыз оята алмаған жігіт — жігіт пе?» — деп ұялмай-қызармай аңыз қылысып отырады. Қайдарға салса — ұрлықтың бәрі ұрлық. Қайта бұл, еті үйреніп кеткендіктен бе екен, бозбалашылық ұрлығынан көрі өзінікін сыпайырақ көреді.

Нағимаға келе жатыр. Жанында — Құлтума. Сөз салмаған жігітке өз аяғынан соқтығып әйелдің келсін деуі — қазақ әдетіне тым снымсыз. Бірақ, Нағима туралы бұрыннан ел арасына жайылған өсек көп болғандықтан, мұнысы қалай? — деп шүбәлану орынсыз секілді. Қайдар осылай деп ұғынды. Ақ отаудың есігі қапсыра салыныпты. Байлаусыз. Қайдардың жоғарғы ұғынысын бұл тағы күшейтті. Бірен-саран кездескенде Нағиманың көз тартатын көркем ажары жүректі толқындыратын секілді еді. Әсіресе, бүгін желі басында кездесіп, бір екі ауыз тілдескенінің өзінде Қайдар еркін жойғандай, белгісіз бір күш аяқ-қолын сайға тигізбей, дедектетіп әкетіп бара жатқан секілді еді... Бірақ, байлаусыз есікті ептеп ашып ақ отаудың табалдырығын аттағанда, неге екені белгісіз, Қайдар жоғарғы күйден жұрдай боп айырылып, өз бойынан ойламаған бір салкындық, енжарлық сезді. Нағиманың төсегіне жақындаған сайын осы салқындық үдей түскендей болды: төсекке жақындады десе, Нағима мұның мойнынан шап беріп құшақтап, өлердегі сөзін айтып, түп етегінен ұстап айырылмайтын секілденді; және, Нағима мұны жалғыз Қайдарға істесе бір сәрі-ау жұрт өсегі шын болса — көрінген еркекке істейтіні сол болмақ қой...

Нағима сәл қозғалғандай болып еді, демі Қайдардың бетіне соқты. Қайдардың еті бірден түршікті. Нағима сыбырлай сөйлеп:

— Жігітім! Ондай-мұндай ойдан аулақ бола гөр... Мен сені — сөйлесу үшін шақырттым, — деді.

Осы сөз жай оғындай қадалып, Қайдардың ойын қайта толқындырды. Бір жағынан ашуын қоздырды: «әйелдігіне басып отырсың-ау... Мені өшіктіргелі отырсың-ау...» — деді ішінен. Осы оймен қабат Қайдарға бұрқыраған желік біткендей боп, ол Нағиманы құшақтай берем дегенде, Нағима қатты ыршып, қалтырана сөйледі:

— Жігітім!.. Тентек болма. Айтпап па едім жаңа?.. Жұрт өсегін малданып, мені жеңіл санасаң, адасасың. Мен — оның адамы емеспін. Бірімізді-біріміз құр жыл-

тыраған сыртымызбен танып жүрміз. Сыр алысқан жеріміз жоқ. Танысайық, білісейік десең...

Нағима сөзін аяқтамай тоқтап, күрсінді. Қайдардың ойы кенет тұңғыққа тірелгендей боп, енді осының кілтін таба алмай дағдарған пішінде еді. Нағиманың бұл қалпы — жұрт өсегіне сәйкес шықпады. Мынау бір — өзгеше, өз орнын, өз бағасын білетін, екінін біріге қол жаулық болмайтын адамның түрі. Қайдардың бұдан күткені де осы еді. Бірақ, осыған лайықты сөз табу тап осы сәтте қиын соғатын сияктанды.

— Жігітім! Неге үндемейсің? Ойымнан шықпады деп опық жеп отырсың ба?.. Жұрт көзіне түсірмей, оңаша сөйлесуімнің қанша айыптылығы бар? Шақырдың деп айып етпе. Құр әурелелін деп ренжісен, сөзімді тындамай-ақ қой.

— Тындайын, айт,— деді Қайдар жеңілген дауыспен.

Нағима жақындай түсіп, сөзін бастады.

Қайдар осы отауға кіргенде, Құлтума оған ере келіп, отаудан оралып еді. Іргеден тындап сыбыр сөзге кім жарыған. Және, жазатайым боп біреудің көзіне іліксем, арылмас пәлеге қалармын — деген ойға келді де, ол — ауыл сыртындағы бұзау байлаған арбаның бір жақ шетіне барып, жер бауырлай жатты. Бұлай жатудың Құлтумаға жаттығы жоқ. Бірер үйге әңгіме тындау үшін барып, отырған жерінде ұйықтап қалып, таң атыра беретін. Өз үйінде де, жалқаулығы ұстай кеткенде — шешінбей жатта кететін. Жұмсақ төсек, тәтті өмір мұнын түсіне де кірген емес. Сосын іздемейтін де, іздегенмен — қолы жетпейтін. Онысы — кәсіпке салақтығынан; кісіге жалданып, пайда табайын демегендіктен. Қыс та, жаз да, үйінен шықпайды. Бет тақтайы сынған ескі домбырасы бар, соны сабалап тартады да отырады. Тартқанының не ән екенін, не күй екенін өзі де білмейді. Шынында да бұл домбыра — тарамдалған ойдың жетекшісі ғана. Ой көп. Бірақ, соны не үшін ойлайды, не шығармақшы еді-оны бұлдыр білетін секілді... Арба түбіне келіп жатқан соң, осы ұзақ сонар ой қайта жалғанды да, Құлтума соның қызығына түсіп жата берді.

Бекібай ауылы таң қараңғысынан азанын шақырды. Түн қараңғылығы бұрынғысынан да үдей түскен секілді. Тұсаулы атша аяғын кібіртктеп басып қажы келеді. Сиырдың жас тезегін әлде неше рет басты. Бір рет күл толы жер ошаққа да түсіп шықты. Үйіне оқ бойы жер келіп, қажы тұра қалды. Шып ұрынын түріне енді кірді:

аяқты үшінен ғана басып, демін ішіне тартып өз төсегінің тұсына келді. Тың тындады — дыбыссыз.

«...Мен дейтін болсаң, Жұмакүлге қағылмайсың!..»

Қажы селт етіп, құлағын екінші жаққа бұрды. Сыбыр сөз отауда: келіні Нағима біреуге қиылып, өлердегі сөзін айтып жатыр. Нұрғали келмеген болу керек. Сонда мұның і асындағысы кім?

Жоқ жерден құмартқандық басталды да, қажы отаудың іргесіне төнді. Еңкейе жатып, құлақты іргеге төсемекші болды. Бірақ, ебі кеткен буын қажының дегенінен толық шықпай, сездіріп алды. Үй ішіндегі сыбыр су сепкендей басылды.

Қара тоқалдың қолында — қаз мойынды жез құман. Иығында желең шапан, онысының етегі жерді сызып келе жатқандай. Обыраған, өмірі күтім көрмеген шашы бей-берекет тарқатылып, құйын соққандай ұйқы-түйкы. Өкше ізі — сонау бұзау арба жақ. Аяқ басысы пан — бар тілегі орындалып, кемеліне келген адам секілді. Оқтын-оқтын есінейді. Түн салқынына төсін емін-еркін аймалатайын дегендей-ақ бәтес көйлектің омырауын кеңірек ашып қойыпты. Өз ойынша — осы келе жатқанда — осыдан бақытты адам жоқ секілді.

Тоқалдың соңына еріп, еріне басып келе жатқан ақ төбет кенет елендеп ілгерірек оза түсті де, тұра қалды. Ақ төбетпен бірге тоқал да елендеп, ұмтыла басып отаудың жанына келгенде — жер бауырлап жатқан біреуді көрді. Көрді де, таныды: жер бауырлап жатқан кісінің жанында — қажының имек бас таяғы! Тоқал үлкен ашуға мінген адамның қалпын істеп, қажыны нақ май құйрықтан тепті:

— Сен кәпірсің, білдің бе!.. Сен кәпірсің!..

Нақ осы кезде Нағиманың отауынан сытылып шығып Қайдар, екінші үйге қарап беттеп еді. Қажы мен тоқал бұдан қабарсыз еді. Нағима да, демін қалтырана алып, отаудың есігін мықтап бекітіп, төсегіне жатып үлгіріп еді. Жалғыз-ақ төбет қана осыны сезіп, тұра ұмтылып, Қайдарға жетіп, арс етіп ала түсті. Үй арасының ұсақ ұрлығына әдеттенбеген Қайдар тап осы жерде олақтық істеді: бұзау байлаған арбаға қарай қашты. Қашпасқа болмады: қажы бар дауысымен барылдап: «аттаншы, аттан!» деп ауылды басына көтерді. Әр үйдің де есіктері сықырлап ашылып, үрпіскен адамдар өре шықты. Тоқал барып Нағиманың есігін жұлқылады.

— Бетпақ!.. Салдақы! — деді.

Көрші үйлердің әйелдері андай келіп жетті. Нақ осы

кезде Нағима отауынан шыға келіп, тоқалға қарап аяғын бір-екі басты:

— Өшіресің бе үнінді, жоқ па?.. Жатқан жыланның құйрығын неге басасың? Ұрлық айтысқың келе ме? Қане, айтып көр!..

Әлде ненің ызасы тоқалды булықтырды да, ол оқтай атылып, Нағиманың шашына шап берді. Екі әйел төбелессе, шаш жұлысып, бет тырнасар еді, Нағима оны істемей, тоқалды нақ бүйірден ұрды. Тоқалдың қолы уысталған шаштан босады; демін ала алмай, жанында тұрған әйелге сүйенді, шаңқылдасқан ұрыс, жылаған бала, арсылдаған ит дауысымен ауыл ың-жың боп кетті..

Ақ төбеттің тақымдауымен Қайдар жүгіріп бұзау арбаға енді жете бергенде, сиыр арасында ербиіп тұрған адамды көрді. Бұл, қажының «аттан!» салып жатқан кезі еді. Жалт бұрылып томарға қарай жүгіргенде, әлгі ербиген адам мұның өкше ізіне түсіп, ал қу... қанша жүргірсе де, құтыла алмасын сезіп Қайдар қалтаға қол салды, нағанын суырып, жалт бұрылды:

— Қаламысың?.. Атамын!..

Ербиген дене — өзінен өзі құлап түскендей боп қалбаңдады. Қайдар танып, күліп жіберді:

— Құдай атсын сені, Құлтума!— деді.

— Мен қайтейін... Ұйықтап қалған екем. «Аттан» салып жатқан соң, тұра ұмтылғаным еді,— деді ол.

Томар жақпен оралып бұлар Құсайынның үйіне беттегенде, андап келе жатқан адамдар тап болды. Бұл — Қайдардың өз жолдастары еді. Сақадай сайланған ұрылар қас қаққанша киініп үлгіріп, Қайдар қолға түсіп қалғандай болса, босатып алып, осы түнде жөнөп кетпек боп ұйғарысқан екен.

Бұлар қажының үйіне келгенде — шулаған дауыс басыла түсіп, бітімшілердің «әмір мағрүпке» кіріскен кезі еді. Өтірік талықсып тоқал отыр. Таяғыммен жер шұқып қажы тұр. Жұрттың көбі көйлекшең, жалаң аяққа кебістің басын ілген, күн шығыс жақ бозаң тартып, бұлдыр сәуле біртіндеп жарыққа бейімделіп бара жатқандай. Әсіресе, ақ отаудың босағасына сүйеніп тұрған Нағиманың ақшыл беті, қиылған қасы, нықты көмген қою қара шашы — ала-бөле көзге айқын көрініп тұрғандай. Ашу қысқандықтан болар-ау, қажының алдында жалаң аяқ, жалаң бас тұр. Әшейінде болса, кешілмес күнәға саналған болар еді.

Кемпірлеу әйел Нағимаға жақындап:

— Келін шырағым, үйіне бар... Жат кісілердің тұрғанын білмеймісің?— деді сыбырлап.

Үйінен шығып, ілби басқанға еңтігіп, Қәтима бәйбіше келіп жетті.

— Бұл не сұмдық? Түн ішінде елді шулатып жүрген кім?— деді Қәтима.

Ұйлығып тұрғандардың еш қайсысы бәйбішенің бұл сұрауына жауап бере алмайтын секілденді. Аздан кейін тоқал әлсірей сөйлеп:

— Ана... Салдақы келінің...— деді.

Босағаға сүйенген Нағима шіміркенген адамдай орнынан қозғалды. Нағимадан бұрын бәйбіше сөйлеп:

— Қой әрі... Сен де жоқты айтады екенсің... Неғып тұрсындар мұнда? Тараңдар!— деді жұртқа.

Жұрт үйді-үйіне тарады. Түн көрпесін сілкіп ашқандай боп таң жарығы дендеді. Қажы құман алып, қырға қарай асты. Қажының төсегінің бас жағында бәйбіше мен тоқал, ауыздары жабысқандай боп күнкілдесіп отырды.

— Бұған келген кім болады сонда?— деді бәйбіше.

— Менімше, бұған келген Зарып бала болу керек!— деді тоқал.

Бәйбіше «ім, м...» деп төменгі ернін тістеді.

* * *

...Көрінген жерден тартып мінген семіз аттар ақ көбігі бұрқырап, шпыршық атып келеді. Жалақ еріпді шикіл сары солдат, астына мінген тобылғы торы атты бауырлата ұрғанда, ат ышқынып, жүк әкеле жатқан Бокбасар мен Имаштың арбасына соқты. Торы ат орғып, ілгері қарай ала жөнелсе де бір сыпыра жерге шейін шауып барып әлгі солдат қайтадан оралды.

— Айда атынды!..

Бейбастақ солдаттың дауысы естілгенде, Бокбасардың жүрегі зыр етіп, көк шолақты шаужайдың астына алды. Солдат көпірініп, білектей жуан қамшыны көк атқа да сілтеді, Бокбасарға да сілтеді. Бокбасардың шидем шекпенінің шаңы окта-санда бір бұрқ етеді. Шынында қамшының тигенін елейтін Бокбасарда күй де жоқ; ауылдан шыққалы осы қамшы әлде неше рет тигендіктен еті де үйреніп кеткендей еді.

Имаш окта-санда артына бұрылып:

— Боқа, айдай отырыңыз... Тезірек жеткізіп беріп бұл иттерден құтылайық,— деп отырды.

Имаштың жан ашыған жылы сөзі, осының осы сапарда жолдас боп еріп шыққандығы — Бокбасар отағасыға үлкен демеу сықылды еді.

Имаштың дауысы әр дайым селт еткізіп оятқандай

боп. Боқаң делбесін жиыңқырап ұстап, аз да болса да бойын жия түскендей болады. Сүйткенше болмай, жүйрік қиял дедек қағып ауылға, бүгінгі болған оқиғаға сүнгісе, Боқанның тынысы тарылып, іштен мүжілу басталады. Бала тәрбиесі әсіресе әйел баланы еркін өсіріп, өз теңіне қосу — алдымен өкелін борышы. Боқаң өзінше, осы міндетті орындау жолындамын деп ойлаушы еді. Қыз баланың келгендердің ешбіріне қызын бермей қасарумен келсе, бұл Боқанның кесірлігінен ғана болған жұмыс емес, мұның негізі — «баланы жылатпай, теңіне қосу» — дегеннен шыққандығы сөзсіз еді. Сүйткен баланың бірі бүгін ойдағы жоқ оқиғаға ұшырап, адам шошынарлық маскаралықтың таңба боп басылып отырғандығы мынау...

Боқанның көзі жаспен кіреукеленді.

Тығбастық тынысты тарылып, адам бойын дел-салғып езе түскендей. Жолдың шаңы бұрқырап көтеріліп, қайда барарын білмегендей — маңайынды орай түседі. Шаңға араласып ызындап маса, сона жүр. Көк шолақтың қакпыш денесінде тер белгісі сирек көрінетін еді, бүгін — мұның үсті де малмандай тер.

Әлде неге елендегендей боп Боқаң басын көтерді. Имаш жайдақ арбадан аяғын салбыратып, бір қырындау отырыпты. Әлгі қоқандаған солдат сұлқы басылғандай боп, Имашқа қатарласып, сөйлесіп келеді. Имаштың қалпында имену-жағыну деген жоқ; тіпті өзін содан жоғары ұстайтын адам секілді. Орыс тіліне қалай ұста!.. «Апырым-ау, осы өнермен, осы түрмен кісі есігінде жүргені несі екен?»— деді Боқаң. Боқанның қарауында Имаштың пішіні, жаратылыс қалпы қомақталып өсе түсті. Осы күнге шейін осы Имашты жақынырақ танымағаны үшін өзін шілтелеп те алды.

...Соқа үстінде еді-ау: Боқаң көлік суғара кетіп, қас қарайған кезде қосына оралып келгеде, осы Имаш пен Жұмакүлдің сөйлесіп отырған үстінен шықты. Боқанның әлде неге тынысы тарылып, жоқ жерде ашу шақырғаны... Боқанның осы қалпын сезгендей болды да, келген жұмысын да айтпастан Имаш кетіп отырды. Бір-екі күнге шейін Жұмакүлдің де қабағы тұнжыраумен жүрген секілді еді... Бұл — ұмытылған оқиға еді, енді келіп еске түсті. Сол жолғы ашуының орынсыздығын енді сезгендей боп Боқаң тістенді: «Әй, мен қакпас па?.. Мен қакпасқа аз!»— деді ішінен.

Боқаң әлде неге жұдырығын түйемін дегенде, арбадан секіріп түсіп, Имаш келіп қатарласты:

— Боқа, шөлдеген жоқсыз ба?

— Жоқ, карағым...

Өз сөзі Боқанның өзіне әсер еткендей боп, ой құшағына қайта шомды.

Керуен өтетін «Қарақоғаның» басы қайысып жатқан қалың жол. Жүкшілердің көптігіне көз тұнады. Жамаулы киімді қазақ шалдары, шекелері күнге жылтырап, ерішдері кезеріп, арбаларының қасында тұр. Қиқайған, мыжырайған ағаш арбалар, кей біреуілерінің тегіршігі қирап, көл басына сүйреп тастаған өлекседей боп, анадай жерде топтан бөлек жатыр.

Топ ортасына бірнеше ақ шатыр қатарынан тігіліпті. Қылыш, мылтығы батар күнмен шағылысып, теңселіп жүрген солдаттар. Кей біреулері арбасы сынған қазақ шалының жанына келіп, «арбаңды неге сындырасың?» — дегендей тепсініп, зіркілдеп тұр.

Бокбасар мен Имаштың арбасы ақ шатырлардың жанына әкелінді. Тоқты мен қымыз түсірілді. Бокбасар мен Имаш, арқан-жібін тезірек жиып, қайтқанша асығып жатыр еді, бастықсымақ біреуі:

— Әй, қазақ, сенікі орысша біледі?— деді.

— Білемін,— деді Имаш.

— Ендеше, аттарыңды апарып ана сынған арбалардың жүгін тиендер.

Имаш жауап қатқанша болмай, бір солдат келіп торы аттың шаужайына жабысты. Шабан торы аяғын зорға көтеріп қозғалып еді, екінші бір солдат қылышпен бүйірден түйгіштеді. Бармаймын деп қалшиған Имаштың бүйіріне де қылыш тиді. Бокбасар үрейленіп, тілі байланып, Имаштың артын тасалаумен болды.

Имаш пен Бокбасардың келгенін қошуақпен қарсы алғандай боп біреулер асығыс жүк тиеп жатыр. Солдаттардың ашуланғанын, сөккенін елемеген секілденіп мелшиіп Имаш тұр; бір сөзіне екі сөзбен жауап қайтарады; кей біреулері Имаштың сөзіне күлсе, екінші біреулері — бұрқылдап қамшысына жабысады.

Жүк тиесіп жүрген — арық пішінді қара шал — бір пәлеге кездесіп қала ма дегендей боп Имаштың жанын орала беріп, сыбырлады:

— Ерегісіп қайтесің... Бұл шіркіндерде дін жоқ, жазым қылып жүрер.

Күн көлбеп ұясына барды. Мүлгіген тынық түн. Ма-са дегенің түтіндей қаулап жүргіншілердің есін тандырарлық. Ақ шатырлардың маңы араның ұясындай гүрілдеп даланы басына көтерді. Құсайын байдың қорлы

қымызына коньяк араласып, бірсыпыра жел өкпелер дауысы жыртылғанша айқайлап ән салды. Ән мен қабат-таса гармонь үні шықты. Біреулері — билеймін деген боп, даланың шанын басына көтерді.

Шатырлардың ғана маңы болмаса, ұзыннан ұзақ созылған керуеннің маңында — адам көзін тартқандай өмір аға айт.

Бұл әйгілішілердің алдының ауылдан шыққанына нағызма күндей болған. Бірер күн жүріп қайтамын ғой деп бәрі де елінен азық алып шықпағандар. Көбі — аш, еріндері кезеріп, арбаларының түбінде бұқ түсумен жатыр. Сол топтың қатарына Боқбасар мен Иماش та қосылды. Боқбасардың бүгін қандай күйге түскенін Иماش қана біледі. Мылқау адамдай әр кісіге бір аландап мөңірейген Боқбасарды тірілту үшін күтім керек болды. Ол күтім Имаштан табылды: көк аттың камытын жастық қылып, шидем күліні көрпе ғып төсеп, Боқанды жатқызды...

Жүк тиескен қара шал, жүргіншілердің әрқайсысын аралап, аты туралы, арбасы туралы әркімге ақылын айтқан боп жүріп, Имаштың жанына келді.

— Ал, бала, сөйлеші, бұрын мұндай жолды көріп пе ен?— деді шал, жамбастай жатып.

Көл басының шалғыны көрпе секілденіп төселді. Аспан—қолмен тізгендей боп самсаған жұлдыз. Түн салқын. Маса бәсең. Мұндай түнде мына секілді шалғынға көміліп жатсаң, ой өрекіп өзінді ұмыттыратындай, әлде қайда жетелегендей болады. Осы күй Имашта да, мына жамбастап жатқан шалда да бар. Шал ыңғайы әңгімеге тым бейім. Осы көптен жалғыз Имашты ғана қалап алып, соған ойды кернеген ауыр күйді ақтарып салып, бір жеңілденейін деген адамның түрі. Әлде қайда — алысқа қарай түсіп, жүрегі жарылардай болып күрсінеді. Мұндайда шын мұндасып, жүрек сырын ақтарысатын адамның өзі сирек. Білау тартып келе жатқан осы топ, шынында, айдаған мал секілді ығумен келеді. Жол бойы бұлар жәбір-жапаның мың түрлісін көрді. Сол жәбір көргендердің бірде-бірі тіл қатып, мұның қалай деп айта алды ма, сірә? Айта алмады. Тышқанмен ойнаған мысық сықылды осы ылаушыларға солдаттар ойына келгенін істеумен келеді. Үн шығармай көне беретін бір жұрт... Имаштың түрі бұл топтан тіпті бөлек. Мана келгенде осы солдаттарды көзге ілмейтін адам секілденіп тұрды-ау бір. Шалдың айызы сонда-ақ қанған. Жол қағып шар-

шағандығына, ұйқының қысқандығына да қарамай, сөйлесу үшін сықсынып келіп отырғаны да содан.

Ыстық өткен, жол сокқан жүргіншілер — бір жағынан аштықтан бұралып, қызыл іңірден ұйқыға шомды. Біреулері ұйқысырап: «апырмай, апырмай!.. Өлтірер ме екен?» деп, үрейленген күйі басын көтеріп алады.

— Адамның жанынан сірі не бар екен? Жынданып кеткендей жұмыстың талайын көрдік, сонда да сау келеміз... Мына сандырақтап жатқандар — күндізгі ойын айтып жатыр-ау,— деп шал күрсінді.

Шалдың аты Ыбырай екен. Ескі жарғақты жанқалтадан шығарып, бас бармағымен сұқ қолының арасына аз ғана насыбайды қысып алып мұрнына піскейді. Бірер түшкіріп алып ұйқыдан ояңғандай көзін жылтыратып ашып, Ыбырай шал сөзіне кірді:

— ...Сендер жассыңдар ғой, балам, біз не көрмедік? Сарыарқаны көшпенділер қаптағалы талай қиялардан өттік қой... Біз мына сегізінші ауылдың адамымыз. Жеріміз өте кең болушы еді. Шұрайлы еді. Көрінде өкіргір Мұстапа, баяғы талас штатта бізді жеңіп болыс болатында, біздің жерімізді сырттан сатыпты деген сөз бар... Қар кетіп жатқан ала сапыран кезі еді. Әйеттің өзені бұланталан болып, тасып, шағырлы алапта қалың сең бірер күннен бері буылып тұрған. Бір күні кешке жер қайысқан жүргінішілер күн батыс жақтан келді де, сол шағырлы алаптың тұсына түнеді. Қара жолмен кім жүрмейді, жүргіншіден жер қору деген бұрынды-сонды әдетімізде болмайтын... Кешке жақын мал қайырған балалар әлгілер буылған сеңнің үстінде жүр дегенді айттысып келді. Жолаушы шіркіп өлерін біле ме деп күлістік те қойдық. Арғы бетте «Қарасулы сай» дейтін сай болатын, бір өзінің шөбі рулы елді асырағандай... Жасекең тұқымын анау-мынау деушілер де жоқ емес қой. Әйткенмен, сол сай, шыны Жасекең шаңырағына ғана арналып жаратылған секілді еді: мыңдаған малы қыс бойы сол сайда бағылып семірумен шығар еді. Қарасулы сайдың шөбін жеген малдың жалы үзілген емес. Жарықтықтың жері-ай! Шөп шабар кезде байдың үмесіне барар едік. Рақилла әйбіше, саба-саба қымызды тиеп, семіз бағландарды арбаның артына таңып, шөптің басына келер еді. «Байдың ісі пәрменмен»— деген рас қой, бір-екі күндік үмеге бола сайдың басына апарып үй тіктірер-ау... Сол сайды алғалы жатса... не жаңың шыдар? «Осылай да осылай, бір сұмдық болғалы жатыр»,— деп Жасекең ауылына кісі шаптырып ек, байдың үйі адамы өлгеннен

жаман ү-шу бопты. Қайтсын-ау, Қарасулы сайға Жасыбай тұқымы не болғалы — тышқан ғана жүгірмесе, бөтеннің малының тұяғы тиіп көрді ме екен? «Менің аруағым көтерілсе, Шаңқанның жігіттерінің арқасында көтерілген. Шаңқанның жігіттері сау тұрғанда, маған ешкімнің тісі батады деп ойламаймын... Шалдарға сәлем айт, жұртшылығын істесін, өзім де барып жетермін!» — депті-ау байы...

Жасекеңе қарағандар атты қойды. Құрылған шептен қарғытып өтіп, араласып келіп кеттік... Онша қартаймаған күнім ғой, атты қарғытып өткенде, көзім қанталап кетсе керек, ешнәрсені көрместен шоқпарымды сілтей беріппін... Бір рет шекем дың еткендей болды. Аз мүдіріп қалып ұйқыдан ояғандай көзімді ашып алдым. Бет-ауызын жүн басқан тапал бойлы бір орыс қабағын түйіп, тепсініп, бірдеме деп былдырлап тұр екен. Ол кезде орыстың тіліне түсінеміз бе, шоқпармен әлгіні сілтеп өттім... Артынан барып білдім-ау; ол байғұс, менің басымның жарылғанын көріп, өлесің ғой деп аяп тұрғаны екен. Өзім сияқты қарақасқаның бірі екен, артынан соның өзімен тамыр болып кеттім...

Ыбырай шал, насыбайды мұрнына оқта-санда бір ніскеп қойып, басынан өткенді жыр қылып соға берді.

— Баяғы төбелеспен қала салғандар қалай болды? — деді Имаш бір кезде.

— Олардан текке үркіппіз ғой, ол — өзіміз сияқты бейбақтар екен; ағайышнан бетер араласып кеткен кісілеріміз болды...

Ыбырай шал бір кезде жаң-жағына қаранып алып, дауысын бәсеңдете түсіп:

— Мына атты казак дегендерің жалғыз біздің қазаққа ғана әкіреңдей ме десек, әлі жеткеннің бәріне істейтіні сол екен ғой; жақын арада сол көрші поселкамыздың еркек кіндіктісін қамшымен тіліп, шиңдей қан қылды. Мүлік талау, әйел басу дегеннің шегі болмады, — деді күрсініп.

— Ұрған себебін білдіңіз бе? — деді Имаш көтеріле түсіп:

Ыбырай шал бірсыпыраға шейін үндемей, әлде қайда алысқа көз жіберіп, ауыр ойға батқан адам секілденіп отырды. Арба түбінде жатқан жүргіншілердің кейбіреулері сандырақтап сөйлеп, бір есе жылаған тәрізденеді. Ыбырай басын шайқап, күрсініп, аздан кейін Имаштың сұрауына жауап беруге кірісті;

— Осы күні «ақ» пен «қызыл» деген шығып жүр ғой. Біздің поселқамыз сол «қызылдың» жағында болса керек, Федоров Алексей дейтін... ұмытып бара жатыр екемау: баяғы қала салдырмаймыз деп төбелесетінімізде маған жаны ашитын сақалды орыстың аты Федоров Никанур еді. Мына Федоров Алексей соның баласы. Жас күнінде көп сөйлемейтін тұйықтау бала еді өзі. Неге екенін білмеймін, соның мінезі бала күннен өзгеше болды: «қазақ тілін үйренемін» деп өмірінің көбін біздің ауылда жүріп өткізетін еді, осы күні қазақ тіліне келгенде, өзімізді мүдірткендей... Зеректігін айтамын-ау... Ольга дейтін қарындасы бар еді, ол қазақ тіліне Алексейден де өткен. О да көбіне біздің үйде жүріп өсті. Рабиға дейтін менің ер жетіп отырған қызым бар, Ольгамен түйдей құрдас, екеуінің татулығы адам баласында сирек болатын татулық... Ел өсегінің жанды күйдіретіні де көп болады-ау: Никанурмен әкей-үкей араласқанымызды мың саққа жүгіртіп, «Ыбырай шоқыныпты» деп те өсектеді жұрт. Мейлі өсектей берсін дедім. Жасым алпысқа келген екен, ораза, намазын бір жөндеп орындаған емеспін, мұсылман болғанда не жаратыппын?.. Никанур өлгенде, жұрттың өсегіне де қарамастан, мен соның жаназасына бардым. Алексей солдатқа алынарда — өз балам алынатыннан жаман қынжылдым... Сол Алексей былтыр солдаттан келді, тұла бойы толған құрал. Үйінде баяндап тұрмады. Біздің үйге де тым сирек қатнады. Апырым-ау бұған не болды? Әлде, маған ренжіген жері болды ма екен?.. Алексей жоғында, шешесі мен қарындасын өз адамымдай көріп-ақ қарасып ем ғой деймін... Сейтпек дейтін жақын інім бар, Алексеймен сол араласып жүрді. Бір күні содан сұрадым: Алексей неге сырт беріп жүр? — деп... Алексейдің неге жуымай жүрген себебін Сейтпек айтқанда, жүрегім тас төбемнен шықты...

Ибекең сөзін осы жерде бір үзіп, әлде неге елеңдей түсіп, жан-жағын тегіс шолып алғандай болды. Ибекең сөзіне ынтығы күшейіп Имаш, оған жақындай түсті. Ибекең дауысын тым бәсеңдетіп:

— Оның себебі мынау екен, — деді. — Алексей — қызылдардың бастығы болып келген екен. Әскер жыып, ақтармен соғыспақшы боп жүр екен... Мені шатастырмайын деген боп, өзінше сактық істеп жуымай жүргені екен... Мен көп ойландым. Ақыл айтатын әкесі өліп кетті. Соның сыйлайтын адамы — мен сияқтымын. Жастық желігімен істеп жүрген жұмыс боп, ақыры насырға шапса, обалына кім қалмақ?.. Үйге шақыртып алып, тоқтау

айтып көріп ем, тоқтасын ба... Тілімді алмадың деп ренжімедім де, өйткені, бастап жүрген жұмысы тым теріс жұмыс секілденбеді: оның айтқаны болса, кедейдің бағы ашылатын... Ақтың әскерінің сол поселкаға бүйідей тиіп жүргені, міне осының салдары еді. Поселканың өзі екі жік:— байлары бір өңкейде, кедейлері бір өңкей. Орыстай ауыз бірлігі күшті халықты көрмедім: арқаларының қаны жосадай боп ағып жатса да, Алексейді ұстап бермеді ғой...

— Кәзірде де сол қалада ма Алексей?

— Сол қалада...

Көл басы жым-жырт. Ақ шатырлардың маңындағы шу біртіндеп басыла келіп, ақырында таза тынды. Түн салқыны бұрынғысынан да үдеді. Киімі жұқа адамдар бұйығып, бүктүсіп, арбаның астына таман кіре түсті. Ай, таба нандай дөңгеленіп, сап-сары болып көктің жиегінен көтеріліп келеді. Көл жиегіндегі қызғыштар жайылған аттардан ба, күзеттегі солдаттан ба, үркіп ұшып, оқтасанда ойбайын салып безілдеп көкке шығады. Күзеттегі солдат, мергендігіне сенген адамдай, ай сәулесімен көлендеген қызғышты атып кеп салады...

Ибекең шал әңгімесін бітіріп, Имашпен қоштасып өз арбасының қасына кетті. Боқбасар отағасымен қатарласып Имаш жатыр. Көзі ілінер емес: ұшы-қиыры жоқ түпсіз ой құшағына алып, бірінен соң бірін әкеп алдына тартып тұрғандай. Өмір тартысының не ауыр кезеңдерін басынан кешірген адам Имаштай-ақ болар, орыс-қазақ байларының талайына жалданып көрді, біріне де тұрақтамады. Тұрақтамағанда еңбекке қыры жоқтықтан емес, байдың орынсыз үкіміне көнгісі келмегендіктен. Бүгінгі той үстіндегі Итбайдың ылаңы, соның салдарынан орынсыз тиген таяқ Имаштың есінен өмірі кетпестік еді. Бірақ, Боқбасар отағасының үйінде болған сорақы жұмыс—Имаштың өз басында болған жұмысты ұмыттыратын секілді. Боқбасардың үйі солдаттың ойыншығы болып жатқанда, Имаш желі басында Нағимаға бие саудырып тұр еді-ау. Ондай өрескел жұмыс болады деп кім ойлаған? Имаш соң біліп, бармағын тістеді. Боқанның үйіне баруға жүзі шыдамайтын секілденеді. Көп араласып, ашына болған үйі де емес. Әйткенмен, сол үй дегенде — өзінше бір жақындық сезеді. Әлде қалай ұшыраса қалса, Жұмакүл де бұған жылы шырай беріп, осымен бір ауыз болсада, тіл қатысуға құмартқандығын білдірткендей болып тұрады. Бұл сияқты жылы жүз, тілсіз ұғынған достық белгісін Имаш өз өмірінде бірінші кез-

дестіруі болар... Боқанды жөнелте келгенде, Жұмакүлдің бетіне Имаштың қарай алмағаны да осыдан еді.

Имаш ауыр күрсініп, көзін ашқанда, салқын самал бетке ұрып, көк жиегі бозғыл тарта бастап еді. Жүргіншілер ербиіп бастарын көтерісті. Көліктерін жегіп, қара жолға түсіп, күн батысқа қарап бет түзеді. Сол көптің бірі боп Боқбасар мен Имаш та кете барды...

* * *

Шаяқметтің әйелі Нұрбикені кей бір жақтырмайтын кісілері — «көк езу» дейді «Көк езу» атануға Нұрбикеннің мінезі себеп: біреуді даттауға, өсектеуге Нұрбикедей шебер адам жоқ; бүгін бір әйелмен достасып, шүйіркелесіп отырса, ертеңіне сол әйелге неше түрлі адам нанғысыз өсек таңып отырғанын көресің. Үй арасында не түрлі өсек шықса Нұрбикеден шығады. Нұрбикенің өсегіне ерсе, Күнтуған тұқымына қараған он үй бүйтіп бір жерде отыра алмаған болар еді. Күнтуған тұқымының ымырасының бұзылмауына, Нұрбикенің өсегіне жол бермеуге тырысатын кісінің бірі — Боқбасардың әйелі — Дәметкен еді. Нұрбике үй арасына іріткі салса, бүтіндеуші Дәметкен болатын. Сондықтан, Нұрбике — өзіне бірінші қас адам деп Дәметкенді санайтын.

Дәметкеннің үш қызы Нұрбикенің көзіне сүйел болып қалады. Дәметкен сияқты «дұшпанның» қызын ел көзіне маскара ғып шығармаса, Нұрбикенің кегі бітер ме? Сондықтан алдымен үш қыздың әр қайсысына снымды ғып ат қарастырды: Жұмакүлге «дүрдек» деп ат тақты. Ырымкүлді «көбелек» деп атады. Осы атты ел аузына сіндіремін деп Нұрбике бір сыпыра азаптанса да, сіндіре алмады; ел көзінде мазақ атпен аталғандай бұл қыздарда ұнамсыз қылық болмады. Қайта, көпшілік Дәметкеннің тәрбиесін айтып дәріптеп, бұл қыздардың беделін өсіре түсетіндей еді.

Нұрбикенің өшпенділігі өсе түсті. Боқаң ұрт мінезділікке салынып, тұс-тұсынан қаптаған «құдалардың» бетін қайтарып, біріне де икемдемей жатқан кезде — Нұрбике мұны көпшілікке өзінше түсіндірмек боп әуреленді: «тәйірі, әкесі берменгі — дегенге нанасындар ма? Әкесі бермек түгіл лақтырп жіберер... Оның мынадай маскарасы бар...» деп тыңдаушыны ынтықтыра түседі де: «қыздың өзі сау емес... Қыз бүлінген... Ойбай-ау, сұрама... Әкесінікі — қулығы, қызын арашалау үшін кінәні ез мойнына алған болмақ» — дейді.

Нұрбике осы сияқты өсекті көбіне Жұмакүлге тағуға құмар. Дәметкенге қанша өш болса, Жұмакүлге де сондай өш... Өш болатын себебі мынау еді:

Оған бір жыл болып қалды. Күздің күні еді. Ауыл адамдарының көбі қырғы кәсібінде жүрген. Жұмакүл де қырғы кәсіпте: шөл тасиды, егін тасиды... Бір күні Нұрбике бұзау қайтарып жүріп, жол үстінде Жұмакүлге кездесті: бір арба егінді тиіп алып, Жұмакүл өзендегі қыстауға құлап келе жатыр еді. Киімі тым жұпыны. Бет-аузы шаң, топырақ. Мына түріне қарап Жұмакүлді бойжетіп отырған қыз деп ешкім де айта алмас. Әсіресе, Нұрбике осылай қарайды ғой. Ауыл адамдарының жоқты дәріптейтіндігіне таң болып: «осы қызды не деп ауыздарынан тастамайды?.. Жасым отыз беске келіп отырса да, осы қыздан мен көш ілгері емеспін бе?»— деді Нұрбике сол жерде ызаланып.

Ызаланған Нұрбике — кездескен жерде тісін бір батырып қалмақ болып тағы да:

— Қырда көңілді болатын шығар-ау... Бозбала біткен сонда ғой...— деді мысқылдай күліп.

Тиелген егіннің үстінде көлбей жатып келе жатқан Жұмакүл Нұрбикенің мына сөзін есіткенде — кенет басын көтеріп алды. Нұрбикеге қадала қарады. Қарауы тым қатаң еді... Орынсыз соқтыққанын тап осы жерде сезген секілденіп Нұрбике тезірек жуып-шайып құтылудың жайын қарады.

Жұмакүл арбадан секіріп түсті. Мына секілді тау қып тиелген арба түгіл, Нұрбикені екі аяқ арбаның белінен де секірте алмассың... Жұмакүлдің осы сияқты істері-ақ Нұрбикенің ішін күйдіріп болады.

— Жаңа не айттың, жеңеше?— деді Жұмакүл қатарласа жүріп.

Нұрбике ашуланарын да, жайдарыланарын да білмеді. Сездірмеймін дегенмен, үрейленіп қорыққандық — бет әлпетінде белгілі түр еді.

— Неге қоймайсың өсегінді?.. Не жазып ем мен саған?..— деді Жұмакүл қатуланып.

Нұрбике «адал ойымды арамға жорыдың» деген боп, бұрқылдап ашуланған түр көрсетті. Осы айламен құтылармын деп ойлады. Бұзау қайыруды сылтау ғып, тезірек алыстамақшы да болды.

Нұрбикенің сытылып кетуге ыңғайланғанын сезді де, Жұмакүл, не істесем екен дегендей боп ойлана қалды. Үндемей қалғанмен, Нұрбике оның қадырын білер ме? Ауылға бара үйден үйге жүгіріп сүйреңдейді ғой: «мен

осылай дедім, Жұмакүл бетінен басып, үндей алмай қалды»,— деп. Біреу болмаса біреу нанып, өсекке өсек жалғанып жүрсе, одан кейін басынды арашалап көр?.. «Жоқ, мұның үнін өшірейін!..» — деді Жұмакүл. Одан арғы жұмысына есеп бермеді. Ұмтыла басып Нұрбикеге тап берді: камзолының шығынан қапсыра ұстады. Ұстаған ыңғайында сілкіп-сілкіп қойып еді, Нұрбикенің басы қалтаң-қалтаң етті.

— Неге ысырыла жөнелдің?.. Аяқта сөзінді!.. Аяқтатпай жібермеймін!..— деді Жұмакүл сұрланып.

Нұрбике састы. Осындайда көз жасының оңай тұратындығы-ақ жақсы, төгіп-төгіп жіберді.

— Өлтір!.. Өлтір!.. Сенің қолыңнан-ақ өлейін,— деді мүсәпірленген түрмен Нұрбике.

Жұмакүл оған жібімеді, бұрынғыдан да қаттырақ сілкіп тартты. Нұрбике бұл жолы қылғына бастап, көзі қарауытуға айналды. Бар дауысымен шыңғырды. Дауысы өте жексұрын шықты...

Жұмакүл,— артынан ойлағанда,— осы ісін өзіне мықты мін көрді. Қыз басымен жақын жеңгесіне қол жұмсау — қазақ әдетінде болмаған жұмыс. Айта берсең, қазақ әдетінде «Қыз» деген атақ өте таза, нәзік, құрметті секілді: оған бөтендер де қағылмауы, өзі де бөтенге қағылмауы керек секілді... Нұрбикемен арасында болған мына оқиғаны ешкім көрген жоқ, әйткенмен, мұны жұртқа Нұрбикенің өзі жаяды. Жайғанда — мың түрлі пәлені араластырып жаяды...

Солай болды да: бірер күннің ішінде ауыл іші осы әңгімені айтып жыбырласумен болды. Әйткенмен, ауылдың көпшілігі Жұмакүлдің бұл ісін мақұлдасқан секілденіп: «сол керек көк езуге!.. Жұмакүлдің үстінен түспейтін неме ғой... Ғанытқан екен әкесін!» — десті.

Осы оқиғаның тұсында жалғыз-ақ Қәтима бәйбішенің пікірін ашық білу қиын болды: ол біресе Нұрбикені шақырып, соны мүсіркепті-мыс деген сөз шығып жүрді. Соның артынша болмай Дәметкенді шақырып алып, Жұмакүлдің ісін мақұлдағандығы тағы естілді...

...Дауылбай Күнтуған тұқымына қыз айттырмақ болып келгенде, көздегені Жұмакүл еді. Боқан үйреншікті әдетін істеп қарысып отырып алды да, Күнтуған тұқымының басқалары қосылып Шаяқметтің қызын Жұмакүлдің жолына құрбандыққа шалған секілденді. Осыны істегенде бір де бірі Нұрбикеге сөз сала білсеші!.. Нұрбикенің сол күнгі күйгенін көрсең!.. Қара пышақты жалаңдатып Шаяқметке екі-үш рет төнді Нұрбике: «сен шірікті

тірі қойғанша, жарып өлтіремін!»— деп. Шаяқметті бүргенмен кек бітпейтіндігін сезіп, Нұрбике сол күні Боқанның үйіне беттеді. Қара пышақ қолында еді. Қатерін тіккені — Жұмакүл еді... Сол бетінде өзінше еш нәрседен тайынатын түрі жоқ еді... Жақындап келгенде, есік алдына Дәметкен шықты. Оған жалғас Жұмакүл шықты. Нұрбикенің не үшін келе жатқанын Дәметкен сезіп, шошынған түрмен босағаға таман шегініп, дұға оқыды білем — аузын күбірлетті. Жұмакүл Нұрбикеке қарсы жүрді.

— Неге бедірейдің, бетпақ!— деді Нұрбике қалтыранып.

Дегенмен, Жұмакүлге тым жақындамай, бөгеліп, тоқтады. Ауыл адамдары самсап есіктерінің алдына шықты. Бәрінің көзі осы екеуінде. Біреулер ұмтыла басып осылай қарап жүрген секілденді.

— Қайт үйіңе!.. Ойнайтын кісің мен емес...

Осыны айтып Жұмакүл ілгері қарап біреу басты. Аралары тым жақын. Нұрбике пышақты қымқыра ұстады. Кенет салып кеп қалуға болмай ма?.. Жоқ, болмайды: Жұмакүлдің көзі — пышақта, Нұрбикенің әрбір қимылын ол аңдып тұрған секілді. Нұрбике қозғала бергенде-ақ — Жұмакүлдің тап беруі даусыз; одан кейін қара пышақ Нұрбикенің өз көкірегіне қадалып жүрмесін!..

— Салдақы!.. Салдақы!..— деді Нұрбике булығып.

— Кетемісің?.. Жаның керек болса, кәзір үйіңе бар!..

Нұрбике шегінді. Шегінбеске болмады, Жұмакүл түтіп жейтін адам секілденіп ұмтылды. Ауыл адамдары араға түсті. Әр қайсысы өзінше соқалап, басалқы айтқан болып жатты. Кемпірлер жағаларын ұстап:

— Жұмакүл қарағым-ау, сол кәпірмен қайтесің ызғысып, ақылың бар еді ғой сенің,— деген болды.

Тағы қорлық. Тағы Нұрбике тентек... Бұл жолы Нұрбике ұятты қойып, ауыл қотанында отырып, жер тепкілеп жылады.

Содан былай Нұрбике өлім тіледі. Ел көзіне көрінбеймін деп төсектен тұрмай жатты. Ешкіммен сөйлеспейді де, жалғыз-ақ Қәтима бәйбіше келгенде, шарасыздан басын көтерген болды.

— Жүре ғой келін... Бала-шағаны жұмсағанша деп өзім келдім... Қымыз іше ғой жүріп,— деп бәйбіше көлгірсіп, Нұрбикені төсектен еріксізден тұрғызғандай болды.

Нұрбикені осыпша мүсіркеп, бәйбішенің өз аяғынан келіп шақырғаны — ауыл адамдарын таңырқатты. Екі ағайынның араздасқанын көрсе, осы бәйбіше еш уақытта соның арасына кірмей қалған емес. Әсіресе, осы Күнтуған тұқымының арасынан жарықша шыкса, бәйбішенің қастырыла кететін әдеті.

Бәйбіше қымызды сапырып отырып, Нұрбикенің қыбын таба сөйлейді: жылатып та алды, күлдіріп те алды... Нұрбикенің қызының Асамбайға берілу айыбын Бокбасардың үйіне төндірді:

— Бәтір-ау, өгіздей ғып сол қызды сақтап қайтпекші? Асамбай алмағанда — ол қызды кім алады екен? — деп бір қойды бәйбіше.

— Іш келін. Қайғырып қайтесін... Тәп-тәуір боп өсіп келе жатқан бала еді... Мен ылғи айтушы ем: Нұрбике келіннің осы қызы бір бақытты адамға душар болар, — деп.

Тағы жылады Нұрбике. Бәйбішенің жылы сөзін жарым көңіліне сеп көрді. Тап осы отырғанда осы бәйбішеден басқа жанашыр жақын таппайтын секілденді.

Бәйбіше тағы бір сүре әңгіме айта келіп:

— Әлгі кесір кара айтады: «Нұрбике келін несіне жылайды екен?.. Қызын берем деп әзір ешкімнен мал алған жоқ. Қазір «слабода» заманы; бермеймін десе, қызын ешкім де зорлап ала алмайды» — дейді... Кесір кара-ау ондайың болса, келінге айтып көзінің жасын құрғатсайшы — делім мен... Ауыл-үй отыр едік ақыл сала білмейді деп, кесір кара сендерге өкпелейді екен. Мен айттым сосын: кесір кара-ау, сен түгіл, біздің шалға да сөз салған біреуі жоқ. Жазық келінде емес қой, оның үшін кектенбей-ақ қой, келінге барып, ақылыңды айт дедім... Айтсам, айтайын, — деді ол байғұс. Бүгін шалмен де ақылдасып ем: сен не ойлап жүрсің? Көптен келе жатқан құдайы көршің еді, Нұрбике келінді жылатып қоямысың — деп. «Келіннің өзі біледі. Бермеймін десе, Асамбайдан қорғайтын құдіретіміз бар ғой» — деді шалым...

Бәйбіше қымызды сапыра түсіп, көзінің қығымен Нұрбикеге қарап қойды. Бұл Нұрбикеге мықты әсер еткендей боп ұрттап отырған қымызын кенет тоқтатып ойлана қалды: рас, Асамбайдың малын әзір алған жоқ... Бірақ, батаны қайтеді? Аты шулы Дауылбай келіп, бата істеп, құда болдым деп кетті. Төрт-бес күннің ішінде алуға келгелі отыр. Бермеймін деп шатақ шығар-

ғанға Асамбай көнер ме? Нұрбике түгіл, одан зордың мазағын көрмеймін деп жүрген адам ғой ол...

Нұрбике күрсініп, бәйбішенің бетіне қарады. Қанша айтқанмен көптен арбасқан адамдар-ау; бірінің ойын бірі сезуден де сау емес еді. Асамбай мен Құсайын бай мықты ұстасып жүрген адамдар: өткен жылы Құсайынның бір үйір саяғы ұрланды. Құсайын Дауылбайға адам салды: «жылқымды үйіріне қоссын, әйтпесе ұстатамын» — деп. Дауылбайдың арқа сүйегені — Асамбай. Құсайыннан қаймыкса, Асамбайдың аты құрысын!.. Екеуі тіресе түсті. Құсайынның қаруы «Алашорда» болды. Асамбай Колчак үкіметін сағалады. Біріне бірі дүрдіскенмен, дақ сала алмай, екеуі де іштерінен тынды. Құсайынның жылқысы үйіріне қосылмады. Бұл ұмытылмастық кек еді. Бұл кегін Құсайын өмірлік жіберем деп жүрген жоқ... Нұрбике қызын бермей қайтарып. Асамбай ел көзінде күлкі болса, Құсайынның кегі аз да болса қайтады... Бірақ, соны не болады «Екі нар сүйкенсе, ортасында шыбын өледі» боп, істікке түйрелетін Нұрбике үйі болмай ма?..

Не дегенмен Нұрбике өз пайдасын білмейтін де кісі емес. Біреуге күншілдік істеуінің өзі де сол менмендігінен тұмақшы ғой.

Нұрбикенің ойын кенет екінші нәрсе бөлді: апырмай, осынша бүлінгендей бұған не боп еді? Асамбай сияқты адамға қол артудың өзі бақыт емес пе?.. Жат жұрттық боп жаралған бала — жасқа тигенде бақытты бола ма? Кәріге тигенде бақытты бола ма?.. Асамбай сияқты адамға әйел боп, «ерке тоқал» атанып, ауыл-аймақты бір шыбықпен иіріп отырғанның өзі қандай қызық!.. Апырмау Нұрбике мұны бұрын неге ескермеген?.. Осы бәйбішенің өзі арамдықтан сау ма? Нұрбике Асамбайға қол артса өзімен тең түсіп, аяғына басып кетер деп, осы бәйбіше қауыптеніп отырған жоқ па екен?

Біреп күрсініп басын көтергенде, Нұрбикенің шырайы бұрынғысынан әлде қайда дұрысталып еді.

— Қайтеміз, құдайдың жазуы шығар... Жат жұрттық бала ғой. Ақ батаны бұзып, «бұзық қатын» атана алмаймын... Мен енді қойдым, — деді Нұрбике.

Бәйбіше шошына қарады. Нұрбикенің тостағанына үстеп қымыз құйғалы жатыр еді, үстеп құюдың орнына тостағанның ішіндегі қымызды шараға аударып, тостағанды төңкере салды. Үлкен ашуға мінгендегі әдетін істеп болбыраған беті жыбыр қақты. Қымыз толы шараны шайқалдырып сабаға таман ысыра салды да, төрге

қарай бұрылып аяғын көсілді. Тап осы отырысы — «сенімен енді жұмысым жоқ» деген адамның кескіні еді. Нұрбике осыны сезгендей үндемей үйден шықты. . .

* * *

Нұрбике бұрынғы әдетімен ауыл әңгімесіне араласып кете қоймағанмен, тойды онша жабығып та қарсы алған жоқ. Қонақ тәрбиесіне Күнтуған тұқымы түгел қатынасу керек болды да, Дәметкен, Жұмакүлдер де сан-сапалақ араласып кетті. Дәметкен мүлде билеп-төстеп:

— Келін, сен отыра бер, мен үлгертемін ғой,— деп қонақ тәрбиесін түгел қолға алғандай болды.

Нұрбике бұған да қарсы болмады. Абысын-ажын болып бұлардың бір шүйіркелескені де осы жол еді... Бірақ, ұзамай жоғарғы әскер бүлігі — бұлардың арасына тағы керте болды. Дәметкен ойламаған оқиғаға кездесіп, «жұртқа қарар бетім жоқ» — деп ойлады өзін. «Жығылған үстіне жұдырық» секілденіп Боқаң ылау айдалды. Ауыл іші әлде қалай тына қалған секілденіп, әңгімелерінің көбі сыбырға айналған тәрізденді. Сыбыр сөз Дәметкенді от боп өртеді. Ырымкүлдің көңілін сұрай келген адам — Дәметкенге мазақ ете келген адам боп көрінді. Жанындай жақсы көретін талай келіндеріне, абысындарына Дәметкен теріс қарайтынды шығарды... Жұрт сыбырды одан әрі үдетті. Дәметкеннің осы ойын сезгеннен кейін, ауыл адамдары қаймығып Боқаңның үйіне қатынауын тоқтатты.

Нұрбике келіп есіктен қарағанда, Дәметкен осы күйде отыр еді. Тегін келмегендігін Нұрбикенің жайраңдаған жүзі айтып тұр еді. Не істеу керектігін Дәметкен ойлап үлгіргенше болмай, Нұрбике Ырымкүлге төне түсіп:

— Бетім-ау, тамағының астын да жаралап тастаған ба?.. — дегені ғой.

Дәметкеннің ышқынғанын көрсен!.. Қалш-қалш етіп, Дәметкен орнынан бір тұрып, бір отырды. Не істемекші болғанын өзі де білмеді. Дәметкен қысылғанда — көмек көрсететін адамы Жұмакүл ғой. Жұмакүл тағы жәрдемге үлгірді: Ырымкүлге төніп отырған Нұрбикені ту сыртынан ұстады да, есіктен сүйрелеп, желкесінен бір түйді. Нұрбике жерді сүзе құлап, жаулығы анадай жерге ұшып түсті... Ауылда қонақ жатқанда, Асамбай сияқты адамға «ене» боп атанғалы жатқанда, мына сияқты күйге ұшырау — Нұрбикеге жеңіл тие қойған жоқ. Бірақ, өткен

жолғыдай жер текпілеп жыламай, кегін сөзбен алды:

— Сорлы салдақы!.. Сазайыңды солдат берсін! — деді ол.

Жұмакүл тағы ұмтылды. Бұл жолы Нұрбике қолына түскенде, өлтіріп жіберуі сөзсіз еді, октың қиылындай бір адам араға сап етіп, жібермегені.

— Жұмакүл!.. Ақылыңа кел? — деді ол.

Жұмакүлді жетектегендей боп үйіне кіргізді. Бұл — жас жігіт Зарып еді...

«Әдебиет майданы»: 1933 ж. № 4,
1935 ж. № 5; 1935 ж. № 12; 1936ж. № 1-2.

АУЫЛ

(«Қоңсылар» атты романның бір бөлімі.)

...Бокбасар мен Имаш он күндей жол жүріп, арып-ашып, табандары тесіліп, ауылға зорға жетті. Осы бір айдың ішінде Бокбасардың басынан мың түрлі жұмыс өткен сияқты болды. Бокбасар бұрынғысынан екі есе қартайып, бұрынғыға қарағанда сақал-шашы ағара түскен сияқты болды. Бұрын, тумаластарым бар, ер жеткен інілерім бар, маған кіі тиенді,— дейтін сияқты еді. Сол «інілерінін» қайда екенін де білмей қалғандай болды. Аз уақыттын ішінде Бокбасар өзі туғалы көрмеген бейнет, кемшілік, масқарашылық көріп, жалғыздықты мықтап сезгендей болды. Қол үшін беретін адам жоқ тәрізденді.

Имаштың бұл елге келіп, Құсайын байдың есігінде жүре бастағанына үшінші жыл ғой. Содан бері Бокбасар мұны сезбей жүрген тәрізді. Өткен жылы, Боқандар бір жерде шөп тиеп жатқанда осы Имаш кездесіп, аттан түсе қалып, Жұмакүлдің қолындағы айырды ала салып, шөпті бір айырлаған ғой. Бір айырлап көтергенде бір шөмеледей шөп көтереді. Арба тиеп тұрған Бокбасар, Имаштың лақтырған шөбін алып үлгере алмай, шөптің астында қала жаздаған. Имаштың қайратын көріп, Боқан сонда бір таңданып еді. Бірақ, ол көпке бармай ұмытылып еді. Содан соңғы Имашпен істес болғаны осы жолы. Имаш Бокбасарға бұл жолы адам айтқысыз ұнады. Ұнауың сол, Имашты осы жолы туған баласындай көріп кетті. Имаштың арқасында солдаттың таяғынан құтылды. Ауырлық, бейнеттің бәрін Имаш өз үстіне алып, Бокбасарды әкесінен бетер күтті.

Ауылға түн ішінде келді. Боқанның қыздары, баласы, қатыны — Боқаннан «енді келмес» деп тұңілуге жақындаған екен. Әсіресе Ырымкүл «әкелеп» Бокбасарды мойнынан құшақтап, босатпады.

— Қалқам, әйтеуір тірі келдім — мына бір ағанның арқасында,— деді де Боқан кеңкілдеп жылады...

Бокбасардың үйі Имаштың сау келгендігіне қуана алмады. Ат пен арбадан айырылып келгендігін есіткенде, бастығы бай боп, бәйбіше боп шу ете түсті.

— Бір ат құрлы құны жоқ шірік, сорайып өзі келгені несі?— деп шаптықты бәйбіше.

Құсайын бай дәбдірлеп, жебесін тістеуден әшейінде ауызы босамаушы еді, ат-арбаның жоғын есіткенде, әкесі өлгеннен жаман көзі шақырайып:

— Кім таста деді саған? Ат-арбаны тастап неге келесің? Таптырамын! Табасың! — деп тепсінді.

— Біздің атты бермеуі мүмкін емес, осынын өзі сатып кетіп отыр,— деп, Әбділдә студент бүйректен сирақ шығара сөйледі.

— Айт шыныңды, иттің баласы! Басыңның мылжа-мылжасын шығарармын,— деп, Құсайын бай еңтігіп, тағын ынғайлай түседі.

Имаш апалақтап, абыржып, сасуыңды білмеді. Қандай оқиғаға кездескенін айтып түсіндірмекші еді.

— Өтірік, шылғый өтірік! Ол әскер жаман қаладан әрі кетпейді. Дутовпен қатнасақалы бара жатқан әскер ол,— деді Әбділдә.

Имаш Әбділдәнің бетіне бірсыпыра қарап отырды да:

— Қашып бара жатса да ма? — деді.

— Әй, мынау ит не дейді? Өзін большевик болып келуден саумысын?

— Болған адам бізден кем бе?!

— Е, е.. Тағы, тағы сөйле... Нағыз өзі! — деп Әбділдә кекете күлді.

— Осымен сөйлесіп... Ауызынан қанын келтірмес пе? — дейді бәйбіше жұлқынып.

— Әй, айтасың ба, жоқ па? — деді бай бұрынғысынан да шақырая түсіп.

Бұл көзін қадаса, Имаш та қадайды. Именуңді білмейді, «Малайларыңызды бүлдіріп болар, осының өзін шығарсайшы» деп Әшігерей мырза айтқанда да, жұмысқа қарулы деп шығармаған байдың өзі еді...

Әбділдә оқыған, тәрбие көрген адамның қалпын істеп, әкесін басқан болды:

— Аттың да, арбаның да құны белгілі. Оны өтемей құтыла алмайды. Тауып берері болмаса, еңбегімен өтер,— деп билік айтты.

Мұны айтқанда, өзінше, малайға көп жеңілдік істедім деп ойлады. Ешнәрсенің жайын білмейтін кейбір жалтақтар шыны осылай түсініп, Әбділдәні өзіне қорған деп біліп, бұл билікке құлдық деп бас иіген болар еді. Бірақ, Имаш олай етпеді. Имаш Әбділдаға кекете күліп қарады:

— Ол заңды саған кім үйретті?

— Е, неге?

— Нансаң, айтып отырмын. Нанбасаң, сотына бер. Сен айтты екен деп мен тегін істей алмаймын!

— Бетім ай!.. Айырсандаршы жағын,— деді бәйбіше тіксініп.

— Атанның аузын!...— деп Құсекең шонтандап, емен таяғын ала ұмтылып еді, Имаш ұшып тұрып қаскиа қалды.

— Ұра алмассың!

— Мә, ұра алмай! — деп, Құсайын таяқты сілтеп қалғанда, Имаш шап беріп жабыса түскенде, Құсайынның қолынан таяқ шығып кетті.

— Таяғымды бер деймін, атаңның аузын!...— деп Құсайын қайта жабысқанша, Имаш үйден шығып та кетті.

Байдың үйі астан-кестен, у-шу болды да қалды.

— Масқара-ай! Сұмдық-ай! Құлдың да басынғаны ма?! — деді бәйбіше булығып.

— Ол атаңның аузын ба... Тұра тұрсын, көрсетермін оған, кәзір арбаға тандырып тастаймын!... Қали қайда, Қали! — дей, Құсайынның ентіккен дауысы ауылды дүрліктірді.

— Саспаңдар, оның емі оңай: Қызылжарда жатқан ақтың әскеріне қазір адам жібермекші ем — солар келсе, бұған ақыл үйретеді,— деді Әбділдә күлімсіреп.

Айтқанындай сол сағатта-ақ қағаз жазылып, Қызылжарға біреу жүріп те кетті...

Бұл оқиға минутінде бүкіл ауылға тарады. Бұрынды-сонды малайдың баймен қарсыласқанын кім есіткен. Қарсыласқан малай қан болып қалмайтын ба еді? Имаш неге олай болмады? Имашты ұра алмау себебі не?

Кемпір-шал бұл оқиғаны өздерінше талқылады:

— Әбділдә мырза тигізбеген шығар, әйтпесе, бай оның арқа етінен таспа алмас па еді,— деп «мейрімдікті» мырзаға бейімдегендер де болды.

Әйтеуір, ауыл өмірінде бірінші рет айта қалғандай жаңа жұмыс болды. Байдың ыңғайына көшкіш жалтақ адамдардың талайларына ой түсірерлік оқиға еді.

Имаш байдың үйінен шыққан күйі Молдаш мұғалімнің үйіне барды. Ол, Уфада оқығандығын істеп, көзі ашық адамсып, өзінен басқаның бәрін түк білмейтінге санап, көпірініп жүретін жігіт еді. Байды да, байдың сөзін сөйлейтіндерді де сырттан кекеп, мұқап отыратын сияқты еді. Осы мінезін ұнататын тәрізденіп Имаш қолы босағанда, осы Молдаш мұғалімнің үйіне көбірек бара-

тын. Молдаштың үйінде газет-журнал да болады, түрлі кітаптар да болады. Молдаш, кейде, үйіне келген адамдарды еліктіріп, өзінше әртүрлі нәрседен түсінік берген болады. Сөзінің көбі Имаш сияқтыларға түсініксіз: «ұлт қамы» «ұлт пайдасы» деген сөздерді аузынан тастамайды. «Қазақ ұлты бірлесіп іс істесе ғана сыбағасын ала алады» — деп үгіт жүргізеді. Әсіресе, соңғы бір-екі жылдан бері «бостандық-теңдік» деген сөздерді аузынан тастамайтын еді.

— «Қазір теңдік болды, сен де адам қатарына қосыласың» — деп Имашқа кездескенде осы мұғалім талай айтатын.

Байдың, Әбділдә мырзаның сілкінген екпінін көргеннен кейін Имаш мұғалімнің үйіне келгенде сол айтқан теңдігінің жайын білейін деп еді. Бай мен бір қарсылауға қарсыласты, қарсыласуға қақы бар ма? — осы жағын ашып білмекші еді.

Молдаш мұғалім Имаш барған соң өлең оқыды:

«Бай мен кедей тенелді,
Кедей жетті, кеңелді
Бай, кедей боп бірігіп,
Табады ел өнерді»—

Имаш осы сөзге жабыса түсті:

— Мұғалім-ау, осыны шын айтып отырсың ба?

— Қайсыны?

— «Бай мен кедей тенелді» — дейсің ғой.

— Өтірік пе? Қазір бәрі де тең.

— Ендеше, Құсайын бай маған неге таяғын ала жүгіреді?

— Себебі болған шығар,— деп Молдаш мұғалім күмілжіді.

— Не қылған себеп?... Қашқан солдатты алып бар деді, алып бардым. Солдат ат-арбамды бермей, өзімді жаяу қайтарып еді, салбырап үйге келдім. Осыған да мен жазықтымын ба? Солдатты қашырған мен бе екем? Әбділдә студент оқыған ғой, дұрыстығын айтады екен десем, «тегін жұмыс істеп өте» — дейді. Теңдігің осы ма?...

— Жоқ, сен түсінбей отырсың,— деді мұғалім қабағын шытып: — Теңдік деп жалпы теңдікті айтады, айдай әлемге болған теңдікті айтады. Сенікі ұй арасының ұсақ әңгімесі ғой.

— Мен сол жалпының ішіне кірмеймін бе? «Ұсақ әңгіме» деп бай малайын таяқпен сілейтуін тоқтатпаса, оның қай жерінде теңдік болады?

Имаштың сұраулары Молдаш үшін тым терең сұраулар еді. «Уфада оқыдым» дегенмен Уфада оқуына белшесінен батқан адам емес еді. Уфаның медресесінің ішіндегі ең тәуірі «Ғалия» медресесі болса, оның да оқытатын сабағының көбі «құдай бар ма, жоқ па?» — деген Зыя хазіреттің құрғақ пәлсепесін талқылау еді. Талқылаған шәкірттер түгіл, сол құдайдың бар-жоғын, пәлсепеші Зыя хазіретінің өзі де дәлелдеп, қолға ұстатқандай қып айтып бере алмаушы еді.

Молдаш мұғалімнің орысшадан таза еді. Медреседен шыққаннан бергі азық кылғаны — «Қазақ» газетінің жазған сынаржақ үгіті болатын. Сол үгіт, сол бағыт бұл мұғалімнің миына мықтап орнап қалған. Жиналған адамға кітап оқыса да, үгіт айтса да, осы өлшеуден шықпай ғана айтушы еді. Имаштың сұраулары ол өлшеудің ішінде жоқ, оны, өзінше, уақ мәселеге санаушы еді. «Ұлт жырын жырлаймын» деген боп, үй арасының әңгімесінен өзін жоғары санаған боп, жалпығл бірдей жұмыс аткарып отырған адам сияктанушы еді.

— Ондай ұсақ әңгімелер үшін кек сақтаудың жөні жоқ. Үйтіп жүріп біз ұлт пайдасын көздей алмаймыз. Бізге бірлік керек: бірлесіп отырып жұмыс істемесек, біз бәйге ала алмаймыз, — деді Молдаш.

Имаш аң-таң боп бірсыпыра отырды. Осының айтып отырған бірлігі не? Құсайын мен Имаш қайтып бірікпекші? Құсайынмен бірігіп алған бәйгеден Имашқа тиетіні не? Құсайынға бәйге алып беру үшін ғана біріге ме Имаш?...

— Мұғалім, сенен тағы бір нәрсе сұрайын, — деді Имаш қозғала түсіп. — Осы күнгі «қызыл» деп жүргендері большевиктер ме?

— Большевиктер.

— Олар бізге пайдалы ма, зиянды ма?

— Талауға түссең, пайдалы екенін көрерсің, — деді Молдаш мырсылдап күліп.

— Талауға түскені қалай?

— Қалай болсын, большевиктікі — талау. Большевик деген сөз — «талаушы» деген сөз.

— Оның қате болар! — деді Имаш, басын шайқап.

Молдаш аңырайып, аузын ашып отырып қалды.

Имаштың мұны айтуға қақы бар еді. Ақтың әскерінің жүгін тартып бара жақанда, бірсыпыра қолға түскен большевиктерді жүкпен бірге айдады. Үсті-бастары қап, аяқтары тілім-тілім жара, арып, азап көрген адамдарды ақтың солдаттары, жүкшілермен жанастыра, малша ай-

— Жатып тынық, шырағым, шаршаған шығарсың,— дейді Дәметкен.

Арып-ашып келген балаға ананың айтатын сөзі ғой бұл. Ыстыққа қақталып, табан өті сойылып келген адамды осы сөздің өзі-ақ қуантып жібермей ме!

Бірақ, бұл тынығу ұзаққа созылмайтын болды. Әбділдә мырзаның Иماشты ұстату үшін солдат шақыртқанын сол үйдің жылқышысы есітіп қалыпты. Сол, есіткен хабарын бұлжытпай Иماشқа айтып береді.

«Бір мені ұстау үшін отряд келе қоймас қой. Бірақ, ел ішіне шығуға сылтау таба алмай отырған әскердің біреуі келсе де менің жұмысымды бітірмей ме? Мені арашалап алып қалатын кім бар!.. Тегі менің кеткенім дұрыс болар...» — деп Иماش осыған бел буып, сол түні ауылдан шығып кетпекші болды. Ат жоқ, жаяу кетпек. Сонда, қайда бармақшы?

Ойлана келе Иماشтың ойына Ыбырай шал түсті. О да, Имаштармен бірге шығып өз еліне кетті. Бүгін ертендері еліне жетеді. Оның елі 80 шақырым... Және соның ана бір сөзі: «Поселкаларымыз большевик — деді-ау... Алексей Петрович дейтін отряд бастығы бар деді-ау...» Соған барып қосылса, кімнің тісі батар еді?..

Иماش осыны ойланды да, осыған бел буды.

— Бүгін жүремің,— деді Боқана.

Боқанның үй іші бастапқы кезде аң-таң боп түсіне алмады. Қауыптың барлығын есіткен соң, Құсайынның үрім-бұтағына жер жүзіндегі қарғысты жаудырып, Иماشтың жүруіне Боқан рұқсат етті.

— Ер жеткен балам жоқ. Өзімнің мінезіме түсінетін, өзімді күте білетін бір балаға қол артсам ба деп ем... Күнің туса, шырағым, бір оралып соқ! — деді Боқан кемсендеп жылап.

Жол азығын арқасына танып беріп, қара жолға шейін шығарып салмақшы боп Жұмакүл ерді. Ауыл тегіс ұйқыда, селт еткен бір пенде жоқ. Қараңғы түн түнеріп, бұлдыр сәуде табан ізді зорға көрсетеді.

Ауылдың күн батысындағы ақ суды оралып, Иماش пен Жұмакүл қара жолға келіп тірелді. Жолға келгенше біріне-бірі ләм-мим деп сөз қатпады. Екеуінің келешегі сөзсіз-ақ шешіліп, бітіп тұрған сияқты еді.

— Осы жерден қайт, қорқасың,— деді Иماش.

Екеуі қарап аз-кем тұрып қалды. . . Сөйлессе, екеуінің бірі сөз бастаса, бір ғана түн емес, бірнеше түнің жетер емес. Екі-үш жыл бір ауылда жүріп, осыған ше-

йін біріне-бірінің тіл қатпағаны, бірін-бірі ескермегені қызық-ау...

— Қайтып ораламысың?— деді Жұмакүл күрсініп.

— Ораламын.

— Тағы не айтасың?

— Мені күт!.. Күтесің ғой?— деді Иماش Жұмакүлдің қолын ұстап.

— Күтемін!— деп Жұмакүл Имаштың иығына басын салды. . .

* * *

..Имаштың Боқаң үйіне тән адам сияқтануы бір ғана күннің іші. Бір күннің өзінде-ақ бұлар бірін-бірі көптен біліп, сыйласып, бірі үшін екіншісінің қабырғасы қайысарлықтай жақындық сезіп еді. Сондықтан, Иماش кеткен күні Боқаң үйі дұрыс ұйқы көрмеді.

— Бәлем, тоқтай тұрсын, большевик аман-есен келетін күн болса біздің де күніміз туар!— деді Боқаң кіжініп.

Боқанның көзіне тап осы минутта айдауда жүрген мың сан алып денелі, асқар жігерлі ерлер елестегендей болды. Сол ерлер айдаудан құтылып, аман-есен келгендей болса, Боқанның шоқтығы көтеріліп, бет алды томсырайып жүрген мына жаман інілері кімнің-кім екенін айырып білер еді-ау!

Боқанның сөзі Дәметкенге түйеден түскендей боп көрінді. Боқанның сезімін қанша теріс десек те, ол өмірінде өзін сыйлайтын інілерінен басқа ешбір кісімен сен деп тілдесіп көрген емес еді, ешкімге күш айтып, кіжініп көрген емес еді. «Бұл өнерді қайдан тауып алды?» — дегендей боп, Дәметкен Боқаңа тесіліп қарай қалды. . .

Сығырайған бестік шамның жарығы үй ішін көмескі ғана сәулелендіреді. Үй ішіндегі төрт-бес жан, бір сыпырасы шешініп, бір сыпырасы шешінбей, төсектерінің жанында үрпиісіп отыр. Жаман мәсісін шешіп, жүн басқав балтырын жалаңаштай түсіп, шын ашуға мінген адамның түрімен кіжініп Боқаң отыр. Имашты шығарып салғалы кеткен Жұмакүл әлі қайтқан жоқ. Бірақ Жұмакүл неге кешікті деп ойына алған тағы жоқ.

— Жоқ, қатын, бұл барып тұрған жолсыздық! Большевик бұлай істемейді. Большевик кедейді сүйейді. Большевик әділдік істейді. . . Апырмау, ойласайшы бұл иттер! Қолдан келсе, атты тастап адам кетер ме? Басқаны қойшы, мен тастармын ба атымды?.. Аты құрсын, басы-

мыздың өзін зорға алып шыққан жоқпыз ба?.. Е, тіпті адамды текке күйдіріп. . .

Боқаң қызынып, балтырмен бірге білекті де түрініп алды. «Жаман жерде жүріп алжасып кетпесе игі еді?!» дегендей боп, шошынған түрмен Дәметкен Боқаң қарады да отырды.

— Большевик біздің Имаштар сияқты адамдар: Имашты көрдің бе, нағыз большевик!— деді Боқаң қызына түсіп.

— Батыр-ау, ол айтып отырғаның адам ба еді?— деді Дәметкен ауызын сылп еткізіп.

— Е, енді не деп ең? Адам болғанда нағыз сырбаздар. Екі сөзінің бірі кедей мен батырақ. . . Имаш біреуімен сөйлесіп еді, сол айтыпты: «Ұзамай өкімет боламыз, теңдік бізге тиеді» депті...

— Жақсылық болса, тезірек болса екен!— деді Дәметкен Ырымкүлге қарап күрсініп.

Боқаң сөйлегеннен бері тың алмастан тындап отырған Ырымкүл шешесінің көзіне көзі түсіп кетіп еді, төмен қарай қойды.

Ырымкүлдің басынан өткен оқиға — осы отырған бәрінің жүрегіне қатқан бір қара беріш қой. Ақтар туралы сөз қозғап, бұл отырған адамдар қанша кіжінсе де, ол берішке ешқайсысы қағылмайды. Ойларына түссе, көздеріне елестесе, денелері тітіркеніп жүректері тілініп кетеді, бірақ тіл — сөйлеуге мылқау.

Жабырқанқы пішінмен Жұмакүл үйге кіргенде, бәрі де бажырайысып қарай қалды.

— Кетті ме?

— Кетті!..

Отырғандар жаутандап біріне-бірі қарады...

* * *

... Әбділдә ақтың әскерлеріне адам жібергенде, жұмысының бірі Имашты ұстап жөнелтіп өш алу, қарсыласқан адамға қандай жаза қолданатынын көптің көзіне әйгілеп көрсету болса да, негізгі жұмысы — өзінің оқтын-оқтын беріп тұратын хабарын жеткізу еді. Ақтың штабы мен Әбділдәнің арасында жасырын байланыс бар еді. Ел іші не күйде? Большевик қозғалысына, крестьян поселкелерінен құрылып жатқан көңілді отрядтерге қазақ елі қалай қарайды? Қазақтың оқығандары, оқып жүрген жастары не істеп жүр?— міне, мұның бәрін Әбділдә мырза бұлжытпай жеткізіп тұрушы еді. Бұл хабарды анықтап екшеп жинау үшін Әбділдә

нің де өзінше ел ішіне салып қойған толып жатқан жан-сөздары бар еді.

Ертеңіне сау етіп он шақты солдат жетіп келді. Алексей Петровты қолға түсіреміз деп әлектеніп, көп қырғынға ұшырап, сол отрядтан қалған бұл бір сарқын еді. Алексейді қолға түсіруге құдыреттері жетпеген соң, өлген адамдарының кегін бұлар бірлі-жарымды қолға түскендерден алмақшы еді. Және, Әбділдә жазған хатында: «Ешнәрсемен жұмысы жоқ малай еді, осының большевикке көңілдес болуы адам таң қаларлық жұмыс» деген екен. Отряд мұны өзінше талқылап, «Әңгіме жалғыз малайда ғана емес, соны құтыртып жүрген адамды табу керек, табамыз!» — деп, кеуделеріне нан пісіп келген беті еді.

Отряд сау етіп жетіп келгенде Құсайын бай, емен таяқты төсіне тіреп төрт тағандап, желінің басында тұр еді. Әскерді көргенде, болбыраған беті құқыл тартып, тілін жылмандатып жебесін жалай берді.

— Ыздырастый, гаспадин!— деді Құсайын бөркін алып шұлғып.

Мәсісінің қонышы қыржиып, ақ дамбалдың бір балағы шығып желмен дөлендеп тұр. Ақ бас атандай бурыл бас, езуі ыржиып, қайта-қайта шұлғып тұрған Құсайынды көргенде, отряд бастығы еріксіз күлді.

— Әбділдә Құсайыновты білесіз бе?

— Мен Құсайын. . . Құсайын мына, мен!— деп, Күсекең сұқ қолымен кеудесін түртті.

Әбділдәмен амандасып болып, отряд бастығы өзіне керек «құрбанды» қарастырды. Әбділдә Имаштан басқаға сілтеу бере алмады.

— Шепуха. . . Айттырамын! Табамын!— деді отряд бастығы.

Ерте тұрған үйлер шайын ішіп болып, кеш тұрған үйлер алдына жаңа алып жатқан кез еді. Боқаң бірінші кесе шайын жаңа алып ұрттай беремін дегенде, екі солдат ентігіп кіріп келді. Боқаң шошып кетіп, қолындағы шайын төгіп алды. Ырымкүл сұрланып көзі ұясынан шығып, Жұмакүлге таман ығыса түсті. Дәметкен, құдайға жалбарынды ма, дұға оқыды ма — аузын жыбырлатты.

Ентігіп кірген солдаттар екі иінінен дем алып оқты көздерін үй ішіндегілерге жағалай бір қадады. Осы қараудың өзі-ақ бірсыпырасының үрейін ұшырып, есін тандырып еді.

— Имаш Күркебаев кім?

қаң үйіне қорған бола түсер ме еді-ау, енді мысқылдай күлді. Бәйбіше тыржандап:

— Сорлы қақбас, осы керек саған!— деді.

— Имаш қайда?

— Қашып кетіпті!

— Не дейді?— деп бай, бәйбіше, Әбділдә — біріне-бірі қарады.

— Атындар мына қақбасты! Қашырып отырған осының өзі!— деді Құсайын даурығып.

— Қоя тұрсайшы, әке, ашылады ғой,— деп, Әбділдә әкесінің асығыстылығына кейігендік пішін көрсетті.

— Неге қояйын, большевик шақырып... Обал жоқ!.. Дін жоқ бұл итте.

— Өлтірсін!.. Өлтірсін!— деп, Кәтима бәйбіше екінші жақтан шаптықты.

Жұрт үкімді айтып жатыр. Меңіреу адам тәрізденіп, әр қайсысына бір жалтақтап, молдадан сабақ алатын балаша тізерленіп Бокбасар отыр. Бала күннен осы шаңырақтың малын бағып, осы үйдің бір адамы сияктанып кетіп еді. «Бір қайыр болса, осы шаңырақтан болады ғой»— деген үміт, кіресілі-шығасылы ақылды толығымен билеп алған.

Байдың қонақ үйі отрядке кеңсе болды. Есікті жауып екі солдат сыртта күзетте тұрды. Үй ішінде отряд бастығы және бірнеше солдатпен Әбділдә. Бәрінің ортасында, қолға түскен қасқырдай алақтап, Боқаң отыр. Солдаттың ортасында жалғыз қалмағандығына, Әбділдәнің отырғандығына, өзінше, шүкіршілік қылатын секілді. Боқаң осы есікте малайлықта жүргенде Әбділдә етегін ашып жүрген жас бала еді-ау... «Өй, тәшеніңнен... Насыбайынды әкелші!»— деп, бәйбішенің көңілі үшін Боқаң да мұны талай еркелетіп еді-ау... Сол Әбділдә осы.

Отряд бастығы тапаншасын суырып жанына қойып, сұрланып, сұстана түсіп,

— Ал, большевик шал, шынынды айтасың ба, жоқ па? Мынау мылтық, көріп қой,— деді.

Әбділдә оның сөзін қазақша түсіндіре келіп,

— Сол итпен қайдан байланысып жүрсін? Өз жайынды біліп отыратын адамсың ғой. Пәлеге басынды тығып... Оны тауып бермей саған құтылу жоқ. Қайда кеткен, жөнін айт, өзім іздетіп табайын,— деді.

— Қарағым Әбділдә, сен менің сөзіме нанасың ғой. Нансаң бар ғой, олда-білде білгенім жоқ. Кетемін деп, кетті де қалды... .

Әбділдә нығиың қиқаң еткізіп, бұрылып кетті.

— Ә... Ә?...— деп, Боқан, тілі байланған адамдай, жауап бере алмады.

— Ол кісі мұнда жоқ,— деді Жұмакүл, жүзіне күлімсіреген түр беріп.

Өзі, елемеген адамсып, шайын құя берді. Біресе құманшаны ұстады, біресе, кесені ұстады; кесеге кесе қақтықты.

— Қайда кетті?

— Е, мен қайдан білейін.

— Неге білмейсің?

— Сөз-ақ... Мен күзетші ме ем?

Екі солдат өзара орысша күбірлесті де, тырна бойлы қара сұр солдат, белдігінен тапаншасын суыра бастап:

— Бокбасар Қунтуғанов сенбісің?

— Ие, ие... Мен...

— Шық былай!

Боқан, тапаншаға бақшиып қадалған күйі, қалтандап, кесесін төге-мөге орнынан тұрды.

— Ойпырмай, бұл не сұмдық! — деп, Дәметкен тұрғалы ұмтылса да, мешел адамдай, буыны құрып, орнынан тұра алмады.

— Әке!.. Әкежан!..— деп Тенгекүл жылады.

Жұмакүл солдаттармен ілесе тысқа шықты. Тапал бойлы солдат Бокбасардың артына түсіпті. Бокбасар қадандап, аяғы анда-санда жерге бір тиіп бара жатқан секілді.

— Ау, тамыр, шалды әурелеп қайтесіңдер, тастап кетсеңдерші!— деді Жұмакүл.

Күлімсіреп айтам дегенмен дауысы қалтыранып шықты. Жүзі қуқыл. «Кім көмектеседі» — дегендей жан-жағын жалтақтайды. «Мына байғұстарға обал-ау» — деп жәрдем қолын созған жан жоқ. Ауыл адамдары үрейлері ұшқандай тығыла түседі.

Ұзын бойлы солдат, ту биенің құйрығындай ұйысқан ұзын жебесін бұрап, көзін қылмаңдатқан болып:

— Өзің бірге жүр, бәлкім, тастап кетерміз,— деді.

Жұмакүл жүрегі тітіркеніп басқа ұрғандай тұра қалды.

Құсайын байдың ақ ордасы сырттан кірген кісінің бір қарауға көзін тойдырады-ақ. Сыйлы қонақтарына неше түрлі асыл көрпелерді төсеп, бір-бір ақ жастықты шын-тағына беріпті, Құсайын бай шерттіп, дүниенің тұтқасы бір өзінің қолында секілденіп, окта-санда бір кекіріп, шайын ұрттай түседі.

Асамбайға қыз берген жағдайда ғой Құсайын Бо-

дзп отырды. Жеген таяқтың ауырлығынан бірсыпырасы аяғын зорға басады. Әкіреңдеген ақтың солдаты жүре алмадың деп қамшымен сілтеп өтеді. Ұрдың деп именіп, бұғып, ауырсынып жатқан олар жоқ, елемеген боп жүре берді. Ілінісе кетсе, мылтықпен атып жықса да, тілін тартатын емес:

— Біз дұрыстық үшін күресеміз; кедей, батырақ, жұмысшы үшін күресеміз! Біз біреу емеспіз, мыңбыз, миллионбыз, біз өлгенмен большевик туы құламайды! — дейді әлгі ұсталған большевиктер.

Бір рет осы секілді сөзін естіп, Боқаң ығысып Имаштың жанына келіп, кәрі көзін жауаңдатып, Имаштың бетіне қарап бірсыпыра тұрып:

— Бала, сен түсінетін боларсың, осылар не айтып келе жатыр? — деп сұрап еді.

Имаш түсіндіріп бергенде, Боқаң малша айдалып бара жатқан большевиктерге қарап:

— Есіл сабаздарым-ай! — деді.

Отрядтың көпшілігі ілгері кетіп, тұтқындарды айдау үшін жүкшілердің жанында жалғыз Иван қалғанда, Имаш оны нықтап, тұтқындардың ішіндегі жаяу жүре алмай келе жатқан біреуін бірсыпыра жер арбаға мінгізуге сұрап алып еді. Сақал-мұрты өскен шүңірек көз арық сары кісі, кебірсіген ернін жалай түсіп, Имашқа бірсыпыра қадала қарап, сыбырлап қана:

— Сен кімсің? — деді.

— Мен малаймын. — деді Имаш.

Әлгі кісі жайраңдап арып-ашқанын, әлсірегенін ұмытып:

— Қазақтың кедей-батырақтары да біздің тілегімізге ерді ме? — деп Имаштың қолынан ұстай алып еді...

«Осы мұғалім қата айтып отыр, бұл мені адастырғалы отыр. Большевик талаушы емес, большевик кедей, батырақтың шын досы!» — деп ойлады Имаш ішінен. Бұған шейінгі бұлдыр сенім нақ осы жерде тиянақталып, Имаштың бетін бір ыңғайлап бұрған сияқты болды.

Асығып, сасып, қалтақтап Боқбасар келді.

— Имаш-ау, мұнда отыр екенсің ғой, жүр үйге!

Имаш та, мұғалім да жалт қарады. Имаш күлімсірей түсіп, Боқбасарға ерді.

Тап сол күні Боқаңның үйі Имашқа өз үйінен артық болды: Имаштың кір-қоңы жуылды, бар тамақ Имаштың аузына ұсталды.

— Үйіңе неге шақырып апардың, соны айткын?

— Қарағым-ау, жолда істеген оның қызметі бар ғой... Оны мен өтеп бітіре алармын ба...

— Өй, құрып қал, сөз еместі айтып,— деп Әбділдә кейіп, қолын сілікті.

Отряд бастығы қатулана тұрып, әміркен етіктің біз өкшесімен Бокбасарды нақ төстен теуіп жібергенде, Боқан шалқалай құлады. Бір солдат жағасынан қылғындыра ұстап, тұрғызып құлақ шекеден жұдырықпен қойып өтті. Боқан тағы құлады. Отряд бастығы кеудесінен тіземен басып отырып, тапаншаны аузына таяды. Боқан тістеніп аузын ашпап еді, тісін сындырып жібергендей қып тапаншаны аузына тықты.

— Әбділдәжан, өлдім! — деді Боқан жан ұшырып.

— Өлсен өрем қап! — деді Әбділдә қабағын кіржитіп.

— Айтасын ба шынынды? Қайда қашырдың? Кім азғырды? — деп отряд бастығы сұрауларды баспалатып жіберді.

Сұрауға жауап берерлік дәрмен Боканда қалмап еді. Екі көзін қан аралас жас қаптап, өңі екенін, түсі екенін білмей, естен тағы айрылып еді.

Боқан үйі у-шу жылау. Жан ұшырып жүгіріп Дәметкен де байдың үйіне жетті.

Жұмакүл де келді.

— Кәтима қарағым-ай, Әбділдә жанға айтсайшы, бірдеме істеп бақсын! — деді Дәметкен жылап.

— Әбділдәжан жаңа керекті ме? Әбділдәжанды боқтаған малайға қорған болатын немесіндер ғой...

— Қайтейік қарағым, бізде арам ой болса, бір құдайға сал!

— Ойларыңды айтыпай-ақ білеміз. Құдай бастан бағымызды аудармасын. Бағымыз ауса, алдымен бізді түтіп жейтін сендер боласыңдар, білдің бе?

— Келінжан-ай, не деп аузың барады?

— Әже! — деді Жұмакүл Дәметкенді пықтан тартып: — Өнбейтіңге сөзінді шығын ғып қайтесің. Артын күтейік, не болар екен...

Көрші үйде офицердің ызғарлаған дауысы:

— Атаң аузы!.. Айтасын?.. Жоқ?.. Мә, айтпа!

Дәметкеннің етіне ине тығып алғандай селк етті.

— Қалқам, Жұмакүл-ай, қайттік? — деді еңкілдеп, Жұмакүл тістеніп, аппақ шөлмектей боп қатты да қалды.

Ауыл-аймақ қабарланып, Бокбасардың етіне тиген

таяқ өз еттеріне тигендей боп қынжылатындар табылды.

— Мұнысы несі? Тентектік істейтін шал емес еді ғой бұл? Акты-қарасын байқап істеп отыр ма екен? — деп бірсыпыра жұрт басын шайқап, күңкілдесті.

Сақалы желпілдеген шалдар, қабағы кіртіген жастар қонақ үйде болып жатқан оқиғаны айтпай сезіп, себбінің не екеніне түсіне алмай дал еді. Бұл сияқты жұмыспен басқа біреу айыпталса, жөні басқа, мына шалдың айыпталуы ағаттау секілді.

Ұйысқан сақалды қара кісі, үй сыртына топтанған кісілердің арасында бірсыпыра тыпыршып тұрды да.

— Неге ұйлықтыңдар? Дұрыстықты айтпайсыңдар ма? Бұзықтық істейтін шал ма еді бұл? Көз алдарында шырқыратып... — деді.

Осыны айтқанда көзінің аңғарын мөлдіреген жас қаптап еді.

— Бәсе, сүйтіндер, айтындар, көре-біле өлтіресіндер ме? — деді екінші біреу.

— Осының өзіне «піргеуір» керек емес пе екен? Керек болса, неге жинамайсыңдар? Осы шалдың ақтығына мың басымыз болса да, кияйық! — деп, шеткерек тұрған шокпақ бет қара өжеленді. Жұрттың басы құралған жерге Молдаш мұғалім бір соқпай қалған емес. Молдаш мұғалімнің үстінде солдат көйлек, басында қалпақ, қолында темір таяқ болады. Мың жылқылы байдың баласындай аяқты шалқақтап басады. Мұның ішінде өзіне тең келетін, сөзге түсінетін адам бар деп ойламайды. Біреу бірдеме айтса, дұрыс болсын, бұрыс болсын, «әлі күнгі қазақшылығыңды қоймайсың» — деп қайырып тастайды.

— Молдаш-ау, сен бір ақылын табарсың.

— Бұған қандай ақыл таппаксың? Бұл бір ем қонбайтын жұмыс.

Жұрт тіксініп, Молдашқа көздерің қадай қалды. Боқбасарды «ем қонбайтын жұмыс» істейді деп кім ойлар. Әлде, көпшілікке сездірмей жасырын істеп жүрген бір нәрсесі болды ма екен? . . .

— Сен, Молдаш, біледі дегенге құр тұштандай берме. Сенің жайыңды да білеміз, — деді баяғы ұйысқан сақалды кісі.

Бұл, осы ауылда отыратын — Нұғман дейтін кедей еді.

— Түйені түгімен жұтқан адамдар да еш пәлеге ұшырамай-ақ жүр ғой, — деді екінші бір жастау жігіт.

— Бұзықтың жолы болған заман емес пе? Мұндай кезде ақ адам күйер болар,— деп бір шалдау кісі күрсінді.

Молдаш бір қызарып, бір сұрланып, үндемей тұрып қалды. Бір-екі жылдан бері Әжігерей мырза Молдашты жолдас қып, осы топқа істемегені бар ма? Кооператив ашып кенелтеміз деп, жұрттан «піргеуір» жинап, ақша алып, шыққан тауарды қаланың сәудегерлеріне өткізіп, ақырында тауар түгіл, жұртты ақшасының өзіне ділгір ғып бір соқты. Жан басына шыққан тауарды әкеліп үлестіретін өкіл болып сайланып, басқа елдердің адамдары жан басына он-онбес аршыннан алып жатқанда, бір түйір тауар көрсетпей онда бір қақсатты. Жалғыз бұлар емес-ау, көпке тиісті нәрсені әкелуге адам сайланатын болса, ауылнайдың аузына Әжігерей мен Молдаш түседі. Жұрт құр кіжінуден артыққа бара алмай қала береді.

— Сіздер қате түсініп тұрмысыздар, бұл ем қонбайтын жұмыс. Кәзірде большевик дейтіндер шығып жүр. Бұрынғы түрмеде жатқан: ұры-қары, қан ішерлерден құралғандар. Олардың бар бір білетіні — ел талау... Имаш соның жолына түскен жігіт. Елдің бүлінгенімен Имаштардың жұмысы не? Оған тек ел талап, олжа түсірсе — болды... Боқанды дұрыс адам дейсіндер, дұрыс болса, Имашты неге қорғайды...

Молдаш мұны айтқанда, сөзінің дәлелді екендігіне жұрттың бірсыпырасын сендірермін деп ойлап еді. Бірақ, бұл тұрған топ ауызын ашып ұйый қалудың орнына, Молдашты сықақ қылған пішін көрсетті. Молдаш одан жамаң қызара түсті.

— Молдаш көзі ашық жігітіміз ғой, білетін шығар... түнеугі той күнгі келіп елді талайтындар большевиктер екен-ау?!— деді Қашқынбай мысқылдай күліп.

— Ау, олардың иығында оқасы бар емес пе еді? Большевик оқа тақпайды дейді ғой?..— деді Досақай дейтін кісі.

— Сіздің осылай дейтініңізді білем,— деді мұғалім Қашқынбайға сұрлана түсіп.

— Ау, қойындар, жайшылықта сөйлесерсіңдер, ауылда кісі барда қайтесіндер,— деді екінші біреуі сактандыра сөйлеп.

— Кісі бар деп сөйлемей өлеміз бе? Әлде, мұғалім солдаттарға шағым беріп, ұстатар дейсің бе? Онда, бәрімізді айдатып, өзі жеке қалар,— деді Қайырбай дейтін тапалтақ қара жігіт.

Қашқынбайға тіксініп тұрған Молдаштың ойын Қайырбайдың мына сөзі бөліп жіберді. «Оңайлықпен ортамыздан адам ұстатпаймыз, абайла!»— деген сөзі ғой бұл. Молдаш ығысып үйге қарай беттегенде, қонақ үйден Әбділдә шықты: екі қолы қалтасында, аузында бұрқыраған шылым; тілегінің бәрі орындалып кемеліне келген адамша талтаң-талтаң басады.

Үй сыртында жиналып тұрғандар жиырылып, қабақтары түксиді. Біреулері ауыр күрсінді.

— Әне, мұғалім барып қосылды. Ойбай, сыбырласып жатыр, осы бізді даттап жүрмесін,— деп біреулер сабырсызданып, бұзықтардан аулақ болайын дегендей топтан жырыла бастады.

— Даттап көрсін!.. Біз де табармыз. Көптің бәрін ұйлап жіберетін құдай деп пе ең?— деді Қайырбай.

Бұл жиналған адамдарда, әлде неге, жан күйзеліп кейігендік, ызаланғандық бар еді. Көптен көңілдеріне күдік болып жүрген наразылық, бүгін Бокбасардың оқиғасының үстінде мүлде зорайып, сыртқа теуіп шығуға жол таба алмай булыққан секілді еді.

— Ау, қысыр сөзді қойсандаршы. Дұрыстықты айттың деп, бәріміздің бірдей басымызды қағып тастамас. Жүріңдер, төресіне барып айтайық: «Бұл өзі ортамызда отырған бір момын шалымыз еді. Күнәсі болса кешіп, бір жолға ортамызға тастап кет»— деп өтінейік. Бірдеме дәме еткендей болса, ел емеспіз бе, ауқым істеп жинап берейік!— деді Нұғман.

— Осы мақұл, қане, жүріңдер, кім барады?— деді Қашқынбай отағасы.

Жиырмаға жақын адам біріне-бірі ілесіп бәрі бірдей қонақ үйге қарай аяқ басты. Күзетте тұрған солдат көпшіліктің туралап келе жатқанын көріп.

— Тоқтандар, атамын!— деді.

Алдыңғы жақтағылар сескеніп тұра қалса да, жұрт бірін-бірі итермелеп тағы қозғалды.

— Өй, тәйірі, неге атсын. Біз соғысқалы келе жатырмыз ба?

Күзетші солдат екінші сөзге келмей, кезенген мылтығын атып та жіберді. Оқ жұрттың төбесінен зулады. Жұрт жапырылып, бет-бетіне қашты. Қашпай орнында қалған: Қайырбай, Нұғман, Қашқынбай болды.

— Бұл не? Не істемекші бұлар?— деп, отряд бастығы тапаншасын кезеніп о да шықты.

— Тақсыр, арыз!— деп, Нұғман бөркін жұлып алып, екі қолын кеудесіне қойды.

— Керек емес арызың, кетесің бе, жоқ па?

Мынаның тепсінуі күзетші солдаттан да басым болған соң, қашпай қалған үшеуі де тайсалып, үлкен үйге қарап ығысты. . .

— Құдайы көрші болып отырған бір шал еді. Мұны жылатқанмен не мақсатқа жетеміз? Солдаттарына жолық: сұрағанын алсын да, тастап кетсін, деп Қашқыпбай Әжігерей мырзамен сөйлесіп тұр.

— Апырмай, бұларың қазақшылық-ау. Большевикке дегенде ақтың әскерінің қайырым қылмайтынын білесіңдер ғой. Мұның арасына кірудің өзі қауып. . . Бірақ, көбің өтініп тұрсың, амал жоқ, жолығып көрейің, — деп, Әжігерей мырза, бас кететін ірі жұмысқа бара жатқаннан жаман бұлдана сөйледі.

Әжігерей көптің осындай өтініші бар деп Әбділдәга келіп жолыққанда.

— Апырмай, осы жұрт не боп барады? Туысканы емес, жақыны емес, әлде қайдағы бір шал үшін осылардың неден қимасы қышиды? Біз де өлтіргелі жатқан жоқпыз ғой?— деп Әбділде бір сыпыра кейіп алды.

Әйткенмен, Бокбасарды босату үшін отрядқа бір нәрсенің керек екені рас. Бокбасардың өзінен өнер ешнәрсе жоқ. Олай болса, бір жағынан көптің өтінішін орындаған болады, екінші жағынан — шығынды елден шығарып, шалды босатқан атағын өзіне қалдырады. Әбділдә осыны ойлап, отряд бастығымен сөйлесті де, керекті нәрсесін айтты.

— Кілең ғана Керенский мен Николайдың ақшасы болсын, басқасын алмайды, — деп пысықтады.

Көпшіліктің беті бір жұмылған соң қайта қоя ма, үйден үйге жүгіріп, қатындардың қол сандығындағы тойтомалақ, мүшеден жиналған ақшаға шейін шығарып алып, бірер сағаттың ішінде сұраған сомасын дайын етті.

Отряд жөнep кеткенде, Құсайынның қонақ үйінің босағасында қан-қан боп Бокбасар жатыр еді. Кеудесінде жаны бар тірі демесе, өлікпен бір есеп еді.

— Сорлының ажалына кездескен жұмыс болмаса игі еді, — деп жұрт бастарын шайқасты.

— Бұл бір ұмытылмайтын кек болды-ау, — деді Қашқыпбай отағасы.

Бозбалалар жиналып, Бокбасарды көтеріп үйіне апарды....

«Әдебиет майданы», № 10, 1932 ж.

ТАРТЫС

I

Роман

Тобыл өзенінің өлкесіндегі жұрт аузына іліккен ауылдың бірі — Жалмамбет қажының ауылы. Бұл ауылдың ауызға ілігуіне бір жағынан Жалмамбет қажының жер жарған даңқы себеп болса, екінші жағынан — бұл ауыл өлке бойындағы елдің қайсысынан болса да сан жағынан көп, қомақты, кіші-гірім поселкадан кем емес.

Ауыл — Жалмамбет қажының ауылы атанады. Бірақ Жалмамбет қажының өз ұрпағы, я руласы тіпті аз: қалғандары қырық ру: керейін де бар, найманың да бар, башқұрттың да бар, татарын да бар, қарақалпақ, түрікпен елінің адамынан да сау емес. Мұның бәрінің басының қосылуы, әрине, Жалмамбет қажының кен бейілігінен, кем-кетікке мейрімділігінен емес, әрқайсының өзінше тарихы бар; бір сыпырасы Жалмамбет тұқымының талай батырақтарынан өрбігендер, кейбіреулері — Жалмамбет қажының шешесінің шаңырағына мініп келген «құлдан» өрбігендер; біреулері — Жалмамбет қажының көлеңкесінде болуды арман қылып келіп отырғандар. Осының бәрін қосып санағанда — сонау өлке бойында қыбырлап жатқан ауылдың басы құралады.

Ауыл болған соң, әрине, әрқайсының әртүрлі кесібі болады: біреулері күн-түні қажының отымен кіріп, суымен шығады; біреулері қажының атарман-шабарманы болып ел аралайды, қажының аласысын жияды, аласыға жалғанған өсімді жияды; майын берген, сүтін берген малдарының дұрыс өсіп-өрбуін бақылайды; жазатайым боп бірер мал өле қалса, оны сол кедейдің мойнына мінгізеді; көнбеген кедей болса, әрине, ақсақал билігі тағы дайын: Ыдырыс, Ысқақ деген билер, қарындары жер тіреп шерміп әлгідей шатақ туып қалған елге қарап аттанады. Осының бәрін үлгіртуші — белгілі пысық, қажының қарғылы тазысы есебінде болып жүрген Берғали дейтін кісі.

Тәңірбеген, Жүсіп дейтіндер бар, олар — жалдаптықпен даңқы шыққан адамдар. Өлке бойындағы ел бұларға «қажының сәудегерлері» деп ат таққан. Осы атақтың өзі бұларға жетеді: басқа сәудегерлердің мыңдаған сомамен жүріп істей алмаған саудасын бұлар бірер жүз соммен ақ бітіріп үлгіртіп кетеді; өйткені өлке бойындағы үш-төрт ауылнай ел бұларды алдына салмай ала арқанын сатып көрген емес. Сатса, шатақ шығады: бірер пәлені жауып жіберіп, ақсақалдың билегені тартады. Елдің бұйымы, мал дегендерін арзанға алынып, қымбатқа сатылады; өнген пайданың тең жарымы қажының сыбағасы болады. Әрине, Жалмамбет қажы деген «шын әулие» кісі ғой, ол кісі біреуден олжа дәме ету дегенді біле ме, мына қулар қажыға «сездірмей», Бәйкең бәйбішеге «жасырып» қана береді ғой.

Бұл ауылға қарағанның бір сыпырасының кесібін айттым ғой. Ендігі қалғандарынан: Абдырахман хәлфені, Дүйсекей қарташыны, Жұман бақсыны шығарып тасасақ, қалғандары бір келкі болып сараланып-ақ қалады, бұлар — бірден онға шейін қарасы барлар; қоңыр төбел, қырық шоқпыт жұлым үйлері барлар; екеу — үшеуі қосылып, бірігіп егін салып, шөп шауып, өздерінен артылса, кісіге жалданып еңбек пен тамақ асырап отырғандар.

Олардың өзі де түр-түрге бөлінеді. Бұлардың ішінде де пысықсымақтар, бірді-бірге ұрыстырып олжа түсірем дегіштер, көргеніне еліктегіштер бар.

Жоламан (шын аты — Абдырақым) деген кісінің аты қандай шатақ болса, түрі одан да шатақ: мұрны қолағаштай, иегі — кеміек, қасының арасы қосылып, түксиіп, көз жанарын басып кеткен; бет-аузы ұйысқан сақал. Сөзді дәбдірлеп сөйлейді, бірақ аз сөйлейді. Басқа жұрттай әңгімеге де араласпайды, я ғибадат істеп, діншілдікпен де атағын шығармайды Ауыл-аймақ бұдан көптен түңіліп, «екі аяқты қайуан» деген қортындыны әлде қашан-ақ шығарып қойған болатын.

Бұл кісінің арғы түбі — түрікпен екен деседі. Жаңылмасам осы кісінің өз әкесі ме — әйтеуір біреуі Жалмамбет тұқымының ұзатылып келген бір келіншегінің шаңырақ түйесіне мініп келіпті ғой. Қазақша айтсақ, бұл — «құл» болады. Бірақ Жалмамбет қажының тұқымы «мейірімшілік» істеп, Жоламанның әкесіне бір жалшының қызын әперіп, сол «мейірімділіктің» арқасында Жоламанның дүниеге келуіне себеп болып еді деседі.

Бұл туралы шалдар айтқанда — аузының суын құртады, осындайdan қажы тұқымының кем-кетікке «мейрімдігі» көрініп-ақ қалады.

Бір жылы үлкен талас болып, Жалмамбеттің қолынан болыстық лауазым шығып кетеді. Сол себеп бола ма, әлде құдай жолына шын түскісі келе ме — Жалмамбет сол жылы қажыға бармақшы болады. Жүрерінде төрт ауылнай елді жнып құдайы беріп, осы Жоламанды құлдықтан азат қылған екен деседі жұрт.

Жалмамбет қажы тым әрідегі кісі ғой, біздің білетініміз ол кісінің балалары. Балалары туралы тағы бірде әңгіме құрармыз, алдымен мына Жоламанды түптеп алайықшы.

Жоламан¹ — сол азаттан әлі азат.

Жоламанды үйінен шығарарда қажы оған жауыр кер шолақты, Ырысбек деген кедейден өлген тайдың төлеуіне алынатын сынық мүйіз қоңыр сиырды берген екен, оның үстіне — Жоламанның Гүлбарша деген әйелі, он ағаштың басын буып қалқитқан қара қосы бар екен.

Одан бері көп замандар өткен, бірақ Жоламан сол күйінен әлі өзгерген жоқ: аштан да өлген жоқ, көштен де қалған жоқ, көптің бірі боп жанын асырап келе жатыр. Зердесіне біткен өнер ме, әлде кедейшілік итерді ме — бірсыпыра жылдардан бері Жоламан ағаш шеберлігін кәсіп қыла бастады: жазғытұры ағаш соқа істейді; ел жайлауға көшерде жұрттың сынық арбасын бүтіндеп береді; кереге көктейді, уықтың жазылған қарын тезге иіп береді. Шаршау дегенің жоқ, қандай тамыз ыстықтарда, жарғақ белдемшемен бөксесін қаптап алып, күнге күйген қара қайыс маңдайы жалтырап ағашпен алысады да жатады. Шөп шабу, егін салуға келгенде жұрттан озбаса, кейін қалған емес. Талай үмелерде сыналып та жүрді: қайратты деген жігіттермен орақты қатар салысқанда, Жоламан аттай желіп озып жүре береді.

Осы сияқты қайраты бар, осы сияқты өнері бар адамды азат қылып отырған, шыны «қажының мейрімділігі ғой» деп шалдар аңыз қылуын бір қойған емес.

Жоламанның заты түрікпен болғанға, келбеті адам көргісіз өрескел болғанға, күніне он ауыз сөзді зорға айтатын қолан болғанға — сіздер де оны малға теңеп жүр-

¹ Мұның азан шақырылып қойылған аты Абдырақым болса да, «келіннің аяғынан, қойшының таяғынан» дегендей, от басымызға кесірі тимейтін болса деп қажының шешесі мұның атын «Жоламан» деп қояды, содан былай Жоламан болып аталады.

меңіздер. Ол — адам. Адам болғанда — қажының тап өзіне салыстырсам, тым асыра сілтедің дерсің бірақ шын адам екеніне шек келтіруге болмайды: жұрттай тұлғасы бар, сөйлесе тілі де бар; жұрттан ойы да, ақылы да кем емес; қуаныш-реніш дегенінді бұ да біледі; сүйю-күйу дегеніңнен де құр емес. Қысқасы — нағыз адам.

Жаламанбеттің бұл — Жоламан қойын бағып жүрген кезде, Досан деген бір сныршы бар еді. Сол кісі, күзгі қара суық кезінде кенет бір ауруға ұшырап марқұм болды да, оның әйелі Гүлбарша жесір қала берді. Ыдырыспен Ысқақ ақсақалдар бұ сықылды жесір әйелді бұлдап әдет алған болса да, нақ Гүлбаршаға дегенде ылаждары құрыды: бәйбіше қолынан шығарғысы келмеді. Сүйтіп жүргенде, «Гүлбарша жүкті екен» деген хабар бәйбішенің құлағына шалынып, «аруақты үйдің асын арамдағаны» үшін Гүлбарша бір сыпыра таяқ жеп алып, бірсыпыра шашы да жұлынып, ақырында, бәйбішенің тапсыруымен болса керек, баяғы Берғали пысық Абдрахман халфені алып отырып Гүлбаршаның некесін осы Жоламанға қиған болатын.

Жоламан мен Гүлбарша содан былай ерлі-байлы болып қосылды да кетті. Басқа жұрттай қатындарымен күніне қырық ұрысып татуласуынды бұлар білген емес, біріне-бірі қатты сөз де айтып көрген емес, Жаз болса, байдың қараша үйінің босағасында, қыс болса, төл қамайтын үйдің пешінің жанында, бірер құрым кигізге оранып жатып түнді өткізеді. Сүйтіп жүргенде, Жоламанмен қосылғанына алты ай толғанда, Гүлбарша бір ұл тапты. «Бұны кімнен таптың?» деп Жоламан тексеруінді білген жоқ, қайта бәлкім, өмірінде бірінші рет болар, езу тартып күлді.

— Әй, жігіт, балаңның атын кім қоямыз? — деді Гүлбарша күлімсіреп.

— Мұның аты Жақсылық болсын, — деді Жоламан.

Сосын, басқа баладай «шілдехана» да болған жоқ, Абдрахман халфе келіп азан да шақырған жоқ, әлгі бала өзінен өзі «Жақсылық» аталып жүрсе берді.

Жоламан соңғы әзірде кәдімгідей қартая бастады. Қартая бастағандығы ғой, жұмысқа бұрынғыдан шабыты кеміді, істеген ісі өнбейтінге айналды. Жазғытұрым кездегі бұрын ағаш соқа істегенде күніне бір соқадан шығаратын болса, соңғы кезде екі күнде бір соқаны зорға шағаратынға айналды. Гүлбарша да бұрынғыдай «әй жігіт» деуді тастап, «әй шалым-ау» дейтін болды.

Бірақ, Жоламан әлсірегенмен қолғанаты жетіп қалып еді. Жақсылық бала жиырмаңа аяқ басып еді: шойын денелі, екі беті торсықтай, жүріс-тұрысы пысық, алпамсадай қара жігіт болып еді. Жоламан қуаныш көріп, кейде Гүлбаршаға:

— Сен жаманға тартпаған, балам өзіме тартып тұраң, — деп жымындайды.

— Мейлі, мен таласпай-ақ қояйын, тек тірі болсың, — дейді Гүлбарша ішінен елжіреп.

Жақсылық жасынан әкесін жағалады: ағашты бірге шабысты, соқаны бірге істесті. Әкесіне қол қабыс тигізем деп жүріп оның азғана өнерін бұлжытпай үйреніп алды. Жақсылықтың қолы ағашқа қаттырақ бататын болды. Жақсылықтың шапқан ағашы, Жоламандікіндей қиқа-сыйқа болмай, мүсіндей болып шығатынға айналды. Жоламан мұны өзі сезіп, «олай істе, былай істе» деп жай ақыл айтып отыруға ғана тақалды.

Сүйтіп жүргенде 16-жыл келіп қалыпты ғой. Көппен бірге құрық Жақсылыққа да салынды. Жоламан өмірінде бірінші рет жаны күйзеліп ренжіп, жүз елу шақырым жердегі дуанға баласын жаяу шығарып салды. Баласынан айырылып қайтқан сапарында, қарға адым жер жүруге мұң болып, айлап жүріп аулына зорға жетті.

Жоламан сияқтылардың көз жасы ұрды ма, әлде асып-тасқанның төгілетін кезі келді ме — әйтеуір ел ішін ұлы қабар шулатты:

«Патша тағынан түсіпті, балалар қайтетін болыпты!» деген қабарды естігенде, Жоламан өмірінде бірінші рет:

— Ә, тегінді пәлен етейін, өзіне де сол керек еді! — деп патшанды боқтап жіберген болатын.

Содан былай солдаттық дегенде Жоламанның жүрегі зыр ете қалатын болды. 18-жылы алаш полігіне жігіт жиналатын болғанда, Бергали пысық Жоламанды қажының үйіне шақырып алып, қымызға тойғызып отырып айналдырған ғой:

— «Осылай да осылай»... Ақ түйенің қарны жарылды, алаштың ордасы құрылатын болды. Алаш азаматы тегісінен аттанатын болды... Бірсыпыра елдер ортасынан мал жиып беріп, тәуір деген балаларын шығаратын болыпты. Біз де жұртшылық қылатын болдық: ортамыздан сізге он тайынша жиып беріп, балаңызды аттандырмақшымыз...» — дегенде, Жоламан қанын ішіне тартып, кеміек иегі кемсендеп:

— Алашынның да керегі жоқ, ордаңның да керегі жоқ; ата-бабам ордаға кіріп те көрген жоқ; бала —

өзімдікі, менің баламда ешқайсыңның жұмысын болма-сын! — деп келтесінен қайырған.

Қымыз сапырып отырған бәйбіше:

— Сорлы құл, шаңыраққа қара! — деп шаптыққан.

— Асаусыма, Жолеке, қолға тұратын қылармыз! — деп Берғали бел күшін соққан.

Уездік қаладан шыққан өкіл, тыртық бет кара жігіт, қажының төрінің алдында, Әміркен етікті көсіліп жіберіп, шылымын бұрқырата түсіп:

— Мына кісі алашқа қарсылық қылып отыр, жұмысқа кедергі туғызып отыр; сондықтан бұл кісіге акты істеп, болысқа айдап жіберіндер! — деп бұйрықты қысқа берген болатын.

Тастамбек ауылнай шолақ қол пестіріне істің мәнісін түсіндіріп жіберіп, протоколды бұрқылдатып жатыр. Протоколдың аяғына алдымен өкіл қол қойды, оған жалғастыра Берғали қолын қойды, ақырында Тастамбек ирек таңбасын салып, ескі ауылнайдың жалпақ мөрін бір жалап алып, қағаздың құйрық жағына баттастыра басқан болатын.

Басқаларша жорысақ, бұл бір кісінің басын шірітуге жарайтын әурешілік. Мына жалпақ мөрдің басылғанын көргенде, бір сыпыра жұрт өзінің маңдайына басылғаннан жаман ышқынатын. Өйткені — бұл мөрмен шырмалғанның талайы ізсіз де кетіп барады. Оның үстіне, бұл мөр Тастамбектің қолымен басылған соң, не үміт, не қайыр...

— Байғұс-ау, қарысуды қайтесің? Сен ерегісіп кімнен бәйге алмақсың? Жасың алпысқа жақындағанда түрменің есігінде жан тапсыруың жақсы ма?.. Балаңның ешнәрсесі кетпес, тілін ал, жібер баланды! — деп аяушылық қылған дос-жар ептеп ақылын айтқан болатын.

Бірақ Жоламанды көндіру деген қиын ғой, әсіресе Жақсылықты солдатқа жіберу дегенге ол өлмей көнер ме? Алашынның не керегі бар, орданың не керегі бар, оған керегі — жалғыз баласы ғана!

Жоламаннан гөрі — Берғали, Тастамбектердің күші басымырақ келіп, қылмысты Жоламан болыстық опырабаға айдалатын болды.

Ауылнайдың жекіруімен Торсан дейтін бір кедей Жоламанды айдап бару үшін жалғыз атына желқом ерді жарыптып салып жатыр.

— Шалым-ау, бұл қалай болды? — деп Гүлбарша бебеу қағып жүр.

— Қой, апа сабыр қыл: біздің әкей ешқайда да бармайды! — деді Жақсылық салмақпен.

Гүлбарша жаутаңдап Жақсылыққа қарай береді.

Ауыл жанында алқа-қотан стырған: өкілі бар, ауылнайы бар, Берғали бар, тағы бір сыпыра ақсақалдар, пысықтары бар — бәрі ажырая қарасады.

— Апырмау, мына шіркіндер! — дейді біреулері кіжініп.

— Сор түртіп тұр ғой, — деп біреулері жымыңдасады.

— Көре қалдық күшін!... — деп біреулердің зығыры кайнайды.

— Қойсайшы, бала, байланысып қайтесің, — деп біреулер күрсініп, сүйей салдылау қылып ақылын айтқан болады.

Ауылнай ақырған сайын Торсанның есі шығып дүрсілдетіп тебіне түсіп, қоқандап Жоламан шалдың жанына келді.

— Кәне, қарт, болыңыз, қозғалайық...

Айтуын айтса да, жүзі шыдамай, өзі бір қырын қарайды.

Торсанның жыпылықтаған көз жанарын ашып қараса, кім болса да, тап сол минутта мөлдіреген жасты көрер еді-ау!..

— Олар боғын жеп отыр, мен ешқайда да бармаймын! — дейді Жоламан.

— Өй, сен өзің ит екенсің ғой, айда деген соң неге айдамайсың?... Қалжақтайтын болса, қамшымен салып-салып жібер! — деп Тастамбек ауылнай барылдап, орнынан қозғалып қойды.

Торсан қысыла түсті. Көк атты текпілеп Жоламанға қарап омыраулата түсіп еді. Жақсылық оның шаужайынан ұстады да, кейін қарай жетектеді.

— Өй, жібер деймін... Ұстама деймін шаужайдан!... — деп Торсан құрғақ тызалаққа салды.

— Ұмтылыңдар, жігіттер, сыбап бір жіберіңдер, кейінгіге үлгі болсын! — деп Берғали мен Тастамбек күңк етіп еді, төрт-бес жігіт андай жүгіріп, Жақсылықты ортаға алып-ақ қалды.

— Ойбай, өлтірді, өлтірді!... — деп Гүлбаршаның жан дауысы шықты.

Жақсылық оңайлықпен төрт-бес жігітіңнен таяқ жейтін көрінбеді. Оның үстіне, «кәріліктің алды, жігіттіктің соңы» деп Жолекен айқасып, жылтыр шеке біреуін, сіңір жұдырықпен сілтеп өткенде, әлгі шіркіннің

шекесінің осалдығы ма, әлде, жұдырықтың шойындай болғаны ма — қызыл қаның көпірін атып бетін жуып кете бергені...

— Ойбай, мына алжыған күшік құн беруге айналды!—деп Тастамбек, Берғали, тағы басқалары ұмтылды.

Сүйектеген сары таяк, темірлеген қара таяк, тағы тағы басқа таяқтар Жақсылық пен Жөлекеннің басын осты — кетті, осты... Кетті. Зыңк-зыңк тиген дауысы бір ауылдан өтіп, екінші ауылға естілді.

— Ойбай, өлді, өлтірдіндер,— деді Гүлбарша.

Тап сол кезде Жөлекен құлады, оған жалғаса — Жақсылық құлады. Самайдан аққан қан топыраққа із салды. Естен айырылып, көзі қарауытып, тілі байланып, мөлшініп Гүлбарша отырып қалды...

— Жігіттер-ай, тым обал қылдыңдар-ау!.. — деп, Жұбосын дейтін шал, кәрі көздің жанарына жасты мөлтілдетіп, қисық қайың таяғымен жерді шұқылай түсіп, олай бір, бұлай бір жүре берді.

Көршілік, замандастық, мұндастық деген осы!

Айтпай дейтін жас бала жігіт, жырттық етігімен жердің шаңын бұркылдатып, жылдамдай басып құдықтан су әкеле жатыр. Бұл Жақсылықтың жандай досы, құрдасы ғой. Дос-жардың қолынан келетіні осы ғана. Әкелді де, суық суды құйып жіберді. Жақсылық түршігіп, ептеп көзін ашқандай болды.

Шаң-шұңға жиналған жұрттың бірсыпырасы төмен қарап тұнжырауды ғана біліп тұр, я дұрыс — я бұрыс деп тіс жарып сөз айтқан адам болсайшы!..

Құн көлбеп ұясына барды. Сонау белестің астынан жарқырап ай көтеріліп келе жатыр. Ай астына аңдаған быжырқай қараға көз тынады; осы ауылдың, мына дідей-діндей ақ үйлердің өрістен келе жатқан малы ол.

Жылқышы қара кер байталға өңгеріп бір қызыл тоқтыны салақтатып әкелді де:

— «Мұхамеджан, ал мына тоқтыны!»— деп байталдан салбырата түсірді.

Байтал қымсынып, үріккен тәрізденіп, аяғы шалыстанып басты. Мұхамеджан, мойнақты қара пышақты қонышына тыға салып, тоқтыны қонақтардың алдына кесе көлденең тартты да: «нілэ әмин» — деді.

Қонақ үшін Абдрахман халфе, жұмулы көзін бір ашып, таспақ ұстаған қолымен бетін сипады.

Айбарша, ақ жапаны жер ошаққа алаулай жағып, үлкен қара қазанды әкеп жер ошақтың орта бетіне дінк еткізді.

— Құдай атсын, Айбарша, отты сөндірдің, — деп, бас үйітіп отырған жігіт оған бұрқылдап, ұрысқан бәлалы.

Ортадағы ақ үйдің оң жақ босағасына арқасын сүйей отырған жұрт, оның ішінде: өкіл, ауылнай, Берғали, Абдрахман қалфе, тағы басқалары бар:

— Айт, шырағым, айт, мына шеттен келген қонақтың көңілің көтеріп жібер — деп, мойнына көк жібек орамал байлаған бір жігітті алқымдап, қысумен отыр.

Әлгі жігіт, домбыраны еріне шертіп, бірер рет түкіріп алды да, баяулатып ән салған болды.

— Уаһой дегенің!..— деп Берғалидың оны қостаған дауысы әннен гөрі ашығырақ шықты.

Ауыл өмірі осы. Ешнәрсені сезбеген, ешнәрсемен жұмыстары жоқ сияқтанып, малын иіріп, сиырын сауып, қазанын шақырлатып қырып, жер ошақ біткеннен көк түгінді көлбете ұшырып, сол өмірімен алданып отырған сияқты.

Тап осы кезде ауылдың сыртындағы белесте, жамандатып өлген малдай боп, аталы-балалы екеуі — Жоламан мен Жақсылық жатыр еді; өлімтікті күзеткен қара құс сықылданып екеуінің ортасында жарбынып Гүлбарша отыр еді.

II

О баста риалны ма, гимназия ма — әйтеуір сондай бір ірі мектепке арнап салынған ұзын, биік қызыл үй, қаланың орта шеніндегі шеркеудің қарсысындағы бір көшені жалпағынан алып жатыр. Сол үйдің алдына қарап тұрсаң, қылқандай қазақтың жас жігітін көресің. Бірақ, киімдері өзгеше: біреулерінің үстінде жамаулы ескі шенел көресің, біреулерінің үстінде — қазақ қойының терісінен тіккен шолақ тон; бірен-саран мылтық асынып, қылышын салактатып жүргендер де жоқ емес. Топ-топ атты суға апара жатқан, суғарып келе жатқан адамдар қақпадан бірі кіріп, бірі шығып жатыр.

Үлкен үйдің орта шеніндегі баспалдақты есіктен үш-төрт жігіт шыға келді. Мына топқа қарағанда бұлардың киімі де, түрі де өзгеше: қынама шенел, белдерінде наған, былғары қолғап, жылтыр әміркен етік. Өзара орысша сөйлеп бірсыпыра даурықты да, семізше келген, салпы ұрт, түксиген қара жігіт, қырқылдаңқырап сөйлеп:

— Бері келіндер, жігіттер, күрес бастаймыз,— деді.

Қақпаның түбінде ұйлығып тұрған жігіттер аяқтары еріне басып, бұлардың жанына таман жақындады.

— Әлгі тама жігіт қайда, шықсын ортаға! — деді.

Мұрты жана тап беріп келе жатқан, дембелше, кара жігіт беліндегі қайыс белбеуін босата түсіп, жігіттерден онашарақ шығып тұрды.

— Кане, мұнымен күресетін кім бар? Бұрын күреспегендерің күресіңдер,— деп әлгі қырылдақ жігіт бұйрық есебінде сөйледі. Жігіттер біріне-бірі жалтақтады. Бұл тұрған жігіттердің көбі-ақ бұрын күрескен болып шықты.

— Әй, кара жігіт, еңгезердей болып сен неге қашырыс саласың? Күрес мынаумен! — деп, әлгі қырылдақ оған түйлікті.

Қара жігітіміз — Жақсылық еді. Мына күреске шығып тұрған Сейіт дейтін жігіт. Екеуі осында келген күннен бастап танысқан. Жататын орындары да бірге. Жүріс-тұрыстары да бірге. Мұндары да бірге. Кейде екеуі — ертенгі жұмысты ұмытып, ерте тұратындарын да ұмытып, түн бойы сөйлесумен болатын.

Бастық айтқан соң амал жоқ, екеуі селкостау түрде белдескен болды.

— Иә, тама атам аруағы! — деді қырылдақ бастық.

— Ананың руы кім екен? — деп бастықтың бірі өжеленіп еді.

— Ол жігіт руын өзі де білмейді,— деп Жақсылықты танитын жігіттің біреуі жауап берді.

— Қаңғырған неме екен ғой,— деп біреуі езу тартты.

— Ал, кане, қозғал, қыздыр! — деп тұс-тұсынан кеу-кеулеушілер көбейді.

— Қайсымыз жығамыз? — деді Сейіт сыбырлап.

— Сен жық,— деді Жақсылық.

Сейіт мұны да жықты.

— Бәсе, Тама атам аруағына жан шақ келмес,— деп, әлгі қырылдақ бастық қарқылдап мәз болып қалды.

Мейрамға қарсы түн — жігіттердің дем алатын күнінің бірі: бұл түні жігіттер екеу-үшеуден бас қосып, қаланың басынан кіріп, аяғынан шықты. Бүгін де сол әдеттерін істеп жұрт бет-бетіне ыдырады. Бірен-саран күзетшілерден басқа адам сирек қалды. Жалғыз-ақ Жақсылық пен Сейіт қақпаның түбінен кетпей, өзара күңкілдесумен отыр.

— Енді қайтеміз?— деді Жақсылық сабырсызданып.

— Менің тілімді ал: біз өз еркімізбен келген адам

емеспіз, осылардың текпісінде кім жүрсін, әйдә — қашайық! — деді Сейіт.

— Қашқанда — қайда барамыз? Елге барып сия алмаймыз ғой.

— Ел деген не? Ел бар ма бізде? Кім паналатса, қай жерден кесіп табылса, біздің еліміз сол. Ешбір тиянақсыз қаңғырмайық десек, осыдан екі жүз шақырым жерде менің нағашым бар, соған барайық. Өздері ағаш ішінде отырады, бір жерде үш-төрт қана үй, аман-есен барып жете алсақ, ол жерден бізді сайтан да тіміскіп таба алмайды...

Бұл екеуінің көптен айтысып жүрген кеңесі. Неше рет сөз қылып талкыласа да, Сейіттің ойы осы соңғы айтылғанға келіп тіреле береді. Ойлана келе бұған Жақсылық та қол қойды.

— Қашамыз ба? — деді Сейіт.

-- Қашайық!

Көптен айтылып жүрген кеңестің шын түйіні осы болды. Белді байлаулары-ақ мұң екен, екеуі асығыс жүру жабдығына кірісті. Тоңбастай болып киінді. Ептеп аттарын ерттеп мініп, қақпаның аузына келіп еді, күзетші жігіт кес-кестеді:

— Пропуска давай!

-- Өй, сандалмашы, бізді танымайтын ба ең? Асығыс жұмыспен барамыз, — деп екеуі бірдей аттарымен омыраулата қақпадан кідіріссіз өтіп жүре берді.

Декабрь ішінің сұрғылт аязы салған жерден-ақ бетті дыз еткізіп, бір сүйіп өтті. Мұз боп қатқан шымыр жол ат тұяғымен шақылдады. Аспанда самсаған жұлдыз сәулесі аз да болса жол жүлгесін бұлдыратып көрсеткендей жарық беріп еді.

Сұлыға қатып тұрған аттармен желе-шоқыртып белес басына шыға келгенде, арттарында самсаған электр жарығы көрінді. Жақсылық етек-жеңін жинақырап, қалаға қарап бірер күрсініп алды да:

— Шығармастай қылып іліктірген темір тор еді, бір құтылуға бұдан да құтылып шықтым-ау! — деді.

III

Сығырайған пілте шамның түгіндеген жарығына төне түсіп, қоныштық былғарыны тізесіне салып, екі ұзын тарамысты ерсілі-қарсылы тартып, қою сақалды қожыр бет арық қара кісі тігін тігіп отыр. Бұл — Аманға қараған елдегі Жақия дейтін белгілі тігінші еді. Ет-

төн арылған қара қайыс саусақ бізді тезінен шанышқапта адамның көзі ілеспейді. Арбиған дене иіліп, бүгіліп машинеше қозғалады.

Түннің біразы өтті. Дала түтеген боран. Ызылдаған, ысқырған қатты желдің екпіні үй ішіндегі адамды түршіктіріп жібергендей. Қныршық па, қар ма — терезеге тырс-тырс тиеді. Астаудай қушиған аласа, тар үйдің жалғыз терезесін қар сірестіріп әлде қашан көміп кеткен.

— Ес тандыратын болды ғой бұл боран, — деп, шам жанында тарамыс есіп отырған қара торы әйел терезеге қарады.

Көйлекшең, төменгі жаулығын басына орай салып, бір тізелеп қана отыр. Екі көзі тарамыста. Быртықтау келген қара қошқыл кір саусағы тарамысты талдап жып-жып етеді. Оқта-санда басын көтеріп, аларған көзін Жақияға бір қадайды: бет-аузы қож-қож қорасанның дағы, қоюлана біткен сақал мұрт, шүңірейіп ішке батқан екі көз — осыдан басқа Жақияда түр де жоқ, сын да жоқ.

Бұл әйелдің аты Сақып еді. Жақиямен отасқанына биыл екі жыл шығар. Жақия, өткен өмірін тігінмен өткізгенмен де, малдың басын құрай алмай, неше жылғы тапқаны бір қыздың қалыңмалына зорға жетіп, осы Сақыптың өзін жасы 40-қа келгенде зорға алып еді. Сақыпты алған соң, біреудің босағасында жатуды ар көріп, әрі бөтен үйдің әйелімен үйлесуге Сақыптың мінезі шарғез болғандықтан, осы кішкене жер үйдің өзін былтыр үмемен зорға қалқытып алып еді.

— Терезенді қара, қалпынша көміп кетті, — деді Сақып әлде неге күрсініп.

— Көмсе, көбірек ұйықтауыңа жақсы болар, онсыз да түс болмай тұрмайсың.

— Ерте тұрып менің малым қаралмай жатыр ма, балам жылап жатыр ма? Қай малың қараусыз жатыр еді?

— Жұртпен қатар тұрып пешке от жақсаң да еш-нәрсең кетпес еді. Жұрттың үйінен түтін шығып жатқанда, өлік шыққан үй құсап мелшиіп біздің үй тұрады...

— Ал, жарамазанын бастады. Серік болып жанына азырақ отырайын десең, жер жебіріне жетіп болады, — деп, Сақып ерні бұртиып, есіп отырған тарамысын шашып жіберді.

Жақия тігінін тоқтатып, аларып қарады.

— Неге алартасың көзінді, мен дегенде сайтаның бар ма?

— Мә, сайтан!..— деп Жақия жанында жатқан қалыпты Сақыпқа жіберіп қалды.

Ағаш қалып Сақыптың жамбасына тиді. Сақып ыршып түсті. Жақиядан таяқ жемек түгіл, сөзінің өзін тіксінектей көретін Сақып қой. Ызаланып, булығып, пеш жанындағы салулы төсегіне барып жатты да, ызалы жаспен жастықты сулауға кірісті.

Жақияның қолы былғарыны жастай ұстап үйренген қол. Көздің, ойдың көмегі көбіне керек болмай төселген қол өздігінен істей береді; біздің шаншылған орнын бірер сипаумен саусақтың өзі-ақ тауып ала береді. Бұл екі қол денеден бөлек біткен болса, тігінді осы қолға артып, Жақия төсекте тыныш жатқан болар еді-ау! Оны істесе, белі мұндай шойырылып ауыртпас еді, тұла бойы сынған сынықтай болып қозғалтпай қалмас еді.

Тігінді салынып тіккеніне жиырма жылдан асты. Содан бері дамыл жоқ: жаз да тігеді, қыс та тігеді, күндіз де, түнде де тігеді. Жұрт қыдырып жүргенде, Жақия арқандаулы аттай тігін соңында маталып отырады да қояды. «Бүйтіп тапқан ақшаң құрысын!» деп кейде өзіне кейітіні де бар. Табатыны да шамалы: бір-ен-саран шеттен келген тігін болмаса, ауыл-аймақ кесіп ақы бермейді: «Астық берерміз, азық берерміз» дей салады. Бұл маңайдағы байлардың, пысықтардың тігінің тігіп беру Жақияның мойнына жүктелген бір борыш-міндет есебінде. Бар тігіндерін тіккізіп алады да, үйіне әкеліп салатындарының өзі сирек. Тым болмаса, басқалардай «береміз» деген сөзді де көбі қимайды.

Әйткенмен пайдасыз деп тігінді тастағанда не істемекші? Басқа кесіпке Жақия орашолақ. Малы да, жаны да осы жалғыз тігін. Мұны бір күн тоқтатса, тамақты немен асырамақшы? Ана, тұлданып жатқан Сақыпты немен киіндірмекші? Жұрттың әйеліндей жайға қарайтын, жоқты бардай ғып ұстайтын адам ба? «Тапшы-тап!» дейді. Айтқанын орындамаса, қабағын бір ашу жоқ, аяқ-табағын салдыратып, «қараң қалғыр, жау алғыр!» деп жер жүзінің қарғысын жаудыртып, тұлданып жүргені. Кім екенін, кімнің қатыны екенін ескермейді. Байдың келіндерін көріп, солардың жүріс-тұрысын көріп, солардан қалыспаймын деп әуреленіп жүрген бір бейбақ...

Жақия ауыр күрсінді. Басын көтеріп, ұйып қалған белін жазды. Бүктүсіп, тұлданып жатқан Сақыпқа қарады. Былғарысын жиып жәшігіне салып, төсегіне қарай аяндады.

— Жатпа төсекке! — деп, Сақып шанқ ете қалды.

Жақия оны елеген жоқ. Бұл сияқты ұрыс екі күннің бірінде болады. Бұл екеуінің: ұрысының қайсы екенін, татуласқанының қайсы екенін адам білу қиын.

Шұланның есігі сықырлап ашылып еді, ала төбет арсылдап даланы басына көтерді.

— Бұл кім болды екен? — деп Жақия басын көтерді.

Сүрініп-қабынып, үйдің ішін суыққа толтырып біреулер кіріп жатыр.

— Уа, кімсің?

— Біз ғой.

— Бізін кім?

— Қонақпыз.

— Қонақ түгіл, құдай болсаң да аулақ, төсектен тұрып сендерге шай қойып берер жайым жоқ, — деп, тұлданып жатқан Сақып баж ете түсті.

— Сөзді қой, шам жағайық, күн боран, тоңып келген кісілер шығар, — деп Жақия сыйпаланып жүріп шам жақты. Үсті-бастары қырау, мұз, қалшылдап үсініп тұрған біреулер.

Екі қонақтың алдыңғысы, қоржандап шешініп жатыр:

— Нағашы, мені таныдың ба? — деді.

— Ойбай-ау, Сейітпісің?.. Түу.. апырмау, осы боранда жүргенің? — деп Жақия бара оның киіміне жабысты.

— Қатын-ау, тұрсайшы, жиенің келді ғой, — деп, өзі апалақтап жүріп, Сақыптың да мазасын алып болды.

От жағылды. Шай қойылды. Қазанға екі-үш түйір ет салынды. Қонақ салтымен бұл екеуі төрге шалжмай, Сақыппен қатарласа отқа төнді.

— Ал, сл азаматы аман ба? Шыққан шығын жоқ па? Бала-шаға тегіс сау ма? Ауру-сырқау, өлген-жіткен жоқ па? Әбекеңнің үйі, Ерекеңнің үйі, Серекеңнің үйі — бәрі де тегіс аман ба?.. — деп, Жақия үсті-үстіне баспалатып жатыр.

Сейіт бір сыпырасына жауап берді де, үлгіре алмайтын болған соң, таза қойды. Жас, сүйкімді қонақтарды көрген соң Сақыптың да қабағы ашылып, күндегідей аяқ-табағын салдырлатпай, пысық, жатық, сыпа болып көрінейін дегендей, жұмысты еппен ғана істеп отыр.

— Апай қартайған көрінеді ғой, келіншек алып па едің? — дейді Сақып Сейітті әзілдеп.

Ағаш шүмекті ескі самауырын екі пінінен дем алған кезде, Жақия қалбаңдап, қоңыр саулықтың терісінен істелген жарғақ дастарқанды әкеп төрдің алдына жайды.

— Байғұс-ай, не болды: мен үлгіремін ғой, отырсайшы орыңда! — деп Сақып оған жекіп қойды.

Соғыстан шыққандай, кетік, сынық құрсау кеселер, пұшық құманша, кетік қасық, қара аяқ — дастарқан басынан орын алды. Дүмбілез піскен таба нанды Жақия бауырсақша кәстерлеп турап жатыр...

— Апырмай, «алашқа» қосылып едім десейші, «алаш» болып едім десейші, — деп Жақия сөзді октасанда бір қозғап қояды.

— Болдық та, құтылдық та, — дейді Сейіт күлімсіреп.

— Апырмау, құтылуға болады екен ғой өзінен? Біздің елден де бір-екі бала кетіп еді... Біреуі оқыған бала ғой, өзі тіленіп кетті; ал, енді бірі — мына көрші ауылымыздағы Тұрсын деген кедей шалдың баласы еді. Мал жиып береміз деп қулардың алдап жіберіп отырғаны... Құдайдың құдіреті, мен тап сол кезде сол ауылда жатыр едім... Малыңды қолыңа алмай баланды жіберуші болма, — деп Тұрсынға мен талай айттым. Аңқау сорлы ғой, артынан жинап береміз дегенге нанған екен, керек десе бір ылақ та алмапты... Құдайберген деген сол ауылда бір жігіт ағасы бар, соның қолына іліккен соң, не оңсын?!

— Аузына келгенді сөйлейсің, біреу есітсе ғой... — деп, Сақып оған ала көзімен қарады.

— Е, есіте берсін... мен не деппін? — деп Жақия кәдімгідей қысылып қалды.

Бірсыпыра сөзден кейін Сейіт жай-күйді, нақа тура лап айтпаса да, ұшынан-ұшынан сездірді; бұл туралы бұдан былай әңгімені доғару керектігін айтты:

— Басқа әңгімені қойып, бізді орналастырудың қамын ізде, екеуімізге де орын тап, — деді.

— Ешкім де айтпайды, ешкім де сөз қылмайды. Екі—үш-ақ үйміз, кім сезер дейсің?.. Сен біреуге айтып қойып жүрме, — деп Жақия Сақыпты сақтандырған сияқты болып еді.

— Неше әңгіменді айттым сыртқа?... — деп ол тағы ала көзімен қарап шатынады.

— Орын неге табылмасын, орын әбден табылады: Әбдідеге тапсырсам, онсыз да өзі ауыл қыдырумен жүреді, бір жерге орналастырады да келеді ғой...

— Үйіңе келген кісіні қумаксың ба? Жатсын осында! — деп Сақып бұл қонақтарды үйінен шығарғысы келмейтін адам құсап, тағы бір іліп түсті...

* * *

Жақияның қыстауы—қалын шырпының койнауында. Бір жерде үш қана үй. Үш үй үш жерде ғана шокнып отыр. Мал жоққа тән. Аз ғана шөптері үйдің, қораның төбесінде жарбиып тұр. Үй төбесіндегі шөпті суырып жеп жүрген бірен-саран ешкілерді көресің; қораның шуағында, жалаңда шөп-саламды тіміскіп жүрген бірен-саран сиыр, бұзау-торпақ көресің.

Жылқы малы сирек. Үш үйде үш қана ат болса, үш атты үй иелері мініп ауыл қыдырса, сондай кездерде бұл үш үйде тігерге тұяқ қалмайды. Ондай кездері жиі болады. Қайта, көбіне тігінге айналып Жақия үйінде отырады. Әбділдә мен Жүсіп алты ай қыста үйлеріне екі күн дұрыс түнеген емес. Әбділдәнің аздап ән салып өлең айтатын өнері бар, ол соны талшық кылып, өлке бойын аралап, қонып-түстенумен күнін өткізеді; Жүсіп те құралақан емес: ептеп құмалақ салатыны бар; әйгілі баксы-бәлгерлердей кесіп үшін істемесе де, басы ауырып балтыры сыздағандардың тамырын ұстап, тоғыз аяқ сумен ұшықтайтын өнері де бар... Бұл өнерді жұмсамасқа екеуінің де амалы жоқ: бірер торпақ, өгізше-қашарларын қыс түсісімен сойып алады; оны ет қылып жесе, жаз шыққанша салмалығы қалмайды; сойып ала қойғандай басқа ынғайлы малдары да болмайды. Оның үстіне, құр үйлерінде отырғанмен тым болмаса Жақия құсап тігін де тікпеген соң, мүлде үйлеріне сыймайды... Сосын, ел қыдырып ет жегендерін бір олжа көрсе, аттарын асырап шыққандарын екінші олжа көріп, жүреді де қояды.

Жақсылық пен Сейіт бұл ауылға келгенде, осы айтылған екі кісінің екеуі де үйлерінде жоқ еді.

Ертеңіне екеуі де ауылға келді. Келгенде алқынып, естері шыға келді. Бұлардың алып келген хабары бұл отырған үш үйдің астын үске шығарғандай болды:

— Бұлары жолсыздық! Бұл барып тұрған заңсыздық! — деп, Әбділдә күпілдеп, шатынап, жарылып кете жаздайды.

Әбділдә асығыс — ұшқалақтау кісі. Оған қарағанда

Жүсіп оны-мұны ақылға салып, өзінше тәсіл ойлап қарайтындай түрі бар.

— Аптықпа, Әбділдә, кейігенмен ешнәрсе де өнбейді, одан да бұдан құтылудың шарасын қарастырайық,— дейді Жүсіп.

Бұларды үрейлендіріп жүрген хабар мынау екен: Уездік «Алашорда» съезінде, алаш пайдасы үшін түндік басы 130 сомнан ақша жиналсын,— деп «бір дауыстан» қаулы шығарылады ғой. Әрине, ол жиылыста мына Әбділдә мен Жүсіптер, осыған ұсаған адамдар болмайды, сосын баяғыдай кедейге де түндік басы 130 сомнан тең түседі ғой... Сол ақшаны жинауға «Алаш орда» отряд шақырыпты. Ол отряд көрші ауылнайға келіп, жұртты иіріп қойып, «24 сағат ішінде жинап беріндер!» деп қысыпты.

«Бермегендерің алашка қарсы болып саналасындар, тұтқынға алынасындар»— депті... Әлділер, малдылар бере келгенде, тап осы Әбділдә мен Жүсіп сияктанғандардан бір сыдырғы адамдар бере алмай бөлініп қалыпты. Олар, бірсыпыра таяқ жеп, суық қораға қамалып, мал есебі шұбыртылып, ақшақарда жаяу сонау болыстық опыраға айдалыпты...

— Апырмай, енді қайтеміз? Мұны шығарып жүрген кім екен?.. Алаш болмай кеткір!... «Ордасының» шаңырағы ортасына түскір!... Неге күйремейді сол шаңырағы?!—деп, Әбділдә безек қағып орнында отыра алмайды.

— Мұны былай қылу керек: ысқотына жабыла бару керек, е, біздің елде бай бәр емес пе? Кедей несін береді? Қай кедей ақша ұстап отыр дейсін? Көбі тамағын асырай алмай отыр... Салсын байға! Жалғыз қаралы кедей мен мың қарасы бар бай бірдей төледі деген не сұмдық?— деп, Жақия омыраулап күш соғуға айналды.

— Сен де қателесесің,— деп Жүсіп оны мойырып тастады,— алым-салыққа кездесіп отырғанымыз жалғыз осы ма? Неше рет салып ең байға? Ысқотта сенің сөзіңді кім тындайды?.. Құр үйде отырып күш соғасың, ысқотта алдымен осы сөзіңді де айта алмайсың ғой...

— Ал, енді сонда не қылмақсың? Ненді бермексің?— деп Әбділдә сұрланып, қалшия қарап тұрды.

Әбділдәнің кішкене баласы домбыраны сүйреп келіп әкесіне ұстатып еді, ашулы Әбділдә домбыраны есікке қарай лақтырды.

— Құтыруын... сап-сау нәрсені қиратып,— деп пешке арқасын сүйеп тұрған салпы ауыз қара қатын бұрқылдап жатыр.

— Қайтсін, оңай ма, не тауып бергендейміз?— деп есік жақта бір тізерлей отырған сары кемпір Әбділдәні жақтай сөйледі.

Үш үйдің адамдарының телміргені жалғыз Жүсіп болды. Бәрі Жүсіптің аузына қарады. Бір амалын тапса, сол табатын сияқты болды.

— Екі-ақ жол бар,— деді Жүсіп бір кезде күрсініп: Бір жол байларға жалынып-жалпайып қарыз сұраймыз; сүйтіп арылмас борышқа батып өтеп жібереміз... Бірақ мұндай кесек соманы бізге суырып бере қояды екен деп мен өзім сенбеймін... Екінші жол — атымызға мінеміз де, көз көрмес жерге сызамыз, бір-бірден сиырымыз бар. Бізді таза қырамыз демесе, соны алар... Алаштың патшасы... әлгі аты кім еді... жалғыз қоңыр сиырымды соған айдап апарып беріп, шандырын жегізер... Осыдан басқа жол жоқ! Мен өзім шаршайын дедім. Маған салсаңдар, бүгіннен қалмай, жүріп кетейік. Жазасы болса, артынан көре жатармыз. Үйде отырғанмен де сау қалуға көзіміз жетпейді ғой... Қамшысын білемдеп ауылнай бір келсе, қылышып салақтатып милициясы тағы жетер... Өлтіріп кетер...

Осыны айтты да, Жүсіп ауыр күрсініп, ақ жарғағының түбін тырнап насыбайын атты.

— «Алаш» дегені осы екен, мұнысын да көрдік. Аяғы немен тынар екен, онысын тағы көрерміз?!—деп, Жүсіп шынтактай кәлбеді.

Үй ішінде отырған адамдардың бәрі де ауыр күрсінді. Бірер әйел ауыздарын сылп еткізген болды.

— Қатын тұр, мына құда балалар келіп отыр ғой, қазан көтер, жүретін болсақ, ет жеп жүрелік,— деп қашуға бел буған адамның түрін көрсетіп Әбділдә орнына жайғасыңқырап отырды.

— Әй, сен үйге барсайшы, менің көйлек-көншегімді жуып бермесең болмас,— деп Жақия Сақыпты үйіне жұмсады.

Жұрттың үрейленуі әлігіден көрі жадырайын деді. Не нәрсеге болса да бел буғандық бірден сезілді.

— Байлардай ит жоқ, осындай елге келген ауырмалықты көтеріп жібере салса қайтеді екен? — деп Жақия кейістік сөз бастай беріп еді.

— Берер саған бай!.. Бай қолынан нәрсе беруші ме еді?.. Әй, эттеген-ай, кіжінтіп аласың-ау!..— деп, Әбділдә тағы тыпыршып, сандық үстінде тұрған домбырасына жабысты. Ашумен лақтырамын деп түп жағының тақтайын сындырып алыпты. Шегін бұрап тартып қарап еді,

өзі сакау домбыра одан жаман сакауланып, тұмау тиген адамдай қарлықты. Домбыра дауысы шыққан соң Жүсіп әлде неге қызынайын деді білем, бөркін жерге алып ұрып, жалаңбастанып:

— Өнебойы кең берген соң адамның мүлде берекесі кетеді екен, азырақ көңіл көтерілсін — ән салып жіберші! — деді.

Әбділдә ән салды. Әні зарланып шықты. Өзі шығарған ба, әлде біреуден жаттап алған ба, әніне өлеңі сәйкес келді:

«Кедейлік, мені жастан тақымдадың,

Қызыл тіл шер тарқатып тақылдадың.

«Жұдырық жығылғанға салынсын» деп

Ел басы — игі жақсы мақұлдадың...»

Ымырт жабыла ет желінді. Қас қарая бұлар атқа қонды. Кетерлерінде тапсырған аманаттары: «Бұларды көрдік — білдік» деп жан айтуға тиіс емес.

— Қатын, қонақтарыңды күт, ана сиырына шөп салып қой,— деп Жақия жүрерінде қайта-қайта айта берді.

— Немене, соншама пысықтап... Сен айтпасаң, білмес деп пе едің!! — деп, Сақып онысын тағы шам көріп, шатынап қалды.

Бұл үшеуі аттанып кеткенде, ағаш қолтығындағы үш үй аңырайып бос қалған сияқты болды. Үш әйел, екі қонақ, жұртта қалған ақсақ қойдай үрпиісіп, далада біраз тұрды да, жүргіншілердің қарасы көзден таса болған кезде, сары кемпірдің шақыруымен бәрі жиналып Жүсіптің үйіне кірді. Сары кемпір — Зылиха деген әйел екен.

— Келінім жоқ, шырақтарым, мына замандастарыңмен сөйлесіп отырыңдар, мен ас әзірлейін,— деп табағын қолтықтап ол тысқа кетті.

Әбділдәнің әйелі ағып тұрған бір су, аты Күріш екен, үйге кіргеннен ақтарылды. Сөйлеп-сөйлеп келіп:

— Қане, құдалар, көңіл көтерелік, өлең айтып жіберіңдер,— деп Сейіт пен Жаксылыққа да тиісіп қояды.

— Бай, бай... деп, байды құдай көретіндері бар. Не қайыр көрдік байдан?... Биыл жаз Кәкім деген байына көрші болдық. Жаздай малын саудым. Бір тыным алған емеспін. Соншама еңбек сіңіргенде, тым болмаса бәйбішесі бір ескі көйлегін де бермеді,— деп бір сөздің ретінде байларға да қақтықты.

— Өзін ала білмейсін де, ала білсең, байлар бергенін білмей қалады,— деп Сақып жауап қайтарып еді, бұған Күріш қитықтанайын деді:

— Алсаң, сен алған шығарсың. Саған неге бермесін: Байың тігінші, өзің жас келіншексің,— деп Күріш бір нұқып өткендей болды.

Сейіт қу тілдеу ғой, әйелдерге әзіл, қалжың айтып, жоқ-бармен уақыт өткізуге кірісті.

Жақсылық мен-зең адам сықылды еді. Жалғыз бүгін емес, бұл көптеңгі күй: «Алашқа» жігіт болып алынарда бастан өткен оқиға жоғарыдағы. Таяқтың зілді тигендігінен екі күндей табан серіппестен жатты. Одан әріде жататын еді, бірақ ерік бермеді: тұтқын есебінде ұстап, арбаға кесе салып, болысқа жөнелтті. Одан уйездік қалаға келді... Ауылдан кетерінде әкесі Жоламан төсектен бас көтерместен қалды:

— Қарағым, кайтейін, алдыңнан жарылқасын! — деп, кемсендеп жылауды ғана білді.

Күйі не болды екен: тірі ме екен? Әлде, таяқ ұшына тиіп Гүлбарша жалғыз қалып, күндіз-түні жылаумен отыр ма екен?..

Жақсылықтың ойын жегідей жейтін нәрсе — өзі ес білгелі біреуден көрген жәбір-жапасы. зары; соның еш-қайсысына қарсы тұра алмайтындығы; тұруға құдіретінің жоқтығы; тым болмаса өзінің жеке басына ғана қожа болып: «Бұл — менмін! Менде не жұмыстарың бар?» — деп айтуға қақының жоқтығы. Мұны айта алмаған соң адам болып жүруде не мағына бар?..

Кейде ойлана келіп: «Әлде, басқалар мен сияқты емес шығар; мені «құлдың тұқымы» деп басынатын шығар» деп те ойлады. Бірақ, өзі сияқты басқа жолдастарымен сырласқанда, бұл ойының қате екендігін анықтайды. Бәрінің де көретіні осы... Басқаны қойып, осы отырған үш үйді алшы: не болып отыр? Дағдарысқа ұшыраған сорлылар, кісі өлтіріп қылмысты болғаннан жаман, өздерін-өздері ұрлап, «қашақ» деген ат алып отырғандары мынау!... Бұл не деген зорлық? Бұлардың жазығы не? «Алашорда» құрылатын болса, осылардың міндетіне құрылмақ па?.. Ал, құрыла қойсын, сонда салықты баймен бірдей салғаны не? Тамағын асырай алмай отырған кедей 130 сомды қайдан тауып бермекші? Жерден қаза ма? Баласын сата ма?..

Жақсылық ауыр күрсінді. «Жоқ, бұлай болмасқа тиіс, мұның бір тиылуы болар, болмай кетпес!» деді ішінен.

Түн. Сейіт пен Жақсылық Жақияның үйінің төрінде қатарласып жатыр. Аяқ жақта — пештің қатарында Сақыптың төсегі. Сақып шамды сөндіргелі тұрып:

— Аяғыңыз қандай ұзын еді, түнде мені теуіп жүрмеңіз,— деп Жақсылыққа қарап күлімсірейді.

Түннің біразы өтті. Сейіт жатысымен ұйқыға кірді. Жақсылықтың көзі ілінер емес. Жақсылықтың ойын жегі боп жеп үйренген ауыр ой, кайғы-қасірет оңайлықпен ұйқы бермейді, әбден шаршағанда барып кірпігі ілінеді. Ол — қашанғы әдеті...

Далада дүрсіл. Абалаған ит. Салдыр-гүлдір келіп біреулер кіріп жатыр. Босағаға, табалдырыққа сарт етіп бірдемелер тиіп жатыр.

— Жақия бармысың? Шамыңды жақ! — деп біреу кірмей жатып үйді басына көтерді.

— Ойбай, үйде жоқ,— деп ояу жатқан Сақып жауапты іле қайтарды.

— Жоқ болса да жақ!.. Немене, керіліп жатқаның?.. Жаныңа боз бала жатудан саумысың өзін? — деп әлгі дауыс әкірендеп барады.

Сақып шамын жақты. Түлкі тымақты, қима ішікті, мұртты келген біреу. Оң қолын бүйірге таянып, шалқая қарап тұр. Екі жағында екі милиция — қазақ жігіттері, сұр шенелден суық өтіп, ауыздары сөйлеуге жуыспай, жылы төсекте жатқан адамдарға қарап сұқтанып өліп барады.

Сұлу мұрт осы елдің ауылқайы — Бәкір деген жігіт екен, Сақыптан жауапты мүнкір-нәңкірше алды:

— Жақия қайда?

— Үйде жоқ.

— Қайда кетті?

— Білмеймін.

— Неге білмейсің?

—

— Мына жатқандарың кім?

— Қонақ.

— Ақшаны тапты ма?

— Ақшасы несі? — деп білмеген адамсып Сақып ауылнайдың бетіне қарады.

— Ақшаны білмей қайда жүрсің? Кәдімгі ақша. «Алашқа» беретін ақшаларың, жүз отыз сом ақша... Байыңды қашырғанмен құтылмайсың, мен тапқызам! Тапқыза білем!.. Жерден қазсаң да табасың — деп, Бәкір ауылнай басын шалқайта түсіп Сақыпты мүлде бүріп кетті.

— Мына бір жатқандар құда түсе келгеннен сау ма, шіренулері жаман екен? — деп милицияның бірі жатқандарға төне түсіп, қолындағы винтовкасының дүмі-

мен Жақсылықты аяққа түрткіледі. Жақсылық та, Сейіт те басын көтерді.

— Бұларын кім?

— Мен осы үйдің жиенімін. Мына жігіт жолда-сым,— деп, жауапты Сейіт берді.

— Мұнда неге келдіңдер?

— Е, жүргізбейін деп пе едің?

Бәкір ауылнай қайтадан Сақыпқа төнді:

— Ау, сұлу келіншек, бізді тоқтатпа. Біз осы түн ішінде ауылнай қол астын түгел аралап шығуға тиіспіз. Ақшаны бер де бізді жөнелт!

— Сізге не болған?.. Айтып отырмын ғой, байым үйде жоқ деп.

— Маған байың керек емес, ақша керек! Бересін бе, жоқ па?

Күріш пен Зылиханы алдына салып желкілдетіп бір милиция даладан тағы кірді.

— Мына қатындарды айдап келдім. Байларын қашырып жіберіпті, өздері ақша беретін емес, «Алаш дегенінді білмейміз, Алашқа беретін борышымыз жоқ» деп өзімді тәлкек қылды,— деп милиция ентіге сөйледі.

Тап сол жерде біреу «протокол жасап, арыстайты қыл», десе мына жел бас милиция оны істеуден беті шылп етпейтіндігі қалпынан көрініп тұрды.

— Ауылнай қайным-ау, өзің де білесің, ғой...— деп Күріш сөз бастай беріп еді.

— Сөзіңнің керегі жоқ, ақшаң бар ма, соны айт! — деп Бәкір оған түйлікті.

Әйелдер сасып, үрпиісіп, біріне-бірі қарады.

— Бұларды қайтеміз?

— Аристовайт қылу керек! Жаны қысылса, табады!..— деп әлгі жел бас милиция мылтығын көтеріп-ақ алды.

Әйелдер сұп-сұп болып, көздері жыпылық атты. «Сендер арашалап бақсаңдаршы!» дегендей боп Сақып жалтаңдап Жақсылық пен Сейітке қарай берді.

— Иттер! Үрім-бұтағы құрғыр иттер! Осындай иттерді құдай тағала неге жаратады екен?.. Осы елге ауылнай болғалы он бес жыл болды, содан бері осы иттердің алым-салығын бір дұрыс төлегенін көрсем, көзім шықсын... Төлей алмастары бар, бөлек түтін болып не аталарының құны бар екен?.. «Бөлек шаңырақпыз» деп шөп кезінде бәйек сұрайтындары бар. Бәйектен садаға кеткірлер!.. Шаңырағы ортасына түскірлер!..

Менің арқам шығар, ағайын деп аяйсын. Басқа біреу ауылнай болса, бұларды әлдеқашан шұбыртып жіберетін еді! — деп Бәкір ауылнай, зіркілдеп ісініп, қима ішігі ырсылдап жарылып кететіндей болды.

— Әңгіме мынау: Сен қатындар мені жылап қорқыта алмайсыңдар. Таң атқанша мұрсат беремін. Соған дейін ақшаны жерден қазсаңдар да табасыңдар, білдіңдер ме, табасыңдар! Тапқызамын!.. Үкіметпен ойнауға болмайды. Үкімет салығын төлемейтін кім едіңдер?.. Біз түн қатып ойынға жүргеніміз жоқ. Ойнамаймыз! Таң атқанша ақша таппасаңдар, менен жақсылық күтпендер, сендер үшін басымды сібірге жібере алмаймын! Шаңырақтарыңа қобыз тартамын! Есіктеріңді түріп қойып шауып аламын!.. Сөз жоқ. Ал, біз кеттік,— деп Бәкір үйден шыға жөнелді.

— Жұмыстың тығыздығы-ау, болмаса, мынадай келіншекті жалғыз жатқызбаса да болар еді-ау,— деді милицияның біреуі, шығып бара жатып.

Үш әйел сұп-сұр болып, естерінен айырылып, аңырайысып бірсыпыра отырды.

— Шырақтарым-ау, мұны енді қайтеміз?— деп Зылиха кемпір жылап жіберді.

— Бұл ауылнайдың әдеті емес пе, бізге келгенде әкіреңдей келетін... Құдай қорлағырлар, қорлауын қоймайды, басынуын қоймайды: «кедей, аз атаның баласы, бұлардың қолынан не келеді» деп басынады,— деп Күріш бірсыпыра шаптықты...

Сүйткенше болмай, сүріне-қабына милицияның бірі үйге кіріп:

— Жақияның катыны, далаға шық, ауылнай шақырады,— деді.

Сақыптын өңі сұп-сұр болып, көзі жаутаңдап әрқайсысына бір қарады.

— Бар, келін бар, мен де ере барайын,— деп Зылиха кемпір сүйретіліп орнынан тұрып еді, милиция оның жолын бөгеп жібермеді.

Жақсылық қалтыранып, тістеніп:

— Әй, әттеген-ай! — деп басын шайқай берді.

Ертеңіне күн көтеріле, ауылнайдың жұмсауымен Рақым дейтін бір еркөкірек жігіт милиция ертіп келіп, ешкіммен сөйлеспестен, қорада тұрған жалғыз сиырларды қамшылап далаға шығарды. Зылиха кемпір ойбайын салып ала, сиырдың мойнынан құшақтап еді, Рақым оны өңменінен түйіп жіберді. Зылиха кемпір қаңғалақ атып күрткік қарға кіріп кетті...

Ала сиыр, қоңыр сиыр, тарғыл сиыр — қыстауларын қимай айналсоқтаса да, құғыншылардың қамшысы бата бастаған соң, «Алаш» құрбандығына мойындарын ұсынып, өнкілдеп, жолға қарай беттеді.

— Сейіт, ә, Сейіт!.. Бұл не? — деді Жақсылық қалтыранып.

— Бұл — канталау!.. Бұл — сорлыға тиген шоқпар! Алаштын кім үшін құрылғанын енді осыдан біле бер! — деп Сейіт үйге кетті..

Біреп жеті өткен соң қашқындар біртіндеп үйлеріне келіп еді, ауылнэй оларды шақыртып алып, — ата-бабасынан сыбай бір боқтап қолдарынан подписка алыпты: Үш сиыр тоқсан сомға кесіліп берілген екен, қалған үш жүз сомды өсімімен екі айдың ішінде төлеп бітіруге міндеттепті..

IV

Сейіт пен Жақсылық бұл ауылда екі айдай жатып өмір өткізген шамада Әбділдә бұларға орын тауып келді.

— Туған құдам еді, жақыным еді, өзі іске құнтақты, күшті жігіт, жұмысқа жалығуынды білмейді, — деп, Әбділдә Жақсылықты Кәкімнің тоқалы Ырымгүлге мақтап, ол барып Кәкімнің құлағына салған екен:

— Жүре берсін, ақысын кейін сөйлесе жатармыз, — депті Кәкім.

«Жүре беру» үшін Жақсылық Кәкімнің үйіне келді. Кәрібоз, Кетік дейтін малайлары бар екен, Жақсылықпен алдымен танысқан солар болды. Кәрібоз дейтін — күлімсіреп тұрған алып денелі енгезердей қара жігіт; Кетік дейтін — мұрнының түп жағы батыңқы, арық сары жігіт.

Бір шелек кірдің суын шайқалдырып ас үйден шыға келіп:

— Е, Жақсылық дегені сен бе едің? — деді Кәрібоз арсалаңдай.

— Әй, Кәрібоз, аузыңды.. Ана су.. Е.. Етігіңе төгілді, — деді Кетік кекештеніп.

— Ә, тілінді!.. — деп, сыбай бір боқтап, Кәрібоз арсалаңдаған күйі суды төгуге алып кетті.

Ырқ-ырқ етіп, майдан аяғын баса алмай, аударылып, төңкеріліп, жасы 30 дар шамасындағы бір аққұба әйел ас үйден шықты. Бұл — Кәкімнің тоқалы Ырымгүл дейтін кісі еді. Ерке тоқал, шайпы. «Ырымгүлдің

кәрінен сақта!» деп ауыл-аймақтың аңыз қылатыны осы кісі. Ас үйден шыққанда жекіріне, шаптыға, дүниесі бүлініп қалғандай көпіріне шықты. Шыққан ыңғайында Жақсылықты көрген соң азырақ бөгеліп, басынан аяғына шейін тесіле бір қарап шықты.

— Сен бе еді айтқан жігіті? — деді.

— Ие,— деп Жақсылық қорынып, қымсына түсті.

— Енді неге селтиіп тұрсың? Маған құда түсе келіп пе ең?..— деп улы тілімен бір шандып тоқал жүріп кетті.

Ас үйдің іші көз аштырғысыз түтін. Жалба-жұлба киімді екі әйел қатарласа отырып, білекті сыбанып алып, үйілген кірді бұрқылдатып жуып жатыр.

— Құдай атсын, Кәрібоз, жап есікті! — деп біреуі шаңқ етіп еді.

— Тек, бөтен жігіт қой,— деп екінші әйел оны шынтағымен түртіп қалды.

Үйдің ортасы пеш. Пештің маны бұрқыраған тезек, ағаш, шөп-шалам. Босаға жақ қуыс сығыса толған: қозы, лақ, арық бұзаулар. Үй іші малдың кны сасыйды.

— Бұл біздің күркеміз болады,— деді Кәрібоз арса-саландап келіп: — Кетік екеуміздің жататын жеріміз мына,— деп, үйдің бір жақ бұрышындағы көнмен араласып жатқан бір жапырақ құрым киізді көрсетті. Құрым киіздің үстінде бірер майлы көрпе, кірмен салтақтанған бір-екі жастық та көрінеді.

Кәрібоз ашық, жайдары, сөзшен екенін бір-екі ауыз сөзбен-ақ сездіріп өтті. Одан әрі сөйлеуге уақыт болмады.

— Құдай атқан Кәрібоз, сөзді қой, ана пештің оты құлап кетті, кейін тыға сал, онсыз да түтінге булығып отырмыз,— деді екі әйелдің бірі.

— Әй, ант ұрып кеткен Мәлике-ай, маған өшігіп-ақ болдың-ау, осы сенің көңіліңді қашан табар екем? — деп Кәрібоз бір сыпыра әзіл айтып, құлаған тезекті ығыстырып, қайта қалауға кірісті.

— Әдіра қал, саған ынтық болып жүр едім,— деп Мәлике күлімсіреді.

— Енді кімге ынтық болып жүр едің?.. Ай, Толқын, билігін сен айтшы,— деп, Кәрібоз, Мәликенің төмен жағындағы ашан жүзді, арғымақ пішінді, орта жасты әйелге қарады:

Мәлике — екі беті томпайып тұрған, тығыршықтай ғана қара торы әйел. Сөйлегенде аузы жып-жып етеді.

Екі сөзінің бірі «құдай атқан, Кәрібоз», «ант ұрған Кәрібозбен» келеді. Қарғадың деп кек алып отырған Кәрібоз жоқ, «қарағым» деген сөзден бетер жылы көріп жайрандай түседі.

— Сенің отырып алғаның не, малды суғармадыңдар деп бай зығыр егіп жатыр,— деп кекештеніп, аптығып, асығып-үсігіп, Кетік киінуге айналды.

Мал жайласуға Жақсылық та шықты. Байдың албарының кендігі бүкіл бір ауылдың қотанындай бар. Іскірттеп жиып тастаған мая-мая шөп. Құрттай қайнап қыбырлап жүрген мал. Албар іші жылан жалағандай тап-таза, әлсін-әлі сыпыртып, құнттап тұратындығы көрініп тұр.

Түлкі тымақты, пұшпақ ішікті, сақал-мұртын сұлулап қырыққан, бөтегелі келген қызыл шырайлы кісі албар ішінде теңселіп жүр екен, қақпа түбінде Жақсылық кез бола кетті. Жақсылықты көрген соң, таяғын төсіне тіреп, шалжыя тұрды. Бұл — осы үйдің иесі Кәкім екенін Жақсылық айтпай-ақ білді.

Кәкім Жақсылыққа бірсыпыра көз қадап тұрды да: — Амансыз ба, жігіт, қай жақ боласыз? — деді.

Жақсылық жөнін айтты.

— Ендеше ана күректі ал да, менің соңыма ер,— деді Кәкім.

Жақсылықты ертіп үйінің сырт жағындағы бір күртік қарға алып келді.

— Мына қарды жарға қарай лақтырып, осы сырттын бәрін тазартып шық,— деді.

Қатқан қарды күрекпен омырып Жақсылық ырғытуға кірісті. Кәкім кетпеді, таяғын төсіне тіреп, екі көзін Жақсылыққа қадады да тұрды. Тоқтап дем алуға Жақсылық именді, буы бұрқырап аспанға шығып, қас қарайып, көз байланғанша қармен алысты.

— Әй, көрінде өкірерсің-ау, бай, жұмыс еместі жұмыс қылуын қарашы,— деп Кәрібоз сөйлей келіп, Жақсылықтың иығына қолын салды: — таста, менің күркеме барайық, тамақ ішейік.

Есік алдындағы жалаңда ылғи пар-пар ат, күміс ызбыройлар жарқырап, семізден жараған аттардың ақ көбіктері ағып, екі танаудан дем алып тұр. Жақсылық мұны құда-күйеулер бола ма деп ойлап еді, Кәрібоз түсіндіріп өтті:

— Күндегісі осы, мұның қонағы үзілмейді: байың да, мырзаң да, төрең де — ағылып келеді де жатады,— деді: — Бәрін айтқанда баяғы біздің сорымыз ғой,—

қонақтың атын тәрбиелейміз деп түн бойына тағы дамыл көрмейміз,— деді.

Кәкімнің үйіне келген қонақтың көлікпен жұмысы болмайды екен: қонақтың атын суғарып, жемдетіп күттіруді Кәкім өз үстіне алады екен. Бұл Кәкімнің басқа байлардан өзгеше бір жомарттығы екен.

Ас үй манағыдан көрі түзеліп, үй түріне кіріп қалыпты: шашылған көң, тезек пештің аузына таман ысырылып, жиналыпты; бір қазан ет бұрқылдап қайнап жатыр. Үйдің жоғарғы жағы буланып дымқыл, жылы ауа бетке соғып тұр.

— Ант ұрған Мәлике, аштан өлтірейін демесең әкел шайынды,— деп, үйдің бұрышында жатқан құрым киіздің үстіне Кәрібоз шалжиып отырды.

— Сен бүгін қонақсың ғой, бері — мына жерге отыр,— деп Жақсылыққа төр жағынан орын берді.

Оттың қызуымен мұрнының ұшы тершіп, күлді бұрқырата түсіп Мәлике жүр. Сақылдап қайнаған қара құманды оттан суырып Мәлике алып та келді. Ескі дастарқанның жыртығын ортаға жайып Кәрібоз кесе дайындап жатыр.

— Мәлике қарағым, бүгін мына қонақ бар ғой, шын-тағынды шошайтып, шайынды дәмдеп бір құйшы... Көптен бері әйелдің қолынан шай ішкен жоқпын,— деп Кәрібоз наздана сөйлеп, қиылды.

— Келмей-ақ кой, әйелдің керегі жоқ, өзім құямын,— деп Кетік құманға жабысып еді, Кәрібоз оның қолынан құманды жұлып тартып алды. Құман шайқалып, бір сыпыра суы жерге төгілді.

— Осы антұрған еркек емес шығар деймін, әйелмен мүлде жаны қас... Кел, қалқам, мына жерге отыр,— деп Кәрібоз Мәликенің қолынан тартты.

Мәлике шай құйды. Шаршаған жігіттер терлеп-тепшіп отырып шайға бас қойды. Кәрібоздың ауызы дамыл табу жоқ, шай үстінде де сөйлеумен болды. Сөзінің көбі түйеден түскендей:

— Мәлике, сен білесің бе: осы құдай дегені бар ма екен, сірә? — деді Кәрібоз.

— Қойшы, мен қайдан білейін,— деп Мәлике күлді.

— Сенде иман болса, құлағымды кесіп берейін,— деді Кетік шайын ұрттап отырып.

— Құлағыңды емес, мұрныңды кесіп бер, ана кертігіңнен кессең, дәл келеді,— деп, Кәрібоз Кетікті тағы бір сыпыра тәлкек қылды.

— Әзіл өзіне басқа, мен шын сұрап отырмын,— деді Кәрібоз: — «Құдай бар, құдайдың рахматы кең, құдай әділ...» деп молдалар қақсағанда имандай ұйимыз. Сол құдайы бар болса, әділдігі қайда? Кәкімді бай қылып, бізді оның құлдығына неге жүргізеді? Біз құдайдың әкесін өлтіріппіз бе? Құдайдың төбесіне күй қазыппыз ба?.. Кәкім кәзір жұмақтай ағаш үйдің ішінде, үлде мен бұлдеге оранып, қонағын күтіп маңызданып отыр; күн ұзаққа еңбек сіңірген біз түтінге шашалып, сасық үйде қатқан нанның күйігін жеп отырмыз. Осы да әділдік болды ма?..

— Кәкімдей болғын келсе, бақытты бол,— деді Кетік.

— Бақытты кім беріпті Кәкімге?

— Құдай береді де.

— Бізге неге бермейді ол бақытын?

— Құлшылық қыл, саған да береді бақытын.

— Кәкім құлшылық қылып отыр ма? Оразаны ұстап көрген емес. Өмірінде басы сәждеге тиген емес. Ойнағаны карта, ішкені арақ. Құлшылық осы боп па?.. Айдабол сопы намаз оқимын деп маңдайын жара қылды, оған неге бермейді бақытын?.. Айдабол осы күні аштан өлейін деп отыр, осы ма жарылқағаны?..

— Уай, құрысын, білмеймін,— деп Кетік сұлап жата кетті.

— Сен білемісің, Жақсылық? Сенін өзін оқығаннан қалайсың? — деді Кәрібоз Жақсылыққа бұрылып, күлімсіреп.

— Оқығаным жоқ, бірақ құдай бар дегенге нанбаймын, мен құдайыңнан түніліп болған адаммын?!

— Астапыралда! — деп Мәлике бетін шымшыды.

— Қой әй, Жақсылық мынаған ерме, мынаған ерсен, діннен шығасың,— деп Кетік ақыл айтқан болды.

— Өй, аузыңды... Есалаң ит... Сен діннен шықпағанда. Әбден жұмаққа апарып кіргізе кояр... Кірерсің жұмаққа. Кәкіммен бірге сені жұмаққа отырғызғаны қандай... Сол жұмағы бар болғанда да кедейге дым жоқ қой. Бай мен малайды бір жерге жинаушы ма еді. Жыландай ысқырынып жүрген Ырымгүл тоқал сенімен бір жерде сыйысып отырғаны қандай?!.. Осы ас үйге біреп кіріп шыққанда мұрнын тыржитып бүлініп болады... Одан да, қолдан келетін болса, сол құдайдың өзін қылғындырып өлтіріп, жұмағының тас-талқанын шығару керек. Жұмақ керек болса, өзіміз қолдан да салып ала-

— Біз: осы үйден үлкенірек қылып салып, Абдырақман-
ның үйі құсатып ортасынан тактаймен бөлдірсек, әп-
пемі жұмақ болады: төр жағына Жақсылық бар, Кетік
бар өзім орналасам, ауыз үй жағын мына Мәлікелерге
берем...

— Бізді ауыз үйден шығарғың келмейді-ау,— деді
Мәлике күлімсіреп.

— Әй, солай ма, онда саған төрден орын беремін...

Бірсыпыра күлкі болып өздері едәуір көтеріліп
қалды.

— Сен өзің жассың ғой, нешеге келдің? — деді Кә-
рібоз Жақсылыққа.

— 23 темін.

— Түү... Мүлде жас екенсің ғой. Біз — мына Кетік,
мына Мәликенің байы — үшеуіміз құрдаспыз, отыздың
біріне қарап барамыз. Әлі қатын жоқ, тізені құшақтап
жатқанымыз. Ортамызда жалғыз Мәлике, бұл сорлы-
ның да мазасын алып боламыз,— деді Кәрібоз күрсі-
ніп.

— Қатарласып отырып алғаның нең, қазан пешке
от жақпай! — деп шикіл сары жас әйел ас үйге тепсіне
кірді.

Мәлике апалақтап қазанның астындағы отқа жа-
бысты.

— Мынасы несі обадай қылып үйіп қойғаны? — деп,
пештің жанында ысырулы тұрған қықымды әлгі әйел
аяғымен төрге қарай шашып жіберді. Шашылған көн
бұрқырап Кәрібоздардың үстіне қарай көлбеді.

— Ақырын, келін, қайнағаларыңнан именбейтінің
нең.— деп Кәрібоз оған да қалжындады.

Жас әйел пешке сүйеніп аз-кем тұрып, үй ішінің
інісін, буын ұнатпай қабағын тыржитып, ала көзімен
Кәрібозға бірер қарады да, тысқа шығып кетті.

— Құдайдың құдыреті, ана бір жаман күйеуі осы
келіннің ынтығын баса алмайды-ау деймін, тұлданып
бұрқырайды да жүреді. Мына Кетік оңбағанға неше рет
айттым: осы келіннің қойнына бар, деп. Өзім алып ба-
райын деп те айттым... Кетік жақын болса, бұл келін
бізге жорғалап тұрған болар еді,— деп Кәрібоз Кетікті
кажап еді.

— Қолыңнан келсе, өзің аянып жүрген шығарсың,—
деп Кетік одан бір рет өшін алып қалғандай болды.

Қазан толы ет пісіп түсірілгенде, баяғы қызыл келін-
шек келіп ет жасап, еттің барлық жылтырағын екі-үш
табаққа сыйғанша толтырып жасады да, жауырынын

басын, бір-екі жіліктің сіңірін, сиырдың қарнын кетік астауға салып, Қәрібоздарға қалдырып кетті.

— Әне, көрдін бе, Кетік: әлгі сары қазыдан саған бір жапырақ та тимеді, құдайдың әділдігі, міне, осы! — деді Қәрібоз.

— Енді маза бер, осы жілікпен қоярмын келіп, — деп Кетік қолындағы жілігін білемдеп-ақ алды.

Тамақ ішілуі-ақ мұң екен, таң атқалы тізе бүгіп дамыл алмаған жалшылар, тондарына орана түсіп, ұйқыға шомды.

V

Күн көзі көрінгенмен екі күннен бері соққан боран әлі жадырап басылған жоқ, қарды ықтасынға иіре түсіп, ұнша бұрқыратып борап тұр. Ақ қармен жым-жылас болып көмілген, кейбір үйлердің түтін шыққан мұржасы, жылтыраған терезелері ғана көрінеді. Күн қызыл шұнақ — ызғырық, түү деген түкірігің жерге түспейді, желге қарасаң, бет ауызыңды тыз еткізеді.

Жұрттың көбі боран басталғалы мүгедектеніп, үйден аттап шығуға ерініп отыр. Мұндайда ет аңдығыш шалдар қыдырғыш келмек қой, кісесін салактатып буынып алып, таяққа сүйеніп бүкшендеп: «Шаш алдырайын деп едім, сақал-мұртымды бастырайын деп едім...» деп өткір ұстарасы бар үйлерді сылтаурата жағалайды. Шаш алуға кірісілген соң қыдырманың басы құралып, ертек, өлең, әңгіме, өсек өзінен-өзі өріс алып кете бермекші.

— Әй, мына кісілерге қазан ас, шай қойып жібер, — деп, содан кейін үй несі әйеліне бұйрық та беріп үлгіреді.

Боран болғалы үйінен аттап шықпай отырған Аңқаубай нақа бір шарасыздыққа ұшырамаса, үйінен шығып қыдыра қоймайды, үйінде, пешке арқасын сүйеп, отырады да қояды. Отырғанмен істейтін жұмысы да жоқ, керек десе, басқа біреулер құсап, қолынан нәрсе келмесе де, ағаш жонып отыруыңды да білмейді. Мал дегенде бір ат, бір бұзаулы сиыр бар, ол — екі күннен бері сүйшен жоқ. Соны ойлап, жалбыр жағалы ақ тонды белінен құр жіппен буып алып дүниені жапырып тастайтындай болып тысқа шығып еді, ызғырық суыққа шыдай алмай бүрсендеп қораға кірді. Ыңыршағы айналып қаусап тұрған торы ат «жаз бойы үстімнен түспей ыңыршағымды айналдырып ең ғой, енді тым болмаса маған

мезгілімен су берсейші» — дегендей боп оқырап кісінеп қоя берді.

«Күннің боранын көрмейсің бе, какпас құдайдың ала алмай жүрген өші бар ғой» — деп Анқаубай кейіп, торы аттың көңілін жұбатайын деген адамдай, жақын барып жалын сипады. Жал-күйрыққа сауыстанып қатқан мұзын түсірген болады. Суаттын алыс екені рас, жаяу апаруға ерінсе, мініп барып суғарса да болар еді, жалқау адам сылтау тапқыш келеді ғой, Анқаубайдың тауып тұрған сылтауы бар: торы атта жабу жоқ, өзі арық ат, мына ызғырықта суық су ішсе ұшып өліп қалмай ма?

Тұмшалап ораған бөкебайдан екі көзі ғана жылтырап, Анқаубайдың әйелі Ұмсынай, малдан қалған санылтырды қапсыра құшақтап жатыр. Санылтырды апарып, пешті өртеп жағады. Пеш ысып, жарыла түсіп, жарығышан ашы түтін шығып үйдің ішін көңілдендіре түседі. Ұмсынай қызған пешке арқасын қақтай отырып, Ырымгүл тоқалдың әдейі шақырып алып тапсырған жұмысын істейді. Ырымгүлдің жұмыс тапсыруының өзі бір «бақыт» емес пе? Басқа қатындардың қайсысын осы Ұмсынай құсатып жақын тартып отыр?.. «Ұмсынай келінім тірі болсын, жалғыз осының ісіне ғана көңілім толады» дейді Ырымгүл тоқал. Осы атақ есіне түскенде, байдың жұмысын бұрынғыдан да артық ынтамен істеп, қысы-жазы — Ұмсынай бір тыным көрген емес.

Байдың үйіне араласқалы Ұмсынайдың қадыры өсіп келе жатқан тәрізді. Байдың оң қолы болып жүрген Жұмат сияқты жігіттерін бұрын Ұмсынайды адам деп көзіне ілмейтін еді, осы күні Ұмсынайды көргенде күлімсірей түсіп, сұлу мұртын ширата бастайды.

— Сендей женгесі бар адамның арманы бар ма екен? — дейді Жұмат күлімсіреп.

— Қайт дейсің, саған женге болмайын деген жерім бар ма? — дейді Ұмсынай.

Біраздан бері, андып жүрген адамдай, Анқаубай үйден шыкса, жылмаң етіп Жұмат кіріп келеді. Жұмат әзілдің неше түрін айтып Ұмсынайды мүлде еліктіріп кетеді.

Анқаубай да андымай жүре ме? Дүниесінің бәрі қараң қалатын болса да, үйден аттап шықпай отыруға бар. Бірақ байдың үйінің «тығыз-таяң» жұмысы болып қалып, Анқаубай соған шақырылады; өз жұмысын істеуге ерініп отырған кісі, байдың үйі шақырғанда аяғын

ұшынан басып жөнеледі. Амал қанша, бармаса, күлін аспанға шығарады ғой.

Жас жағынан алғанда Аңқаубай Ұмсынайдың әкесімен тең кісі. Аңқаубайдың бұрын да бір қатыны болған кісі ғой. Ол бір адуын, көк долы болып кездесіп, Аңқаубайдың шаңын бұрқыратып, Аңқаубайға жақпаған жаласын қалдырмай, ең арғысы «еркек емес» деген сөзге шейін барып, ақырында кетті де қалды. Оның кетуіне Аңқаубай қуанбаса ренжіген жоқ. Содан былай төрт-бес жылға шейін Аңқаубай әйел дегеннен түңіліп те бара жатыр еді. Бір жақын ағайынның қолына кіріп, азғана малын ішпей-жемей өсіріп, он шақты қараның басын құрап алып еді. Тап сол кезде Жарбол дейтін осы ауылдың атқа мінері Аңқаубайды нықтады да:

— Сен неғып жүрсің? Өзім айтпасам, ешнәрсені ойлайтын емессің ғой. Қатынсыз жүрді деген не? Бір жақсы қыз алып беремін,— деді.

Аңқаубайдың ризалығын да сұрамастан өзі икемдеп алып кетті.

Аңқаубай жақын ағайындарымен ақылдасып қарап еді.

— Саған зиян ойламас, ақыры қатынсыз өтпейтін болсаң, алмай қайтесің,— дегенді айтысты.

Сондағы алып берген қызы — осы Ұмсынай еді. Ұмсынай келіншек болып түскенде ынжық, сылбыраған бос еді. Кәзір түскеніне төртінші жыл. Кәзір ондағы Ұмсынай емес, әсіресе былтырдан бастап Ұмсынайға тіл бітті. Сылбыраған Ұмсынай бойын жиып алды. Ашуы келсе, Аңқаубайға батыра-батыра сөйлейтінді шығарды.

Табалдырықтың алдындағы көк тайғақ мұзға сүрініп жығыла жаздап, уһілеп Аңқаубай үйге кірді.

— Не болды, сорлы, енді аяғыңды да алып жүре алмайтын болдың ба? — деп Ұмсынай оған жиырылып қалды.

— Пай, пай, саған жағу қиын-ақ-ау,— деп Аңқаубай шешініп жатып кейі сөйледі.

— Естімеймін сөзінді, шандыма үйтіп...

— Енді кімнің сөзін есітесің.

— Е, не бопты?

— Нем болсын менің? Үйге біреу келсе, жылмаң қағуды білер ең-ау,— деп Аңқаубай жоқ жерден ашуланып, көзі шапыраштанып кетті.

Ұмсынай сөз таластырмай тымырая қалды. Төменгі ерні бұртиды. Ашуының келгені сондай, Аңқаубайдың

легіндегі ана көрінген қыркылжын бурыл сақалды талдап жұлатындай болды.

Аңқаубай, әлде қалай болмаса, көп ашуланбайтын кісі ғой. Ашудан бәйгі ала алмайтынын біледі. Ашуға кірісіп, ұшықтыра берсе, тілі шыққан Ұмсынайдың қайдағы жоқ сұмдықты бастап, «кетемінге» салмасына кім кепіл. Кетіп жатқан әйел аз ба? Әсіресе, осы бірер жылдан бері құлақ есітер жердің өзінен қаншама әйел кетіп отыр. Бәрі де осы Аңқаубай сияқтылардың әйелі. Әлді адамдардың біреуінің әйелі кеткен емес. Нұрпейіс сияқты билерің екі иығын жұлып жеп, қайдан олжа түсіремін деп отырғанда, бірер сыбыс құлағына тисе, мың түрлі саққа жүгіртіп, жер соқтырудан тағынбайды ғой...

— Ұмсынайжан, ашуланба. Кейінде қатты сөйлейтінім бар. Сенен басқа кімге сөйлейін, басқа менің кімім бар? — деп, Аңқаубай Ұмсынайдың тізесін баса келіп отырды.

Ұмсынай үндемеді. Кейде ашумен бұ да батыра-батыра сөйлесе де, Аңқаубайдың мұнайғанын көрсе, кәдімгідей аяушылық қалыпқа келеді. Әкесіндей адамды бетінен алғанға ұялыс тапқан секілденеді. «Осыны ренжітіп қайтем?.. Ренжітпей-ақ, кетемін десем, мені бұл ұстап тұра ала ма?.. Ұстап тұра алмайды десіп жүр ғой. Өз күнәсін көп алдында мойнына салсам, мұның менде не сөзі бар...» деп ойлайды Ұмсынай...

Домаланып Мәлике келді, Мәлике тегін жүре ме, байдың үйінің бірер тапсырмасын ала келеді:

— Бәйбіше жіберді сізге, келсін, деді, жігіттері үлгіре алмай жатыр, малдары суғарусыз тұр..

Брымгүл тоқалды ауыл-аймақ ня атын атамай «бәйбіше» деп атап кеткен. Мұның бұйрығы орындалуға тиісті бұйрық. Аңқаубай бір ауыз сөз айтпастан қоржаңдап киініп жатыр. Әкесі өлген адамдай оқта-санда ауыр күрсініп қояды.

Аңқаубай қораның ішімен кетіп бара жатқанда торы ат тағы оқыранды. Ерініп суғармаған аты ғой бұл. Аңқаубайдың байдың малын суғарысуға кетіп бара жатқанын торы ат сезбейді-ау...

Күн-түні салпақтап жүгірсе де, Мәлике моюынды біле ме, осындай бірер жұмыспен бір үйге келсе, тізесін басып отыра қалып, әңгімені бұрқырата жөнеледі. Пештің отын көсеп жайнатып жіберіп, екі қолын қақтай отырды да:

— Кетемін деуі өтірік білем, жұрттың алып қашып жүрген сөзі көрінеді ғой,— деді.

— Неге өтірік болсын, кеше бәйбішелер де айтып отырды ғой,— деп Ұмсынай оған қарсы түсті.

— Бетсіздігі де, сүттей ұйып отырған байын тастап... Шал деп, шалды құдай жаратпап па...

— Өз күйеуін жас болған соң айтасың ғой,— деп Ұмсынай күрсінді.

— Сенің шалыңа айырбастайын, аласың ба? — деп Мәлике қалжыңдады.

Екеуі дауыстарын бір бәсендетіп, бір көтеріп, едәуір сөйлесті...

Байдың үйінің албары базарша қайнап жатыр. Ауыл адамдары түгелінен осында. Аңқаубай сияқты өз малдарын суғаруға ерініп отырғандардың бәрі де, байдың көңілін риза қылайын дегендей, бүрсендеп тонғандарына қарамай, қармен алысып жатыр.

Арық-тұрақ малдар суға айдағаныңды тындар емес, бүрсендеп қораға қарай қашады. Мына бір ала бүйрек сиыр Жақсылықты ыза қылып-ақ болды: қорадан үш рет айдап шығып еді, басын шайқандатып сүмендеп қайтадан кіреді де келеді.

Жақсылықтың мүлде ызасы келіп, күректің қырымен тұмсықтан беріп келіп жібергенде, ала бүйрек сиыр шалқаяқтап құлап түсе жаздады.

Кәкім талтандап албар ішінде жүр екен, тіксініп қарай қалды:

— Ойпырмай, мал көрмеген ит екенсің ғой! — деп, тостағандай көзін қадағанда, Жақсылықтың ту сыртынан өтіп кеткендей болды.

— Кет ит! Мені көгертпей-ақ қой. Сендейдің мыны табылады. Тамақ үшін өздері-ақ келер... Таста былай күректі!..

Албар ішіндегі адамдар бажырайысып қарады. Жақсылықтың бетінен оты шықты. Бізғарлы аязды елемей тұла бойы жіпсіп сала бергендей болды. Күректі тастарын да, жұмысты істей берерін де білмей селтиіп тұрып қалды.

— Қарап тұрма, ерегесіп оны жеңе алмайсың, істей бер,— деп біреу сыбыр етті.

Мұны айтқан — Кәрібоз, Кәрібоздікі жаны ашығандық.

Істей бергенде не болады? Белгіленген еңбек ақы жоқ. Тағы бір ашуы келгенде осы сөзді Кәкім тағы айтар. Айтқанын елемей Жақсылық ылғи істей берсе жақсы, бірде болмаса, бірде «Осының төбесіне мен құй қазған жоқпын, билігіне таласқан жоқпын, қатынының

ғойнынан шығып отырған жоқпын, осы маған неге әкігендей береді?..» деп Жақсылықтың шығып кетпесіне кім кепіл?

Жақсылық кенет бұрылып, ірі адымдап албардан шыға беріп еді.

— Ей, тоқта!.. Шіркін, не ғып адам боласың, бір ауыз сөзді көтере алмай?.. Істей бер әрі жұмысыңды! — деген Кәкімнің дауысы шықты.

Жастан малай ұстап әдеттенген Кәкім кімнің жұмысты қалай істейтінін айыра біледі ғой. Жақсылық сияқты, бір өзі екі-үш адамның жұмысын істейтін жалшыны қолдан шығару деген Кәкімге кешілмейтін күна емес пе?!..

Жақсылықтың адымдап келе жатқан аяғы кенет бөгелді. Әлде қайдан қорқыныштың қылтындап басы көрініп, алғашқы екпінді сөндіріп, ашулы қайратты жасырта бастаған сияқтанды...

— Жақсылық, ұста мына күректі, мына бір жердің қарын тазартып тастайық, — деп Кәрібоз жұмысқа еріксіз баулығандай боп ертіп әкетіп бара жатыр...

Бүрсең қағып үйден шыға алмай жүрген Аңқаубайың буы аспанға шығып, қарды кесек-кесегімен лақтырады.

— Уа, Ақа! — деді Кәрібоз.

Аңқаубай аңырайып қарады.

— Сізді осы — жалғыз сиырдың тайыншасын молдаға беріп намазға жығылды, дейтін еді. Намаз оқисыз, бізден көрі құдайға жақынарақсыз: сол құдайың осы бар ма, жоқ па?

— Астапыралда! — деп, қар күреп жатқандардың біреулері күбірледі.

Аңқаубай отағасы күрсініп, милықтанған тымағын кейін таман көтере түсті де:

— Соның бар-жоғын өзім де білмей жүрмін-ау, — деді.

— Бар болса, соның өзі бір сыпыра жасқа келмеді дейсің бе, сақалы сіздің сақалыңыздан кішкене болмаса... Өзі қолға түссе, сақалын талдап тұрып жұлсам деймін, сіз бұған қалай қарайсыз, Ақа?

Кәрібоз бұл сөзді әзіл ретінде айтса да, шырайын бұзып сірә күлген емес.

— Діннен шықтың, Кәрібоз!

— Тоба қыл, ант ұрған!

— Ақа-ау, өзің күрекпен салып қалсайшы, — деп, қар күреп жатқандар дабырласады.

Кешке жақын қазанға ас саларда, қара астауды көтеріп Ырымгүл тоқалдың соңына Мәлике еретін еді. Бүгін Мәлике жоқ болды ма, тоқал дауыстап Жақсылықты шақырып алып:

— Ас үйден астауды алып шық,— деді.

Астауды көтеріп Ырымгүлге Жақсылық ерді. Қима күзен ішіктің белін жібек белбеумен орап, ту сырты құнан қойдың сыртындай іркілдеп, Ырымгүл аяғын зорға басады.

— Сенің атың осы Жақсылық па еді?..— деп етті аралап жүріп Ырымгүл бір қарады.

Май басқан семіздігі болмаса, ажарға тәп-тәуір адам. Сөзге би. Бұл туралы Кәрібоз толып жатқан өсек айтады: «Бірді — бірге ұрыстырып жүрген адам, қанағаты жоқ адам» — дейді. Медесін дейтін бір жылман қара кісі өткен өмірінде осы байдың үйінде жүреді: байдың қонағын күтеді, бәйбіше мен тоқалын күтеді, байдың жалғыз баласы құсап бұлғаңдайды. Осы тоқалға Кәрібоз сол Медесінді де таңады: «Медесін тоқалдың неке-лі байымен бір есеп қой» дейді... Түріне қарасан оп-онды-ақ адам, оншама «жолы сұйықтыққа» салына қояды дейтін емес.

— Кәрібозға ерме, ол бір құдайдың атқан адамы... Талай жігіт ұстап жүрміз ғой, соның ішіндегі бір тәуірі сен ғой деп жүрмін,— деді тоқал.

Басқаларды жұмсағанындай жекірмей, астауды жерге бірге көтерісіп, Ырымгүл тоқал Жақсылыққа кәдімгідей жылы тартты. Жыландай ысқырынып отыратын тоқалдан бұл — күтілмеген мінез еді.

Күн ұзаққа жұмыспен алысып шаршаған адамдарға Кәрібоздың «күркесі» жұмақтай көрінеді.

— Айқай, жан-ай, шаршадың ғой, бір дамылдап көрші! — деп, Кәрібоз құрым кигіздің үстіне жер бауырлап жатты.

Шам жарығы күңгірт. Лаулап жанған от жарығы пештің аузына төне отырған Мәлікенің екі бетін шикандай қызартып, балбыратып отыр.

— Осы қатындардың-ақ жаны тыныш, отқа қақталады да отырады... Бейнетті көретін біз ғой,— деп Кетік етігін пешке жайып жатып күрсінді.

— Уа, Кетік!

— Немене?

— Сен де қатын бола ғой, Мәлікенің жаулығын ба-сыңа салып...

— Әй, аузыңды... Мені сөйлетпейсің осы?..

Кетік қанша бұрқылдап ашуланғанмен кек алу жоқ, ерін тауып Кәрібоз кәзір-ақ күлдіреді. Кетік ашуланғанмен кәзір-ақ ұмытады. Екеуі бала құсап ойнайды. Жазаласып алысады. Алысып жүріп беттері тиісіп кетсе, бірін-бірі құшақтап сүйіп алғандай болады. Екеуі түйдей құрдас. Көздерін жылтыратып ашқалы екеуі де осы Кәкімнің босағасында өмірін өткізіп келе жатыр. Біріне-бірі серік, біріне-бірі жан ашыр дос.

Кәрібоз мүлгіп көпке шейін үндемей жатты.

— Біз не көрмедік,— деді Кәрібоз бір кезде күрсініп: — Кетіктің әкесі де, шешесі де өліпті. Менің әкем ғана өліпті. Жылқышы екен, жылқы бағып жүргенде суыққа ұшып өліпті. Шешем мен сияқты аңқылдақтау, ажарға тәуірлеу адам екен. Мені үш жасарымда жылаттып айырып, шешемді сатып жіберіпті...

— Сатушы кім? — деп Жақсылық басын көтеріп алды.

Бұрышта жатқан Кетік күрсініп:

— Кім болушы еді? Кәкім дағы,— деді.

Кәрібоз моюдын адамы емес. Әлде қалай есіне түссе, бірер күрсініп алады да, қайтадан әнгімесіне кіреді. Көз ұйқыға барғанша Кетікті күлдіру, кейде бала құсатып ызаландыру — Кәрібоздың міндеті сияқты.

— Осы мен жоқ болсам қайтер ең, Кетік?

— Өлер деп пе ең? — деп Кетік бұлданады.

— Мәлике-ау, манағы айтқаның шын ба, ойнап айттың ба? — деп Кәрібоз басын көтерді.

— Шын айтам.

— Сен не дедің?

— Не дейін, пәлесіне қалайын ба?..

— Өй, ант ұрсын Мәлике. Оңбайсың Мәлике. Сенде бір адам сықылданып сөйлессең қайтеді? Жұрттың сендей қатыны бірді-бірге ұрыстырады. Айтсаң қайтеді: «Бүлінбе, жарылма, біреуге қол жаулық болма!» десен қайтеді?.. Тоқалдың салып отырған ылаңы ғой. Ұры ит құсап жылмандап Жұмат сол үйге үйір болыпты. Жұмат тегін жүрмейді. Олжа кереккен шалдар Медесінмен сыбырласады. Медесін өтінішін тоқалға айтады. Сосын, тоқал орындайды да береді.

— Құнасын арқалап қайтесің, шалыңнан да бар көрінеді,— деді Мәлике.

— Е, неғыпты?

— Не қылғанын қайдан білейін? Әйтеуір айтып отырады ғой... Еркек емес деседі ғой...

— Құдай атсын Аңқаубайды, қатында не атасының құны бар екен? — деп бұрышта бүк түсіп жатқан Кетік те араласты.

Кәрібоз бірсыпыра ойланып жатты да,

— Бұл жарамаған екен. Апырмау, осы қатыны шынымен тағы олжалана ма?.. Аңқаубай сорлының соры қайнап болды ғой, мынаған ақылыңды айтсаңшы,— деп Кәрібоз Жақсылықты бүйірден түртіп тұрғызды.

— Тұр, Кетік, басыңды көтер.

— Е, мені қайтесің?

— Ақылдасайық, мынаның бір шарасын табайық.

Үшеуі де осы мәселені шын шешетін адам құсап бастарын көтеріп отырысты.

Әңгіменің тізгінін ұстап отырған Кәрібоз. Ол өзінше, бұл әңгіменің түбіне бір сыпыра мән беріп сөйлеп келді де.

— Аңқаубайға жабылған өсектің анық-қанығын айыру қиын. Анық болса, қатын алып не жұмысы барын білмеймін. Бұрынғы қатынын да Жарбол дейтін атқа мінеріміз көзге көріне сатып олжаланып еді. Ондағы олжадан біздің байдың тоқалына сыбағаға бір ат тиген... Біздің байдың өзі қызық. Өзі еш нәрсеге қатынаспайтын бір момақан адам құсап отырады. Ерке тоқал билікке араласады. Тоқал олжа түсірсе, милығынан күледі де отыра береді...

— Өй, сен ұзақ сонарға салдың ғой. Айтатын болсан, айтсайшы, әйтпесе жатамын,— деп Кетік қисая кетті.

— Асықпа, мұның өзін де сөз қылмастан бұрын бірсыпыра салыстырып алмаса, болмайды... Осы сен көп үндемейсің, үндемеген адамның бұқпантайы ішінде болушы еді, осының ақылын сен тапшы! — деп Кәрібоз Жақсылыққа бұрылды.

Жақсылық көп сөйлемейді. Сөйлесе, сөзден тым адаспайды да. Ұмсынай мәселесіне баста ол ат үсті қарап ойын сияқтандырып отырса да, Кәрібоз бірсыпыра сөйлеп өткеннен кейін қулардың тұзағын, жемқорлардың әдісін, Аңқаубай сияқты момын кедейдің ешкімге мұның айта алмай екі көзіне әлі жететіндігін байқады. Жылаудың, тарығудың, езілудің қандай екенін Жақсылық жақсы біледі ғой.

— Әйелдің өзі қандай, сол жағын айтып көрші,— деді Жақсылық.

— Бас та емес, аяқ та емес, орташа әйел. Ақылсыз емес. Сөзге де тәуір. Түскен уақытта өте ынжық еді, осы

әуіні өзі кәдімгідей ашылып қалыпты. Мына Кетік сияқтының аузын ашырмайтын да жайы бар...

— Әне, мені тағы кірістірді ме? — деп Кетік бұрылдады.

— Мелінше, бұған бір-ақ жол бар, — деді Жақсылық: әйелдің өзіне жолығып, басалқы айту керек. Ешкімнің азғырынды сөзі өтпейтіндей қылу керек.

— Мұнына түсіндім. Бірақ соны істейтін кім?

— Мәликеге тапсырайық.

— Ойбай, атама, менің қолымнан келмейді, — деп Мәлике ыршып түсті.

— Осыған сен кіріссең қайтеді? — деп Кәрібоз Жақсылыққа төндіріп еді.

— Мені қой, өзің кіріс. Көптен таныссың, сөйлесіп жүрген адамың. Сенің сөзіңді қиып кете алмас, — деді Жақсылық.

Бұлар өздерінше сырттан кесіп-пішіп билікті құрып жатқанда, Ұмсынай мәселесі байдың үйіндегілердің де аузына алынып жатыр еді.

Кербез тоқал, быртыған саусағында алтын балдақ жалтылдап, екі құлақтағы күміс сырғасы теңселіп, шайды ұрттай түсіп, Медесін мен Жұматқа қарап иекті көтеріп тастап сөйлесіп отыр:

— Ыңғайладыңдар ма?

— Жұмат айналдырып жүр ғой, қайда кетер дейсің, — деп Медесін жымындап күлді.

— Ана жағы ше?

— Ол жағы дайын: алынатын малдың санына шейін белгіленді, сіздің айтқаныңыз меже болды...

— Осы сендер не айтып отырсыңдар? — деп болбыраған бәйбіше тоқалға қарап шатынап еді.

— Сенің сөзде нең бар, алдыңдағы тамағыңды ішсейші, — деп тоқал оны мойырып тастады.

Жібек дейтін бәйбіше осы ауылдың тәуір көретін адамы. Өз басында кемістік бар ма, әлде ата тегі олқы жер ме, әйтеуір бай мұны бір теңгеріп көрген емес. Тоқалға мықты иленген адам. Бұл түгіл байдың өзін билеп алған тоқал ғой бұл.

Байдың отыратын бөлмесінде өмірге үзілмейтін қонақ: молдан, әзіретін, төрең, байың — қайдан шығатынын білмейсің, келеді де жатады. Қәкім бай, сөзді аз сөйлейтін адам ғой, жұртқа сөйлестіп, шынтақтап жатқан күйі, оқта-санда бір мырс етіп, жақтырмайтын сөз болса, әңгімені бөліп жіберіп, жұрттың сөзін, сөзінің астарын, сөйлеушінің кім екенін, қандай оймен сөйлеп

отырғанын — бәрін салмақтайды да отырады. Абайламаған, үстірт қараған кісі Кәкімді: «Мал санын көбейтумен отырған бір боз ауыз ғой» деп те бағалайды. Бірақ істес болып көрген адамдар Кәкімнің тырнағының қаттылығын сезе біледі. Кәкім уақ-түйекпен бәс ауыртпайтын кісі. Ауыл арасындағы уақ сөзден өзін жоғары санайды. Аздап оқуы да бар. Саясатыннан да құр емес. Болыс қол астындағы ауызға іліккен адам жалғыз болса, соның өзі де; екеу болса, бірі.

— Біздің Әлімжанның учитель баласы Дуанға барып қайтқан екен. Оның сөзі жақсы емес, «Алашорда» жігіттері бет-бетіне қашып жатыр дейді. Елге отряд шығарып бір сыпырасын ұстап айдаған білем,— деп төрде отырған жуан сары кісі ерніндегі насыбайын шыртып еткізіп түкірді.

Бірсыпырадан бері атқа мінген «игі жақсылардың» сөзі: алаш жігіттерінің қашқандығы, ел арасын, жисктегі поселкаларды большевик адамдарының қаптағандығы, большевиктерді ұстауға қаладан дүркін-дүркін шығып жатқан отрядтар туралы. Сондай отрядтарының талайы осы үйдің дәмін татпай кеткен емес. Уезде отырып ел ішіндегі сенімді, тәуір орындар қарастырылғанда ауызға ілігетін үйдің бірі де осы.

— Былтырғы большевиктер Дуанды алатында Жұмақанның молда баласы солардың ішінде араласып жүретін еді ғой. Сол былтырдан жоқ болатын. Өліпті-мыс деп те естіліп еді. Сол жақын арада үйіне келіпті-мыс деп есіттім,— деп қырықпа сақалды, жалпақ бет қара кісі бір бүйірде отырып қонырсытты.

Манадан бергі айтылған сөзге бай онша елікпей, үш асықты құмар қылып ойнап шынтақтап жатыр еді, мына сөз еріксіз ойын бөлді, бажырайып қарай қалды.

— Үйіне келіпті дейсің бе?

— Солай деп есіттім...

— Кәпір!.. Дін оқуын оқып, дін медресесінде тәрбиеленіп жүріп, дінсіздерге қосылып жүргені... Ондай кәпірлердің көзін жою керек қой,— деп, төрде отырған Вали кәлпе патуа бере сөйледі.

— Медреседе оқығаны болмаса, соның өзі дінге қарсы деп есіткем. Былтыр әкесі өлгенде, үйіне барғандарға құран оқытпады, деген...

— Некесіз қатын алған адамнан не сұрайсың?..

— Сендер оны айтасындар, мен соны таза шоқыныпты деп есіткем,— деп біреуі мүлде асыра соқты.

Үй толы адамның ас піскенге шейінгі әңгімесі — Жұ-

мақанның баласы туралы болды. Оған жабылмаған жа-
ла қалмады.

Кәкім бай үндеген жоқ, асығын ойнады да жата бер-
ді. Бірақ үндемегенмен, өзіне керек сөзді ол жіпке тізу-
мен жатыр еді.

Кәрібоздар Ұмсынай мәселесін қолға алып жатқан-
да, байдың үйіндегілердің кеңесетіні көбінесе осы сияқ-
ты әңгімелер еді.

— Кетік-ау, Кетік! — деді Кәрібоз.

— Әу.

— Ұмсынайға барып сөйлесермін ғой. Бірақ «құрғақ
қасық ауыз жыртар» деген бар, мен соған сені ұсынсам
деп отырмын.

— Өй аузынды!..

Үй іші қара күңгірт тартып, мүлгіді де тұрды. Бұ-
рышта бүктісіп жатқан үшеуі де, көздері ілінді ме, әлде
түпсіз терең ойға батты ма — үнсіз жатты да қойды.

— Кетік, арқамды қасып жіберші! — деді Кәрібоз
бір кезде.

Кетік арқасын қасып отыр. Еркелеген баладай Ке-
тіктің алдында сұлап Кәрібоз жатыр.

ҚҰСАЙЫН ҚҰЛБЕКОВ

Повесть

Құсайын Құлбеков «атқа мінер» атқа ие болды да кетті. Қалай ие болғанын кім білген, адам елегендей де болған жоқ. Қылжақтап жүруші еді. Әке-шешесі ерте өлді де, одан қалған құрым үйге, бір-екі қараға, екі інісіне өзі қожа болып, «Құсайын Құлбеков» болып ауылнайдың тізбегіне тіркелді. Екі інісін екі байға жалдады. Бір-екі қараны сатып, сойып оның да көзін бітірді. Құрым үй бір-екі жылдай Байтудың үйінің қыстауында жатып, еріккен шөпшілер, егіншілер құрымын олай да, былай да сүйреп, ақырында о да тозып бітті. Шанырағын Дәметкен ұрлап апарып самауырынға азық қылды.

Бірақ, Құсайын Құлбековтың өзі бар. Дәктеген кара домбырасы бар. Домбырасы Байтудың үйінде тұрады. Өзі көрінген үйді мекендейді. Қолы тиіп үйіне бірер соғып кетсе, кара домбыраны қолға ұстап безілдетеді келіп...

«Құдай-ау, малды алсаң да, басты алсаң да.
Қимайтын қыршып-өндір жасты алсаң да:
Жар берші: жаным сүйіп құшақтайтын,
Жалғанның басқасынан бос калсам да!..»—

дейді, Құсайын. Бірақ «құдайскесі» мұның зарын тыңдап, іздеген жарын бір кездестірмейді.

Құсайынды атқа мінгізіп жүрген Нұртай ғой. Нұртайдың қос күрен атының билігі Құсайында, соны суарады, жемдейді, сылап-сипайды, баласынан бетер күтеді.

— Атыңды күтіп қой, бірер күндер бозғыл жағына барып қайтармыз,— дейді Нұртай.

«Атыңды» дейді-ау ол. Осы сөзді естіп, құдайдың құдіреті, қос күрен ат Құсайынның өз аты сияктанып кететіні бар. Жол үстінде Қайдар кездесіп Нұртаймен шұрқырасып:

— Әйда атыңды бұр, Дәуітбайдың ауылына барып қонайық. Күләш сұлуға ат шалдырмай кетуің ұят емес пе,— десе Нұртай, бұқа мойынын жанат ішікке тыға түсіп:

— Тізгін өзімде емес қой, Құсайын біледі... Барсақ па екен, Құсайын? — деп күлімсіреп отыратыны бар.

— Өй, енесін ұрайын... Әйда барамыз, сұлу қызға соқпай кеткен деген не? — деп Құсайын божыны қағып қалса, қос күрең лып ете түседі. Қос күреннің екпіні тынық күнді боранға айналдырады. Жанат ішікке оранып, шананың төрінде Нұртай жатады. Екі бетін аяз жалап, жаңа тап беріп келе жатқан мұртына көк сүмбілі мұз сіресе қатып, «әйт!» деп жекіріп, күрендерді орғыта түсіп, Құсайын отырады.

— Бай, бай, Құсайын-ай, жылқыға дегенде аруағың бар-ау, — деп, сырттан қарағандар оны көтеріп қояды. Осы атақтың өзі неге тұрады?

Дәуітбай дейтін малының санын мыннан асыра алмай отырған бір сорлы. Жыртық үйге тамшы үйір деп мұндай «жуас» байға қонақтың үйір келгіштігі қандай. Оның үстіне, осы Күләші құрғыр ер жетті де... Дәуітбайдың сорына бетінің қызыл болуын қарасайшы. Нұртай олай өтіп те келеді, былай өтіп те келеді. Барын беріп сыйламаса, тағы қиын. Нұртайдың қаламының ұшына іліксең, су түбіне кеттім деп біл!.. Нұртайдікі Нұртай-ау, мына көшіріне шейін дандайсуын көрдің бе, отауды қыңыржақтап, Күләштің жүретін жолын андиды. Күләші құрғыр, қызбын деп иба сақтау болса екен-ау, осымен аузы жабысып, сөйлесіп жатқаны:

— Мырза сіздің құлағыңызға сал деп айтып еді...

— Есіттік деп айтты деңіз.

Күләш сияқты қызбен сөйлесіп, сөз тасудың өзі бір марқабат емес пе?

Нұртай мырза карта ойнайды. Ақша дегенің дода-дода.

— Тұз қиық та батидан шықты ма?.. Ендеше Құсайынға бес сом бер... Ал, Құсайын, бес сомға бір карта алып, қойып жібер...

Міне, қалай сыйлайды Нұртай!

Үйге келсе, мұндағы күн одан да қызық. Нұртайда бір бәйбіше мен бір тоқал бар. Бәйбішенің бір тісі кетік демесең о да жап-жас адам. Тоқалының түскеніне үш жыл жаңа толып келеді.

— Құдай атсын Құсайын!

— Ант ұрып кетсін Құсайын!

— Қойшы, қарағым, менімен ойнап...

— Кет әрі, жаңа бәйбішемен ыржандасып жатқан жоқ па ең?!..

Бәйбіше мен тоқалдың Құсайынға айтатын сөздері тап осы.

— Әй, мына бір шапаның тозып қалған екен, Құсайынға берсейші,— деп Нұртайды жағалап бәйбіше бір шапанды сүйреп жүреді.

— Құсайынның көйлегі тозған екен, сенің мына бір ескінді соған берсем қайтеді? — деп тоқал жүреді.

Өстіп жүрген Құсайын киімге тарығар ма?

Нұртай мырзаның пандығы ма, әлде сүйегіне біткен мінез бе, біреуден сабақты ине-жіпті өз қолымен ала білмейді. Жұмысы болып біреу келсе, Нұртайдың сонына сүмірейіп ерсе, Нұртай күлімсіреп:

— Маған несін айтасыз, мен үйде отырған кісімін. Бұл күнде тізгін Құсайындарда, өзі сельсовет. Құсайынға өзіңіз де жолығыңыз, мен де айтайын,— дейді.

Құсайынның аруағы енді қалай көтерілмесін. Ерегіскен адамын Сібір айдатып жіберем десе, еркі емес пе?..

Қамбардың тұқымынан өрген «қара сирақтар» 12 шаңырақ екен, солар, ортасынан Балқай дейтін біреуін сельсоветке атаймыз дегенде, Нұртай олардың аузын аштырды ма:

— Бәрің бірдей атқа мінбексің бе? Қамбар тұқымынан Құсайын жүр ғой, қайсыбіріне жетеді? — деп.

Ойнап қара Құсайынның «бақытымен!»...

Жер дауы, жесір дауы, барымта, билік — бәрінің маңында Құсайын жүр.

«Құсайын, сен барып сүйте ғой»,— деп Нұртай кейде Құсайынды жеке жұмсап жібереді.

«Жәке, сіз барып қайтыңыз, жаныңызға Құсайынды берейін»,— деп Нұртай кейде Жәкеге де ертіп жібереді.

Сыртқы әлеуметтің Құсайынға көзқарасы түрлі-түрлі, бірсыпырасы «арқа сүйері, сөз тыңдатары бар» деп Құсайыннан кәдімгідей қаймығады; бірсыпырасы Құсайынды ит етінен жек көріп, жиырылады; енді бірсыпырасы Құсайыннан қаймықпағанмен, Нұртайдың аруағы үшін сыйлайды; сүйтіп, Құсайын бұл жағынан да ұтылмайды.

Құсайынның соңғы әзірде ойлап жүрген жұмысының бірі — үйлену, өз алдына үй болу еді. Үйленгенде, әрине, «атағы шыққан» жігіт болған соң, анау-мынауға былғанудың жөні бар ма? Адамын тауып алу керек қой. Ойнап айтса да, шындап айтса да, Нұртай біреулермен сөйлесіп отырып:

— Ауылдарында жақсы қыз бар ма, Құсайынға айтырып, құда болар ем,— дейді.

Осының өзі Құсайынның көңілін жұбатуға мықты сүйеу.

Онымен жүріп Құсайын бірсыпыра жылдарды өткізді.

Шәріп дейтін бір тентек шал Берен дейтін қызын он сегізге келгенше күйеуге бермей отырды. Шәріп сияқты кедейдің талайы қыздарын бесікте жатқанда сатып, мал алып қарық болып жатқанда да Шәріптің делебесі қозған емес. Оған қызығу былай тұрсын, қызын күйеуге беріп, той қылғандарды көрсе:

— Шіркін, ішінен шыққан баласын сатып отырып, несіне мәз боп той істейді екен? — деп кейітін.

Береннен басқа баласы болмады ма, Беренді тым ерке қылып өсіреді. Он бір-он екіге жеткенше Берен еркек балаша киініп, шашын алдырумен жүрді.

Бой жеткен қызы бар деп бозбаланың қылжақтайтын әдеті ғой. Шәкен ондайдың бірін үйіне үйір қылған емес. Бірер бозбала келе қалса:

— Немене, қыз андып келдің бе? Осы қызды сен үшін сақтап отыр деп пе ең?! — деп турасынан айтады. Ысылмаған бозбала жерге кірердей боп ұялып, қайтып ол үйдің маңынан жүрмейді.

Құсайынға қыз сұрастырып жүргенде осы Береннің ауызға ілінгені. Ауызға ілінуі-ақ мұң екен. Шәкен үйіне қисайып Құсайын келді. Күзге қарай Шәкен үйінде отырған ба, бұл кезде Беренді іздегендер оңаша кездестіре алады. Берен, я кесте тігіп отырады, я қол машинамен біреулердің ісін тігіп отырады. Оңаша отырғанын андып бозбала келсе, Береннің ойына әкесінің мінезі түседі: «Қызық-ау, қашанға дейін қорымақ? Өмірлік үйінде сақтаймын деп ойлай ма екен?..» Дегенмен жеңілдік қылып, көрінгенмен ойнап-күлуден аулақ. Тәрбиелі, өнегелі қыз атанам ба деген үміт билеп, жөніп алған секілді.

Берен Құсайынды да көп бозбаланың бірі сияқтандырып қарсы алды. Үйіне келгенде, көзінің қиығымен бірер қарады да, сосын қайтып көзін жоғары көтермеді. Нәзік саусағы бұралып, ешкімді елемейтін, ешкіммен жұмысы жоқ адам сияқтанып ісін тіге берді.

«Жарайтын қыз екен!» деді Құсайын ішінен. Шынында, Құсайын, бұрынды-соңды, өзіне меншіктеп қыз іздеп көрген жігіт емес қой. Қолға іліккен, көзге түскеннің бәрі Нұртайдан артылды ма? Құсайын «қаздың орғанына семірумен» жүрді ғой, Өмірінде бірінші рет өзіне меншіктену көзімен қарап, Құсайын осыған бірден

қол қойды. Көзі дөнгелек, қара, қыр мұрын, аққұба, дене бітісі көркем, ерні қалыңдау екен, бірақ ол басқа сымбатына қиғаш келіп тұрған жоқ... Тіпті, осыған сол ернінің қалыңдығының өзі жарасып тұрған сияқты...

Құсайынның мінезіне таныс емессіздер ғой. Таныстырайын: дәбдірлеп сөйлейді, бір сөйлесе, көп сөйлейді: мақтанып, асыра сілтеп, өтірік айтып алатын да әдеті бар; «әйелге дегенде аруағым күшті» деп келеді. Бірақ, «аруақты» өзі үшін жұмсап, сынап көрген емес. Міне, Беренге кездескендегі Құсайынымыздың түрі осы.

«Әйелге батылмын» деген имам Құсайынды ерлендіріп Беренмен сөйлескенде, ол өзін жоғары ұстады. Көзге ілмейтін әйелдермен Нұртай қалай сөйлесуші еді, мынаникі тап солай болды. Бірақ, бір қиын жері, Құсайын қанша адамсып, бүлінсе де, бұған көз салған, мұны елеген Берен жоқ. Сұрауының көбі жауапсыз қалды. Тілсіз-мылқау ма? Саңырау ма? — деген күдік туғызғандай да болды. Сүйтіп отырып, Құсайын сөйлеуге ыңғайланса, машинаны әдейі дарылдатып, сөзін желге ұшыратынды шығарды... «Әй, мынасы мазақ қой?.. Осы кіммен ойнап отыр өзі?..» деген қиял жылт етіп, Құсайынды ашуға мінгізіп, ірілігін бұрынғыдан да өсіре түскен сияқтанды.

— Сұлу қыз, тым шектен аспаңыз, «көрейін де өлейін» деп, аяғыңа бас иетін ешкім жоқ!..

— «Бас и» деген біреу бардай-ақ...

— Ендеше жөнге келіп сөйлес...

Тағы дарылдаған машина... Машинамен қойса екен-ау, көзінің алды күлімдеп, сықақ қылған пішінді сездіріп тұрған сияқты.

Сол күні Құсайын ауылына қайтты. Қызбен жарытып тілдесе алмады. Бұл қыз ызасын да келтірді, екінші жағынан ынтықтығын да арттырды. Жалғыз-ақ ашық нәрсе, осы қызды Құсайын қайтсе де алмақ. Бұл қызды алмаған соң Құсайынға тірі жүрудің қажеті жоқ!

Нұртайдың жұмсауымен, Жәкең ақсақал бас болып, екі шал сапар шекті. Ат тұмсығын Шәріптің үйіне тіреді. Бұл екі шал, ел жайлаудан көшер кезде, Шәріптің үйіне арнап келіп сыбағасын бір жеп еді.

— Атауын жегірлер, енді не қалды деп келді екен? — деп Шәкеңнің кемпірі, ашуға тығылып, құманшасын сындырды.

Қотандағы қой иіріліп, балағын түрінген бір бала ақ тушаның қара лағына жабыса түсті. Қара лақ бақырып,

суылды басына көтерді. «Лағымда нең бар?» дегендей боп, сақалы шошандап, емшегі салпылдап ақ туша жүгірді. Қара лақтың басы жұлынып, терісі сыпырылып, еті қазанға салынды. Майлы көбік қазанның ернеуінен көтеріліп, лық-лық атты...

Жәкең ақсақалдың аузы әңгімеде. Баяғы Жапон соғысын, Герман соғысын, одан ақ пен қызылдың соғысын өзінше бірсыпыра көптіріп келіп, ел ішінің әңгімесіне түсті: ақыр заманның жақындап келе жатқанын, елден дуа көтеріле бастағанын, үлкенге құрмет қалмағанын, тағы тағыларды айтып бір сүре әңгіме қып шықты. Шәріп отағасы әңгімемен үйірлігі жоқ адам ғой, әйткенмен, тыңдамаудың есебін таба алмай, басын шұлғып отырған болды. Жәкең сөзін: «Құдайдың бұйрығы, пайғамбардың сүндетіне» әкеп тіреді. Осыған жалғаса Құсайынның аты аталды. Құсайынның епті, пысық, «адам болатын» жігіт екендігі айтылды; соның адам болуына өздерінің тілектес екендігін, соның үшін, «құдай бұйыртқан болса», әмин деп бата қып, құда болып кеткісі келетіндіктерін айтты.

Шәкең күрсінді. Бұл талайдан есіткен сөзі. Ондайға Шәкеңнің беретін жауабы қысқа еді. Бірақ мына шалдарға оны айтуға тілі күрмеліп отыр. Бұл шалдар, Шәкеңше айтсақ, «құдайдан, безген шалдар». Бұлар ұялу дегенінді, имену дегенінді, аяу дегенінді білетін кісілер емес. Көздері қан таласа бұл сияқты қыздың жұмысын сырттан-ақ бітіріп жібереді. Қыз бір түнде жоқ боп шығып, «қашып кетті» деген лақап тарайды. Қызынан айрылған адам да осы шалдарды іздеп тауып, осы арқылы бітім істеп, емен жарқын бірдеме алып, үйлеріне қайтады. Бұлардың жөнелткен қызының ешбірі «зорлап әкелді» деп айтқан емес, «өз еркіммен келдім» деп бедірейіп отырғаны...

«Осыны істегендей бұл шалдардың қолында қандай қасиет бар?» демексіндер ғой. Сол қасиеттің қайда екенін білген жан болсайшы! Мына Жәкең дейтін шал — шын аты Жампейіс — орташа ғана дәулетті. Ақметтің болыс кезінде бір сайлау би болған, тайсалмайтын көсем, топ жарған шешен де емес, екі танауына насыбайды кезек толтырып отырған, құжырайған ғана шал. Жалғыз қасиеті — шаршауды білмейді, өмірінде үйіне түнеген емес; жаспен де, кәрімен де сырласып, үйлесе біледі. Екінші шалымыз — Ділдебек дейтін — бұл анадан көрі салмақты, ұтқыр, бой баққыш. Көзге көрініп ешнәрсе істемейді. Сырт қарауға Жәкеңнің жанында жүретін

үзеңгі жолдасы есебінде... Бірақ, жақыннан танысқан адамдар мұны «нұсқаушы» дейді де, Жәкенді «орындаушы» дейді. Екеуін бірге қосқанда жалпы қасиеті: «игі жақсының» бәрімен таныс, айтқандарын істетеді, болыс қол астында бұларды білмейтін атқа мінер жоқ...

Міне, Шәкеңе кездескен қос шалдың түрі осы еді. Бұл шалдардың келіп, жүз салып отырғанының өзі абырой-ау. Осының өзіне «Тәңірі жарылқасын!» айтуға болмай ма?..

— Қайдан білейін... Отырған бір бала еді... Енді, екеуің бірдей сақалыңмен келгенсің...— деп, Шәкен күрсінді.

Шалдар, осымен әңгімені біттіге есептеп, елдеріне қайтты. Береннің Құсайынға «қалал жұпітке» берілгендігі бүкіл елге тарады.

— Мұнысы несі? Баяғыдан бері сақтап... Тым болмаса басында үйі, бауырында қазаны бар біреуге берсе қайтетін еді? — деп, есіткендердің ішінде кейгендері болды.

— Бақытсыз бала, бақытың ашылмаған екен! — деп Береннің шешесі, қазанның майлы қаспағын Беренге қырып беріп отырып, егіл-тегіл жылады.

Берен қуанған да, ренжіген де жоқ сияқтанды. Бұрынғыша ісін тігіп, оюын ойып, отыра берді. Қыдырып келген бозбала болса, көзінің қиығымен бір қарап қойып одан арғы мінезге үйірлікті іздемеді... Жалғыз-ақ өзгеріс: бұрын, жалғыз отырып, ыңылдап өлең айтқанда:

«Құн-тұп тігіп кестені,
Көйлек кидім кестелі,
Оңған жігіт көрмедім,
Өзім қыз боп өскелі».

деп жырлаушы еді. Енді, Құсайынға атастырғаннан былай:

«Мені күңге арнап па?
Әкем малын алмақ па?
Бүйтеріңді білгенде,
Кетпес пе едім қалмаққа!»

деп, ауыр күрсінетін болды...

Қалың малы «жең ұшынан» берілетін бес жүз сом екен, оны табу үшін Құсайын екі інісінің малайлыққа тұрған жерін айналдырды: екі інісінің бірнеше жыл тұрған еңбегін алып, ол жетпеген соң, інілерінің еңбегін

тағы бірнеше жылға сатты. «Той малың болсын» деп Нұртай қалтандау келген қызыл қойды арбасының артына танды. «Қыз көрімдік», тағы бірдемелерге деп бәйбіше мен тоқал тесік тенгелер, орамал-шаршыны Құсайынның сыртқы қалтасына тағып жатты. Ноябрьдың ақша қарымен араласа Шәкең үйіне күйеу-құда келді. «Күйеуді қарсы аламыз» деп, жаулықтары шошаңдап, әйелдер жүгірді. Той болады деп қуанып, үйден-үйге жүгіріп балалар жүрді...

Құсайын дегеніне жеткенмен, Беренге деген баяғы бір ашу ойынан шығып болған жоқ еді. Бірінші рет көргенде соны бетіне басып, кек алмақшы еді.

Ауыл жатар кезде жеңгелері Беренді әкелді. Ақ бөкебайды бүркеніп, есіктен кірген ынғайда, Берен кідіріп тұрып қалды.

— Жүр, Еркежан, ұялма, күйеуің ғой, — десті жеңгелері.

— Келмей тұрғаны көңілінде басқа бір мүддесі бар шығар? — деп Құсайын баяғы кекті осымен алмақ болды.

— Болса ше? — деді Берен жанына отырып жатып.

— Не дейсің?

— Есіткен жоқсың ба?

Басқа қыздар, күйеуінің жанына келгенде, бетін басып, сызылып, бүлініп болар еді. Қалыңдығының бетін көремін деп күйеуі бөкебайға таласар еді... Берен, отыра беріп, бөкебайды нығына түсірді. Аққұба жүзі, қызыл көтеріп жібергендей болды. Құсайын керіліп, қолын талдап, жымын-жымын күлді.

Берен ұзатылып келіп, келіншек боп, жаулық салынды.

Нұртайдың ас үйінің бір бөлмесі бұларға берілді. Бәйбіше мен тоқал бір күнге жарыдық деп, қалай жұмсарын, қандай жұмысқа қосарын ойлап, бастары қатып жүр еді. Берен жұмбақты оңай шешіп берді:

— Мен бұл үйдің күндігіне келген жоқпын, істемеймін жұмысын! — деді.

— Ойбай-ау, мына беті тілінгір не дейді? — деп бәйбіше мен тоқал беттерін шымшыды.

Береннің үстінен Құсайынға арыз айтылып, ол:

— Қарап отырғанда бірдеме бітіресің бе, істесе сал, — деп Беренге айтып көріп еді:

— Немене, осы үйдің күндігіне әкеп пе едің? Асырай алмасың бар, қатын алып нең бар? — деп Берен бетінен ала түсті.

Құсайын күңкілдеп, ұялыс тапқан адамдай беті құбылып, бұл туралы Беренге қайтып сөз айтушы болмады.

— Осы шіркінмен ырылдасып қайтеміз? — деді бәйбіше. — Алдаумен-ақ жұмысын бітірмейміз бе?..

Бәйбіше, тоқал асты-үстіне түсіп жалбандап, өздеріне қарай үйірілтейін десе, Берен шалқая түседі.

— Ойпырмау, мынау беті тіліңгір екен ғой!.. Мұндай адамды кім көрген?! — деп бәйбіше, тоқал жағаларын ұстаы.

Нұртайдың бір малайы бар. Жасы Құсайыннан бірталай кіші. Бала күннен малайлықта болып, езіліп, ынжықтау боп өскен сияқты еді. Аты Қарабек еді. Бәйбіше мен тоқал басынып, жиреніп «Қара әбілет» деп атын бұзып қойып еді. Осы Қарабек жиырмадан асты да, шақар, қайсар, у тілді болып шықты. Бәйбіше мен тоқалдың шандыма сөзіне қарсы сөз тауып айтатын болды.

— Қағынғыр әбілет!

— Тұқымың құрғыр Қара бет! — деп, бәйбіше мен тоқал қан қақсап, қарғайды да отырады.

Қарғауды көбейтіп жүрген себептері — бәйбіше мен тоқалды нешетүрлі сөзге іліктіріп Қарабек өлең шығарады.

«Бәйбішенің басында ақтан желек,
Бозбалалар кетіпті тоқалды елеп.
Құсайыннан қол үзіп, санын соқты,
Енді бізге жымысқып күлсе керек...»

Осы сияктанған өлендер ауылды қаптап, біреуден-біреу үйреніп, таратып әкетеді. Мұны есіткенде бәйбіше от болып өртеніп, Қарабекті жарып өлтіру дәрежесіне жетеді. Бірақ, «малай ұрғанның жазасы күшті» деп есітіп, амалсыздан ішінен тынады.

Осы Қарабек Нұртайдың ас үйінің төл қамайтын бөлгінде жатады. Құсайынның жататын бөлмесімен екі арада жұқа ғана тақтай бар. Бір жағындағы сыбыр екінші жағынан есітіледі. Қарабек, кейде ерігіп, ыңылдап өлең айтса, Құсайынның шабына от тұтанады:

— Жағың қарысқыр иттің баласы, өшір үнінді.

— Е, неге? Өлең айтпасын деген заң шығып па?

— Далаға кетіп айт.

— Өзің кет. Өз бөлмеме мен қожамын!

Мұны естісе, Құсайынның үні өшеді. Өзіне ме, басқа біреуге ме кейіп, төңбекшіп ұйқы көре алмайды.

Құсайын қос күрең аттың божысын ұстап кетіп, Бе-

рен бөлмесінде жалғыз қалса, екі бөлмедегі екі жалғыз еріксіз тілге келіп, әңгіме өзінен-өзі қабындап туа береді. Қарабек есіткен-білгенін Беренге айтып береді. Әсіресе, бәйбіше, тоқалдың әңгімесін құтыртып айтады. Тоқалдың аты Зиба. Ол тоқпақтай қатқан қара сұр кісі. Бірер минуттың ішінде мың түрлі қарғысты жаудырып үлгіреді. Қарабекті шөміштен де қысады:

— Жерсін!.. Берермін! — деп қанын ішіне тартқанда, адам бетіне қарағысыз болады.

Осының өшін Қарабек те ала біледі. Өшті қалай алғанын, қандай өлең шығарғанын, мұның өлеңін есіткенде, Зибаның ызаланып жылағанын Қарабек жыр қылғанда, Береннің шекі-сілесі қатады.

Із аңдыған Зиба тоқал бұлардың шүйіркелескен қалпын сезе қалып, бұл әңгімені нешетүрлі құбылтып, елге жайды. Өсекші қатындар ауыздарын сүйрендетіп, жаңадан бір ермек тапты. Бас қосқанда айтысатын жаңа хабарлары — Қарабек пен Берен болады... Әңгіме әбден етск алған кезде, тоқал мұны Құсайынға сыбырлады:

— Жалғыз қатынына ие болмай неден құдай атты!.. Түскені жама ғана, маскара-ай!.. Ұяты бізге келеді-ау енді,— деді.

Құсайын ашуға булығып, ас үйге келіп кіргенде, қазан пештің алдында Қарабек пен Берен сөйлесіп отыр еді. Тап сол сағатында бұлардың арасындағы сөз — Құсайын ойлағаннан басқа еді: бұл елде жаңадан ячейке ашылып, соған бірсыпыра адамдардың жазылғандығын, ұя хатшысы Балқайдың Қарабекке жолығып: «Сен де жазыл!» деп мұны демдегендігін айтысып отыр еді.

— Ячейкесі не істейді екен?

— Кедей мен батырақтың басын қосамыз дейді, байлармен күресеміз,— дейді...

— Оған мені алар ма екен? — дейді Берен күлімсіреп.

Көзі қанталап келген Құсайын осы күлкінің үстінен шықты, сөйлесуді ұмытты, жұдырығын құшырлана түйіп, Беренді салып өтті. Екінші қайта ұмтылғанда, бір тегеуірінді қол Құсайынның жағасына жабыса түсті.

— Жібер деймін, әкеннің аузын!..

— Жібермегенде қайтесін, кісі өлтірмексің бе?

— Өй, мына желкесі қиылғыр біреуді өлтіре ме?.. — деп Зиба тоқал Құсайынға болысқан болып, босағада тұрған күрекпен Қарабекті сілтеп өтті.

Қарабек Құсайынды босатып жіберіп, тоқалды өңменінен түйді келіп!.. Тоқал босаға жаққа тыраң етті.

Шүпілдеп тұрған бір ілеген суды нығымен қағып, сү тоқалдың үстіне төгілді; ызақорлық та жаман ғой, оның үстіне Қарабектің қолы да батыңқырап кетті білем, тоқал сіресіп, көгеріп жатып алды...

Оқиға көз ашып, жұмғанның арасында. Бұдан бірер минут тап осындай көрініс болар деп осы тұрғандардың ешқайсысы ойламаған шығар-ау... Болды. Үй топырлап адамға толды.

— Неге ұрасың біреудің қатынын? Кім едің сен? — деп, Қарабекке ұмтылушылар болғанмен, көпшілік араға түсіп, ондай батырларға жол бермеді.

— Аптықпаңдар, болар жұмыс болыпты ғой, ендігісін сот айырап, — дейді Балқай.

— Сен неге кірісесің? Сен қайдан құдай боп ең? — деп, Жетпіс дейтін бір жуан желке Балқайға түйлігіп еді, Балқай аспай-саспай ғана:

— Сабыр-сабыр. Сен де ешкімді оба алмайсың. Оның заманы кеткен! — деді.

Шыны да сол-ау!.. Жетпіс, Омар деген жігіттер бұрынғы заманы болса, Нұртайдың қатынына қол жұмсаған адамды босағаға таңдырып қойып сабар еді-ау. Енді, мынау: екі көздері жаудырап, кіжінуімен тістері кез болып тұрғаны.

Тоқалды «тірілтіп» үйлеріне әкетісті. Көрші ауылға карта ойнауға кеткен Нұртайға дереу кісі шаптырылды. Бұл шапқыншы төсекте жатқан ауылнайды да оятты. Ауылнайдың үйінде жатқан болыстық милицияны да оятты. Жәкең мен Ділдебек ақсақалдарға осылай болды деп хабар тигенде, олар етіне біз сұққандай шіміркенді. Басқасы болса да, нақ мына жұмыс ертерек сияқтанды...

Қарабек Балқайлармен еріп кетті. Жұрт аяғы тарай берген кезде Берен де күпісіне жабысты.

— Өй, сен иттің баласы, қайда бармақсың? — деп, Құсайын күпіге жабысып еді, Берен күпіні сілкіп, жұлып алды.

— Немене тағы ұрғың келіп тұр ма?.. Ал, ұра ғой! — Берен жақындаса, Құсайын кейін шегінеді. Апырмай мынаның келбеті... Көзі шатынап, қанын ішіне тартып, қалыш-қалыш етеді. Екі-үш айдан бері осымен бірге жатып жүріп, Құсайын осы түрін бір сезсеші!.. Мынауың тайсалатын адамның түрі емес қой!..

Берен киініп, есіктен шығып бара жатқанда, Құсайын мен-зең боп, қалшынып тұрумен қалды.

Тап соның ертеңгі күні Нұртайдың есігінің алды то-

пырлаған ат еді. Нұртайдың ағаш үйінің үлкен бөлмесі есігінен төріне шейін самсаған кісі еді. Төсегінің үстінде бір жамбастап, шылымды үсті-үстіне тартып, жүзі құбылып Нұртай жатыр еді. Қызық жұмыс болды-ау. Бұл оқиға басқа біреудің басына туып, Нұртай ара ағайын боп, соның жұмысын жөндесіп, ақылын айтып отырған болса, қандай жарастықты. Ойламаған жерден өз үйінен бүрк етті. Бір істейтіні — әзірге жабулы қазан жабуымен деп бүркей салып, қолайлы кезін аңду еді. Оған қаратпай, бір жел бастар, қиратып тастайтыннан жаман, әңгімені ашып жіберіпті. Көрші бөлмеде, қол сандықтың үстіне кеңсесін орнатып, бір милиция жазу-сызу қып жатыр. Одан не шығады? Бұл қағаз сотқа түседі. Сотың қай бір «оңып» отыр?.. Бұдан бірер жыл бұрынғы Ақтамның судия кезі болса, онда да бір сәрі еді... Копакардай жұмыс қып, қорытындысынан еш нәрсе шықпай қалса, одан масқара не бар?..

Милицияға жауап бергендер күнәнің бәрін Қарабектің үстіне үйді. Куәнің үлкені Құсайын болды. Милиция алған жауабына өзінше қорытынды істеп, айыпкер Құлманұлы Қарабекті тұтқынға алмақшы болып еді, ячейке адамдары қарсы түсті.

— Ешқайда қашырмаймыз. Шақырған жеріне апарамыз, бізге кепілге бересің! — деді.

«Кепілге берілмесе екен» деген өтініш жүргенмен, милиция бір сөткедей тамақ ішпей ойланып, ақырында кепілге беретін болып шықты...

Ашумен аттанған Берен салып ұрып әкесінің үйіне барып еді. Әңгіме-кептен бір шақырым алыс жүретін Шәріп отағасыға бұл үлкен жүк болды. Бір күндей тамағын ішпей төңбекшісе де, не істейтінін біле алмай басы қатты. Сосын, ауылындағы атқа мінген пысығы Ережеспке барып ақылдасып еді, ол басын шайқап:

— Пәле тілеп алып қайтесіз, балаңызға ақыл айтып, түсіндіріңіз. Нұртай тірі тұрып, ауылынан жесір жібермес! — деді.

Шәкеннің өз ойы да осы еді.

Бірер күннен кейін Нұртайдың атын жегіп, Құсайын келіп еді, Шәкеннің кемпірі оны бетінен ала түсті.

— Қой, қатын, кіріспе! — деді Шәкен басын шайқап: «жаным, мынау сендік болған. Ұрғаныңды көрсетем демесең, енді қайтып жіберме. Әйел ғып алған соң, не болу керек!» — деді.

Берен бұл жолы да әкесіне қарсы бір ауыз сөз айтпай, Құсайынның шанасына мініп, кейін қайтты. Бірақ,

бұл оқиға Беренді мықты өзгерткен сияқты болды. Қайтып келген екем деп мойын жүні жығылмай, Құсайынды шындап қолға алды: осы келген бетінде үш-төрт күннің ішінде Нұртайдың үйінен бөлектеніп, Жүсіп дегеннің босағасына барып кірді. Құсайынды бұрынғыдай байдың үйіне жібермейтін болды. Қос күрең аттың бағылуы басқа адамға тапсырылды, іші пысты Құсайынның. Бұрынғы күнін айтып, жүрсегі жарылардай боп күрсінетінді шығарды. Қатынға билігін беріп, соның дегеніне көнгендігі үшін өзін адамдықтан шығарып сөкті. Бәйбіше, тоқалға көрінуге беті қалмады.

Құсайынның өзіне тете інісі Қасен дейтін еді. Бала күнінде көріп білмесе, жеті-сегіз жылдан бері Құсайынның мұнымен жұмысы болмай кеткен ғой. Осы Беренді айттырарда ақша керек боп, іздеп барып, Қасен жұмыста жүргендіктен, о жолы да көре алмай кеткен. Сол Қасен, аласапыран кезде, салып ұрып ауылға келді. Қыр мұрынды, тарғыл бет, еңкек жауырын жігіт болыпты. Қу тілді, қунақы, көтеріңкі.

— Сені кім шақырды? Мезгілсіз уақытта бұл қай жүрісің,— деп Құсайын тергеп еді, Қасен інісі жөндеп жауабын да бермеді.

— Қой, шатаспа, орнына бар. Еңбек ақыңның алынып қойғанын білемісің? — деп еді.

— Мен ешкімнен ақша алғам жоқ. Сен алған болсаң, өзің бер,— деп Қасен жауапты қысқа берді. Өзі комсомолға жазылыпты. Байдан шығуының өзі қызық: бай ашуланып, таяғын ала жүгірсе, бұл қарсыласа түсіп, таяғын жұлып алып, жағасынан ала қылғындырыпты.

— Ашуымның келгені сондай, өзін таза қылғындырып өлтіріп жібергендей ем, біреу айырып алды,— дейді Қасен.

Құсайын абыржып, қысылып, кейісе:

— Қысылма, сенен ақша сұрап келетін бай жоқ, асықпаса өзі беріп құтылар әлі! — дейді.

Қасен мен Қарабек бірінші рет жолығысқаннан шұрқырасып, жақын болып кетті. Қайда жүрсе, екеуі бір болатын болды. Екеуі бірігіп Жүсіптің соқасын айдасып, бірталай егін салдырып алды.

Соқадан босап еді, екеуі тізе қосып, қысқы үйді салуға кірісті. Берен де қосылды бұларға. Үшеуі бас қосып сөйлескенде Құсайынның үйі шын базарға айналды. Бірақ бұл күйі Құсайынға жат еді. Бұлардың әрбір сөзі, әрбір күлкісі Құсайынға найза болып қадалды. Құса-

йын ылғи байланысумен болды. Екі күннің бірінде от басында ұрыс шығаратын болды.

— Не көрінді саған? Біздің сөзіміз шаншу болып қадалса, жайлы жерінді іздеп тапсайшы,— дейді Берен.

Мә, саған! Бұған долданбай Құсайын тұра ала ма?!

Ой шіркін теңіздей толқып, Құсайынның басын қатырып-ақ болды. Ойлап келіп тоқыраса Құсайын өзінің тұрмысына таң қалады. Құсайынның күткен тұрмысы осы ма еді? Құсайынның ойынша: ақ отауды тігіп, Нұртайдың інісіндей боп, ақ майға қолын малып отырмақшы еді. Беренді жекіргенде жерге кіргендей қып, сұсымен қорқытып ұстамақшы еді. Басқа жұрт сүйтіп-ақ ұстап жүр ғой қатынын. Ыбырайлар қатынын қысқа күнде қырық сабайды. Қанша сабап отырса да, үйіне қашып, бетінен алып отырған қатыны жоқ, бүгін көзінің жасын көл қып отырса, ертеңіне байымен күлімдесіп, соның аяғын сипап отырғанын көресің. Құсайынның ойлағаны сол тұрмыс еді ғой. Қазіргі тұрмыс тұрмыс па; қатынын бір рет ұрам деп, зорға қайырып алған сияқты болды. Бұдан именуді қойды қатыны. Осыған қатын боп келгелі, мұны адам екен-ау, жолдасым екен-ау деп елеп, бетіне қарап бір рет жымынып күлген де емес. Басқа біреу келсе, әсіресе, Қарабек келсе, Береннің жолы болып, күндей ашылып, жымындайды. Бұ не деген сұмдық?.. Кешке екеуі бір төсекке жатса, Берен оң қарап бір жатқан емес. «Бері жат, неге теріс қарайсың?» деп Құсайын байланысқанда ғана, ұрыс шығармайын деген адам секілденіп, шарасыздан икемделеді... Осы да тұрмыс па? Осыны да қатын деп жүрмек пе?

* * *

Сайлау болады екен деген хабар, тоғызыншы нөмірге қараған ауылды бір сілкіндірді. Жалғыз тоғызыншы ауыл ғана емес, бүкіл болыс қол асты болып аяққа басты. Бұрынғы сайлауларда Нұртай мен Абдол екі партия болып, елді екі жік қып ұстаса, бұл сайлаудың бір өзгешелігі — осы екеуі бірігіп ел ымырасын күшейтіп, белгісіз біреулерге қарсы әзірленген сияқтанды. Бұл қарсы жақ қандай адамдар, олардың қолынан не келеді, бұ жағы Нұртай мен Абдолға ерген топқа қараңғы еді. «Бізге қарсы осындай күш бар» деп олар өздеріне ерген адамдарға айтқан да жоқ. Тек, өздері астыртын сөйлесіп алып, жұртқа қорытындысын ғана есіттірді.

— Құбылып бара жатқан заман. «Алтау ала болса, ауыздағы кстер» деген. Баяғыдан бері партия құрып, елдің берекесін алғанда да мүйізіміз шыққан жоқ. Елді ойлайтын да кезіміз келді, біз бірігетін болдық! — деді.

Осы әңгіме Байсалбай қарттың үйінде айтылып, сөздерінің шындығына ақсақалдардың алдында құран сүйіп, олардың батасын алысты. Сайлау ымыраға көшті: қай ауылдан кім сайлану керек, кім қандай орынға сайлану керек, осының тізбесіне шейін істелді. Осы ымыраны бұзушыны аруақ-құдайға тапсырып, бұлар сол бағытпен аттарына мінді.

Бұлардың не үшін әзірленіп жүргендіктері сайлауға шындап кірісілгенде байқалды. Сайлау әзірлігін өткізетін комиссия сайланыпты. Тоғызыншы ауылдың комиссиясына Балқай мүше боп өтіпті. Балқай дейтін Құсайынмен аталас бір кедейдің баласы. Бір аяғы ақсақ. Бір көзі тыртық. Сөйлесе аузы-аузына жұқпайды. Қазақша жап-жақсы хат таниды. Нақ бүгінге шейін кісі қатарына кіріп, жұрт көзіне түсіп көрген жоқ еді, осы жолы бірден көзге баданадай болып түсті.

— Байлар, атқа мінерлер бұл жиылысты жағаламаса да болады. Мұның өзін кедей мен орташаға тән жиылыс қып өткіземіз бе деген ойымыз бар,— дейді ол көпке күлімсіреп.

— Ау, мынауың не дейді? — деп, мұның сөз тамырын теріс көріп, Жәкең шошынса.

— Алғашқы адымы ғой, қарқыны басылады ғой,— дейді Ділдебек.

Сайлауға қатынаса алмайтын адамдардың тізбесі істеліп, көпшілікке жарияланып жатыр.

Тоғызыншы ауылдан дауысы жойылуға тиісті кісілер: Нұртай Бисенұлы, Жампейіс Тоғызақұлы, Ділдебек Оспанұлы...

— Ау, мынау не дейді? — деп Жәкең шындап сұрланды.

Балқай жиылыс басқарып, жаңағы тізбені дауысқа салып жатыр.

— Қане, осыны мақұл дегендерін қол көтеріңдер!.. Біреу, скеу, үшеу, төртеу...

Жағалай отырған жұрт біріне-бірі жалтақтап, ең әуелі иығын қозғап, одан білегін қозғап, білегі барып қолының басын қозғап, ақырында сол қол ептеп жоғары көтерілді...

— Ал, түсіріңдер, көпшілікпен қабыл алынды! — деп

санаймыз... Жаңағы аты аталған кісілер жпылыстан шықсын!

Екі қолын артына ұстап, салбырап Нұртай кетіп барады. Салмағын таяғына таман салып, еңкендеп Жәкен кетіп барады... Қызық-ау!

Сельсоветке мүше аталғанда, Қайралап дейтін сүбе бидің бірі, жұлып алғандай қып:

— Құсайын Құлбекұлын атаймыз. Сол кісіні жазсаңыз екен! — дейді.

— Е, Құсайынды бпыл көрдің бе? Бұрын атасаң қайда қалып ең? — деп Қарабек онымен ілінісіп жатыр.

Тұу... Қарабектер жиылысқа кіріп, Қайралаппен қарсыласады деп осы отырған топ ойлады ма екен, сірә?!

— Апырмай, Қарабек-ай, ауызды ашырасың ба, сірә? — дейді Жұматай мысқылдап күліп.

— Сөйлесеңіз сөйлеңіз... Сізді тиган адам жоқ, кім сөйлесе де ерікті...

— Жоқ-ау, сөйлейін дегендік емес, жөнін айтқаным ғой... Құсайынды атаса, оның не құбыжықтығы бар, кедейдің баласы, батырақ десең, бір кездегі батырақ...

— Атқамінерлігін қайда қоясың? Байдың құйыршығы болғанын қайда қоясың?..

Қарабек шақылдап сөз беретін емес. Бұл қайдан көтеріліп отыр, жаным-ау?..— Құсайын ашуланып кетіп, жүгініп алды:

— Жолдас, Қарабектің сөзін әтметке алмаңыз, ол өзі менімен өш адам, — деді.

Бірсыпыра жұрт күліп жіберді. Сайлау өтті; ауылдық кеңес ағасы да, кеңес мүшелері де Балқайлар көрсеткен адамнан өтті. Сайлау кезінде Нұртай қалаға кетіп еді, көңілі жарымдар оны өздерінше ұйғарып:

— Нұртай ізденіп кетіпті, сайлауды бұздырғалы кетіпті,— десіп жүрді.

— Сәті болғай да! — деп сайлау құмарлардың күрсініп, өткен күнін көксегендері аз болмады.

Сайлау бұзылмады. «Қара сирақтар» ширай түсті. Салық тізбесі алынғанда баяғы дауысынан айырылғандар «жеке салық» дегенге ілікті. Оны көпсініп жүргенде, жер бөлісіне кездесті. Соның аяғы қоюлана келіп, кәмпескемен аяқталды: Нұртай мырза, екі қатынын жанына ертіп, Сібір еліне қарай жол шекті.

Тап осы оқиғалардың кезінде Құсайын жынынан айырылған бақсы құсап мең-зең боп кетті.

Бәрінен де салмақтысы — колхозда сол болып шықты: «тап есебінде жоямыз!» — деп Қарабек айғайды салып, алдымен Жәкең мен Ділдебектің қарасын батырды. Екі күннің бірінде болып жатқан жалпы жиналыс. Жиылысты басқарып жүретіндер: Балқай, Қарабек, Қасен, Ыбырайым, Жолмағамбет дегендер. Ортаға шығып алып сөйлесе, өткенді қазып қозғаса, адамның тұла бойын шымырлатады:

— Ел іші толған өсек, қаптап жатқан өтірік... Осының бәрі бай-құлақтың ісі... Бай-құлақтан колхозымызды тазалауымыз керек. Олардың құйыршығын да қоймау керек! — дейді Қарабек жұлқынып.

— Сен бүркеме сөзіңді қой, айтатыныңды ашып айтшы,— деп Жұматай сұрланса, Қарабек бетің бар, жүзің бар демей:

— Бай-құлақ қатарына жататын кісі, мына, сен! Сенің не істеп жүргеніңді анықтап келеміз,— дейді.

— Әлгі... «құйыршық» та бар дегендей болдың-ау, соныңды айтшы,— деді біреу дауыстап.

— Оны мен айтпайын, Қасен айтсын,— деп Қарабек бұрылып жүре беріп еді, Қасен орнынан тұрып:

— Әлгі «құйыршықты» керексініп тұрған кім? — деді.

— Мен...

— Керек болса, көр, міне құйыршық!

Жұрт жалт қарады. Селк етіп Құсайын да басын көтеріп алды. Үй толы жұрттың самсаған көзі Құсайынды жұтып жіберетіндей болды.

Тағы біреулер сөйлеп жатыр. Не деп жатыр, кімді жақтап жатыр? Құсайын оны айырып білуден қалды. Құсайын, ыза кернеп ашуланғандай да, үрейленіп қорыққандай да болды. Көзі бұлдырап, үй іші тенселіп, самсап отырған жұрт қыбырлаған маса сияқты ғана, құмырсқа сияқты ғана болып көрінді. Есі шығып кетті. Апырмау, бұл не деген сұмдық? Туған інісі, қысылғанда сүйер, қолының ұшын берер деген інісі, көптің көзінше масқаралап, жау болып байлап бергелі отырғанын көрдің бе? Шынымен айтқаны бола ма? Шынымен осы көп Құсайынды ортасынан аластап, Жәкеңдер құсатып ел ақтатып жібере ме?..

Бұл ойлар Құсайынның басына минутында мың келіп, мың кетті. Енді не істеу керек? Кімге жалыну керек?..

Құсайын егіліп келіп, еңкілдеп жылап жібергенін сезбей де қалды.

— Ау, о кім жылаған?

— Құсайынбысың?..

— Қойындар, жігіттер! — деді шалдау кісі.— Құсайынның бізге жаттығы жоқ. Қатесі бар шығар. Кім қателеспейді дейсің... Отырсын ортамызда...

— Е, бәсе,— деп бір қартандау әйел күрсінді.

— Бәрің бірігіп алып, байғұстың басын даңқылуын..

— Басқасы да жетеді ғой... Өнебойы түртпектеп...— деп, екінші бір әйел кәдімгідей бұрқылдап алды. Жастар жағы Құсайынға қатаң шара қолданбақшы болғанмен, ер ортасы адамдар жан ашығандық білдіріп, Құсайынға тисе, ренжитін болды.

— Ешнәрсені білмей даурығасындар... Құсайынды байдың баласы деп отырған кім бар?.. Кедей болса, өзінің табына қосылсын. Былтырғы Нұртайды кәмпескеден қалдырам дейтін піргеірге неге қол қояды? Жампейістің нәрсесін неге тығысады? Жампейістің жұмсауымен Бокбасар ауылына неге барады?.. Жиылысымызға келіп, ортамызға отырып, осында болған әңгімені неге тасиды?.. —деп, Ыбырайым комсомол Құсайынның толып жатқан «күнәсін» теріп шықты.

Әйткенмен көпшілік жағы:

— Қайтесің жазғанды, түзелер, қояр,— десті...

Құсайын тап осы жолы әуіріммен қалған сияқты болды. «Осы жолдан аман қалсам?» — деген тілегі бір орындалуға орындалды. Бірақ, тілегімді көпшілік берді ғой деп, түзелуге бет бұрған Құсайын жоқ, күндіз-түні үйінде сұлап жатады да қояды.

Колхоз өмірі қайнап, қыза береді. Жұмыстың жаңа түрлері шықты. Жұмысқа жарайтын адамдар бригада болып бекініп, жұмыс кезінде ауылда кемпір, шал мен бала-шаға қалатын болды. Бала-шағаның өзі де «балалар үйі» дегенге жиналып, кемпір-шалдардың іске жарайтындары колхоздың уақ-түйегімен айналысып, үйде қалған ауру, жарымжан, өлмелі кемпір-шалдың қатарында Құсайын да қала берді. Қасен де, Берен де жұмыста. Берен де бригада мүшесі. Оны айтсаң, тіпті Қарабекпен бір бригадада. Жұмыстан босап үйге келсе, айтатындары істеген жұмыстары: қай бригада қанша жұмыс істеді, кім-кіммен бәсеке-жарысқа түсті.

— Бүгін сендерді басып оздық білем,— дейді Қарабек.

— Мақтанба шырақ, біз қалыса қоймаспыз! — дейді Берен.

— Апырмау, мені өртей бергенше, тым болмаса жасырын неге сөйлеспейді екен?..— деп, Құсайын от боп өртенеді. Құсайынның осы үйде барлығы, шыны, Береннің ойынан шыққан сияқты. Бұрынғыдан қалған жалғыз-ақ белгі — үйіне келсе, жатар орынға Құсайынмен төсегі бірге. Үйренген әдетімен Құсайынның от жағына жатады. Үй салқындау болса, көрпені тартыпқырап жамылады. Көрпе тарлық істесе көрпеге кіріпкіреп жатса, аркасы Құсайынға келіп соқтығады. Томпып қана жатқаны. Жатқанының сүйкімдісін қарашы!.. Тіпті осының ажары болсын, мінезі болсын сүйкімді емес жері бар ма?.. Өмірінде Құсайынға қатаң сөз айтып көрді ме? Бетінен алып көрді ме?.. Жөнсіз шайпау адам болса, Құсайынды әлде қашан төсегінен қуып шықпас па еді?.. Жаман қатындар бүйтіп жатар ма: «Әрі жат, тигізбе демінді!» деп, арс етіп бір қауып алып, төсектен тұра қашқандай қылмай ма?..

Мінезі жақсы Береннің. Құсайынның: елге де, туған інісіне де, жекжаттарына да өкпесі қара қазандай. Оларға қалса, бұл елде бір күн тұрмас еді, мойнына дорба салса да, қаңғып өлер еді. Жалғыз осы Берен... Осыған байланып... «байланып» дейтін мұны «байлап» отырған Берен де жоқ, әшейін көңіл қалмағандық... Баяғы ескі әдетіп тастамайтындығы...

Құсайынды көп айналдыратын адам Балқай. Құсайынға кездесті десе, үгіттеп, қатасын айтып, жұмысқа баули бастайды. Балқайдың сөзі де, өзі де Құсайынға тікенедей. Неге екені белгісіз, осы Балқайды Құсайын бала күннен жек көруші еді-ау... «Ақсақ ит!» деп талай сабап жылатушы еді. Балқай мұның ұрғанын кектемей, ертеңіне-ақ бұған ойнауға келетін. Құсайын одан жаман жиырылып, маңына жуытпайтын еді. Ата сақалы аузына бітсе де, өзгерілмейтін сол мінез...

Биылғы жұмыстың түрі бұрынғыдан ала-бөле өзгеріп, Құсайын шын қыспаққа енді қысылғандай болды: жаз шығысымен еркегі-әйелі жұмылып, егін басына кетті. Егін басынан столовой ашылды. Жұмыс адамы тамақты содан ішті. Ауылда қалған жұмыс адамдарына арналып бұдан тағы столовой ашылып, мұндағылары содан ішті. Балалардың тамағы өз алдына болды. Сүйтіп, ауыл адамдары орынды-орнына бөліне келгенде, үйден тамақ ішетін бір-екі жарымжан кемпір мен Құсайын ғана болып қалды. Ойпырмай, бұ не деген сұмдық еді? — деп Құсайынның көзі атыздай болды. Бұрын жұмыс істегенде ғана болмаса, басқа кезде көпшілікпен

таласып кетіп, бұл ісі өзіне онша ерсі көрінбейтін еді. Енді кіруге жер тесігін таба алмайтын сияктанды...

Тамақта да сән жоқ. Берен мен Қасеннің еңбек күніне берілген азық қыс бойы желініп, олар бөлініп кеткенде пұтқа толмайтын ұн қалып еді, күлге көміп былықтырып жүріп, Құсайын оны да бітіріп алды. Өзіне тән боп қалған қара сиыр бар. Бұл құрып қалғыр да Құсайынды «ием» екен деп бір жөндеп саудырған емес. Құсайын шелек ұстап, баурына отырса, қара сиыр жылжып қозғала түседі.

— Әукім!.. Әукім!.. Арам қатқыр не болды?..

Масқара-ау, сиыр сауып отырғанын біреу көрсе, не бетін айтпақшы?

— Бүйткенше, мен өлейін! — деп шелекті лақтырып жіберіп, Құсайын үйіне келеді.

Үй ортасы оюлы ошак. Тезегі, тамызығы дайын тұр. Меңзеп болып отырғанда, ойлай-ойлай басы қатқанда, Құсайынға серік болатын жылтыраған от: үй ортасына отты алаулап жағады да, соның аптабына қызып, маужырап, мүлгіп отырғаны... Ауыр ойдың қайда кеткенін ұмытып, ұйқы басып па, есінен айрылып па, басы бүгіліп, көзі жұмылар-жұмылмас болып отырғаны...

— Не ғып отырмын? Не істемекшімін? Мен не болам?..— деген ой минут сайын жылтындап, басының әңкі-тәңкісін шығарады. Осы ой келіп қоршады десе, қайнап жатқан колхоз өмірі, жарқылдап жүрген жұмысшы, істеліп жатқан еңбек көз алдынан суреттеліп өтеді де жатады. Қызығады. Ұнатады... Қиялға берілсді: өзі де соның ортасында екен... Белсенді колхозшы екен... Бригадир екен... Бұл сөйлегенде, басқалар мұның аузына қарайды екен... Жоқ, жоқ, бұл үйінде екен... Оң жақ босағасында қара саба... ылғи асыл киім киіп, қабақты секіртіп тастап, бұған төніп Берен отыр екен...

«Қойшы... Қабағыңды жаплашы... Құлші!..» — деп мұның мойнына Берен қолын салып, демін жақындатып... енді... Енді...

Құсайын селт етіп, басын көтеріп алғанда, от жанып бітіп, ақтық шоғы әлсіреп, сөніп бара жатқан болады. Үй іші тастай қаранғы. Үй тесігінен жылтындаған жұлдыз айдаһардың жалғыз көзіндей боп елес беріп, сәулесіз үй қаранғы көрдей боп көрініп, Құсайынның тұлабойы мұздап, мандайынан салқын тер шып-шып шығады.

Дала жым-жырт, тырс еткен дыбыс болсайшы. Апырмау, ит қайда, ит неге үрмейді?.. Ит екеш иттің де безгегіме бұл үйлерден?!..

Құсайын солқылдап жылап, отырған жеріне құлап кетті...

...Белді құр жіппен буып, ақ таяқты қолға алып дуанның қара жолына түсіп Құсайын тартып бара жатыр еді, қаракер жорғаны теңселтіп, қолтығында дорбасы, Балқайдың кез бола кеткені.

— Ау, Құсайынбысың?

Құсайын жолды тастай беріп, бір бүйірлеп салып еді. Балқай соңынан қалатын болмады. Сүйте келе қатарласты. Балқай сөйлеп келеді: біресе, Құсайынның қатесін айтып, ұрсып алады; біресе ақылын айтып, жөн сілтейді. Қолхоз өмірін, колхоздағы еңбекті, өзі сияқты кісілердің не істеп жүргенін жыр қылады.

— Сенікі осы не? Ашуыңның жөнін айтшы?.. Өкпе болса, оныңды айтшы!..

Жөнін айта ма Құсайын, бір қырындап бұрыла түседі Құсайын. Балқай, одан жаман өшіккендей боп, сөзді ағытып келеді: еңбекті қалай ұйыстырғандарын, еңбек күнін қалай белгілейтіндіктерін, кімге қанша бәйге бергендіктерін шұбыртып, соғып келеді. Үн-түн жоқ, салбырап Құсайын келеді... Бұлар келіп белеске шыққанда, нақ иек артпада колхоздың столовойы бар еді. Колхозшылар түскі тамаққа жиналып, қаз-қатар боп отыр еді. Құсайын осы топқа тірелгенде, ұйқысынан оянғандай селт етті.

— Оспан бар ма? Оспан?

— Мен мұнда.

— Мына Құсайын келді, бригадына қосып ал!

— Ә, жақсы, жүр тамақ ішейік! — деп, Оспан келе мұны қолтықтап, үстелдің бір жеріне әкеп отырғызды. Құсайын аларып, жан-жағына қарағанда, қарсы алдында отырған Беренді көрді. Берен, көзінің қиығымен бір қарап алып, күлімсірей түсті ме қалай, тамағын іше берді...

Август, 1932 жыл. Алматы.

ШАБУЫЛ

(4 пердеден тұратын пьеса)

Жақып, Шоңмұрын, Антонов, Телқозы.

Телқозы: — (Қолын шекесіне қойып, честь беріп)... Сонымен сағат тоғызға шейін Шыршық қаласы түгелімен біздің қолға түсті. Жалпы әскер, әсіресе біздің қазақ жігіттері ойламаған ерлік көрсетті... Есенгелдінің ғана қолға түспей тұрғаны болмаса... Ит екен өзі... Бір-талай адамдарымызды қырып салды...

Жақып: — (Ашулы) Есенгелдіні әлі күнге ұстай алмаған болсаңдар, «Шыршық қаласы түгелімен қолға түскен» бола ма? Не сандырақтап тұрсын өзін?

Телқозы: — (Апалақтап) Жалғыз ол ғана емес, полковник Жақып мырза! Ана бір Мәмбет дегендер тіпті пәле боп, казармаға жолатпай тұр. Оны қолға түсіреміз деп көп адам шығын қылдық...

Жақып: — Ендеше, «түгелімен» деген сөзді тастап, «қаланың қақ жартысы бәлшебектер қолында» деуге ауызың бармай ма?

Антонов: — (Телқозыға, қаттырақ) — Алдама, офицер!

Телқозы: — Алдау емес, господин офицер! Осы екі жердегі ұясын бітірсек, қала түгелімен біздің қолға кірген болады... Бар күшті қазір соған салып жатырмыз.

Жақып: — Бар, жөнел! Жарты сағаттың ішінде қалада қару ұстаған жарты большевик қалмасын!

Телқозы: — Орындалды деп біліңіз! (Бұрылып шығады).

Жақып: — (Ерсілі-қарсылы жүріп) біздің әскерде бір түрлі жігерсіздік, сылбырлық бар. Барлық жұмысты алақандағыдай ашып берсек те, соны орындай алмайды «қала түгелімен қолымызда» деп былжырап тұрғанын көрдің бе, иттің!..

Антонов: — (Қызып) Господин полковник! Мен барып команданы қолыма алам. Жарты сағат емес,

жарты минут ішінде Мәмбетті ұстап әкелем!.. *(Шоңмұрын Жақыпқа иек қағады. Есіктен Айбала, Әбіш, Күлән кіреді).*

Ж а қ ы п: — *(Отырып.)* Барыңыз. Бірақ, Қалшақ ақсақалдың жіберген аз ғана бастықтарының біз үшін өте қымбат екенін есіңізден шығармаңыз.

А н т о н о в: — Рақмет господин Жақып! Жарты сағат шамасында келіңіз... *(Айбалаға қарай түсіп, шығады).*

Ш о ң м ұ р ы н: — Уай, дарақы жігіт-ау өзі...

А й б а л а: — Өжет жігіт! Кеше Сергеевті жібергенше, осының өзін жібергендерінде, большевик біткенді мұрнынан тізіп қамап беретін еді. Сол былжыраған немені жіберіп...

К ү л ән: — *(Бұртиып)* Әпесер Сергеевті былжыр деп ешкім де айта алмайды. Антоновтың қорқып қалғанына Сергеев айыпты емес... Ендігі ерлігін көрсетіп, көзімізді тұндырмай-ақ қойсын!

(Айбала Күләнға ала көзімен қарайды. Күлән Жақыпқа қарап, күлімдеп)

К ү л ән: — Жоға! Антоновша честь беріп этештенбей-ақ қояйық: іс орындалды, Кәзір Есенгелдіні алып келеді!..

Ә б і ш: — *(Бұл жұмысқа өзінің де қатынасы бар екендігін сездіргендей ілгері шығып, шіліп)* — Растығын анықтаймын! *(Үйедгілер ұшып тұра келеді).*

Ж а қ ы п: — Рас па?

Ш о ң м ұ р ы н: — Апырмау, ұстаған кім?

Ә б і ш: — *(Даусын созып.)* Кәртай мен үш ақсақал!.. Отыз әскерді оққа ұшырып Есенгелдіні илкітіре алмап еді, біз бір оқ шығармай-ақ алдық, алдияр полковник.

Ж а қ ы п: — *(Жайраңдап)* Қалай алдық дейсің? Қалай?

Ә б і ш: — *(Күлімсіреп.)* Кәртай мен ақсақалдар алдап түсірді...

Ш о ң м ұ р ы н: — Қалай, қалай?.. Ашып айтсайшы!..

Ә б і ш: — Қалада еш нәрсе жоқ. Атыс қаладан болған... Ревком орнында. Сені Ревком шақырып жатыр деп Кәртай барды қызыл жалау алып...

Ж а қ ы п: — Соған илана қалды ма

Ә б і ш: — Кәртай Ревкомның мүшесі емес пе және Абдырахман хазірет пен Алқабек ақсақал құран көтеріп аз айла жұмсаған жоқ, Кәртай жүгін атқарды... *(Далада дауыс, шу. Күлән мен Әбіш жүгіріп шығады).*

Дауыс — Қап, дінсіздер-ай!.. Байлама қолымды!..

2-дауыс: — Байла! Байла!.. Тыңдама сөзін!.. Жеті сенің құрмалдығың!..

Дауыс: — Байла байла!.. Өй жауыз арамдар!.. Өй сатылған мұндарлар!

(Қолын артына байлап екі солдат Есенгелдіні алып кіреді: бет-ауызы қан, киімі пәрә-пәрә!.. Кәртай мен ақсақалдар есіктен көрінеді де, бастарын иісіп шығып кетеді).

Есенгелді: — *(Бұлқынып)* Қайдасың жауыздар, атыңдар! *(Ұмтылады. Солдаттар жібермейді. Бір солдат нағанын Есенгелдінің көкірегіне тірейді)*. Кәртай!.. Кәртай предатель! Кезеп! Сатылған мұндар!.. Әлі де кездесерсің қызыл жалауды сатқан арам! Бетің шыдамады ма? Шыдамас құнсыз мұндар!

Жақып: — *(ұлы түрде жымып)* Батыр, батыр!.. Жұлқынба батыр!.. Ойды-қырды бүлдіріп болып ең, енді тишығарсың.

Есенгелді: — Тарт тілінді, бейбіт елді қан қақсатқан «қара талақ!» Сенің қолың шығар деп ойлап ем өзім де!.. Ашық майданда мылтықтың қарауылына іліксен, сөйлесер ем! Ұмытпаңдар алдап түсіріп тұрғандарынды! Кездесерміз әлі де!..

Жақып: — Сен қайтадан соғыс комиссары болғанда кездесе жатармыз, әзіріне мен соғыс комиссарымын!.. Әкетіндер! Жабыңдар қол-аяғың, кісендеп!.. *(айналып жұртқа қарап)* Ақымақ! Қазан бұзар!.. Бұған төңкеріс неге керек десейші.

Есенгелді: — *(Бұлқынып)* Кездесерсің, әлі де! Бір большевиктің орнына жүзінді, ана ақсақалдарың мен мына сайқалдарынды жалпақ табанға таптармыз әлі!..

Жақып: — *(ақырып)* Әкетіндер тезірек! *(Әкетеді, Дауыс бір сыпыраға шейін естіледі)*

Шоңмұрын — *(Күлімдеп)* Үлкен олжа!

Айбала: — Несін айтасыз, құдай сәтін берер.

Жақып: — *(Отырып)* Бұл — біздің келісіміміздің олжасы. Олжаның бұл жағы Ақаңның есіне де келмеген шығар. Жақсы болсын, жаман болсын, бұл өзіміздің талантқа байланысты!.. Ақаң мен Әлібаевтің қай большевиктің алдында керісіп отырғанын құдай білсін!.. *(Күрсініп)* Керісіп отыр ма, әлде түрмеге тығып жіберді ме?.. *(Үй ішін кезіп жүреді)*.

Шоңмұрын: — Үлкен тапқыштық, үлкен талант! *(Күліңкіреп)* Екеуіміздің осы айланы тапқанамыздың өзі тарихта неғып қалмас екен!

Ж а қ ы п: — И е, сенің түсіне қалғаныңды мен басынан-ақ сезгем... Бірақ, үлкен бір қате өткен... *(басын шайқап, таңдайын қағады)*.

Ш о ң м ұ р ы н — Қандай қате?

Ж а қ ы п — Егер, күнбұрын әзірлеген болсақ... Оралда да, Семейде де, Қызылжарда да, Омбыда да осындай келісім жасап жіберіп, қала-қалалардың бәріне әскерімізбен кіріп алып, барлық қалада бір түнде перевород жасап жіберген болсақ!.. Әй қандай ойран болар еді, ә!..

Ш о ң м ұ р ы н: — Сонда, большевиктерді бір түнде бітіріп, ертеңіне қазақ автономиясын жариялайтын екеміз-ау, ә?.. *(бұ да таңдайын қағып)* Неғып еске түспеді екен?.. *(Телефон шылдырлайды)*.

Ж а қ ы п: — Кім? Қартаймысың? Қолға алынды дейсің бе?.. Е?.. Екеуі де ме?.. Өлген қайыссы?.. Мәулен? Әкелмей-ақ қой, түрмеге жөнелт! Аяқ-қолын кісендет! Есенгелдіге қостырма, бөлек-бөлек... Ә?

Кембай батыр?.. Қойшы-ау?!.. Қап!.. *(телефонды қойып)* Есенгелдінің екі жолдасы да ұсталыпты. Біреуі өліпті...

А й б а л а: — Шок, шок, сол керек еді оларға!

Ж а қ ы п: — *(отырып)* Өлген отыз жігітіміздің ішінде орны толмайтын біреуі бар екен?

Ү й д е г і л е р: — *(Шошынып)* О кім?

Ж а қ ы п: — Кембай батыр!..

Ш о ң м ұ р ы н: — Ә, жауыз Есенгелді! Кембайдың түбіне ақыр жеткен екен...

А й б а л а: — Өлсе, теңдігін алып жығылды ғой, арманы жоқ шығар...

Ж а қ ы п: — Бізге бел боп тұрған Кембайдың жігіттері еді. Қандай қиынға жұмсасақ та, беттері бір қайтқан емес. Кембайдың өліміне олар күйзелер. Иықтарын түсірмеу үшін Кембайды көрнекті ғып көмейік. Шоңмұрын, осы жұмысты сен өз қолыңнан атқар... *(Сүйретіліп бір қазақ кіреді)*.

Қ а з а қ: — *(Ентігіп)* Алдияр төре! Қалаға жақын отырған кедей ек. Он бес шамалы солдат барып, жалғыз-жалғыз аттарымызды әкетіп отыр. Таңдайға тартып отырған жалғыз сиырларымызды әкетіп отыр... Ақтың солдаттары. Сіздерден бір марқабат болмаса... Кімнен сұраймыз?

Ж а қ ы п: — *(шіміркеніп)* Құдайдан сұрайсың, білдің бе, құдайдан!.. Құдайдың тап өзінен!.. *(Кейін)* Жұрт

Большевикпен алысып босана алмай жатса, бұларға мал керек...

К а з а қ: — Шырағым енді көп мал емес, жалғыз ат пен жалғыз сиырдан айрылған соң біз не болмақпыз? Біз сияқты нашарларға болысып, тым болмаса сиырларымызды қайтарып берсеңіз...

Ж а қ ы п: — *(шатынап)* Отағасы, шығыңыз енді! Мал-мұлды сөз қылатын бұл уақыт емес. Бір сиырды қайырып алғанмен сендер де малға жарымайсыңдар, одан да солдат тойсын...

К а з а қ: — Шырағым-ай...

Ж а қ ы п: — *(Есіктегі солдатқа)* Шығар ана кісіні! Енді кісі кіргізбе! *(Солдат бұл кісіні итермелеп шығарады. Далада шу, дауыс. Антонов Мәмбетті алып кіреді. Мәмбеттің қолы артына таңылған. Бет-ауызы қан...)*

А н т о н о в: — *(Ентелеп)* Дегендей шықты, господин полковник! Мен былжыраған Төреғазы да, Телғозы да, керек болса *(Айбалаға қарап)* Сергеев та емеспін!.. Бардым да казармаға керосинді құйдырып, екі жерден от жібертіп ем, боқ мұрындарым жарты сағатқа шыдамай шыға келді... «Келе ғой ақымақтарым! Арқаларыңды бит қышытса, қышуын қандырайын» деп құшағымды жайып қарсы алдым... Қа-қа-қа!

М ә м б е т: — Сенің құшағыңа кірген ешкім жоқ, қан сорғыш жылан!

А н т о н о в: — Е, мен от құшағымды жайған жоқпын ба? Арқанның қышуын қандырған шығармын деймін, көрсетші мына ағаларыңа!.. *(жүгіріп барып Мәмбеттің арқасын жұртқа көрсетеді, жосып тұрған қан)* Қа-қа-қа!..

М ә м б е т: — *(Шіміркеніп)* Жақып! Ойдағы-қырдағы байбатшалармен қол ұстасып, Октябрь төңкерісін көмемін десең де, қолыңнан келмес! Көме алмассың! Октябрьге өрелерің жетпес, өлімтікке үймелеген құзғындар! Қазақтың ат төбеліндей байы мен молдасының үстемдігін сақтаймын деген азғын «Алаш», иманыңды айта бер! Сендерге біз түгіл, біздей большевиктер түгіл, қотыр тоқты құрмалдық шығаруды көпсінетіп ем, амал бар ма, арамдықпен қолға түсіріп отырсыңдар!.. Ұмытпа осыныңды! Бүгін арқамның қанын сорғалатқанға күлсең, ертең табанымның күсін жалауға тонқандарсын! Апар апаратын жеріңе!.. Қаланың қақ жартысын мыналарын өртеп келді, сөндірт! Шулап жүрген сорлы әйелдерді солдаттарыңның ойыншығынан босаттыр! Көрінген жерде сойылып жатқан кедейдің малын қайтарт!

Ж а қ ы п: — Әкет мына бұзылғанды, әкет! (*Қолымен құлағын басады*).

М ә м б е т: — (*Тіресін*) Баспа құлағыңды! Қолыңмен істеткен жұмысыңды құлағыңмен есіткің келмей ме?.. Қазақтың қызы мен келіншегін зорлағанда ұялсаң, қайда қалдың... мына Шонмұрын екеуің...

Ж а қ ы п:

Ш о н м ұ р ы н: — (*Бірден*) Әкетіндер, әкетіндер тезірек!

(Солдаттар жабылып әкетеді)

А й б а л а: — Не деген сұмдық, Жақа! Әлгіні істеулерің шын ба? Дым көргем жоқ деп момақансып келмеуші ме ең?

Ж а қ ы п: — (*Қызараңдап*) Бұл бір пәлекор неме. Патша тұсында талай оқытушылықтан алынып, сотқа тартылатынын білмейтін бе едің?

Ш о н м ұ р ы н: — Ойбой, бұл нағыздың өзі ғой. Бұл штраф та тартқан, орнынан да алынған, жер де аударылған — соның бәрі өзінің қиянқылығынан...

А н т о н о в: — Осында жеткенше жағы дамыл көрген жоқ, көшедегі бүкіл адамдар жиналып, сонынан еріп... Бір-екі жерде «босат!» — деп айқай-шу болды... Жиылғандарға мылтық атып, әскерді сапқа зорға әкелдік... Өзін көп адам біледі екен...

Ж а қ ы п: — (*Кейін*) М-м-м... Көшедегі жұртқа «митинг» жасатып әкелдім десейші.

А н т о н о в — Жоқ, господин полковник! Тілін кеспесең, сөзін қоятын емес. Қамшыны жаңбырдай боратып келе жатқанымызда да тоқтамады.

Ж а қ ы п: — Соның атын баяндама дер болар. Керек болса — өзімізге қарсы үгіт, жұртты бізден бездіру, большевикке жинап беру болады...

А н т о н о в: — Олай емес, большевикті аямайтындығымызды жұртқа көрсету болады.

Ж а қ ы п: — Қаталасасың, көшедегі ақымақтық — жұртты бізден бездіру болады!

А н т о н о в: — (*Ұшып тұра келін*) Одан да, қазаққа тиген қамшыға өзімнің арқам ауырады десейші.

Ж а қ ы п: — (*Ұшып тұра келін*) Тарт тілінді! Орныңды біл! Маған олай деуге қайдан өрен жетті?

А н т о н о в: — Менің Колчак офицері екенім есіңізде болсын!

Ж а қ ы п: — Мен де Колчак офицерімін! Сен менің жәрдемшім екенінді ұмытпа!

А н т о н о в: — (*Үстемдік түрде*) Сіз офицерсіз бе,

жоқ па — өзіңіз де жақсы билетін шығарсыз. Мен жәрдемші ғана емес, үкіметтің жіберген шын советнигі екенімді сіз де ұмытпаңыз...

Ж а қ ы п: — Бұл арада біз үкіметпіз! Үкіметті таниптын адам бізге бағыну керек!

А н т о н о в: — Кісінің аузын бекер қышытасыз... Қолчак ешкімге үкімет жасап берем деп борыштар болған емес... Қолчак Ресейді бөлмей-жармай, қалпына түскен тұтас Ресей етпекші...

Ж а қ ы п: — Есінде болсын, офицер Антонов: біз ұлт автономиясын алатын Алашпыз! Қолчакпен одақтассак, өз ұранымызды құрмалдыққа шалып одақтаскамыз жоқ, сол ұранымызды іске айналдырамыз деп одақтастық... Қолчактың бізбен одақтасуын бізге автономия беруге ризашылығы деп бағалаймыз... Сондықтан, біз өз орнымызда үкіметпіз!..

А н т о н о в: — Қалпынан асыра ойлайды екенсіз. Әрбір еріккен елге автономия беретін болса, тұтасқан Ресей жасаймын деп әуреленбесе де болады ғой... (*Теріс айналып*) Қайдағы үкімет? Бит үкіметі ме, ит үкіметі ме?..

Ш о н м ұ р ы н: — (*Тұрып*) Құрметті полковник-господин Жақып және құрметті ақсақалымыз Қолчак отағасының арнап жіберген құрметті офицері господин Антонов! Араларындағы кедір-бұдыр сөзді тастап, қазіргі уақытқа бәріміз бірдей жауапкер екенімізді ескеріп, іске кірісулеріңізді сұраймын! Бүйтіп керісе беретін болсақ...

Ж а қ ы п: — (*отырып*) Мен керістен аулақпын бірақ кісі үлкенге бағыну керектігін Антонов офицер үнемі ұмыта береді.

А н т о н о в: — Бағынудың да шегі бар. Орынсыз, әсіресе үкіметтің бағытына қайшы келіп қалғанда, менің де ескертуім керек... (*отырады*)

Ш о н м ұ р ы н: — Офицер Антонов! Полковниктің алдында ғапу өтінуіңізді сұрар едім. Сіз жас адамсыз. Дұрыс-қате деп тексерудің қажеті жоқ... Бізбен істескендігіңіз үшін, бас үкімет адмерал Колчак пен «Алаштың» бірлігін күшейту үшін мен сізден қатты өтінем!.. Өтінем, офицер Антонов!

А н т о н о в: — Жақсы... (*Тұрып*) Господин полковник! Арамызда болған аз ғана көңілсіздікті ұмытайық. Қызғанда не демейді, беріңіз қолыңызды! (*Қолын созады*).

Ж а қ ы п: — Мен ұмытып та болдым (қолын береді. *Телефон шылдырлайды. Жақып тыңдап*) Ия... Телқозымысың? Ал... ал... Мәмбеттің жолдастары? Бесеу деймісін?.. Әкелме, түрменің жолын таба алмай тұрмысың? Ә?.. Кімдер дейсін? Неге үйметелесің, тарат, тез! Ат мылтықты!.. Ә?.. Катын-бала болса ше! Әй, былжырама, бұйрықты мүлтіксіз орында, білдің бе!.. (*телефонды қойып, кейін*) Оңбаған ит!..

Ш о н м ұ р ы н: — Телқозы ма!

Ж а қ ы п: — «Есенгелді мен Мәмбетті шығарып бер деп орыс-қазағы жиналып жатыр, қайтем?» — дейді...

А н т о н о в: — Мұндай ақымақ, бос кісіні көргем жоқ, өзім барайын... (*Шығады*).

Ш о н м ұ р ы н: — Телқозының бостығынан өлдік-ау, әйтеуір!..

А й б а л а: — Катын-балаға шейін жиналды дей ме? Өлермендерін қарашы!

Ж а қ ы п: — Осындай, пышағың түлкі алып тұрғанда адам деген желігіп кетер болар еді, біздің Телқозы былжырай түседі...

(*Кәртай мен Әбіш асығыс кіреді*)

Ә б і ш: — Қостанайдан шыққан Таран отряды жақындап қалды. Бүгін кешке қалаға кіреді.

Ж а қ ы п: — (*Шошынып*) Қалай кіреді?

Ә б і ш — Соғыссаң, соғысып кіреді; қашсаң қуып кіреді. Жүз елу әскері бар. Бес қару түгел... Біздің түріміз мынау: әскеріміздің жартысы мас, жартысы ел тонауға шығып кеткен. Олардың басын қосқанша Таран әскері қаланы алып та болады... Қызылдар біз секілді емес, тастай тәртіпті.

Ж а қ ы п: — (*Сасып*) Енді қайттік? Сергеев қайда?

К ә р т а й: — Меніңше бір-ақ жол бар.

Ж а қ ы п: — Айтшы, айтшы!

К ә р т а й: — Есенгелдінің жолы...

Ш о н м ұ р ы н: — Есенгелді құсап үйде отырып атысамыз ба?

Ж а қ ы п — Түсіндім: Есенгелді сияқтандырып алдап түсіру — солай ғой Кәртай?

К ә р т а й: — Дәл өзі!

Ә б і ш:

Ш о н м ұ р ы н: — (*Жымыңдап*) Дұрыс, дұрыс... Бірақ, кім орындайды?

Ж а қ ы п: — Кәртай мен Әбіш орындайды. Большевикше киініп, қызыл жалауды қолына алса болғаны...

Кәртай-ау, сенің большевик деген қағазын да бар шығар?

Кә р т а й: — *(Күлімден)* Большевик, сәбдеп қағаздары менен табылып бағар ғой.

Ж а қ ы п: — Кәртай! Есеңгелдіні ұстап берген айлаң айрықша бағалауды керек қылады. Ол үшін бүкіл қазақ елі алдынан алғыс айтамын!.. Ал, Таран әскерін солай қолға түсірсең.

Ш о ң м ұ р ы н: — Менімше, бір-екі орысты да большевик қылып қосу керек. Күлән да барсын деймін, әйел көрсе, кеңес үкіметін орнатып қойғандай қуанатын большевиктердің әдеті...

Кә р т а й: — *(оның сөзін бөліп)* Қане, тездету керек. Мен әзірленуге кеттім...

(Кәртай, Әбіш шығады. Теңселіп Антонов кіреді)

А н т о н о в: — *(Мас)* Господин полковник... Господин полковник... Орындалды... Жым-жырт... Халық та рады... Тойған мысықтай бүрісіп жатыр бәрі... Жнырма сүмбіден бергізіп ем, тына қалды бәрі... Қа-қа-қа...

Ж а қ ы п: — Оны қоя тұр, офицер Антонов, Таран әскері келе жатыр, ерлігін болса енді көрсет, *(бәсең дауыспен)* сандалмай.

А н т о н о в: — Таран келеді?.. Өлтірем мен оны... Өлтірем... *(қылжыңдап барып диванға құлайды. Жатыр.)* Өлтірем мен большевикті! Өлтірем... *(Кәртай кіреді)*

Кә р т а й: — Әзірміз.

Ж а қ ы п: — Тез жөнендер. Әскер әзір тұрады. Тура осында әкеп кіргіз. Өзгесіне уайым жеме.

Кә р т а й: — Әйтеуір, әзір тұрыңыз. Біз өлімнің өзіне барамыз. Қаладағы жұмысымызды естісе, онда біздің біткеніміз... Қоштасқанымыз осы болсын! *(Кәртай тез шығады).*

А й б а л а: — Жасаған-ай сәтін бергей де! Бүгін ғана теріміз кеңігендей болып отырғанда..

Ш о ң м ұ р ы н: — Мынаған айтпасақ болмас... *(Антоновтың жанына келіп)* Господин Антонов! Біз тағы бір қақпан құруға кірістік...

А н т о н о в: — Қет, пожалуйста. Қажый шиповқаңмен келіп...

Ж а қ ы п: — Тиме оған, ұйықтасын. Қысылғанда көмегі тиеді деген адамымыз ғой. *(Көзінің қиығымен Айбалаға қарайды. Ол шығады, Жақып дауыстап:)* Есікте кім бар? Мұнда кел! *(Кенжеғара кіреді).*

К е н ж е ғ а р а: — Мен бір хабар есіттім, рас па?

Ж а қ ы п: — Тағы бір жұмысқа кірістік. Сендермен ақылдасуға асығыс болды. Большевикше киіндіріп он шақты адам жібердік қарсы алуға, бұл тұзаққа іліксе, іс онға айналды. Әйтпесе, білмеймін... Әскердің көбі мас, тәртіпсіз... *(Антоновты көрсетіп)* Бастық дегеніміздің қылжиып жатқаны анау...

К е н ж е ғ а р а: — Мұның да бір тапқан жұмыс екен. Сәтін сұра. Әскерді тас-түйін иіру керек. *(Антоновқа)* Мына шіркінді жауапқа тарту керек қой, шалжандатпай. *(Телқозы мен Төреғазы кіреді)*

Ж а қ ы п: — *(Қызып)* Кенжеғара, Телқозы, Төреғазы! Үшеуіне өте жауапты жұмыс тапсырылады.

Ү ш е у і: — *(Бірден)* Орындауға әзірміз!

Ж а қ ы п: — *(Бұйрық есебінде)* Бірінші — Қостанай жолындағы барлық қарауылшы солдатты алып, о жақтағы, көшедегі солдаттың бәрін казармаға тығындар! Екінші — ол көшелерге қызыл жалау іліңдер; үшінші — бүкіл Шыршық қаласында көшеде бос жүрген бір солдат болмасын; төртінші — осы үйдің қорасына 20 солдаттан әскер жасырындар; бесінші — казармадағы солдаттар екі минут ішінде далаға шыға келуге әзір тұратын болсын; алтыншы — түрменің ішкі күзетін нығайтындар... Тарандар қалаға кіре бергенде, осы әскер сол сағатында бас салатын болсын!

Ү ш е у і: — *(Бірден)* Мақұл! Жан барында орындаймыз!

Ж а қ ы п: — Он минуттың ішінде орындадық деген қабарларыңды жеткіз! Бәріннің жұмысына Кенжеғара жауапты... *(Үйдегілер шығады. Біраз тыныс. Кенет телефон шылдырлайды)*

Ж а қ ы п: — *(Телефонды алып)* Кім! Телқозы?.. Казармаға жиналды? Жүзге толмайды?.. Құдай атсын сені!.. Бүйтіп істеген ісі құрсын! Әй, мыңқылдама, жетер... Қолдағы әскеріңді тәртіпке сал! Қарауылдағы солдаттарды большевикше киіндір, төсіне қызыл тақ!.. Орындаған қабарыңды дереу білдір!.. *(телефонды тастайды. Үй ішінде асығыс жүріп, терезеден қарайды. Айбалаға келіп, шығына қол салып)* Айбала, ақылына кел! Біздің сүйеніп отырғанымыз Қолчактың күші. Онып жіберген бастығын төбеге көтермей амал жоқ. *(Телефон шылдырайды. Жақын телефонға бара жатып)* Осыны анық түсін!.. *(Телефонды алып)* Кім? Төреғазы?.. Ия... Жиырма солдат жібердім... Сергеевті бас қылып жібердім... Жалауды қайда ілдім дейсін?.. Жақсы, жақсы... Батыр, сен қимылданқырамаң:

Ш о н м ұ р ы н : — *(Кіріп)* Төреғазы жіберген жиырма солдатты жайластырып жатқыздым. Сергеев басында. Өзім қасында болам. Көшедегі солдаттарды үйді-үйге қамап жүр... Істің барысы жақсы

(Далада шу, айқай. Үйдегілер селт етеседі)

Д а у ы с : — Неге қамайсың бізді? Есенгелді құсатып өлтірмексің бе? Соғыспай көнбейміз!

Ж а қ ы п : — Ойбай, бар!.. *(Шоңмұрын жүгіреді.)* Өшір үндерін!.. *(Үй ішінде ерсілі-қарсылы жүгіріп)* Не болдық, батыр-ау? Бүлінбесе егі едік!.. Жалғыз ғана үміт — Кәртайда, Кәртай көндіре алса, көз ашқанымыз. *(Басын шайқап)* Шіркін бақыт! Бір күнге жетпейтін болған соң қонбай-ақ қойса қайтетін еді... *(Айбалаға)* Жүсіппен сөйлес: Сергеевтің маңынан жүретін болса, менен жақсылық күтпесін! Осы жұмысқа сені жауапты қылам!

А й б а л а : — *(Кекетіп)* Өте бір құрметті жұмысты тапсырдың! *(Телефон шылдырлайды. Айбала шығады.)*

Ж а қ ы п : — *(Жүгіріп барып)* Кім? Кенжеғарамысың? Түрмедемін? Ә?.. Жоқ, жоқ... Осында, кел, тез, тез!.. *(Тастайды. Ғарыпжан кіреді.)*

Ғ а р ы п ж а н : — Шаң көрінді, келе жатыр білем...

Ж а қ ы п : — *(Сасқалақтап)* Ия құдай сәтін бере көр! Тез қақпаға қызыл жақтау байла! Бір-екі солдаттың білегіне қызыл байлап қақпаға қой! Шоңмұрынға айт: солдаттарын тез осында алып кірсін!.. Өзін орнына бар!.. *(Ғарыпжан тез шығады)* Я аруақ! Қаз дауысты Қазыбек! Қорғайтын жерің келді! *(үстің қағынып, жөнделеді. Жүгіріп Шоңмұрын кіреді.)*

Ш о н м ұ р ы н : — Не бұйырасыз?

Ж а қ ы п : — *(Тез)* Солдаттарыңды тез осы үйге орналастыр: сезіп қалса терезеден жайқармыз!

Ш о н м ұ р ы н : — *(Терезеден)* Офицер Сергеев! Үйге алып кір солдаттарды! *(Сергеев бастап солдаттар кіреді: жалаңаш, жалпы жүдеу, біреулері жалаң аяқтың аз ақ алдында. Мылтықтарын зорға сүйретіп кіреді.)*

Ж а қ ы п : — Былжырамай жиналындар! Жау көргенде ширайтын ер қазақтың тұқымынан садаға кеткірлер!.. Смирно!.. *(Солдаттар қатарласқан болады)* Вольно!.. Былайғы екеуің ана Антоновты көрші бөлмеге апарып жатқыз.

С е р г е е в : — *(Күлімсіреп)* Офицер Антонов ерлігіне булығып жатыр ма?!

Антонов: — *(солдаттар көтергенде сандырақтап)* Арада қазақтар!.. Сволоч!.. Шагім!.. Арыш!.. *(Солдаттар әкетеді)*.

Шоңмұрын: — *(кейіп, теріс айналып)* Кәдімгі ақымақ, маскүнем. Бірақ тек біз сияқты сорлы жұрттың жауырын шұқитын сауысқан, көзіне үймелейтін қарашыбын.

Сергеев: — *(Зілді дауыспен)* Бұл айтқандарыңыздың ішінде мен де бармын ба?

Шоңмұрын: — *(Жалт қарап, қызарып.)* Офицер Сергеев, ғапу өтінем!.. Кейігеннен... *(Асығып Ғарыпжан кіреді)*.

Ғарыпжан: — Жалау ілінді. Күзетші қойылды. Қызылдардың бастықтарын Кәртай ертіп, қалаға кірді!..

Жақып:

Шоңмұрын: — Әй, ерім, ай!

Жақып: — *(Телефонмен)* Түрме... Кенжеғара!.. Қызылдың бастықтары он минутте қолға түседі. Қарауылды күшейтіп, әзір тұр!.. *(Телефонды үзіп, қайта алады)* Қазарма. Төреғазы! Әскерді әзір ұста, он минутте қызылдың бастықтарын ұстаймыз... ә?.. Солдаттың жартысы да жоқ? Таптыр тез! Шаптыр жан-жаққа!.. *(Телефонды тастайды. Далада дабыр, дүрсіл. «Түсіңіздер!» деген дауыс...)*

Жақып: — Сергеев, әзірле! *(Солдаттар әзірленеді. Есіктен Кәртай, Күлән, оған таяу екі командирімен Таран кіреді, қарауылшы солдаттарды алып Әбіш кіреді. Кәртай мен Күлән жылт беріп екінші жаққа шығады)*.

Жақып: — *(Шаңқ етіп)* Солдаттар! Көзде дұшпанға! *(солдаттар мылтығын көзден тұра қалады. Жақып Таранға)* Көтер қолыңды! *(Тарандар состиып тұрып қалды)*.

Таран: — *(Кәртайға)*, Ой «Алаштың» жалданба жансызы! Қызыл жалауды, большевиктің билетін, ариманыңды арзанға сатпаған екенсің!

Жақып: — Тоқтат сөзінді! Көтер қолыңды! *(Көтереді.)* Кәртай, Әбіш, Сергеев, алыңдар құралын! *(Кәртай, Ғарыпжан, Әбіш олардың құралдарын алып жатады. Кәртай Таранның қонышын сипай берем дегенде, Таран оны теуіп-теуіп жібереді. Кәртай шалқасынан түседі)*.

Таран: — Жауыздар!.. Қан майданда кездессең, көрер едім!.. Арам иттер, алдап түсіргенге есіріп... Күні ертең-ақ көреміз!..

Жақып: — Айдандар түрмеге!.. *(Бес-алты солдат*

Тарандардың қолын артына байлап, айдап шығады. Қалған солдаттар да тегіс шығады).

Ж а қ ы п: — *(Кәртайдың қолын қатты қысып.)* Осы сағаттан бастап «Алаштың» айбынды ерінің атын берем саған!.. *(Кәртай басын неді.)* Ал, қалай түсірдіңдер?.. *(Кәртай күлімсіреп, айтып жатады).*

С е р г е е в: — *(Күләнның жанына кеп)* Әйел басыңызбен майдан жұмысына араласқаныңызды құттықтаймын! Қолыңыздан сүюге рұқсат етіңіз!.. *(Күләнның қолынан сүйіп, күлімдесіп, сөйлесіп тұрады).*

Ғ а р ы п ж а н: — *(Әбішті оңашалап.)* Жұрттың бәрі еңбегіне қарай сый алып жатыр, біз екеуіміз...

Ә б і ш: — *(Күліп.)* «Алаш» қанатын жайса, Сарыарқада бұрынғыдай сайрандап, өзіміз қан, өзіміз би болсақ... *(Есіктен Жүсіп кіреді. Бұлар оған қарай қалады. Жүсіпті көріп Күлән теріс айналып, Сергеевті терезеге таман әкетеді).*

Жүсіп — (Тақпақтан):

«Бір жыл болды сені сүйдім, уладым.

Бауырыңа алдың, неге мені қумадың?

Ессізбін мен: айрылуды ерте ойлап,

Қанды жаспен көзім неге жумадым?!..

...Білдім бүгін: мені тастап кетесің!

Күміс көбік Ақ Еділден өтесің.

Ботакөзім, өлтіріп кет қолыңнан!

Тірі тастап кетіп мені нетесің?!
(Қолын соза түсіп.)

Көріскенше қош бол, енді, бер қолды!

Қалтырайсың қолым саған не болды?

Жан сүйген жар жат қолыңда тұрған соң

Көзіме жас, жүрегіме у толды!..

(Сергеев бір нәрсе айтып күледі. Күлән тыржыңдап шығын көтереді. Ғарыпжан мен Әбіш ымдасып, Жүсіпті ортаға алады).

Ә б і ш: — *(Ғарыпжан екеуі Жүсіпті қақпалап оңаша апарып.)* Жүсіп! Сен ақылыңа кел!.. Сөз шығаратын кез емес...

Ж ү с і п: — *(Мысқыл түрінде)* Рас, сөз шығаратын кез емес. Біз өлім мен өмірдің арбасқан кезеңінде тұрмыз... *(қамыққандай)* Бірақ... Өлім сағатында сүйген жарыңды құшып өлсең... Шұбар жылан боп жат араңа кірмесе... Неге есіртеміз осынша, қазан бетінің кілегейіне шейін сыпырып беріп?.. *(Жақып ала көзімен қарап, сөйлесе береді).*

С е р г е е в: — *(Күліп)*... Ақынның ардақтысы Пушкиндей-ақ болар, орыс жұртының сұлуын о да жалғыз немдене алмаған...

Күлән: — (Тыржың етіп) Ақын емес, ақымақ! Мәдениетсіз!.. Сүймеймін өзін... (Күлімсіреп, Сергеевпен сөйлесе береді. Әбіш пен Ғарыпжан Жүсіпті басуға азаптанып жатыр).

Кәрт ай: — (Күлімсіреп)... Сонымен әйтеуір сендірдік-ау. Әскеріңіз пәтер әзірленгеннен кейін кірер, өзіңіз бірге жүріңіз, деп бөліп алып жөнелдім.

Жақып: — (Жайраңдап, Кәрт айды иықтан қағып..) Жарайсың жігітім,— ақ сүтінді адалдады! Сенің еңбегіңді «Алаш» тарихына алтынмен жазамыз... Енді тұрмау керек: жыланның басы ғана қырқылды, бөкесі әлі тірі. Сонау жүз елу солдатты жайластырмай бізге тыным жоқ! Біреу білдіріп, бүліншілікке ұшыратып жүрмесін. Осы жұмысты өзің аяқтап шық: солдаттарды әр үйге үшеу-төртеуден кіргізіп жасырындыр да, Таран әскерін солардың үстіне бөліп-бөліп түсір. Үн шығартпай бір минутте жұмысын бітір. Мен саған сендім!

Кәрт ай:— Бұл тапсырмаңыз сөзсіз орындалады деп біліңіз. «Алаш» жолынан аяған жан құрысын!.. (Кәрт ай кете бергенде шымылдық түсе бастайды. Жүсіптің зарланған дауысы:)

«Айырылам деп алып па едім есіме?
Амал қанша әйелдегі кесімге?
Тәңірі ием! Маған мәңгі ұйқы бер,
Жан жарымды бір сүйейін түсімде...»

БЕСІНШІ ПЕРДЕ

Жақып, Кенжеғара, Айбала, Өмірбек.

Жақып: — (Ерсілі-қарсылы жүріп.) Кенжеғара, қалдың өзі қалтылдай бастады-ау, ә?.. Соңғы уақытта жеңдік деген бір қабар келмейтін болып алды...

Кенжеғара: — Бұл өзі уақытша қалып болса оқасы болмас еді... Біздің де, ақ жанаралдардың да алғашқы екпініміз жартасқа соққандай қайтып қалды ма деп қорқам... Қомақты күш болмағасын, шашырай-шашырай, сарқылып қалмасақ қайтсын... Егер, осылай бола берсе, есің барда етегің жап дегендей...

Айбала: — Есенгелді мен Таранды оңай-ақ қолға түсіріп алып едіңдер, содан кейін қақпан шабуды қойып алды ғой... Мен әйелмін ғой, сондықтан шығар деймін, құдайдың құдіреті, соларды алдап түсіргендерің жақсы игі ме деймін де жүрем... Тек әйелдігіме көрінсін-ау... Әйтсе де...

Ж а қ ы п: — Е, одан соң да бірталай өзгеріс жасандық кой... Өмірбек бізге қосылды... Бірталай күш әкелді... Екі жұма болды, орнығып алғандай да болдық... Ел де үйренісіп келеді... Кәдімгідей арыздарын әкеліп, шуылдап жүрген жоқ па?..

К е н ж е ғ а р а: — Әй, білмеймін... Ел үйреністі дегеніне мен өзім көп сенім артпаймын... Шабуылдағанда әлгі аз ғана бай мен ақсақалдарың болмаса, өзге қалың бұқара бізге ел болатын түрі байқалмайды... Қайсысымен сөйлессең де, бір ұртында майы, бір ұртында қаны... Ал, енді крестьяндарың бізге «киргизский орда» деп қарайтын көрінеді. Осы бір «Алашорда» дегеннің ордасына, бұрынғы «киргиз» дейтіндерін жалғап алыпты да, қай жерге құлағың салсаң, «киргизский орда» деп тұрғанын есітесің... Қісіге найзадай қадалып тұрады...

Ш о н м ұ р ы н: — Крестьянға не істей аласың? Бұлар бір дүрліксе, үріккен қойдай дүрлігеді. Олардың арасында істеп жатқан ісіміз де жоқ. Қазағың түгел бізге қарап болған күнде де, қалың мұжық бізді керіп әкете ме деп қорқам... Осыларыңның екі сөзінің бірі «большевикпіз» дейді екен...

Ж а қ ы п: — Мұжығынды былай қоя тұршы... Оған үкімет құрып берейін деп тұрған кім бар?.. Қазақты айт!

Ш о н м ұ р ы н: — Мұжықты қоя алмайтын көрінеміз... Есенгелді, Тарандарды атуға бұйырып едік, маңайдағы қалалардың жарлы-жақпайлары қаптап келіп, ереуіл шығара жаздады ғой... Атамыз деген сөз болған жоқ, кейін қараймыз, — деп әрен құтылғамыз жоқ па?..

А й б а л а: — Ойбой, мұжық дегенің барып тұрған пәле!.. «Киргизский орданың» қатындары деп тіпті көшеге жүргізбейді. Бірдеме дейін десең өршеленіп кетеді. Қызылдар келе қалса, мұжықтың бірі қалмастан еріп кетеді...

Ж а қ ы п: — Ия, ия... Сендердікі дұрыс екен... Бұл мұжық көтерілсе, араның ұясындай шулайды... Соғыста бұлардың біреуі қазақтың онына тұрады...

К е н ж е ғ а р а: — Оның үстіне сыртқы соғыс тоқталғалы қайтып жатқан солдаттың бәрі қызылдар жағында... Солардың үгіті крестьянді бізге удай қарсы қылып қойып отыр... Большевик отрядтарының көбі солар...

Ж а қ ы п: — Әйтеуір, қалымыз қалт-құлт етіп, құлдырап барады... Әскеріміз күнде қашып жатыр... Қолдағы әскер жидіп, шіріп барады... Білмеймін...

Ө м і р б е к: — Қолдағы әскерің мықты ауру көрінеді. Бізбен келгендерді араларына кіргізбей, әлі мүйіздел

жүр ғой: «аяғынан келген, сендерді кім шақырды, нан өзімізге де жетпей жатыр!..» деп кез келген жерде көзге шұқитын көрінеді... Содан шығар деймін, бізбен келгендердің көбі қайта қызылдарға қашып кетіп отыр...

Ж а қ ы п: — Қайта қашып кетіп отыр?

Ө м і р б е к: — Ия, қайта қашып кетті... Бізден бөлінгенде Баян мен Соколов жиырма шақты ақ адаммен кетіп еді, қазір екеуі екі отряд жасап алыпты...

Т е л қ о з ы: — Отряд болғанда қандай! Қара бұтақта кездескенімізде дал-далымызды шығарды ғой... Көзге іліккен жерден шабуыл жасады... Баянның отряды бізден екі есе аз еді, сонда да шыдатпады ғой... Олар нығайып алған... Қауыптың өзі торлап...

Ж а қ ы п: — Жеңілгендерінді көтеріп айтпай, жеңгендерінді айтатын да күн болар ма екен!.. Ұят та жоқ, ар да жоқ... «Дал-далымызды шығарды!» деуін қарасайшы! Сендер, немене, қоймысындар, қоянбысындар?..

К е н ж е ғ а р а: — Әнгіме бұларда ғана емес, бәрімізде... Біздің артымызда ел жоқ екендігі енді-енді айқындалып келеді... Қазақ деп жүргеніміз бір уыс байлар екен. Қалың бұқара бізден қашып, жуымай отыр... Ә, олар ереді, еріп жүр, дейтінбіз... Ерте алмадық... Біздер құсап Колчак, Дутовтар да қалың мұжықты бездіріп алды. Қатты бір соққы көрсек болғаны, бір күшті әскердің қолтығына кірмесек, бас паналайтын да жер қалмайды... Қолындағысынан айырылса Колчак-Дутовтар да көшкен елдің жұртында қалады...

Ш о ң м ұ р ы н: — Ал енді большевиктер олай емес: жұмыскері, кедейі, орташасы бар жерге ұшыраса болғаны — отряд құралып сала береді: ат та табады, ас та табады... Қалың бұқара соларға ауып болды... Бұл толқынды тоқтату өте қиын... *(есіктегі солдат кіреді)*.

С о л д а т: — Мына бір телеграмды әкеп кетті *(Жақыпқа береді де шығады)*.

Ж а қ ы п: — *(Оқып.)* «Қарасай қаласынан қашып шығуға тура келді. Артымызда Баян. Алдымызда Андреев. Жау күшті, жәрдем беріндер. Әскердің жартысы оларға қашып кетті... Мұсин.» *(Телеграмды лақтырып жіберіп)* Жасаған ау, не болдық? Жеңілдік, қаштық деген қабар қашан тоқталады? Кімнің ғана қолынан келеді мұны тоқтату?!.

Ш о ң м ұ р ы н: — Колчактан күш сұрау керек... Қостанайдағы әскерін бізге жіберсін. Орынбор жаққа Дутов не болсын... Әйтпесе, Орынбор мен Түркістан арасы бір қосылып алса, қызылдар бет қаратпайды...

Ж а қ ы п: — Жаза қойшы, құрғырды!.. Одан да не шығар дейсің?.. (Шоңмұрын жазуға отырады).

Ә м і р б е к: — Баян мен Соколов отрядынан осынша сабылып отырмыз, егер Андреевтің өзімен ұшырасып қалсақ не боламыз?.. Қобызотар бір ақырып қалса-ақ, торпақтай томыраңдап, алдына түсе жөнелеміз бе? Сендердің арқа сүйер, мықты белдерің қайда осы?..

Ж а қ ы п: — Қайда болсын, осы отырған өзіміз... Іс бітіріп, мал тауып жатқан анау ақсақал-билерің... Атқа жаңа мінген баладай компан-компан етіп отырған анау Қалшақ... Міне арқамыз да, беліміз де, жұлын-жотамыз да осылар емес пе?..

Ш о ң м ұ р ы н: — (Жазғанын оқып.) Телеграм былай болып шықты:

«Қазақтың құрметті ақсақалы, Сибирьдің дара билеушісі, бәріміздің арқамыздағы панамыз, маңдайдағы саямыз, адмерал Колчак!.. Айбынды «Алашорданың» мұндағы бөлімінің қалы ауырлай бастады, әскеріміз азайды, әрі қашып жатыр... Егер бізді күшейтпесеңіз, Орынбор мен Түркстан арасы айқасып алады. Одан кейін большевиктер бет қаратпайды. Құрылмаған біздің «Алашордамыз» түгіл, сіздің мықты үкіметіңіз де шайқалуы мүмкін. (Әдейі жазып отырмын «мықты үкіметіңіз» деп) Сондықтан, тезінен Қостанайдағы Могилев полкын бізге жәрдемге жіберіңіз. Жәрдеміңізге сеніп — Күншығыс Алашордасынан:

Жақып, Шоңмұрын, Кенжеғара».

К е н ж е ғ а р а: — Әлгі, офицер Антоновтың қолын неге қоймадың?

Ш о ң м ұ р ы н: — Оны кім біледі, қол қоя ма, жоқ па? Өзі үш күннен бері мас, басын бір көтерген жоқ... (Антонов кіреді).

А н т о н о в: — Кім мас?.. Шоңмұрын, сен трибунал болмақ түгіл, құдай болсаң да, адмирал Колчактың офицерін мас деп сөгуге өрең жетпейді!.. Білдің бе? Көзіңді ашып қара, жағыңды сындырып жіберермін!..

Ж а қ ы п: — Сабыр ет, Антонов офицер! Мас деп сені айтқан жоқ, солдаттарды айтып отыр еді... Біз бір телеграмма берейік деп едік, қол қоясыз ба? (Телеграмманы береді).

Ш о ң м ұ р ы н: — Офицер Антонов, сіздің мінезіңіз өзіңізге лайық емес... Мен крестьян емеспін ғой...

А н т о н о в: — (Оған қарамастан, телеграмманы оқып тұрып) Мені айтпаған болсаң, кешірдім... Сен де...

Ш о н м ұ р ы н: — (*Кенжеғараға*) Міне, иттің баласы!

А н т о н о в: — (*Телеграмманы Жақыпқа лақтырып*) Қол да қоймаймын, ештеңе істемеймін де... Бүгін Омбыға жүрем. Маған отпусқа бересің. Телеграммаларыңды өздерің бере бер... Мен өзім барып адмиралға хал-жайды ауызба-ауыз айтам... Жердің бетін жауып кететін көп әскер әкелем, ризасыңдар ма?.. Мен бұлай сандалып жүре алмаймын... Сендер...

А й б а л а: — Неге асықтыңыз, офицер Антонов?.. Әлде бір...

Ж а қ ы п: — Ризамыз... Барсын... Барсын...

О т ы р ғ а н д а р: — Жарайды, барсын... Бірақ тез жәрдем әкел!..

А н т о н о в: — Мен енді амандасуға ғана келем... (*Кетерде Айбалаға қарайды, Айбала да артынан шығады*).

К е н ж е ғ а р а: — Кетсінші, осы иттің өзі... Жазатайым қашуға тура келсе, мұнымен жүріп елге сия алмайсың... Барсын!..

Ж а қ ы п: — Апырмай, халіміздің өзі қайтер екен?.. Ақаңнан да қабар болмады... Оны Мәскеудің түрмесіне тығып жіберген шығар-ақ!..

Ш о н м ұ р ы н: — Ие, Ақан бас бостандығынан айырылған шығар... Әйтпесе, ұшқан құстан болса да бір қабар берген болар еді... Әлібаевтың келісімін Мәскеу неғып ұната қойды дейсін...

Ө м і р б е к: — Оның үстіне, артынан переворот жасалғанын Баяндар Мәскеуге әлде қашан білдірген... Дүние сабасына түскенше, Ақаңнан айырылған шығар-ақызы... (*Ғарыпжан кіреді*).

Ғ а р ы п ж а н: — (*Айнала қарап...*) Осы арадан қырық шақырым жерде Желаев келе жатыр!..

О т ы р ғ а н д а р: — (*Селк етіп.*) Желаев келе жатыр?!..

Ғ а р ы п ж а н: — Отыз шақырым жерде Андреев келіп тұр!..

О т ы р ғ а н д а р: — (*Ұшып тұра келіп.*) Андреев келіп тұр?!..

Ғ а р ы п ж а н: — Жиырма шақырымда Баян отряды төніп тұр!..

Ү й д е г і л е р: — (*Отыра қалып.*) Баян отряды?..

Ғ а р ы п ж а н: — Он шақырым жерде Әлібаев тұр!..

О т ы р ғ а н д а р: — (*Ұшып-ұшып тұра келіп.*) Әлібаев тұр?..

Ө м і р б е к: — (*аз тым-тырыс*) Одан басқа ешкім жоқ па?

Ғ а р ы п ж а н : — Осы төртеуі де жететін... Төртеуі төрт бүйірде... Араларында байланыс бар секілді.. .

Ү й д е г і л е р : — Байланыс бар?

Ғ а р ы п ж а н : — Байланыс бар! Ойда орыс, қырда казак, бәрі солардың байланысы, сымсыз телеграммы...
(*Үйдегілер сылқ отыра кетеді*)

Ж а қ ы п : — Олар осы қаланы алмақ па?

Ғ а р ы п ж а н : — Енді екі сағатта шабуылдың шанын көріп, түтінін жұтасыздар...

Ж а қ ы п : — (*Ұшып тұра келіп.*) Мен, полковник Жақып, «Алашорда» үкіметінің атынан, осы қаланы тұтас соғыс құшағында деп жариялаймын!.. Штаб басында Жақып, Қенжеғара, Шонмұрын үшеуі ғана қалады. Өзгесі түгел әскер қатарына тұрып, қару асынсын! Қаладағы барлық солдатты қаз бастырып, қатарға тізу офицер Төреғазыға тапсырылады! Әскерді қалай жүйелеу штаб қолында!.. Жөнеліндер орындарыңа!

Ү й д е г і л е р : — Мақұл, мақұл (*шығып бара жатады*).

Ж а қ ы п : — Өмірбек, Төреғазы мен Кәртайды жібер мұнда!..

Ө м і р б е к : — Кәзір, кәзір (*асығыс шығып кетеді*).

Ш о н м ұ р ы н : — Баян отрядына телеграмма берейік...

Ж а қ ы п : — Не деп?

Ш о н м ұ р ы н : — Өздерің келіп, қару-жарақтарыңды беріп қолға түсіндер, әйтпесе жарты сағатта қолға алынасыңдар, аяушылық болмайды деп. Мүмкін...

Ж а қ ы п : — Әй, ештене шықпас... Берсең, бере сал!.. Бірақ, бір жандаралдың қолын қой, қаймықса сонда қаймығар...

Ш о н м ұ р ы н : — Мен жазып та қойып ем: (*оқиды*) «Большевик Баян мен Соколовка! Егер жарты сағатта қаруларыңды тапсырып, өздерің қолға түспесендер, Ташкенттегі қырғынның көшірмесін көресіндер... Андреев, Әлібаев қолға түсті... Атаман Беляев»...

Ж а қ ы п : — Тез жіберт... Бәлкім... Ал, қалаға сақ болыңдар! (*Телеграмманы Айбалаға береді. Айбала алып шығады*).

Ғ а р ы п ж а н : — Осы қаланың өзі көтерілмесе жарар... «Киргизский ордадан» қашан құтыламыз, деп ауыздарын жаппайды...

Ж а қ ы п : — Кімдер айтады?

Ғ а р ы п ж а н : — Бүкіл вокзал, көше, бүкіл базар бәрі осыны айтады.. .Ірі байлар болмаса, қаланың өзегі

халқы ат-сайманын алып, әлде қашан далаға шығып кетулі...

Кенжеғара: — Қазақтар қалай екен?

Ғарыпжан: — Қазағын да желігіп алыпты, өмірінде мылтық ұстап көрмеген қазағын, осы күні лек-легімен большевикке қосылып жатыр... Болыстарың менен, сен соққан балықтай, елден айырылып қалыпты...

(Телқозы, Төреғазы, Кәртай, Айбала, Әбіш кіреді).

Жақып: — (Келгендерге) Хал ауыр, жау қамап тұр... Ерленіндер!.. Төреғазы, Телқозы, — екеуің әскер командованиесін өз қолдарыңа алындар!.. Жиып ұстандар. Әр минутта атысқа әзір болсын! Кәртай, Әбіш екеуің түрменің күзетін күшейтіндер!.. Кішкенедесін бұйрық аласындар, жөнеліндер.

Төреғазы: —

Телқозы: —

Әбіш: — (Шығып бара жатып.) Дайынбыз! Дайынбыз!..

Жақып: — (Телефонды алып) Ия! Бұ кім? Баян!? (телефонды түсіріп алады. Жұртқа қарап) Баян! (қайта алады) Не, не? Не дейсін? (Сасқанынан күліп) Денің сау ма, әй?.. (Қайта түсі бұзылып) Біз де қозықпаймыз... Атаман Беляев екі мың әскерімен осында тұр... Жақындасандар, күлдерінді көкке ұшырамыз... Не? Қолға түсіндер? Тимейміз?.. Өздерің қолға түсіндер!.. Біз де тимейміз... Әй, бұзылған! Аз ғана қазақты көкпардай созғыламай, келіп бізге қосылсайшы... Әуелі қазақтың теңдігін әперейік те... Большевик ұлт теңдігін береді дегенге кім иланады. Әуелі өзі теңеліп алсын... (Тыңдап.) Өзін жауызсын!.. Қазақтан бөлініп... Сен, сен! (телефонды тастай береді. Жүріп кетеді... Аздан сон. рас, рас... Күш оларда. Олар қазір қаланы алады... Жүгір Ғарыпжан! Әскерді көшеге тізсін!.. (Ғарыпжан шығады. Телефон шылдырайды) Бұ кім? Төреғазы? Әскерді төртке бөліп қаланы айналдыра шеп құр! Қазір өзім барам. Мұнда отыз әскер жібер, Өмірбекті бастатып!.. (Даладан айқай, шу естіле бастайды).

Шоңмұрын: — Түрмедегілерді қайтеміз?

Жақып: — Атып кетеміз!.. Жаза бер үкімінді!.. (Шоңмұрын жазуға отырады) — Кенжеғара, баршы, байқашы... Нетші... Мен де барам!.. (Жақып, Кенжеғара шығады. Аз тым-тырыс. Телефон шылдырлайды. Айбала штабтың қағаздарын жинай бастайды).

Шоңмұрын: — (телефонды алып) — Кім? Жақып әскерді қарауға шықты... Не айтасың. Шабуыл? Қай

жақтан? Екі жақтан? *(есіктен қашуға айналған адамдар тыпырлап кіре бастайды: оқыған әйел, еркек, қала байлары, жуандар)*... Қанша? Неге білмейсің?.. *(Кіріп жатқандарға)* Кірмендер, кірмендер!.. Ертерек ат тауып алып, күн батысқа қарай қаша беріңдер! Қаша беріңдер, күн батысқа қарай!» *(телефонды қояды)*.

Д а у ы с т а р: — Қарағым-ау, қалып барамыз ғой, нәрсеміз қалды, есік ашық... Үйіміз бос... Ала кетіңдер, ала кетіңдер, қарақтарым. *(У-шу)* Қайда барамыз, қайда қашамыз?..

Ш о ң м ұ р ы н: — Күн батысқа! Күн батысқа қашыңдар! *(Далада мылтық дауысы естіле бастайды. Әуелі аз, ұзамай көп. Даладағылар да, үйдегілер де шулайды. Ерсілі-қарсылы жүгіріс. Нәрсе тасу... Айбала, Шоңмұрын екеуі үйге кіргендерді қашырмақшы болып жүреді. Жақып кіреді... Телефон)*.

Ж а қ ы п: — *(Телефонды алып)* Кім? Кенжеғара?.. Әрине, қашамыз... Жөнелтем *(телефонды тастап, үйдегілерге)*. Жөнеліндер, тезірек батысқа қарай! Айбала, сен де жөнелші, қасына он шақты солдат ал... *(үйдегілер жөңкіліп шығып жатады. Тағы да көп адам кіріп жатады. Атыс күшейгеннен күшейеді. Жақып телефонды алып)* — Түрме! Түрме! Қартай... Тыңда! Кәзір түрмедегілерді осында жеткіз! Сақ бол, қашып кетпесін! Аяқ, қолдарын байлатып ал!.. *(телефонды қояды. Өмірбек кіреді)*.

Ө м і р б е к: — *(честь беріп)* Әкелдім, алдияр, 30 шақты солдатты!

Ж а қ ы п: — Қораға кіргіз! Қасында бол өзін!.. *(Өмірбек асығып шығады. Шоңмұрын мен Жақыптан басқаның бәрі шығып болады. Дала у-шу. Атыс, андасанда үйге адам қаптап, нәрсе тасып, шуласа береді)*. Жасаған, ақтық алыс, соңғы сағатқа жетіп қалғанымыз ба! Шыны мен ақ Алаштың ардагерлерінің басы бір қосылмай, әр жерде жетім құрбан болып кете барғанымыз ба?.. Қайран ұшы-қиырың көрінбейтін Сарыарқа!.. Жіпсіз тұсап, ділгер қылдың-ау! Басымызды бір қосып, жас отаудың уығын шаншып, ішіне бір кіре алмай-ақ кеткеніміз бе?..

Ш о ң м ұ р ы н: — Болмады, болмады! Ендігі жұмыс жастығымызды ала жығылу да! *(Қартай кіреді)*.

Қ ә р т а й: — *(честь беріп)* — Әкелдім бәрін де... *(Сахнаның түпкі қабырғасына марлы ұсталған, ар жағынан фанер ұстаған. Дәл осы кезде фанер алынып, сахнаның сыртына жарық беріледі. Байлаулы, кісендеулі,*

үсті-бастары қан 20 шақты адам көрінеді; қарсы алдында мылтығын көздеп тұрған 20 шақты солдат, Есенгелд. Таран, Мәмбет, Сәдендер бар).

Ж а қ ы п: — Шоңмұрын, Үкіміңді оқы! *(бәрі далағшығады. Үй бос. Сыртқы жарық күшейеді...)*

Ш о ң м ұ р ы н: — *(Сырттан бұлар ішке көрініп тұрады)* — «Алашорда» үкіметінің соғыс трибуналы, е бүлдіргіш жауыз большевиктердің ісін қарап, мынадай қаулы қылады: Таран большевик, үкіметке қарсы көтеріліс жасаған, ел тонаған, орыс жұмыскері — атылсын! Есенгелді — қазақ, большевик, уездік военком, 16-жылы патшаға қарсы көтеріліс жасап, одан кейін «Алашордаға» қарсы көтерілген, бұзық, ұры — атылсын! Сәден — қазақ, большевик, Есенгелдінің жолдасы, бұл да ұры — атылсын! Мәмбет — учитель, қазақ, большевик, патша заманында талай бұзақылықтар істеген, штраф тартқан, жер аударылған, сәбдеп бастығы... *(оқ төбелеріне-зулаганда Жақып, Шоңмұрындар ылғи бұғып қалысады...)* Байлардың мүлкін талаттырған — атылсын! Бұлардың жолдастары — Иван, Тасқара, Шарапи, Мамұл, Ғабиди.. Бәрі де атылсын!

Ж а қ ы п: — Соғыс трибуналының үкімін бекітем. Үкім орындалсын!

К ә р т а й: — Солдаттар!.. Көздендер большевиктерді, *(төбесінен оқ зулап, Жақыптар бұғып, біріне бірі тығылады).*

М ә м б е т: — *(тұтқындар арасынан)* — Құзғындар! Енді екі минут кешіксендер, біздің орнымызда сендер тұрар едіңдер!.. Атыңдар, атыңдар! Төңкеріс құрбаны болсақ, арман жоқ!.. Бірақ, мынау төбелерінде ойнаған оқ, біздің оғымыз екенін ұмытпаңдар!.. Мына гүрсілді есітіп тоңқандап қашып бара жатқандарыңды көріп, қазір қаланы большевик алатынын біліп өлген бізде түк арман жоқ!.. Бізді большевиктер көмеді! Атыңдар, жауыздар, атыңдар! Атыңдар!

К ә р т а й: — Солдаттар, тартыңдар серппені! *(Гүрс-гүрс... Тұтқындар құлайды).*

Ж а қ ы п: — Ал, тартыңдар, күн батысқа!.. Тартыңдар!.. *(Сахна бос. Атыс жақындай береді. Сатырлан жауып, жалау өтіп жатқан қызыл әскерлер көрінеді. Буденный маршы).*

К о м а н д а: — *(Сырттан)* Ұмтылыңдар алға, қызыл ерлер! Біреуін қалдырмай ұстандар *(өтіп бара жатқан Әлібаев көрініп кетеді. Артында әскері. Асығыс... Аздансын өліктердің қасына Андреев, Баян келеді).*

А н д р е е в: — Атып кетіпті! Біздің жолдас-тар-ау, ә?..

Б а я н: — Бәрі біздің адамдар: Есенгелді, Мәмбет, Сәден... Мынау қызыл командир кім болды екен?..

М ә м б е т: — *(Ақырын)* Ол — Таран... Жұмыскер... Большевик...

Б а я н: — *(Мәмбеттің басын көтеріп)* — Мәмбет, Мәмбет, халің бар ма? Біз қаланы алдық қой! Білдің бе?..

М ә м б е т: — Білдім... Білдім... Біз армансыз... Жүрек қуанышты... Бәріне де сәлем... Қанымызды қайтарарсыңдар... Қош!..

Б а я н: — *(Мәмбеттің басын қоя беріп)* — Бітті!.. Қадайық осы араға қызыл жалауды! *(екі әскер қызыл жалау қадап жатады)*.

Шымалдық

ОН БЕС ҮЙ

Повесть

...Адырақ көзді қара баланы алдына алып әлдилегенде, Елемес оқта-санда күрсініп қойып:

— Қатын, а қатын! Біздің бала не болып шығар екен: Әбікен құсап әлім болып, жұртты аузына қаратып отырар ма екен, әлде Ыбырайым құсап учитель болып, сары түйме тағар ма екен? — деп жымындаса, қатыны Үмітай — ұнатпаған болып, кейіген болып:

— Сенің осы сұқтануың-ай.. Саған бала не ғып тұрсын-ау,— дейді.

Шынында, баласы болса, Елемес біреуге ұсатпай қалған емес. Алғашқы бір баласының басы жуандау еді оны әлдилеп отырғанда:

— «Қарағымның басы жалпақ, Бәйеке құсап болыс болып, елді басқарады» — дейтін.

Ол баласы ұзамай өліп қалды.

Екінші бір бала туғанда, онысы шылбұт, қағылездеу болғандықтан:

— «Үстел басында отыруға ылайықты, түбінде осыным төре болады» деп жүргенде, онысы тағы өліп қалды. Сосынғы туған баласы осы ғой. Мұның атын Әпен деп қойды. Үмітай екі сөзінің бірінде:

— Әпен жаным тірі болсын! Осының өмірін сұраймын, басқа баланың керегі жоқ,— дейтін.

Сол Әпені өсе келе жігіт болып қалғанын Елемес пен Үмітай бір-ақ біліп қалған сияқты болды.

Әпен молда да, учитель де бола алмады. Ол түгіл, хат та тани алмады. Баяғы сөзінің құр қиял екенін Елемес сонда білді. Әпен ер жете бастаған соң оқытайын деп еді, жоқшылық қысып, оқуды ойлатпады, Әпен байға малайлыққа жалданды.

Әпенмен замандас Жүсіп дейтін бала сол кезде дуанда оқып жүрді: кигені мауыты-шұға, құлпырған тамақ ішік, таққаны жылтырауық түйме. Әпендерінді ол көзіне де ілмейді. Өйткені ол байдың баласы, оқыған бала... Оның әкесі Ермақ осы елдің байы, қожасы.

Оған көп заман болды. Ондағыдан ел де, адам да

жанарды. Ол кездерде Ермақ аймағын бір шыбықпен кіріп отыратын болса, осы күні көрінгенге жалынышты, қызыр күйге айналып қалған сияқты болды. Бір кезде сары түймені жарқылдатып жүретін Жүсіп студент әкеден, үйден, елден безіп, әлде қайда кетіп жоғалды.

— «Большевик келіп орнағанда сол Жүсіп мырза қарсы болған екен ғой, соның үшін ұстап жауыпты»,— деп біреулер оны өсектейді.

— «Ұсталмапты, бір қалада кеңседе істейді білем» деп біреулер айтады.

Әйтеуір Жүсіп жоқ. Ермақ — бай болғанмен жас жағынан Елемеспен қатар кісі ғой, ақ таяғын таянып, ауылға біреу келсе, бұға түсіп, әлі келе жатыр. Бұрын Елеместі елемейтін еді-ау Ермақ, осы күні Елеместің құрым үйіне келіп, от басына жалпия отырып, жас бала құсап Үмітайдан айран сұрайды:

— Құрып қалғыр, Үмітай-ау, замандас деп келгенде сен де бір елесен қайтеді? Айраныңнан бере салсаң қайтеді?.. дейді әзілдеп.

— Байға бәрі жарастықты, әйтпесе айранға қат болып отыр деймісің, осы күні қымыздан іркіт жиғандай болып отыр... — деп Үмітай күрсінеді.

Бұрын Елемес те, Үмітай да Ермақтың үйінің ық жағынан жүре алмайтын. Ермақтың бәйбішесі Жұмакүл деген кісі ысқырып, үйіне барған кісіні кекеп-мұқап, бір аяқ саумал берген құрлы жер-жебіріне жетіп болатын ғой.

Елемес сөзден қашатын адам. Қандай ауыр сөз естісе де, есітпегенге салынып жүре береді. Үмітайға да өзіндей бол деп үгіттеумен жүреді.

— Қатын, біз сөздің адамы емеспіз, біз сөзден аулақ болайық,— дейді Елемес.

Елеместің бұл ойынан Үмітай да шықты. Екеуінен туған бала Әпен болса, о да әкесінің осы тәртібіне тұмай жатып-ақ бағынып қалған секілді. Бірақ Елемес еш уақытта Әпенді сөзден тиган емес.

Әпен бала отыздың біріне шыққанда, Елеместің тап өзі құсап ербиген мұртқа, тырбық сақалға ие болды.

— Шал-ау, осы сен не ойлап жүрсің? Балаңа сақал шыққанын білемісің?..— деп, Үмітай Елемеспен тізерлесе отырып, оқта-санда әңгіме қозғап қояды.

— Ойлап жүрмін-ау... Оның өзі не еді... сәті болса...— деп Елемес қақырынып, иығын көтеріп қояды.

Мұнысы, шынында, кемпіріне көз қып айтқан сөз еді. Әйтпесе, Әпеннің өз билігі өзінде екенін Елемес жақсы

біледі. Әпеннің билік алуына Елемес таласқан да жоқ еді. «Балам болса, ол балам адам болып оны мен солын айырса, Ержан құсап тізгіндесіп отырмас едім»,— деп жасынан серт қылушы еді, сол сертіне жетті — Әпен жиырмаға келген соң-ақ шаруа билігін тұтасымен соған үйе салды.

— Шал-ау, не ойлап жүрсің? Шайдың біткенін білесің бе? — деп кейде Үмітай келіп төнсе:

— Балаңа айт, билік балаңда. Бір кемпір мен бір шалдың тамағын тауып асырай алмаса, жатсын,— деп Елекең кеңкілдеп күледі.

Әпеннің тамақ тауып асырайтыны рас. Әпенге Елемес сенеді. Бірақ кейде жалғыз отырып ойланса, көңілі әлде неге жарымданады: Әпеннің жүріс-тұрысында, ісінде басқаларда болмаған өзгешелік бар. Шертіктің баласындай ойға-қырға шабуылдап сауда қылып, пайда түсіруінді білмейді; Жұмаш құсап, атқа мінгендерді жағалап, олжа түсірудің жайын қарастырмайды; ең болмаса, Сәден құсап, домбыра тартып, өлең айтып, біреудің қызын қалыңсыз алып қашумен де жұмысы жоқ. Солбырайып, состиып, ешкімге икемделмей жүрген бір бала... «Осы шіркін не боп кетер екен? Ақылы дұрыс: сөйлесе, сөз біледі. Осының ойланатын уақыты болған жоқ па?» — деп Елекең кейде ауыр ойға шомады...

* * *

...Болыстан өкіл келді деп ауылнай қол астын тегіс жинады. «Жан қалмай келсін деп айтады» деген соң Елемес те барды. Ермақ, Нұрқан, тағы басқа шалдар да бар. Өкіл болып келген — көлбақадай тырбиған, мысық көзденген жігіт екен, сөз сөйлескеннен көрі шашын тарауы, сипауы көп болды. Жұрт даурығып жан-жақтан сұрай келе жұмысы анықталды: «жер бөлісі» туралы шыққан өкіл екен.

— Еріккен соң...— деп, Жұмабай сұлу мұртын ширатып, сөзінің артын бітірмей, маңындағыларға қарап жымыңдады.

— Осының бізге беретіні бар ма? Ау, соны сұраңдаршы! — деп бір жалба шапан, біреу өшіктіріп салғандай, жұлқынды.

— Беретіні неге болмасын, беріп отырған жоқ па? Күр даурыққанша алдымен осыны іске асыр!.. Шатасып...

Мықшиып отырған жұрт, тұнжырап отырған пішін-

дәр кенет селт етіп, осы соңғы сөзді айтушыға қарай қалды. Самсаған көз соған қадалды. Көп көздің ішінде кіреукеденген Елеместің көзі де бар еді. Қараған көздерге сөз айтушы оттай басылды: бұл — Елеместің Әпені еді!

— Е, Әпенім, адам бопсың ғой, тағы да сөйле, тағы, тағы... деп Жұмабай мырс-мырс күлген болды.

— Жастар қоя тұрса да болады ғой! — деп, бір шал күрсінді.

— Апырмай, біздің ауылдың жастары-ай!

— Құдайдан безген соң...

— Тоқтандар, өкіл сөйлеймін деп тұр.

— Ал, тағы сұрау бар ма? Әлде, қаулы шығарамыз ба? — деп өкіл жігіт жалбыр шашын кейін қарай сілкіп тастап, қасқия қарап тұрып еді, жұрт бірсыпыра бөгеліп барып, шет жақтан біреулер күнкілдеді:

— Қаулысы несі?

— Қайдағы қаулы?

— Ау, осының бізге беретіні бар ма?

— Неге шақырған бізді әуре ғып?

— Ауылнай қайда, ауылнай? Әй, ауылнай, бізге бір-деме бөліп береміз дегенің қайда?

— Бәсе, сонынды әкелші!

— Жер алсын, жер, жер!

— Керек емес жерің!

— Шатаспа Демесін! Бізге керек, аламыз жерді!

— О кім-әй? Тағы Әпен бе?

— Мына мен де қосылам, мен де қосылам!

— Бейсембай да шықты ма?

— Шуламандар!..

Бұл соңғы дауыс Жұмабайдікі еді. Жұрт тына қалды. Жұмабай мардамсып, иығын көтере түсті:

— Ал, Әпен, Бейсембай, ашып айтындаршы, іштеріңде бір шер бар ғой сірә...

Жұрт тағы бұл екеуіне қадалды. Бейсембай қызараңдап қысыла түсті.

— Өкіл жолдас, маған сөз бер! — деді Әпен орнынан тұрып жатып.

Жұрт қадала қалды. Қаймықпастан, бөгелместен үстелдің жанына келіп, жұртқа бетін беріп Әпен қасқия тұрды. Бір жақ құлағы жыртылған жаман құлақшының кейін қарай ысырықырап қойды. Елемес, жаутандап, Әпенге қадала қарап: «Кемпірі құрғыр мына құлақшының да жамап бермеген екен, үйге барған соң айтайыншы» деп ойлады. Әпеннің неге тұрғанын, не айтқалы

тұрғанын Елемес білген жоқ. Мұндай бір ауылнай елдің бас қосқан жерінде Әпен сөз алып сөйлейді деп кім ойлаған? Төбенің басын қалпетпен алып қыбырлап отырған мына жұрттың тегісінен Әпенге көз тігуін көрдің бе!..

— Жолдастар, жер бөлуді ойыншық көрмендер. Жер бөлінеді. Жерден сыбаға алып жүрміз дегендерің өтірік, жер тиіп пе еді бізге? Мынау отырған Ермак, мынау отырған Нұрқан, мынау отырған Жұмабай бізге жер билетіп пе еді? Жер былай тұрсын, басына билігің келіп пе еді?..

— Өйдейт дерсін, бізден де «демекөк» шықты ма? Құдай берген екен!..— деп, Жұмабай мырсылдап тағы күлкіге басты.

— Сөзінің керегі жоқ!

— Бөлмендер, сөйлесін!

— Керегі жоқ, сөйлемесін!

— Ойбай құдай, Елеместің баласын әкірендетіп...

Жұрт жаң-жұн: біреуді-біреу қолдап жатыр; бірсуге-біреу қарсы шығып жатыр. Елемес жаутаңдап әр қайсының аузына бір қарайды.

— Елемес-ау, сені құдай атыпты ғой! Балаға не болмады деген не сұмдық?! — деп тізерлесе отырған бір шал Елемеске ала көзімен қарады.

Елемес қысылып, бусанып сала берді. Елтірі бөркін жоғары көтерді. Сирек сақалын қолымен талдады.

Даурыққан жұрт бәсең тартты. Әпен қасқнып әлі орында тұр. Көптен имену, жасқану деген болсыншы!

— Ау, маған сөйлетесіңдер ме, жоқ па? — деп, қабағын түйіп, көпті көзімен бір сыдырып өтті.

— Есіттік қой!

— Сөзіңе қандық, орнына отыр!..

Жұрт тағы даурыға бергенде, жұрттың сөзін баса, жұртқа өзін шын таныта Әпен ашына сөйледі:

— Мен басқа сөзінді білмеймін: үкімет айтқан екен, біз қостаймыз! Жер бөлінеді! Әңгімесі осы... Осыған қарсы болғаның, қане, шығып көр!

Осыны айтты да Әпен Бейсембайдың қасына барып отырды. Бейсембай жайраңдап, шекесі күнмен жалтырап, мерейі өскендей көтеріле түсті. Бірсыпыра бастар бүгіліп, төмен салбырады. Бірсыпыра бастар «осы жер астынан шықты ма?» дегендей боп, біріне бірі қарады. Бірсыпыра бастар, қатпарланған беттер, ұйысқан сақалдар — іштерінен әлде неге қуаныш қылғандай; сол қуа-

нышын біреу сезіп қалып тартып алатындай — жаутаңдап, әркімнің бетіне бір қарасты.

«Жер бөлінсін!» деп қаулы істелді. Комиссия мүшесі боп Әпен өтті.

— Құдай-ай, бұл не деген сұмдық еді? — деп бір кемпірлер қатпарланған беттерін шымшылаған боп жатты...

* * *

...Жиылыстан қайтарда Елемес Тоқсанбай шалдың арбасында келе жатыр еді. Ол, бірсыпыраға шейін үндемей отырды да, бір кезде ауыр күрсініп:

— Осы сенің балаң коммунист болудан сау ма өзі? — деді.

— Айта көрменіз, Тоқа, о не дегеніңіз?.. Құдай сақтасын... Үйге барған соң айтайын, ақылына келетін,— деп Елемес қалбандап, оған да қысылып қалды.

Арық торы атқа мінгескен екі адам арбаға келіп қатарласты. Мұның алдыңғысы — Бейсембай, кейінгісі — Әпен еді. Әпеннің аяғы салбырап жерге тигендей боп келеді.

— Жаманға бойды көтере береді деп.. Шіркіннің түрінің өзі келіспеген ғой,— деп Тоқсанбай шал тыржиып, атын шаужайлап айдай түсті.

Жиылыстан тараған жұрт белестен асып түскенде, алдарындағы кең алаптың алқабы сағыммен күлімдеп қарсы алды. Бұл — атышулы «Сары алап». Ермақтың ата-бабасынан келе жатқан төл бәйегі. Мұның жоңышқасы атқа сұлымен тең. Жаттың малы өмірге бұл алапқа тұяғын тігізіп көрген емес...

Жол бойында тізбектеліп жүріп келе жатқан көп жұрттың орта шенінде, жайдақ арбаның үстінде мықшиып біреу келеді. Көне шұға желбейдің құлағы жел екпінімен делең қағады. Ажары түсіңкі. Қабағы қарыс жабылып, осы келе жатқанда өзін таза ұмытып келе жатқан адам секілді.

— Ереке, ау ереке! — деді біреу арт жақтан дауыстап.— Мына бір жайылып жатқан малдар кімдікі? Қайыр деп айтатынсыз ғой, шөбін ысырап қылады ғой... «Сары алаптың» қадырын білмей мал жіберіп жүрген бұл кім өзі?..

Ермақ ауыр күрсініп, сөз қатпады. Әрине, жаны ашыған дос-жар осылай дейді ғой. Бірақ «Сары алапты» қорғайтын құдірет Ермақта бар ма? Кеңес үкіметі орнаған күні-ақ Ермақ біттім ғой деп ойлап еді, ағайын тума

қолтығынан сүйеп, әруағын бұрынғыдан өсірмесе, түсірген жоқ. «Сары алап» бұрынғыдай меншігінде болды... Болғанмен Ермақ оны уақытша ғана иемденіп тұрмын ғой деп ойлайтын. Ермақ өзінің жер басып жүргенін де уақытша санайды. Осы «уақытша» деген сезімнің өзіне қайдан пайда болғанын білмейді, әйтеуір қорқады, қобалжиды... Сол қобалжу бүгінгі оқиғаға кездесті. Кездескенде өзгеше жан шошығандай боп кездесті. Әйет болысындағы жағасы бүтін, ымырасы күшті ауыл осылардікі еді. Басқа ауылнайлардағы Ермақтың тұста-ры бұған:

— Құдай берген адамсың-ау, сенің бақытыңа Жұмабайды туғызып... Ел ымырасын сақтап, жұмысты Жұмабай қолына ұстап отыр. Біздің азып бара жатқанымыз мына! — десетін.

Сөйткен ауылдың тағдыры бір күннің ішінде ғана шешіліп, асты үстіне келген секілденді.

— Жұмабай, а Жұмабай! Бұл қалай болды? Әпенді құтыртып жүрген кім бұл? — деді Ермақ ауылына жақындағанда.

— Саспаңыз, анықтармыз. Болыстан да бар шығар, ауылдан да бар шығар... Сіз әйтеуір Елеместен айырыла көрмеңіз, сосынғысын өзім реттеп шығайын! — деді Жұмабай.

* * *

— Шал-ау, шөлдеп қайтқаның ба? Ерінің кезеріп кетіпті ғой... Жиылысы не туралы екен?..— деп Үмітай келіп Елемеске төнді.

— Мазамды алма ит!.. Саған қалған не сөз бар? — деп Елемес отағасы кейіп, жұлым үйінің көлеңкесіне шалжия отырды.

Үмітай түсіне алмай, шалының кейістігін көріп, «Әпен және бірдемеге ұшырап қалмаса нгі еді?» дегендей боп жалтандап қарап еді, Бейсембайдың артында аяғы салақтап келе жатқан Әпенді көрген соң, көңілі жайланып-айын деді.

Әпеннің жиылыста шығып сөйлегені ауыл-аймаққа көпке шейін ермек болды:

— «Солай депті...»

— «Шіркін екен!..»

— Бәтір-ай, соны айтып жүрген менің Әпенім бе?! — деп Үмітай жағасын ұстады.

Бірсыпыра жұрт тым жатырқамай, Әпеннің сөзін жат көрмей, жылы тартты:

— Айтқаны жақсы, сөйлегені жақсы!.. Жұмабайдың ауызына қарап-ақ өліп ек... Жастардан да шықсыншы!..— деп иықтарын көтергендер де аз болған жоқ.

— Үмітай-ау, той қылсайшы, балаң жиын тойда шығып сөйлепті,— деп шәй андыған кемпірлер Үмітайды жағалады.

— Кемпір, а кемпір! — деді Елемес бір күні: — Осы сен байқайсың ба, біздің бала не боп барады?

— Не болғаны несі? Баяғы қалпы; шаруасын істейді, жұмысына барады, заман-күрбасымен ойнап күледі... Құдайға шүкір, өз қатарынан кем емес... енді, аман-есенінде аяғын шырмасақ екен,— деп Үмітай күрсінеді.

Жақын арада осы сөзді Ермақтың қатыны Жұмакүл де айтты. Ол, Үмітайды үйіне шақырып алды да қасын кере түсіп, ауызын сағыздай созып:

— Дарылдақтың қатыны-ау, заманың бірге еді, құрдас ек... Әпенді өз баламнан кем көрмеуші ем онысы несі: шаршы топтың ішінде шалдың бетінен алып... Өкпесі болса, өзімізге ғана неге айтпайды? Әкесі есепті кісі емес пе? Әпен сыйламағанда біздің шалды кім сыйлайды?..— деп бірсыпыра өкпе-назын айтып, сөз арасында өткен күндерін айтып, Үмітайды қашаннан бері-ақ есінен тастамайтындығын айтып, әлде неге көңілі жіңішкеріп жылап та алды.

Үмітай оны аяған секілденді. Содан былай Жұмакүл Үмітайды ылғи шақыртып, онысыз тамағын ішпейтін болды. Ермақ Елеместі жанынан тастамайтын болды.

Бірақ, Ермақтың үйіне кемпір-шал араласқанмен Әпен араласпады. Ол үйде де тұрмады: жер бөлу жұмысын аяқтап шықты. Комиссия мүшесінің бірі Жұмабай еді, ол ойға алған шеберлігін орындап шыға алмады, Әпеннің тілі күн сайын ашылып Жұмабайды бет бақтырмайтын күйге жетті.

Ермақ тағы күрсінді.

Елемес пен Үмітайға Әпен жұмбаққа айналды. Үйде отырғанда Үмітай жалтаңдап Әпеннің бетіне караумен болады: «Апырмау, осы өзімнің Әпен жаным ғой. Не өзгеріс бар осында? Неге шаншу көреді жұрт мұны? Осы Әпенді бұзықтық істейді деп қандай ғана ауызынан қағынғандар айтады екен?»— деп ойлайды.

Елеместің өзінше ойы бар. О да Әпенді жанындай жақсы көреді. Бірақ сыртқы біреудің азғырынды тіліне еріп, ауылды бүлдірмеуге тиісті — деп Әпенге мықты ренжиді.

Токсанбай шал қайрап:

— Ақылыңды айт, жолға сал, көнбесе, әкесін, таяқпен салып-салып жібер!— дейді.

Елемес қанша ренжісе де бұл ойдан аулақ. Ол өзінше Әпенмен сөйлеспей, оның сөзіне жауап бермей, өкпесінің күштілігін сонымен көрсетіп, сүйтіп жеңейін дейді. Үмітай шалының бұл ойын сезеді де, кейде онашада Әпенді жағалайды:

— Қалқам! Тек тірі бол... Әкенді ренжітпей ақылын алып жүрсең де болады ғой,— дейді.

Әпен күлімсіреп отырады да:

— Сол шалда не ақыл бар дейсің. Ақылы болса, Ермақтың қымызына барып телмірер ме еді?— дейді.

— Қойшы, қалқам, біреу-міреу естіп жүрмесін,— деп Үмітай жан-жағына жалтандайды.

Баласын қандай жақсы көрсе, шалының көңілі ауырлағанын одан да жақсы көреді.

Қысқа қарай жұмыстан қол босап еді, Елеместің кішкене жер үйінен адам арылмайтын болды: маңдайы қасқып Бейсембай келеді. Қисық таяғын сүйретіп, жаман тымағын бір жағына қисайта киіп, дабырлап Әйтен келеді; екі жебесін аузына кезекпе-кезек салып тістеп, кім сөйлесе соның аузына телміргелі Әбді келеді; «от алуды», «елек сұрауды» сылтау қылып Әбдінің қатыны Жамал келеді. Сосын, есіткен-білгендерін ортаға салып шүйір-келеседі де отырады.

— Ермақ та тағы бір айғыр үйірін базарға тұтасымен айдатқалы жатыр,— дейді.

— Апырмау, бұл ит бар малын бір қыстың ішінде бітіретін бола ма?

— Осы мал сатуды жиілетті, баласынан хабар келуден сау ма екен?..

— Оңбаған шіркіндер!.. Біреудің малын сөз қылып... — деп пеш жанында отырған Елемес отағасы оған кейіп қалады.

— Шал-ау, қойсайшы, жастардың әңгімесін өздеріне берейік те,— деп Үмітай оған кес-кестейді.

Бірсыпырадан бері «артель» дегенді шығарды. Екі сөздерінің бірі осыған айналды. Әпен мен Бейсенбай ауылдық кеңеске әдейі барып бірсыпыра қағаздарын алып келді. Осы ауылдан он бес үйдің списогын жазды. Бейсенбай бастық болып сайланды. Жұмыс көлігіне: Әпеннің қара кер шолағы, Бейсенбайдың жауыр торысы, Әйтеннің көк мәстегі, тағы басқалары жазылып жатты— он бес үйдің көлігінде бір іліп алар болсайшы!

— Нешауа, қыстай бағу керек. Он бес ат пен төрт

соқаны қайтсек те жүргіземіз,— деп Бейсенбай көтеріле түседі.

— Ой, тәйірі, салмай жүрген соқамыз ба? Істемей жүрген еңбегіміз бе? Қағазын бекіттіріп алыңдаршы, сосын...— деп Әйтең даурықты.

Он бес үй икемделіп, жіктеліп, бөлектене бастады. Ымы-жымы бірігіп кетті. Жиылыс болса, сөздері бір жерден шығатын болды. Жүріс-тұрыстары да бір болды. Сырттың ауызына ілікті. Сырт бұларға «Он бес үй» деп ат тақты.

Қыс ортасы кезінде, ел аралап жүрген бір өкіл осы он бес үйді тапты. Сөзшең, жайдары, ашық жігіт екен.

Елеместің үйіне түсті де, алдымен шалды айналдырды:

— Уа қарт, қалай, жастардың ісін ұнатасыз ба?— деп еді.

— Әй, шырағым-ай бізден несін сұрайсың, — деп Елемес күрсінді.

Әпенмен, Бейсенбаймен бұрыннан таныс адам құсап шүйіркелесіп, жұмыстарын қазбалап сұрап, жақында-сып тартып барады.

— Сіз кім боласыз?— дегенде, әлгі жігіт күлімсіреп отырды да:

— Мен болыстық партия комитетінің хатшысымын, атым Сәлмен, түбім бадырақ,— деді.

Осы ауылда үш күндей жатты. Үш күндей жнылыс істеді. Артель болған он бес үй бұрын күр елеске еріп жүрген сияқты болса, енді, артельдің не екенін аз да болса түсіне бастаған секілденеді.

Әпен Сәлменді иықтап қалмайды:

— Сәлмен-ау, айтсайшы: біз қалай партия боламыз?

— Арызыңды бер, ұяда қарайық.

— Жалғыз мен емеспін ғой, кіремін деуші көп.

— Сонда, неше адамсыңдар?

— О не, о не?.. Мені жаз алдымен!— деді Әйтең дауыстап.

— Құдай атсын кетік қара, өзінді тықпалай бергенше, бізді де бір ұсынсаң қайтеді?— деп Жамал оған өкпе айтқандай боп бұртиды.

— Қой, Жамал, қолыңнан келмейді, біздің партияны сөйлеп отырмыз,— деді Бейсенбай.

— Ә... Жастардікі екен ғой. Жастардың жұмысын өзіне берейік,— деп Әйтең шегіне түсті.

— Е, әлгіде аптығып жатқан жоқ па едің? Енді неге бас тарттың,— деп Жамалдың оны шаптай жөнелгені ғой.

— Кірсе, несі бар дейсің... кірермін де қоярмын,— деп Әйтен қызараңдады:— Осы Жамал өкпелей беруші еді соны жазыңдаршы,— деді бір кезде күлімсіреп.

— Жазылса, несі бар дейсің, кедей үшін ашылған ұйым деп отыр ғой... Қатын басыммен-ақ жазылайын, жаз, мені! Менің соңымнан ана кетік қара отырсын...— деп Жамал тепсінді.

— Өй антұрған Жамал, өзіңе,.. Сенен қалысады деп пе ең, мен де жазылам!.. Бұрыннан да жазылам деп жүрген. Партияны білмейді дейсің бе? Ол — коммунист партиясы, Ленин партиясы...

Отырған жұрт қыран-топан күлкі.

— Ал, Жамал, Әйтен сенен асырып түсті... Қалай екен?

— Дарылдақтан қала алмаймын, мені де жаз!

— Жамал, жеңеше!— деді Әпен.— Партияны ойыншық қылма. Бұған біліп, түсініп кіру керек!..

— Қарағым-ау, қайдан білейін... Әлде әйелдерге ерсі нәрсе ме? Ұят болса, қояйын, — деп, Жамал өзін айыпты санағандай, жаутаңдап Сәлменге қарады.

— Ұят емес жеңгей,— деді Сәлмен салмақтап сөйлеп, кіремін десеңіз, кіресіз. Оқытамыз, үйретеміз, түсіндіреміз...

— Е бәсе, сүйтші қарағым... өркенің өскір,— деп Жамал ілгері ұмтыла түсті.

— Ау, Жамал да оқитын бола ма?— дейді Әйтен қалжыңдап.

— Оқыса несі бар?.. Әне, көрдің бе, әлі қорлауын қоймайды...

Сәлменнің үш күні бұларға тым аз болды. Бұлар қоршап, тіпті жібергісі келмеді. «Барысымен мұғалім жіберейін, кітап жіберейін, ұяларыңды басқаратын адам жіберейін»— деп қайта-қайта уәдесін беріп, Сәлмен зорға аттанды.

Он бес үйдің ортасынан ашылған бұл ұйым — артельден көрі атағы күшті болды. Ауыл-аймақ, бүкіл өлке бойы бірінен-бірі хабарланып, тарап жатты. Қомақтандырып, түрлендіріп: өрескіл қылып таратқандар да болды. «Астапыралдалап» жағаларын ұстағандар да болды.

«Машинна-сайман алыпты. Қәсіпті бірігіп істейтін

болыпты. Орталарынан мектеп ашылыпты...» деген хабар да жоғарғыға жалғаса тарап жатты.

Әуес көргендер, құлағы елендегендер, сыбай мініп ауыл қыдырған болып жүріп, «Он бес үйдің» маңы жағалайтынды шығарды: «Қалай басталды, қалай ұйысты, не алды, қалай жүргізіп жатыр?..— Олардың анықтайтыны осы сияқтылар еді. Анықтаушылардың ішінен шын қызығып, арыз жазушылар шықты. Арызға арыз жалғасып, екі айдың ішінде «Он бес үй»— отызға жетті, одан — қырыққа, одан елуге жетті.

Жазғы егіс туралы артельдің жалпы жиылысы болып, кандидат тобын басқарушы — Қайсар дейтін жігіт — сөз алып сөйлеп:

— Мүшелердің көбі шет ауылдардан. Бытырап отырып бірігіп кәсіп қылу қиын. Менінше, қонысты бірлестіру мәселесін кенескен жөн, бұл әмме мәселенің түйіні, бұл керекті мәселе, — деді.

«Қалай бірлестіреміз?» деген сұрау артель мүшелерінің басында шырқ ойнады.

— Ал, қалай бірлестіреміз?

— Бір жерге жиналамыз да, қыстау саламыз, бірлескен деген сол! — деді Әпен.

Көп сөйлемейтін адамның сөзі құнды бола ма екен, әлде Әпен тауып айта ма — әйтеуір мұның сөзін теріс деп біреу айтсайшы.

— Бұл тапқан ақыл!

— Бәсе, Әпен табар деп ем-ау...

— Тоз-тоз болғанша бір жерге жиналайық, бәлем Ермақтың іші күйсін!

— Ал, қонысты қай жерден саламыз?

— Тұра қалыңдар, мен сөйлеп берейін, — деп Әйтен орнынан ұшып тұрды. Жаман тымағын басынан сыпырды да, беліне қыстырды. Оң жақ қолын көтеріп:— Сонау «Сары алапты» білесіңдер ғой ә?.. Оны бір кезде Ермақтың жеке бауырына басқанын да білесіңдер... Байға қарсы шығамыз деп ылғи айтасыңдар. Қарсы шыққан соң айта қалғандай болсын: «Сары алаптың» қабағына қатарлай қыстау салайық. Ортамыз көше болсын. Бер жақ құлай берісіне қала сияқтандырып бақша егейік... Ермақтың кеудесін басамын десеңдер, осыны істендер!

— Кетік қараның тап осынысы дұрыс-ау, — деп Жамал күнк етіп еді.

— Уай жазған, менің сөзімді де қостайды екесің-ау, — деп ол қошуақ алып қалды.

Қоныс аудару мәселесі бірсыпыра талқыға түсті.

— Орнымызда отыра берсек те болмай ма?— деп бірен-саран күнкілдегендер болып еді, көпшілік ондайды бүктеп кетті.

— Ал, дауысқа сал!

— Ал көтеріңдер!

Біреулер қолын көтерді. Біреулер жалтандап жолдасына қарады. Ысқақ дейтін ұзын собал:

— Өздері кеседі, өздері пішеді, бізден сұрау жоқ!— деп бет алдына бұркылдады.

Осы Ысқақтың он бес үйдің ауқымына кіріп жүргенінің өзі сезікті. Ауылы бөлек. Сөзге шата. Бейсенбай мен Әпендер түгіл Жұмабай сияқты атышулы атқа мінеріне бас имей кететін де мінезі бар адам. Сәтбек дейтін бадырақ осы Ысқақтың артельге кіруіне қарсы болып еді:

— Бұл арамызға кірсе, бүлдіріп болады,— деп, көпшілік алынсын деп ұйғарды да, Ысқақ алынды. Ысқаққа еріп Жүсіп дейтін ақсақ тап болды. Ол бір ағып жатқан жыбыр сөз. Кейде жұмысым бар деп кетіп, ізім-қия жоқ болады. Келсе, өсектің неше атасының ұлын боратып, мұндағылардың есін шығарады.

Ысқақ пен Жүсіп жиылыс болған сайын тізесін айырмай бір отырады. Қандай мәселе қаралса да, екеуі қарсы түседі. Кейде көпшіліктің ыңғайын өздеріне қарап бұрып та кетеді.

— Бала, ә бала!—деді Ысқақ Жүсіпті түртіп,— мына Әпенді қайтсек екен?

— Қорықпа, Ысеке, бұған бұғалықты саламыз!— деді Жүсіп ақсақ жымындап.

Бұл екеуі сыбыр сөзге кірді. Бұл кезде Әпен трактор алу жағын қырындап сөйлеп тұр еді. Жұрттың көпшілігі соның сөзіне еліккендей ауыздарын ашып аңырая қалыпты.

— Бү кім-әй? Ол қайдағы сұмдық? Трактор деген не? Алынбайды трактор! Алмаймыз!— деді Ысқақ ышқына сөйлеп.

Трактор әңгімесі Әпеннің аузынан шығысымен-ақ сол трактор алынып та үлгіріп, он бес үйдің қорасында дүрілдеп жүріп бара жатқандай болып көрініп, Ысқақ жан ұшырып қарсы болды. Қарсы сөзін сөйлегенде еңтігіп, аптығып, терлеп қалды.

— Неге алынбайды трактор?— деп Әйтен іліне түсті.

— Алынады, алынады!

— Аламыз!

— Біз алмағанда кім алады?

Жұрт даурығып үйді басына көтерді. Көбіне Жамалдың даусы айқын шықты.

— Аламыз деген соң аламыз! Барымызды салсақ та аламыз!— деді Жамал өжеленіп.

— Келін-ау, о не алатындарың? — деп Үмітай Жамалдың жанына келіп еді.

— Өзім де білмеймін, шешей, әйтеуір артельдің керек нәрсесі шығар деп кірісіп жатырмын... Мына бір Ысқақ дегендері есті тандыратын болды мүлде,— деді ол.

Көпшілік тракторды аламыз деп қаулы шығарды.

Жиылыс таралар кезде Абдолла мұғалім орнынан тұрып:

— Жамағаттар, бүгін Әйтеннің үйінде ойынымыз болады, сауық кешін қоямыз, соған келулеріңізді сұраймыз,— деді.

— Осының өзі бұрын молда болғаннан сау ма екен?

«Жамағаттар» дегені несі?— деп боз балалар күлісті...

Ат қорадай аңғалданған Әйтеннің үйіне жұрт сығыла толды. Жонылмаған жалпақ тақтайлардан үй ішіне қатар-қатар орындық қойылған. Пешпен қатарласа қара тақтай тұр. Иін тіресіп отырған қалың жұрт, күн сайын осы үйге жиналып, екі көзді тақтадан айырмай сонда жазылған жазуды жеп қоятындай боп ынтығады...

Ауыл толған қонақ: мектепке келіп жатқан артель мүшелері. Елеместің үйінде Ережеп дейтін инеліктей қатқан қара жігіт жатады. Әпенмен жасы құрдас. Әпенге қарағанда бұл дене жағынан шәрғез, мінезі тым жеңілдеу, сөзге шебер, қу тілді, жұртты күлдіріп отырсам екен дейтін жігіт. Әпен екеуі шамға төніп, арбиған саусақтарын бүгіп, қағаз жазумен болады. «Қайсымыз әдемі жазар екеміз?» деп кейде екеуі ерегіспен кіріседі. Түн болса, екеуі қатарласа жатса, Ережептің аузы тағы дамыл көрмейді: қыз-бозбаланың жайынан, ойын-тойын әңгіме қылады.

— Әй, мен саған айтайын ба? Сен нағыз оңбаған жігіт екенсің: ауылың толған бойжеткен қыз, соның біреуімен таныстырмайсың ба мені,— дейді Ережеп.

— Дұрыс, күте тұр,— дейді Әпен ерине сөйлеп.

Ауызы осыны айтқанмен ойы әлде қайда: қайнап жатқан жұмыс, күрілдеп жүрген трактор, салынып жатқан жаңа қала, тағы сондайлар көзіне елестегендей боп, Әпен өзімен өзі болады да жатады. Жасы биыл отыз екіде. Осы өмірінің ішінде жұрт қатарына кіріп сөз сөйлеп, аздап көзге түсе бастағаны биылғы бөліс жұмысынан бері ғана. Одан бұрын Әпен жан елемейтін — ешжар.

тұйық, ынжық, меңіреуленген жігіт еді. Сол күйіне өзі де танданатын секілді еді. Әйелдер жағы бұған «собал», «ауызын бұған өгіз» деп те ат таға бастаған-ау. Әпен ондайға күліп қана қарайтын. Үндемегенмен, еш нәрсеге кіріспегенмен ауыл өмірінде істеліп жатқан жұмысқа мықты наразының бірі осы еді. Наразы болғанда басқалардай жиылыста біреуге жағына сөйлеп, үйіне келген соң, сол өзі жақтап сөйлеген жұмысына наразы боп күңкілдейтін кісің бұл емес еді. Ашу, ыза, кек, бірнеше жылдар бойы ішінде тұншығып, сыртқа теуіп шыға алмай қысылған секілді еді.

Өз қара басының жұмысын да аса құнттаған жігіт емес. Кәсіп қып тапқаны кемпір-шалын асырауға бірде жетіп, бірде жетпейді. Кісіге жалданып, пайда түсіре қояйын деп те жұлқынбайды.

Ауыл адамдарының ішінен бұған ақыл айтушылар да табылады:

— Екінің бірімен болсайшы: я сөз бак, қатарға кір; я кәсіп істеп мал тап,— деп.

— Ақылыңмен өзің байы,— деп Әпен ондайға жауапты кесіп қана береді.

Жеке басының жұмысымен бір шұғылданғаны — бұдан төрт-бес жылдар бұрын болып еді. Көрші ауылда Майнур дейтін қыз болды: құнан қойдай іркілдеп, май басқан, көзінің алдының еті жұдырықтай торсиган сары қыз еді. Екі сөзінің бірі «жаным-ау»—«жүрегім-ау» деп келеді... Осы қыздың өзі ұнады ма, сөзі ұнады ма, әлде май басқан көзі ұнады ма,— Әпен сол ауылды қыңыр-жақтап шықпайтын болды. Бұл хабарды Үмітай есітіп, болашақ келінім екен ғой — деп сол қызды әдейі көріп те келді. Қыз да Әпенді «шынымен сүйгендігін» айтып, қосыламын деп уәдесін ұстатты. Әпен қалың мал жәйін қарастырып жүргенде, қатыны өлген бір пысық сол Майнурды іздеп келіп айттырып еді, Майнур оны да «сүйетін» болып шықты.

— Майнур-ау, мұның қалай? — деп, Әпен ашуға тығылып, артынан барып жолығып еді.

— Қайтейін, өзің тез ала қоймадың... Кім бұрын алса, мен соныкі емеспін бе? — дейді Майнур күліп.

— Құдай атсын, Майнур, сені! Саған әуре боп жүрген мен де жындымын-ау,—деп Әпен ол қызбен «ғашықтық» жібін сол жердің өзінде үзіп кетті.

Содан былай бұл сияқты жұмыспен тым әуреленбеді. Қыз жәйін әңгіме қылатын жігітті көрсе:

— Ғашық шығарсын, ә? Қыз да ғашық-ау саған, ә?

Сенің де жүрегің күйеді, оның да жүрегі күйетін шығар, ә?— деп Әпен ондайдың қыр соңынан қалмай тәлкекке айналдыратын...

Жамал жеңгейдің бір інісі партия мектебінде оқиды екен, сол бірер жылдан бері осы ауылға келетінді шығарды. Жамалдың үйіне көп баратынның бірі Әпен. Әлгі жігіт ағылып сөйлеп, кедей-батырақты байға қарсы баулиды да отырады.

— Әй, бәлем байлар-ау, сендерді ме!— деп Бейсембай бір рет кіжінгенде, Әпен оған қарсы түсіп:

— Істемейтін жұмыстың несін айтасың?— деген болатын.

— Кім істемейді, мен істемеймін бе?

— Тап сен істемейсің!

— Сонда кім істейді, сен істейтін шығарсың?..

Бейсембай, жасының үлкендігін міндет қып Әпенді орнынан тұрғысыз ғып ұрса жаздаған. Бірақ, бұрынды-сонды кісімен ұрысуға өзінің жалтақтық мінезі болушы еді, сонысы ұтады да Әпенмен байланыспады. Соның артынша бөліс туралы жнылыс болып, Бейсембай Әпеннің қасына келді:

— Ал, істеп көр, мен саған арланбай-ақ ерейін,— деді Бейсембай.

Әпен сөзінен шықты. Кедей-батырак көпшілігі Әпеннің шашбауын көтерді. Сосын Бейсембай да мұны қошу-ақ алып, Әпенмен тізе қосып істеп кетті. Артель бастығы Бейсембай. Бейсембайдың жүрген жері былық, қазақшылық, сасық құлық. Әпен мұны — аяғын басқан сайын аңдып, ылғи ескертумен отырады. Бейсембай алғашқы кезде қызараңдап, қатасын мойнына тез алатын секілді еді, бірсыпырадан бері қарыспа мінез бітіп, Әпенге ала көзімен қарайтынды шығарды. «Апырмау, шынымен Жұмабайдың тіліне азып жүрген бола ма?..»— деп Әпен қауыптеніп, осы ойын кандидат тобын басқарушы Қайсарға сездірді. Екеулеп Бейсембайға жабысып, оңайлықпен оны жолдан тайдырмайтын болды...

Әпеннің өмірі осы. Артель ұйысқаннан бері бастан мың түрлі жұмыс өтті. Артельге кіреміз деп ағылып келіп жатқан жұрт. Келгендер кіремін деп арызын беріп, артель жәйінен түсінік аламыз деп, арнап шақырған қонақтай шалжиып жатқаны. Артель болған он бес үй қыс ортасы аумай-ақ азықтан ада болуға айналды. Баяғы ағылып келген жұрт біртіндеп сұйылып, бет-бетіне жоситынды шығарды. Неге бұлай?

— Бұл Жұмабайдың ісі, бізді мазақ қылу үшін істеп отырған жұмысы,— деді Бейсембай.

Тап осынысы дұрыс. Соңғы жиылыстарында: «Осы мүше жетеді, бұдан былай мүше алу уақытша тоқталсын!»— десті.

Енді жұмыс керек, соқа саймандарын түзетісіп, ескі әбзелдерін құрасып, егіс кәсібiнiң жабдығын түзеп жатқан секiлдi. Артель мүшелерiнiң көбi жұмысқа енжар. Жұмыстан көрi сөзге үйiрлерi толып жатыр, «Кiлең одан қашқан ғой» — деп сырт дұшпан бұларға өсек тағады. Бiр есептен жұрттың осылай деп өсектеуге қақы бар да секiлдi.

— Кiремiн дегеннiң бәрiн тоғыта бермейiк, керектi кiсiлердi ғана алайық,— деп Әпен Бейсембаймен талай байланысты.

Бейсембай тындамайды. «Бұл жағына сен олақсың, түсiне алмайсың; сен iстейтiн жұмысыңды ғана бiл» деп кейде бұған қожайынсып та қояды.

— Осы Бейсембай саған неге қожайынсиды? Сенен артық бұл не iстеп едi?— деп Әпендi шаптаушылар да бар. Ондай сөзге ере берсе, он бес үй әлде қашан тоз-тоз болып кететiн...

— Жоқ, төзу керек, ұғынысамыз әлi!— дедi Әпен төсегiнде жатып аунап түсiп.

— Ә, ненi айтасың? Кiмнiң қызы дейсiң? Қызба-әй, қатын ба?— дедi Ережеп төсектен басын көтерiп.

Әпен шегi түйiлгендей боп күлдi.

...Екiндi әлетiнде Елемес шал Ермақтың үйiне қарап беттедi. Бұтағы аршылмаған қайын таяқты таянбай сойылша жерге сүйретiп отырды. Қара қатқақ жерде сүйретiлген таяқ сырылдап Елемеске дыбысын бiлдiрiп келедi. Өзi, басын салбыратып, ауыр ойдың ұшығына шыға алмаған адамдай, қабағы кiртиюмен келедi. Оқта-санда алдыңғы жағына қарағанда, Ермақтың үйiнiң қасында топтанған кiсiнi көрдi. Бұл тұрғандар Елеместiң замандастары. Бұлардың сөзi Елемеске майдай жағып, жүдеп жүрген жүрек жарасын аз да болса жiбiткен сияқтанады. Кейде сол үйдiң қасынан қайтқанда Елемес көтерiлiп, күлiмдеп қайтады.

Биылғы жаздан бергi Елеместiң өмiрi, өзiнше айтсақ, адам аяғандай. Бөлiс жиналысынан тараған күнi ауылдағы үлкендер тегiсiнен Ермақтың үйiнде бас қосып, аруақ-құдайды атасып, жұмыстың бәрiн бұрынғы күймен атқарыспақ болысқан ғой. Бұл ретте Елемеске ауыр жүктер артылып, сол күннен бастап ол Әпендi уысына

алуға тиісті еді. Әпенді қалай ауыздықтаудың әдісі де үйретіліп еді. Әпен оның біріне көнбеді. Елемес ызаланып Әпенге бірінші рет таяқ та жұмсады. Әпен таяқтан именіп ықпай, әкесіне бедірейіп қарады да тұрды. Елемес баласының бет әлпетін тап сол жерде дұрыстап көрген адам секілденді: Әпеннің көз қарасында өте қатандық сезілді. Елемес кенет есі кіріп шошынған кісідей, қолындағы таяғын жерге тастап жіберді.

— Ұрып болдың ба? Енді менімен жұмысың болма-сын!— деді Әпен.

Елемес ышқынып, ызаланып, көз жасына ғана әлі келді.

Ермақ, Тоқсанбай шалдар бұл үшін Елеместі тобынан шығарып, аластамады, қайта бұған мүсіркеп қарап, аяшылық көрсетті.

— Қайтесің, күйінбей, сорлаған бір шал болдың ғой,— дейді олар мүсіркеп.

Ауылда түстеніс болса, қонақ келсе, алдымен Елемес шақырылып, бұған ең жоғарыдан орын беріледі.

— Елемес, жүдеме, бәрі де жөнделеді, қаламыз бүтін ғой,— деді Тоқсанбай шал бұған.

Жұмабайдың серті бойынша артель болған он бес үй қыс ортасы аумақ-ақ төбелесіп тарауға тиіс еді, тараудың орнына олар беки түскен секілденді: партия тобы құрылды, мектеп ашылды. Қайсар дейтін жылмаңдаған жас бала ұйқы көрмей жүгіріп, ауылдың апшысын қуырып-ақ бара жатқан секілді. Шалдар күрсінеді. Жұмабай мойымай, шалдардың сенімін бұрынғыдан өсіре түседі:

— Қорықпаңыздар, бәрі де реттелді, ішінен ірітем бұларды,— дейді.

Ермақтың үйінің қасына жиналғанда шалдардың сөйлесетіні осының жәйі. Оң бес үй туралы адам шошырлық бір әңгімені есітсек екен деп бұлар көптен құлақ тұруші, бірақ есіте алмай-ақ келеді. Дауылбай дейтін шал қысты күні өлейін деп жатып:

— «Бітті ме?»— деп сұрапты ғой.

— «Нені айтасыз?»— деп сұрағанда.

— «Он бес үйдің жұмысы бітті ме?»— деп сұраймын» депті.

Он бес үйдің үнін өшіруге шалдардың ынтықтығы сондай.

Елемес бүтін осы шалдар тобына келе жатқанда, шалдардың ауызында жаңа әңгіме бар еді, ол: Әпен мен Ере-

жептің трактор курсына кеткендігі еді. Елемес шалдың да нығы түсіп, таяғын сүйретіп келе жатқаны сол еді.

...Өкпек желін естіре, кара кошқыл бұлтын үйрілте, қардың іренкін кетіре — жаз келді. Ой мен сай лықылдап суға толды. Өзен аңғарын мінгескен сең қаптады. Жер үйдегілер шуақ күннің сәулесімен бой жазып:

— Жарықтық жаз да келді-ау!— десті.

Көңнің, боктықтың астында қалған соқа-саймандарын жұрт біртіндеп қазып шығара бастады. Боктыбай ұста кара балтасын қайрап кімде жұмыс бар?— деп алақанына түкірді. Жадыра дейтін ұста көрігін жамап, көмірін дайындап, ұсталық дүкенінің ауызын ашты. Шақылдаған балға дауысы, кәсіпті ұмытып жүргендердің бірсыпырасының ұйқысын бөлгендей болды.

Қыстаудың алдындағы белеске ауыл жылжып қонып жатыр. Алдымен Ермақтың үйі көшіп еді, оған жалғаса: Нұрқан, Рақым, Шалабайлардікі көшіп барып қонды. Бейсембай бастаған бірсыпыра үй жаяу кіремен «Сары алапқа» қарап тартты.

— Ау, мыналарға не жоқ? Мынасы сұмдық қой!— деп, Ермақ ақсақал тап осы жерде бір бебеу қағып, шойрылып отырып қалды.

Баяғы заманы болса, аттың баурына алып тұрып тілмес пе еді? Заман өтті деген осы!

Замандас шалдардың бұл жұмысқа іші ауырмағаны болсайшы! Тоқсанбай шал:

— Мені билейтін сен кім едің?—деп сол күні баласын таяқпен салып-салып жіберді.

Елемес отағасы Ермақтың үйінің оң жағынан қоныс қарап жүр еді.

— Шалым-ау, мұнда келші!— деп, Үмітай шақырды. Сенің есінде бар ма,— Әпен жан не деп еді? «Артель болса, сонда болыңдар» деген жоқ па еді?

— Қой қатын, артель-мәртеліңмен жұмысым жоқ, ағайыннап іргемді айыра алмаймын,— деп Елемес басын қалтақтатты.

— Бәтірей, шал-ай, мұнымыз келіссе жарар еді? Жалғыз баладан айрылып біз не оңбақпыз?— деп Үмітай кәдімгідей сұрланды.

— Осы ит не былшылдап тұр? «Баладан айрылды» деген не? Баладан айрылушы ма ем?.. Мен әкесі болсам, менің сөзімді тыңдауы тиіс!— деді Елемес танауы елпендеп.

Үмітай сөз таба алмай, ауызын сылп еткізіп:

— Қайдан білейін, тыңдай қойса,— деп күрсінді.

«Сары алап» сонау аңғар ғой. Қар суының кезінде ол маңға малдың өзі спрек жайылушы еді. Енді көрдің бе: Бейсембай бастаған бірсыпыра үй барып, іргені салып жатыр.

— Шаңырақтары орталарына түскір!— деп кара бәйбіше бұрқылдап қарғап жүр.

— Қатын, тым қатты кетпе, бір жөні болар!— деп Ермак күрсінеді.

Жұмабаймен байласқан серт бойынша «Сары алапқа» бір үйді де аттап бастырмасқа тиіс еді, сол ойы құрғырдың жарыққа шықпай отырғаны!..

Бейсембай мен Сәтпек арба жегіп келді де, Елеместің құрымын тиеуге кірісті, Елемес шошынып, үрейлене қарады.

— Өй, мынасы несі! Мынау иттерге не жоқ?.. Менің мүлкімде не аталарыңның құны бар?..— деп Елекең, танауы делдиіп, қисық таяқты ыңғайлай ұмтылып еді, Үмітай кес-кестеп жолын бөгей берді.

Ашу қысқан Елемес кімді тындасын, Үмітайды жарбаң еткізіп құлатып тастап, кәрі көзі шақшиып, еңтігіп, танауы қусырылып, Бейсембайға төне қалды.

— Елеке, ашуыңызды басыңыз, біз Әпеннің тапсырғанын орындап жатырмыз, Әпен қалаға кетерінде тапсырып кеткен,— деді Бейсембай күлімсіреп.

Елемес сөз тындар емес:

— Иттен жаралған күшіктер, кімді басынасындар?— деп Бейсембайды ақ таякпен салды-кетті, салды-кетті!..

— Құтырар мына қақпас... Құрып қалғырынды бері әкеші!— деп, Үмітай Елеместің таяғын жұлып алып, тізесіне салып шарт еткізіп сындырды.

Бейсембай басын сипап, одағайлап тұрды.

— Жеңеше ме ризамын!— деді Сәтпек күлімсіреп.

Үмітай бұрқырап ашуға мініп, үй ішінің ұсақ-түйек нәрсесін арбаға әкеп алып ұрып жатыр.

— Қисық аяқ-ау, қарап тұрма... Ағаң ғой, бір ұрғанын көтер, мына нәрселерді тие,— деп Үмітай Бейсембайды тағы жұмысқа қосты.

Елекең, жынынан айрылған бақсыдай боп, не қыларын білмей, анадай жерде состып тұрып қалды. Жүк тиеліп болды. Бейсембай мен Сәтпек, ағаш арбаны сықырлатып, «Сары алаптың» жолына қарай тартып барады. Ермақтың үйі бір бүйірде қалып барады. «Қайтер екен?» дегендей—Ермак, бәйбіше тағы басқалары үйлерінен самсай шығып, қараса қалыпты... Кернеген ызаға шыдай алмай Елекеңнің аузы кемсеңдеп, көзден шұбыр-

ған жасы бурыл сақалдың арасын жүлгелей жорғалады...

— Әй, шалым, сені қайтсем екен осы?.. Әпенжанға қарсы келіп жүрген!.. Сенде ес деген бар ма?..— деп, бір жағынан әзілдеген болып, бір жағынан ұрысқан болып, Үмітай бірсыпыра сөйлеп жүрді де,— Жүр кетейік, мынаны ала жүр,— деп, Елекеннің қолына жуан, кара баканды ұстатты.

Баканды сүйреп, Үмітайдың артынан еріп Елекен «Сары алапқа» қарап тарта берді.

Өміріне ел көрмеген, ешкімге қоныс болам деп ойламаған «Сары алаптын» басына он бес үй қатарласа жарбиыпты.

— Өз алдымызға ел болдық деген осы!— деп Әйтен айкайды салып жүр.

Он бес үй — бірер күннен кейін жиырмаға жетті, одан — отызға, қырыққа, елуге жетті. Басқа ауылдардан артельге кіргендердің бәрін де әр ауылдан теріп, әдейі көлік апарып көшіріп әкеліп жатыр. Бәрінің басы қосылғанда «Қырық рудың» ауылы болды: арғын десең — осында, керей десең — осында, қыпшақ десең — осында, найман десең — осында, қарақалпақ, қырғыз, түрікпен тұқымынан да сау емес. Осы елде зергер болып жүріп сінісіп кеткен Жамали деген ноғайдың балалары да көшіп келді; қыстау күзетіп, балық салуды кәсіп қылған Пүркәпи дейтін орыс та көшіп келді.

— Ау, аксақалдар-ау, айтындаршы: осы біздің ауылымыздың аты кім болады? Бірер жерге шыға қалсақ, кімнің ауылыныңікіміз дейміз?— деп Пүркәпи басқаларын тәлкек қылады.

Айтсын-айтпасын, аз уақыттың ішінде-ақ шет бұларға: «Сары алаптын тобыры» деп ат қойып үлгіріп еді.

«Сары алаптын» ауылы шүйіркелесіп, араласып, қайнап жатты. Әсіресе әйелдер жағы бірін-бірі қонаққа шақырып, танысып, білісіп, сағынысып қалған адамдай боп ауыздары жабыса қалды. Біреу әдейі ауыздарына салғандай, бастары қосылды десе, әңгімелері байлар туралы болады: байдың ісі, оның бәйбішесі, оның берген азарлары... тіпті қыза келе бәйбішенің ойнасына шейін айтылып кетеді:

— Беті тілінгір десейші!— деп бастарын изесіп отырғандары.

Жаңа ауылды Үмітай жатсынбай, бірден үйреніп кетті. Өзі сияқты әңгімеге үйір кемпірлер табылды. Бір кемпірлердің бойжетіп отырған қыздары бар екен, олар-

ды көргенде Үмітайдың ойына ұмытылып жүрген бір жұмыс түсті:

— Бәтір-ау, Әпенжан қашан үйленер екен? Бір шүйке басты оң жағымға кіргізіп беріп, баратын жеріне сосын баруы керек еді,— деп күрсінеді.

Зидаш дейтін кемпірдің бой жетіп отырған Әмине дейтін қызы бар екен. Бойшан, сирақты, беті жылтыр қара, жүрісі арпыл-тұрпылдау адам. Ажарлы емес, әйткенмен Үмітай соны бір көргеннен ұната кетті: әлгі Әмине он қолынан өнер таматын шебер, жұмысқа ерінбейтін, мойымайтын бір жад. Шешесін төреден жаман күтеді. Кедейліктеріне қарамай үй ішін тап-тұйнақтай қып жұтындырып қойған... «Осындай келінім болса!..» деп Үмітай арман қылады. «Осындай бір қыз бар екен...» деп бір күні Елеместің құлағына салып еді, ол оскырып икемге келмеді:

— Менде бала жоқ, маған маза бер.. Маған ендігі керегі иман,— деді ол.

Шынының өзі сол: осы «Сары алап» басына келгелі Елемес дінді қолға алды, «астапыралданы» көп айтатын болды, дәретті жиілетті, сандықтың түбінде жатқан қара таспықты шығарып алды. Таң ата Үмітай ұйқыдан оянаса, ағаш арбаша салдыратып Елеместің азан айтып жатқанын есітеді... «Апырмау, осыған не болды?» Осы өнерді қайдан тауып жүр?..» деп Үмітай аң-таң қалады. Өзімен ғана тұрса екен-ау, бірсыпырадан бері Үмітайдың да мазасын алатын болып жүр: «Таста, дүниенің боқтығын бітіре алмайсың, баяғыдан бері жинағанымыз да жетер, енді ғибадат қыл, намазға жығамын!» дейтінді шығарды. «Баяғыдан бері жиғаным...» деп бұлдайтыны не екен: мынау құрым үй ме? Анау — тісі сызық қара абдыра ма? Осыдан басқа не жиі?..

Зидаш кемпірді Үмітай өзіне жақын тартып, сөзге айналдырып, бір сөздің ретінде:

— Құдай қосса құда болайық, Әминенді біздің балаға берерсің, — деп еді, Зидаш кемпір шұрқырап түсе қалды:

— Әбден қабылым бар, сенің балаңнан артық патшаның баласына бермекшімен бе? — деп.

Біреуі — баласын, біреуі — қызын сырттан билеп, өздерінше әңгіме бітті деген де ұйғарысты. Жас келіншектердің кейбіреулері Әминені әзілдеп:

— Күйеуің қашан келеді екен қаладан?— десіп жүрді...

...Бейсембай, Сәтпек, Әйтеп, Әбді тағы бірсыпыралар

қар кеткелі шабуылдап жүріп, кооператив арқылы бірсыпыра құрал-сайман жинап алды. Бір тілді, екі тілді, үш тілді соқалар тізбектеді. Тұлдыры жоқ сайманның қайдан құралғанын, қалай құралғанын білмей жұрт аңтан. Соқа-сайманның түзететін жерлерін Жадыра ұстаға алып барса, ол: «Жұмысым көп, қолым тимейді» деп істемей қайтарыпты.

— Қолы неге тимесін, әдейі істемей отыр,— деген сөз екінің бірінің-ақ аузынан шығып кетті.

— Байдың азғырып істетпей отырғаны ғой!— деп қатындарға шейін әңгімеге кірісті. Осы ауылдың өміріне байланысты жұмысқа еш қайсысы да қатынаспай қалмайтын сияқты еді.

Жамали ноғайдың: Фабдолла, Қамидолла дейтін енгезердей екі баласы бар. Кісі есігінде жүріп, еңбекке әбден пісіп, қатқан адамдар. Солар, Пүркепимен сөйлесіп, артельдің барлық керегін өздері істемекші болысты: Фабдолла ағаш істейді, Пүркепи темір соғады. Жамали қарттың іске аспай жатқан екі көрігі түгелінен пайдаланылды: бірер күн өтпей-ақ ауылдың шет жағында шақылдаған балғаның дауысы шықты. «Сары алап» артелінің бұл бірінші адымы еді.

Артель ортасынан жиырма соқа шығарылды. Соқаға бірінші шығатын күндері бұл ауылдың өмірінде бірінші тарихи күн болып саналды: Қайсардың бастауымен жалпы жиылыс шақырылды. Кемпір, шалға шейін, жас әйелдерге шейін қалмай жиналды. Жылыс бастығы— Әйтен, хатшысы Сәтпек болды. Сөз сөйлеп отырған Қайсар.

— Апырмай, осы жігіттің сөзшені-ай! Осынша сөзді қайдан тауып алады екен?— деп әйелдер тағы танданысады.

— ...Сонымен «Сары алап» артелі бүгін тарихтың жаңа бетін ашқалы тұр. Кедей, батырақ бас қосып, ұйым ашып бірінші рет еңбек бірлігін туғызып, тап жауы болған байларға қыр көрсету үшін бүгін еңбек майданына қол ұстасып аттанады!..

Шарт-шұрт ұрылған алақан даланы басына көтерді. Бой шымырлап, дене қызып кетті. Елеуреп, елжіреп, егіліп көзінен жас шыққанын сезбей қалғандар болды.

— Өмірлі болыңдар, қарақтарым, талаптарың қайырлы болсын!— деді Үмітай кемпір жылап тұрып.

Бұл «тобыр» ел болады, бұлар осылай кәсіпке жұмылады деп жұрттың бірсыпырасы ойлайды дейсің бе!?

Сойылға байланған қызыл туды тақымға салып, кү-

рен атты сауырлата бір салып, Бейсембай көлденендеп өте берді:

— «Сары алап» артелі, тарт артымнан! — деген дауысы санқ етті.

Жегулі соқа солдатша тізіліп, қызыл тудың артынан еріп, белеске қарап асып барады. Әне, белеске жетті. Дөң басына қызыл ту орнады! Он бес соқа тізбектеліп, қара бауырдың шымын аударып, жер тамырын бытырлатып үзе бастады.

«Сары алаптың» қабағындағы қара бауырға соқа салынды», — деген хабар Ермактың төбе шашын біртіндеп жұлғанмен бір есеп болды. Жүрегі жарылардай боп күрсініп:

— Бәрі де ойыншық еді, шыны жаңа басталды! — деді...

«Сары алап» ауылының өмірінде жаңалық балалап сала берді. Болыстық кооперативтен үш сүт машинасы әкелініп ауылдың ортасына орнады. Сүт машинасы бұрын байлардың ғана қолында еді. Кедей-кепшіктің қолы оған жетіп көрген емес. Байлардың ас үйінде машинаның дауысы ызындап жатса, кедейдің жұлым үйінен от сәулесі жылтылдап, қара қазан шақырлап қырылып жатар болар еді. Сол кедейің енді сиырын сауа салып, қара шелек толған сүтті қайқалактатып машинаға қарап жөнеледі. Қарауытқан қалың ауылдың орта шенінде кешке жақын шағаладай ақ жаулық көресін. Мұның бәрі осы ауылдың сүт әкеліп отырған қатындары. Күндегісі осы. Күнде бастары қосылады. Әңгіменің неше атасының ұлы айтылады. Өсек-аяң да айтылып кетеді. Сөйлей-сөйлей дағдыланып алған әйелдер де бар. Ондайларың ұлы дүниеге, жиылысқа да шығып сөйлеуден тайынатын емес.

Әйелдің жас жағы — қыз, келіншектер бір өңкей бөлінеді. Олардың әңгімесі өзіне бөлек. ойын-той, шылдақана-тартыс; кім өлең айтады, кім домбыра тартады, кімнің дауысы әдемі... Сөйтіп отырып, екеу-екеу қосылып өлең де айтып жібереді. Әсіресе, бәрінің жұмылатыны — Мария дейтін Пүркепидің қызы. Ажарлы ғана, бой жеткен қыз.

«Көзінің көктігі болмаса, ажарға көбіңнен артық», — деп қатындар оны өзара әңгіме қылады.

Жасында қазақ аулында өскендіктен болар, қазақша сөйлегенде тілінде бір мүлтік жоқ, «қойшы ибай!» деп қазақ қызы құсап сызылып отырғаны... Бұған қарағанда қайта шешесі тіл білмейді, «біздікі қыз жақсы» — деп жүргені.

Мария ауылдың қыздарына қосылып өлең айтады. «Елім-айға» үзілдіріп салғанда, аузыңнан су ағызады. Кейде бұған орысша ән салдырып тыңдайтындары да бар. Бірақ әйелдердің көпшілігі оны ұнатпайды:

— Қойшы, осы шіркінде не жөнді ән болушы еді,— деседі. Жастардың салған әні, ауылдың қайнаған өмірі кемпір, шалдарды да күрсіндірмей қоймайды. Бірсыпырасы осы өмірлеріне таңырқасып, осының қалай болып кеткеніне таңданысып, өңі екенін, түсі екенін айыра алмайтын адам сияктанады; бірсыпырасы — өткенді есіне түсіріп, сол өмірден айрылғанына опық жегендей болады. Бұл соңғы топқа қосылатын Елемес, тағы сондай бірсыпыра шалдар. Олар көбінесе жұрттан бөлектеніп, қайнаған өмірден өздерін шет ұстап, төбенің басына төртеу-бесеуі жиналысып, сақалдарын білемдеп отыргандары.

Пүркепи тыныш жүре ме, Елемеске кездесе, бір сөйлемей қалған емес:

— Уай, тәйір алсын, тәйір алғыр!.. Балаң комуннист, өзің намаз оқисын... намазда сенің нең бар? Ана Ермақтарға берсең де болады ғой,— дейді.

Пүркепи Елемеспен замандас болған соң әзілдеп айта береді. Бұрын оның сөзін ауыр алмайтын сияқты еді. Елемес осы күні оны да ауырлайтын болыпты:

«Бұл екеш — бұл да ақыл үйретті-ау», — деп Елемес ауыр күрсінеді...

...«Сары алап» соқасының даңқы бірсыпыра жерді сілкіндіреді. «Қырық құраудың басы қосылушы ма еді, күні ертең-ақ өздері төбелесіп тарайды» деп бал ашқандардың сөзі жерде қалды. «Сары алап» кедей тарамды, біріге түсті.

Біріккенде ым-жымы үйлесіп, жымдасып, сапырылысып қайнап жатқан сияктанды. Мұның ішіне бас сұғу, мұны іріту деген жұмыс екінің бірінің қолынан келмейтін секілденді... Бұл сияктанып — кедей, батырақтардың бас қосып өз алдына ел болуы — бұрынды-соңды сірә болды ма екен? — деп, соған бәтуа іздеп Ыдырыс молла «ақтари» «тәпсірлерінді» бірсыпыра ақтарса да, шариғатта бұл туралы жазылмаған болып шықты. Сондықтан ол:

«Ыслам дінінің кітабында жоқ, бұл кәпірлердің шығарған жұмысы болу керек», — деп бәтуа берді.

Бұл бәтуа бойынша «Сары алаптағыларға» «діннен шыққандар» деген ат тағылды.

Жұмабай атқа мінетін — сұлу мұрты салбырап, қа-

бағы кіртііп, күні-түні аттан түспейтін болып кетті. Қайда баратыны, не істеп жүретіні — жұрттың көбіне жұмбақ; бұрынғыдай шалдарды ертіп: дау бітіріп, қыз-қатынды ағызып сатып олжа түсіруді де сиретті. Бармайтын ауылы жоқ, жолықпайтын кісісі жоқ. Тап сол кезде бір өрескіл хабар дүңк етті:

«Ермақтың бір айғыр үйір жылқысы жоғалыпты. Ұрлаушы «Сары алаптың тобыры» көрінеді,— қырық жілік қылып үй басы бөліп алыпты...»— деген.

Бұл хабар дүрілдеп елдің бір шеті мен екінші шетіне жетті. Шет пұшпағы «Сары алап» ауылының да құлағына тиді. «Сары алап» ауылы жаман ышқынды, өтірікпен былғағаны үшін қатындарға шейін шаптығып:

— Үйі күйгір байлардың жауып отырған жаласы ғой!— десті.

Өсек болса, байлардан шығатынын «Сары алаптың» баласына шейін сезетін сияқтанды.

— Апырмау, мынаны таратып жүрген кім екен? Нақ мыналары өтірік. Бұл ауылда мұндай жұмысты істегендәй адам да жоқ қой,— деді Елемес күрсініп.

Осы ауылға қосылғалы Елеместің бұл бірінші рет жақтап сөйлеген сөзі еді.

Арадан бірер күн өтер-өтпесте соқаның жиырма аты бірден жоғалды. Артель соқасы жер соғып тұрды да қалды. Азаматтың бәрі ерсілі-қарсылы шабуылдап іздеумен болды. Кемпір, шалдар күрсінді. Әйелдердің қабағы жабылып, бұрынғыдай әңгімемен күн өткізуін сирете бастады.

— Ойпырмай, бұл қалай болды? Осы бізді шынымен тоздырып жібере ме?— деген қауыпты ошақ басында отырғандардан екінің бірі ойлай бастады.

Жоқшылардың бастығы Бейсембай болып, ауылдық кеңесті жағалап, сезікті жерлерін айтып, қағаздатып сот арқылы ізденуге кіріспекші болып еді, ауылдық ағасы Тұңғышбай дейтін жігіт бұларды адам деп елеп, сөйлесетін болмады.

— Осы бүлдіргендерің жетер, қарсы дауды қойыңдар, онсыз да жұмыстарың бітіп отыр,— деді ол қысқасынан.

Бейсембай өмірінде бірінші рет ашынып сөйлеп, Тұңғышбайға қатты-қатты сөздер айтты. Кеюдің күштілігінен ауылнайдың жағасынан ала түспекші де болып еді. Сәтпек жібермеді.

Бұлар болыс арқылы іздемекші болды. Қолда қалған ат пен бірер соқа болса да, жүргізіле берсін деп еді, мүшелердің арасынан наразылық, толқу шығып, Бейсем-

байдың сөзін тыңдайтын бір пенде табылмайтын сияқтанды. Қайсарды болыстық кеңес шақыртып, ол сонда кетіп еді. Бір өсекшілер оған жала жауып:

— Болысқа барған күні жауып тастапты,— деп хабар таратты.

Қобалжып отырған жұрт бұған да үрейленді. Өтірік хабар минут сайын қаулап, ауылды кернеп барады. Есіткен хабарын түрлендіруге әсіресе әйелдер жағы қызу кірісті. Бұдан бірер күн бұрын Ермакқа, оның бәйбішесіне тіл тигізіп, неше түрлі жаман сөздер айтқан әйелдер, бүгін сонысын ұмытып, сол айыбын қайтсем жуам деген кісідей Ермақтың үйін мақтай, соған жағына сөйледі. Бұлай болуға себеп—соңғы бір хабар тым қатаң шықты:

— Бұл артельдің заңсыз ашылған екен ғой, губерня бұған қарсы болады екен... Оның үстіне осы мандағы ел приговор жинап арыз беріпті дейді: «осы артель тарап, бастықтары сотқа тартылса екен»,— деп сонымен губернядан адам шығыпты. Үлкен тексеру болатын түрі бар...

— «Ол ол ма, Ермақтың жоғалған жылқысы үшін осы артельден бірсыпыра адамды ұстауға милиция шығады білем!..»

Артель ауылын үрейлендірген осы сияқты хабарлар еді. Бейсембай мен Сәтпек ауылдық кеңестен қайтып оралып артель мүшелерінің жиылысын шақырып кенесеміз десе де, бұрынғыдай жиылысқа ағылатын жұрт болмады: екеу-екеу, үшеу-үшеу әр үйдің қасына жиналып, өзара күңкілге кіріп еді. Бұл күңкілдің түп тамыры — «осы артельдің пәлесіне ілікпей қалай аман құтыламыз?»— еді.

— Мені желіктірген сен. Сен болмасаң, мен мұныңық жағынан жүрмейтін ем,— деп артельге кіргенін басқа біреуден көріп, ауылды басына көтеріп даурыққандар болды.

Әсіресе бұл күндері Ысқақ пен Жүсіптің сөзі үске шыққан сияқтанды. Бұл екеуі ауылды жағалай қыдырып, өзі толқып отырғандарды артельде бір минут та отырмайтын күйге жеткізді.

— Бізге қарамандар, бас аманда ел табындар, Жүсіп екеуіміздің беретін жауабымыз дайын,— деді Ысқақ жұртқа.

Бұған еліккендердің бірсыпырасы сол күннің өзінде көше кашпақшы болып, түндіктерін сыпырды. Түндік сыпырғанның бірі Мәкен қатынның үйі еді. Жұрттың үрейін алуда Мәкен Ысқақтан асып түспесе, кем соқпады. Әр үйге бір барып әңгіме соғамын деп жүріп, кебісі-

нің қай үйде қалғанын білмеді. Кешке жақын бір рет ойланғанда сол күні күн ұзаққа тамақ ішуді ұмытқаны есіне түсті. Кеше қашамын деп үйінің түндігін жұлып алса да, сол үйді жығып, тиеуге дәкбірі жетпей Мәкентағы ауылды кезді. Кішкене көзі таса болса, лоблып тұрған ауыл қайта айнып, сабасына түсіп қалатын секілденді. Бір үйлердің жанында Мәкен шаңқылдап бір жастау әйелмен ұрсысып жатқаны көрінді.

— Барсаң, өзің бара бер, сенің орның күреулі. Сен құсап байдың үйіне жағына алмаймыз!— деді жас әйел Мәкенге.

Еркектердің ішінен де Ысқақпен ілінісіп, боқтасып, ашына сөйлескендер болды...

Әсіресе бұл күні Жамалдың жүгі ауырланды. Ол бір жағынан әйелдерді үгіттеп басалқы айтса, екінші жағынан Бейсембай мен Әйтенге кейіп болды.

— Құдай атсын, кесір қара, сендердің адам болғандарың құрысын!— деді ол Әйтенге.

Әйтен де, Бейсембай да ауыр жұмбаққа кездескендей, не қыларын білмей дағдарысып еді. Сырттан біреу көмекке келіп даурыққан мына жұртты түсіндіріп, қайтадан басын құрап бермесе, өздерінен дәрмен кеткен секілді еді. Осы артель бастап ұйысқан кезде бұдан ауыр кездер де болған секілді. Сонда бастап, сүйреп кететін кім еді?

Әпен еді! Ол ешкімге жағынып, күлгірленіп, алдаумен жұрт ұстаймын деп ойламайды-ау: қатты айтады да, қасқып тұрады.

— Қане, бізге еретінің қайсын? Қарсымын дегенің шық былай!— дейтін ол.

Осыны қазір кім айтады?

...Інір әлетінде Елемес отағасы үйге арқасын сүйей отырып, осы көрініске кейістік білдірген кісідей қабағын кіртитумен болды.

— Шал-ау, сұмдықты есіттің бе? Мұны қайтеміз? Әпен жанға бір пәлесі тиіп кетпес пе екен?— деді Үмітай Елеместі жағалап.

— Кет әрі мазамды алма!— деп Елемес кемпірін ұрсып тастады.

Өзі қатуланып, ішінен Бейсембайға мықты кейіп отыр. Әшейінде адамсып, алдына жанды салғысы келмегендей мақтанып, тасып болушы еді, бірер жұмысқа кездескенде сырын алдырды: ұйлыққан жұртты бастап, былай істейік деп нұсқап әкете алмады. Тап бүгін Әпен осында болса, ол қайткен болар еді.

«Ол бастап кетер еді!»— деді Елемес ішінен.

Осыны ойлағанда өзі жұмсап, балаға деген махаббаты шын қозғалған секілденді... «Сүйтер еді-ау ол. Бастап кеткен еді. Сөзін тындата алар еді, сондай баласы бар кісінің арманы не? Сол бала Елеместің өзінікі болып отыр-ау, ендеше осы Елеместің арманы не? Осы неге кекірейіп жүр?.. Жылда соқа кезінде баласының қасына еріп, олар күндіз соқа айдаса, Елемес түнде көлігің күзетіп, қолғабысын тигізіп, соның өзін қуаныш көріп жүрмейтін бе еді? Биыл неге оны істемеді? Елемес көлік күзетсе, оңайлықпен жауға алдырар ма еді? Көлік жоғалды, жұмыс аяқсыз қалды. Жұрт бұлан-талан боп, алды көше қашқалы жатыр, мұның ұяты түбінде кімге келеді? Артель боп ұйысқан он бес үйдің ішінде сырттың көз тіккені Әпен емес пе еді? Ендеше, Әпен бастаған жұмыстың абыройсыздыққа қалуына Елемес қуанып қарауға тиісті ме?..»

Елемес ауыр күрсінді.

Үсті-басы маймен сағалданып, балғасын білемдеп Пүркепи өтіп бара жатып, Елемеске бұрылды:

— Ал, Елемес, алдадан сұрағаның осы ма еді? Тілегің қабыл болды,— деді Пүркепи кекете күліп.

Пүркепидің бұл сөзі Елемеске шаншу болып қадалды. Елемес, таяғын сүйретіп, Бейсембайың үйіне келді. Бейсембайдың үйінде бірсыпыра жұрт даурығып, бір қорытындыға келе алмай дағдаруда еді.

— Атаңның басына отырсын ба, атыңа мін, Қайсарды шақырып кел. Таба алсаң, Әпенді де әкел. Қалғандарың ұйылықпай соқаларыңа шығындар! — деді Елекен.

— Е, бәсе!— деді Жамал күрсініп.

Түн ішінде 4-5 үй көше қашып, таңертең жұрттарында қоқырысқан қиқамдары ғана жатыр. Аздаған жұрт салбырап соқаның басына барды. Қалған көпшілік не істерін білмегендей ұйлығып үйлерінде отырумен болды.

— Уай, уай... Бұл не? Бұл ненің дүрлігі-ау?!

Жұрт андағайлап үйлерінен өре шықты.

— Қай жақтан шығады?

— Автомобиль шығар...

— Автомобиль қайдан келсін?

— Ау, ау... қараңдар. Бүлкілдеп келе жатқан бір-демел

— Анау түгіні ме-ау?

— Соындағысы арба ма?

— Жаным-ау, бұл не болғаны?..

— Ау, алдыңғы жағында желбіреген жалауы бар ғой.

— Ойбай, бұрылды!..

— Келе жатыр, келе жатыр!..

Есі шыққан жұрт сапырылысып, сол келіп жеткенше, соның не екенін білгенше дәттері шыдамай, соның алдынан қарсы жүгірді. Бірінен-бірі басып озып, бұрын барып көргенше асықты. Кейін қалғандары ілгергіге қуып жеткенше, ілгергілер емпен жүгіріске салды. Ыбырай аяғының ұзындығын пайдаланып жұрттан ала-бөле бұрын жетті. Бұл жеткенде машина тұра қалды. Сөйткенше болмай, Ыбырай, бөрікті жұлып алып, айқайды салды:

— Трактор келді, трактор!..

— Ау, не дейді?

— Трактор дейді!

— Трактор дей ме?

— Апырау, шынымен келгені ме?

Ентіккен жұрт бірінен-бірі іліп алып, кейінгі жаққа шашып барады. Шашылған хабар ә дегенше болмай ауылға да келіп жетті.

Екі трактор. Екеуінің соңында да соқа, екеуінің соңында да тұқым тиелген көп арбалар. Алдыңғы тракторда Әпен, соңғысында Ережеп. Арсалаңдап, ентігіп Сәтпек жеткенде, Әпен, былғары колғаптан қолын шығарып Сәтпектің қолын ұстай алды.

— Аман, аман,— жақсы ма? — деді Сәтпек не айтарын білмей сасып қалып.

Келген жұрттың бәрі ентелесіп, иықпен қағысып, тракторды көргенше, Әпен мен Ережеппен сөйлескенше ынтығып ыліп барады.

— Жолдастар!— деді кейінгі жақтан біреу.

Жұрт жалт қарап, бажырая қарады: тұқым тиеген арбаның үстінде Сәлмен мен Қайсар тұр еді. Сәлменнің жүзі күлім қағып, екі езуі құлағында.

— Жолдастар! Кедей, батырақ боп бастарыңды қосып, топ құрғандарыңды партия комитеті атынан құттықтаймын! Еңбек ерлерін болатпен құралдандырғалы міне екі бірдей тракторды орталарыңа әкеп тартып отырмыз!

— Көп жаса, шырағым!

— Партия жасасын!

— Үкімет жасасын! — деп шулаған жұрт Сәлменнің сөзін бөліп жіберді.

— Бұйткен үкіметтен айналсам болмас па еді! — деп Үмітай келіп Әпеннің бетінен сүйіп жатыр...

Жұрттан кейінірек, көзінің жасы сакалынан сорғалап тамып, таяғын сүйретіп Елемес отағасы тұр еді..

«Ермақ Нұрбуев» деген ат — Қарасу болысының тарихынан орын алған ат. Қарасу елі бірсыпыра уақытқа шейін бұған: «ысқаяқ сараң, мықыр» деп қарап жүрсе де Ақымет болыс болатын талас штатта Ермақ өнерін көрсеткен болатын: ақшаны төгіп жіберіп, 52 елуліктің жиырмасын өзіне бір қаратып алған ғой! Ермақ содан былай еленетін болды: екі-үш сайлауда тұтасынан би болды; бір-екі сайлауда болыстың кандидаты болды.

Бірақ ел аузына ілігіп, атакты адамның қатарына кірсе де, сән-салтанат дегенге онша үйір болмаған кісі: бірер жерге баратын болса, пар аттың ызбыройы өзінен түгел табылмайды, — біреуден делбе, біреуден — қамыт, біреуден — тәуір жүрген сұратып жүргені. Оны айтасын, кейде, жыны ұстаса кара кер жорғаға салт мініп жүре беруден де тайынбайды. Өзі қатарла адамдай, мұның үйінде қонақ күтушілер, шетке шыққанда дәйек болып жүрушілер де аз болады. Сағындық дейтін күлегеш қара кісі бар, жасы Ермақтың өзімен шамалас. Ермаққа өткен өміріне үзенгі жолдас болып келе жатқан осы кісі. Жолдас болғанда, бұл кісі — әңгіме-кепке, билікке де не емес, басқалардай байдың атағын сатып олжа түсіруге де үйір емес. Өзіне жөндеп мал да бітіп көрген емес. Тамағын көбіне Ермақтың үйінен асырайды. Өзі Ермақтың қасына еріп ел қыдырып кетсе, Жұмакүл бәйбішенің ашуы келіп ысқырынып, маңына жан жолатпайтын уақыттары болса, сондай кездерде Сағындықтың үй ішінің аштықпен бұралатын уақыттары да аз болмайды.

Оны елейтін Сағындық емес.

— Құдай жеткізер, — дейді.

Сағындыққа қарағанда қатышы уыттылау, ашуына мінгенде Сағындықты бүріп-бүріп алады.

— Құдай жеткізгені қандай?.. Ішейік десек, тамақ жоқ, киелік десек, киім жоқ.. Байдың тілеуін тілеп отырғанымыз, — деп шаптықса, Сағындықтың көзі ежірейіп, қатынды төмпештің астына алады.

Рақила дейтін Сағындықтың қара қатыны Ермақ үшін, Ермаққа тіл тигізгені үшін талай таяқты жеген кісі.

Рақиланың жалғыз көңіл жұбататын жұмысы — байдың баласы себепкер болып бір баласы школга ілікті. Ағыбай дейтін жымық көз сары бала осы күні бөтен бір елде мұғалім болып бала оқытып жүр. Жазға қарай ауылына келсе үйінің ішін киіндіріп, бүтіндей кетеді.

Былтыр бір келгенде сол бала, сөзден сөз шығып оты-

рып, әкесі Сағындықпен байланысты, әкесіне «Сен байдың құйыршығысың!» — деді. Әкесі Сағындық ашуы келгені сондай, баласын үйден қуып шықты.

— Тумай кеткір! Сен мені жөнге салмай-ақ қой. Сенсіз де күнімді көріп келгем, — деп Сағындық шатынап бураша бұрқылдады.

— Мұның — білмегендік, балаңмен ерегісіп бәйге ала алмайсың. Еппен ұстай біл, — деп Ермақ Сағындыққа ылғи ақылын айтып отырады.

Соңғы кездегі Ермақтың әдісінің өзі — осы. Ермақ бұрынғыдай ашық сөйлеуді, нығын көтеруді қойған кісі ғой. Ол — бұғып жүріп қана, еппен жұмыс бітіруді сүйеді. «Біз дауыстан айрылған кісі, біз — дауыстап сөйлей алмаймыз, сыбырлап қана сөйлейміз», — деп мырс-мырс күлетіні бар-ау оның...

Сол Ағыбай мұғалім ауылға келгенде, үлкен өзгерістің үстінен шықты: он бес үй бөлініп «Сары алаптың» басына орнапты! Он бес үй көбейе келе қыруар ел болыпты!

— Осылай болды, қарағым! Немен тынатынын білмейміз. Ел арасы толған әңгіме. Бірдемесіне ілігіп кетеміз бе деп осы зәре-құтымыз жоқ... — деп Рақила ауыр күрсінді,

Баласымен шешіліп сөйлесе келе, Рақила дауысын бәсеңдетте түсіп:

— Мен шошынып жүрмін, қалқам... Әкең түнгі жүріске салынды!.. — деді.

Рақиланың бұл сөзі — Ағыбайдың жүрегіне біз сұғып алғанмен бір есеп болды. Ол — сұрланып, қалтыранып, орнында отыра алмады.

— Әкеңнің мінезі жаман ғой, ептеп айтпасаң... — деп, Рақила бір жағынаң сақтандырған сияқты да болады.

Тап осы кезде қыстаудың жанындағы белесті жалпағынан алып жататын қалың ауыл — сиреп, бытырап, андағайлап қалыпты: он шақты үйді бір өңкей алып қотандана Ермақ отырушы еді: он шақты үйді иемдене — Рақым отырушы еді!.. Енді, Ермақтың үйі де, Рақымның үйі де сорайып, жүнделген түйе құсап қалыпты.

— Осылай болған екен... Осылай болуға тиісті де еді ғой!.. — деді Ағыбай күрсініп.

Қойдың қотанында, қойшыны жанына алып, бәйбіше қойдың жабағысын қырқып жатыр. Айшуақ дейтін — сақалына, самайына ақ кірген кісі, өзі ес білгелі осы Ермақтың қотанында жатумен өмірін өткізіп келеді. «Әйел алу, үй болу» — дегенді ойына да алған емес. «Осы кісі

неге қатын алмайды екен?» деп Ағыбай кейде ойлайтын да. Сол Айшуақ пен Жұмакүл бәйбіше екеуі ғана қой қырқып жатыр. Бұрын бәйбіше қотанның манынан жүрмейтін кісі еді. Бірер баланы жүгіртіп жіберсе, ауылдың адамдары істеп жатқан жұмысын тастап, бәйбішенің қойын қырқып берер еді.

— «Бәйбіше, тағы жұмысыңыз жоқ па?» — деп, жұмысты бітірген адам бәйбішенің алдында қыбыжықтап тұрушы еді.

— «Немене, телміргенің? Тамақ дәметіп тұрсың-ау!» деп, адуын бәйбіше ондай кісіні бір іліп тастар болар еді.

Ағыбай қотан жанынан өте бергенде, қой қырқытып жатқан бәйбіше бұрылып, шұқшия қарады:

— Шырағым, Ағыбаймысың? Шал үйде, үйге бара ғой. Қазір мен де барам. Сактағаным бар еді,— деді.

Жұмакүл бәйбішенің аузынан мұндай сөздің шыққанына адам таңырқамас па? Бәйбіше бұрын Ағыбай сияқтыларды еске алып, ас сактаушы ма еді?

Былғары ер-тоқымды торы жорға байдың есігінің алдында байлаулы тұр. Бұл — Жұмабайдың жорғасы ғой. Ағыбай бүгін төсектен тұрғанда осы жорға осы жерде байлаулы тұрған сияқты еді, әлі тұр. Бұрынды-сонды Жұмабай мезгілсіз уақытта жүре қоймайтын сияқты еді. Аса дәулетті болмағанмен Жұмабай атакка ие болған адам ғой. Осы күнге шейін осы елде Жұмабайдың бетін қайырған жан адам болған жоқ. Жиылыс болса, әңгіме-дау болса, бір Жұмабайдың қолынан атқарылып отыратын сияқты еді. Біреуге-біреу наразы болса да, арызын Жұмабайға айтатын сияқты еді. Әбдікерім сияқты ауыл-найларың Жұмабайға ақылдаспай бір жапырақ қағаз жазбайтын сияқты еді... Бұл не ғып қысылшанға ұшырап жүр?

— Ағыбай шырағым, жоғары шық... Бері, бері — мына жерге отыр,— деп Ермақ өзінің жоғарғы жағындағы тері бөстекті ыңғайлап салды.

«Біздің бала қалай?» дегендей боп, Сағындық көтеріліп жан-жағына қаранды.

Шалжиып жатқан Жұмабай басын көтеріп, күлімсірей түсіп:

— Ал, Ағыбай, сен сөйлеші: сенің жүрген жерлеріңде осылай ма, әлде, қазақшылықтан айрылған жоқ па? — деді.

— Тап біздей болған ел жоқ шығар,— деп Рақым күрсінді.

— Бныл мен көрдім ғой, ол елдің өзі — іргесі бүтін елдің бірі көрінеді...— деп, Сағындық сөз бастап келе жатыр еді, Ағыбай оның сөзін бөліп жіберді.

Байға итаршы болып, байдың төбеті құсап отырған әкесінің қалпы Ағыбайға мықты шаншу болып жабысты. Ағыбай қазір отыздың екеуіне келіп отыр. Ес білгелі жиырма жылдан асты, содан бері осы күйді сезбестен келген сияктанды.

— Ол ката: өзгермей отырған ел жоқ, сілкінбей отырған кедей жоқ. Кедей, батырақ ұйымы қай жерде болса да құрылып жатыр! — деді Ағыбай.

Ермақ мырс еткендей болды. Жұмабай үндемей төмен қарады. Рақым аузын ашып, аңырайып қарап қалды. Сағындық, «тумай кеткір ит» дегендей боп тістеніп төмен тұқырды...

Жұмабай жүретін болды, Сағындық қалбандап, торы жорғанын тізгінін ұстап, Жұмабайды қолтықтап сүйеп аттандырып жатыр. Қашанғысы осы-ау. Жасы елудің бесеуіне келген екен, содан бері бітіргені — кісінің кебісін қою, аттың тізгініне жабысу, қолтығынан сүйеп аттандыру. Кім білсін: Сағындық осының өзін бір мәртаба деп көретін шығар-ау...

Жүргелі тұрған Жұмабайға қарап, Ермақ:

— Солай болады ғой, ә?..— деп еді, Жұмабай күлімсіреп:

— Енді қайтеміз, өлеміз бе?! — деді.

Бұл «мұқамға» өздерінен түсінуші сирек еді.

Жұмабай Сағындықты оңаша шығарып, аттың үстінде тұрған күйі бірсыпыра сөйлесті. Сағындық: «Мақұл, айтқаныңды екі етпей орындаймын!» — дегендей Жұмабайға басын иді. Ағыбай одан жаман қысылып, ызаланып, Ермақтың үйінен шықты...

Қолтығы бөксерілген шидем шекпен киген, жалақ ерінді сары жігіт, жайдақ атпен келді де, Сағындықтың жұлым үйіне тоқтады. Бұл — Ағыбайдың інісі — Сағындықтың екінші баласы. Мұның істейтіні — Ермақтың жұмысы. Ермақ соңғы әзірде малай санын азайтты ғой. Бұрын тап осы кезде ондаған малай Қайыңдының басында жатып, үш-төрт соқаны қатарынан айдаушы еді ғой. Қайыңдының алқабы жалпағынан Ермақтың егіні болушы еді. Жүз десе жер егін салып жүрген уақыты болды Ермақтың... Енді, оның бәрін өзгертіп, Ермақ бір соқаның өзін зорға шығаратын болды. Бұрынғыдай әйгілі малайы да шамалы: Сағындықтың осы баласы мен Тоқсанбай шалдың бір баласы Ермақтың соқасын айдап жүр. Шө-

бін шабатын да осылар. Осы еңбектері үшін бұларды алатын ақылары бар ма, жоқ па — оны өздері де білмейді. «Шалдардың не қылып жүргенін кім білген сол», — дей салады.

Жалшылар комитетінің өкілі келіп малайдың тізбегін аламын десе, Ермақ безілдеп маңына жуытпайды:

«Біздікі құр атақ қой, шырағым, әйтпесе — бұрынғы дәулет қайда?.. Бұрынғының мыннан бірі жоқ», — дейді күрсініп.

Шыны да сол: соңғы бірер жылдың ішінде Ермақтың малы суша ақты. Қайда кетіп жатқанын, кімнің жұтып жатқанын — араласып жүрген Сағындықтың өзі де білуден қалды...

Шалабай ағасының бетіне бірсыпыра жалтақтап қарап отырып:

— Бейсембай мен Әпендердің жұмысын есіттің бе — олар сұрапылды шығарды: екі тракторды бірдей әкеліп, жер қыртысын қопарып жатыр! — деп, Ағыбайдың інісі — Шалабай ауыр күрсінеді.

— Е, сен неге қосылмадың? Сен кетсең Ермақтың жұмысы істелмей қалатын ба еді? — деп Ағыбай шатынап еді. «Осы сен шыныңмен айтып отырсың ба?» дегендей боғ. Шалабай оған ожырая тағы қарады.

Рақила есіткенін, сезгенін Ағыбайға ұшынан-ұшынан ғана айтып қоймақшы еді, Ағыбай қоймай отырып анығын ашуға айналды:

— Білмеймін, қарағым... зәре-құтым жоқ... Өзім айтуға қорқам... Менің сөзімді тыңдаған сорлы ма ол... Ана бәйбішенің жыландай арбап істетіп отырғаны шығар... Ондай жұмысты істей қояды деуге ауызым да бармайды, білмеймін, әйтеуір... — деп, Рақила қысылғаннан жылап та жіберді.

Рақила жарытымды ешнәрсе айтқан жоқ, бірақ бір жаман нәрсенің ұшығы сезілген сияқтанады: аңқылдақ Сағындық әлде кімге қол жаулық болып, түпсіз тереңге батып бара жатқанын Ағыбай шындап сезгендей болды.

— Шақыр әкемді! — деді Ағыбай томсарып.

Сағындық аяқты салмақпен басып, Ермақша тамағын қырынып, балаларын көзге ілмейтіндей, олармен сөйлескісі келмейтіндей, нығын көтере түсті.

— Сен не істеп жүрсің, әке? — деді Ағыбай.

Сағындық ұнатпай ала көзімен қарады.

— Сенімен сөйлескім келеді, әке...

— Не айтпақшы ең?

Сағындық шатынап, қабағын тыржита түсті.

— Ермақтан айрыласың ба, жоқ па?

Сағындық сұрланып, бажырая қарады.

— Сұрланба, қалтыранба. Жақсы болсаң, әке дермін. Жаман болсаң, саған айналып та қарамаспыз. Осы қырсығың да жарар. Осы былғағаның да жарар. Сенің етегіңнен ұстап біз су түбіне кете алмаймыз...

Ағыбай ашуға тығылып, сөзін бітірмей тоқтады. «Осы сөзді айттырып отырған сен ғой» — дегендей боп Сағындық оқты көзін Рақилага қадады. Рақилага абыр-жып, жалынышты түрмен балаларына жаутаңдады.

— Ит! Жатыры оңбаған ит!.. Сенен туған бала не оңсын!..

— Қойшы, сенің бөтенің бе, өз балаң ғой, — деп Рақилага сөзге жұбаурата беріп еді.

— Бала болушы ма еді менде? Менде бала жоқ! Менен бала туған жоқ!.. — деп Сағындық көпірініп ала жөнелді.

Дауысы барылдап үйді басына көтерді.

— Қойындаршы, елден ұят-ты! — деп, жаны ашыған-сып бәйбіше келді.

— Сағындық-ау, сен шіркін алжырсың білем, баламен байланысты деген не? — деп ақылын айта Ермақ келді.

— Көрмеймін бұл иттің жүзін! Шық үйімнен иттің баласы! — деп Сағындық Ағыбайға таяғын ала жүгіріп еді, біреу артынан қапсыра құшақтай алды. «Жібер, жібер! Өлтіремін!..» деп Сағындық әрі-бері бұлқынғанмен, тегеуірінді қол жіберетін болмады. Бұл кім?.. — деп қараса, өзінің кіші баласы — Шалабай!.. Шалабай сұп-сұр: тістеніп, Сағындықты қыса құшақтап, қабырғасын сындырып бара жатқан сияқты.

Сағындық шошып кетті. Демі тарылып барады.

— Жіберші Жіберші! — деп жерге қарай созылды.

Осы сөзді баласына жалынышты түрмен айтқан сияқтанды.

Үй іші жаң-жұң. Рақилага бәйбішемен байланысып жатыр. Бәйбіше сұрланып, қашырыс салып, жалынышты сөзін айтқан сияқтанады. Рақилага одан әрі үдей түсті.

— Көлік тап, көшемін, отырмаймын бұл ауылда! — деп Ағыбай ашумен үйдің түндігін сыпырды.

Шалабай бөгелместен, сұрамастан Ермақтың есігінің алдындағы көк арбаны сүйреп келіп, үйінің құрымын тиеп жатыр. Мең-зең болып Рақилага да тиескен болып жатыр. Үйдің ортасында, басын төмен салып, Са-

ғындық отыр. Үзіктің, туырлықтың шешілген баулары келіп мойнына оралады. Бауы шешілген бірер уық жерге ұшып түсіп, басына да соғып жатыр.

Бұл көрініске сырттан қарап тұрған ауыл адамдарында кескін жоқ, қабақтары жабыңқы. Ойламаған жерден туған бұл жұмыс қайсысына да болса оңай тиген жоқ. Бүйте берсе, бүйтіп біртіндеп ірі берсе, бұл ауылда кім қалады?

Құрым үйдің жабдығы арбаға тиеліп болғанда, айран құйған кеспектей болып от басында омалып жалғыз Сағындық қалды. Ол, құр тірі демесен, естен айрылып отыр еді.

— Әкенді қайтеміз? Әкенді көндірсейші! — деп Рақила келіп жаутандап еді.

— Керегі жоқ, қалсын, оны не бетіңмен ертіп бармақсың? — деп, Ағыбай жекіріп тастады.

Рақила жыламсырап, бақанды сүйретіп, арбаның соңынан ерді.

Ағыбай үйін көшіріп келгенде «Сары алап» артелінің жалпы жиналысы болып жатыр еді.

— Уай, Ағыбайым, жарады! Бәсе, кенес мұғалім осылай болса керек еді ғой! — деп, жиылыстағылар бір көтеріліп қалды...

* * *

«Сары алап» артелі егінге бастап шыққанда жүз десе жыртсақ деп меже қылып еді, ол жоспарын екі есе артығымен орындап шықты:

— Балалар! Не қылса да жігіт болдыңдар, байларға күлкі болудан кеттік,— деп Пүркепи түксиген мұртын сыпап, жымыңдай түседі.

— Отырмаңдар, темірді қызуында соғайық! — деген сөз екінің бірінің аузынан шығып жатыр.

Артель мүшелері үш күндей жиылыс істеді. Қыстауды қайдан салу керек, қалай салу керек, кооператив қай жерде болады, мектеп қай жерде болады,— соның бәрін өздерінше межелеп, жоспарлап жатыр.

— Тап осы бір дөңесті көрдіңдер ме, осы жер кооперативке қол-ақ,— деп, Әйтен бір дөңестің басына шығып, таяғымен түртіп-түртіп қойды.

Төртінші күні жұмыс басталды. «Сары алаптың» солтүстік жақ қабағындағы жарлауыттың топырағы бұрқылдап, лақтырылып жатыр. Қыбырлап жүрген жан, қайнап жатқан еңбек. Біріне-бірі септесіп, көмектесіп жатқан артель мүшелері.

— Қыздырындар, жігіттер!

— Ау, әйелдер, әңгімені қоя тұрындар!

— Бетім-ай, зорықтырып өлтіре ме,— деп бір әйел аузын бұртитып, балшықты енжарлана көтеріп еді, Әминен оған көмектесіп, әңгімемен көңілін жуатып, әлгі әйелді жұмысқа еріксіз белсендіріп кіргізіп жіберді.

— Еркежан, тойларың қашан болады? Білгі жұмыспен шаршайтын болдық қой, енді бір көңіл көтерсек екен,— дейді әлгі әйел жымындап.

— Асықпа, болады,— дейді Әминен солғындау пішінмен.

Әйелдердің бірсыпырасы кедейлер болса да, жоқшылықтың талқысына талай іліксе де, жатып жаман үйренгендер. Ондайларға артельдің мына тәртібі, ертеден кешке шейін үзілмейтін жұмыс қапелімде оңай соқпайтын көрінді. Бірсыпырасы салбөкселеніп, енжарланып, «нем құрайланып» жұмысқа қолының ұшы ғана тигізеді; енді бірсыпырасы, мұның ішінде Әрине, Мәкен де бар, еркектердің көзі таса болса, бірер таса жер кездесе, кебістерін тастай беріп, шалжиыса отырысады.

— Апырмай, солай екен десейші — деп Нағима аузын қайыстай созады.

— Ол шешейге бірдеме көрінер... Жалғыз қызының күйеуі еді... Бізге хабар тигізсе қайтеді екен? — деп Ұрқия бұртиып еді, Мәкен оның сөзін іліп ала жөнелді:

— Бізді қайтсын? Біз кісі елегендей болып отырмыз ба? Айдай әлемге құбыжық болып отырған жоқпыз ба? — деп.

— Бәсе десейші! — деп екіншісі оны қостай қояды.

Осыдан кейін бұл топ, артель өмірінде болмаған, болуға мүмкіндігі жоқ толып жатқан жұмыстарды, сөздерді қазып шығарады. Қайдан шығып жатқанын ешқайсысы тексермейді. Біреуі айтса, екіншісі соған нанады да, сол нанғанын басқаға жаюға, басқаларды нандыруға тырысады.

— Сен не білдің, шешей? Кеше бар ғой... Құдай-ай не бетімді айтайын, өз көзіммен көрдім. Анау шеткі салынып жатқан үй бар ғой, соның тасасында Ыбырай мен Несібелді... бетім-ай бар ғой... сөйлесіп тұр екен... бетімнен отым шықты... жырқылдап күліседі келіп... Бетсіздер десейші...

— Молдаш тазға сол керек! Бныл әңгіленіп, жұрты даурықтырғанның бірі сол еді... жаны шықсын!.. Айтпады деме, көрерсің: оның қатынын бар ғой... оның қатынын Ыбырай айырып алайын деп жүр...

Сөйлей келе бұлар Әминені де босқа қалдырмайды.

— Ұятсыз шіркін, көрінгенге соқтығып...

— О кім шешей-ау?

— Бетім-ай десейші...

— Әпен алмаймын депті өзін, бұзылған қыз, — депті...

Жамал бастаған бір топ әйел жұмыс істегенде жапырып жібереді. Жамалдың жүрген жері ойын-күлкі; кейде, қыза келе бұлар еркектермен де бәсекелеседі.

— Бетім-ау, кесір қара-ау, әлі жатырсың ғой мықшындап... Шіркін-ау, күшің қайда? Бері әкелші! — деп, Жамал, бара салып, Бержан ақсақтың көтере алмай жатқан кірпішін төске салып алып, қолының ұшымен жоғары ырғытып келіп жіберді.

— Уай, Жамал екем, жарайсың! — деп біреулері риза болып, қаркылдап күліп жатыр.

Жұмысқа қайраттының бірі — Әминне. Бұған серік болатын Пүркепидің қызы — Мария. Бұл екеуі тізе қосып тиіскенде анау-мынау бозбалаңнан озып шығады.

— Әминне, қарағым, тірі бол! Тап өзің сияқты бір күйеу тауып беремін-ау, — дейді Әйтен қаркылдап күліп.

Осындай сөзді есіткенде Әминне кейде күрсінеді. Әжесінің ұйғарған адамы Әпен сияқты еді. Әпеннің курстан келгеніне екі айдан асып барады. Әңгіме беті әлі ашылған жоқ. Бұрынғыдай той қылып, құйрық-бауыр жеспегенмен, «солай болсын!» деген сияқты біреулердің байлаған сөзі керек емес пе екен? Әлде, оның да керегі жоқ па? Екі жас бірін-бірі ұнатса, бірімен бірі шүйіркелессе, соның өзі де жете ме екен?.. Бірақ, Әпеннің ойы жұмбақ. Әпенді түсіну қиын. Соқа бітіп еді, үйде екі күн зорға тұрды, залог айдамақшы болып Қара көлдің басына кетті. Үйде тұрғанның өзінде де басқа боз балалардай соландап ауыл қыдырумен жұмысы болмайды, күндіз-түні айналдыратыны — трактор. Үсті-басы маймай болып, соны айналдырып, винтін шұқылап, майлап, бұрап, бүлініп жүргені.

— Бұ да мал сияқты. Бұған да күтім керек. Күту үшін мұның тілін білу керек. Тілін білу үшін шұқылап, айналдырып, таныспаса болмайды, — дейді.

Әпенмен бірге Ережеп те курсте болып келді. Бірақ ол мұндай емес, трактор жүргізіп те үлгіреді, ел қыдырып та үлгіреді. Қайда қыз-келіншек болса, қай жерде жиын болса, Ережепті соның ішінде көрсең.

— Қызык жігіт-ау осының өзі,— деп қыз-келіншек оны ұнатып қалады.

Демалыс күні болса, Ережеп жаяу салпақтап ауылға келеді.

— Әпен сонда қалды, трактордың бірдемесін шұқылап жатыр... Мен кетіп қалдым, темірмен алысып қашаңғы жатайын,— дейді Ережеп күлімсіреп.

«Қызык екен ғой өзі... Соншама жалғыз өзіне керектей-ақ...» деп Әмине күрсінеді. Әпенмен сөйлеспесе де, Әпеннің ойын ашып білмесе де, Әмине өзіне меншіктеген сияқтанады, өйткені — жұрт осыған ұйғарған сияқтанады. Үмітай кемпір кездескенде Әминеге жылы тартып, «қарағым, шырағым» деп болады.

— Қарағым, Әмине, маған су әкеліп бере қойшы,— деп Үмітай кемпір, Әминенің бос отырғанын көрсе, жұмсап та алады.

Әпен Әминеге жұмбақ болғаны секілді, Үмітайға да жұмбақ еді. Балам деп немденгені болмаса, көргенде айналып-толғанғаны болмаса, Үмітай Әпенмен сөйлесіп, шүйіркелесіп көрген адам емес. Әпен бұрын да сөйлемейтін баланың бірі еді. Оның бер жағында мына жұмысқа іліккеннен кейін, сөйлесу былай тұрсын, үйде тұруының өзі сиреді: қыс бойы сабақ соңында жүрді, одан курске кетті; курстен келгелі трактордың соңында. Қара көлдің басына залог салғалы барғалы үйіне бір-ақ рет келді. Келгенде асыға, аптыға келді. Үмітайдың қойып жатқан шайына қарамастан жүгіріп жаңа қыстауды көруге кетті. Одан артель басқармасының үйіне барды. Әйтеннің үйі басқарма. Керегенің басы, уықтардың қары жағалай ілінген жарнама, көсемдердің суреті. Артель басқармасының жиылысы болып, Әйтен сөз сөйлеп тұр екен:

— ...Жолдастар, Жүсіптің тап осынысын мен жөнсіздік деймін. Неге дейсіндер ме? Неге десендер... Жұмысқа жегіп тұрған атты мініп, ел қыдырған деген не? Осы күні бір қолды екі ете алмай жатырмыз.. Бүйтіп, артель мүшелері бет-бетіне қыдыра берсе, біздің жұмыс істеуіміз қиын... Басқарма осы жағын қарастыруы керек...

Сәтпек сөз сұрап алып, қатулана сөйледі:

— Мен айтайын жігіттер. Мен айтсам — шынын айттам... Сәлмен түнеу күні айтқан жоқ па еді? «Байлар сендердің ішіңе іріткі салуға тырысады» — деген жоқ па еді? «Байлардың құйыршығы болып жүрмесін, сондайларға сақ болындар» деген жоқ па еді?.. Ә... солай ма?.. Түсіндің бе?.. Меніңше — Жүсіп құйыршық! Ол

ылғи Жұмабайдың делбегесін ұстап жүретін. Ол Жұмабайдан шыға алмайды. Оның бізге келуінің өзінде мән болу керек. Жолдастар, күлмеңдер... е, несіне күлесіңдер? Мен шынын айтам. Біздің Жүсіп жолдас нақ түзу адамға қосылмайды. Оның бір ені ішіңде жүреді... Түзу болса ол кешегі тапсырылған жұмысты неге орындамай кетті? Соның кесірінен қаншама жұмыс бөгелді... Жүсіпті көріп Ержан, Мақатайлар да істемей кетіпті... е, бұл масқара ғой!.. Және бір масқарасы бар; Жүсіп мынадай өнер шығарыпты: жұмыс басына барса сөзін тыңдайтын адамдарды маңына жинап алып, мүйіз шақшаны қолына алып, бұйырмаған сөздермен уақыт оздырады екен. Ержан, Мақатай, тағы басқалары соған әбден елігіп алыпты... сонсын әңгімені соғып отырғандары... сөйтіп отырып жұмыс өндіре ме?

— Ал, сеніңше не қылу керек? — деп біреулері сұрау беріп еді.

— Меніңше ме? — деп Сәтпек кішкене ойланып тұрды да: меніңше — Жүсіпті артельден шығару керек! Биыл Ысқақты қуып па ек, мұны да солай қуайык!

— Уа, бәрежелді, сөз-ақ-ау! — деп Дұтбай кекетті.

Басқарма мүшесінің ішінде Сәтпектің ынғайына жүрмейтін Дұтбай. Дұтбайдың ынғайына Сәтпек те жүрмейді. «Сен байсын, сен осы біздің арамыздан кетсең қайтеді», — деп Сәтпек кейде бетіне де айтады. Шынында осы отырған елу үйдің ішінде аздап қара-құрасы бары — Дұтбай. Екі-үш бие сауады, он шақты сиыры бар, жиырма шақты қой-ешкісі бар.

— Мені байға қоса алмайсың, мен орташамын, — деп Дұтбай да оған қарсы ілінісе түседі.

Басқарманың қарауына түскен мәселенің бірі сиыры жоқтарға сиыр табу туралы екен. Осы ауылдағы он шақты үйде сауын сиыр жоқ. Бұрын кісіден алып сауып жүреді екен. «Артелің асырайды ғой, сиырымызды бер» деп олар сиырын қайтарып алыпты. Бастапқы кезде он үйді бөліп, сиыры бар үйлерге теліген екен, әрі-беріден соң әйелдерің арасынан шатақ шыға бастапты. Сонымен мәселе басқарманың қарауына түсіп отыр екен.

Сиырым жоқ деп арыз берушілердің ішінде өрескел арыздың бірі — Қанабектікі. Қанабек тым қатты кетіпті: «Сиыр тауып бермесендер көшемің: байдың жанына барып қонамын» — депті. Мұнысы тым өрескелдеу. Әйткенмен сиыр тауып беруіміз керек, — деп Әйтен түсіндіріп өтіп еді.

— Осы Қанабегің де оңбайтынның бірі. Кетемін де-

се, жібере салсаңдар болар еді,— деп Сәтпек бұл іретте тағы қырын салды.

— Ау, осы сен бара-бара артельді таратып жіберуден де тайынбассың,— деп біреулер тәлкектеп еді, Сәтпек шіміркене сөйлеп:

— Мен артельді таратпаспын. Мендейлер артельден сүйреп тастасаң да кетпес. Артельді тарататын, артельдің берекесін алатын — қазанбұзарлар, құйыршықтар болады,— деді.

— Апыр-ау, енді қайт дейсің? Ол сорлыға аштан өл деймісің? — деп Дұтбай жақтап сөйлеп еді.

— Мен қойдым. Әзірге сиыр тауып берудің қамын істендер, Дұтбайда артық сиыр бар, соның бірін Қанабекке беруі керек! — деп Сәтпек бұл жолы ұсынысқа кірісті.

— Әрине, ерікті түрде болады, зорлау жоқ қой,— деп Әйтен оның ұсынысына түзету кіргізген болды.

Дұтбай сұрланыңқырап, үндемей қалды.

Сол күні кешке жақын Дұтбайдың қатыны аяқ-табағын салдырлатып: «көшеміз, бұл тобырға таланып отырар жайымыз жоқ!» деп бұркылдатып жатты. Қаулы істеп сиыр әпергенді ерсі көріп, жағасын ұстаған кемпірлер болды. Мәкен бастаған бірсыпыра әйелдер мұны өздерінше өзгертіп, өндеп сырлап жатты.

— Сәтпек айтыпты... Сол қыршынынан қиылғырма!.. Былай депті шешей-ау: қатыны жоқтарға қатын бөліп береміз депті...

Желөкпе әйелдердің бірсыпырасы бұрын Мәкеннің сөздерін үйден-үйге тасып үлгіретін еді, соңғы кезде ондайлар өсек тасуға жалқау тарта бастаған секілді. Жалқауланбай қайтсын: бұрын құлағына не тисе, соған талғамай нана салатын Пәтимелер де осы соңғы әзірде Мәкендерді тәлкек қылатын болып, «жел құйын» деген ат тағып, жазаласа, Мәкеннің өзін артельден қудыруға да беттері шылп ететін емес...

Сол күні Әпен үйіне қонды. «Саған ынтығып жүрген кісі бар» — деп Ережеп түнге қарай мұның мазасын алып, еріксіз ойын басына апарды. Ойында жүргендердің бәрі де күнде көріп жүрген таныстары. Көргенде Әпен оларды көбіне жұмыс үстінде ғана көреді. Баяғы Майнур оқиғасынан кейін Әпен жастық ауасына беріліп, мұндай ойынға араласып уақыт оздыруды керексіз деп санайтын ғой. Жеңгейлері әзілдеп, түрлі сөз айтып шамына тисе де, Әпен, есітпегенге салынып жүре беретін.

Әпеннің бүгінгі ойынға келгенін әркім әр түрлі жорыды. Әсіресе Әмине қысылып тынышсызданып, бір нәрсені күткен сияқтанады.

Ойынды қыздырып жүргеннің бірі Сәтпек. Сәтпек домбыра тартып, Мария оған қосылып отыр. Жамалидың кіші баласы би өнерін көрсетемін деп жердің шаңын бұрқылдатумен жүр. Әпен де осы топқа қосылды. Бастапқы әзірде жазғы кештің көңілділігі, жастардың ойынының қызулығы мұны бірсыпыра еліктірген секілді еді, артынша жұмыс ойына түсіп, ойын қызығын кенет ұмытты:

— Сәтпек-ау, мен ұмытып барады екем. Масқара бола жаздағанымды қарашы... Менің бүгінгі келгенім — егін маңында шегіртке көбейіпті. Ертең Қайсар келсе, осыны ұмытпай айт. Айдап жатқан жерді бітіріп мен де келермін, — деді Әпен.

Әпеннің «көңілсіз әңгімесінен» бірсыпыра жастар алыстай түсіп, бөлек топ құрды. Әпен мен Сәтпек ойын басында отырып та шаруашылық жәйін сөйлесті: шөпті қайдан шабу, қалай шабу, егін орағын қашан бастау — тағы сондай бірсыпыра керекті жұмыстарын кеңесіп алды. Бұл екеуінің әңгімесін тындап Әмине отыр еді. Әмине Әпенмен қатарласа отырып, оқта-санда күрсініп қояды.

— Қисық аяқ-ау... Әй, Сәтпек қайным, саған айтам, оңбаған-ау мында кел! — деп бір әйел шақырып, Сәтпек соған кетті.

Әпен мен Әмине оңаша қалып, екеуі бірсыпыраға шейін сөз таба алмағандай үнсіз отырды.

— Түннің әдемсісін-ай! — деді Әмине бір кезде.

— Е, несін айтасың, жақсы-ақ, осындай ашық-жарықта шөпті үлгіртіп алсақ...

Әпен тағы шаруашылық жәйін сөз қылды да, әрбіріден соң көзі ілініп ұйықтап кетті...

* * *

...Шілденің тамыз ыстығы жас балшықты кептіріп, құрғатып, шыңдап жатыр. Қайнаған еңбектің жемісі күн сайын бір түрленіп көзге қомақтала түседі. Бұдан бір-екі ай бұрын қаңырап жатқан дала еді, енді қарасаң: көшеленіп салынған үйлерді көресің! Қалың шалғын жапырылып, жүлгеленіп жол түскен. Көшенің орта шеніндегі жаңа салынып біткен үйдің маңы үйме-жүйме адам. Онша салынып біте де қоймаған, маңына барсаң,

жас балшық иісі мұрныңды жарады. Бір жақ қабырғасын Жамал екең бастаған бірсыпыра әйелдер жаңа сылап жатыр... Сәтпек баспалдақпен үйдің төбесіне шықты да:

— Әпер бері! — деді.

Біреу жерден ұзынша жұқа тақтайды алып берді. Сәтпек оны үйдің мандайшасына қағып жатыр. Тақтайдың бір жақ беті: «Сары алап артелінің кооперативі» деген ірі жазу еді.

— Сонымен кооперативіміз де ашылды! — деді Ілияс жымындап.

— Ау, приказшігіміз кім болды?

— Ілияс болды, Ілияс!

— Қайным-ау, мені ескерерсің, тәуір мата келсе, өзіме сыбырлап қоярсың, я ма?..— деп Дәметкен қалжындап жатыр.

— Ілияс сыбырды біліп бағар ғой.

— Ау, Дәмеш есітіп қалмасын...

— Осының өзін ұнатпаймын.

— Кімді айтасың, келін-ау?

— Мынауынды... Әйел көрсе өңкілдеп...

— Басқанды білмеймін, тап осы жолғы еңбек Ағыбайдікі болды, осы кооперативті ашқанша тіпті ұйқы көрмеді ғой,— деп біреулері Ағыбайды да ауызға алып жатыр.

— Әкесіне тартпаған бала болды ғой.

— Ау, айтпақшы осының әкесі Сағындық не болыпты?

— Сағындық не болсын, Ағыбайдың өзі ізденіп, түрмеге жапқызып келген жоқ па?!

— Апырмай, сол иттің ұрлағаны шын болғаны-ау!..

Кейінгі сөзді айтушылар — өзара күңкілдесіп қана айтады. Ағыбай естіп қалса, көңіліне ауыр алар деп қаймығысады. Бірақ, есітсе де, оны кек көріп жатқан Ағыбай жоқ, жалпы жнылыста қасқып тұрып, ашып берген өзі ғой...

Сары алаптың шалғыны тай жасырғандай. Жаяу жүрген адамның емшегінен соғады. Аспан қызған шілдеде саясына жатып дамылдасаң, терің құрғап, денен жайылып сала береді. Сырылдаған машина шалғынды баулап түсіргендей теңкітіп тастап кетіп жатыр. Асығып, арпалысып, бұрқыратып жатқан еңбек. Бірсыпыра әйелдер, оның ішінде Әмине, Мариялар бар шөпті айырлап лақтырып жатыр. Айырды құшырланып ұстағанда,

жұмыр білектің еті түйіліп, күш кернеп кеткен сияктанады. Осындай қайратқа ие болған әйелдерді от басына арқандап қойған ескі әдетке кім кейімес!..

— Болыстан өкіл келіпті,— дегенде жұрттың құлағы елең етті.

— Уа, жай ма екен?

— Ермақты «кәмпестей» келіпті!

Жұмыстағы жұрт ауылға қарай ағылып жатыр.

— Бұл қалай болғаны? — деп біреулер таңданысады.

— Бұл заңға келер ме екен? — деп біреулер басын шайқап, нанғысы келмеген тәрізденеді.

— Сенің заңың не? Заңды өзіміз шығармаймыз ба? Заң өзіміз емес пе? — деп Сәтпек өршеленді.

Артельдің жалпы жиылысына болыстық өкіл түсінік беріп өткенде, қатпарланған беттер күлім қағып, күстенген алақандар ағаштай боп сартылдап ұрылды.

— Тыңдаңыздар! Қазақстан үкіметінің байларды кәмпескелеу туралы шығарған декреті оқылады!..

— Е, бәсе Сәтпектікі бел күш. Мынау үкіметтің декреті ғой. Заң деп міне осыны айтады,— деді біреулер күлімсіреп.

— Үкімет кім! Үкімет өзіміз емес пе? Өзіміздің үкімет емес пе? — деп Сәтпек те жеңілмеудің қамын қарастырып жатыр.

Ермақты кәмпескелейтін комиссияға Жамал мен Сәтпек мүше болып белгіленіпті.

— Шешей-ау, соған шынымен барасың ба? — деп бір әйелдер ғажаптанса;

— Бармай несі бар? Барғанда мен барайын! Қара бәйбішеден кек алатын кез енді келген шығар,— деп Жамал жүлқына түседі.

— Кедей, батырақ! Танып қой: Ермақты жүндейтін комиссияң мына көкең! — деп Сәтпек төсін қағады.

Бұдан екі-үш жыл бұрын Сәтпек осы сөзді айтса, жынды деп біреулер күлер еді-ау...

— Ау, жігіттер, комиссияға айтып қойындар. Ермақтың ағаш үйі бізге тиетін болсын. Біз оны мектеп қылып саламыз. Баяғыда өзімнің бірге салысқан үйім еді, енді артельдің ортасына әкеп орнатып берейін! — деп Пүркепи безектеп жүр.

Қолға іліккен нәрсені Пүркепи артельдің ортасына тартқысы келеді де тұрады...

...Октябрьдің 11 жылдық тойы күні «Сары алап» ауылын қып-қызыл ту қаптап кеткен сияқтанды: үй ба-сы бір-бір жалау желбіреп, күнмен шағылысып тұр.

— Міне көрдің бе, бұл менің арқам. Қызыл сәтенді жанға бермей сақтап келіп едім,— деп Ілияс, мұрны қокпып, иығын көтере түседі.

Кеше артель мүшесінің жалпы жиылысы болып, табыс бөлу мәселесі қаралды. Астық ересен бітік шығыпты. Оның үстіне трактормен жыртқан соң түсімі де артық болыпты. Бірсыпыра берешекті шығарып тастағанда да, келер жылдың тұқымын бөліп қарағанда да, астық сыймай жатыр.

— Ал, мұны қайтеміз?

— Бөліп аламыз!..

— Жолдастар, бұларын қате! — деп Әпен ортаға келді.

Өте оғаш кеткен жұмыс болмаса, Әпен сөйлей де қоймайды. Әпен сөйлесе, тым теріс те кетпейді, Әпеннің сөзін артель мүшелерінің көбі-ақ қолдайды. Сондықтан Әпен кіріссе, қыңыр тартқандар амалсыз бас иеді. Бас имегенмен жеңілетіндіктеріне көздері жетеді.

— Жолдастар! Ішерлікті, тұқымдықты алып қалып, сосынғы астықты түгелімен кооперативке береміз,— деп биыл сөз байлаған жоқ па едіңдер? Кооператив орталарында. Астық жетеді. Ендігі қыңырлық не? Сөзді қой. Ішерлерінді ал да, артығын тұтасымен кооперативке бер!

— Осы мақұл!

— Е, бәсе, өз кооперативіміз ғой, сол көркейсін!

— Ау, Ілияс, сен қикайып, бәсін түсіріп жіберме.

— Мейлі, пайдасы болса ортамызға түседі ғой.

— Товарды көбірек берсе болғаны!..— деп жұрт дабырласып, бірен-саран қыңыр тартқандардың аузын ашырмады.

Жүсіп, Дұтбай, тағы бірсыпыралар ауыр күрсінді.

Әпен бүгін ерекше көтеріңкі, көңілді еді. Бұл мұның өмірінде сирек болатын күй. Әсіресе соңғы әзірде трактордың қызығына түсті. Егінді орғаннан, жинап алғанға шейін дұрыстап бір ұйықтаған емес. Кішкене мызғып алса болғаны — тұра жұмысқа жабысады. Басқаларға да ұйқы бермейді.

— Ұйқы деген не? Баяғыдан бері ұйқы қанғандай болған жоқ па? Жұмыстың қызу кезінде адам ұйықтай ма екен?— деп жолдастарын жұлқылап оятып, тұра

коймағандарын аяғынан сүйреп әлек-шәлегін шығарады. Онысы теріс болмады. Ұшы-қиыры жоқ егінді күзгі жауынға ұрындырмай жинады да алды. Артель болмаған, кәсіпке шұғылданбаған елдерді қарашы, не болып отыр. Ішерліктерін зорға жиып алып, қалғаны жауынмен шіріп, мал жеп, шашылып жатыр!..

— Осы Әпен бүгін не ғып көңілденіп жүр? — дескенде, біреулер:

— Партияға мүше қылып өткізіпті ғой, бүгін билетін алған білем, — деп жауап береді.

Рас, Әпен бүгін көңілді. Әпен партия мүшесі болғанға бір қуанса, көптен күткен тілек, екі жылдық еңбектің жемісін көргенге екі есе қуанады.

Оның үстіне, кешегі жиналысқа Әйтен ұсыныс жасап, басқарма атынан бірсыпыра адамды «Еңбек батыры» деп жариялады. Оның ішінде, ішінде болғанда — ең біріншісі Әпен! Әйелдерден: Жамал, Әмине, Мария бар!.. Әйелдердің еркектермен тең түскені-ау! Әйелдердің де шынымен бәйге алғаны-ау!..

— Әпен жолдас, мойныңызды бұрасыз ба? — деді Мария күлімсіреп.

— Әбден бұрайын, — деп Әпен арсалаңдап, есік алдында тұрған Марияның жанына келді.

Күзгі тымырсық ептеп денені қытықтайды. Самсаған жұлдыз қараңғы түнді аздап болса да сәулелеген тәрізденеді. Ауыл жатқан жоқ. Терезе біткенде самсаған жарық. Көшеде ерсілі-қарсылы жүріп жатқан адам. Ауылдың ортасындағы алаңда бала-шағаның дауысы, біреулердің салған әні естіледі.

Мария мен Әпен сөйлесіп тұр. Сөздері қызық. Жазғы еңбекті, кімнің қалай еңбек сіңіргенін, жұмыстың қалай істелгенін айтады. Жұмысқа кедергі келтірген іріткі салмақшы болған адамдарды сөз қылады.

— Осы сен неге үйленбейсің? — деді Мария бір сөздің ретінде.

— Кімге үйленем?

— О да сөз боп па... толып жатқан қыз бар...

— Солай екен-ау, — деп Әпен ойланып тұрды.

— Көңілге алған адамың бар ма? Сөйлестірейін.

— Жеңге болайын десейші.

— Болса ше?.. — деп Мария күрсінді.

Әпеннің «көңілге алған» адамының өзі де жоқ секілді. Соны ойлауға уақыт та болды ма... әйткенмен тап осы жерде бір нәрсе көңілінде елес берген сияқты болды. Оны Әпен елемеген екен-ау... Машинамен егін ба-

сып жатқан кез ғой. Машинаның қайысы шығып кетіп, соған асығып жүгіре берем дегенде, Әпен біреуді нығымен қағып келіп кетті.

«Туу... сенің жүрісің-ай...» дегенге қараса, қапшық арқалап келе жатқан Марияны қағып кетіп, қапшығын түсіріп тастаған екен. Мария күлімсіреген күйі:

— Қапшығымды түсіріп тастадың, енді арқалатып жібер! — дейді.

Сөзге ашық, жұмысқа қайратты, ажарға көркем... Марияны көргенде Әпеннің ойына бірдеме елестеп, өңі қызыл тартқан сықылданады...

Тағы бір жолы... Әпен трактордың қалың винтінің арасына кіріп, шаң-тозаңын аршып, майға белшесінен батып жатқан. Жұмысқа беріліп кеткенде, кейде ыңылдап өлең айтатыны бар.

«Қолында Марияның асыл қайшы,
Қағазға Мария аты жазылсайшы!...»

Мұны біреуге арнап айтпайды, аузына келіп түскендіктен, әшейін, айта салады.

— «Дұрыс, осынына қосылам!» — деп біреу күледі, Әпен басын көтеріп қараса, күліп тұрған Мария екен...

— Рас, көңілге алған адамым бар еді. Сен сөйлес, Көндіріп шығатын бол.

— Көндіріп шығайын! — деді Мария күлімсіреп.

— Қайтсе де көндіресің бе?

— Қайтсе де көндірем!

— Қолыңды әкел!..— Екеуі қол ұстасқан күйі бірсыпыра тұрып қалды...

...Тап осы мезгілде Елеместің үйінде Үмітай мен Зидаш сөйлесіп отыр еді. Бұлардың да кеңесі — осы жаңа құрылыс, құлпырып бара жатқан өмір, өзгеріп бара жатқан тұрмыс. Сөйлесіп келеді де, кейде екеуі де күрсінеді:

— Қайдан білейік, тек тірі болсын қарақтарым! — деседі.

Үмітай бүгінгі қозғап отырған әңгімесінің бірі — «Құдалық» туралы. Үмітайдың ойынша уақыты енді жеткен тәрізді. Бүгін Әпеннің көңілденіп жүрген қалпымен пайдаланып:

— «Қалқам-ау, осы бізді де бір қуантсайшы. Бір шүйке басты оң жағымызға кіргізіп беретін кезің болды ғой,— десе Әпен күліп:

— Кемпір, шал да мазамды алып болды; енді үйленбесем болмайтын шығар,— деген.

Үмітай осыны есіткен соң әңгімені біттіге санап, Зидашты икемдеп, үйірілтіп барады:

— Бұрынғыдай құда түсу, той істеу деген болмайтын шығар, жастардың өзі өзгеріп бара жатыр ғой... қайтейік, бізге ұрыспас, өзімізше ырымын істей берерміз,— деді Үмітай күрсініп.

Қара құман бұркылдап қайнап, екі кемпір, маңдайлары жіпсіп, қою шайды ұрттай түсіп, бастарын шұлығып, «кұдалық» әңгімесін созумен отыр.

Ертеңіне Зидаш кемпір осы әңгімені қызының құлағына салып еді, Әминне езу тартып күлді:

— Мұның әже, ескілік. Мұның болмайды,— деді.

— Енді не болады? — деп Зидаш кемпір шақырайды.

— Әркім өз еркімен қосылатын болады.

— Зорлап отырған кім бар, еркінмен қосыл.

— Ендеше, айтпа! — деп, Әминне ұнатпай теріс қарап кетті.

Зидаш кемпір түсіне алмай, аузын ашып отырып қалды.

Ауылдың ортасында клуб. Клубтың залында ауыл әйелдері жиналып, күн сайын сабақ оқиды. Сабақ басталғанша, бастары қосылған соң бірсыпыра өсек те айтылып үлгіреді:

— Бетім-ай, сөйтіпті!

— Не ғыпты, келін-ау?

— Әпен Марияны алатын бопты!

— Маскара-ай.. Енді қайтер екен келін, Әпен кіріс тағар ма екен?

— Сөйтпей қайтер дейсің..

Мұны айтатын, әрине, Мәкенге ерген топ қой. Былтырдан бері Мәкеннің артельге жаппаған жаласы жоқ, бірақ бірде-бірі расқа шықпай жүйкесін құртып-ақ келеді.

Бірсыпыра әйелдер өздерінше талқылап отыр.

— Алатын болып па?

— Алатын болыпты.

— Алсын. Қайта соның өзі жарастықты.

— Діні басқа-ау, оны қайтер екен?

— Тәйірі, дін деген не? Дін ұстап отырған кім бар?..

Үмітай, Зидаш, тағы бір-екі кемпір бас қосып, бұлар өздерінше талқылады. Үмітай көзінің жасын сығып, жылаумен болды. Басқа кемпірлер оны мүсіркеп, оған көңіл айтқан тәріздесті.

— Заман осы, қайтесің! — десті.

Пүркепи келіп Елеместі сөзге айналдырса, Елемес қыңырайып, жөнді жауап бергісі келмейді.

— Уай тәйір алсын, тәйір алғыр! Қазақшылықты әл қоймайсың. Біле білсең: менде орыстық, сенде қазақтық бар ма?.. Есінде ме: баяғыда осы «Сары алапта» Ермақтың бәйегін шауып жатқанымызда құдайдың жағасынан екеуміз де алмайтын ба едік? Байды, құдайды боқтаумен қысқа таңды атырмаушы ма едік?.. Тәйір алғыр, енді, қартайғанда алжып... мен сияктанып, балтаңды қолыңа алып, артельдің үйінің бір кірпішін болса да қаласып бермессің бе?!.

Пүркепи Елемесе еркін, баяғы малайлық кезді қозғаса, Елеместі еріксіз ерітеді. Елемес әңгімеге қалай кіріп кеткенін сезбей қалады.

— Жүр, біздің үйге барайық. Жастардың өмірлі, тәтті болуына бір тілек тілеп жіберейік... Қуаныш үсті ғой, бізге ешкім ұрса қоймас, бір тентектік істеп жіберсек қайтеді ә... өй тәйір алғыр?..— деп Пүркепи қарқылдап күледі.

Елеместі құр қыңырайып жүр демесек, мұнда өзгеріс күшті еді. Соқа кезіндегі көлік жоғалу оқиғасы, содан туған шатақ; артель көлігінің ұрысы Сағындық болып шығып, оны өз баласының ұстап беруі — осының бәрі Елеместе зор өзгеріс туғызуға себеп болған жұмыстар еді... Елемес сөз айтпастан Пүркепиге ерді...

— Мен ұрысқан... Пүркепи болмады. Артель білсе, жаман болады. Елеместі шақырам,— деді, сосын мен көнді...— деп, қазақша сөздің басы-көзін шығарып, Анна бәйбіше тамағын әзірлеп жүр.

Осы соңғы екі-үш жылдың іші болмаса, одан арғы кезде өткен-кеткенде Елемес Пүркепидің үйіне ылғи соғатын ғой. Шынында бұл бір кезде өз үйіндей боп кеткен үй-ау...

Иба қылып сызылған тәрізденіп, кісіге туралап қарамай, Мария шай әзірлеп жүр. «Оп-оңды. Қазақ қызының бұдан несі артық? Шынында осыған жететін қызың бар ма әлі?..» — деп Елемес Марияға қарай түсіп, өзіне-өзі жүгінген сияқты болады.

Елемес үйіне келгенде, Үмітай бүктүсіп жатыр еді. Бұған бататыны бір жағынан жұрттың өсегі болса, екінші жағынан шалынан қаймығады. Соңғы әзірде Елеместің қыңырлығы адам айтарлық болмады ғой. «Апырмау, мынаны есітсе, тіпті елден безіп кетер!» — деп қорқады. Өзінше Елеместі сезбей жүр деп ойлайды.

— Ау, кемпір-ау, тұрсайшы, келінді болдың ғой! — деді Елемес арсаландап.

Өзі көтеріліп, жайрандап қалыпты. Үмітай басын көтеріп түсіне алмай аң-таң қалып отырды.

— Неге таңырқадың? Таңырқама, кемпір. Жаттығы жоқ. Пүркепидің баласы — өз балам. Несі бар?.. Бірінбірі сүйген екен, қосылсын!.. Өзім бүгін көтеріліп қалдым. Бір талай сөйлестім... Менікі — жазылмайтын ауру емес, әшейін бір қыңырлық еді ғой. Ол қыңырлықты тудырған — Ермақ еді, соның шақпа тілі еді, соны күдай көріп, табынғандығымыз еді... Ермақтың шаңырағы ортасына түскен соң-ақ менің қыңырлығым кеми бастаған. Соның қалғанын бүгін жойдым. Мен, енді, жанарам, кемпір!.. Ана таспықты апарып отқа тық. Намаз дегенінді енді маған айтпа. Мен, енді, өмірімнің қалғанын артельдің жұмысымен өткізем!..

Үмітай не айтарын білмей, сасып:

— Сөйт, сөйт! — деп басын шұлғи берді...

* * *

Арада жыл жарым өтті. «Сары алап» артелі ұлғайып, топтана келе жүз елу үйге жетті. «Сары алап» ауылы көшесін бұрынғыдан түзете түсіп, толып жатқан кәсіп орындарын ашып, құлпырып, түлеп кеткен. Аудан күшті төгіп жіберіпті. Сап-сары қарағайдан жалтыратып больница орнатыпты; кооператив алаңында қызыл туы желбіреген бір үй тұр. Маңдайындағы жазуға үңіле қарасан: «Ауылдық кеңес» деген ірі жазуды көресің.

Бұл — ауыл емес, қала ғой. Жаңа қала. Мәдениет ордасы. Топ-топ адам, лек-лек бригад.

— Ау, қайдан келесіндер?

— Ауылға бригад боп шығып ек, содан келеміз.

— Ал, не бітіріп қайттыңдар?

— Колхоз ұйыстырдық. Бай-құлақты кәмпескеледік. Колхоздың тұқымын тазартысып, дәрілесіп бердік...

Бір жерде сырылдаған триер дауысы. Бірсыпыра адамдар, еркек-әйелі аралас қып-қызыл бидайды ұшырып, тазалап, дәрімен жуып жатыр.

Апрель ішінің шуақ күні денені жіпсітіп, маңайдан бүртік-бүртік тер шығарған сияқтанады, күн ұясына қарап көлбең барады. Бірсыпыра бригад жұмысын тоқтатып, үйлеріне тарап барады. Былғары белдемшесі байлаулы, балғасы қолында, самайындағы айғызданған кірді белдемшемен сүртті.

— Ау, жолдас-ау, баланы қайсымыз алып қайтамыз?— дейді Мария Әпенге қарап күлімсіреп.

— Сен алып қайтсайшы.

— Ендеше, сен тұра тұр, бірге қайтайық...

Мария яслиға кіріп, шекесі торсықтай қара баланы орап алып шықты.

— Кімге тартқан, білесің бе?— деді Мария Әпенге қарап күліп.

Пүркепи сырттан қарап мәз болып күледі:

— Елемес, а Елемес!

— Әу...

— Бері шық. Ана балаларды қара. Мен айтпайтын ба едім, осыдан артық жарастықты не бар?.. Шын өмір, міне, осы! Біз — бақытты! Біз бақыттың бір шетін көріп өлдік!..

Ауыл шетіндегі парабай діірмен аңырап, ауылды басына көтерді...

ЖАҢА ЖҰРТШЫЛЫҚ ДӘУІРІНДЕ

Азаматтың тарихы біріне-бірі тіркес шынжырдың шығыры сияқты. Қазақтың да басынан кешкен күндерінің жолы бар, біріне-бірі байланысқан дәуірлері бар. Қазақтың ескі жұртшылығы — қазақ жұртының ел болуына кеселі тиетін талай қылықтарды жұрттың сүйегіне сіңдіріп кетті. Керексіз әдеттер, орынсыз ғұрыптар, жұртшылыққа залалы болмаса пайдасы тимейтін салттар қазақта көп. «Не шашсаң, соны орасың» дегендей — әрине, сол дәуірдің шаруасының ыңғайына, тұрмысының бағытына қарай жүргізілетін жұмыстар көп. Заман күн санап ілгері кетіп барады. Кешегінің бүгінгіге, бүгінгінің ертеңгіге керексіз болып отыратындары болады. Алдағы жұмысты болжай отырмай, өткендегіні жаңартып өзгерте отырмай, адамзаттың ісі өнбейді. Заманмен бірге өзгере білген ел ғана болып, жұртшылығын жоғалтпайды. Әрине, бетімен көше беруге де жол жоқ. Оны тұрмыстың, жұртшылықтың жағдайы, шаруасының тиянағы біледі.

Қазақ кеше «алашорда» дәуірін де көрді. Патша тепкісін көрген елдің көкейіне ұлтшылдық сезімі түсті. Бұл қозғалыстың көсемдері де ұлт теңдігін — ұлт өзгерісін кімнің көмегімен жасауды білмеді. Бетімен адасты. Әркімнің құйрығынан бір ұстады. Ресейде көтеріліп келе жатқан жаңа бетті ұға алмады, саяси су қараңғылық қылды. Бұлар да: «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілді». Өзінің жолына, пікіріне қарай көмекті байдан күтті. Ресейдің жұмысшы табы бұлардың шел қаптаған көзіне слестемеді. Бұл бұлардың күш-көмек іздеген жолындағы саяси беті еді. Сенген күштен не күштілер шықты. Жолдың берік болмағанын тәжірибе көрсетті.

Қазақтың ішіне келгенде бетті ұлтқа аударды. Бірақ, сол ұлттың көп жағын ұмытты. «Алашорда» үкіметі қазақтың жуанымен бірлеген, екілеген байға арқасын сүйеді.

Солардың сойылын соғып, жырын жырлады. «Алаштын» қара бұқарасы, кедей-кепшігі сыртта қалды, мұны кім білмейді, кім көрмеді. Жиылыстар, съездер,

басқару орындардағы мекемелер кімнің қолында болды? Әрине байдың қолында болды. Бұ да «алаштың» саяси жолы.

Аз ғана күн сүрген «алашорданың» өміріне көз салғанда не көрдік. Жұртшылықтың бетін қалай аударды. Бұл жағынан да «алашорда» зиялылары елді жаңалыққа бастай алмады. Елді орыстың төресімен бірдей қанаған елдің ақсақалдары мен жуандарына ерді. Қазақтың қара партиясына да шылбыр берді. Ретсіз әдет пен ғұрыптар да бетімен жүрді. Бұлар дінді де пайдаланды. Қазақтың мыңдаған жұмысшылары ауызға алынбаған күндерде, ишан мен молдалар сәлде-сің салып топтардың басында отыратын болды. Ескіліктің жаман әдеттеріне қарсы тұра алмады. Қазақтың ескі тұрмысының құлы болды.

Бұлардың осы жұмыстары елге жақсы өнеге, дұрыс бақыт бергізбеді. Әсіресе жаңа жұртшылыққа жаңа нысана болып келе жатқан қазақтың жастары мен жаңа пікірлі мұғалімдеріне теріс тәрбие беріп, бұрыс жол үйретуге себеп болды. Жаңа заманға қарай елдің бейімделуіне, тұрмысқа қарай жанасуына көп топастық көрсетті.

Міне бұл, қысқаша айтқанда, қазақтың басынан асырған «алаш» дәуірінің берген табыстары. Бұлар туралы тарих та тиісті бағасын берген болатын. Енді жаңа дәуірге қарай көшейік.

* * *

Қазақ жұртының жаңа дәуірі деп Октябрь өзгерісінен бергі заманды, үстіміздегі дәуірді айтамыз. 1917-жылы Ресейде, Ұлы Октябрь төңкерісі болды. Өзгеріс Ресей жұмысшыларының жігері мен большевик партиясының бастауымен, қалың қара бұқара шаруа халықтың қостауымен ғана іске асты. Ресей мемлекеті астын-үстің болып өзгерді. Жаңа дәуір туды, еңбекшілер үкіметі құрылды. Теңдік іздеген ұсақ ұлттар да бастарын көтерді. Бұған қазақ та қосылды. Октябрь төңкерісі әр жердің ыңғайына қарай бір жерге ерте, бір жерге кеш орнықты. Қазақ даласы 1920-жылға дейін түгел өзгерісті көре алған жоқ. Сол замандар әлі есімізде. Біз ол күнде жаспыз. Саяси жолды да аз білеміз, істеп те көргеніміз жоқ. Бірақ Октябрь төңкерісі, әсіресе еңбекші жасқа толқын берді. Жастарға төңкерісшілдік жігер берді. Жастар жұмыла Октябрь төңкерісінің жү-

мысына кірісті. Төңкеріс негізін орнату жолына, ел мен өзгеріс арасына қазақтың еңбекші жастарының көп еңбегі сінді. Қазақ республикасы құрылмас бұрын мекеме-орындарда, партия ұйымдарының қасында, төңкеріс комитеттерінің жанында айрықша қазақ секциялары жасалды. Бұратана халықтардың бөлімшелері ашылды. Осы күнгі қазақ коммунистері сол дәуірдің жемісі, ол күнде партия ұйымдарының қасында айрықша қазақ коммунистерінің секциясы болушы еді. Қандай жұмыстар болса да сол арқылы шешіліп, сол арқылы іске асатын.

Қысқасы, қазақ секциясы арқылы, басқаша айтқанда сол күндегі қазақтың жас коммунистері арқылы ел ішіндегі қандай жұмыс болса да жүзеге асып орындалып отырды. Бұл төңкерістің алғашқы дәуірінде, төңкеріс негіздерін орнату жолына істелген істердің табалдырығы болатын бір дәуір еді.

Төңкеріс жұмысы орныға бастаған соң сол жұмысты мықтап бекіту дәуірі кездесті. Төңкерістің тап жолын егжей-тегжейімен іске асыру, бұларға бөгет болатындармен алысу жұмысы тағы да қазақ коммунистерінің алдына түсті. Елден алынатын салық жұмысында, сайлау жөнінде тап жолы іске асырылуы керек болды. Бұл жағынан да коммунистер қарап қалған жоқ. Ретті шарасын істей берді. Қазақ әлі мемлекет болмаған күнінде, әсіресе шет жатқан елдерде «рушылдық» дәуірі күшті еді. Қазақты «баяғы қазақ» деп жүрушілер де жоқ емес еді. Бұл кезде ұлтшылдардың да үдейтіні бар еді. Бұларға қарсы тұрып, партия жолын, тап негізін іске асыру ретінде де, коммунистер көп еңбек қылды.

Әрине ол күнде қазақ коммунистері жас еді. Тәжірибесі аз, партия жолына ысылмаған «бала» еді. Ол күнде ұлтшылдық «дәуірі» де күшті еді. Бұлардың да әсері болмай қойған жоқ. Қазақ коммунистерінің кемшіліктері де болды. Өйткенімен, «жүре-жүре көсем, сөйлей-сөйлей шешен» болады дегендей заман ілгерілеумен қазақ коммунистері де төселіп еді. Қала басы сайын коммунистер саны бірлеп, екілеп өсуге бет алды. Әрине қанша көп дегенмен қала басы 10—15—20 дан артық болмайтын. Бұл біздің екінші дәуіріміз еді.

Қазақ коммунистерінің үшінші дәуірі қазақ республикасы жарияланып, қазақ облыстары өз аймағына қараған мезгілінен басталып, үстіміздегі дәуірге қосылады. Бұл партияның 10-съезінің тұсы болатын. Қазақ секциялары, қазақ бөлімдері жоғалып, қазақ

коммунистері үкімет пен партияның жалпы жұмысына басқамен бірдей кірісе бастады. Бұл жолда нелер қиын жұмыс кеткенді әңгіме қылады. Бұрынғы тыныштық күндерін сағынады.

— «Алашорда» болса, көзімізді ашамыз ба деп едік. Осының өзі басқалардан асырып жіберді ғой,— деді біреу.

— Қайсысы оңдырар дейсің, бәрінікі де алу ғой, қуратпай қояр дейсің бе?— деп ежірейген сары шал алдыңғыны болжап айтқан болды.

Кеспелтек қара кісі, насыбайын шырт түкіріп алып:

— Мұның қызығын әлі «болшайбек» келгенде көрерміз,— деді.

«Білсең айтшы, ол қайтеді екен» дегендей жұрт соның бетіне қарай қойды:

— Рақметтің учитель баласын көріп едім. Сол газет алып тұрады екен. Петрбор, Москва жағы кілең талау дейді, большевик «менікі, сенікі болмасын» дейді білем...

— Твоя моя, моя твоя дейді екен ғой.

— Ол келсе, қазақты бітті дейді ғой.

Манадан бері үндемей отырған ұзын бойлы икек қара кісі де сөзге қатысты, көрген білгенін айта бастады:

— Кеше Кауриланьң үйіне барып едім, шай ішіп отырғанымызда Епем келіп, Каурила екеуі ілінісе кетті: Епем болшайбекті мақтайды, Каурила жамандайды...

— Осы қалада Епемнен осалы жоқ,— деп біреуі іліп ала жөнелді.

Екінші біреуі қарсы болды:

— Қате айтасың. Епемнен онды орыс жоқ: бірдемеге ділгер болып сұрасаң, тоқтаусыз береді. Ең арғысы, биыл ауылдың снырын қала ұстағанда, сол араға түсіп босаттырып жіберді ғой.

— Қой, Епем онды болса, болшайбекті қолдамас еді ғой.

— Енді кімді қолдасын? Қазашилардың соққан 25 қамшының таңбасы арқасынан әлі кете қойған жоқ шығар.

— Апырмай, казашилардың осы қалаға сондағы ісі мықты жәбір болды ғой. Правленияның алдына жатқызып қойып 80 адамын ұрған ғой. Орыс болса да адам аяйды екен. Мен сонда жаман аядым...

Төмен қарап отырған Жамантік басын көтерді. Манадан бергі айтылған әңгімеге өзінше қортынды істеді.

— Пәлен-түлен дегенмен де сол большевиғің теріс болмас деймін. Патшалық болған соң бірінен бірінің

өзгешелігі болу керек ғой. Осы күндегілердің бар ісі талау, тарту. Большевиктер де талауға үйір болса бұлармен бірігер еді ғой. Тегінде солар осы күнгі жүргендерге қарсы болғанда, осы талап алуына қарсы шығар...

— Ылайым солай болғай да!— деп отырғандар күлісті.

Ауылдың жел жағындағы көлдің белесінен бір арбалы асып түсіп, шаңдатып келеді. Жұрт көзді қадады, сөйткенше болмай арбалы қара жолдан бұрылып, ауылға қарай салды, бұл Ерғалидің үйінен шыққан жігіттер еді.

— Жай кісі емес шығар, жүрісі қатты-қатты екен. «Солдат-малдат бола ма» ыдыраңдар,— деді Жамантік.

Ұйлығып отырған жұрт үйді-үйіне жөнелді. Кейбіреулері қораға кіріп кетті.

Қорабай деген кедей шалдың үйі — ауылға келетін жінішке жолдың үстінде еді. Үйіне тіке жүрсе, кездесіп қалатындай көріп, боқтықтың арасымен бір бүйірден кадамдай басып келе жатыр еді, қара сұр жігіт көріп қалып, айқайды салды:

— Әй, жамантымақ, қайда қашып барасың? Бері кел!

«Әй» дегенде Қорабай селк ете түсті. Баруға қорықса да, қазақ екенін білген соң тие қоймас деп арбаға қарай жүрді.

— Бассайшы аяғыңды! Өзің не қылған немесің?!

Қорабай емпеңдеп келіп жетті.

— Неге қашып барасың?

— Қашып бара жатқаным жоқ, бесін оқуға асығып бара жатыр едім.

— Өлейін деп жүріп сопысын қара.

— Жамантік үйінде ме?

— Үйінде, тақсыр!

— Жорғасы қайда?

— Албарында, тақсыр!

— Әйде, бастап жүр.

Қорабай бүкшендеп пар аттың алдына түсіп Жамантіктің үйіне алып келді.

— Бар, Жамантікті шақыр!

Жамантік шықты. Қолында таяғы. Маң-маң басып арбаның қасына келді.

— Амансыңдар ма, балалар!

Бұлар амандаспады.

— Құла жорға қайда?

— Қайдағы жорға?

— Жамантіктің жорғасын айтам. Сен Жамантікпісің, жорғанды әкел!

— Себебі не, тақсыр?!

— Сен әлі себебін сұрағың келген екен. Әкел дегенді құлағың есіте ме?! Әкел, жорғаны жетегіме байла! Әйтпесе, қан қылып кетермін!...

Жамантік сұрланып кетті. Тұлабойы қалтырайын деді. Қайырып сөз айтуға шамасы келмей албарына қарай жүрді. Боқ күреп жүрген баласына қорадағы құла жорғаны алдырып шығарып, былғаңдатып әкеліп өз қолымен жетегіне байлады.

— Тақсыр! Қарсылығымыз жоқ, байла дедің, жетегіңе байлап жатырмыз. Бұл атты өзіңіз алып жатырсыз ба, әлде, басқа кісі алдыра ма?— деді.

— «Алашордаға» алдырады.

— «Алашордаға» не жазығым бар екен?

— Қарсылық қылыпсың. Әлиқандарды боқтапсың.

— Астапыралда, шырағым, жорғам одан әрман кетсе де, ол сөзді айта көрме...

— Енді сөзінді қысқарт, жорға берілмейді.

— Жоқ, ала бер, жорғаның құлағын ұрайын. Екі-үш бием сау болса, тағы біреуі құлындар. Бірақ, жолсыз алғаныңызға ренжимін...

Қара сұр жігіт ажырайып қарады. Көзі Жамантіктің ту сыртынан өтіп кеткендей болды. «Айда қатты» деп көшірді түртіп қалды. Бұрылып албардан шығып қара жолға бет алғанда, қосарға байлаған құла жорға теңселіп ала жөнелді.

Жамантіктің баласы кішкене қарап тұрды да, көзінен жасы моншақтап үйіне кіріп кетті.

Жамантік шомның үстіне шығып, көз жанарына жас толып, қарасы үзілгенше қараумен болды. Ашулы ыза бойды кернеп, булықты.

— Осы ызаларыңа қарағанда, большевик келетін күн болса, алдымен өзім жазылармын ғой. Сендердің іздеріңе түсетін күн болар!— деді.

БҮЛ — СОЛ ЕДІ...

Декабрьдің ызғырық бораны жетіге ұласып, мал мен жанды мықты әбігерлікке салған. Терезені қар басып, үй іші күнгірттікке айналған. Есік алды күрткі қар, мал жайлауға шыққанда тышқан ізіндей жырып жол салуға тура келеді.

Қарсақбайдың үйі жым-жырт. Төр алдында Қарқымбай шидем күпісіне оранып, Мәукілжанын бауырына басып бұйығып жатыр. Қатыны Қалима қырық құрау шоқпыт күпіні шуда жіппен күрмеп отыр... Есіктен енген ызғырық әсіресе қатқан мұз азнап үйдің пінін алып тұр...

Ала шолақ шәулігін үрді. Шұлан іші шақыр-шұқыр келіп, сықырлатып есікті ашып, сүріне-қабына біреу кірді.

Рақымжанның малайы Құлғара еді.

— Сүйретіліп жүрген кім десем, қағынғыр, сен екенсің ғой,— деп Қалима әзілдеді.

— Әй, Қарқымбай, тұр.

— Немене?

— Бай сенің атына жіберді. Үйдегі «төрөні» 4-ауылға апарып салсын деді.

Қарқымбай басын көтеріп алды.

— Бір емес, екі емес, не қылған ылау. Мың жылқысы отырып, біздің жалғыз көк шолақты көреді-ау,— деп Қалима шаптықты.

— Сен түсіндіріп айтшы, төрең кім? Мен неге таснымын?

— Төре — Ыбырайдың Жармұқаны, асығыс жұмыспен қаладан шықтым дейді...

— Әкесі Ыбырай көрден тіріліп келсе де, мына боранда апара алмаймын, бар айта бар...— деді.

* * *

Түлкі ішіктің өңірі жерді сүйретіп, қолында сүмкесі, біреу кіріп келді. Бұл Жармұқан еді.

— Қане, жектің бе атыңды? — деді. Бетіндегі ызғар сұс, жанды қарсы келтірместік еді.

Қарқымбай жалбақтады. Жарлылығын, атының жалғыздығын, үйінің іші аш, тамақ іздеуге де бара алмай отырғанын айтты.

— Жарапазан тыңдар жайым жоқ, жегесің бе, жоқ па? — деді.

Желкеге теуіп жіберді. Бұйығып жатқан Мәукіл шар етті.

— «Ойбай-ай, қазақ баласы емес пе едің, жаман ағаңның бір жолға айыбын кешсең нететін еді?!...» деп Қалима жылап Жармұқанға жабысты...

Бірақ, рақымсыз «төр» аяушылық қылған жоқ, желкелеумен үйден алып шығып та кетті.

Қалима, Мәукілжанын бауырына басып, үйде ұлып қала берді...

Қарқымбай сол сапарынан қол-аяғын үсітіп, жалғыз аттың өлімтігін далада қалдырып, ай жарым дегенде үй бетін көрді.

Бірақ, «жаман жігіт» деп наз айтатын Қалима, «әкежан» деп алдынан жүгіретін Мәукіл екеуі де үйде жоқ еді. Екеуі де аштықтың қанды тырнағына ілігіп, әлде қайда қаңғып кетіп еді...

Бұл 1921-жылдың қысы еді.

* * *

Болыстық аткомның кеңес үйінің маңайы толған халық. Биыл үш болыс бір болып қосылғандықтан келген уәкілдердің саны бұрынғыдан үш есе артық еді.

Уәкілдердің ішінде Қарқымбай да бар. Бұрын-сонды сайлаудың маңынан жүрген емес. Биылғы сайлауда ел еріксіз сайлаған соң келіп еді.

— Сайлау басталайын деп жатыр, үйге кірсін деп айтады,— деген хабар келді. Жұрт сығылыса кіріп жатыр.

Төр алдындағы үстелде сыпайы үш жігіт отыр. Ортадағы біреуі тұрып, мәжілісті ашты. Мәжіліске басқарушылар сайлауды сұрады...

Қарқымбай арт жақта бұрышта тұр еді. Әлде неге сұрланып, ентелей басып ілгері келді.

— Сіз неге ентеледіңіз, бірдеме айтпақ па едіңіз?— деді мәжілісті ашқан жігіт.

— Бір ауыз арызым бар.

— Айта қойыңыз.

— Мына жаныңыздағы жігіт кім?

— Бұл бұрынғы Шабар болысының төр ағасы.

— Осы мәжіліс кедейдікі ме, байдікі ме?

— Үкімет кедейдің үкіметі болған соң, әрине мәжіліс те кедейдікі болады ғой. Сондықтан сіз секілді кедейлерді ел сайлап жіберіп отыр.

— Ендеше, арызымды тында, — деді.

Жұрт тына қалды. Маңдайдан шұбырған терін жаман тымағымен бір сыпырып сүртіп қойып. Қарқымбай сөзге кірді:

— Бұл жігіт, ұмытпасам, Ыбырайдың Жармұқаны болса керек. Әкесі Ыбырай Шабар еліне 10 жыл болыс болып, жасында болғандықтан бала граф атанған адам еді...

Жармұқанның өткендегі ісін, мектеп қарайтын инструктор болып жүріп, елге қандай жәбір бергенін, өзінің көрген қорлығын қалдырмай айтты:

— ... Бұл сол жігіт еді. Енді келіп үстелдің басына отырғанына жүрек ренжиді. Таксыр, мүмкіндігі болса, осы жиылыстан оны қуып шығуға болмас па екен?!— деді.

Жұрт алақанды соғып жіберді. Үйдің іші жаң-жұң.

— Шықсын!

— Қарасы батсын!..

Дауысқа салғанда өкіл біткен «шықсын» деп қол көтерді.

Бұл — сол жігіт екен ғой — десті жұрт.

Бұл сол кісі екен ғой, — деп үйден шығып бара жатып Жармұқан ойлады...

«Еңбекші қазақ», 2-б. 8(44), 11/1—26 ж.

ЖЫРЫМ ЖЕГЕНДЕР

Жырым жеген деген жаман сөз. Мұны өте кейігенде, асқынғанда айту керек. Әйтпесе, жырым жеушілер өкпелеп те қалады.

Мен мақаламның басын «Жырым жегендер» деп қоюға келгенде көп ойландым. масқара қылып, жырым жеген ардақты жолдастарым ашу шығарып жүрер ме екен деп те ойладым. Бірақ, тілшінің хаты демеу болды, «осының атын жырым жегендер деп қоймасаң, өкпелеймін» дегендей болды да тұрды. Оның үстіне оқиғаның түрі — «Жырым жегендер» деген сөзді еріксіз айтқызарлық болды...

Сөз оқытушылар туралы. Оқытушылар елдегі мықты қазығымыз. Қазақ қараңғы дейміз. Бірақ қазақ өздігі-

нен оқымысты болмайды. Оны оқытатын, оған білім беретін — елдегі мұғалімдер, кеңес үкіметі, ел мұғалімдеріне орынды жоғарыдан беріп жүр.

«Оқытушылар күйі дұрысталсын!» — деген ұран салынғаны көп болды. Оқытушылар күйін дұрыстау туралы толып жатқан шаралар қолданылып жатыр, ісі жеміссіз емес, жемісін татқан оқытушылар екі жердің бірінен табылады.

Ал бізде ше?

Бұған жауапты болыстық аткомдерге бергізсек онды шығар еді. Өйткені олар оқытушылармен бірге отыр ғой. Күнбе-күн олардың жайын көзімен көріп отыр...

Болыстық аткомдер өз жауаптарын өздері бере жатар. Мен тілшінің қатына сүйеніп, Ереймен болысының «холданған шарасын» жазып өтейін.

Әрине, болыстық атком болған соң, оның бастығын кеңес төр ағасы дейміз. Ереймен болыстық кеңестің төр ағасы Қалабайұлы Ыбырай деген азамат, осы Ыбырайды жырым жеді деп тілшілер өсектеп отыр.

Әңгіме түрі былай:

Қызылағаш мектебінің мұғалімі Қасен Сейтұлы еңбек ақысын алуға болыстық кеңеске барады.

— Еңбек ақы керек пе?

— Керек!

— Ерігейін деген екенсіңдер. Еңбек ақы беретін қай бір жөндеп оқытып жатыр едіңдер... Құйрығымызды үстел тесіп, күн-түні жұмыс істеген біз алсақ жөні бар...

Мұғалімді бірсыпыра терлетіп алып:

— «Март айының еңбек ақысын алдым» деп расписка жаз! — дейді.

Жазылды...

— Мә, 15 сом.

— Батыр-ау, 32 сом емес пе еді?

— Жарайды... тағы да аларсың. Акмоладағы пайкеге ат апарғалы отырмын...

«Сол ақшамды осы күнге шейін бермей бара жатыр...» деп Қасен жылайды...

* * *

Болыстан соққы көрген мұғалімдер ептеп болыстық саяси ағарту жұмысының басқарушысын айналдыра бастайды:

— Сен ағарту қызметкерісің ғой... Кеңселерінде ақша болса, сөйлесіп біздің еңбек ақымызды бергізуге күш салсайшы...

Бұл Мұсаұлы Ермағамбет деген азамат. Қызметтес болған сол мұғалімдерді аяғаны ғой, болысқа есіттірмей ептеп қана сыбырлап:

— Касседе ақша бар. Еңбек ақы алғандар күр тастамайтын. Мұғалім басы бір-екі сомнан берсеңдер, тоқтатпас,— дейді.

Бұдан артық қандай көмек көрсетсін-ау! Мынау шын болса, болыстық атком қызметкерлеріне бұл мықты қара таңба, бүйтіп отырып елде кеңес беделін өсіруге болмайды. Ел еңбекшілерін кеңес маңына үйрілтуге болмайды. Ел мұғалімдерінің күйін дұрыстап, үкіметтің салған ұранын толық орындауға болмайды...

Ақ-қарасын сот ашар. Айыбы мойнына қойылса, жырым жеген «ардақты жолдастарды көпке үлгі қыла кенестен аластаған жөн!

«Еңбекші қазақ», № 238, 16/Х—27 ж. 3-б.

ҰЛ ТУСА, МӘНКЕДЕН ТУСЫН!

Мәнке — Кеңарал болысының қазағы. Мәнкеден Мырзағали туған. Мәнкенің қандай кісі екенін білмесек те, қолдағы материалға қарап Мырзағалиды жоспарлауға болады: Мырзағали азырақ оқыған, орысша тіл білетін, әр нәрсеге бір пығын тыға жүретін, ел сөзімен айтқанда «еті тірі» жігіттің тап өзі.

Қостанай округінің Жаркөл ауданы өз алдына уезд болып тұрған кезде (бұдан 2—3 жыл бұрын) Мырзағали сонда жауапты қызметкердің бірі болады. Өзі жауапты қызметке отырған соң, бір жағынан ептеп партияға кіріп алған соң, Мырзағали таспай қайтсын?!

Бірақ, тасудың да жөні бар ғой, Мырзағали уақтық қылады. Жастан жырым жеп әдеттенген қалпы бола ма, қалай «төрелігіне» мін істерге кіріседі,— ауылнаймен ауыз біріктіріп, жалған документтер де даярлайды:

1) 3 бала, бір әйел өлді деп куәләндіреді.

2) 25-жыл февраль ішінде қызылшадан өлген бір баланы 25-июльдің 31 нде туды қылып куәләндірады.

Ауылнайдың доңғал мөрін бастырып алып, камсыздандыру бөлімінің кассасына төніп келіп қалады:

— Ақша давай!

Көптен не шықпайды. Қиянатын сезген шаруалардың бірен-саран жүрек жұтқандары ептеп сот есігін жағалай бастайды. Сотқа арыз түседі.

Шаруалардың арызы себеп бола ма, әлде басқа бір себептердің «себебі» кесел бола ма — Мырзағали «авторитеттен» айырыла бастайды.

Партия билеті қолдан таяды. Көкше мұзда сырғанақ тепкен балаларша зымырап келіп ауылының ортасына тұрып қалады...

Жоғарыдан құладым деп жаситын Мырзағали ма, ел аман болса өлмеспін деп «тіршілік қамына» кірісе берейін дегенде, 26-жыл март ішінде 9-аудандық халық тергеушісі ойламаған жерден тап болады.

— Жауап алам,— дейді.

Баласы өлген қатындарды, әйелі өлген еркекті, бала таппаған қатынды көгендеген қойша қатар отырғызып қойып, тергеуші жауапқа кіріседі:

— Балаңыздың өлгені рас па!

Баланың шешесі бетін шымшиды.

— Не дейді, құдай, шұнақ-ау. Қолға ұстап отырған бір-екі қарғамыздың құдай өлімін көрсетпесін!...

— Сіздің қатыныңыздың өлгені рас па?

— Өлмей отыр ғой, шырағым, өлсе өзіңнен сүйінші сұрар едім. Сол жаманның өлмеген кесірінен екінші қатын ала-алмай сорлап отырмын...

— Сіздің июльдің 31-і күні бала тапқаныңыз рас па?

— Сондай атты күн болса деп өзіміз де тілеп отырмыз, шырағым, қолға ұстап отырған қарағымыз өліп қалып еді...

Алынған жауапқа қорытынды істегенде, тергеуші Мәнке ұлын айыпты деп тауып, уақытша кепілге беріп кетеді. Бұған 7 ай өткен. Бірақ, белгісіз себеппен соты кешіккен...

Сентябрь ішінде Мырзағали Қостанайға барып қайтады. Лепіре келеді:

— Іс басындағы азаматтардың көбі таныс еді. Бірен-саран теріс қарайтындар бар еді, оларды қонақ қылып ырзаластым. Ісімді жаптырып қайттым! — дейді.

Мұны есіткен шаруалар жағасын ұстайды:

— Болмас. Пысықтығын қылды.

— Жесе қазынаны жеді ғой. Соны түртіп несі бар екен?! — деп арыз берушіні аясады.

«Мешкей деген жақсы атақ» емес, бұл іс туралы айыптысы болса, Қостанай азаматтары ішінен шығара

жатар. Әзіріне сот орындары үкімет акшасын жеудің ойыншық еместігін халық көзіне көрсеткені жөн ғой.

Елде, Мырзағалидан көрі, сот орындарының көтерілгені керек.

«Еңбекші казак», № 258, 20/ХІ—26, 3-б.

«ПӘЛЕНІҢ МЫҢЫ СЫРДА...»

«Пәленің мыңы сырда, бірі — қырда» деп Арқа елі мақал қылады. Бұл рас па? Сыр елін қаптап кеткен не қылған пәле?

Шалдау кісіні кездестіріп, жоғарғы мақалдың жайын сұрастырғанымда, шалым мүдірмеді:

— Сыр бойында адам шағатын бака, шаян, құрт-құмырсқа көп болады. Арқа елінің әуез қылып жүргені осы ғой, — деді. Сыр елінің әуез қылатын бар пәлесі осы болса, мұның жарасы жеңіл, адам шағатын шаянды жоқ қылатын дәрі бар. Денсаулық комиссариатының докторлары сау болса, оның бір шарасын істер.

Бірақ бұдан басқа бір пәле болып жүрсе, нағыз діңкеге тиетіні сол болады...

Бір жұмыспен Қызылорда болысының 40-ауылына бардык. Ауылдық кеңес ағасы Қосқұлақ ұлы Жаманқұл деген кісі екен. Азырақ хат таниды. 18-жылдан бері партия мүшесі. Іздестіріп жүріп мешіт молдасының үйінен таптық. Жұма намазына барған шалдар молданың үйінен шай ішіп отыр екен.

— Уә, қай балаларсыңдар?

Жөнімізді сұрап білісімен арызды жаудыра бастады.

— Иманғали қайда, мына кісілерге арызын айтсын! деп жалба-жұлба тонды біреуді шақыртып алды. Иманғалидің бір түйесі бар екен. Бір өшпендік егіс егіпті. Адамы үшеу екен. Үйі жоқ. Осыған 3 сом 25 тиын салық түсіпті.

— Өлмелі кедеймін маған салық түсуге жөн бе? — дейді Иманғали.

Арыз айтушылардың бірі ауылнайдың өзі болды:

— Малымды артық жазды... — дейді.

— Кім жазды?

— Болыстан келген адам.

— Өзіңізде қалған түбірі дұрыс па?

Ауылнай шынын айтты: мал санын жазумен жұмысы жоқ екен. Қатшысы өміріне кеңсе бетін көрмейді екен! — Жалақы берілмеген соң қатшы істемейді. Өзім жаза алмаймын,— дейді ауылнай.

40-ауылда 170 шамалы үй бар екен. Адамы 1200 дей. Осылардың ортасынан сайланған ауылдық кеңес не екенін өзі де білмейді. «Салықты артық салды...» деп шаруалармен қосылып өзі жылап отыр.

Басқа түрлі жұмыстарын сұрастырып отырсаң, берілетін жауап біреу-ақ:

— Жоқ!

Азырақ бөгелгені кооператив болды:

— Сабалақ кооперативіне мүшеміз.

— Қашан ашылды?

— Үш жыл болды.

— Жұмысы қалай?

— Осы күні жабылудың маңында...

Сабалақ кооперативі бастап ашылғанда Бейсембай деген азамат бастық болған екен. Содан бері қайтадан сайланған — сайланбағанын ашып айта алмады...

— Бес сомнан ақша жиып алып еді, содан қайтып не болғанын білмейміз,— деп отырған жұрт шу ете қалды.

Сыр елі кедей. Жалғыз малға ғана кедей емес, өнер-білімге де кедей. Арқа еліне қарағанда бұларды «аса кедей» деуге болатын. Кеңес үкіметі елге толық орнамаған. Кеңес атын жамылған ауылнай қалтасындағы мөрге ғана ие. Қатшысы жоқ. Қатшыға жалование төленбейді. Қазақстандағы ауылдық кеңес қатшыларының бәріне жалование төленгенде, бұл елдің жырылып қалған себебі не? Мұны Қызылорданың болыстық аткомы мен уездік аткомы біледі...

Мына күйді көріп отырғанда, «Пәленің мыңы сырда...» деген Арқа елінің анызын қалай өтірік дерсін?! Ауылдық кеңес іс істемесе, елі шикі надан болса, бұдан артық не пәле бар: алдауыш қожа-молда, паракор ақсақал, билер кетпенін иығына салып кесіп қылып жүрген сорлыны кез келген жерде домалатып жемей ме?!..

Үкіметтің қазіргі алға қойып отырған ұлы ұранының бірі — елде кеңес жұмысын өркендету. Бұл ұран — ұран күйінше қалуға емес, орындалуға салынған ұран. Қызылорда уездік аткомы (мойныны алыс жердегі елінің күйін өзі біледі) мына иек астында отырған 40-ауылға көз қырын салып, бірер қатшы тауып беріп, ең болмаса салық тізбесін өздері жазатын қылғаны жөн. Әйтпеген-

де, толып жатқан «тығыз бұйрықтарының» орындалуы екі талай болар.

Біз ауылдық кеңестерден құр «бұйрық орындауды» ғана емес, іскерлікті де күтеміз. 40-ауылда іскерлік түгіл, бұйрықты дұрыс орындағанына күмәндіміз.

«Еңбекші казак», № 271, 6/ХІІ—26 ж.

РАҚЫМБАЙДЫҢ МАҚАЛАСЫ

Рақымбай кеңсесіне кіріп келгенде үстелдің үсті кою үшін қатарлап қойған қағаз еді. Көзілдірікті имск тұмсығына іле салып, жалбыраған шашын кейін қарай бір-екі сипап қойды да, оскырған аттай одырайып алдындағы қағазға қарады. Қағаздың астыңғы жағында казакша бір газет жатыр. Бұл Рақымбай кеңсе басына отырғалы көрмеген нәрсесі еді. Ожырайып қарап тұрды да, үстіндегі қағаздарды екінші жаққа ысырып жіберіп, газетті қолына ұстады. «Еңбекші казак» екен!

— Шорттың ісін!... Мұны маған не ғыл деп әкелді екен?!...— деп күбірледі.

Жылмаңдап қатшы келіп тұр:

— Қағаздарға қол қойың болдыңыз ба?

Рақымбайдың ойындағы — түнгі ішкен пиво, Бердібайдың қызып отырып «сеп карьериссін!» деп тіл тигізгені, Жұмабайдың қатынының кадалып қарап, бұл карағанда ішті күйдіре жымнып күлгені — бірінің артынан бірі тізбектеліп Рақымбайдың ойын бөліп тұр еді. Қатшының сөзін елемеді-ау деймін, газетті қолымен көрсетіп:

— Мынаны неге әкелдің? — деді.

— Өзіңіз жаздыр деп бұйрық беріп едіңіз ғой. Бір жылға жаздырып едік. Бүгін почтамен келген соң, сізге керек бола ма деп үстеліңізге қойдырып едім,— деп қатшы ғапу өтінгендей болды.

— Мен, оқу үшін емес, редактор айтқан соң жаздыра салғам. Шкафқа апарып сала сал,— деді.

Қақпағы алқы-салқы жатқан кара шкафтың ішіне «Еңбекші казак» кіріп те кетті.

Редактордың шап бермесі қандай, Рақымбайға көшеде кез келіп қалып:

— Әй, сендер газет алып жүрсіндер ме? — деп сұрады.

Рақымбай мұртынан күлді:

— Алдырып тұрмыз.

— Қазірде айтыс мақалалары көп шығып жүр, оқып көрген шығарсың.

Алдырған газетті оқымады деу ерсі ғой.

— Ия, — деп Рақымбай басын изей салды.

Осы бас изеумен құтылам ба деп еді, болмады — редактор тағы жабысты:

— Ондағы айтыс мәселелерге қалай қарайсың?

Оқымаған, білмеген нәрсеге қалай қарау керек?... Бірақ үндемей қалу қиын. Көзілдірікті азырақ дұрыстап қойып:

— Кейбір жерлеріне не согласныймын, — деді.

— Ендеше, өзіңнің ойыңды айтып қарсы мақала жаз!

Рақымбай қысылайын деді. Қырымнан әкелген сырлы таяғымен жерді шұқи бастады.

— Қашан жазып бересің? — деп редактор қысып барады.

— Жақып арада жазып берейін.

— Жақыңды қой, күнді белгіле, алдағы жұмаға бітіріп маған тапсыр...

Ертең жұма. Рақымбай әлі мақала жазған жоқ. Жазбай құтылуға болмайды, — бір жерде болмаса, бір жерде бетіне басып ұялтады.

(Соңы табылмаған.)

ЕҢБЕК АҚЫСЫН АЛДЫ

Патша заманында малайлардың дұрыс ақы ала алмай еңбегі еш кететіні жұртқа мәлім. Кеңес үкіметі орнағаннан бері жалшылар бас көтеріп, тиісті еңбегін іздейді. Кей жерлерде, ақысын осы күнде де ала алмай жүрген жандар толып жатыр. Сонда да болса бұрынғыдан едәуір алға басты. Байлардан жарлы «тендік» алды.

Ақысын бермеген болса, дереу тиісті орнына жүгіреді Мына бір мысал:

Орда аудандық бұрынғы Бесқұм азаматы Ажығалиұлы деген жетім бала Айтқали Бейбалиұлы дегенге жалданып тиісті ақысын ала алмай жүр екен. Жақында

Бөкей аудандық еңбек бөлім бастығы Шүкіршеұлы деген сол елге шықса, балаға кездесіп табанда жауапқа алады. Жетім балаға еңбек ақысы үшін тандамалы козылы қой әпереді.

Еңбегін жегізіп жүргендер аз емес еді. Кедейдің ақысы байға кетпейді екен деп таркастық.

«Еңбекші қазақ», № 157, 22/II—26 ж. 3-б.

МӘДЕНИЕТ МҰРАЛАРЫ

«Ескі заманның мәдениетінен мәжнүн,
есаландар ғана безеді...» Маркс.

Мәдениеттіліктің негізгі белгілерінің бірі — өткен заманның мәдениетін тауыса зерттеу. Ескі замандардан қалған мәдениет белгілерін, мәдениет мұраларын қорғап аман сақтау. Мәдениет мұраларын аман сақтау ғылым үшін керек нәрсе. Ғылым бұл мұралар аркасында әлде қашан болып жоғалған мәдениеттің құрылысын, жолын зерттеп тарих шығарады, жана мәдениет жұмысына оңай жол табады...

1917—18-жылдарда, азамат соғысы уақытында, қазақтар күйдірген тастан салған әдемі мектеп үйлерін «бұл ескі, Николай салдырған үй ғой» деп бұзып талап алды. Николай салдырмақ түгіл, арғы атасы Роман салдырса да, 40-50 бөлмелі күйдірген тастан салынған жақсы үйлер қазақ еліне пайдалы, қазақ даласына сән еді, мәдениет мұрасы еді.

Бұл — мектеп үйлерін, темірінен екі пар шелек істеп алу үшін талап алу қазақ елінде мәдениеттің жоқтығының үстіне, қазақта мәдениет деген ұғымның жоқтығын, мәдениетті сүйетін қазақ бойында ондай мінездің жоқтығын көрсетеді.

Әйтсе де, кеңес үкіметі орнағалы, кеңес үкіметі ішкі-сыртқы дұшпандардан босап құрылыс жұмысына кіріскелі қазақ даласында да мәдениет деген сөз ауызға алынулы. Мәдениеттің әліп-биі басталулы. Бұл бағытпен қазақтың ескі мақалдары, өлендері, ертегілері әндері, күйлері, тарихи әдебиеті жинала басталулы; музейлерге қазақтың ескі киімдері, қарулары, оюлары, моншақтары жинала басталулы. Қазақтың ғұрып-әдетін,

өткен замандағы. қазірдегі тұрмысын зерттейтін комиссиялар елге шыға басталуы...

Бұлай болғасын қазақ даласындағы мәдениет мұраларын қорғамай болмайды. Оларды қорғау жалғыз орталық үкіметтің қолынан келмейді. Орындардағы кеңестер, әсіресе халық ағарту бөлімдері бұл мұраларды қорғауға, зерттеуге кірісулері керек-ақ. Бұл жұмысқа елдің араласуы керек. Елде ғылым ұйымдары ағытып оқытушылар, кеңсе қызметкерлері, партия мүшелері бастап түсуі керек.

Осы күнге дейін Қазақстан үкіметі, оқу комиссариаты қазақ даласындағы 10 — 15 мұралар туралы ғана кабардар. Дұрысында қазақ даласында мыңдаған мәдениет мұралары бар.

Қазақтың ескі ақындары лайсан ауырмалықтар уақытында «құтсыз қоныс» — деп қонысын жырлаған. Сол жырларда «Жеті жұрт бізден бұрын жайлаған жер...», — «жеті жұрт басып кеткен жер?» деп келеді. Осы жеті жұрт басып кетті деуіне елдің дәлелдерінің мұралары: қорғандар, молалар, оялар, олардан табылған заттар...

Қазақ даласын бұрын жеті жұрт жайлады ма, жетпіс жұрт жайлады ма? Қандай жұрттар жайлады, қандай шаруашылық малданды, қандай мәдениеті болды — бұлардың бәрін зерттеп білу қазақ шаруасына, қазақ мәдениетіне аса керек. Мәселен, Темір уезінде, Жемсағыз өлкесінде бір аймақ жер айқыш-ұйқыш арықпен тіркемделген. Бұл немене? Бұл жерде бір заманда бір халық суарма егіс кәсібін жасаған болуға тиіс. Осы арығы көп жерде 3 — 4 қаланың орындары бар. Бұл қалаларда отырықшы, мәдениетті елдер отырған. Бұлар кімдер?

Сол Темір уезінде Қарағай құдық деген жер бар. Бірқауым жерде екі үлкен оба қисық саймен қосылулы. Сайды қазса, түбі тақтаймен шегендеулі. Тақтайды тессе астынан май сияқты сұйық нәрсе шығады. Мұны бір адам «мұнай майын таптым» деп Нобелге кабар береді, Нобелдің инженері келіп қазса Қарасайдың ұзына бойына түбі тақтайлы. Тақтайы емен ағаштан салынған. Адайдың «мұнай» деп жүргені суға езілген емен. Инженер қарайды да, мұнай болмағасын жайын, кетеді, сонымен Қарағай құдық та жайына қала береді.

Қарағай құдық не нәрсе? Оны кім салған? Мақсаты не — бізге белгісіз.

1908-жылы Орал облысында Гарешкин мерген деген

казак-орыс қалаларының тұсында мия қазып жүрген казактар жер астынан бір домалақ қатты нәрсе тауып алады. Кетпенмен ұрып сындырса, ішінен үлкендігі 10 тиындай күміс ақша сау ете түседі. Ақша дөп-дөңгелек емес, сопақтау. Ақшада танылмайтын жазулар бар. Болғаны бір ғана сөз «Ғұсман» деген сөзге ұйқас келеді. Бір болыстың бала-шағасы тесіп ақшаны омырауларына тағып алды.

Ондай мысалдар — тоқсан тоғыз, санап отыруда мағына жоқ. Қазак даласы толған мола, ұй-қаланың орны, арық, камал, қорған... бірақ біреуі де зерттелмеген... біреуі туралы да орталықта мағлұмат жоқ. Ел, қойшы-қойманшы бұзып жатыр. Темірлан салдырған Қожахмет Жасаундің мешіті бұзылғалы тұр. Байтақ атаның моласын казактар бұзып бес тас алады. Тағы осындайлар. Қысқасы, жаңадан мәдениет орнату жұмысына бір қолымызбен кірісіп жатып, екінші қолымызбен ескі мәдениет мұраларын бұзып жатырмыз. Бұл зор күнә, зор қылмыс. Бұл ғылымның кілтін бұзып, мүлкіп ұрлау.

Қазақстан үкіметі буынын бекітті. Қазақстанда мәдениет жұмысы басталды. Қазақстан шаруашылығы түзеліп келеді. Қазақстанда да ескі мәдениет мұраларын есепке алатын, қорғайтын, зерттеп нәтиже шығаратын, аймақ таңу материалы есебінде бұларды мектеп программаларына кіргізетін, елге бұл мұралардың мәнісін түсіндіріп, елді талаудан тоқтатып, қорықшы, күзетші ететін уақыт жетті. Қорытып келгенде біздің орындардағы оқу бөлімдерінен, кеңес мекемелерінен, партия мүшелерінен, әсіресе мұғалімдерден тілейтініміз мынау:

1) губернелік, уездік оқу бөлімдері кеңестер арқылы аудандардағы ескі мәдениет мұраларының есебін алып, оқу комиссариатының білім кеңесіне тапсырсын.

2) Есеп тапсырғанда мұралар туралы қолға түскен мағлұматтар жазылсын.

3) Кеңес мекемелері өздерінің сметаларына кіргізіп, бюджеттерінен ақша шығарып ұрлануға, жоғалтуға айналған мәдениет мұраларына бақташы қойсын.

4) Мұғалімдер, басқа сауатты адамдар, губернелік, уездік білім-қоғамдарының мүшелері — маңайындағы мәдениет мұралары туралы ел аузында жүрген, я жазба өдебиет болса, материалдар жинап «Жаңа мектеп» журналының басқармасына тапсырсын.

5) Орал губернасындағы кейбір обаларды Сартаудан келген кейбір белгісіз адамдар қазып, көр-жөр тауып алып кеткен. Мұндай оба қаза келушілердің

документ қағаздары тексерілсін. Қазақстан үкіметінен алған документі болмаса оба қаздырылмасын.

6) Оқытушылар, партия мүшелері елге мәдениет мұралары туралы, оларды сақтаудың керегі туралы үгіт-насихат жүргізісін.

7) Орындағы газет-журналдар бұл мәдениет мұраларын сақтау жұмысына көңіл бөліп еңбек сіңірсін:

Алдымен қорғайтын, не күйде тұрғанын жазып білдіретін, тұрғын елдің аузында жүрген материалдарды жинайтын мәдениет мұралары біздің хабарымызша мыналар:

1) Қожахмет Жасаун мешіті, моласы (Түркістан қаласында.)

2) «Көк кесене» мола (Қызылорда уезінде).

3) Сайрам қаласының мешітіндегі тас баған (Шымкент уезі).

4) «Сұғанақ ата» (Қызылорда уезінде).

5) «Айша Биби» (Әулие ата уезінде).

6) «Бес там» (Қызылорда уезінде).

7) «Аннас» (Қызылорда уезінде).

8) «Жанкент» (Ақтөбе губернесінде).

9) «Байтақ ата» (Ақтөбе губернесінде).

10) «Білеулі» (Үстірттің Қарақалпақ жағының ішінде).

11) «Қарағай-құдық» (Ақтөбе губернесі).

12) «Сарайшық» (Орал губернесінде).

13) «Алаша ханның моласы».

Осы айтылған мұралардың айналасындағы жолдастардың жіберген материалдары ірі жұмыстың бастамасы болар еді.

Барлық мәдениет мұрасы туралы мағлұматы бар жолдастардан материал күтеміз. Барлық саналы азаматтарды мәдениет мұраларын сақтауға, қорғауға үндейміз.

«Еңбекші қазақ», № 258, 20/XI—26, 2-б.

САЙЛАУ

Сайлауға келген инструктор ауылдық кеңестің жалпы жиылысын ашып, күн тәртібін жариялады... кеңестің бір жылдық есепті баяндамасы, ағарту жұмысы, кооператив — тағы басқа мәселелерді айта келіп:

— Ең ақырғы мәселе сайлау туралы!—дегенде жұрттың құлағы елең ете қалды.

Ия, сайлау мәселесі — жұрт құлағын елеңдететін мәселе, басқаға таныс болмағанмен қазақ сайлауға таныс, баяғыда Бекмағамбет управитель болғанда да сайлаумен болған! Жаппас байдың Ақыметі де елге хандық жүргізгенде, сайлаудың арқасында жүргізген. Сайлауда талас болып елге ақшаны уыстап шашқандықтан Жаппасбайдың Мұстапасы «бала граф» аталған! Ол өз алдына бір заман ғой. Ел арының, еңбекшілер мұңының ақшаға сатылған заманы ғой.

Енді, кеңес үкіметінің тұсында сайлауға жұрттың көзқарасы өзгеше болу керек. Баяғыда «ауылнай», «болыс» болып елді қинаймын деп сайланса, ендігі сайланатындар: елдің тілегін орындаймын, ел мұңына дөп келтіріп іс істеймін деп сайлануы керек. Елде әкімдікке «бақыт» көзімен қарамай, іс көзімен қарау керек. Бұл — үкіметіміздің салып отырған ұраны. Бұл ұран, басқалармен қатар, қазақ елінде де орындалуы керек. Орындалған жері де бар.

Бірақ...

Алқа қотан отырған жұрт бажырайып инструктордың бетіне қарай қалды.

— Ауылдық кеңестің бір жылдық есепті баяндамасы туралы Терлікбай жолдасқа сөз берілді!

Жұрт жымың-жымың етіп бірін-бірі түртеді:

— Осы не әуресі? Уақыт оздырғанша сайлауын неге бастамайды екен?

— Терлікбай неменесін айтпақшы? Шалдармен қосылып жаздай ел аралағаннан басқа несі бар?!

— Бердібайдың қызын сатқанын айтар.

— Ырыстыдан алған көк тоқтыны не қылар екен?..

Жуантық келген баттиған қара кісі тымақты басынан жұлып алды:

— Жолдас төре, жұмысымыз бар еді, көп отыра алмаймыз, сайлауыңызды бастасаңыз қайтеді?!

Жұрт шу ете қалды:

— Сүйтсеңіз екен!

Инструктор көнбеді. Сайлаудың жайын түсіндіре келіп:

— Ауылдық кеңестің баяндамасын тыңдап, қате істеген ісі болса, көзге шұқып көрсету керек... алдағы ісі

не жол белгілеп, істелуге тиісті жұмыстардың желісін тарту керек! — деді.

— Қане ауылнай, сөз сіздікі.

Ауылнай күбіжіктеп желкесін қасиды:

— Маған не айт дейсіз?

— Бір жылдан бергі ісіңізден есеп беріңіз!

— Былтыр сайландым... биылға дейін іс атқардым...

— Нендей іс?

— Жоғарғы орынның айтқанын әліміз келгенше істеген болдық...

Инструктор жұртқа қарады:

— Бұл туралы сұрауларыңыз бар ма?

Баяғы жуан тағы қатысады:

— Сұрайтынымыз — сайлауды тезірек болдырсаңыз екен дейміз...

— Ақсақал сөзі дұрыс! — деп кейінгілер қостай кетеді...

Бұл — өткен жылғы Қарасай еліндегі сайлау еді.

— «Былтыр сайландым... биылға дейін іс атқардым...» деп баяндама істеген Терлікбайды Қарасай елі қайтадан ауылдық кеңеске сайлады деп еді. Ата баласы ғой, әлде болса бірер жыл болсын деген шығар. Енді, жылы жақындап келеді. Есепті баяндамасы тағы болмақшы. Былтырғы секілденіп: «былтыр сайландым... биылға дейін іс атқардым» деп екі ауыз сөзбен есеп беріп құтылар ма?

Әлде?..

— Әлде, ел есепті толығырақ алар ма екен?

Елде ағарту жұмысы, кооператив жұмысы, қазір сауда-саттық, басқа түрлі ел шаруашылығына керекті жұмыстан не істегенін Қарасай елі қазбалап сұрар ма екен?

Сұрауға қақы бар. Қақы толық: ауылдық кеңес — елдің өзінің сайлаған кеңесі. Кеңес басындағылар елдің қызметкерлері. Олар іскер болса, ел жұмысы ілгері баспақшы. Елде шын кеңес үкіметі орнап, жалпы еңбекші үкімет ісіне араласпақшы...

Мұны Қарасай елі есінен шығармасын. Ана, баттанған жуан қара кісі, ақсақалдығын істеп, сайлау құмарлығын көрсетіп, биыл тағы сөз шығарса, ауылдық кеңестің баяндамасын тындағысы келмесе, оған:

— Ақсақал, сіз бара тұрыңыз, сайлау өткен соң келерсіз, — деу керек.

Шыны солай. Малына қарай алмай жүрген байды әуре қылмай-ақ, кедейлер өздері шүйіркелесіп отырып,

қалаған адамын сайласып. Өйткені — сайлау да, сайланатын адам да кедейдікі ғой!

«Еңбекші қазақ», № 272, 7/XII—26 ж.

ЖІГІТШІЛІК

Фельетон

Елдегі ерсі мінездердің әрқайсысының өзінше тарихы бар ғой. Соның ішінде «жігітшіліктің» де тарихы бар, епті жігіт, салт жігіт, сұлу жігіт қызы бар үйге кез келіп қонса, қызға сөз салады. Қыз қарыспа болса, сұлу жігіт, салт жігітті елемесе, ондайда жігіттің істеп кететін «жігітшілігі» болады: қызы бар үйдің бірдемесін алып кетеді. Я қызға өлең шығарып, ел көзінде маскара қылады.

Қамбар дейтін ақын жігіт Байбосын дегеннің үйіне қонып отырып, қызға сөз айтуға жолдасын жіберсе, қыз Қамбарды көзге ілмей жүре жауап беріпті. Сонда Қамбар ызаланып:

«Қызы едің Байбосынның атың Сақып,

Ынтықтым сөйлесуге келмей жатып,

Сыртқы елге қол артпасқа серт қылып па ең.

Жігіттен өз елінде дәмді ас татып», — деп өлең шығарып кеткен екен.

Бұл елдің ескі кезіндегі мінезі. Соңғы кезде оны-мұны көріп ел көзі ашылып келеді. Ел арасындағы ескі ұнамсыз мінездердің көбі тұрмыстан соққы көріп, өзінен-өзі жоғалып барады. Соның бірі болып салт жігіттердің «жігітшілігі» де жоғалу керек еді. Жоғалған шығар деп те ойлаушы едік. Бірақ, кейбір жерлерде әлі де болса да қалмай жүргендігі сезіледі.

Тама болысының болыстық кеңес бастығы Қанапия Таймасұлы, жанында салық комиссиясының адамы және болыстық милиция бар, ел аралап шығып, Сәрсембек дегеннің үйіне қонады. Сәрсембектің үлкен үйінде кемпірі мен қызы бар екен. Кемпір жақсылап қонақ асын беріп, жас жігіттерден сес ала ма қалай, қызын Омар дегеннің үйіне жат деп жібереді.

Жұрт ұйқыға кіріскенде, Қанапия қызды іздестіре бастайды. Қыз үйде жоқ. Енді қайда кетті?

Мақаш деген милициясын жанына ертіп алып іздеп жүріп, Омардың үйіне келіп оттықты жағып жіберсе,

Кенжеш қыз сонда жатыр. Әйелдің қорқақ келетіні бар ғой, милицияны көріп, ойбай салып Омарға тығылады... Үй іші жаң-жұң.

Осы бүлікті бастауға сен себеп болдың дегендей Қанапия қызға ызғарды төгеді: — Көргенсіз! Бізді адам жейді дедің бе? Үйіне жатсаң қайтетін еді? — деп сөгеді...

Ертеңіне Қанапия екі милицияны жұмсап Омар мен қатынын «арестовать» қылады. Дәлелі: Омардың қатыны жас екен, жас қатын алғандығы үшін заң жүзінде айыпты! Қатынын әйелдер бөліміне апарып тапсырмақшы болады.

«Арестовайт» десе, ел жүрегі зырқ ете қалады ғой, ауыл болып жалынып Омар мен қатынын зорға босатып алады. Бұл 26-жылдың июнінде болып отырған «жігітшілік». Бұл жігітшіліктің бұрынғыдан өзгешелігі — қызға өлең шығарудың орнына милиция жұмсағандық.

Жігітшілікті милиция арқылы орындаған болыстық кеңес ағасы Қанапияны сот орындары ыңғайына алар ғой. Орынсыз жерге милиция жұмсағандығы үшін жауапқа тартылуында сөз жоқ, оған біз де күмән қылмаймыз. Бірақ, әзіріне біздің ынтығатынымыз — Қанапия сот алдында не деп жауап берер екен?

— Мен ақын емес, болыспын, өлең шығара алмаған соң қызды милициямен іздемей қайтейін,— дер ме екен?!

«Енбекші казак», № 221, 7/Х—26, 1-б.

ТАП ӨЗІ

Бейсекеннің болыс кезінде қылмағаны бар ма, өлке бойындағы елдің екі үйіне бір қазан астырған ғой. «Бақыты тасып» тұрған соң бетіне жан қарай алмай, айтқанын аяқ ұшымен жүріп орындайтын. Қара пәуескенің ішінде шалқайып жатып бұйрық бергенін талай көргеміз:

— Мен пәленшенің үйінде боламын, ауылнай, билер, пәленше, түгеншелерді алып, сонда келіп жетсін!

Бейсекеннің сәлемін естігенде ауылнай, билер ұшып кете жаздайды. Бәрін жиып алғанда Бейсекеннің айта-тыны:

— Штат болып қалды, өзімізге тән адамдарды өткізудің қамын қылыңдар!

Мұның ар жағын айтпай да білуге болады.

Ол: — «Биыл тағы өзім болам!» деген сөз ғой.

Ол Николай кезі еді. Елдің езіліп, кім қас, кім дос екенін айыра алмай жүрген кезі еді. Енді, оған қарағанда, Мырқымбайша айтсақ, «шүкіршілік» қой. Ауылдық, болыстық кеңес басында отырғандардың бірен-саран теріс мінезділері болса да, көпшілігі елмен есептесіп отырады, бұрыңғы болыс, билерге қарағанда, киімнің ішкі бауындай адамға жақын тұратын мұны, жалғыз мен айттып отырғаным жоқ, елдің айтатыны да осы. Мырқымбайдың қатынынан сұрасан, жаулығын кейін қарай итеріңкіреп қойып:

— Көріңде өкіргір болыс не қылмап еді?! Жатқанынан тұрмасын! — дейді.

Демей қайтсын, Бейсекеңдердің, Бейсекең сияқтылардың елге істемегені де жоқ қой. Солар кабірінен қайта тұратын күн болса, баяғы күнді қайта туғыза ма деп ел қорқады. Қорқуына себеп те бар. Нақ Бейсекең сияқты болмағанмен, Бейсекеңдермен бірге жүріп сарқытын ішкендер, осы күнге шейін көсілген аяғын жиып көрген емес: сән-салтанат, байлық әлі баяғы күйінде. Есігінен малай үзілмейді. Өзіне қараған кедейлерді бір шыбықпен айдайды. Сыртқа да қадірсіз емес. «Төрелермен» таныстығы да бар. Елге шыққан үкімет адамдары солардың үйіне түседі. Бай қонақасын беріп, жүрерінде, кедейдің атын лауға жегіп береді...

Мұның — Бейсендерден несі кем? Бұған келіп Бейсендер қосылса, не қылатынын, жұрт айтпай да білер..

Шалқар уезі, Талдықұм елінің байы Қызылбас ұлы Найман дейтін, дос-жарларымен қалада жатып Талдықұм ауылдық кеңесінің ағасы Сары ұлына хат жазады. Хатындағы сөзі азғантай. Бірақ, «маңызды»: әр сөзінен әлденеше мағына аңғарылып тұр. Баяғы Бейсекең марқұмның сәлем хатынан бір де кейін емес. Сөзінің түрін байқату үшін шет жағасын оқушылардың алдына тартайын:

...«Қосшының сайлауы болайын деп жатыр. Осы туралы сөйлесетін шаруашылығымыз бар еді. Осы қатты алысымен кідірмей ауылдық қосшы қатшысы Қаржауұлы екеуің келі..»

Міне, көрдіңдер ме! Тап өзі емес пе? Бейсекеңнің сәлем хатынан несі кем? Жалғыз айырма — Бейсекең бұйрықты пәуескенің үстінде отырып беруші еді. Бірақ. Наймандікі де олқы емес, ол — қалада жатып бұйырып отыр! Ауылда жатқан ауылнайды көк шолақпен қалаға

тепектеткелі отыр ғой, келе қалса, дос-жарларының көзінде иығы көтеріліп, әкімшіліктің тізгіні өзінде екенін білгізгелі отыр...

Ауылдық кеңес адамдарын жоғарыда мақтаңқырап едім. Талдықұм елінің кеңес ағасы мұнымды ақтапты: байдың хатын протоколдеп уездік аткомға тапсыра қойыпты.

Сосын қайтыпты?

Сол жағын уездік аткомнен есіте жатармыз.

Қосшы — үкіметтің жаңадан ашқан ұйымы еді. Жаңа жұмыс болған соң көтермелесіп жіберейін деп, байлардың ат салысып жүргені шығар деп ойлауға да болады. Бірақ, оны істеу үшін байлардың өкілдік қағазы болу керек қой, өлкелік қосшы бұйрасының байларды өкіл қылдық деген сөзін есіткен жоқ едік. Әлде байлар қосшы ұйымынан алыс жүрсін дегенді қате түсініп, бір бүйірден араласқысы келіп жүр ме екен?!

Тілші шалалық қылыпты, Найманның ауылнайды шақырғандағы сөйлесетін шаруашылығын естіп біліп алу керек еді...

Сайлау десе, байлар құлағы елендеуі даусыз. Бүгін қосшы сайлауын қолға алса, ертең кеңес сайлауын тағы жағалайды. Қой десе де, тіл алмайтын арсыздық байлардың еншісіне тиіп тұр. Өткен жылғы таласты байлар бұрынғы таластың тап өзі қылды деп еді. Биыл да сөйтіп жүрмесін. Сайлау ұйымдарының ояу болуы керек. Әйтпесе, байлар сайлау басын ұстап, кеңесті бұрынғы болыстықтың:

— Тап өзі — қылып жүрер.

«Еңбекші қазақ», № 286, 23-окт. 1-б.

ҚОНАҚ АСЫ

«Қонақ келді» десе, Шідерті болысының 2-ауылының шаруалары зыр ете қалады,— деп тілші жазады.

— Себебі не екен?

— Себебі: болыстық атком кеңесіндегі адамдар, бас ұстайтын бір-екі шалды ертіп алып, маңайындағы елге жалпақ түстеніс салады,— дейді.

— Пәлі!.. 19—20-жылдардағы, 20—30 жігітті ертіп алып ел кезетін Орынтайдың «май палауы» секілді болғаны-ау! Болса, болсын. Біз болмасын дегенмен болыстық атком адамдары:

— Аштан өлейік пе?... Қонақ асымен ел кедейленбес,— дейді ғой. «Қелген-кеткенге бір тоқтыдан сойып отырсаң, кедейленбегеніңді көрер едім...» деуші болмайды-ау...

— Неге болмасын?!

Біз айтпағанмен Шідерті болысының екінші ауылындағы Мұқан Қартбай ұлы айтатын көрінеді...

— Бас ұстайтын екі шалы бар, он шақты адаммен, Шідерті облыстық аткомның ағасы Мұқанның үйіне келе қалыпты ғой.

— Тоқты азайып қалды деп Мұқан жүр еді. Мыналар тағы қырсық болып кездесті ғой,— деп Мұқанның көршілері күңк-күңк етеді.

Мұрнының ұшы терлеп, қисық таяғымен жерді шұқылай түсіп:

— Қайтсек екен? — деп Мұқан қатынымен ақылдасады.

Мұқан қатыны Бибікен шаруашылығына тұтқыр адам ғой, бірер қысылып қалғанда керек болар деп, ел көшіп-қонғанда асқызып жеп қояды ғой деп Мұқан да сездірмей жүрген сүр еті бар екен, тоқтыға тықыр таялғанын сезіп соны ортаға салады:

— Тоқтыға бергісіз сүр ет бар, балалардың меншіктеніп жүрген бір-екі тоқтысының бірін соймады деп өкпелер дейсің бе?! — дейді.

Мұқанның жүзі құбылып қала береді.

— Шынында, сүр берген соң өкпе болмау керек қой?!...

Қонақ асы жеп құнығып қалған адам, бір үйге келіп түссе, не қылар екен деп үй ішінің сыбырын тыңдайтын әдеті ғой, болыстық атком ағасының жолдастары Бибікеннің «шаруашылығын» есітіп қалып, сөз салады:

— Сүрдің артықшылығы жоқ. Тоқтысының таңдамасын сойып, сүрді үстіне салсын!.. 24-жылғы қалың мал жұмысының сүйретіліп жүргенін сезу керек қой,— дседі.

Енді, Мұқаң қысылмас па?!

Кім болса да — қысылар.

Басы сотты болған қазақ, «бастан құлақ садақа» деп, астындағы жалғыз атын түсіп береді, жалғыз бұзауын тоқтыға айырбастап «төрөні» қонақ қылады. Мұны да, қазақ «қонақ асы» дейді.

«Жиендік» туралы заң комиссариатының мүшелері талқы сөз ашып жүр еді, мына қонақ асы туралы да бі-

рер статьяның басын қылтитып қойса, Мұқандардың тоқтысы мен сүр еті қабат асылмас еді.

Болыстық атком адамдарының да қонақ асыдан қолы босап, кеңсесінде отырып жұмыс істеуіне дұрыс болар еді...

«Еңбекші қазақ», № 227, 15/Х—26, 1-б.

ӘЛЕКЕМНІҢ АЯҚ АЛЫСЫ

Әлмағамбеттің көзі шатынап кетті, атқа мініп ел билегелі, қатарға отырып сөз сөйлегелі, Мендіғара елінен жан бетіне келіп көрген жоқ еді. Бетіне келу қайда — ашуы келгенде кедейді арбаға таңдырып қойып сыдырушы еді.

— Менімен қарсыласатын кім бар?! Ерегессем, Қостанайды беске бөлем...— деп түсін суытушы еді.

Ия, Николайдың кезінде Әлмағамбет мұны істеп еді. Мендіғара елінің кедейін бір шыбықпен айдап еді. Нұралы тұқымы келе жатыр дегенде Мендіғара елінің жылаған баласы жұбанушы еді...

Ол бір дәурен ғой...

Бірақ, «айбынды атаның баласы» кемдікке көне ме. Кедей теңдігі деген сөз Әлмағамбеттерге ойыншық қой.

— Ойбай-ай, сорлы шұнақ құлдың ісін-ай! — деп Әлмағамбет қалш-қалш етіп көзі шатынап ұясынан шығып барады.

Балалары үрейленіп қалады:

— Немене, әке, жай ма?!

— Мынаны қарашы! — деп газетті ұсынады.

«Еңбекші қазақтың» 178-санындағы «Токты мен қымыз күші ғой» деген Құлмағамбетұлы Жыңғылдың қабарына көздері қадала қалады.

Жыңғыл өздерімен ауылдас кедей жігіт. Әлмағамбеттің істеген бұзықтығының бәрін теріп газетке түсірген де қойған!

— Қап, бәлем-ай! — деп балалары тістенеді.

Есіктің алдындағы Жыңғылдың жұлым үйіне қарап өткір көздер қадалды...

Кедейде оңған әбзел бар ма, көпірдің аузындай жан арбасы қирап, істей алмай Жыңғыл азаптанып жатса, Әлмағамбеттің баласы Әбдірахман, інісі Бексұлтан жандарында бір-екі жігіт бар, кез келе кетеді.

— Тарт былай салқамынды! Жолды бер!

Сынған арба тартуға келер ме, Жыңғыл жайын айттып, жолдан бұрылып жүре беріндер десе, мырзалар ашуға мінеді:

— Сорлы құл, әкең Құлмағамбеттің салдырған жолы ма еді?! Тарт былай!..

Арба тартылғанша болмай, мырзалардың быттиған майлы жұдырығы Жыңғылдың күн қақты желкесіне жауа бастайды.

— Ұр!.. Өлтір!..

Ә, дегенше болмай Жыңғылдың тарамыс денесінен қарақошқыл қан ыршып шыға бастайды...

Жыңғыл доқтырға барады. Жарасына куәлік алып, болыстық милицияға арыз береді.

Бірақ, милиция құнт қылмай ма қалай, ауылдас отырып бір ай өткенше жауап алуды білмейді.

Жыңғыл милициядан түңілген соң басқармаға мұның шағып хат жазады.

...«Ауылдас отырып тәртіпкер әлі жауап алған жоқ. Соның үшін сіздерден сұраймын — осы жұмысты бақылап тезірек жүзеге шығарсаңыздар екен... тағы да қорқамын, қай күні ұрып, болмаса өлтіріп тастай ма деп...»

Жыңғылдың қауыпы орынды, Мырзабайды баласымен ұрып өлтірген Әлмағамбет Жыңғылды боқ құрлы көре ме. Мәселе, салақсып жүрген де Жыңғылды домалатып өлтіріп тастауы да мүмкін.

Сот орындары мұны тезірек ыңғайына алып, Әлмағамбет мырзаны майлы жұдырықты балаларымен қоса Қостанайдың шет жағындағы;— ана сығырайған терезелі ақ үйге тезірек қонаққа шақырса жақсы болар еді.

Статьясын дәл айтпасақ та, іс түріне қарап, Әлекеннің ол үйге шақырылуына күмән қылмаймыз. Мұнан басқа да Әлекеннің былығы, қылығы аз емес. Биыл жаз сол ақ үйде ай жарым жатып шықты деп есітіп едік.

Ай жарымды тегінде елең қылатын емес, ескі әніне тағы басып отыр, сот орындары енді «көңілшектікті» қойып, Әлекенді баянды қылып жатқызғаны жөн болар.

ЕЛ ЗОРЛАП САЙЛАПТЫ

Биыл қыдырып жүріп Табын болысының 5-ауыл мектебіне кездесе кеттім. Мектеп маңы жыбырлаған адам, екеу-екеу бөлініп сөйлесіп, штаттағы «төрелікті» мүше қылып бөліп алып жатқан тәрізді.

— Жиналған жұрт үйге кірсін деп айтады,— деген хабар шықты.

Жұртпен бірге мен де кірдім. Алау-салау земленкенің үлкен бөлмесі сығылысқан жұрт. Аққұба келген жастау бала шығып сөз сөйледі:

— ...Біздің мектебіміз кеш ашылғандықтан үкімет бюджетіне кірмей қалған. Сондықтан жұрттың жәрдеміне мұқтаж. Биылша оқуды дұрыстап жүргізіп шықсақ, алдағы жыл үкімет жәрдемімен аяққа басып кетуімізде сөз жоқ. Бұл отырған көпте оқуды керексіз деп білетін жан болмасқа тиіс. Олай болса, мектепке жәрдем жұмысынан ешкім де бас тартпас деп ойлаймын,— деді жас жігіт.

Бұл, сұрастыра келгенімде, мектеп мұғалімі болып шықты.

Топ ортасынан бір сары жігіт шығып:

— Мектепке жәрдем беру жұмысынан кім де болса бас тартпас қой, көпке бөлгенде неден келер дейсің. Бірақ ашылған мектептің мұғалімі кетіп қалып, аяқсыз қалатын күні көп болады. Содан барып жұрттың ынтасы қайтады. Бұл 5-шіде өткен жылы да мектеп ашылған. Мұғалім үгітті соғып жүріп, ақырында Жәкең ақсақалдың қанжығасына байланып барып, болысқа қатшы болып кетті... осындай реті болмаса, жұрт неге тартынсын,— деді.

Шынында бұл оқиғаның болуы да рас екен, жігіт сөзі дәлелді болып шықты. Бірақ, мұғалім тайсалмады:

Оқу жұмысының бірінші орында тұрғандығын, оқытушылардың өз қызметін қандай «төреліктен» де жоғары ұстайтындығын, бірен-саран басқа жұмысқа шығып кетушілердің шын оқытушы емес екендігін айтып шықты.

Мен мұғалім сөзіне сүйсініп қалдым. Жұрт тарағанда оңаша қалып танысып, әруақытта хат жазып қабарласып тұрмақ болдық...

* * *

Бұған дәл екі жыл өтті. Мұғалімнен бірталай хаттар алдым. Бірақ сол хаттардың ішінде оқу жұмысына байланысты бір ауыз сөз жоғына мен таң қалушы едім.

«Сол мұғалім де алдыңғының аяғын құшып, Жәкеннің қанжығасына байланып кетпессің еді» деген қиял басыма келсе де, өзім көргендегі мұғалімнің жігерлігі, оқу ісіне шын берілгендік қалпы — бұл ойды менің басымнан таратушы еді...

Бүгін әлде қалай, сол мұғалімнен хат алдым. Хатының бас жағында түрлі сөзбен майдалап келеді, осы қашсам да құтылмаспын дегендей, былай ақтайды:

«...Өзің көргеннің артынан, екі-үш ай өтер-өтпестен ақ ел зорлап ауылнайлыққа сайлап еді... содан бері ауылнай болып келе жатырмын...»

Мектеп қайда? Мұғалім бар ма?

— Бір ауыз сөз жоқ!

Ел ме, бір желөкпе мұғалімнің «пысықтығына» қызығып ауылнайлыққа сайлай қойған ғой. Тегінде сол сайлауда жоғарғы сары жігіт болмаған-ау деймін, ол болса, мектептің мұғалімсіз, балалардың қаңғырып қалғандығын, ауылнайлықты екінің бірі атқарып, мұғалімдіктің білім таңдайтындығын айтып, мұғалімді «зорлап сайлаудан» құтқарған болар еді.

Үкіметтің қазіргі қолға алып отырған қызу жұмысының бірі — оқу жұмысы. Октябрь төңкерісінің 10 жылдық тойына шейін хат танымаған жан қалмасын деген ұран шақырып отыр. Ол ұранды толық жүзеге асыру үшін елге оқытушы керек. «Мектеп ашар едік оқытушы жоқ» деген жұрттың қиыңқылы құлақты жара жаздайды. Олай болса, ел мұғалімді «зорлап сайлауды» сиретуі керек.

Оқу жұмысына берілген мұғалімдер өз жұмысында болсын!..

«Елбекші қазақ», № 29, 7/11—26 ж. 3-б.

КҮЛШАРА ЖЕҢГЕЙ

— Жол болсын, қайным! Ауылдан қашан шықтыңыздар? Жол ұшы қай жер? — деп бақалау келген қара қатын Күлшара жеңгей сөйлеп өліп барады. Сөзшең адам екен, қайдағы-жайдағыны айтып, қаратып отырғызбады. Бірақ, сыпайы адамның көзінше көп сөйлесіп ысылмағанға шығар деймін, сөзі байланыссыздау шықты: біресе егін шөпті әңгіме қылады; Шаруашылықтың арасына әкеп «Дарылдақ қараның үйімен араздығын

кыстырады. Әйтеуір, неге екені белгісіз, қонақ келгенде тымырайып отырып қалатын басқа әйелдер секілденбей, бізді риза қылып аттандырайын деген қалпы еріксіз сезіліп тұрады...

Жөнділеу келген сары бұжыр әйел біз барып түскеннен үйге кіріп-шығумен болды; біресе құлағынан сүйреп самауырынды алып шығады; біресе етегіне салып көмір тасиды. Жүріс-тұрысына, аяқ басысына қарағанда, Құлшара жеңгейге қызметімен жаққысы келген адам тәрізденіп тұр. Бірақ, сынға іліккен адам оңа ма, сары бұжыр әйелдің кіріп-шыққанын, аяқ басысын, нәрссін көтергенін — бәрін де Құлшара жеңгей шаншу секілді көріп, сөз арасында ала көзімен қарап қойып отырды...

Бұл үй адам жалдайтын бай үй емес еді. Келіні шығар деуге Құлшара жеңгейдің байынан басқа бұл үйде еркек кіндікті жоқ секілді еді. Сондықтан сары бұжыр әйелдің жайын сұрадым. Құлшара жеңгей күлді:

— Жеңгей ғой, — деді.

— Қайдағы жеңгей?

— Осы үйдегі ағаңның алған тоқалы...

Нанғым келмеді. Құлшара жеңгейдің байы осы ауылдағы момынның бірі. Жасы 40 тан асып кеткен. Құлшара жеңгей 30-ға келсе — жаңа келген. Мынау әйел 20-ға келген тәрізді. Аюдай ақырған Құлшараның үстіне қандай адам тоқал болмақшы?!...

Құлшара бейнелей сөйледі:

— Жақын келініміз еді. Байы өлген соң, аруақ аттап кетпеймін деп, менің байымды қалады. Байым алмаймын десе де «мен зорлап алдырдым»... «Көсеу ұзын болса, қол күймейді» дегенді білмейсіз бе?! — деді.

— Екі қатын алған адамды жазаландыратын заңды білмейсіздер ме? — деп едім, Құлшара жеңгей жымыды:

— Бақа қайным оның амалын үйретті ғой. Әуелгі қатынын айырған қылып көрсетсе, тоқал алуға бола беретін көрінеді ғой. Қағаз жүзінде мына қалқам екеуіміздің еншіміз басқа, — деп емшектегі баласын алдына алып шопылдатып сүйді.

Көрер көзге үстіне тоқал алдырғанына, ана қатының риза болып тигендігіне таң болдым.

Арадан оншақты күн өтпестен, басындағы жаулығы дал-дұл, көзінің алды көгеріп ісіп, Құлшара жеңгейдің күндесі ауылнайдың үйіне кіріп келді.

— Е, не болды?

— Ойбай, қайным, адуын жеңген ұрып өлесі қылды. Тұла бойым көк ала торғайдай.

— Мұндай боларын баста білмеп пе едің?

— Аруақ аттап кетпе деп әрқайсылары айтқан соң, тие салып едім?..

Сұрастыра келе анықталды, бәрін бүлдіріп жүрген сол ауылдағы Жексембай деген қу екен. Тоқал алып бергендігі үшін Күлшараның үйінен бір сиыр соғыпты. «Әкімдердің аузын алуға» деп 50 сом тағы алыпты...

Таяқ жеген қатын ауылнайға «протокол» істеттіріп, сотқа арызын жолдады білем. Күлшара жеңгейдің кәсеуінің ұзарған-ұзармағаны әзіріне белгісіз.

«Еңбекші қазақ», № 219, 5/Х—26 ж.

САЛҚАМБАЙ ТОБА ҚЫЛДЫ

Салқамбайдың бір жетіден бері басын қатырып жүрген жұмыс — Күләштің жайы. Күләш жалғыз қыз. Жасы биыл 14-тен 15-ке шығып барады... Жасы 40—50-ден асқан қатыны өлген сүр бойдақтар, бәйбішесі ұл таппаған соң тоқал іздеген бай шалдардың Күләшка көзі түсе бастады...

— Қызыңды берсең қайтеді, бай орын ғой,— деген құлақ қағыстар да бар.

Бірақ, бір шешілмеген жұмбақ — қалың малды қайтпекші! Малдай алса, түнеугі Ыбырайшылатып, милиция малын айдап кетіп, өзін түрмеге жабады.

Тапты... Дәуітбай мен Садақбай екеуі екі елдің байы. Арасында мың сом қалыңмал жүрді. Оны сезген жан жоқ. Ақшалай алса, не қылушы еді?! Және соңғы әзірде, Салқамбай секілділердің қызының бәсі 500-ге жетіп жүрді. Бес жүз сом алар болса, алдымен бір ат алып мініп, қалғанын керегіне жұмсамай ма!..

* * *

Есіктен Рақым кіріп келіп:

— Салқамбай бері келіп кетші,— деді.

Салқамбайдың ойы шартарапқа кете бастады...

— Мәлікті білесің ғой. Өзі бай адам... перзент үшін

бір әйел алмақшы екен... Бәйбішесі де момын адам. Тегінде сенің қызыңа қол-ақ... 500 сомды бір қолдан санап беремін дейді... Бұған не дейсің?

— Болады!

Ендеше тойынды істе...

* * *

Маңдайында төбелі бар, төрт аяғы алаяқ, бір кер ат сатып алды.

Құданың үйіне барғанда жалба-жұлба болып отырмасын деп Ұмсындыққа ақ бөзден бір пар жаулық, бір көйлек алды. Өзінің киіп жүрген бешпетіне тыс алды. Қатынына қарап мұртынан күліп:

— Кәдімгідей адам болып қалдық қой,— дейді Салқамбай...

Жұрт өсекші— сыр шашпай тұра ма, «Салқамбай мың сом алыпты— жүйрік алаяқ атқа мініпті...» деген сияқты өсектер ел арасына тарап жатты...

* * *

Ауылнай дікіңдеп жүр:

— Салқамбай қайда? «судебный следовательден» повестке бар, жауапқа шақырады...

— Ненің жауабы?!

— Барған соң білерсің...— Қызыңды неше сомға саттың?

— Ойбай, шырағым, баласын сатқан кімді көріп едің?

— Алаяқ атты қайдан алдың?..

Салқамбай тұттығып ешнәрсе айта алмай қалды...

— Жазықтысын, түрмеге жабыласың.

Салқамбай сұрланып кетті.

— Шырағым, жалғыз біздікін ғана көресің бе, әлде байларды да жауапқа тартасың ба? Мың, екі мың сомнан алған байлар әлі үйінде отыр ғой...

Сыртта тұрған, сыпайы киінген, бір жігіт күлді:

— Әй, отағасы-ай, аңқау екенсіз ғой! Мың түгіл, он мың сом алса да, байларға білінуші ме еді... Олар сен құсап, алаяқ ат алып мінбейді ғой. Міне қалғанда да, олардың малы көп, қайдан алдың деп кім байласпақшы...

Салқамбай еліне қайтты. Жолда келе жатқанда астындағы алаяқ ат өзіне әзірейіл секілді көрінеді, қатынының бөз жаулығы, ала шыт көйлек бәрі де сотқа

айтуға жүгіріп бара жатқан секілді, еркін билеген жалғыз-ақ ой:

— Осы пәледен құтылар болсам, жалшылықпен өмірім өтсе де, байларға еріп баламды сатпас едім... сорлы басым білмеген екем ғой, байлар сатса, арқа сүйейтіні болады екен, мен кімге сүйенбекшімін? Байға құда болу, байға қол арту менің не тенім еді?!...

«Еңбекші қазақ», № 273, 4/11—26 ж.

ЖОЛАБА! ТОРЫ!

Октябрьдің 1-і күні Жөлектің базары қызып жатқанда, Жүребек Есенұлы мен Пірімбет Тәжинұлының арасындағы кикілжің де қыза бастайды. Екеуі екі елдің жігіт ағасы. Әсіресе, Жүребек Есенұлы Николай заманында азуы шығып, пәлен жыл ел бастаған, жанды бетіне қаратпаған кісі. Кешегі кер жұт лапында Ақмешіт үзін уысына сыйдырып, артынан сотқа ілігіпті ғой. Түрмеге түсейін деп тұрғанда, аруаққа жалбарына кетейін деп әкесінің моласына барып құран оқыса, жаңылып қала беріпті.

— Сорлы қақпас енді менен құранды да көпсіндің бе? деп әкесінің моласын тепкілеген Жүребек осы болатын,— деп Қызылорда елі аңыз қылады.

Ұрыс басы боқ жеме, Пірімбеттің сөзі шымбайына батып бара жатқан соң, ежелден өр мінезді Жүребек жұдырықпен салып өтеді.

Айқай, төбелес! Жан-жүн...

Пірімбеттің жұдырығы батып бара жатқан соң Жүрекен ұранға жабысады:

— Жолаба!.. Жолаба!..

Жүрекенді былшылдатып ұрып жүріп, екі иінінен демін алып, Пірімбет ұран шақырады:

— Торы!.. Торы!..

Қан базарға жиналған жұрт тымақты лақтырып жіберіп, білекті сыбаңып алып ұру төбелесіне араласып келіп кетеді. Ә, дегенше болмай Жолаба жағының екі адамы таяққа жығылады. Жүрекен ақсақалдың бір жақ бетін қан басып кетеді... Милиция мылтық атып төбелесті зорға басады.

Ел екі жік. Араға адам жүріп, «батырларды» кінә-

ластыра бастайды. Пірімбет Тәжинұлының Жүребекке үш түрлі өкпесі бар екен:

1) Пірімбетті райсоюзға жамандапты.

2) Жесір тақырыпты кегі бар екен.

3) Пірімбетті большевиксін деп шет қақпай қылады екен...

Әңгіме екшелене келе екі жағы да билікті ақсақалдарға береді. Екі жағынан 7 ақсақал шығып, алқа қотан отырып, билік айтады:

— Пірімбет тентектігін мойнына алып Жүребекке ат-тон айып берсің!

— «Пірімбет — коммунист еді. Ұрандап соғысып, ат-тон айып бергені несі?» деп бір-саран жастар жағасын ұстайды.

Бұл оқиғаның бірінші жағы.

Енді, осы уақиға туралы шетті қабарландыру жағына келейік.

Төбелестің ішінде болған Қасқырбайұлы Әбутәліп үйіне келе сала басқармаға хат жазады. Хатының түрін байқату үшін сөзінің жанды жерлерін алдарыңа тартайын:

«Жүребек Есенұлы, бұрын — зұлым патшаның заманында 10 жыл шамасы ақсақал болып, ел бастап еді... басшы болып нашардың көзін ашуға себепші болып еді...»

Жүребекті сүмірейтіп мақтап келіп:

— «Сорлының басын бейкүнә жарды!» деп мүсіркейді. Пірімбетті айыптайды.

Қызылорда уездік жастар комитетінің инструкторы Керейұлы жұмыспен жүріп базарға кездесе, осы төбелестің үстінен шығады. Мән-жайын сұрап қанады. Басқармаға жазған хатында Керейұлы жолдас:

— Жүребек елді бүйідей шаққан адам көрінеді. Төбелесіп басы жарылғанын көргендер: «Апырмай! Николай заманында, кеңестің алғашқы орнаған кезінде де Жүребектің ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрып еді. Бакытының тайғаны-ақ шығар...» десіп тұрды. Жүребек сияқты адамдарды тиісті орындар есіне алу керек, — дейді.

— Қасқырбай Жүребекті қорғап, мүсіркейді!.. Сөзін сенімді қылу үшін хатының аяғына қол қойғанда өзінің партия мүшесі екенін де ескертіп қояды...

Жүребектің жалғыз төбелесі бұл емес. Талай жарылған бас. Ат-тон айып алған соң кегі бітіп үйінде жатқан көрінеді. Бірақ, Пірімбетте маза жоқ білем: партия ко-

митеті біліп қалып, билетімді сыпырып алмаса игі еді! деп қауіптенеді — дейді. Түн болып төсек тартып жатса, түс көріп шатасады да жатады.

— Жолаба! Жолаба!..— деп, беті қан-қан болып, Жүребек келіп жабыса кетеді білем.

— Торы!.. Торы!.. деп айқайды салған Пірімбет өз дауысынан өзі шошып оянады дейді.

Жүребектің «жолабасы ескіден шақырып келе жатқан ұраны ғой. Пірімбеттің «торысына» жол болсын! Әлде, Пірімбет жолдас «торыны» коммунистің ұраны деп түсініп жүр ме екен?!

«Еңбекші казак», № 245, 4/XI—26 ж.

ЖОЛ ҮСТІНДЕ

Сардала ақ қарды жамылып, қыр мен ойы теңеліп жым-жылас болып жатыр. Ызғырықтау жел жаяу борасындатып, майда қарды қырдан асыра қуып барады...

Тастамбайдың адырынан түсетін қара жолменен, жалғыз ат жеккен бір шаналы итбектеп келе жатыр. Шанада екі кісі: қасқыр ішіктің жағасын түріп жіберіп біреу шананың төрінде шалқая отыр; бұл сайлау өткізуге шыққан жігіт; ескі шидем күпісінің белін құрмеп буган, жай табан қайыс етігін ыққа қарап отырып сықырлатып қаға түсіп орта жастағы бір кісі көшірде отырып ат айдап келеді. Бұл Ысқақ деген еді. Жүргіншінің көп жүріп оқап қылып тастаған қара жолы көк шолақтың діңкесіне тиіп келеді,— шұңқырға шана соғып кеткенде, көк шолақ мықшиып зорға шығарады...

— Біз не көрмедік,— деді көшірдегі Ысқақ.

Тыртысқан тері тымақтың жақтауы мұзбен сіресіп жағын қари бастаған соң, қолғапты қолымен итеріңкіреп қойып, сөзін айта берді... Көп сөйледі:... Найзабайдың жәбір бергендігін, мұнын шағып барғанда ауылнайдың айналып қарамағандығын, ең арғысы ауылға біреу-міреу келе қалса, екі жүз жылқысы бар ауылнайдың жалғыз көк шолақты көретінін... бәрін де, бәрін де айтты.

— Осы, шырағым, бәрінен де ауылнайдың берген азары күшті. Осыны қайтеміз? Кімге арыз береміз? Қалай ізденсек теңдік аламыз?..— деді.

Ысқақ тынды. «Төре» сөйлер, теңдік алудың жөнін көрсетер деп ойлады. Өйткені — кешегі сайлау жиылысында жарлы дегенде таңдай тарс айырылып тұр еді. «Ауылнай, болыстарыңнан жәбір көрсеңдер, олардың бұ-

зык істерін сезсеңдер, осы жерде айтындар; ондай адамды кеңеске өткізбейміз» деп еді. Ысқақ, нақ сол жиылыста, ауылнайдың қорқытып жалғыз ешкісін алғанын, басқа да бұзықтарын тегіс санап өтейін десе де, көзі жаудырап отырған соң бата алмап еді. «Түбінде айтқаным орнына келсе жақсы, әйтпесе, өзімді тірідей жүндейді ғой» деп ойлап еді. Сондықтан Ысқақ, бұл сырын «төреге» онашада айтпақшы еді. Бүгін 4-ші ауылға апарып салуға ат іздегенде, ешкім айтпай-ақ Ысқақ атын өзі жегіп әкеліп еді...

* * *

— Сіз ұйықтап кеттіңіз бе? — деп Ысқақ артына қайырылды.

Қапсыра ораған қасқыр ішіктің жағасының ішінде бірдеме қозғалған секілді болды. Бұл сайлауға шыққан Мертайдың басы еді. Мертайдың басы толған қиял. Мертайдың басы нелерді ойламай келеді: шығардан бір күн бұрынғы болған «компания» замандастарының біразы бар... Сайлау туралы әңгіме қозғалып, Мертайды Талқайың болысына барсаң, Жакетті болыс қылып қайтады екенсің ғой деп Ыбырай күледі... Ыбырай ылғи күледі. Мертайды соңғы әзірде азырақ базарының түсуіне, жұрт аузында сөз бола бастауына да Ыбырай себеп. Мертайды: «бай да қолдайды, пара алудан да құр емес» деп жүрген де Ыбырай. Бірақ, сол Ыбырай Мертайды қанша жек көрсе де, Мертайдың үйіне жиі келеді... Мертай мұның себебін талай ойласа да, таба алмайды... Соңғы әзірде азырақ сезгені — Ыбырай келгенде қатыны Мәреш жылмаңдап-қылмаңдап қалады. Мертай мұны әшейін замандастықпен істейтін шығар деп ойласа да, әлде-неге жүрегі түйіткіленеді...

Кетерінде: «өзім келгенше осы үйге Ыбырай келуші болмасын» деп айтып кетейін десе де, Мәрештің мінезі қандай сүйкімді, есіктің алдына шығарып салып, — «қарағым, сен келгенше жалғызсыраймын ғой, сағынамын ғой! Тез қайта көр...» деп мұнайғанда Мертай басқа ойды ұмытып, құшақтап бетінен сүйіп-сүйіп алған...

Мәрештің келіншек болып түскендегі сүгіреті Мертайдың қарынды қара папкесінде, қонған, түстенген жерінде, қошеметінде жүрген мырзаларға: «мынау біздің үйдегі келініңіз болады» деп Мертай талай көрсеткен... Сағынбайдың қонақ үйінде онаша жатқанда Мәреш есіне түсіп кетіп, жалмажан папкесін тырмалап ашып, сүретті алып қараңғыда сүйген де болар...

Жылы ішіктің ішінде бұйығып кернеген қиял нелерді іздемейді, біресе барып күні кеше өткен сайлауды шолып өтеді: ел талас. «Я, аруақ қолдар болсаң осы жолы қолда» деп түлкі тұмақты шалжита киіп, байлар жүр, «біз байлардың баса көктеуіне риза емеспіз. Үкімет кедейдікі, рас болса, өзіміздің сүйген адамымызды сайлаймыз» деп, толып жатқан кедейлерді ертіп алып, жалмандаған біреу жүр...

Мертайдың қаладан шыққанда өзіне берген анты — осы жылғы сайлаудан абыройлы болып қайту еді. Сондықтан ол екі жағына да бұзылмай, қай көбін сайламақшы болды...

Дұтпай дейтін елдің жуаны, пар атын жегіп келіп, қонаққа шақырды. Бай үй ғой, үйдің ішін жайнатып тастаған... Снырдай болып өскен бір қара қыз, үсті-басы малынып, шай құйып беріп отыр... Көзінің астымен Мертайға қарап қояды! Әй зүрешілік-ай, Мәреш тұрғанда, Мертай оған айналып қарай ма екен! Шіркін Мәрешке жететін әйел қазақтан енді туар дейсің бе?.. Бірақ... бірақ... Мәреш алдап кетсе... Мәреш біреумен әрине... кім болса, ол болсын — біреумен қашып кетсе?!

Терең оқапқа келіп шана дүрс етті, Мертай шошып кеткендей, жағадан басын шығарып алды. Бір жақ төп жолы үзіліп кетіп, сыңар жетекпен шығара алмай көк шолақ мышқыңға түсті.

— Ай, қолы жеткірлердің байлағаны-ай!..— деп Ысқақ шанадан түсе салып, жетекті айналдырды.

Мертай жағаны азырақ қайыра түсіп, іннен қылтаңдаған суыр құсап басын қылттып қарады... Жапан түз, жанды қара жоқ. Аппақ... Күн екінді әлетіне барып қалған. Нұры жасылданып, құлақтанып тұр. Ылдиға қарай ысырылған жаяу борасын бұйраланып бұрқырап ыққа келіп үйіріле түседі...

Ысқақ көшірге мініп, көк шолақты шыбыртқылап жіберді. Айналып Мертайға қарады:

— Шырағым, әлгіні қалай ізденем?

— Нені?

— Жаңа, әлгі ауылнайдың ісін айттым-ғой...

Мертай оның бірін тыңдаған жоқ, Мертайдың ойы онда Мәрешпен әуре еді. Мертайға Мәрештен басқа не керек?! Кейіп кетті.

— Ай, отағасы-ай, дауда неңіз бар. Дау сіздің қолыңыз емес қой,— деді. Басқа ешнәрсе айтпады.

Ысқақтың өз ойы да осы еді. Ауыл аксақалдарына мұңын шаққанда, олар да: «Байғұс тыныш жүрсейші,

дау сенің ненді алған», енді... мына сөз де дәл соған тура келді.

Ысқақ ауыр күрсініп алып, көк шолақты сирақтап айдай бастады.

«Еңбекші казак», № 39, 19/II—26, 2-б.

ҚАЛАМ БАТЫРЫ — ҚАЛМАҚАН

Он жасар баланы казак «атқа шауып жүрген азамат» дейді. Азаматқа өмір болған он жылды, біз басымыздан тым тез өткізетін болдық. Минут сайын құлпырған өмір алыс-жұлыс, жеңіс-қуаныш, жаңа мақсат, жаңа күрес, он жылдарың ойнап өте береді. Жылдап істелетін жұмыс қас қаққанша орындалғанның кебі. Кешегі көргенінді бүгін танымастай боласың — жаңару, өзгеру!..

Қалмақан қаламының ұшталып, бабына келгені — соңғы он жылдың іші.

25-жылы Орынбордан көшіп, Қызылордаға қоныс тептік. «Еңбекші казак» газетінің көлемденіп кемеліне келмеген кезі: шығуы тәртіпсіздеу, қызметкерінің бірсыпырасы әлде қалай кездескен адамдар... Осылардың ішінде арбиған, арық денелі қара бала жүрді. Басқарманың ашамай белді қара аты бар, салқамданған ескі арбасы бар; осы екеуінің «қожасы» әлгі Қара бала. Қожалығының күштілігі сондай: сол қара атты бағатын да өзі, жегетін де өзі, ең арғысы тізгінін де бөтен кісіге ұстатқан емес!

Бір жақ қабырғасы ашық — ұзын сарай бар. Қара ат пен салқам арбаның тұратын жері сол сарай. «Ат қожасы» Қара баланың да тұратын орны сол сарай.

Ол дәуірдің жұмысы — бүгінгіге ертегімен бір есеп. Басқарманың кеңсесі, басқарманың барлық жауапты қызметкерлері — тостағанның аумағындай екі-үш бөлмеге тығылып отырғанда, әлде қалай басқарманың қызметкерлері боп саналып жүрген кейбір мырзалар — (Ахмет, Сапа секілді) әлде неше бөлмелі үйлерді жеке малданып, жалғанды жалпағынан басып тұрады. Уақыттың өзі де солай еді: Қызылордадағы үй тағдырын ол кезде Ақаев сияқты «достар» шешіп жүрді. Қалмақанды айтасың, сол кездегі Өлкелік комсомолдар комитетінің жауапты қатшысы Садық жолдас пәтер таба ал-

май, басқарманың со тар бөлмесін қоныс қып жүрген кезі еді ол!

Ашамай белді қара ат — мың ұрсаң, аяғын бір баспайды. Қара бала кеюдің орнына — ыржыяды, ыңылдайды. Бұл ыңылдың келешегі қандай екенін сезген жан болды ма екен сірә... Ол кездегі жұмыс тағдырының бәрін Ақаев сияқты адамдар шешті десек мықты қателесер ек. Сол кездің өзінде де, партия жолынан қайтпайтын белді коммунистеріміз бар еді. Мындап өрбіп келе жатқан комсомолдарымыз бар еді. Жұмыстың көбі шиеленіскен күрес үстінде орындалып жүрді. Бұл таптық намысты қыздыратын күрес еді...

Қара бала деп отырғанымыз, осы күнгі Қалмақан ақыпымыз. Қалмақан ақынның қаламшылық дәуірінің бірінші баспалдағы осымен басталып еді.

Соған бүгін аттай он жыл екен. Жалпы құрылысымызда бұл он жылдың маңызы адам айтқысыз күшті. Теңіздей тулап тасыған өмір төмендегілердің талайын қалқытып, тербетіп, үске шығарды. Ленин ұлт саясатының дұрыс орындалуы арқасында — мындаған кедей батырақ мектеп есігін аттап, университет бітіріп, «ардақты маман» деген атты иеленді. Осының бірі Қалмақан: Қазақстан пролетариат жазушыларының белді мүшесінің бірі боп, «адам жанының инженері» деген құрметті атқа ие болды!

Ұлы партияның басшылығымен біз бірер Қалмақан емес, мындаған Қалмақанды баулып, қатарымызға қоса аламыз! — деген серт тап бүгін біздің аузымыздан еріксіз шығатын секілді.

Қалмақан қаламшылық өнерінің он жылын артқа салып, ұлы дәуірдің ақыны деген атқа ие болып отыр. Біз қазір мәдениеті марқайған елдің де істерін істеп Қалмақан еңбегіне қортынды жасап отырмыз. Мұнымен бірге Қалмақанға үлкен міндет артпақшымыз:

— Жаз! Кестелі сөздің өрнегін төк! Құрылыстың әр тарауын тегіс шол! Сен енді партияның тәрбиелеп өсірген шабытына келген жүйрігісің. Дәуірімізге сай ұлы көркем әдебиет туғызуда сенің орның бөлек, осыны айырықша ұғын! — демекшіміз.

Қалам батыры Қалмақан өткен өмірінің пердесін ашып бірер кесегін сүйкеп өттім. Қалғанын өзің алдағы жазушылық жұмысыңа азық қыл. Сені өсірген тарихи дәуірдің бесігіне бірге бөленіп келе жатқан жолдастарыңның бірімін. Еңбек тойыңды шын жүрегіммен құттықтап қолыңды қыстым.

ТҮСІНІКТЕМЕ

1. «Қызыл жалау» (роман). Жазушының замандастарының айтуына карағанда бұл роман толық аяқталған. Бірақ қолжазбасы жоғалып кеткен. Бұл кітапқа енген түрі 1934, 1935 жылдары «Әдебиет майданында» жарияланған үзінділері. «Әдебиет майданы» журналы 1934 жыл № 9, 3—14 бет; 1935 жыл № 7, 15—19 беттер; № 8, 3—10 беттер; № 9, 26—31 беттер.

2. «Қоңсылар» (роман). Бұл романның аяқталғаны, аяқталмағаны жайында ешбір дерек жоқ. Бірақ «Әдебиет майданы» журналының бірнеше сандарына жарияланғанына және «баспаға әзірленген романнан үзінді» немесе «Он төртінші тарау», «Он бесінші тарау» деп әрбір үзіндіні атауына карағанда бұл роман да толық аяқталған болуы керек деп айта аламыз, тек толық түрінде жариялап үлгіре алмаған. Соның өзінде, журналда жарияланған үзінділердің әлпетінен шығарманың идеясы өте айқын. Осы кітапқа енген бөлігі бірінші рет «Әдебиет майданы» журналында жарық көреді: 1933, № 4, 18—24 б. № 5, 4-бет; 1935 № 1, 45—55 б.б. № 2, 23-бет; № 4, 7—14 б.; № 17, 14—29 б.; 1936, № 1, 45—55 б.б. № 2, 23—36 б., № 4, 7—11 б.

3. «Ауыл» («Қоңсылар» романының бір тарауы). «Әдебиет майданы» 1932 № 10, 42—52 б.б. «Социалистік Қазақстан», 1932, 6-ноябрь.

4. «Тартыс». (роман). Бұл романның да аяқталған-аяқталмағаны белгісіз. Шығарма жоғарғы екі романнан да бұрын жарияланған. Оқиғасы қызық әрі жеңіл, кедейлер мен қазақ байларының өмірі суреттелінген. Бірінші рет «Әдебиет майданы» журналының екі санында жарияланған. 1932, № 2, 2—14 б.б. № 3, 24—34 б.

5. «Атылмаған оқ». (повесть).—Әдебиет майданы, 1934, № 1—2, 28—38 б.б. № 5, 3—15 б.б. Бұл повесть екінші рет «Жұлдыз» журналының 1976 ж. № 6 санында жарияланды.

6. «Құсайын Құлбеков». (повесть). Автордың өзі «әңгіме» деген. Бұл повесть бірінші рет 1933 жылы «Асулардан асқанда» деген әңгімелер жинағында жарық көрген. «Асулардан асқанда» повесі «Жомарттың әңгімесі» повесінің ықшамдалған түрі. Бейімбет өзіне тән кішіпейілділікпен барлық повестерін әңгіме деп атаған, бірақ оларды біз повесть деп атап жүрміз. Өйткені қайсыбір «әңгімесі» романға бергісіз.

7. «Шабуыл» (пьеса). Қол қойған Бейімбет пен Ғабит. «Әдебиет майданы», 1934, № 10, 83—98 б.б. Толық емес. Бір пердесі ғана, қалғаны жарияланбаған.

8. Басқа әңгіме, фельетон, очерктері түгелдей «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы сандарында жарияланған.

М А З М У Н Ы

ПОВЕСТЕР МЕН РОМАНДАР, ПЬЕСА

Үлкен суреткер	3
Атылмаған оқ (<i>повесть</i>) (Аяқталмаған)	27
Қызыл жалау (<i>роман</i>) (Аяқталмаған)	65
Қоңсылар (<i>роман</i>) (Аяқталмаған)	112
Ауыл (<i>үзінді</i>)	188
Тартыс (<i>роман</i>) (Аяқталмаған)	203
Құсайын Құлбеков (<i>повесть</i>)	245
Шабуыл (<i>пьеса</i>) (басы табылмаған)	267
Он бес үй (<i>повесть</i>)	290

ӘНГІМЕ, МАҚАЛА, ФЕЛЬЕТОН, ОЧЕРКТЕР.

Жаңа жұртшылық дәуірінде	342
Бұл сол еді	348
Жырым жегендер	350
Ұл туса Мәнкеден тусын	352
Пәленің мыңы сырда	354
Рақымбайдың мақаласы. (соңы табылмаған)	356
Еңбек ақысын алды	357
Мәдениет мұралары	358
Сайлау	361
Жігітшілік	364
Тап өзі	365
Қонақ асы	367
Әлекемнің аяқ алысы	369
Ел зорлап сайлапты	371
Күлшара жегей	377
Салқамбай тоба қылды	374
Жолаба! Торы!	376
Жол үстінде	378
Қалам батыры — Қалқаман	381
Түсініктеме	383

Майлин Беймбет

КРАСНЫЙ ФЛАГ

(*Романы, повести, рассказы, пьеса, фельетон и очерки*)

(на казахском языке)

Рецензенты: А. Кекильбаев, Т. Токбергенов.

Художник А. Аканов. Редактор Ш. Кумарова. Худ. редактор Т. Мухатов.
Тех. редактор С. Лепесова. Корректор А. Мухамеджанова.

ИБ770

Сдано в набор 02.11.78. Подписано к печати 06.04.79. Бум. тип. 1. Литературная гарнитура. Высокая печать. УГ14256. Формат 84×108¹/₃₂=п. л. 12,0, усл. п. л. 20,16, уч.-изд. л. 21,92. Тираж 51 000 экз. Цена 2 р. 10 к. Издательство «Жазушы», г. Алма-Ата, 480091, проспект Коммунистический, 105. Заказ № 2979.

Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «Кітап» Государственного комитета Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.